

# ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

**«Филология ғылымдары» сериясы  
Серия «Филологические науки»  
№ 3 (49), 2014 ж.**

**Алматы, 2014**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

**ХАБАРШЫ**

«Филология ғылымдары» сериясы  
№3 (49), 2014 ж.

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.  
2000 ж. бастап шығады.

**Бас редактор:**  
*пед. ғыл. д., проф. ҚР ҰҒА корр. мүшесі*  
**Б.Ө.Сманов**

**Бас ред. орынбасары:**  
*пед. ғыл. д., проф. ҚР ҰҒА корр. мүшесі.*  
**Ф.Ш. Оразбаева**

**Ғылыми редакторлар:**  
*филол. ғыл. д., проф. Т.С. Тебегенов,*  
*филол. ғыл. д., проф. С.Ж. Әбішева*

**Редакциялық алқа мүшелері:**  
*филол. ғыл. д., проф. Б.Әбдіғазизұлы*  
*пед. ғыл. д. С.Б. Бегалиева,*  
*пед. ғыл. д. Р.Ә. Шаханова,*  
*пед. ғыл. д. проф. Ж.Қ. Балтабаева*  
*филол. ғыл. д., проф. К.И. Мирзоев,*  
*проф. Барри Пол Шерр (АҚШ),*  
*филол. ғыл. д., доцент Е.В. Казарцев (Ресей),*  
*филол. ғыл. д., проф. Г.Л. Нефагина (Польша),*  
*филол. ғыл. д., проф. А.К. Киклевич (Польша),*  
*п. ғыл. д. Н.И. Ишкеев (Қырғызстан),*  
*проф. Спендель Джованна (Италия),*  
*проф. Хатрани Алтынчач (Түркия),*  
*проф. Мехмет Куталмиш (Түркия),*  
*PhD докторы, проф. И.З. Белобровцева*  
(Эстония),  
*пед. ғыл. д. Чан Дин Лам (Вьетнам)*

**Жауапты редактор:**  
*филол. ғыл. д. А.Д. Ибраева*

© Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2014

Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде 2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген №10109 - Ж

Басуға 12.06.2014 қол қойылды.  
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 27,0 е.б.т.  
Таралымы 60 дана. Тапсырыс № 131.

050010, Алматы қаласы,  
Достық даңғылы, 13.  
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Ұлағат» баспасы

**Мазмұны**  
**Содержание**

**ТІЛ БІЛІМІ**

<b>Қасабек Қ.Қ.</b> Етістіктің валенттілігі.....	3
<b>Раимбекова М.А.</b> Фонетическая вариативность гласных фонем.....	10
<b>Жиренов С.А.</b> Сөз бен ұғым.....	13
<b>Ж.И.Исаева</b> Паремиялогиялық дүние бейнесінің абстракциялануы.....	19
<b>Қоқанова Ж.А.</b> Жылқының түгіне байланысты қалыптасқан мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық мәні.....	23
<b>Халманова С. Б.</b> Қытай тіліндегі көмекші сөздерге қысқаша шолу.....	27
<b>Қырықбаева Ж.</b> Қазақ тіліндегі педагогика терминдерінің жасалу тәсілдері.....	32
<b>Жұмағұлова М.Ш.</b> Қазіргі ағылшын тіліндегі эвфемистік субституттар туралы.....	35
<b>Мухатаева А.Ж.</b> Архаичные лексемы в языке эпоса.....	39
<b>G. Satbay Kazak ve türk deyimleri arasındaki semantik bağlantı.....</b>	43
<b>Теляпова А.Г.</b> Термины родства в казахском и китайском языках.....	47
<b>Ибрагимова Ж.Т.</b> Фотобейне – ой көрінісі.....	52
<b>Байкадамова С.И.</b> Тілдегі фразеологиялық тіркеске ұлттық сипаттың әсері.....	57
<b>Жұмабаева Ж.Т.</b> Сахна тіліндегі екпіннің сегментті және суперсегментті.....	62
<b>Сүлеева Г.С.</b> Мәдениет және өнер саласындағы халықаралық терминдердің тәуелсіздік кезеңінде қалыптасуы деңгейде зерттелуі.....	66
<b>Қарсыбекова Ш.П.</b> Мақал-мәтелдердің кесте арқылы талдану уәжі.....	71
<b>Маймакова А.Д.</b> Семантика морфемы: значение, значимость или функция?.....	74
<b>Утепбергенова Л.А.</b> Аудармадағы тіларалық балаламылық және антонимдік аударма мәселелері.....	79
<b>Karibayeva V.E.</b> Business discourse: research evolution and role in modern linguistics.....	82
<b>Kurmanali</b> Yabancı dil olarak türkçe öğretiminde dinleme-anlama becerisini geliştirme teknikleri.....	87
<b>Дүйсебекова Ж.М.</b> Қазақ және түрік антропонимдер жүйесі: мотивациялық аспект.....	91
<b>Егембердиева Г.М.</b> Лексика швабского диалекта казахстанских немцев.....	96

**ӘДЕБИЕТТАНУ**

<b>Таңжарықова А.В.</b> Оралхан Бөкейдің «Қар қызы» повесіндегі антиутопиялық сарындар.....	103
<b>Ысқақ Б.Ә.</b> Әңгіме жанрындағы кейіптеу.....	107
<b>Сарбасов Б.С.</b> Жұмекен Нәжімеденовтің суреткерлік шеберлігі.....	112
<b>Жанұзақова Қ.Т. М.</b> Әуезовтің алғашқы әңгімелеріндегі көркемдік-стильдік ізденістер.....	116
<b>Жундибаева А. К.</b> Түркі халықтары шежірелері және Ш.Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежіресі» еңбегінің алатын орны.....	120
<b>Ибраева А.Д.</b> Қаламгерлердің жазу машығы, жұмыс тәртібі жайында.....	125

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК

Серия «Филологические науки»  
№3 (49), 2014 г.

Периодичность – 4 номера в год.  
Выходит с 2000 года.

**Главный редактор:**  
д.пед.н., проф. НАН РК  
**Б.О.Сманов**

**Зам. гл. редактора:**  
д.пед.н., проф. НАН РК  
**Ф.Ш. Оразбаева**

**Научные редакторы:**  
д.филол.н., проф. Т.С. Тебегенов,  
д.филол.н., проф. С.Ж. Абишева

**Члены редколлегии:**  
д.филол.н., проф. Б. Абдигазинулы  
д.п.н. С.Б. Бегалиева,  
д.п.н. Р.А. Шаханова,  
д.п.н., проф. Ж.К. Балтабаева,  
д.филол.н., проф. К.И. Мирзоев,  
проф. Барри Пол Шерр (США),  
к.филол.н., доцент Е.В. Казарцев (Россия),  
д.филол.н., проф. Г.Л. Нефагина (Польша),  
д.филол.н., проф. А.К. Киклевич (Польша),  
д.п.н. Н.И. Ишкеев (Кыргызстан),  
проф. Спендель Джованна (Италия),  
проф. Хатрани Алтынчач (Турция),  
проф. Мехмет Куталмиш (Турция),  
доктор PhD, проф. И.З. Белобровцева (Эстония),  
д.п.н. Чан Дин Лам (Вьетнам)

**Ответственный секретарь:**  
к.филол.н. А.Д. Ибраева

© Казахский национальный педагогический университет им. Абая, 2014

Зарегистрировано в Министерстве культуры и информации РК  
8 мая 2009 г. №10109-Ж

Подписано в печать 12.06.2014.  
Формат 60x84 1/8. Объем 27,0 уч-изд.л.  
Тираж 60 экз. Заказ № 131.

050010, г. Алматы,  
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат» Казахского национального педагогического университета имени Абая

Толымбекова А. Е. Қазіргі казак романдарындағы би-шешендер.....	128
Мусабекова Л. Особенности художественной выставки..	131
Нүрекешова Г.Р. С.Шаймерденов прозасындағы көркем тартыстың құрылымдық ерекшеліктері.....	135
Таласпаева Ж.С., Қадыров Ж.Т. Ғабит Мүсірепов шығармаларының көркемдік құралдары.....	139
Сыздықов С. А.Сейдімбековтің «Бүркіт» атты этнографиялық әңгімесі.....	144
Ордаханова С.А. Д. Исабековтің «Қоштасу вальсі» пьесасы тілінің көркемдік ерекшелігі.....	151
Суимбаева С. С. Абайтанушы – Қайым.....	155
Узакбаева Н. Авторская позиция и образ автора в прозе Умит Тажикеновой.....	158

ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Н.А. Оразахынова, Г.М. Кенжебаева Танымдық белсенділік оқытудың негізгі мәселесі.....	162
Мусаева К.С. Көптілді білім беру үдерісіндегі модульдік оқыту технологиясы.....	166
Талдыбаева М.Д. Қазақ тілі дыбыстарының тізбек айырым белгілерін модельдеу әдісі арқылы оқыту.....	170
М.Р. Кондубаева, Б.С. Балгазина К проблеме методики и технологии обучения языкам в условиях полиязычия....	174
Ргаева Ж.М. Шетел тілін оқытудың бастапқы деңгейінде мектеп оқушыларының сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың маңызы.....	178
Убниязова Ш. А. Интеграциялық үдерістердің білім берудегі ықпалы.....	182
Картабаева А.А. Контекстное обучение как один из способов профессионализации иноязычного образования лишительности.....	186
Оразбаева А. Қазақстандағы қазіргі кездегі ағылшын тілін үйретілу деңгейі.....	189
Байденова А.С. Шет тілін оқытудағы рөлдік ойындардың түрлері.....	193
Osrapova F.A. The ways of improving speaking activity.....	197
Кадырова Г.Р., Татаренко Т.Д. О некоторых видах самостоятельной работы студентов на занятиях по латинскому языку.....	201
Жантелова Э. К. An effective role of mother tongue in learning foreign language.....	204
Тнымбаева С.Т. Составление фрейм-схем на занятиях русского языка ының тиімділігі.....	208

ҚАЛАМҒЕР ҚҰПИЯСЫНАН СЫР

Ибраева А.Д. Қабдеш Жұмаділұлының шығармашылық зертханасынан.....	213
Ибраева А.Д. Бексұлтан Нұржекеұлының шығармашылық зертханасынан.....	215
Ибраева А.Д. М.Шахановтың “Желтоқсан эпопеясы” шығармасының жазылу тарихынан.....	216

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2012 жылғы 10 шілдедегі №1082 бұйрығы негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысының «Филология ғылымдары» сериясы ғылыми жұмыстардың негізгі нәтижелерін жариялайтын басылымдар тізбесіне енгізілген.

На основании приказа №1082 от 10 июля 2012 года Комитетом по контролю в сфере образования и науки республики Казахстан Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Филологические науки» внесен в перечень изданий для публикации основных результатов научной деятельности.

## ТІЛ БІЛІМІ

Қасабек Қ.Қ.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың профессоры

### ЕТІСТІКТІҢ ВАЛЕНТТІЛІГІ

**Түйіндеме:** Мақалада тілдегі тілдік бірліктердің сөйлем құрамында бір-бірімен тіркесу, жалғасуын тудыратын тілдің тума қасиеті – сөз тіркесімділігіне қатысты етістік сөздің тіркесімділігі қарастырылды. Сөйлемнің ұйқысы әрі сөйлемдегі сөздерді ұйымдастыру қабілеті күшті етістіктің сөйлем құрамында белгілі бір сөйлем мүшелерімен тіркесу қабілетінің тіркесімділік, валенттілік дәрежесінің әр түрлілігі және сөз тіркесінде басыңқы сыңар қызметін атқаратын етістіктердің бағыныңқы компонентпен меңгерілу деңгейінің әр басқалығына қатысты мәселе талданды.

**Тірек сөздер:** етістік семантикасы, лексика-грамматикалық категория, грамматикалық категория, предикаттылық, сөз тіркесі, валенттілік, тіркесімділік, синтаксистік байланыс, түрлену жүйесі.

**Аннотация:** В данной статье рассматривается и анализируется проблема валентности глагола казахского языка, также описываются особенности сочетаемости переходных и непереходных глагольных основ с другими частями речи в составе предложения.

**Ключевые слова:** семантика глагола, лексика-грамматическая категория, грамматическая категория предикативность, сочетание слов, валентность, сочетаемость, синтаксический связь, парадигма.

**Abstract:** This article describes and analyzes the problem of valence verb of Kazakh language, also describes the features of the compatibility of transitive and intransitive verb stems with other parts of speech as part of the sentence.

**Key words:** semantics of the verb, vocabulary and grammatical category, grammatical category predicativity, combination of words, valence, compatibility, syntactic communication paradigm.

Етістік қазақ тілінің грамматикалық құрылысынан аса маңызды орын алатын ең күрделі сөз табы. Қазіргі кезде сөздерді топтастырудың лексика-семантикалық, морфологиялық түрлену жүйесі, синтаксистік қызметі сияқты үш түрлі принциптің белгілері етістік деп танылып жүрген сөздердің өн бойынан айқын байқалады да, солардың негізінде етістіктің жеке сөз табы болып бөлінуі ешбір күмән тудырмайды [1]. Етістік түрлі тұлғалық және мағыналық өзгерістерге түсуінде басқа сөз таптарынан айтарлықтай өзіне тән ерекшеліктері бар өз алдына дербес категория саналады. Етістік сөз табына жататын сөздер өзінің лексикалық мағыналары жағынан заттардың іс-әрекеттерін, қимылын немесе күйін көрсетеді. Бұл – оның басты ерекшелігі. Ал басқа сөз таптарынан етістіктердің бір айырмашылығы – ол сөйлемде предикаттық қызмет атқаруы. Соның негізінде, синтаксистік бірліктердің етістік айналасына, түрлі лексика-семантикалық топтағы сөздердің синтаксемалық жағынан (жіктік жалғаулы етістіктің айналасына) «үйірілуі», яғни синтаксистік семантиканың «тасушылары» құрамында бар болуы – оның синтаксистік қызметі нәтижесінде туындаған валенттілігі, не басқа сөздермен тіркесу қабілетін танытады [2]. Бұл – етістіктің өзіндік белгісі ретінде негізге алынатын жай лексикалық бірліктердің және түрлі варианттарда келуі мүмкін синтаксистік бірліктердің ара қатынасын анықтайтын етістіктің валенттілігі деп түсінілетін ерекшелік. Басқа сөз таптары сияқты етістік мағынасы мен қызметі, тұлғалану ерекшеліктері мен қолданылуы жағынан грамматикалық өзгерістерге толы. Етістік қазақ тілінің негізгі сөздік қоры мен сөздік құрамынан көрнекті орын алғанымен, жеке тұрғанда тіл болып саналмайды...тілге көрнекті құрылыс материал болатын категория [3]. Осы ерекшелігімен етістік тілдің басқа салаларымен бірлікте белгілі бір грамматикалық өзгерістерге түсу арқылы, сөйлемдегі басқа сөздермен байланысу нәтижесінде ғана тілдің грамматикалық құрылысынан өз орнын белгілейді. Етістіктің тіліміздегі сөз таптарының ішіндегі ең күрделі және қарымы кең грамматикалық категория екендігі оның аса өрісті лексика-семантикалық сипатымен, бай лексика-грамматикалық формаларымен және көсіліңкі синтаксистік қызметімен тығыз байланысты. Етістіктің лексика-семантикалық сипатының мейлінше өрісті болатын себебі ол тек субъектінің іс-әрекетін ғана емес, табиғат ауқымында, қоғам өмірінде ұшырасатын, адамның абстракты ойы мен санасы арқасында туатын неше алуан амал, әрекет, іс, қимыл, қозғалыс, жай, күй сияқты процестерге қатысты ұғымдардың мән-мағынасын түгел қамтитындығында. Етістіктің осы бай семантикасы, оның түр-түрі, қашан да болсын, мезгіл я шақ ұғымымен ұштасып жататындығында [4]. Етістіктің лексика-грамматикалық формаларының бай болатын себебі – ол формалар амал-әрекеттің болу мезгілін, жүзеге асу кезеңін және олардың өту сипатын, яғни бағыты, қарқыны,

тынуы тәрізді жайларды бағдарлатады, демек, етістік формалары осы және олардан өзге әр түрлі құбылыстардың көрсеткіштері есебінде қызмет етеді. Бұлардың үстіне етістіктен етістік тудыратын, есімнен етістік жасайтын синтетикалық, аналитикалық тәсілдердің жүйелерін, олардың нақтылы үлгі-нұсқаларын қоссақ, етістік деп аталатын сөз табы форма жағынан орасан бай категория екені ашыла түседі. Шынында да форма жағынан етістікке өзге бірде-бір сөз табы, солардың ішінде формасы ең бай саналатын зат есімнің өзі де бара-бар келе алмайды. Демек, етістіктің лексика-семантикалық мағынасы мен формаларының байлығы оның әр алуан лексика-семантикалық, лексика-грамматикалық және грамматикалық категорияларынан айқын көрінеді. Оның дәлелі етістік категориясының өзіне лайық сөз тудыру жүйесі, ол жүйенің неше түрлі формаларымен қатар, өзіне ғана тән сөз түрлендіретін формалары, бұларға қоса етістіктің семантика жағынан ең бай формалары болып саналатын етіс, амалдың жүзеге асу сипаты, шақ, рай, жақ, модальділік сияқты категориялары, өзге семантикалық және морфологиялық формаларынан мазмұндары да, тұрпат-түрлері де өзгеше есімше, көсемше қимыл атауы деп аталатын категорияларға бай екендігі.

Етістіктің осындай әр қилы категорияларының мағыналары да, синтаксистік қызметі де сол етістіктің өзге формаларымен және өзге сөз таптарына тән сөздермен қарым-қатынасқа түскенде айқындала түседі. Өйткені әр форманың мағынасы да, қызметі де көбінесе сөйлемде, белгілі сөз тіркесінің ауқымында анық ашылады [1]. Мысалы, етістіктің кейбір формаларының тек қана баяндауыш болуы, кейбір формаларының сөйлемнің барлық мүшелері есебінде қолданылуы сияқты грамматикалық құбылыстар тек сөйлем ішінде, сөз тіркесі ауқымында ғана анықталады. Оның үстіне етістіктің семантикасы, формасы, қызметі өзара бір-бірімен тығыз байланысып тұрады. Демек, етістіктің семантикасы сол өзі байланысқан, тіркескен сөздің құрамымен, құрылысына астасып жатса, керісінше, қызметі оның семантикасы мен формасына ұштасып отырады.

Жалпы қай тілде болмасын ең күрделі сөз табы – етістік. Оның әрбір грамматикалық категорияларына тән көрсеткіші де, орны да, мағынасы да, атқаратын қызметі де күрделі. Етістіктің басқа сөз таптарынан айырмасы – оның санында емес, сапасында. Мәселен, етістіктер өз ішінде салт, сабақты болып, негізгі, туынды, күрделі, көмекші болып, немесе көсемше, есімше болып, сондай-ақ болымды, болымсыз болып және етістіктің райлары, жақтары, шақтары, етіс категориялары болып қалыптасады [5]. Етістік сөздердің жеке лексикалық мағыналарының үстіне грамматикалық қызметі ұласып жатады. Мысалы, «Жер жырттық, егін салдық»- деген сөйлемдегі *жырттық, салдық* сөздерінің лексикалық мағыналарымен қатар, грамматикалық формаларына (-ды-к) тән мәндері – жедел өткен шақтық, көптік, бірінші жақтық қызметі. Қазіргі қазақ тілінде етістік – заттың қимылдың, іс-әрекеттің, күй-жайын білдіретін сөз табы. Етістік *не істеді? Не қылды? Қайтті?* (немесе *не істеп? Қайтін? Не істесе?* т.б тұлғаларда) деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: Көп ойласаң, дана боласың, Көп ойнасаң, бала боласың (мақал). Бөкеннен сұлу анды көрмедім, Басқаға жануарды теңгермедім (С.С). Берілген мысалдарда *ойласаң, ойнасаң* (сен не істесең?), *боласың* (сен не істейсің?), *көрмедім, теңгермедім* (мен не істедім?)-деген сөздер заттардың (сен, мен) қимылын, іс-әрекетін білдіріп тұр. Сондықтан бұл сөздер етістік болып табылады [1]. Етістіктің басқа сөз таптарынан мағыналық айырмасы – заттың қимылын, қозғалысын, әрекетін білдіру мәнінде синтаксистік қызметі жағынан баяндауыш мүшенің қызметін атқарып тұратыны.

Осылайша етістіктердің тиянақталып қалыптасуының нәтижесінде пайда болып, тілдің грамматикалық құрылысынан орын алатын, қазақ тіліндегі басқа сөз таптары сияқты өзіне тән белгілі мағынаға ие, бірақ қазіргі кезде сол күйінде қолданылмайтын түбір тұлға және неше түрлі грамматикалық мағынаның тұлғалық көрсеткіштері болып табылатын етістіктің түбірден өзге формаларының жүйесі - қимыл атауы категориясы, салттылық және сабақтылық категориясы, етіс категориясы, болымдылық және болымсыздық категориясы, амалдың өту сипаты категориясы, есімшелер категориясы, көсемшелер категориясы, рай категориясы, шақ категориясы, жіктік, көптік жалғауларының шаққа қатысы грамматикалық категориялар ыңғайында қаралады (4,286-287). Аталған категорияларының ішінде етістіктің салттылық және сабақтылық сипаты оның жалпы грамматикалық семантикасына, яғни тура объектіні қажет ету-етпеуіне байланысты.

Семантикалық жағынан алғанда, негізінен адамның еңбек процесін, қимыл-әрекетін білдіретін түбір тұлғалы етістіктер – табыс жалғаулы сөздерді қажет ететін сабақты етістіктер де, ал адамның көңіл-күйін, белгінің өзгеру процесін, қозғалыс-әрекетін білдіретін етістіктер– салт етістіктер. Бірақ мұнда ескеретін жай сабақты, салт етістіктердің қатарына тек түбір тұлғалы етістіктер ғана емес, тұлғалық жағынан өзгеріске түскен туынды етістіктерге де, сол тәрізді күрделі етістіктерге де тән ортақ қасиет. Мысалы: Оқы, оқып ал, тырмала, жүргіз – сабақты етістіктер. Бар, бара жатыр,

айқайла, жазылды – салт етістіктер. Бұл туралы А.Ысқақов былай дейді: «Салттылық, сабақтылық қасиет – тек түбір етістіктерге ғана емес, жалаң туынды етістіктердің де, күрделі етістіктердің де бойына сіңген қасиет... құрамы мен құрылысына өзгеріс енуіне қарай салт етістік сабақтыға, сабақты етістік салтқа ауысады (1,294). Қазақ тіліндегі кейінгі зертеулерде етістіктің осы категорияларының әрқайсысының морфологиялық та, синтаксистік те жағынан жан-жақты айтылып жүргені белгілі. Әрине олардың морфологиялық жағынан зерттелуімен бірге синтаксистік жағынан қаралуы басты мәселе болмақ. Әрбір сөзді жан-жақты тануда оның лексикалық, морфологиялық және синтаксистік қасиеттері негізгі белгі болумен қатар, оның синтаксистік қызметі, оның ішінде тіркесу қабілеті, оны басқа сөздерден немесе сөз табынан ерекшеленетін белгілердің бірі болып қаралуы тиіс. Дұрысында әрбір сөздің синтаксистік қызметі көбіне сөйлем мүшесі ретінде функциялық белгісі болса, белгілі бір сөздің басқа сөздермен тіркесе алу қабілеті оның синтаксистік белгілерінің басты түрі ретінде қарастырылады.

Осыған байланысты әдеби тілдің кейінгі даму барысында әр түрлі объективті себептермен жеке сөз таптарының тіркесімділік қабілетінің артқанын көруге болады. Солардың бірі – етістіктер. Сөз таптарының қай –қайсысымен салыстырсақ та, етістіктердің сөз тіркесін құраудағы қабілетінің молдығы байқалады. Жалпы қазақ тіл білімінде етістікті сөз тіркестері сөз тіркесінің бай түрі деп есептеледі. «Етістікті сөз тіркесінің грамматикалық дінгегі етістік болады да, соның негізінде басқа сөздер етістіктің маңына топталады. Етістіктермен есім сөздердің барлық түрлері, сондай-ақ үстеулер, еліктеу сөздер, шылаулы есімдер тіркесе алады. Алайда етістіктердің бұл сөздермен тіркесу дәрежесі, тіркесу тәсілдері мен формалары, сол сияқты мағыналық қатынастары да әр түрлі болып келеді. Демек, етістік категориясының болмысын терең тану тек оның синтаксистік қызметін барлау барысында ғана мүмкін болады [6]. Осы тұрғыдан етістіктердің басқа сөздермен байланысу ерекшелігіне қарай: 1) Қабыса байланысқан етістікті сөз тіркестері; 2) Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері деген екі түрге бөлінеді. Бұлардың әр қайсысы өз ішінен бірнеше топқа таралады. «Қабыса байланысқан етістікті сөз тіркестері өз ішінде: үстеулі сөз тіркестері, еліктеуіш сөз тіркестері, көсемшелі сөз тіркестері, сын есімді сөз тіркестері, сан есімді сөз тіркестері, зат есімді сөз тіркестері; Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері: табыс жалғаулы сөз тіркестері, барыс жалғаулы сөз тіркестері, жатыс жалғаулы сөз тіркестері, шығыс жалғаулы сөз тіркестері, көмектес жалғаулы сөз тіркестері, шылау сөзді тіркестер сияқты топтарға тарамдаланады» [7].

Қазақ тілінде етістіктің қай-қайсысы болса да, меңгеретін сөздерінің белгілі формада тұруын талап етеді. Мәселен, *үйде тұр, үйге кел, үйден қайт* салт етістіктері барыс, жатыс, шығыс септеулерін меңгеріп, затқа тікелей объекті емес, тек істің, қозғалыстың, қимылдың баратын, жететін, шығатын, тұратын орнын көрсетеді. Ондай объектісіз етістіктер затпен сабақталмай, салт келіп, табыс септіктен басқа барыс, жатыс, шығыс септіктерді қажет етеді. Яғни, мұның бірінің мағынасы – объектіге сабақталмай, жадағай, дара тұрады да, екіншісі – объектіге сабақталынып, өздеріне басқа бір сөзді тілеп тұрады. Салт етістіктерден сабақты етістіктердің грамматикалық және семантикалық айырмашылығы – заттың қимылын, ісін білдіретін сөздер басқа заттармен тікелей *кімді? нені?* сұрақтарға жауап беретін белгілі бір табыс жалғаулы сөзбен тіркесу арқылы объектінің өзіне сабақталып тұрады. Салт етістіктер басқа сөзбен сабақтаспай салт, жеке айтылады: *оқушылар қайтты, біздер барамыз, ол шақырды, Асан жуынды* деген сөйлемдерде *қайтты, барамыз, шақырды, жуынды* сөздері – заттың күйін, жайын, қалпын, білдіретін етістіктерге *кімді? нені?* деген сияқты сұрау беріп, алдарына табыс жалғаулы сөздерді қойып айтуға бола бермейді.

Етістіктің қай-қайсысы болсын, - мейлі ол іс я әрекетті атасын, мейлі қимыл я қозғалысты атасын – субъект жасайтын амал-әрекетті немесе процесті білдіреді. Сондай-ақ, іс я процесс сөйлеу тілінде, әдетте, объектіге не тікелей тіреліп, не тірелмей, жанай жүзеге асырылып жатады. Етістіктің осылайша тікелей объектіні керек ету я керек етпеу оның жалпы грамматикалық семантикасына байланысты. Бірақ бұл категорияның сырттай білініп тұратын, өзіне тән, арнаулы қосымшасы болмаса да, субъекті мен объектінің грамматикалық қатынасын өзгертіп отыратын ішкі семантикалық мазмұны болады. Ол мазмұн етістік негіздеріне табыс септікті (нені? кімді?) қалау я қаламау қабілетін түпкілікті семантика-синтаксистік қасиетінің бірі етіп таққан [4].

Етістік сөз табында салт, сабақтылық топ бар делінсе, сөз тіркесінде барыс, жатыс, шығыс, көмектес септік жалғаулы сөздерді салт етістік, табыс жалғаулы сөздерді сабақты етістіктің меңгеретіні айтылады да, толықтауыш сөйлем мүшесі де осы тұрғыда қарастырылады.

Міне осы тұста, белгілі бір етістіктің меңгерілуі барысында бірнеше септік жалғауларын қатарынан тіркестіре алатындығы көрінеді. Демек, А.Ысқақовтың «...салттылық пен сабақтылық семантика

қазақ тіліндегі етістік негіздерінің бірден-бір ғана грамматикалық қасиеті емес, тек етістік атаулының бойынан табылатын түпкілікті, тұрақты бір қасиеті ғана. Өйткені қазақ етістіктері тек табыс септіктегі объектіні (толықтауышты) меңгеру я меңгермеу аясында ғана қалып қоймайды, онан басқа да септіктерді меңгере алады»-деген тұжырымы етістіктердің меңгерілу өрісінің көсіліңкілігін айқындайды. Алайда бұған қарап, сабақты етістіктердің меңгеруінен құралған табыс жалғаулы сөз тіркестерін өзге септік жалғаулы сөз тіркестерімен қатар қоюға болмайды. Себебі табыс жалғаулы сөз тіркестері сабақты етістікке тән негізгі мағынаны толығынан ашып көрсетеді де, ал өзге септік жалғаулы сөз тіркестері сабақты етістіктің қосымша мағынасын ғана (реңін) айқындайды. Демек, сабақты етістіктің меңгеруінен құралған табыс жалғаулы сөз тіркестері өзге септік жалғаулы сөз тіркестерінің негізіне жатады, өйткені бұлар осы типтес сөз тіркестерінің қаңқасын, негізін құрайды. Яғни етістіктердің меңгерілуінде олардың мағыналық категорияларының бірі саналатын сабақты етістіктердің алатын орны мен атқаратын қызметі орасан. Өйткені меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркесін құрауда сабақты етістіктердің рөлі салт етістіктерге қарағанда басымырақ болып келеді. Бірақ бұл жерде салт етістіктерді сөз тіркесін құрауға қабілетсіз деп айтуға болмайды.

Салт етістіктер басқа сөздермен сабақтаспай, табыс жалғаулы сөзді талап етпей салт, жеке айтылса да, сөздерді өзара тіркестіруде сабақты етістіктерден олқы түспейді. Бұл тұста сабақты, салт етістіктердің сөйлемдегі орнына, ерекшелігіне, лексикалық мағынасына қарай бірінің орнына бірі жүре беретіндігін ескерсек, демек салт етістіктердің сабақтылық мәнге ие болуы олардың сөздерді тіркестіру қабілетінің ауқымын кеңейте түсетіндігі айқындалады. Сөйтіп сабақты етістіктер сөз тіркесін құрауда, осы байланысты жасауға қатысатын барлық септік жалғауларын меңгере алады. Ал салт етістіктер осы сабақты етістіктерше тұлғалану арқылы өзінің сөз бен сөзді байланыстыру мүмкіндігін одан әрі кеңейтіп отырады. Бұл жерде, салт етістіктердің сабақты етістікке ауысуы етіс жұрнақтарының қатысымен болады. Сонымен қатар сабақты етістіктер де етіс қосымшаларының көмегімен салт етістікке айнала алатыны белгілі.

(Жалғасын келесі санға жіберу, Қ.Қ.)

Түбір етістіктердің бірқатары синтаксистің қарамағына түспей-ақ, дара қалпында оқшау тұрып, тура объектіні керек етіп тұрса, ал енді бірқатары ондай объектіні керек етпейді. Бұл ерекшелік салттылық, сабақтылық категорияның лексикалық категорияға қатысы бар екендігін көрсетеді. Бірақ етістіктердің салт, сабақты болып саралануына өлшем ретінде ұсынылған бұл белгілер жеткілікті емес, өйткені етістіктердің бұлайша жіктелуі сөздердің өзара қарым-қатынасқа түсуі арқылы, яғни етістіктердің табыс септігіндегі тура толықтауышты меңгере алу немесе меңгере алмау қасиеті арқылы айқындалады. Етістіктерге тән мұндай ерекшелік салт, сабақтылық категориясының грамматикалық категорияға қатысы бар екендігін дәлелдейді. Осындай ерекшеліктер салттылық, сабақтылық категориясының лексика-грамматикалық категорияға жататынын көрсетеді. Сонымен етістіктердің салт, сабақты болып саралануы олардың меңгеру қабілетімен тікелей байланысты. Демек, сабақтылық, салттылық категориясы синтаксистік байланыс тәсілінің бірі меңгеру және септік категориясымен тікелей байланысты, сондықтан оларды сол жеке күйінде қарастырмай, жеке сөз табы ретінде қарастырған күнде де бәрібір тіркесетін сөздерімен бірлікте ғана қарастырылуы тиіс. Етістік қатарынан бірнеше септік жалғаулы сөзді меңгергенде, септіктердің ішінен ол лексикалық мағынасына орай біреуін әрі кеткенде екеуін айрықша тілеп тұрады. Сабақты етістіктер мен салт етістіктердің меңгеру дәрежесін өзара салыстырғанда мынадай ерекшелікті аңғаруға болады. Сабақты етістіктер мағынасына орай тек табыс жалғаулы сөздермен емес, өзге жанама септіктермен де тіркеседі. Бірақ бұлар сабақты етістіктер болғандықтан, ең алдымен табыс септігіндегі сөзді қажет етеді, сондықтан да сабақты етістіктердің табыс жалғаулы сөздермен тіркесіп келген түрі берік меңгерудің қатарына жатады да, ал өзге жанама септіктермен тіркесіп келген түрі әлсіз меңгерудің аясына енеді. Сол тәрізді салт етістіктердің ішінен «қозғалыс әрекетін білдіретін бару, келу, кету, өту тәрізді етістіктердің барыс не шығыс жалғаулы сөздермен тіркесіп, келген түрі берік меңгеру тобын құрайды да, ал бұлардың жатыс, көмектес жалғаулы сөздермен тіркесіп келген түрі әлсіз меңгере байланысқан сөз тіркестерінің тобын құрайды» [8,11]. Салт етістіктермен сабақты етістіктердің бірнеше септікті қатарынан меңгеруінен валенттілік – сөздердің грамматикалық заңдылықтарға сай өзара тіркесу қабілеті, белгілі бір сөздердің басқа сөздермен синтаксистік байланысқа түсуі мәселесі туындайды. Демек етістіктердің меңгерілу деңгейі оларды синтаксистік байланысқа түсіруші септік жалғауларының қатысына қарай анықталады. Осы орайда етістіктердің сөз тіркесінде басыңқы компоненттің қызметін атқаруына байланысты өзіне бағынушы компоненттің белгілі бір септік жалғауларын керек етуінен олардың (етістіктердің) валенттілігі белгіленеді. Яғни валенттілік ұғымы басыңқы компонентке, оның белгілі бір тұлғаларды өзіне бағындыруына байланысты айтылады.

Етістіктің сөйлемдегі басқа қызметінен гөрі баяндауыш қызметінде жұмсалудан олардың өздеріне тән мағыналық, грамматикалық баяндауыш болу амалы бірдей болғанымен, олар қатысқан сөйлем құрамы бірдей болмайды. Мысалы, салт етістік баяндауыш болған сөйлемде тура толықтауыш болмайды, ал сабақты етістікті сөйлемде тура толықтауыш болуға тиісті.[6,124] Демек бұл етістіктердің синтаксистік қызметі яғни белгілі бір сөйлем мүшелерімен тіркесу қабілеті де әр түрлі болып келеді. Осымен байланысты сөз тіркесінде басыңқы сыңар қызметін атқаратын етістіктердің бағыныңқы компонентпен байланысу немесе меңгерілу деңгейінің әр басқалығы айқындалады. Яғни валенттілік дәрежесі әр түрлі болады. Н.Ж. Құрманова сабақты етістіктердің тіркесін немесе  $O_{(1)} + V$  моделінің құрылымдық парадигмасын мынадай модельдермен көрсетеді. [2,124].

1.  $S_4 + V$  моделі. Оның өзін іштей мағыналық жағынан: нақты – кітапты оқу; абстракты – көңіл айту.

2.  $Pron_4 + V$  моделі. Мысалы: оны көрді, мұны білді т.б.

3.  $Adj_4 + V$  моделі. Мысалы: жаманды таныды, тереңді сезді т.б.

4.  $V_{(cc)4} + V$  моделі. Мысалы: білгенді құрметте, жуылғанды жина т.б.

5.  $Num_4 + V$  моделі. Мысалы: алтылықты жүрді, торттік қойды т.б.

Енді жоғарыда айтылғандарға сәйкес сабақты етістіктердің септік тұлғалары арқылы белгілі бір сөздерді өзіне бағындыру қабілетін төмендегідей етіп бөліп, мысалдармен сипаттап көрелік. Бұл тұста Т. Сайрамбаевтың етістіктердің септіктерді меңгеруіне қарай жіктеуі [11] Н-негізге алынып талданылады. Екі валентті сабақты етістіктерге мысал:

Найза жарасы тәнді ауыртады,

Тіл жарасы жанды ауыртады (мақал). Ауыртады – не? Нені?  $N_1 N_4 V$  (жарасы, тәнді, жанды)

Тістің үгіткенін тіл білер (мақал). Білер – не? Нені?  $N_1 N_4 V$  ( тіл, )

Көп жауын жерді бүлдірер, көп сөз ерді бүлдірер (мақал) – не? Нені?  $N_1 N_4 V$  (жауын, сөз, жерді, ерді)

Тазы ұлуын күшейте түсті.(М.М) күшейте түсті – кім? Нені?  $N_1 N_4 V$

Бұл жерде атау септігі нолдік форма. Ал табыс септігін меңгеруі

сабақты етістіктердің арнайы белгісі болғандықтан екі валентті болып келуі (атау, табыс септігінде) олардың негізі саналады. Демек сабақты етістіктің меңгерілу сипатының алғашқы немесе негізгі көрсеткіші мынадай:  $N_1 N_4 V$ .

Үш валентті сабақты етістіктер негізгі септікті есепке алмағанда, табыс септік пен барыс септігіндегі сөздерді қатарынан меңгеретін сабақты етістіктер болып келеді. Мұнда сабақты етістіктердің меңгеруі *атау – табыс – барыс* түрінде келеді. Мысалы:

Қызымды құлақ естімеген қияға алып бара жатырсың.(Т.А.) алып бара жатырсың – кім?кімді?неге? қайда? $N_1 N_4 N_3 V$ (сен,қызымды,қияға)

Айырылмас қоңсыға ауыр сөз айтпа.(мақал) Сөзді айтпау – Нені? Қоңсыға – кімге?  $N_1 N_4 N_3 V$

Білгенге сырынды бүкпей айт(мақал) айт – кім?кімге? нені? $N_1 N_4 N_3 V$ (сен, білгенге, сырынды)

Олар малды жан-жаққа бөлді.(Н.К.) бөлді – кім? Нені? Неге?  $N_1 N_4 N_3 V$  (олар, малды, жан-жаққа)

Мұғалім балаларға кітаптарын таратып берді.(М.Ә.) таратып берді –кім? Кімге? Нені?  $N_1 N_4 N_3 V$  (мұғалім, балаларға, кітапты)

Қойшы бала қурай үстіне перне әуенін қосты.(Ә.С.) қосты – кім? Нені?неге?  $N_1 N_4 N_3 V$ (қойшы бала, қурай үстіне, перне әуенін)

Әділ сөзді айтуға іркілме.(мақал) іркілме – кім? Нені? Неге?  $N_1 N_4 N_3 V$  (сен, сөзді, айтуға)

Кәрінің сөзін қапқа сал.(мақал) сал – кім? Нені? Неге?  $N_1 N_4 N_3 V$  (сен, сөзін, қапқа)

Жақсы сөз пілді де жолға салар.(мақал) салар – не? Нені?неге?  $N_1 N_4 N_3 V$ (сөз, пілді, жолға)

Ол маған деген әкелік мейірімін де сыртқа шығармайтын.(Т.А.) шығармайтын – кім? Нені? неге? (қайда?)  $N_1 N_4 N_3 V$  (ол, мейірімін, сыртқа )

Тазы шоқиып отыра тұмсығын көкке созды.(М.М) созды – кім? Нені? Неге?  $N_1 N_4 N_3 V$  ( тазы, тұмсығын, көкке)

Қызыл тіл Киевке жеткізер (мақал). Жеткізер – не? Неге?кімді?  $N_1 N_4 N_3 V$  (қызыл тіл,сені, Киевке)

Демек, жоғарыдағы мысалдардан  $N_1 N_4 N_3 V$  моделіндегі етістікті тіркестер – беталыс, бағдар, мекен, мақсаттық мағынаны білдіреді.

Табыс және жатыс септіктерін меңгеретін сабақты етістіктер қатардағы сөз тіркестері, негізінен, кимыл процестің қандай заттың үстінде, не қандай затпен байланыста болатынын, бір нәрсені кімде,



неде екенін білдіретін объектілік мәнінде, сонымен қатар пысықтауыштық қатынастағы етістікті сөз тіркестері болып келеді. Мысалы:

Әжесі әуелде көп мезі ертектер айтқан. (М.Ә) айтқан – кім? Нені? Кімге?  $N_1 N_4 N_5 V$  (әжесі, ертектерді, оған)

Өз үйінде отынды бақ, кісі үйінде аузыңды бақ. (мақал) бақ – кім? Нені? Кімге?  $N_1 N_4 N_5 V$  (сен, аузыңды, кісі үйінде)

Табыс және шығыс септіктерін меңгеретін сабақты етістікті сөз тіркестері толықтауыштық және пысықтауыштық қатынаста тұрып, қимылдың шығу көзін, басталу, болу орнын, мезгілдік, себеп-салдар, амалдық мағынаны білдіреді. Мысалы:

Өтірік сөз ырыстан қағады (мақал) қағады – не? нені? неден?  $N_1 N_4 N_6 V$  (сөз, сені, ырыстан)

Жаманнан сөз естігенше

Жақсыдан таяқ же. (мақал) естігенше, же – кім? нені? кімнен?  $N_1 N_4 N_6 V$  (сен, таяқты, жақсыдан)

Сөз семсерден бетер сілейтер. (мақал) сілейтер – кім? нені? кімнен?  $N_1 N_4 N_6 V$  (сөз, сені, семсерден)

Мен Бақытты үйден көрсем деуші едім. (М.Ғ) көрсем деуші едім – кім? нені? кімнен?  $N_1 N_4 N_6 V$  (мен, Бақытты, үйден)

Табыс және көмектес септігін меңгеретін сабақты етістіктер модельдегі етістікті сөз тіркестері де толықтауыштық және пысықтауыштық қатынаста болып келіп, құралдық, материалдық, заттық, бірлестік, сонымен қатар, мезгілді, мекенді, себеп-салдарды, қимылдың істелу амалын білдіреді. Мысалы:

Садақпен бірді жығарсың, қаламмен мыңды жығарсың (мақал) жығарсың – кім? нені? немен?  $N_1 N_4 N_7 V$  (сен, бірді, садақпен)

Жансыз сөзбен жандыны сендіреді. (мақал) сендіреді – кім? кімді? немен?  $N_1 N_4 N_7 V$  (ол, жандыны, сөзбен)

Ауызбен ауыл көшірме, тіліңмен отын отама. (мақал) көшірме, отама – кім? кімді? немен?  $N_1 N_4 N_7 V$  (сен, отынды, тіліңмен)

Тілазар істі тілімен тындырады. (мақал) тындырады – кім? кімді? немен?  $N_1 N_4 N_7 V$  (тілазар, істі, тілімен)

Мың сөзді бір сөзбен тоқтатар. (мақал) тоқтатар – кім? нені? кімнен?  $N_1 N_4 N_6 V$  (ол, сөзді, сөзбен)

Көп валентті сабақты етістіктер.

Бұл тұста қатарынан бірнеше септіктерді меңгере алатын сабақты етістіктер тізбегі көрсетілмек. Мысалы:

Ауылда әкемді жұрт құрметпен «Мұғалім жігіт» деп атайды. (С.А), деп атайды – кім, кімді, неде, немен?  $N_1 N_4 N_5 N_7 V$  (жұрт, әкемді, ауылда, құрметпен)

Ауылда тұғындар шөпті егіннен шабады. (С.А), шабады – кімдер, нені, қайда, қайдан?  $N_1 N_4 N_5 N_6 V$  (тұғындар, шөпті, ауылда, егіннен)

Салт етістіктер тек таза көлемді септіктермен ғана тіркесетіндігіне орай бір валентті, екі валентті салт етістіктер деген түрлерге топтастырылады. Салт етістіктердің бұлайша тіркесуі предикаттық негіз ретінде қарастырылады. Яғни бұл жерде тіркесуші сөздер тұлғалық және мағыналық құрылымы жағынан жай сөйлем қатарын құрайды.

Бір валентті салт етістіктерге мысал:

Сары ала күз келді. (С.Ш), келді – не?  $N_1 V$  (күз)

Мен ерте ояндым. (С.Ш), ояндым – кім?  $N_1 V$  (мен)

Арықбай риза болды. (Е.К), риза болды – кім?  $N_1 V$  (Арықбай)

Еламан дағдарып тұр. (Ә.Н), дағдарып тұр – кім?  $N_1 V$  (Еламан)

Екі валентті салт етістікті тіркесте барыс жалғаулы сөздер алты етістіктермен меңгеріле байланысып, толықтауыштық және пысықтауыштық қатынаста жұмсалады. Мұндай сөз тіркестерінің әр түрлі қатынаста жұмсалып, әр түрлі мағыналарды білдіруі тіркес құрамындағы сөздердің әркелкілігіне, сонымен қатар олардың мағыналық жақтан алуан түрлілігіне байланысты болады. Мысалы: Естіге екі сөз де жетеді. (мақал), жетеді – не? кімге?  $N_1 N_3 V$  (сөз, естіге)

Бәріміз арбаға жайғастық. (Б.С), жайғастық – кім? Неге?  $N_1 N_3 V$  (бәріміз, арбаға)

Апасы Мағжанға қатты ренжіді. (М.М), ренжіді – кім? Кімге?  $N_1 N_3 V$  (апасы, Мағданға)

Бектай тамағын кенеп сөзге кірісті. (М.И), кірісті – кім? Неге?  $N_1 N_3 V$  (Бектай, сөзге)

Ертең экскурсияға шығамыз. (М.И.), шығамыз – кімдер? Неге?  $N_1 N_3 V$  (біздер, экскурсияға)

Демек, мұндай қатынастағы сөз тіркестері бет алысты, мекенді, адресатты, мақсатты білдіреді.

Жатыс септігін меңгеретін салт етістіктер саны басқаларына қарағанда, онша көп емес. Олардың көпшілігі заттың күйін білдіретін салт етістікті тіркестердің қатарын құрайды. Мысалы:

Байыпсыз сөзде баян жоқ .(мақал), жоқ – не? неде? N<sub>1</sub> N<sub>5</sub> V (баян, сөзде)

Аспанда қара бұлт әлем тапырақ көшуде.(С.М), көшуде – не? неде? N<sub>1</sub> N<sub>5</sub> V (бұлт, аспанда)

Жат қорғанын күзеткен қартаң шалда сана жоқ.(Абай), жоқ –не? кімде? N<sub>1</sub> N<sub>5</sub> V (сана, шалда)

Жезқазғанда қанша мыс жатқанын шамалап көрдім.(Ғ.М.) шамалап көрдім – кім? Неде? N<sub>1</sub> N<sub>5</sub> V (мен, Жезқазғанда).

Демек, салт етістіктермен тіркесетін жатыс жалғаулы сөздер толықтауыштық және пысықтауыштық қатынастарда жұмсалады да, мекендік, мезгілдік мағынаны білдіреді. Шығыс септігін меңгеретін салт етістіктер етістікті сөз тіркестерінің ең жиі ұшырасатын түрі болып табылады. Мұнда да етістіктердің шығыс жалғаулы есімдерді меңгеруінен толықтауыштық және пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері жасалады. Бұлардың тіркесінен түрлі-түрлі мағыналық қатынастағы сөз тіркестері жасалады. Мысалы:

Су Құсайын ақынның зілмен айтқан сөзінен жасқанып қалды.(Б.А) жасқанып қалды – не? неден? N<sub>1</sub> N<sub>3</sub> V (су,сөзінен)

Ауыр істен қорықпа, ауыр сөзден қорық.(мақал) қорық – кім,? Неден? N<sub>1</sub> N<sub>6</sub> V (сен, сөзден)

Көп батырдан жау безер, көп шешеннен дау безер.(мақал) безер – не? кімнен? N<sub>1</sub> N<sub>6</sub> V (дау, шешеннен)

Яғни, бұл топтағы етістікті тіркестер кимыл-әрекеттің шығу көзін, істелу тегін және көлемдік мезгілдік, себеп-салдарлық, амалдық мағыналарды білдіреді.

Көмектес септігін меңгеретін салт етістіктер сөз тіркесінің үлкен бір тобын құрайды. Көмектес септік жалғаулы сөздер етістіктерге меңгерілу арқылы толықтауыштық және пысықтауыштық қатынастарда, құралдық (найзамен күресу), материалдық (шанамен сырғу), заттық (арбамен бару), бірлестік (Асқармен күресу), мезгілдік (ертемен тұру), мекендік (көшемен келу), амалын (ықыласпен күлу) мәндерін берудетіркеседі. Мысалы:

Хамит осы орман ағаштарының ішімен, ескілеу жолмен жүріп келеді.(С.С), жүріп келеді – кім? немен? N<sub>1</sub> N<sub>7</sub> V (Хамит, ішімен, жолмен)

Дән –дақылдар диірменге арбамен әкелінді. Әкелінді – нелер? немен? N<sub>1</sub> N<sub>7</sub> V (дән-дақылдар, арбамен)

Кузнецов Асқармен тез танысты.(С.М.),танысты –кім? кіммен? N<sub>1</sub> N<sub>7</sub> V (Кузнецов, Асқармен)

Атты қамшымен емес, жеммен айда.(мақал), айда – кім? немен? N<sub>1</sub> N<sub>7</sub> V (сен, қамшымен, жеммен).

Яғни етістіктердің лексика-грамматикалық жағынан синтаксистік топ құрап, белгілі бір сөздермен үйлесімділікте сөз тіркесін жасауы, сөйлем құраудағы предикаттық қызметі грамматиканың синтаксис саласы үшін айтарлықтай маңыздымаызды екенін көрсетеді.

1 Исаев С.М. Қазіргі қазақ тілі. – А., 2007.

2 Құрманова Н. Сөз тіркесін оқыту барысында оқушылардың теориялық ойлауын дамыту әдістемесінің негіздері. – А., 2001.

3 Қалыбаева А. Қазақ тіліндегі етіс категориясы. – А., 1951.

4 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі.Морфология. – А., 1974.

5 Маманов И.Е. Қазіргі қазақ тілі(етістік). – А., 1966.

6 Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. – А., 1992.

7 Қалиев Ф. Тіл білімінің түсіндірмелі сөздігі. – А., 2005.

8 Абылахов А. Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері. – А., 1986.

9 Сайрамбаев Т. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – А., 1991.

УДК 811.512122'34

Раимбекова М.А.

д.ф.н., профессор КазНПУ им. Абая

## ФОНЕТИЧЕСКАЯ ВАРИАТИВНОСТЬ ГЛАСНЫХ ФОНЕМ

**Аннотация.** В статье говорится о модификации гласных фонем казахского языка. На основании инструментального анализа получены результаты, благодаря которым доказана устойчивость, а также модификация гласной фонемы Фонетическая вариативность обусловлена самим устройством органов речи. Она также определена системными взаимоотношениями (сингармоническими и ассимилятивными) звуковых единиц. Гласные в казахском языке подвергаются не только количественной, но и качественной модификации, вплоть до оглушения. Таким образом, гласные качественно варьируются в диапазоне «глухой гласный - гласный» (Ы-А, І Ә, Ү-0, Ү-Ө).

**Ключевые слова:** фонетическая система, модификация гласных фонем, звуковая ассимиляция.

**Түйіндеме.** Мақалада фонетикалалық дауысты дыбыстар өзгерістер жөнінде айтдылады. Дауысты дыбыстары жеке-жеке талданды. Негізінен дауыстардың айтылым үлгілері дауыс қатысы мен жасалым тәсіліне байланысты туындайды. Қазақ тілінде дауысты дыбыстар тек қана сана өзгірістерге айналмайды, олар сапа өзгірістерге де айналады. Сондықтан, дауысты дыбыстар «қатаң дауысты дыбыс - дауысты дыбыс» (Ы-А, І Ә, Ү-0, Ү-Ө) көлемінде өзгіріп тұрады.

**Кілт сөздер:** фонетическалық жүйесі, дауыс дыбыстардың модификациясы (өзгірісі), дыбыстардың ассимиляциясы (ықпал).

**Abstract.** The modification of the Kazakh language phonemes is discussed in the article. The results were obtained on the bases of instrumental analyses and due to which the stability, also the modification of the vowel phonemes were proved. Phonetic variability conditioned by the speech organs themselves. It is also identified by systemic relationship (synharmonic and assimilative) sound units. Vowels in the Kazakh language exposed of not only quantitative but also qualitative modifications up to stun, so the main vowels quality vary between "voiceless vowel - vowel."

**Key words:** Phonetic variability, modification of the Kazakh language,

В речи мы имеем дело с некими непрерывными звуковыми последовательностями, а отдельные звуки представляются абстракцией, объединяясь, они образуют морфемы и слова.

Морфемы, слова (точнее их звуковой облик) скорее разлагается на отдельные звуки, чем складываются из них. Такое положение вещей объясняет и оправдывает традиционное рассмотрение звукового континуума как сочетания дискретных единиц - отдельных фонем.

Известно, что любая фонема представляет особую группу, т.е. определенное количество звуков, имеющих обусловленные общие артикуляторно-слуховые черты в своем независимом собственном качестве. Различаются они друг от друга артикуляторно- слуховыми характеристиками, которые модифицируясь, могут находиться в различных позициях состава слова.

Другими словами «модификация - это аллофонное варьирование, при котором соответствующие звуковые различия никогда не выступают в данном языке как фонемно-противопоставленные» (Л.Р.Зиндер). Такие варьирования полностью обусловлены комбинаторными и позиционными условиями, в которых может оказаться фонема в данном языке. Поскольку устойчивость и модификация фонемы в фонетической системе казахского языка (как и в любом другом языке) имеют свои причины, в связи с этим анализу подвергается фонетическая структура казахского языка. Фонетическая вариативность обусловлена самим устройством органов речи. Она также определена системными взаимоотношениями (сингармоническими и ассимилятивными) звуковых единиц.

В языке вариативность фонем противостоит устойчивости фонемы, которая обеспечивает функциональную тождественность артикуляторно-акустически варьирующихся сегментов. Надежной теоретической базой для определения фонемного состава казахского языка является «Теория сингармонизма» А.Джунисбекова, которая принимается за основу данной работы.

Современных фонетических исследований позволяют довольно точно и полно описать позиционно-комбинаторные модификации фонем в казахском языке. Сингармонические модификации нами во внимание не принимаются.

**Гласный (А)** встречается во всех позициях в слове. Небольшие качественные колебания гласного происходят в зависимости от позиции в многосложных словах. Его длительность сильно колеблется в зависимости от консонантного окружения, позиции и интонации логико-экспрессивных характеристик фразы.

**Гласный (Ә)** встречается в первом слоге. Сохраняет свою качественную картину. Длительность сильно колеблется в зависимости от консонантного окружения и интонации логико-экспрессивных характеристик предложений.

**Гласный (О)** встречается в первом слоге. Качественные характеристики устойчивы. Длительность сильно колеблется в зависимости от консонантного окружения и интонации логико-экспрессивных характеристик предложений.

**Гласный (Ө)** встречается в первом слоге. Качественные характеристики устойчивы. Длительность сильно колеблется в зависимости от консонантного окружения и интонации логико-экспрессивных характеристик предложений.

**Гласный (Е)** встречается во всех позициях в слове. Качественные характеристики устойчивы. Длительность сильно колеблется в зависимости от консонантного окружения и интонации логико-экспрессивных характеристик предложений.

**Гласный (Ы)** встречается во всех позициях в слове. Как известно длительность гласного (Ы) является наиболее кратким в системе вокализма казахского языка (Калиев, 1967; Раимбекова, 1967; Джунибеков, 1972.)

Количественная редукция гласного (Ы) зависит от многих факторов (консонантное окружение, позиция, интонация). Наблюдается его оглушение, т.е. можно сказать существует глухой аллофон.

**Гласный (И)** встречается во всех позициях в слове. Длительность является наиболее краткой и зависит от консонантного окружения и других фонетических факторов. Имеется глухой аллофон.

**Гласный (У)** встречается во всех позициях в слове. Длительность является наиболее краткой и зависит от консонантного окружения и других фонетических факторов. Имеется глухой аллофон.

**Гласный (Ү)** встречается во всех позициях в слове. Длительность является наиболее краткой и зависит от консонантного окружения и других фонетических факторов. Имеется глухой аллофон.

Дифтонгоидные гласные (И, У) являются наиболее длительными и их долготные характеристики устойчивы. Встречаются во всех позициях.

В фонетической тюркологической науке принято считать, что ведущим элементом в определении направления артикуляторных связей звуков слога является гласный звук.

Однако, исследования последних лет показывают, что артикуляторно-акустические связи согласных и гласных компонентов слога оказываются взаимными. Вместе с тем, особенностью казахских гласных является возможность полного образования в любой позиции в составе слова, т.е. отличаются большей стабильностью.

**Гласный А.** Вариативными оттенками оказываются долгота, нелабиализованность, чисто ртовая артикуляция, а также начало выдержки и ее конец в зависимости от места и способа образования предшествующего и последующего согласного. Эта зависимость в большинстве случаев создает артикуляторно-акустические аллофоны. К ним, например, относятся аллофоны после глухих смычных согласных, т.е. присутствует глухое начало как следствие предыдущего придыхательного взрыва (АПА - мать, АТА - отец, ТАС - камень). Несколько более глубокую артикуляцию твердый акустический признак имеет в соседстве с увулярными согласными (ҚАҚ - трясина, АҒА - старший брат, АҢ - зверь).

**Гласный Ә.** Вариативными оттенками оказываются долгота, нелабиализованность, чисто ртовая артикуляция, а также начало выдержки и ее конец в зависимости от места и способа образования предшествующего и последующего согласного. Эта зависимость в большинстве случаев создает артикуляторно-акустические аллофоны. К ним, например, относятся аллофоны после глухих смычных согласных, т.е. присутствует глухое начало как следствие предыдущего придыхательного взрыва (ТӘТЕ - тётя, старшая сестра, ТӘТТІ - сладкий, КӘНЕ - покажи). Несколько более переднюю артикуляцию и мягкий аффрицированный признак имеет в соседстве с среднеязычным глухим согласным (кәзір-сейчас, кәне), а также имеет мягкий акустический эффект в соседстве с среднеязычными согласными Г, Ң (ГӘП - ох, ӘҢГІМЕ - рассказ).

**Гласный О.** Вариативными оттенками оказываются сверхдолгота как следствие дифтонгоидности, чисто ртовая артикуляция, а также начало дифтонгоидного элемента и конец выдержки в зависимости от звукового окружения, т.е. от места и способа образования предшествующего и последующего согласного. Эта зависимость в большинстве случаев создает артикуляторно-акустические аллофоны в диапазоне «дифтонгоид - монофтонг». После глухих смычных согласных присутствует глухое начало как следствие предыдущего придыхательного взрыва (ТОТЫ - попугай, ҚОЙ - овца, ТОР - сетка (небольшая сеть). Несколько более глубокую артикуляцию и твердый акустический признак имеет в соседстве с увулярными согласными (ОҚ - пуля, ОҢ - правая (строна, рука), ҚОРА - двор).

**Гласный Ө.** Вариативными оттенками оказываются сверхдолгота как следствие дифтонгоидности, чисто ртовая артикуляция, а также начало дифтонгоидного элемента и конец выдержки в зависимости от звукового окружения, т.е. от места и способа образования предшествующего и последующего согласного. Эта зависимость в большинстве случаев создает артикуляторно-акустические аллофоны в диапазоне «дифтонгоид - монофтонг». После глухих смычных согласных присутствует глухое начало как следствие предыдущего придыхательного взрыва (*КЕК - мeсть, ТЕЛ-детеныш, сосуций свою и чужую мать, ТЕС - сверли*). Несколько более переднюю артикуляцию и мягкий акустический признак имеет в соседстве с среднеязычными согласными (*КӨЗ - глаз, ГӨРІ - наиболее, ӨК - обида*)..

**Гласный Е.** Вариативными оттенками оказываются сверхдолгота как следствие дифтонгоидности, чисто ртовая артикуляция, а также начало дифтонгоидного элемента и конец выдержки в зависимости от звукового окружения, т.е. от места и способа образования предшествующего и последующего согласного. Эта зависимость в большинстве случаев создает артикуляторно-акустические аллофоны в диапазоне «дифтонгоид - монофтонг». После глухих смычных согласных присутствует сильное аффрицированное глухое начало как следствие предыдущего придыхательного взрыва (*КЕК - мeсть, ТЕЗ - быстро, ПЕШ - печь*). Несколько более переднюю артикуляцию и мягкий акустический признак имеет в соседстве с среднеязычными согласными (*КЕРЕК - нужно, ТЕҢ - равный, ПЕРІШТЕ - ангел*).

**Гласный Ы.** Вариативными оттенками оказываются сверхкраткая долгота, нелабиализованность, чисто ртовая артикуляция, а также начало выдержки и ее конец в зависимости от места и способа образования предшествующего и последующего согласного. Эта зависимость в большинстве случаев создает артикуляторно- акустические аллофоны. К ним, например ,относятся аллофоны после глухих смычных согласных, т.е. присутствует глухое начало как следствие предыдущего придыхательного взрыва (*ТЫС-, ҚЫШ-, ПЫШАҚ - нож*). Несколько более глубокую артикуляцию и твердый акустический признак имеет в соседстве с увулярными согласными (*ҚЫРЫҚ - сорок, ШЫРАҚ - свеча, ШЫН- правда*). Наблюдается оглушение между глухими согласными и как следствие могут появляться оттенки в диапазоне «глухой гласный-гласный» (*ТЫС - наволочка, ПЫСЫҚ - энергичный, ПЫШАҚ - нож*).

**Гласный І.** Вариативными оттенками оказываются сверхкраткая долгота, нелабиализованность, чисто ртовая артикуляция, а также начало выдержки и ее конец в зависимости от места и способа образования предшествующего и последующего согласного. Эта зависимость в большинстве случаев создает артикуляторно- акустические аллофоны. К ним, например, относятся аллофоны после глухих смычных согласных, т.е. присутствует глухое начало как следствие предыдущего придыхательного взрыва (*ТІС - зуб, КІР - грязь, КІРПІШ - кирпич*). Несколько более переднюю артикуляцию и мягкий акустический эффект имеет в соседстве с среднеязычными согласными (*КІРІС - доход, ПІЛТЕ - плита, ІНГЕ - в нору*). Наблюдается оглушение между глухими согласными и как следствие могут появляться оттенки в диапазоне «глухой гласный - гласный» (*КІСІ - человек, ПІШЕН - сено, ТІСТЕМ - кусочек*).

**Гласный Ұ.** Вариативными оттенками оказываются сверхкраткая долгота, нелабиализованность, чисто ртовая артикуляция, а также начало выдержки и ее конец в зависимости от места и способа образования предшествующего и последующего согласного. Эта зависимость в большинстве случаев создает артикуляторно- акустические аллофоны. К ним, например, относятся аллофоны после глухих смычных согласных , т.е. присутствует глухое начало как следствие предыдущего придыхательного взрыва (*ҚҰС - птица, ТҰТ - лови, ПҰЛ - денги*). Несколько более глубокую артикуляцию и твердый акустический признак имеет в соседстве согласными (*ҚҰТ - счастье, ҚҰРЫҚ - лассо, ҰҢҒЫ - отверстие*). Наблюдается оглушение между глухими согласными и как следствие могут появляться оттенки в диапазоне "глухой гласный-гласный" (*ТҰСАҚ - овца, ҚҰШАҚ - объятие, ПҰШПАҚ - шкура*).

**Гласный Ү.** Вариативными оттенками оказываются сверхкраткая долгота, нелабиализованность, чисто ртовая артикуляция, а также начато выдержки и ее конец в зависимости от места и способа образования предшествующего и последующего согласного. Эта зависимость в большинстве случаев создает артикуляторно-акустические аллофоны. К ним, например, относятся аллофоны после глухих смычных согласных, т.е. присутствует глухое начало как следствие предыдущего придыхательного взрыва (*ТҮТ – расчесывай шерсть, КҮШ - сила, КҮРЕК - лопата*). Несколько более переднюю артикуляцию и мягкий акустический признак имеет в соседстве с среднеязычными согласными (*КҮРІНІ – масть (лошади), ТҮС - полдень, КҮН – солнце, день*). Наблюдается оглушение между

глухими согласными и как следствие могут появляться оттенки в диапазоне «глухой гласный-гласный» (КУРІШ - рис, ТҮСТІК - обеденный, СҮТСІЗ - без молока).

Итак, аллофоны гласных, в первую очередь, различаются по долготе. В абсолютном исходе и перед звонкими согласными гласные имеют большую долготу, чем между глухими согласными. Сокращение долготы, безусловно, связано с различным распределением мускульного напряжения, необходимого для четкого произнесения слова. Обычно казахские глухие согласные требуют большего мускульного напряжения (из-за придыхательности). Таким образом, гласные по долготе варьируются в диапазоне «сверхкраткий-сверхдолгий» (Ү-О, Ү-Ө, І-Е).

Гласные в казахском языке подвергаются не только количественной, но и качественной модификации, вплоть до оглушения. Следовательно, гласные качественно варьируются в диапазоне «глухой гласный - гласный» (Ы-А, І Ө, Ү-О, Ү-Ө).

Итак, особенностью казахских гласных является и артикуляторно- акустическая определенность.

Качество казахских гласных открытого типа отличается большей качественно-количественной определенностью. Незначительный диапазон варьирования слухового эффекта гласных, надо полагать, связан с тем, что в казахском языке имеется большое количество гласных фонем ( их девять).

Гласные в положении между согласными в артикуляторно- акустическом плане модифицируются в соответствии с характерными особенностями окружающих их согласных (К-Қ, Г-Ғ, Н-Ң).

Артикуляторно-перцептивное наблюдение гласных показало, что имеется немало случаев, когда очевидные артикуляторные различия не оказывают достаточно заметное влияние на восприятие звука (дифтонгоид О - монофтонг- О, дифтонгоид Ө- монофтонг -Ө, дифтонгоид Е- монофтонг Е).

Присутствие чистой ртовой артикуляции наблюдается во всей системе гласных..

1. Кенесбаев С.К. Қазіргі қазақ тілі. - А., 1963.

2. Джунибеков А. Проблемы тюркской словесной просодики и сигармонизма казахского слова. - А., 1988.

3. Раимбекова М.А. Позиционно-комбиторные модификации фонем в казахском языке. - А., 1997. – 160 с.

## ӘОЖ 801.611-112.2

**Жиренов С. А.**

*Абай атындағы ҚазҰПУ-дың аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты*

### СӨЗ БЕН ҰҒЫМ

**Түйіндеме:** Сөз бен ұғым – адам баласының ойлау жүйесінің, тіл арқылы сөзді жандандырудағы әрекетінің көрінісі болып табылады. Бұл адамның ойды жарыққа шығаруымен, сөйлеу әрекетінің, дүниені тануының, сана әрекетінің жемісі. Адамның дүниені тану мен қабылдауының бір жолы ұғымға қатысты болып, сөз арқылы таңбалады. Адамзат баласының санасында қалыптасқан қоршаған ортаға қатысты пайда болған ұғым тек адам санасында бейнеленіп қана қоймай, ол сөз арқылы заттанады немесе жанданады (сөз болып таңбалады). Яғни адам санасында қалыптасқан ұғым заттанып, сөйлеуге, сөзге айналып, екі жақты қатынасқа түседі.

Жалпы тіл білімінде ұғым мен сөздің өзара сабақтастығын зерттеудің мың жылдыққа созылған тарихи дәстүрлі жолы қалыптасқандығын да байқауға болады. Мәселен сөз бен ұғымға қатысты зерттеулердің бастауында Платонның «Кратил» аты еңбегін атап өту арқылы, аталған еңбек жалпы лингвистикалық зерттеулердің көптеген теориялық негізіне тірек болғандығы белгілі. Сөз бен ұғымның байланысы лингвистика мен логика атты іргелі ғылымдардың сабақтастығынан тұрады. Ертеден лингвистика ғылымы логика ілімімен өзара сабақтастықта болып, қатар дамыған. Аталған екі ғылым саласының байланысы олардың жекелеген категорияларының байланысына негіз болған. Яғни, сөз бен ұғымның байланысы жекелеген категориялардың байланысынан ғана тұрмайды, аталмыш ғылым салаларының өзара сабақтастығына да қатысты болады. Демек логика мен лингвистика ғылымы өзара сабақтастықта қатар дамып, өз кезегінде аталмыш ғылым салалары бір-бірінің дамуына да өз ықпалын тигізген. Өйткені адамның ұғым-түсінігі мен ғаламды тануы мен ойлау әрекеті тілмен яки сөзбен тікелей байланысты болады.

**Кілтгі сөздер:** сөз, тіл, ұғым, ой, сана, таным, зат, ғалам, логика, лингвистика, болмыс, түсінік, білім, т.б.

**Аннотация.** Слово и понятие – это проявление образа мышления, действий человека, направленных на оживление слова посредством языка. Это результат выражения мысли, речевой деятельности, познания мира, сознательных действий людей. Познание и восприятие человеком мира передается через его отношение к понятиям и обозначается посредством слова. Понятия об окружающем мире, образованные в сознании человечества, не только изображаются в его сознании, а посредством слов они приобретают свойства предметов или оживляются (представляются в виде слов). То есть понятия, сформированные в сознании людей, становятся предметами, в речи выступают словами, вступают в двусторонние отношения.

В общем языкознании сформированы тысячелетние исторические традиционные способы изучения взаимосвязанности понятия и слова. К примеру, научно-исследовательский трактат Платона «Кратил», посвященный изучению слова и понятия, является точкой опоры многочисленных теоретических основ общих лингвистических исследований. Связь слова и понятия состоит из преемственности таких крупных наук, как лингвистика и логика. С давних времен лингвистическая наука находилась в тесной взаимосвязи с логикой, развивалась с ней одновременно. Взаимосвязь вышеназванных двух наук явилась основой связи их некоторых категорий. Связь слова и понятия основана не только на взаимосвязи некоторых отдельных категорий, но и на взаимосвязанности разделов названных научных течений. Таким образом, логика и лингвистика развивались взаимосвязано, что, в свою очередь, оказало влияние на развитие разделов данных наук. Поскольку понятия и представления, познание мира, речевая деятельность людей напрямую связаны с языком, то есть словом.

**Ключевые слова:** слово, язык, понятие, мысль, сознание, познание, предмет, вселенная, логика, лингвистика, бытие, представление, знание и т.д.

**Abstract.** Word and concept - is a manifestation of the way of thinking, human action aimed at reactivating the word through language. This is the result of expression, speech activity, knowledge of the world, conscious actions of men. Knowledge and human perception of the world is passed in its relation to the concepts denoted by the word. Concepts about the world, formed in the consciousness of humanity, not only portrayed in his mind, but by the words they acquire the properties of objects or animated (presented in the form of words). That is, the concepts formed in the minds of people become objects in the speech act words, enter into bilateral relations.

In general linguistics formed millennial historical interconnectedness of traditional ways of learning concepts and words. For example, a research treatise Plato's "Cratylus", dedicated to the study of words and concepts, is the fulcrum of numerous theoretical foundations of general linguistic research. Connection between the word and the concept consists of a succession of major science, linguistics and logic. Since ancient times, linguistic science was in close relationship with logic, it has evolved simultaneously. The relationship of the two above-mentioned communication sciences was the basis of some of their categories. Connection between the word and the concept is based not only on the relationship between some individual categories, but also the interrelated sections called scientific currents. Thus, logic and linguistics developed interconnected that, in turn, influence the development of data partitions Sciences. Since the concepts and ideas, knowledge of the world, speech activity of people directly connected with language, that is the word.

**Keywords:** word, language, concept, thought, consciousness, cognition, the subject, the universe, logic, linguistics, being, idea, knowledge, etc.

Қазақ тілі лексикасының табиғатын танудың бірден-бір жолы сөз бен ұғымның байланысын тану және олардың аражігін ажырата білуде жатыр. Ал олардың байланысының ар жағында лингвистика мен логика атты екі үлкен ғылым саласының өзара тоғыспалы сипатының жатқандығы мәлім. Мұнда негізінен лексикалық сөз мағыналарының лингвофилософиялық аспектісі, яғни *ойлау, сана, ұғым, мағына, түйсік, қабылдау, елестеу, таным* категорияларының бір-бірінен ажырамастай болып кеткен өзара байланысы мен тілдің даму эволюциясы және сөз жүйесінің қалыптасуындағы санадағы табиғи тамырластықтың жатқандығын көруге болады.

Қазақ тіл білімінде сөз бен ұғымның байланысы туралы мәселе лексикология ғылымында тұрақты бір теорияға негізделгендігін байқауға болады. Ғ.Қалиев пен Ә.Болғанбаевтардың «Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» атты оқулығында сөз бен ұғымның байланысы былайша түсіндіріледі. «Ұғым - логикалық категория, ойлау процесінің нәтижесі, ал сөз – тілдік категория. Ұғым мен сөз арасында тығыз байланыс бар. Логикалық ұғымның тіл жүйесіне қатысы сөз арқылы іске асады. Ұғым - шындық өмірдегі зат, құбылыс, іс-әрекетке тән басты белгілердің адам санасында жинақталып берілген бейнесі. Ұғым адам танымына негізделеді. Танымның төменгі сатысы болып табылатын сезімдік таным адамның көру, есту, ұстау, иіскеу, дәмін алу сияқты нақты физиологиялық каналдары негізінде жүзеге асады. Ұғым сөз мағынасымен тікелей байланысып, оймен байланысты болады.

Танымның жоғары сатысы болып табылатын психикалық процесс-ойлау сезімдік танымға негізделеді, санадағы бейнелерге енеді. Ұғым – логикалық категория да, ал мағына – лингвистикалық категория. Ұғым дүниенің бейнесі ретінде санада өмір сүреді. Ұғым сөзге мағына түрінде бекітілген жағдайда дүниенің тілдік бейнесі түзіледі. Санадағы ұғымның адамдардың қоғамдық өмір тәжірибесі барысында сөздік қабыққа бекітілген бөлігі ұғымдық мағына деп аталады. Сөзбен бірге өмір сүретін ұғымдық мағынада материалдық дүниенің белгілі бір дәрежедегі бейнесі көрініс табады. Ұғымдық мағына ғылыми әдебиеттерде заттық-логикалық ұғым деп те аталады.

Ұғым – жалпы және жеке заттар мен құбылыстардың ұқсас және ерекше белгілерін айқындайтын ойлаудың элементі болуына байланысты өз ішінен жалпы ұғым, жалқы ұғым болып екіге бөлінеді. Осыған байланысты сөз мағыналары да жалпы, жалқы және жеке мағынаға бөлінеді.

Сөздер ұғымды білдіру, білдірмеуіне байланысты екі топқа бөлінеді:

1) ұғыммен тікелей байланысты, ұғымдық сипаты бар толық (дербес) мағыналы сөздер. Оларды грамматикалық қызметіне қарап атауыш сөздер деп те атайды. Лексикалық, грамматикалық мағыналары бар, тілдік қарым-қатынастың негізі болатын зат есім, сын есім, сан есім, етістік, үстеу, еліктеу сөздер жатады.

2) Зат, құбылыс ұғымымен тікелей байланыссыз, ұғымдық сипаты жоқ дербес мағынасыз сөздер. Тіліміздегі көмекші сөздерде (шылау, одағай, көмекші сөздер, модаль сөздер) ұғым болмайды. Сонымен бірге атауыш есім сөздердің орнына жұмсалып, есімдер тобына қосылғанымен, нақты ұғымды білдірмейді» деп түсіндіріледі [1]. Қазақ тілі лексикологиясын қала берді тілдік жүйенің дамуы мен қалыптасуын жаңаша сипатта қарастырып жүрген профессор Б.Сағындықұлы сөз бен ұғым қатынасын былайша түсіндіреді. «Дүниедегі заттар мен құбылыстар сезімдік бейнелеулер арқылы адам санасында сәулеленеді. Олар туралы ұғым пайда болады. Ұғым шындық өмірдің ең жалпы, ең қажетті жақтарын білдіреді. Демек, ұғым – заттың немесе құбылыстың жай ғана бейнесі емес, ойда қорытылған, жинақталған бейнесі. Заттардың, құбылыстардың, іс-әрекеттердің жалпы және мәнді белгілері туралы ой ұғым деп аталады» - деп таниды [2, 6]. Ғалым аталған пікірін нанымды етіп бірнеше мысалдармен дәлелдеп, аталған ойдың дұрыстығына көз жеткізеді. Сондай-ақ ғалым ұғымның логикалық категориядан тілдік категорияға айналуы туралы мәселеге қатысты өз ойын былайша сабақтай түседі. «Ұғым – дүниенің бейнесі ретінде санада өмір сүреді. Ол жарыққа шығып, іске, қажетке асуы үшін белгілі бір материалдық формаға енуі шарт. Адамдардың дыбыс шығару, дауыстай білу қабілеті бұл мұқтаждықтан құтқарады. Дыбысталу ұғымы таңба ретінде қызмет көрсетеді. Алайда, дыбысталу сөз емес, небары сөздің материалдық қабығы (қауызы, жамылышы). Ұғым мен дыбысталу әбден бірігіп, біте қайнасып, қоғамның сандаған ұрпақтарының талқысына түскенде ғана сөз пайда болады. Кез келген дыбыстардан әркім өз қалауынша сөз жасауына, болмаса грамматикалық тұлға жасауына болмайтындығын» түсіндіреді [2, 7].

Ұғымның көрсеткіші ой түзу, ойлау арқылы анықталады. Ал, ойлау – біліммен қарулану, таным таразысына салу, санада екшеу, санадағы ойды тіл арқылы жарыққа шығару секілді операцияларды жүзеге асырады. Мұндағы тіл арқылы жарыққа шыққан тілдік бірлік негізінен сөз болып табылады. Сөз мазмұны ұғым арқылы толысатынын ескерсек, сөз бен ұғым бірлесе келе ойға жан бітіреді. Яғни, ойды жүзеге асырады. Бұл туралы И.М. Кобозева: «Тілдік мағына және ұғым – ойлау категориялары, басқаша айтқанда, менталды феномендер. Екеуі де – шындық дүниенің біздің санамыздағы бейнелері. Бірақ бейнелеудің әртүрлі түрлері. Егер ұғым – шындық дүниенің кейбір нысандары мен құбылыстарының қасиеттері мен белгілерінің санада толық бейнеленуі болса, онда тілдік мағына олардың ерекше, айыру белгілерін бейнелейді», – деген байлам жасайды [3, 47 б.]. Ғалымның аталған пікірінен тілдік көрсеткіш сөз болса, ойда сөздің мәні болатындығының байқауға болады. Сондай-ақ, тілде мағынаның моделі берілсе, ойда ұғымның моделі орын алады. Адамның ойлау жүйесі мен танымдық әрекеті өзара бірлікте тең дәрежеде қызмет етуі арқылы зат, таным, ұғым, сөз, таңбалық жағдай бір-бірімен өзара қатынаста жұмыс жасауы арқылы тілдің мүмкіндігін паш етеді.

Қазақ тіл білімінде сөз бен ұғымның қатынасын зерттеу екі бағытта жүргізілді деп айтуға болады. Мұндағы бірінші бағыт дәстүрлі-құрылымдық (структуралық) жүйе болса, екіншісі, антропоцентристік бағытта қарастырылды. Дәстүрлі-құрылымдық (структуралық) бағытта сөз бен ұғымның негізгі теориялық базасы тыңғылықты зерттеліп, берік орнықты деп айтуға болады. Бұл мәселелерде А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, І.Кеңесбаев, т.б. көптеген ғалымдардың ғылыми байламдары басшылыққа алынды. Мәселен, Ы.Маманов: «Сөз – шындықтың адам санасындағы сәулесі. Барлық зат пен құбылысты білдіретін ұғым сөз арқылы таңбаланады. Ұғым заттың, құбылыстың ішкі мазмұны болса, ұғымды білдіретін сөз – сыртқы формасы, таңбасы. Тілде әрбір ұғым өз формасында (сөзде) қолданса ғана, сөз өз функциялық қызметін дәл атқарады. Сөздер сөйлем құрамында бір-бірімен тіркесіп, коммуникативтік қызмет атқарады», – деп жазса [4, 422], С.Исаев: «Тіл – қоғамдағы адамдар арасындағы аса маңызды қатынас құралы. Осы себептен де, ол бір жағынан, ойлаумен, екінші жағынан, сол арқылы санамен тікелей байланысты және қоғамдық өмірде белгілі бір қызметтер (коммуникативтік, эстетикалық-экспрессивтік т.б.) атқарады. Тіл, ең алдымен, ойды жарыққа шығарып, жетілдірудің құралы болу арқылы ойлаумен тікелей байланысты. Сондықтан тілдің негізгі единицалары ойлаудың басты категорияларымен сәйкес келіп жатады. Мысалы, сөз ұғымды білдіріп, соның тілдік көрсеткіші болса, ойды білдірудің бірден-бір тілдік көрінісі сөйлем болып табылады. Сондай-ақ тілдік единицалардың бұдан басқа да өзіндік мәндері, атқаратын қызметтері бар. Міне, осы қасиеттері арқылы тіл айналадағы дүние, объективтік шындық туралы адамның санасын қалыптастырады, оларды есте сақтауға негіз болады», – деп ой түйеді [5, 4].



Аталған ғалымдардың пікірлері дәстүрлі-құрылымдық (структуралық) жүйедегі сөз бен ұғым қатынасының көрсеткіші ретінде танылды деп айтуға болады. Жалпы аталған бағыт пен ондағы сөз бен ұғымға қатысты ғылыми пікірлерді ХХІ ғасыр қазақ тіл біліміндегі антропоцентристік лингвистиканың негізгі базалық аппараты, теориялық сүйеніші болды деуге негіз бар. Бүгінгі таңдағы қазақ грамматикасын антропоэзектік бағытта қарастырған ғалым О.Жұбаева грамматикалық салаларды категориялау мен концептуалдық тұрғыда қарастыра келе мынадай ой түйеді. «Категориялау ұғымы адамның білім деңгейін, жинақталған білімді қатынас құралы, ақпаратты қабылдау, сақтау құралы ретінде қолдану ерекшеліктерін де көрсетеді. Тілдік бірліктер концептуалды жүйе мен оны түзуші концептілермен тығыз байланыста болады. Көп жағдайда категориялау дайындықсыз түрде жүзеге асады, адам қажет болған жағдайда ғана сол туралы ойланады. Күнделікті өмірде адам жан-жануарларды, адамдарды, физикалық құбылыс ретінде де, сондай-ақ адам түзген артефактілер ретінде де категорияларға жіктейді. Басқаша айтқанда, **категориялау** – бір жағынан, белгілі бір заттар мен құбылыстарға атау беру болса, екінші, жағынан, белгілі бір зат не құбылыстарды категорияға жіктеу болып табылады. Яғни категориялау қандай да бір атау беру арқылы жүзеге асады. Ол таным әрекетінің ортақ принциптерін айқындап, білімді қалыптастырады, сол арқылы адамның болмысты қабылдау, тіл арқылы жинақталған білімді сақтау ерекшеліктері айқындалады» - дейді [6, 21].

Сөз болу үшін ұғымның болуы заңдылық яки табиғилық. Сөздің мәні ондағы ұғым мен мағынадан анықталады. Сөз болмысы оның таңбалық сипаты мен туындауынан, ойлау мен тілдің сабақтастығынан көрінеді. Лингвистикадағы сөз бен ұғым сабақтастығын тек жалпы тіл білімі ғана емес, сонымен бірге тілдің философиясы да арнайы қарастырады. Энциклопедиялық сөздіктерде сөз айтылған жерде ұғымның немесе ұғым айтылған жерде сөздің қатар айтылуы аталған категориялардың бір-бірінен ажырамас бірліктер екендігін көрсетеді. Мәселен, «Сөз орыс. *слово*, ағылш. *Word* – зат пен құбылыстың атын, түр-түсін, сапалық белгісін, амалын, қимыл-әрекетін таңбалаушы негізгі мағыналық-құрылымдық бірлік. Болмыстың тілдік атауы ретінде дыбыс пен мағына тұтастығынан тұрады. Сөзді құраушы бірлік – дыбыс, ал мағына – сөздің ішкі мәні, мазмұны. Дыбыстық құрылым сөздің ішкі мәніне, ұғымға бағынышты болады. **Сөз** – тілдік категория, ұғым – логикалық категория. Ұғым **сөз** арқылы айтылады, бірақ сөз тілдегі барлық ұғымдарды білдіре бермейді. Одағай, шылау сөздерде мағына болғанмен, олардың ұғымға қатысы болмайды. Сөздің негізгі белгілері:

**Құрылымдық тұтастығы:** яғни, сөз белгілі бір дыбыс жиынтығынан тұрып, дайын күйінде жұмсалады;

**Семантикалық тұтастығы:** құрамында қанша буын не сөз болғанына қарамастан бір ұғымды анықтап, бір мағына береді;

**Грамматикалық тұтастығы:** сөз ішкі мағыналық құрылымына қарай грамматикалық топтарға бірігіп, грамматикалық категориялар негізінде түрленеді;

**Танымдық тұтастығы:** сөздің ішкі мағыналық құрылымы халықтық дүниетаным негізінде анықталады.

Ішкі мағыналық құрылымы мен қызметіне қарай сөздер атау және көмекші сөздер болып бөлінеді. Атау сөздер зат пен құбылысты, болмысты оның ерекше белгілері арқылы таңбалайды; көмекші сөздерде мұндай атауыштық қабілет жоқ, олар қызметтік-грамматикалық мәнге ие. Сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналары болады. Тілді жүйелі құрылым ретінде зерттеу сөзді анықтаудың төмендегідей міндеттерін көрсетеді: сөзді тілдік бірлік ретінде тану; оны анықтаудың негізгі шарттарын айқындау; сөздің мағыналық жағын зерделеу; лексиканың жүйелілігін зерттеу; сөздің лебіз бен мәтіндік бірлік ретіндегі ерекшелігін тану. Сөз жүйелі құрылым ретінде түрлі бағыттағы зерттеу нысаны болып табылады. Сөздер семантикалық-грамматикалық белгілері (сөз таптары), сөзжасамдық байланыстары (сөзжасамдық ұя), семантикалық қатынастары, мағыналық, концептік өрістері арқылы өзіндік тілдік жүйелерді құрайды» деген анықтамадан тек сөз бен ұғымның байланысын емес, семантикалық үш бұрыштың табиғатын тануға болады [7]. Мұндағы «семантикалық үшбұрыш»: а) сыртқы элемент (дыбыстар немесе графикалық белгілер); ә) болмыс заты (зат, құбылыс, процесс, қасиет) – денотат (референт); б) зат туралы ұғым не түсінік (ұғым, сигнификат, интенционал, белгіленетін нәрсе) секілді бірліктерден тұрады. Ал, семантика дегеніміз (грек. *semantikos* – белгілеуші) тіл немесе оның бірлігі арқылы берілетін мағына, хабар болып табылады. Семантика дегенімізді мағыналы сөз деп танысақ, ол «семантикалық үшбұрыштан» тұратындығын анық көруге болады.

Қазақ тіл білімінде сөз бен ұғымның байланысын лингвистикадағы семантика мен синтагматикаға қатысты зерттеу жүргізген ғалымдардың еңбектерінде тұтастай дерлік қарастырылды деп айтуға болады. Бұл бағытта М.Оразов, Ә.Болғанбаев, Ғ.Қалиев, Б.Қалиев, Б.Сағындықұлы, А.Салқынбай, Ғ.Хасанов, М.Жолшаева т.б. көптеген зерттеушілердің еңбектерін атауға болады. Аталған ғалымдардың зерттеулерінде сөз негізінен адамзатқа тән көрсеткіш және адамзатқа тән болмыс пен танымының мазмұнын білдіретін рухани әрекетінің көрсеткіші ретінде қарастырылады. Бұғанға дейінгі зерттеулерде сөз бен ұғым тек құрылымдық лингвистика аясында лингвистика мен логиканың өзара шектесуі нәтижесіндегі сабақтас бірліктер ретінде қарастырылса, антропоцентристік бағыт аясындағы сөз бен ұғым тек өзара шектес бірліктер емес, олар өзара біртұтас бірліктер ретінде қарастырылады. Мұндағы біртұтастық негізінен лингвокогнитологиялық зерттеулерде анық көрінеді. Когнитивтік лингвистика қазіргі антропоцентристік парадигма аясындағы үлкен тармақты ғылым саласы. Когнитивтік лингвистика тіл мен таным категорияларын өзара біртұтастықта қарастыратын, адамның танымдық әлеуетінің тілдегі көрнісін зерттейтін, сан тарау ғылым салаларымен шектесетін ғылым саласы. Тілді когнитивтік тұрғыдан зерттеу тілдің табиғатын адам болмысымен байланыстыра тануға мүмкіндік беріп, лингвистикалық зерттеулердің өрісін кеңейтеді. Когнитивтік лингвистика ғылымының зерттеу нысанындағы когнитивизм, когниция, концепт категориялары тек адамның ішкі жан әлеміне (сана, ақыл, ой, ұғым, түсінік, білім, шығармашылық, ойлау, логикалық түйін, мәселені шешу, қиялдау, армандау т.б.) қатысты мәселелерді ғана емес, сонымен бірге қабылдау, еске сақтау, таным таразысына (талқысына) салу, зейін, танып білу секілді күрделі когнитивтік категорияларды қамтиды. Демек, лингвокогнитологиядағы сөз тек атау таңбасы, ұғымдық мәнге ие ақпарат беруші бірлік қана емес, сөз күрделі ұғымдар жиынтығын бойына сіңірген (концепт), бейнелі образдар арқылы әлемнің қарабайыр бейнесінен бастап, тілдік-концептуалды бейнесін танытуда ерекше қызмет атқаратын лингвокогнитологиялық бірлік.

Сонымен сөз бен ұғымның біртұтастығы көпшілік қолды оқулықтарда былайша беріледі. Сөз дегеніміз - «ұғымның қалыптасуында маңызды роль атқарады. Заттар мен құбылыстардың бәрі де белгілі бір сөздермен аталады. Атаусыз сөз жоқ, сөз болмаған жерде атау да жоқ. Сондықтан сөз болған жерде ұғым бар. Ұғым тек жалпылықты ғана бөліп алып қарамайды, сонымен бірге, заттарды, олардың қасиеттері мен қатынастарын өзгешеліктеріне қарай қарастырады. Мысалы, «адам» деген ұғым жалпылық мәнге ие. Барлық адамдарға тән ерекшелікті бейнелеумен қатар, кез-келген жеке адамның басқалардан айырмашылығы барлығын да көрсетеді. Демек, ұғым деп кез келген сөз табында баяндалған (есімдік, шылау, одағайдан басқаларының) ой жүйесін айтатын болсақ: сөз мағынасы деп ойын білдіретін түсінігін, сөздің өзі атау болған затқа қатынасын, сөз арқылы аталатын заттың, құбылыстың бейнесін, сәулесі деп танылса» [8], ұғым дегеніміз – «сөзбен ажырамас байланыста болады. Ұғым көрінісінің тілдік формасы - сөз және сөз тіркестері. Адамның ойлау қызметінде ұғым мен сөз бір-бірімен қабысқан байланыста болады. Алайда оларды теңестіру қателікке соқтырар еді. Ұғым – ойдың логикалық формасы, ал сөз оның тілдік-грамматикалық көрінісі. Кейде бір ұғым әр түрлі сөздермен берілуі мүмкін (синоним сөздер). Сонымен қоса мағынасы бір болса да, қолданылуына қарай түрлі мағынада, түрлі ұғымдарды білдіретін омоним сөздер де болатыны белгілі (мысалы, «кілт» сөзі). Ұғымдар «есім» деп аталатын сөздер мен сөз құрылымдарында бейнеленеді және бекиді. Қарапайым есімдер, мысалы «күқык», «заң», «аңғалдық», «қатысу», ал қиын есімдер – «демократиялық заңдылық», «аса қажеттілік», «қоғамдық демократиялық өзін-өзі басқару» және тағы басқа осы ұғымдардың материалдық, тілдік негізі болып табылады, бұларсыз ұғымдар да, олардың жасалу амалдары да қалыптаспайды.

Сөздің ұғымнан айырмашылығы, ол барлық тілдерде әр түрлі: ал белгілі бір ұғым әр түрлі тілдерде де әр түрлі бейнеленеді. Сонымен қатар бір тілде де ұғым мен сөз тепетендігі болмайды. Мысалы, барлық тілде синоним сөздер мен омоним сөздер өмір сүреді.

Ұғымдар тек шынайылықты дұрыс бейнелесе ғана дұрыс ұғым болады. Егерде бір ұғым болмысты дұрыс бейнелемей, бұрыс бейнелесе, онда ұғымның жалған болғаны. Жалған ұғым, мысалы, теория мен практиканың байланысы бұзылғанда пайда болады. Дұрыс ұғымдар адамдардың еңбек әрекетінен, еңбек үдерісінде құралып шығады: ондай ұғымдардың болмыстағы нәрселер мен құбылыстарға сәйкестігі адамның практикасымен тексеріледі.

Айналадағы болмысты тани, біле отырып, адам нәрселерді бір-бірімен салыстырып, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын табады; талдау және жинақтау арқылы нәрселердің мәнін ашып береді, ойша олардың белгілерін бөліп алады. Ол белгілерді абстракциялап, жалпылайды. Нәтижесінде адамда болмыста бар нәрселер мен құбылыстар туралы ұғым қалыптасады» деп берілген [8].

Мұнда көрсетілген энциклопедиялық анықтамаға лингвистикалық теориялық тұрғыдан былайша дәлелдеуге болады. Мәселен, сөз мағыналарына қатысты арнайы еңбек жазған Б.Қалиев пен А.Жылқыбаева «сөз-ұғым-мағына» арасындағы байланысты тереңнен талдап, ұғым мен сөздің байланысын былайша түсіндіреді «... ұғым екеу: жалпы ұғым және жеке (нақты) ұғым. Бір сөзде осы екі ұғымның екеуі де болуы мүмкін. Мәселен, *терек* десек бірде дүние жүзіндегі терек атаулының бәрін ұғамыз (терек – ағаштың бір түрі), бірде өзіміз қасында тұрған, қолымызбен сипап немесе құшақтап тұрған теректі ғана ұғамыз (мына терек жуан екен). Алдыңғысы – жалпы ұғым, соңғысы – жеке, нақтылы ұғым. *Өзен* деген сөздің берер ұғымы да дәл осындай. Ол бірде – жалпы өзен атаулыны, бірде нақтылы бір өзенді (айталық, Іле өзенінің) өзін ғана білдіреді. Сөздердің бұл жалпылық және жекелік қасиеттері олардың ең басты қасиеттері болып табылады» деген пікірлерінен көруге болады [9, 7].

Тіл білімінде сөз бен ұғым сабақтастығының ерекшелігі, өзіндік белгілері, құрылымы мен қызметі тіл деңгейлеріндегі сипатымен анықталады. Тіл білімінде сөз бен ұғымның байланысы – XIX ғасырдан бастап зерттеле бастады. Бүгінгі күні тіл білімінде осы факторға аса назар аударыла, тіл «сөз-ұғым-мағына» деген құрылымда кеңінен зерттеліп, ғылыми өндірісте кеңінен қолданылып жүр. Лингвистикадағы сөз бен ұғым өзара бірліктегі сабақтас категориялар дегенде, олардың өзара тең дәрежеде емес екендігі де ғылымда қарастырылған мәселелер. Олар әлбетте бір бірінен ажырағысыз болғанымен бірінсіз бірінің болмайтындығы одан толық мағыналы сөздің тумайтындығында ескеру қажет. Алайда олардың арасындағы басты айырмашылықтары мыналар: кейбір ұғымдар жеке сөздер арқылы емес, сөздердің тіркестерімен айқындалады; фразеологиялық сөз тіркестерінің құрамындағы кейбір ұғымдар жеке сөздермен емес, сөздердің тіркестерімен айтылады; фразеологиялық тіркестер құрамындағы кейбір сөздер ұғымды өздігінен емес, тек тұрақты тіркес құрамында қолданылғанда ғана яғни микромәтіндер арқылы білдіре алады. Тілдік қолданыста бірнеше мағынаны білдіретін бір сөздің өзі әлденеше ұғымды білдіру әлеуетінің де болуы мүмкін. Алайда сөз кейде ұғымды ғана емес, байымдауды да білдіруі ықтимал. Мұндай жағдайда сөз сөйлемнің қызметін атқаратын сәттері де болады. Яғни бұдан шығатын қорытынды сөз бен ұғым өзара бірлікте болғанымен, өзара теңдесте категориялар емес. Сөз бен ұғым бір-бірімен тығыз байланыста болады дегенде, логика-лингвистикалық категорияларының өз ара байланысымен олардың өзара арақатысында ескерілуі керек. Сонымен сөз болмыс туралы адам ұғымының баламасы, әрі таным категориясының эквиваленті болып табылады.

Сөз бен ұғымның байланысы сол адам санасындағы ойды қандайда бір ұғымдар арқылы бейнелеп, сөз арқылы суреттейді. Санадағы ойды ұғым арқылы бейнелеу монологты (іштей) немесе диалогты (сырттай) түрде де жарыққа шығара алады. Яғни санадағы ұғым белгілі дыбыс я таңба арқылы жасалса, ол сөйлеу әрекеті арқылы жарыққа шығады. Мұны ғылымда сыртқы сөз деп те таниды. Сол сияқты адам сөйлемей, дыбыстамай ойлауы - ішкі сөз деп танылады. Ал бұл мәселені зерттеуді логика ғылымы лингвистиканың еншісіне қалдырып отыр. Мұны логика ғылымы сөз деп таниды. Лингвистикадағы белгілі жайт сөздің атауыштық және мазмұндық қызметі қатар жүреді. Атауыштық қызметі - затқа ат беру, ат телу (табу). Мысалы: ағаш, тас, орман, тау және т.б. Осындағы аталған заттардың қасиеті мен мазмұнын көрсету – сөздің мазмұндық қызметіне жатады.

Сонымен сөз бен ұғым логика мен лингвистика атты дербес ғылым салаларының жекелеген категориялары бола тұра, ойды жандандыру барысында өзара бірлестікте болатындығы лингвистика мен логика ғылымдары шектесіп, ортақ мәселелерді бірлесе зерттейді. Жалпы сөз бен ұғымның бірлігін «семантикалық үштаған» аясында ғана емес, таным категориясымен байланыстыра зерттеу арқылы да, тіл болмысының жалқы заңдары мен жалпы заңдарының табиғатын ашып айқындауға және түсінуге болады. Осы жағынан келгенде тіл білімі белгілі дәрежеде лингво-логика-философиялық ғылым болып табылады, нақты тілдік құбылыстарды зерттеумен бірге, тілдің философиясына, логикасына, когнитологиясына қатысты мәселелерді де қарастырады. Бұл айтылғандырдың бәрі тіл білімі мен басқа да ғылым салаларымен (қоғамдық және жаратылыстану) өзара байланысты ғылымдар екенін көрсетеді.

1 Қалиев Ф., Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы.

2 Сағындықұлы Б. Қазіргі қазақ тілі. Лексикология. I бөлім: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 101 б.

3 Кобозева И.М. Лингвистическая семантика. – М.: Комкнига, 2007. – 352 с.

4 Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – 488 б.

5 Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы, Рауан, 1998. – 304 б.

6 Жұбаева О. Қазақ тілі грамматикалық категорияларының антропоэкетілігі. Фил. ғыл. док... дис. авторефераты.: 10.02.02. - Алматы: А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2010. – 60 б.

7 Қалие Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2005. – 364 б.

8 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Информатика және компьютерлік техника / Жалпы редакциясын басқарған – түсіндірме сөздіктер топтамасын шығару жөніндегі ғылыми-баспа бағдаламасының ғылыми жетекшісі, А.Қ.Құсайынов. – Алматы: «Мектеп» баспасы» ЖАҚ, 2002. – 456 б.

9 Қалиев Б., Жылқыбаева А. Сөз мағыналарының негіздері. Оқу құралы. - Алматы: ҚазҰУ, 2002. - 110 б.

ӘОЖ 811.512.122:39

Ж.И.Исаева

филология ғылымдарының кандидаты

## ПАРЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ДҮНИЕ БЕЙНЕСІНІҢ АБСТРАКЦИЯЛАНУЫ

**Түйіндемe:** Бұл мақалада тіліміздегі паремиологиялық дүние бейнесінің мағыналық дамуында екі кезеңді басынан кешіретіндігі қарастырылып, оның біріншісі – мақал-мәтелдердің әуел бастағы дүниеге келу сәтінде білдірген алғашқы мағынасы, екіншісі – даму барысында қалыптасқан ауыспалы мағынасы екендігі нақты мысалдар арқылы талданады. Басқаша айтқанда, паремиологиялық дүние бейнесінің о бастағы жасалу уәждері негізінде нақтылықтан абстракцияға өтетіндігі делелденеді.

**Кілт сөздер:** паремиология, мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, сөздің тура және ауыспалы мағынасы, логикалық, уәждік, семантикалық байланыс, гомоцентристік үрдіс, антрополингвистикалық бағыт, абстракциялану мотивтері, логика-семантикалық жіктеу, логика-ассоциативтік байланыс т.б.

**Аннотация:** В данной статье анализируются два периода в развитии паремиологической картины мира: во-первых, прямое значение пословиц-поговорок, во-вторых, переносное значение обосновываются конкретными примерами.

**Ключевые слова:** паремиология, пословицы-поговорки, фразеологизмы, прямое и переносное значение, логические, мотивационные, семантические связи, гомоцентрический процесс, антрополингвистическое направление, мотивы абстракции, логико-семантический анализ, логико-ассоциативная связь.

**Abstracts:** This article analyses two periods in the development of paremeological scene of the world: firstly, the direct meaning of the proverbs and sayings, secondly, the indirect meaning is proved by the specific examples.

**Keywords:** paremeology, proverbs and sayings, phraseology, direct and indirect meaning, logical, motivate, semantic connections, homocentric direction. The motives of abstractions, logical-semantic analysis, logical-associative connection.

Мақал-мәтелдер – тіл өкіліне «өз халқының басынан кешірген барша өмірін, салт-сана, қалыптасқан дәстүр, дүниетанымын елестете алуға», «болмыстағы құндылықтарды танып-біліп, заңдылықтарын ашып, олар туралы ой мен түсінігін тұжырымдап айтуға», «адамзат қауымына тән ортақ көзқарас пен құндылықтарды бағалауға» көмектесетін тіл фактілері. Олардың шындық болмыстағы нақты заттар мен құбылыстарға байланысты пайда болған алғашқы мағынасы мен оның даму барысында абстракцияланып, адамға бағышталған ауыс мағынасы арасындағы логикалық, уәждік, семантикалық байланыстың, гомоцентристік үрдістің табиғатын айқындау антрополингвистикалық зерттеуді талап етеді [1, 50-б.].

Қазақ паремиологиясының антрополингвистикалық бағыттағы дербес пән ретінде қалыптасуының теориялық тұжырымдамасын негіздеу Ә.Қайдар есімімен тікелей байланысты. Ғалым өзінің «Халық даналығы» атты еңбегінде [1]. тілдің адамның ойлауы мен қабылдауы, танымы мен пайымдауы сияқты әрекеттерімен тығыз байланысына жүгіне отырып, тілде пайда болу, қалыптасу, даму үрдістерін анықтайды, атқаратын функциональды қызметіне, қолданылу, жұмсалып жағдаяттарына тоқталады, мақал-мәтелдерді топтастырудың ғылыми принциптерін айқындап, этномәдени және этнофилософиялық астарын, адам табиғатын тануға бағытталған ішкі мазмұнын ашудың жолдарын, амал-тәсілдерін ұсынады. Ә.Т.Қайдардың бұл еңбегі қазақ паремиологиясының фразеологиядан бөлініп шығып, антрополингвистикалық бағыттағы дербес ғылым саласы болып қалыптасуына қажет алғы шарттарды нақтылап, паремиологиялық зерттеудің ғылыми принциптерін, мақсат-мүддесін, көтерілер проблемаларын, зерттелер қырларын айқындап бергендігімен құнды.

Ә.Т.Қайдар қазақ мақал-мәтелдерінің шешімін толық таба алмай жатқан проблемалары қатарына теориялық жағынан мақал-мәтелдердің гомоцентристік принципін (адамға бағышталған үрдісін), мақал-мәтелдердің абстракциялану мотивтері мен логика-семантикалық жіктеу принциптерін,

фразеологизмдерден өрбуі, қос тағандылық пен тірек сөз мәселелерін, ал практикалық жағынан қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігін жасау тәжірибесін жатқызады, өз зерттеуінде осы мәселелердің біразына тоқталады [1, 50-б.].

Тіліміздегі барша мақал-мәтелдер мағыналық дамуында екі кезенді басынан кешіреді. Оның біріншісі – мақал-мәтелдердің әуел бастағы дүниеге келу сәтінде білдірген алғашқы мағынасы, екіншісі – даму барысында қалыптасқан ауыспалы мағынасы. Әдетте, мақал-мәтелдердің алғашқы мағынасы ұмыт болады да, тілдегі қолданысында олардың абстракцияланып, адамға бағышталған ауыспалы мағынасы сақталады. Мақал-мәтелдердің ауыспалы мағынаға ие болуы біртіндеп, ұзақ даму барысында қалыптасатын құбылыс.

Басқаша айтқанда, паремиологиялық дүние бейнесінің о бастағы жасалу уәждері негізінде нақтылықтан абстракцияға өтеді. Болмыстағы нақтылы заттар мен құбылыстарға байланысты пайда болған мақал-мәтелдердің мағына жағынан дами келе, абстракцияланып, жаңа объекті – адам факторына ауысуы олардың екіншілік уәжденуі (“вторичная мотивация”) болып саналады. Демек, мақал-мәтелдердің жасалу уәжі мен ауыспалы мағынаға (көбінесе адамға, оның іс-әрекетіне, қалып-күйіне, қасиетіне т.б. ерекшеліктеріне байланысты) ие болу уәжі арасында логика-семантикалық байланыс бар деген сөз. Мұны айқындау да оңай емес, ол халықтың рухани өмірін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, дүниетанымын, жалпы ұлттық менталитетін танып-білуді талап етеді. Тіл практикасында мыңдаған мақал-мәтелдер өзінің екіншілік уәжденуі негізінде ие болған ауыс мағынасында қолданысын тауып жатса да, олардың себеп-салдарын барша жұрт біле бермейді. Өйткені, бұлардың бәрін біз мақал-мәтелдер ретінде қалыптасып, қолдануға дайын тұрған дүние ретінде ғана қабылдаймыз. Шын мәнісінде әрбір мақал-мәтелдердің табиғатынан өзіне ғана тән, өзіндік ішкі даму заңына сәйкес сатылы дамуының екі деңгейін – алғашқы, негізгі де нақтылы мағынасы мен абстракциялану нәтижесінде пайда болған соңғы, ауыспалы мағынасындағы деңгейлерін айқын көруімізге болады.

Мақал-мәтелдер – халық даналығының қазына байлығы. Олар ғасырлар бойы қалыптасып, сол халықпен мәңгі-бақи бірге жасап, біте қайнасып кеткен дүние. Мақал-мәтелдерді қолданушы адам сол мақалы мен мәтелінің не себепті солай айтылып, қалыптасып қалғанына мән бере бермейтін сияқты. Оның бір себебі: мақал-мәтелдердің алғаш жасалғандағы мағынасында емес, абстракцияланып барып қалыптасқан ауыспалы (келтірінді, жалпылама) мағынасында қолданылуына байланысты. “Мына мақал-мәтелдердің мәнісі не?” деп сұрай қалсаң, кез-келген қазақ оның көбінесе өз объектісінен ауысып, адамға бағышталған абстракты (жалпылама) мағынасы мен мәнін түсіндіре бастайды. Бұл, әрине, заңды құбылыс. Сондықтан да рухани өміріміздің ішкі мазмұнын ашып, даналық көзі – мақал-мәтелдердің күрделі табиғатын тану үшін олардың тілімізде қалай және қандай логикалық, тілдік этнолингвистикалық заңдылықтар мен уәждер бойынша жасалып, қалыптасқанын білу қажет. Бұл мәселені айқындай түсудің теориялық та, практикалық та мәні зор. Қазақ тілінде жинақталып, қорланған сан алуан Мақал-мәтелдерді зерделей қарағанда, олардың бірі болмаса да, көпшілігі өзіне: “қалай?”, “неге?”, “неге олай?”, “не себепті?”, “неліктен?”, “қалайша?” сияқты сұрақ-сауалдарды қоюды талап ететін сияқты. Мәселен: “Ұры мен қары апақ-сапақта кездеседі”, “Қотыр ат соқыр атқа жақын жүреді”, “Қызым саған айтам, келінім сен тыңда” т.б. деген мақал-мәтелдерге де осы сұрақтарды қою қажет сияқты. Өйткені осы тұрған күйінде олардың мәні бізге түсініксіздеу. Қалайша? “Ұры мен қары апақ-сапақта кездеседі?”; Неге? “Соқыр ат қотыр атқа жақын жүреді?”, “Неге анасы өз ақыл-кеңесін қызына айтып, келінін тыңдатып қояды?” деген сұрақтарға жауап беру керек. Мұндай сұрақтардың көбінесе себебі ғана айтылып, салдары белгісіз болатын мәтелдер талап етеді. Ол үшін адам мақал-мәтелдерді ойлап тапқан, нақыл ғып айтып келе жатқан халықтың рухани өмірінен, салт-дәстүрінен, әдет-ғұрпынан, тұрмыс-тіршілігінен, дүниетанымынан т.б. өзіндік ерекшеліктерінен хабардар болуы керек. Енді осы аталған мәтелді жоғарыда қойылған сұрақтарға байланысты әуел бастағы жасалу уәждеріне қарай сипаттап көрейік. Неге ұрыға қары (ол да ұры) күндіз емес, ел бірін-бірі тани қоймайтын алақөлеңкеде (қараңғы түскенде) кездеседі? Логикалық дұрыс силлогизм бойынша: ұрлық-қарлықпен шұғылданатын адамдар, әдетте, өзінің қылмыс істерін күндіз емес, кеш батқанда, не түнде істейді, өйткені олар елдің көзіне түспеуі керек. *Ұры мен қарының ұрлық қылуға қолайлы кезі – кеш мезгілі. Қараңғы түскенде кездесуінің себебі осында болса керек.*

Жалпы тақырып жағынан екінші мәтел де – “Қотыр ат соқыр атқа жақын жүреді” – осыған ұқсас. “Неге?” деген сұраққа: Қотыр ат жауыры, сауыс болған қотыры қышып, мазасын алған денесін бір нәрсеге үйкегісі, біреуге сүйенгісі келіп тұратыны белгілі. Оған көзі бар аттар, әрине, жақын

жоламайды және маңына да жолатпайды. Ал, басқа аттардың дүрмегіне ілесіп, жайылымға шыққан соқыр ат көзі жақсы көрмегендіктен көп жүрмей, бір орында оттап тұра береді. Бұл – қотыр аттың сүйкеніп, қасынуына өте қолайлы объект. Сондықтан да ол оның жанынан шықпайды. “Неге?” деген сұрақтың жауабы, міне осыған байланысты. Осыны біз мақал-мәтелдердің жасалу уәждері дейміз [2]. Осындай өмірдің нақтылы көріністері мен құбылыстары негізінде пайда болған пайымдаулар тіліміздегі сан алуан мақал-мәтелдердің дүниеге келуіне арқау болады, бірақ олар сол о бастағы жасалған қалпында, сол мағыналық деңгейде қалып қоймай, екінші бір мағыналық деңгейге көтеріледі.

Олардың біріншісі мен екіншісі логика-семантикалық деңгейде тақырыптық бір топқа, яғни “мүдделестік” тобына жатады [3]. Ұры мен қарының өзара ымпай-жымпайы, өзара уағдаластығы, бірімен-бірі бір мезгілде ұшырасуын қалай түсінуге болады? Ойластырып қарасақ, мынаны аңғарамыз: ұры мен қары қазақ болмысында, әрине, жағымсыз бейнелер, бұлардың іс-әрекеті де, жүріс-тұрысы да – бұзақылық, қылмыс, осыған байланысты “ұры мен қары” екі бірдей жаман адамға баланып, олар бір-бірімен осы қылықтары арқылы табысып, ымпай-жымпай болуын аңғарамыз. Қысқасы, осы мәтелдің ауыспалы мағынасы: “жаман жаманға үйір, ымпай-жымпайы бір, өзара тіл табыса біледі” дегенді аңғартады.

Екінші мәтелдің мағынасы осыған жақын: ол қоғамда жаман да жат қылықтары (өтірікші, өсекшіл, жалақор, бәлекор, мансапқор, іші тар т.б.), қасиеттеріне байланысты бір-біріне жақын болатын, бір-бірімен оңай тіл табысып, бірін-бірі іздеп жүретін мүдделес адамдар туралы айтылады.

Үшінші мақалдың мәнін білікті қарттар былай түсіндіреді: анасының өз ақыл-кеңесін қызына айтатын себебі, қызы анасына етене жақын, өз баласы, сондықтан да не айтса да көтереді, көңіліне алмайды; ал келін болса, жат жұрттық, “өйтпе-бүйтпе” дегенді көтере алмауы мүмкін. Сондықтан да қайын ене ақыл-кеңесін оған туған қызы арқылы дарытып, аңғартып отыр. Бұл фактор мақалдың әуел баста тууына негізгі уәж болса, енді ол ауыспалы мағынасында (қызға да, келінге де қатысы жоқ) әркім өзінің ой-пікірін жақын көретін адамына айтқансып, басқаларға құлаққағыс жасау болып саналады. Дәл осы заңдылықты біз түгел болмаса да, көптеген мақал-мәтелдердің бойынан іздеп табуымызға болады. Алайда мақал-мәтелдерге тән бұл тәрізді екі деңгейдегі уәждік негіздерді талдап-таратудың ең тиімді жолы – тақырып жүйесі мен топтастыра қарастыру болып саналады. Бұл құбылысты айқындаудың ең тиімді жолы мақал-мәтелдердің табиғатына тән негізгі уәждер мен туынды уәждердің өзара сәйкес мағыналық компоненттерін дәл тауып, олардың ара жігін дұрыс айқындау болып саналады.

Мақал-мәтелдер гомоцентристік принцип негізінде ауыспалы мағынасында қалыптасып, тіл практикасында қарым-қатынас құралы ретінде жұмсалады.

Ауыспалы мағына – сөздің қолданылу барысында пайда болатын келтірінді, туынды мағына. Тарихи-этимологиялық тұрғыдан алғанда ол негізгі (тура) мағынадан өрбиді. Бір зат пен екінші бір заттың, бір құбылыс пен екінші құбылыстың форма, сыртқы түр, түс ұқсастығы, қызмет сәйкестілігі ауыспалы мағынаның жасалуына негіз болады. Сөздерді ауыспалы мағынада қолдану қарапайым сөйлеу тіліне тән қасиеттердің бірі. Ауыспалы мағынадағы бейнелі сөздер, сол сөз болатын зат не құбылысқа адамдардың жағымды немесе жағымсыз көзқарасын білдірудің де құралы болып саналады. Сөздің тура мағынасы – затпен тікелей бірліктегі әрекет пен құбылысты, адамның ойымен байланысты түсініктерді, түйсікті білдіретін негізгі мағына. Мақалдың ауыспалы мағыналарда өнімді қолданылуы мен мазмұн жағынан кеңейе түсуі оның мағынасының негізіне алынған өмір шындығының қаншалықты ақиқат бейнелеуінде болып табылады. Мұндай мақалдар көбінесе табиғат құбылыстарын арқау етеді. Мысалы, “Шоқ қайдан болса, жылу содан”. Мақал-мәтелдердің ауыспалы мағынасы негізгі мағынасынан ішкі мазмұны жағынан алшақ кетпейді. Ауыспалы мағына қандай жағдайда болмасын, айналып келіп, көбіне-көп адамның өзіне, адамдар арасындағы, қоғамдағы қарым-қатынастарға қатысты болады. Яғни, адамның қасиетін, өмірін айтады.

Паремиялогиялық дүние бейнесінің өзгермейтін тұрақты элементі - ауыспалы мағынасы. Паремиялардың өзі мүлдем өзгеріп кетсе де, құрамындағы бір ғана сөздің қолданылуы, сол паремиялардың білдіретін ұғым-түсінігі көңілдегі бейне ретінде халық жадында толық сақталады. Бірақ паремияларды топтастыру мәселесінде олардың өзгермеген негізгі мағыналарын ескергеніміз жөн. Ескеретін бір нәрсе: тек қана толық мағынасында қолданылатын паремиялар ғана қарастырып, басқалары ескерілмейді деген ұғым тумауы керек. Топтастыру принципіне паремиялар түгелдей дерлік алынады. Бұл мәселе бұрын-соңды мақал-мәтелдерді зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылмаған. Паремиялардың қандай түрі болмасын (қысқарған, өзгерген т.б.) толық мағынасы

сақталып, о бастағы қалыптасқан мағынасынан кеңейіп кететіндері де болады. Мысалы: *Еңкейгенге – еңкей, Шалқайғанға – шалқай* <> деген мақал кейде: *Еңкейгенге еңкей – атаңнан қалған құл емес, Шалқайғанға шалқай – пайғамбардың ұлы емес* <> түрінде де қолданылады. Мұндай үлгі мақал-мәтелдердің табиғатына тән құбылыс. Осы арада ескеретін бір жағдай: бұл мақалдың кейінгісі әуел баста қалыптасқан номинативтік вариант болып, ілгерісі соның сұрыпталып, ықшамдалған қысқа варианты болуы мүмкін. Сонда топтастырудың негізгі аяқ тірейтін элементі оның мағынасы (ауыспалы мағынасы).

Мақал-мәтел екі бірдей типтік жағдаят арасындағы логика-ассоциативтік байланыс нәтижесінде туындайтын күрделі тілдік конструкция болғандықтан, онда дүние бейнесінің екі бірдей кесіндісі (фрагменті) қиысады. Мақал-мәтелдің тура мағынасы арқылы сипатталатын бірінші типтік жағдаят тіл иесінің өзін қоршаған табиғи ортаға бейімделуі және оны игеруі барысында жинақтаған өмірлік тәжірибесіне, ауыспалы мағынамен сипатталатын екінші типтік жағдаят адамның жеке басына, адамдар арасындағы қарым-қатынасқа берілген бағаға, жасалған пайымға байланысты болып келеді. Мысалы: “Баласының қылығы көңіліне симаған ана оған ашуланып ұрсуы, қаталдық танытуы мүмкін. Әйтседе өз анасынан естіген ауырлау сөз де, тіптен ананың тартып жіберген шапалағы да бала көңіліне сызат түсірмейді” деген ауыспалы мағынада қолданылатын. *Енесі тепкен құлынның еті ауырмайды* мақал-мәтелінде дүние бейнесінің фрагменттері екі типтік жағдаят түрінде көрініс береді: оның біріншісі – жылқышы қазақтың күнделікті өмірінде жиі көріп жүргені, яғни желі басында оңдырмай тепкеніне қарамастан енесінің бауырында ойнақтаған құлынның қылығы; екіншісі – мейірімді ана мен тентек бала арасындағы қарым-қатынастың бір сәті. Бұл екі типтік жағдаяттардың арасын құлынды бие мен ана, құлын мен бала қылықтары арасындағы ассоциативтік-логикалық сәйкестік жалғайды.

Қорыта айтқанда, паремиологиялық дүние бейнесінің өзегін «тіл мен мәдениет» біртұтастығы құрайды. Сондықтан да этногенетикалық тілдік қауымдастықтың танымдық, поэтикалық, тағылымдық-тәлімдік, этикалық-нормативтік, аксиологиялық-бағалаушылық, практикалық іс-әрекеттерінің нәтижелері паремиологиялық дүние бейнесінде типтік жағдаяттардың көрнекі (бейнелі) атаулары, суретті сипаттамасы (паремия) түрінде таңбаланады, орнығады, бекиді, сақталады және келер ұрпаққа табысталады.

1. Қайдар Ә.Т. Халық даналығы. – Алматы: Толағай, 2004. - 560 б.

2. Қайдар Ә.Т. Этнолингвистикалық зерттеу. – Алматы, 2004. - 157 б.

3. Қарсыбекова Ш.П. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді топтастырудың этнолингвистикалық принциптері: филол. ғыл. канд. ... дисс.: 10.02.02. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігі А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2004. - 109 б.

Қоқанова Ж.А.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты

## ЖЫЛҚЫНЫҢ ТҮГІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҚАЛЫПТАСҚАН МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МӘНІ

**Түйіндеме:** Мақалада тілдік жүйедегі тұрақты бейнелі оралымдарды, оның ішінде мақал-мәтелдерді, заттық-тақырыптық тұрғыдан топтастырудың «ұйтқы» немесе «өзек» сөздердің, яғни компонент-доминанттардың лексикалық мағынасын ескеру ұстанымы басшылыққа алынып, осыған орай жылқының түгі қатысуымен жасалған мақал-мәтелдердің табиғаты сөз етіледі.

Бүкіл ғұмыры төрт түлік малмен қатар өтіп келе жатқан қазақ халқы сол малдың туылғанынан бастап өлгеніне дейінгі бүкіл ерекшеліктерін, сипатын жіті біледі. Осы білімі, тәжірибесі төрт түлікті тірек сөз ретінде пайдаланған мақал-мәтелдерде өмірдің сан алуан қырлары, адамның жағымды немесе жағымсыз мінез-құлқы, көңіл-күйі, қимыл-әрекеті, жүріс-тұрысы, адамдар арасындағы қарым-қатынасы, адамның қоғамдағы орны, дүниетанымдық көзқарасы т.б. сан алуан қыры, әртүрлі сипаты көрініс тапты. Бұған жылқы түгі: жал, қыл, қылшық және құйрық атауларының қатысуымен тілден орын алған: «*Арғымақ аттың құйрығы, әрі жібек, әрі қыл*»; «*Қас жақсының белгісі, әрі мырза, әрі құл*», «*Аттың жалына қиямет күніне шейін жақсылық байлаулы тұрады, «Жүйрік атта жал болмайды», «Арғымақ ат жабы болмайды, жалы кетіп арыса да», «Ер мойнында қыл арқан шірімес», «Ат жалында ажал тұрады», «Жаудан қыл тартсаң да – пайда», «Жаудан қыл тартсаң да пайда»* деген сияқты мақал-мәтелдер де куә бола алады. Жылқының түгі атауларының тірек болуы арқылы жасалған мақал-мәтелдерді қарастырғанда, олардың этномәдени мазмұны, шын мәнінде ұлттық ерекшеліктерге толы екендігі айқындалады. Жылқының түгі – халқымыздың тұрмыс-тіршілігіне барлық қажеттіліктерді өтейтін тіршілік көзі.

Мақалада этнолингвистикалық зерттеулердің көшбасында тұрған академик Ә.Қайдардың «Халық даналығы» атты зерттеу еңбегі ғылыми теориялық негізге алынғандағы мақал-мәтелдердің этномәдени мазмұнын ашу жан-жақты сөз етіледі. Бұл жылқы түгіне қатысты мақал-мәтелдер бұрын-соңды этнолингвистика тұрғысынан тікелей зерттеу нысанына айналмағандықтан, жұмыс келесі зерттеулерге жол ашады деуге болады.

**Тірек сөздер:** этнолингвистика, тірек сөз, мақал-мәтел, компонент-доминант, паремиология.

**Аннотация:** В статье рассматриваются пословицы и поговорки, в составе которых имеются наименования волосяного покрова лошадей, а также изучаются устойчивые образные выражения системы языка, с учетом лексического значения компонентов-доминантов, то есть слов, являющихся «ядром» или «стержнем» в предметно-тематическом группировании пословиц и поговорок. Казахский народ, который всю свою жизнь занимается разведением домашних животных, изучил все их свойства и особенности, начиная от рождения и до самой их смерти. Все эти знания и опыт нашли отражение в пословицах и поговорках, в которых в качестве опорных слов были использованы наименования домашних животных. В пословицах и поговорках также отображаются различные сферы жизни, положительные и отрицательные качества, настроение, действия, поведение, взаимоотношения людей, место человека в обществе, миропознание и взгляды людей, другие разные грани их жизнедеятельности. К пословицам, в составе которых имеются наименования волосяного покрова лошадей: грива, шерсть, шетина, хвост, можно отнести следующие: «*Хвост арғымака и шелковистый, и жесткий*», «*Брови – признак хорошего, это и господин, и слуга*», «*К гриве коня вплоть до судного дня привязано добро*», «*У коня-скакуна не бывает гривы*», «*Простая лошадь не сможет стать скакуном, даже если у нее прекрасная грива*», «*У мужчины никогда не сгниет конский аркан*», «*На гриве коня может быть смерть*», «*Даже если ты отберешь у врага гриву коня – это будет полезно для народа*». При изучении пословиц и поговорок, в составе которых имеются наименования волосяного покрова лошадей, было выявлено, что их этнокультурное содержание на самом деле отражают полностью национальные особенности казахского народа. Волосяной покров лошадей применяется народом во всех сферах жизнедеятельности.

Теоретическую основу статьи статьи, всесторонне рассматривающей этнокультурное содержание пословиц и поговорок, составляет научное исследование, известного ученого, академика А.Кайдара «Народная мудрость», который является основоположником этнолингвистических исследований. Поскольку ранее пословицы и поговорки, в составе которых имеются наименования волосяного покрова лошадей, не являлись прямым объектом исследований с точки зрения этнолингвистики, то можно утверждать, что данная работа может положить начало другим научным изысканиям по данной тематике.

**Ключевые слова:** этнолингвистика, ключевые слова, пословицы-поговорки, компонент-доминант, паремиология.

**Abstract:** The article deals with proverbs and sayings, which are composed of the name of hair horses, and explores sustainable figurative expressions of the language system, taking into account the lexical meaning of dominant components, ie words that are "core" or "core" in the subject-themed grouping proverbs and sayings.



Kazakh people, who all his life has been breeding animals, learned all their properties and characteristics, from birth until they die. All this knowledge and experience is reflected in proverbs and sayings, in which as the key words were used here with pets. In Proverbs and also displays the various spheres of life, positive and negative qualities, mood, actions, behavior, human relations, man's place in society, and people's views miropoznanie other different facets of their life.

Proverbs, which are composed of names hairline horses mane, wool, shetina, tail, are as follows: "The tail argymaka and silky, and hard", "eyebrows - a sign of good, and this master and servant", "K horse mane until doomsday attracted good", "Do not horse - horse mane is", "Simple horse will not become a racer, even if she has a lovely mane", "The man has never rotted horse lasso", "On the horse's mane can be death", "Even if you otberesh enemy horse's mane - it will be good for the people." In the study of proverbs and sayings, which are composed of the name of hair of horses, it was revealed that their ethno-cultural content actually fully reflect the national characteristics of the Kazakh people. Scalp horses used by the people in all spheres of life. Theoretical basis for this article, comprehensively considering ethnocultural content proverbs, is the scientific study of the famous scientist, academician A.Kaydara "folk wisdom", which is the founder of ethno-linguistic research. As previously proverbs, which are composed of names hairline horses were not the direct object of the research in terms of ethnolinguistics, it can be argued that this work can initiate other scientific research on the subject.

**Key words:** ethnolinguistics, key words, proverbs, sayings, component dominants paremiology.

Тіл – адамзат өміріндегі бүкіл ақпараттар ағымын жинақтаушы, сақтаушы және дамытушы ерекше құрылымдық жүйе. Тілдің өзіне тән құрылымдық жүйесін құрайтын компоненттерінің бірі – мақал-мәтелдер.

Қазақ паремиологиясының антрополилингвистикалық бағыттағы дербес пән ретінде қалыптасуының теориялық тұжырымдамасын негіздеген академик Ә.Қайдар мақал-мәтелдердің тілде пайда болу факторлары мен дамуын, адамға, оның сын-сипатына, мінез-құлқына, іс-әрекетіне, қалып-күйіне т.б. қасиеттеріне ауысу мотивтерін айқындау, мән-жайын таратып, түсіндіру, соның негізінде мақал-мәтелдер мазмұн-мағынасының бүгінгі этнопедагогикалық тұжырымдаманың (концепция) арқауына айналуын дәйектеу, мақал-мәтелдердің логика-семантикалық жіктелу принциптерін айқындай отырып, тақырыптық-мағыналық тұрғыдан топтастыру, жүйелеу, этностың «тіл әлеміне» құйылар этнолингвистикалық арналардың ең құнарлысы ретінде олардың этнос болмысын танып-білуге қосар үлесін анықтау тәрізді басты-басты мәселелерді паремиологияның этнолингвистикалық өзекті мәселелері қатарында көрсетеді. Сондай-ақ, мақал-мәтелдерді «тірек» сөздер арқылы тақырыптық топтар жүйесіне енгізе отырып, олардың бойындағы негізгі және туынды мағыналық өзгерістердің тілдік тетіктері мен мотивтерін айқындауды этнолингвистиканың күрделі міндеттері қатарына жатқызады [1, 25-26 бб.].

Әдетте, тілдік жүйедегі тұрақты бейнелі оралымдарды (фразеологизмдер, мақал-мәтелдер) заттық-тақырыптық тұрғыдан топтастыруда негізінен мынадай екі түрлі ұстаным басшылыққа алынады: 1) «ұйтқы» немесе «өзек» сөздердің, яғни компонент-доминанттардың лексикалық мағынасын ескеру; 2) тұрақты оралымның белгілі бір ұғымдар мен құбылыстарды білдіретін жалпы мағынасын ескеру.

Бірінші ұстаным бойынша тұрақты бейнелі оралымдарды топтастыру барысында олардың материалдық негізі, өзара ассоциацияға түсетін түсініктердің және образдардың қайнар көздері анықталатын болса, екінші ұстаным негізінде осы түсініктердің ауыспалы мағынада басқа ұғым-түсініктерге телінуінің нақты қырлары, яғни мазмұн межесі айқындалады. Қазақ тіліндегі көптеген тұрақты тілдік орамдардың жасалуына арқау етілетін ұйтқы сөз – өзек компонент ретінде соматизмдер, зоонимдер, фитонимдер, сандар, лингвокультуремалар т.б. белгілі бір сөздер тобы алынады.

Қазақ тілінде адам өміріндегі сал алуан жағдаяттарды образды түрде беруде төрт түлік малға қатысты лингвокультуремалар жиі қолданылады.

Бүкіл ғұмыры төрт түлік малмен қатар өтіп келе жатқан қазақ халқы сол малдың туылғанынан бастап өлгеніне дейінгі бүкіл ерекшеліктерін, сипатын жіті біледі. Осы білімі, тәжірибесі төрт түлікті тірек сөз ретінде пайдаланған фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерде өмірдің сан алуан қырлары, адамның жағымды немесе жағымсыз мінез-құлқы, көңіл-күйі, қимыл-әрекеті, жүріс-тұрысы, адамдар арасындағы қарым-қатынасы, адамның қоғамдағы орны, дүниетанымдық көзқарасы т.б. сан алуан қыры, әртүрлі сипаты көрініс тапты.

Қазақ тіршілігінде, тұрмысында төрт түліктің ерекше рөлі туралы жоғарыда айтылды. Осы төрт түліктің терісі мен түгі атауларының тірек болуы арқылы жасалған мақал-мәтелдер шын мәнінде ұлттық ерекшеліктерге толы болып келеді. Ә.Қайдардың «Халық даналығы» атты зерттеу еңбегін ғылыми теориялық негіз етіп алып, одан әрі төрт түліктің бірі жылқы малының түгі атауларының

катысуымен жасалған сөздік қорымыздағы барлық мақал-мәтелдердің этномәдени мазмұнын ашуға тырыстық.

Төрт түлік малды күнкөріс тіршілігінің көзі еткен көшпелі қазақ *Жылқы – малдың патшасы, түйе – малдың қасқасы; Ер қанаты-ат; Нарым әрі жүкті, әрі құтты деп*, жылқы мен түйені ерекше дәріптейді. Қазақ тілінің бай тілдік қазынасындағы фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерден басты орын алған жылқы түлігі өзінің тарихи түбін біздің заманымыздан бұрынғы алты-жеті ғасыр бұрын қолға үйретілген жабайы жылқыдан алады. Төрт түлік малдың қыр-сырын жетік білген қазақ халқы *Түйе шудасын, жылқы жалын, сиыр мүйізін төсейді* деп түйе мен жылқы қай кезде де өзіне етене жақын екенін білдірген. Бұл мақал тек жылқы түлігіне қатысты *Жылқы үстінен жығылған кісіге жалын төсейді* деп те айтылады.

Жеті қазынаның бірі саналатын жылқы халық танымында сұлулықты бейнелеудің құралы болған. Мәселен, *Жылқы көркі – жал; Сұлу аттың көркі – жал*. Жылқының бір ерекше белгісі жүйріктігі десек, жүйрік жылқыны жіті таныған қазақ мұндай атты сәндеп, кежімдеп жал-құйрығын өріп үкілейді. Тер қатпас үшін кежімдеп, жал-құйрығы жарыс кезінде бөгет жасамас үшін өріліп, көз-сұқтан сақтауы үшін үкі тағылады. Жүйріктің кекілі буылады. Жүйрік ат омыраулы келеді де, жалы жібек сұйық болады. Сондықтан да оны *«жібек жалды жануар»* дейді. Жалдың қылы өткір, қайратты, жылтылдақ келеді. Жылқыдағы осы ерекше қасиетін адам өзінің мінез-құлқымен салыстырып, *Арғымақ аттың құйрығы, әрі жібек, әрі қыл; қас жақсының белгісі, әрі мырза, әрі құл* деп суреттейді.

Ел аузында *Жылқы – жеті қазынаның бірі, Ат ерді сақтайды, Ат- адамның қанаты, Жылқы – түлік патшасы* деп, ұлықтаған ұлағатты ұлтымыз желден жүйрік жануарды күллі тіршілік тірегі, тұрмыс-салты, өмірінің өзегімен тығыз сабақтастырып келеді.

Біздің тегіміз – түрік, түлігіміз – жылқы. Содан да болар, *«... Аттың жалына қиямет күніне шейін жақсылық байлаулы тұрады»*, – дейді. Жылқы – төрт түліктің төресі. Тәкәппар, сезімтал, кірпияз, кербез, киелі жануар. Қазақ қазақ болып, ұлт болып қалғаны үшін – ат пен анаға қарыздар. Осыншама кең байтақ жерді бабаларымыз аттың жалында, түйенің қомында, білектің күшімен, найзаның ұшымен сақтап қалып, бізге аманат етіп тапсырды.

Жалпы, жылқы малына беретін 22 тұжырымды сан бар. Құлын – жатырына, бала – нағашысына тартады. Алып – анадан, ат – биеден. Бір сапар ат арытпас, жаман жолдасын жарытпас. *Жүйрік атта жал болмайды*. Жылқы – тәңірдің жердегі елшісі...

Жылқы малының қыр-сырын терең білген қазақ халқы тегі мен күтімі мықты жылқы малының қандай қиын кезеңде де қасиеті кемімейтінін *Арғымақ ат жабы болмайды, жалы кетіп арыса да* деген мақалда бекіткен.

Қазақ жылқы түлігінің түр-түсін ажыратудағы, мінез-қылығын жете меңгерудегі сан ғасырлық тәжірибесін адамтану тағылымына, «Адам: Адам» аралық қарым-қатынастың дипломатиясына танымдық деңгейдегі ассоциациялық байланыс өзегі етеді. Мәселен, арам пиғыл, қара ниет, сұрқия мінез т.б. жаман қылықтар адамның ішкі әлемінің қалтарыс-қатпарларында болатыны, сыртына қарап адамның ішкі жан дүниесін тап басып тану мүмкін еместігі паремиологиялық дүние суретінде *Адам аласы ішінде, жылқы аласы сыртында* мақалы арқылы берілген. Ат үстіндегі тіршілігінде шөлден кезерген ернін торсығындағы сусын-шалабымен, қымыран-қымызымен жібіткен қазақ «жанына торсық байлатпайтын ат» образы арқылы жарлыдан жаңа байыған, қытымыр, мазасыз адамның бейнесін:

Жаман атқа *жал* бітсе,  
Жанына торсық байлатпас;  
Жаман адамға мал бітсе,  
Жанына қонсы қондармас,  
Қондырса да ондырмас, –

деп сомдайды.

Бұл бейнелі образды Ә.Қайдардың төмендегідей талдауы ойымызды толықтыра түседі: «Басына бақ қонып, беделі көтерілген адам басқаларға мұрнын тұштитып, менсінбей қарайтын, олардан бойын алыс ұстап, аспандап кететін әдеті. Ол мінез әбден семіріп, қонданып алған жылқының жанына торсық байлатпай, оқырынып, оған шошына, үрке қарауынан бір байқалса, мал бітіп, ел көзіне түсе бастаған өресіз, жаман адамның қызғанып, маңайына басқаларды жолатпауынан тағы байқалады» [2, 309 б.].

Қазақ салты бойынша ала жіп кесісіп, қыл арқан (аттың қылынан жасалған заттар оңайлықпен

шірімейді) ұстасып уағдаласқан, анттасқан адамдар оларды мойнына алған міндетім, арқалаған аманатым, берген уағдам деп қарап, қайткен күнде де орындауға тырысатын болған. Кісіде кісі ақысы кетпес, түбінде ол да бір жақсылықты қайтарар деген қазақтың кең мінезі, адамгершілік қасиеті, ең парасатты адамдық парыз туралы бағасы *Ер мойнында қыл арқан шірімес* паремиясына сыйдырылған.

Ер-азаматтың асыл қазына-мүлкінің бірегейі саналатын ат өзіне тән сан алуан абзал қасиеттерімен (сергектік, сезімталдық, жүйріктік пен ұшқырлық, төзімталдық пен қуаттылық т.б.) қатар оқыстан қауіп-қатер тудыра алатын жануар екендігі *Ат жалында ажал тұрады* мақалында көрініс береді. Бұл мақалдың тағы бір мағынасын Ә.Қайдар былайша тарқатады: «*Ат жалында ажал тұрады*» деген оралым оның ертеректегі ең басты міндеттерінің бірі – жауына қарсы шапқан ер қанаты бола білуінде, «*тұлпар мініп, ту шайқаған*» батырдың өзімен бірге қанды қырғынға кіріп, төтеп беруінде. «*Аттың жалы, түйенің қомында*» жүрген ер-азаматқа мінген атының жалы оның жеңісіне де, ажалына да куәгер болуы мүмкін» [2, 207 б.].

Қазақтың даналық қорындағы мәтелі «біреуге жеңіл-желпі жақсылық істеймін деп, оған керісінше зиян келтіріп алу, жақсы ниетпен істелген істің кейде жамандыққа айналып кетуі де мүмкін екенін» білдіреді. «Қылшығын шығарамын деп, былшығын шығарыпты», - мұндай ойды экспрессивтік-эмотивтік тұрғыдан айрықша бейнелі етіп жеткізу үшін былшық пен қылшық сияқты екі түрлі заттың мал организміне қатысы сарапқа салынады. Көз ауруының белгісі ретіндегі былшық – ағзаның ауруға қарсы күресінің нәтижесінде сыртқа шығарылатын қоймалжың сұйық зат болатын болса, қылшық – атқаратын белгілі қызметі, пайдалы қасиеті бар организмнің төл элементтерінің бірі. Әйтсе де «ұнамсыз зат» ретіндегі былшықтың тіл иесінің «организм үшін өмірлік маңызы ерен зат болып табылмайтын» қылшық туралы пікірімен қабысуы мәтелдің жалпы мағынасына жағымсыздық реңк дарытады.

Қылшық сияқты қыл да – жылқы организмінің төл элементі. Оның қаттылығы, жіңішкелілігі қазақ тілінде көптеген бейнелі тұрақты тіркестердің образына арқау етіледі. Мәселен, *жаудан қыл тартсаң да – пайда* мәтелі «жауласқан соң, жауынды аяма» деген жаугершілік тұстардағы қағида бойынша «жауынның өзіне қажетті барлық мүмкіншілігін, тіпті оның бойынан бір қыл тартсаң да, яғни қылға татырлық бір болмашы пайдасын көрсең де оны өз жеңісіне пайдалана біл» дегенді аңғартады.

Қорыта айтқанда, қазақ халқының даналық қорын құрайтын мақал-мәтелдерде «Адам: Жануар» жүйесіне байланысты фондық (тура) жағдаяттың «Адам:Адам» жүйесіндегі ұқсас жағдаятпен ассоциацияға түсуінің нәтижесінде адамға қарата колданылатын дидактикалық сарындағы ауыспалы мағына туындайды. Демек, жылқының түгіне қатысты образға негізделген мақал-мәтелдердің прототиптік-фондық мағынасы арқылы мал шаруашылығының қыр-сырын жетік білген халықтың іс-тәжірибелері тұжырымдалатын болса, ауыспалы мағына арқылы қоғам туралы, қоғамдағы адамның алатын орны, атқаратын қызметі, мақсат-міндеті, ой-арманы, мұраты туралы, адамның жеке басының қадір қасиеті, мінез-құлығы туралы жинақталған пайым ұрпақ зердесіне тіл арқылы жеткізілетін білім түрінде бекиді.

1. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998.

2. Қайдар Ә. Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). – Алматы: Тоганай Т., 2004. – 559 б.

Халманова С. Б.  
магистрант

## ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ КӨМЕКШІ СӨЗДЕРГЕ ҚЫСҚАША ШОЛУ

**Түйіндеме:** Бүгінгі күні түрлі саладағы мамандар екі ел арасындағы қатынасты нығайта түсу үшін көп еңбек етуде. Зерттеліп отырған көп саланың ішінде тіл білімі өзіне тиесілі орынды иемденген. Қытай тілі грамматикасының өзіндік ерекшеліктері баршылық, қазақ тілі де төл өзгешеліктерге толы. Осы ұқсастықтар мен ерекшеліктерді салыстыра зерттеу біраз уақыттан бері алға қойылып отыр.

Қытай тілін үйренуде біз көптеген қиыншылықтарға тап боламыз. Қытай тілінің грамматикасының өзіндік ерекшеліктері өте көп. Осыған байланысты кейбір тақырыптар егжей-тегжейлі түсіндіруді талап етеді. Аталмыш мақалада біз сөйлем арасында өте жиі қолданылатын көмекші сөздертақырыбына тоқталдық. Оның жиі қолданылатын жағдайларын көрсетіп, айырмашылығын талқыладық. Соның арқасында қысқаша, әрі түсінікті анықтамаларға қол жеткіздік. Осы арқылы қытай тілін үйренушілерге көмекші сөздер тақырыбын қарастырған кезде өз септігін тигізеді деп үміттенеміз. Мақаланың жазылу барысында бірнеше әдебиеттер көзіне жүгіндік. Жазу барысында қазақ және ағылшын тілдеріндегі сәйкес анықтамалар мен түсініктері қолданылды. Қытай тілінде сөз тіркесінің құрамындағы сөздерді байланыстыруға дәнекер болатын септік, жіктік, тәуелдік жалғаулары жоқ. Сондықтан синтетикалық тәсіл сөз түрлендіруші формалары жоқ немесе өте аз тілдердің бірі — қытай тілінің табиғатына тән құбылыс емес. Осындай тілдік ерекшеліктерді ескере келе бұл жұмыстың бізге берер ақпары мол деп білемін. Зерттеу барысында түрлі мысалдар келтіріліп, екі тілдің ерекшеліктері өзара салыстыру, салғыстыру арқылы егжей-тегжейлі қарастырылған.

**Тірек сөздер:** көмекші сөздер, сөз тіркестері, байланыс, қытай тілі грамматикасы, жүйелеу.

**Аннотация:** В целях укрепления прочных и дружественных связей между двумя соседствующими странами выполняется очень большая работа, в этом направлении трудится большое количество людей. Языкознание тоже вносит свой вклад в развитие крепких отношений. Всесторонне исследуются китайская грамматика, литература и культура. В процессе изучения китайского языка мы очень часто сталкиваемся с трудностями, потому что грамматика китайского языка очень специфична. В китайском языке грамматическое значение выражается не морфологически, а с помощью предлогов, союзов, вспомогательных глаголов и других служебных слов, а также с помощью порядка слов. Именно поэтому иногда нам нужно более тщательно разбирать некоторые темы. В данной статье мы рассмотрели одну из тем, с которой сталкиваемся лицом к лицу почти в каждом предложении. Это использование вспомогательных слов. Поскольку в грамматике китайского языка нет окончаний и связующих средств, широко используются вспомогательные слова. В статье кратко рассказывается о видах и функциях вспомогательных слов. Мы показали, в каких ситуациях те или иные иероглифы применяются как вспомогательные слова, а также их различия в применении. Как результат, у нас есть материал, который доступно объяснит изучающим китайский язык тему вспомогательных слов, использование и различия. В процессе исследования было использовано несколько источников литературы, сравнивались грамматика, как казахского языка, так и английского языка по данной теме.

**Ключевые слова:** вспомогательные слова, словосочетания, структура, связь, грамматика китайского языка.

**Abstract:** Specialists of different fields are working hard together in order to strengthen the relations between the two neighboring countries. Linguistics has its own very special place among the other fields that have been researched. Chinese language has its own grammatical differences, as well as the Kazakh language. In the process of studying the Chinese language, we often encounter difficulties because Chinese grammar is very specific. In Chinese, the grammatical meaning is expressed not morphologically and using prepositions, conjunctions, auxiliary verbs and other functional words, as well as through word order. That's why sometimes we need to analyze some topics more carefully. In this article, we discussed one of the topics which are faced in almost every sentence. This is the use of auxiliary words. Since Chinese grammar has no endings and binders, auxiliary words are widely used. Article briefly describes the types and functions of auxiliary words. We have shown in what situations these or other characters are used as auxiliary words, as well as their differences in the application. As a result, we have a material that is available to explain the topic of how to learn Chinese words subsidiary, use and differences. During the study we used several sources of literature in order to compare the grammar of the Kazakh language and the English language in the subject.

**Key words:** particles, phrases, structure, conjunction, Chinese language grammar.

Әрбір тілге өзіндік ерекшелік тән. Грамматика жылдар бойы егжей-тегжейлі зерттеліп саралауға түседі және зерттеген сайын, жаңа қырынан ашылып, ғалымдарды таң қалдырып келеді. Көмекші сөздерге қатысты да ғалымдар арасында даулар аз емес. “*马氏文通*”-нан (“*Ма Шы Вен Тонг*”) қазіргі кезге дейін қытай тілі грамматикасы көмекші сөздерге байланысты төрт аспектіге назар аударған:

Атауы

Сөз таптарымен байланысы

Ішкі жүйеленуі

“көмекші сөз+етістік” сөз тіркестерінің сипаты мен ерекшеліктері

Аталмыш аспектілерге жеке тоқтала кетсек.

Атау мәселесі.

Көмекші сөздерді зерттеу мәселесі әлі белгілі бір қалыпқа немесе бір ретке түсіп болған жоқ. Атаулар арасында ең кең таралғаны: “助词” (“көмекші етістік”), одан бөлек сан алуан атаулары кездеседі. Мысалы, “能愿动词” (“модальді етістік”), “助谓词” (“көмекші баяндауыш”), “能词” (“көмекші сөз”), “限制副字” (“шартты көмекші морфема”), “限制词” (көбіне “үстеу” ретінде қолданылады).

“马氏文通”, “中等国文典” сияқты алғашқы зерттеулерде “助动词” деген атауы қолданылған. “能愿动词” деп “暂拟汉语语法教学系统”(1956), “中国现代语法”(王力 1943) кітабының синтаксиске байланысты екінші тарауында “能愿动词” (“модальді етістік”) деп келтірілген.

Сөз таптарымен байланысы.

Көмекші сөздердің қай сөз табына жатады деген мәселеге байланысты бірнеше пікірлер бәсекелесуде, олардың ішіндегі ең негізгі үшеуі мыналар:

Етістікпен байланысы:

Lu Shu Xiang-ның (吕叔湘) айтуынша: “Көмекші сөздер түсінігі ағылшын тілі грамматикасынан кірістіріліп алынған. Ағылшын тіліндегі түпнұсқасындағы мағынасы ‘көмекшілік сипаты бар етістік (辅助性的动词)’, көптеген адамдар оны ‘модальді етістіктер’ деп түсінеді, ол қате түсінік.” Lu мырзаның пайымдауынша, көмекші етістіктер, етістіктердің бір категориясы. Көптеген ғалымдар осы пікірді ерекше бөліп көрстеді. Олардың ойынша көмекші етістіктер — атаушы сөздер және етістіктердің тағы бір категориясы немесе тағы бір түрі.

Шартты көмекші морфема ретінде қарастырылуы:

Chen Cheng Ze (陈承泽) “国文法章创” (“Guo Wen Fa Zhang Chuang”) атты еңбегінде, “限制副字” (шартты көмекші морфема) деген анықтаманы қолданған.

Көмекші сөз ретінде:

Zhou Fa Gao-дың (周法高) “中国古语法” атты кітабында көмекші етістіктер көмекші сөз ретінде танылады да, баяндауышты анықтау рөлін атқарады делінген. Gau Ming Kai (高名凯) да “汉语语法论” шығармасында осы ойды қолдайды, яғни көмекші етістіктер көмекші сөз ретінде қолданылады деп жазған.

Пікірлердің осылай үш түрлі болып тармақталуы тек ғалымдардың жеке пікірінің болуымен ғана емес, жалпы тіл грамматикасы аясында көмекші сөздердің дамып, зерттелуіне де байланысты. Көмекші сөздер жүйесі Цинь әулетінің билігіне дейінгі кезден қалыптаса бастаған. Көмекші етістіктер толық мағыналы етістіктермен тіркесе келіп, қосымша мағына үстейді. Жеке тұрғанда өзінің мағынасы болмайды, сондықтан да етістіктермен тығыз байланыста болып, жиі етістіктің категориясы ретінде қабылданады.

Ішкі жүйелену (классификация)

Келтірілген мәліметтер әр түрлі болғандықтан, олардың ішкі топтастырылуы да әр түрлі болып келеді. Көбіне мағыналық қолданылуына байланысты үш немесе алты түрлі топтастырылу кездеседі. Ғалымдардың келтірген топтастыруларына назар аударайық:

Zhou Bing Jun (周秉钧) үш топқа бөледі: мүмкіндік (可能), қажеттілік (需要), қалау (愿欲).

Chen Cheng Ze (陈承泽) төртке бөлуді ұсынады: болжау, мақсат мағынасы, шешім шығару мағынасы, мүмкін болу (нақты емес) мағынасы, келісімге келу мағынасы бар көмекші етістіктер.

Yang Bo Jun (杨伯峻) мен He Le Tu (何乐土) былай топтастыруды ұсынған: мүмкіндік, ой-сана, міндеттілік.

Wang Li-дің (王力) классификациясы алдыңғы көрсетілгендерден біршама өзгешелеу: қабілетті, саналы, өктемшіл, селқос (бейтарап) мағыналы көмекші сөздер деп бөліп көрсетті.

Көмекші сөздер түсінігі.

Сөздің, сөз тіркесі немесе сөйлемнің соңына жалғанып, қосымша мағына үстеп немесе көңіл-күйді білдіретін сөздерді— көмекші сөздер деп атайды.

Көмекші сөздер қытай тілінде үш үлкен топқа бөлінеді:

Құрылымдық

Аспектiлi

Демеулiк

Көмекшi сөздердiң осы түрлерiне жеке тоқтала кетсек.

Құрылымдық көмекшi сөздер (结构助词)

Сөздер мен сөз тiркестерiнен кейiн келiп, грамматикалық байланыста бiлдiретiн көмешi сөздер құрылымдық деп аталады. Олардың негiзгi үш түрi бар: 的(de), 得(de), 地(de).

Аспектiлi көмекшi сөздер (动态助词)

Етiстiктердiң соңынан жалғанып, қосымша мағына үстейтiн сөздердi аспектiлi көмекшi сөздер деп атайды. Аспектiлi көмекшi сөздердiң ең жиi кездесетiн үш түрi бар:

了(le)着(zhe)过(guo)

Демеулiк көмекшi сөздер (语气助词)

Сөйлемнiң соңында келiп көңiл-күйдi бiлдiретiн сөздердi демеулiк көмекшi сөздер деп аталады.

Кең таралған демеулiк көмекшi сөздер мыналар:

吗(ma) 呢(ne) 吧(ba) 了(le) 啊(a)

Көмекшi сөздердiң грамматикалық ерекшелiктерi:

Жеке тұрғанда ешқандай мағынасы болмайды

Жалғыз қолданылмайды

Нөлдiк тонмен оқылады

Қызметi:

Жеке сөйлем мүшесiнiң қызметiн атқара алмайды

Сөйлем iшiнде мiндеттi түрде сөздiң, сөз тiркесiнiң соңынан келедi немесе мүлде сөйлемнiң соңына қойылады. Мысалы,

奶奶的眼镜 (зат есiмнен кейiн тұр)

十分兴奋地谈论 (сөз тiркесiнен кейiн келiп тұр)

保卫着祖国 (етiстiктен кейiн қолданылған)

他来吗? (сөйлемнiң соңында қолданылып отыр)

快走啊! (сөйлем соңында тұрып, көңiл-күйдi бiлдiрiп тұр)

Ерекше назар аударатын мәселелер:

**Құрылымдық көмекшi сөздердi** қолданғанда мұқият болу керек, себебi үш “de”-ның айтылуы бiр нөлдiк (бос) тон болғанымен, кiтап жүзiнде жазылуы әр түрлi болып келедi. Оларды шатастыруға болмайды.

Шатастырып алмау үшiн олардың әр қайсысының ерекшелiктерiн атап өтелiк:

“的” көбiне анықтауды қажет ететiн сөз, я сөз тiркесiнiң соңына қойылады. Мысалы,

妹妹的眼镜很漂亮。(Бұл сөйлемде анықтауды зат есiм қажет етiп тұр)

她的眼镜配得不错。(Сөйлем iшiнде есiмдiк анықталып тұр)

新的眼镜在这儿。(Сын есiм анықталып тұр)

配的眼镜取回来了。(Сөйлемдегi етiстiк анықталып тұр)

这是昨天配的眼镜吗?(Сөз тiркесi анықталып тұр)

“地” құрылымдық көмекшi сөзi сөйлем iшiнде айқындауыш үстеулерден кейiн қойылады.

Мысалы,

大家都热烈地欢迎外国朋友。(Пысықтауыш қызметiн атқарып тұрған сын есiм )

我们刻苦地钻研。(Пысықтауыш қызметiн атқарып тұрған сын есiм)

妈妈很关心地问:“你最近身体怎么样”。(Сөз тiркесi айқындауыш үстеу болып тұр)

汉字要一笔一笔地写。(Сөз тiркесi айқындауыш үстеу болып тұр)

“得”сөйлем iшiнде етiстiк пен сын есiмнен ортасында толықтырғыш мүше қызметiн атқарып тұрады. Мысалы,

来得早 ерте келу

跑得快 жылдам жүгiру

做得完 жасап болу

快得很 өте тез

Аспектiлi көмекшi сөздер мен етiстiктер.

Қытай тiлi грамматикасында көңiл-күйдi бiлдiретiн сөз түрлендiрушi қосымшалар жоқ. Сондықтан

көңіл-күйдің әсерлігін немесе қосымша мағына үстеу үшін етістіктен кейін “了”, “着”, “过” деген көмекші сөздер қосылып айтылады. Алайда, “了” және “着” көмекші сөздердері кез-келген етістікпен қатар қолданыла алмайды. Ол мынадай жағдайлар:

“着”

Жалғасты іс-әрекетті білдіре алмайтын етістіктермен қолданылмайды: 是, 在, 等于, 结束, 完, 进, 出, 去, 逝世, 消灭, 塌, 逃.

Шектелмеген, үздіксіз жалғасып отыру мағынасы бар етістермен де қолданылмайды: 恨, 怕, 知道, 像, 需要, 认识, 拥护, 赞成, 同意.

Етістіктің алдында басқа да көмекші сөз қолданылып келсе: 能说, 想买, 会写 және т.б.

Етістікпен бірге толықтырғыш етістік келетін жағдайда “着” қолданылмайды: 打倒, 说明, 打败, 推翻

“了”

Қысқа мерзім ішінде бітпейтін іс-әрекетті білдіретін етістіктермен бірге қолданылмайды: 爱, 恨, 企图, 羡慕, 想念, 反对.

Белгілі бір іс-қимылды білдірмейтін етістіктерден кейін қойылмайды: 象, 在, 是, 姓, 叫作.

Етістіктің алдында басқа да көмекші сөз қолданылып келсе.

Аспектiлi көмекші сөздер мен үстеулер.

Аспектiлi көмекші сөздер үстеулермен жиі қолданылады.

“了” көмекші сөзі “已经”(әлдеқашан, енді) үстеуімен жиі қолданылады:

他已经回了两次家。— Ол үйіне екі рет барып үлгерген.

我已经写了信了。— Мен хатты әлдеқашан жазып қойғанмын.

“着” көмекші сөзі “正...(呢)” және “在...(呢)” үстеулерімен қолданылады:

他进来的时候, 我们正说着话(呢)。Ол кіріп келгенде, біз әңгіме айтып отырған болатынбыз.

他在写着信呢, 我们不要打搅他。Ол хат жазып отырғанда, бізге бөгет жасауға болмайды.

“过” көмекші сөзі “曾经”(бұрын, әлдеқашан) үстеуімен өте жақсы үйлеседі:

林娜曾经到过那里。Лин На ол жерге әлдеқашан жетіп алған.

我们曾经商量过这件事。Біз бұл мәселе бойынша әлдеқашан ақылдасып қойғанбыз.

Аспектiлi көмекші сөздердің бір-бірінен айырмашылығы:

Болымды	Болымсыз
大门开了-Қақпа ашылды	大门没开-Қақпа ашылмады (没开了 деп айтуға болмайды)
大门开着-Қақпа ашық тұр	大门没开着-Қақпа ашылмай тұр (сөйлем ішіндегі 着 сақталады)
大门开过-Қақпа ашық болған	大门没开过-Қақпа ашық болмаған (сөйлем ішіндегі 过 сақталады)

Аспектiлi көмекші сөздердің қолданылуы.

“着” көмекші сөзі етістіктің белгілі бір күйде, белгілі бір уақыт ішіндегі удеуін көрсету үшін қолданылады. Мысалы,

他们正谈着。Олар сөйлесіп отыр.

她正弹着钢琴。Ол күйсандық тартып отыр.

门开着, 灯亮着。Есік ашық, шам жанып тұр.

我们座着喝茶。Біз отырып шай ішудеміз.

“了” көмекші сөзі іс-әрекеттің аяқталғандығын білдіреді.

我买了一本“汉英词典”。Мен қытайша-ағылшынша сөздік сатыр алдым.

他去了。Ол кетіп қалды.

我下了班, 就来你这儿。Мен жұмыстан шыға сала, саған келдім.

“过” көмекші сөзі бұрын өтіп кеткен іс-әрекетті білдіреді.

他吃过中餐。Ол қытай тағамдарын жеп көрген.

我去过上海。Мен Шанхайға барғанмын.

她学过法语。 Ол француз тілін оқыған.

我们当过工人。 Біз жұмысшы болып көргенбіз.

Демеулік көмекші сөздер.

“吗” көмекші сөзі жауап алу мақсатында айтылатын сөйлемдердің соңында келеді.

窗户关着吗? Терезе жабық па?

那是一个著名的城市吗? Бұл бір атақты қала емес пе?

“呢” көмекші сөзінің бірнеше жағдайларда қолданылады:

болымды және болымсыз сөйлемдерде сенімсіздік сарырынын білдіру үшін сөйлемнің соңында келеді.

Мәселен, 他是不是学生呢? Ол оқушы емес пе?

Бір мәселеге қатысты болмап болып, сенімсіздік туған кезде:

这个字怎么念呢? Бұл иероглиф қалай оқылушы еді?

Сұрақты нақтылау үшін де қолданылады:

你学文学还是艺术? Сен әдебиетті зерттейсің бе әлде өнерді ме?

Контекстіге байланысты белгілі бір адамға бағытталып қойылған сұрақардың қысқаша айтылуында:

现在我去办公室, 你呢? Қазір мен кеңсеге кетіп барамын, сен ше?

“吧” көмекші сөзі

“吧” көмекші сөзі әдетте өтінішті, бұйрықты, кеңесті, ұсынысты білдіретін сөйлемдердің соңында келеді:

咱们一起走吧! Барлығымыз бірге барайық!

帮帮忙吧! Көмектесіп жіберші!

Сонымен қатар келісімді білдіретін сөйлемдерде де кездеседі:

大家就这样干吧! Ал онда барлығымыз осылай жасайық!

Тіл білімін зерттеуде көмекші сөздерді зерттеудің рөлі аса маңызды. Олардың ғылымда алатын орны ауқымды, себебі, сөйлем ішіндегі сөздерді мағынасына сай байланыстыру түсінікті, әрі мәнді сөйлеу үшін өте қажет. Қытай тілінде сөздердің орын тәртібі мен көмекші сөздер — грамматикалық мағыналарды білдіретін грамматикалық тәсілдер болып табылады. Жалпы көмекші сөзге қысқаша түсінік беретін болсақ, көмекші сөз дегеніміз лексикалық мағынасы солғындап, грамматикалық мағынасы ауысып, сөйлемде жәрдемші қызмет атқаратын сөздер тобын айтамыз. Бұл қазақ тіліндегі көмекші сөздердің анықтамасы. Ал қытай тіліндегі көмекші сөздер бұл анықтамаға толығымен сәйкес келмейді. Қытай тілінде толық мағыналы сөздер мен көмекші сөздердің тіркесі сөз тіркесін құрай алады. Қытай тіліндегі көмекші сөздер қазақ тіліндегі түйдек тіркестерге пара-пар келеді. Түйдек тіркес – лексика-грамматикалық тұрғыдан өзара байланыста болып, сөз тіркесінің құрамына енетін сөздерді айтамыз. Бұл сөздердің дербес мағынасы болмағанымен, сөйлемде жеке тұрып қызмет атқармағанымен, белгілі бір сөздермен тіркесе келіп, лексикалық жағынан да, грамматикалық жағынан да елеулі қызмет атқарады. Қытай тілі грамматикасында сөз байланыстырушы және сөз түрлендіруші қосымшалар болмағандықтан, көмекші сөздердің маңызы зор. Көбіне сөйлемдегі сөздер орын тәртібі, интонация арқылы байланысады. Бірақ егер сөйлем ішінде көмекші сөз келетін болса, оны алып тастауға болмайды. Өйткені, сөйлем мағынасы солғындап, мәнсізденеді. Қытай тілінде бір сөздер көмекші сөздің де, демеулік шылаудың да қызметін атқара алады. Сол себепті, кейде оларды шатыстырып та аламыз. Сөйлем арасында кездескен көмекші сөзді демеулік шылаудан ажырату үшін ережені есімізге алсақ болғаны. Көмекші сөздер зат есіммен немесе сын есіммен тіркесіп, сөйлемде толықтауыш қызметін атқарады. Егер оны алып тастайтын болсақ, сөйлемнің мағынасы түбегейлі өзгеріске ұшырайды. Өз ретінде демеулік шылаулар қосымша мағына үстемейді. Олар толықтауыштың немесе баяндауыштың құрамында келіп, қосымша рең береді. Сонымен қатар, сөйлемнен түсіп қалған жағдайда мағына жағынан еш өзгеріске ұшырамайды.

Қытай тілінде сөз тіркесінің құрамындағы сөздерді байланыстыруға дәнекер болатын септік, жіктік, тәуелдік жалғаулары жоқ. Сондықтан синтетикалық тәсіл сөз түрлендіруші формалары жоқ немесе өте аз тілдердің бірі – қытай тілінің табиғатына тән құбылыс емес.

Қазақ тілінде сөз бен сөзді байланыстыратын аналитикалық тәсілдерге сөздердің орын тәртібі, көмекші сөздер және интонация жатады. Қытай тілінде аналитикалық тәсілдерге тек сөздердің орын тәртібі мен көмекші сөздер ғана жатады. Көмекші сөздердің қажеттілігі осыдан келіп шығады.

1 张静《汉语语法问题》中国社会科学出版社1987年版



- 2 王国安主编《标准汉语教程》上海教育出版社1998年版
- 3 刘宝顺, 徐秀珍编写, 贺德尔汗翻译《现代汉语语法》新疆教育出版社1987年第一版
- 4 陈燕燕编著《汉哈对比语法》新疆教育出版社1990年版
- 5 崔希亮《语言理解与认知》北京语言大学出版社2004年版
- 6 卢福波《对外汉语教学实用语法》北京语言文化大学出版社1996年版
- 7 Уаң Ли. Қытайдың қазіргі грамматикасы. – Шаңхай, 1943-1944.
- 8 王力《中国现代语法》上册1943年, 下册1944年, 商务印书馆。
- 9 Қалибек. Т. Қытай және қазақ тілдеріндегі сөз тіркесінің құрылымы мен семантикалық ерекшеліктері. - Алматы, 2004. (Филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация).
- 10 Қалибек Т. “Қытайша-қазақша-орысша тіл білімі терминдерінің сөздігі”. - Алматы, 2012.
- 11 Li Dejin “A practical chinese grammar for foreigners”- Sinolingua – Beijing, 2009 y.
- 12 Chauncey C.Chu “A cognitive-functional grammar of mandarin Chinese”- Harbin, 2004 y.

УДК: 811.512.122’25

**Қырықбаева Ж.**

*Абай атындағы ҚазҰПУ магистратура және PhD докторантура институты*

## ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ПЕДАГОГИКА ТЕРМИНДЕРІНІҢ ЖАСАЛУ ТӘСІЛДЕРІ

**Түйіндемесі:** Соңғы он жылдықтарда педагогиканың барша салалары дәстүрлі әдістемелерімен ерекшеленген, нақты жағдайларда жоғары нәтижеге жеткізуші ең тиімді деген жолдар мен тәсілдерді түзуге көмектесетін жекеленген технологиялар жасау бағытында дами бастады. Білім беру саласын ақпараттандыру және заманауи жаңа технологиялар қолдану жағдайына байланысты педагогика ғылымының көптеген ұғымдары айтарлықтай өзгерістерге ұшырап, педагогика ғылымы жаңа ұғымдармен толықтырылып келеді. Мәселен, жаңа үлгідегі білім беру мекемелері құрылып, педагогика ғылымында жаңа терминдер пайда болуда. Әйтсе де, бұл салада қиындықтардың бірі терминдерді қолдану мен түрлі елдердің терминдер жүйесін үндестіру мәселесі болып отыр. Өйткені терминдердің өзіндік құрылымдық, семантикалық, деривациялық, функционалдық ерекшеліктерін ескерусіз термин жасау, басқа тілден терминдер алу, калькалау, терминдерді ұтымды қолдану мүмкін емес. Мұндай қиындық тек Қазақстанның білім беру жүйесі үшін ғана емес, Болон үрдісіне енген барлық мемлекеттерге де тән. Педагогика термині педагогика жүйесінде ұғымдық-терминологияның логикалық бірлігі болып табылады, сонымен қатар термин тілдің лексикалық жүйесінің бірлігі ретінде фонетикалық, морфемдік, грамматикалық және семантикалық қасиеттерге ие. Терминдер жүйесі дегеніміз түсініктемелер жүйесі, ғылымның концептуалды жүйесі және педагогикалық ақиқаттың тілдік бейнесін көрсетеді. Осы ретте аталмыш мақаланың мақсаты педагогика терминологиясы, яғни оның аса маңызды да қызықты аспектісі – қазақ тіліндегі педагогика терминдерінің жасалу тәсілдері болып табылады. Отандық тіл біліміндегі термин мәселесін зерттеген Ш.Құрманбайұлының, Ө.Айтбаевтың еңбектеріндегі терминжасамның синтетикалық (морфологиялық), аналитикалық (синтаксистік), терминдену (лексика-семантикалық), аббревиациялау (қысқарту), калькалау сияқты тәсілдері қарастырылып, термин жасаудағы осы тәсілдердің қолданылуы көрсетілді. Аталмыш тәсілдер педагогика терминдерін жасауда өнімділігін көрсетті.

**Тірек сөздер:** педагогика, педагогикалық терминология, лексикология, терминжүйе, морфология, синтаксис, аналитика.

**Аннотация:** На современном этапе развития образования в Казахстане особую актуальность приобретает необходимость развития педагогического образования. Последние годы педагогика обособляется своими традиционными методами. В этих условиях актуализируется проблема изучения терминологии педагогики как инструмент успешной интеграции в единое образовательное пространство. Педагогическая терминология начала развиваться с народной педагогикой, а многие педагогические понятия сложились значительно раньше, чем оформились в терминах. Первое упоминание о целях воспитания встречается в пословицах, поговорках, сказках, былинах. Сегодня связи с программированием образовательных отраслей и использование новой технологии, образовались новые понятия и термины в педагогической сфере. В статье рассмотрены труды Ш.Курманбайұлы и О. Айтбаева которые исследовали проблемы терминов. Термины имеют фонетические, морфемические, грамматические и семантические особенности. В статье рассматриваются способы образования педагогической терминологии в казахском языке. Используются термин образующие способы как синтетический (морфологический), аналитический (синтаксистический), лексика-семантический и аббревиация. Эти способы являются эффективными в образовании терминов. Также приведены примеры. Значительное внимание уделяется на образование педагогической терминологии, который является востребованным на сегодняшний день.

**Ключевые слова:** педагогика, педагогическая терминология, лексикология, терминология, морфология, синтаксис, аналитика.

**Abstract:** Nowadays the great attention is given to the development of pedagogical education in the educational system of Kazakhstan. The last years the pedagogic stands apart with traditional methods. Pedagogical terminology started developing with national pedagogic, and many pedagogical concepts developed much earlier, than were issued in terms. The first mention of the purposes of education meets in proverbs, sayings, fairy tales. Today connecting with programming of educational branches and using of new technology, were formed new concepts and terms of the pedagogical sphere. In article I have considered works of Sh. Kurmanbayulu and O. Aytbayev who had investigated problems of terms. Terms have phonetic, morphological, grammatical and semantic features. The problem of pedagogical terminology and analysis of different scientific research are discussed in this article. The article considered the ways of formation of the pedagogical terminology in Kazakh language. Therefore the problem of studying of pedagogic terminology as the instrument of successful integration into Common Education Space is actual.

**Key words:** pedagogic, pedagogical terminology, lexicology, terminology, morphology and semantics.

Қазіргі заманғы терминтану саласында жалпы ғылыми және түрлі салалық терминдерді, жекелеген терминдік жүйелердің қалыптасу жолын, олардың семантикалық құрылымдарын зерттеудің көптеген әдіс-тәсілдері дамып, осы бағыттағы жұмыс күн артқан сайын жанданып келеді.

Лексиканың ерекше қабаты ретіндегі терминдер, тіпті тұтас терминжүйе мен терминология лингвистикалық, логикалық тұрғыдан қарастырылған зерттеу еңбектерінің нысанына айналды. Жыл өткен сайын терминологияның теориялық және практикалық аспектілерінің мәселелеріне қызығушылық артып келеді. Бұл қазіргі тіл біліміндегі терминологияның маңызы мен мәнінің артуына байланысты.

Қазіргі таңда аударма ісінде педагогикалық терминологияның аударылуы маңызды орын алуда, себебі ғылыми-педагогикалық үрдістің қарқынды дамуы аударманың осы түріне қызығушылық танытуда.

Мақалада қазақ тіліндегі педагогикалық терминдердің жасалу тәсілдерін қарастырамыз.

Қазақ тіл білімінде терминдердің сөзжасам тәсілдері арқылы жасалатыны айтылып жүр. Бұл мәселе туралы терминолог ғалым Ш.Құрманбайұлының «Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері» [1] еңбегінде жан жақты баяндалады.

Ш.Құрманбайұлы жоғарыда аталған еңбегінде терминжасамның синтетикалық (морфологиялық), аналитикалық (синтаксистік), терминдену (лексика-семантикалық) сияқты тәсілдерін атап өтеді.

Ал Ө.Айтбаев тіліміздегі терминжасам мәселелерін топшылай отырып, қазақ тілінің даму жолы терминжасамның төрт тәсілінің қалыптаса бастағанын байқатады дейді. «Біріншіден, ұлттық тіліміздегі қайсыбір сөздердің терминдік мәнге көшуі, яғни мұны мәністік (семантикалық) тәсіл дейміз. Мұны үш түрлі ыңғайда түсіну қажет: 1) әдеби, не жалпы әдеби тіл байырғы сөздерінің терминденуі, 2) диалектілердің терминденуі, 3) бір сала терминдерінің екінші салаға көшуі. Екіншіден, сөзжасам амалдары. Мұның өзін іштей бірнеше жікке бөліп қарауды тілейді. Атап айтқанда, а) морфологиялық немесе синтетикалық (қосымшалар арқылы) тәсілі; б) синтаксистік немесе аналитикалық (сөздерді біріктіру, қосу) тәсілі; в) аббревиациялау (қысқарту) тәсілі. Үшіншіден, калькалау тәсілі» [2,104].

Аталмыш тәсілдердің ішінде біздің қарастыратынымыз-терминжасамның синтетикалық тәсілі. Терминжасамның синтетикалық (морфологиялық) тәсілін сөз жасаудағы ең өнімді тәсілдердің қатарына жатқызамыз. Морфологиялық тәсіл-тілде бұрыннан бар сөзжасамдық үлгілер бойынша жұрнақтардың көмегімен термин жасау тәсілі. Ш.Құрманбайұлы жоғарыда аталған еңбегінде синтетикалық тәсілге төмендегідей анықтама береді: «Қазақ тіліндегі сөзжасамның тәсілдері мен жолдары ішіндегі ең өнімділерінің бірі-қосымшалар арқылы сөз жасау тәсілі деп саналады. Сөзжасамның бұл түрін тіл білімінде синтетикалық тәсіл немесе морфологиялық тәсіл деп атайды» [1,101]. Жалпы қазақ тілі агглютинативті тіл болғандықтан синтетикалық тәсіл туынды сөздерді жасауға көп қатысады. Ш.Құрманбайұлы зат есім жасайтын 194 жұрнақты нақтылаған. Енді осы жұрнақтар мен өзге де жұрнақтардың педагогика терминдерін жасауға қаншалықты қатысқандығын зерттеп көрелік.

-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік жұрнақтары педагогика терминдерін жасауда да өнімділік танытады: педагогикалық, дидактикалық, қабілеттілік, біліктілік, тәрбиелік, базалық, әдістемелік, белсенділік, қызығушылық, іскерлік, шығармашылық, креативтілік, эмпирикалық, қажеттілік, дайындық, құзыреттілік, құзырлылық, ақпараттық, мамандық, инновациялық, кәсіптік, антропологиялық (педагогика), демократиялық (білім), ақпараттық (технология), әлемдік біліктілік, әлеуметтік (роль), базистік (оқу

жспары), бейіндік (пән), когнитивтік (үдеріс).

-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе жұрнақтары қолданылған терминдер: әдістеме, әдіснама, тұжырымдама, бағдарлама, сілтеме.

-у жұрнағын да өнімді деп санауға болады, мәселен, бағалау, бақылау, басқару, оқыту, болжамдау, дамыту, тәрбиелеу, зерттеу, бағдарлау, меңгеру, талдау, мұрағаттау, түсіну, ұғыну, бекіту, ынталандыру, т.б.

-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті жұрнақтарын өнімді жұрнақтарға жатқызуға болады: элективті, бейінді (оқыту), білікті (кадр), білімді (бағалау), іскерлікті (тексеру), дәстүрлі (оқыту), салауатты (өмір салты), интерактивті (тақта).

-шы/-ші: тіркеуші кеңес.

-сыз/-сіз: үздіксіз білім.

-ған/-ген, -қан/-кен: автоматтандырылған оқыту жүйесі.

-шыл/-шіл: жаңашыл.

Терминжасамның синтетикалық (морфологиялық) тәсілінің педагогика терминдерін жасаудағы рөлі зор. Жоғарыда біздер көрсеткен жұрнақтардың бірәзі термин жасауда өнімділік танытса, енді бірәзі өнімділік таныта алмағанын байқатады. Бұл мәселеге қатысты Ш.Құрманбайұлы: «...жұрнақтың өнімді немесе өнімсіздігі оның тұрақты сипаты деп тануға болмайды. Бір кездері өнімсіз болып келген жұрнақтарды термин шығармашылығында жиі падаланылып, оның сөзжасам белсенділігін арттыруға болады. Сондықтан өнімсіз деп танылып жүрген кез келген жұрнақтың белгілі бір кезеңдерде өнімді жұрнаққа айналуы әбден мүмкін» [1,119].

Педагогика терминдерін жасауға қатысатын терминжасамның келесі өнімді тәсілдерінің бірі – аналитикалық тәсіл. Сөзжасамның аналитикалық тәсілі жөнінде «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» еңбегінде былай делінген: «Аналитикалық тәсіл арқылы сөз жасау - сөзжасамның өте көне тәсілі және ол дүние жүзіндегі түрлі системалы тілдерге кең тараған. Аналитикалық тәсілдің төмендегідей ішкі түрлеріне тоқталады: 1) сөзқосым: біріктіру, кіріктіру тәсілдері; 2) қосарлау; 3) тіркестіру; 4) қысқарту.

Аналитикалық тәсілді құрап жүрген сөзжасам тәсілдері жөнінде де ғалымдар пікірі әр алуан. Дегенмен ғылыми әдебиеттердің басым көпшілігінде жоғарыда аталған тәсілдердің орныға бастағанын айтуымыз керек. Бұл мәселе туралы терминолог ғалым Ш.Құрманбайұлы : «Тіл білімінде бұл мәселе әлі де жан-жақты зерттеліп, ғалымдар бір ортақ пікірге келе жатыр» [1,133] дейді. Сонымен қатар, ғалым «Қазақ грамматикасындағы» сөзқосым, қосарлау, тіркестіру, қысқарту тәсілдерін аналитикалық тәсілдің құрамында қарастырып, сала мамандарына ұсынады.

Біз де осы пікірлермен келісе отырып, аналитикалық тәсілдің педагогика терминдерін жасаудағы үлес салмағын анықтап көрелік.

1. Сөзқосым тәсілі арқылы қазақ тілінде екі я онан да көп түбір сөздер біртұтас дыбыстық құрамға қосылып, бір лексикалық мағына беріп, бір ұғымды білдіріп, бір лексикалық единица жасайды, сондықтан сөздің осылайша жасалуын сөзқосым тәсілі арқылы жасалу деп санаймыз.

Сөзқосым тәсілі арқылы жасалған педагогика терминдеріне төмендегі терминдерді жатқызамыз: дүниетаным, бейнеконференция, бейнемәтін, бүкіләлемдік, мультимедиа, автореферат, мектептану, ойбөліс, ойталқы, пікірсарап, субкультура, этнопсихология, этномәдениет, көпмәдениетті (білім).

2. Терминжасамда кеңінен пайдаланылып жүрген тәсілдердің бірі – қосарлау тәсілі. Қосарлау тәсілі екі сөздің бір-біріне қосарлануы я бір сөздің қайталануы арқылы сөз жасайды.

Қосарлау тәсілі арқылы жасалған педагогика терминдері: мәселен, әлеуметтік-психологиялық құзырлылық, ғылыми-зерттеу әдістері, заттық-кеңістіктік орта, интернет-білім, кәсіптік-педагогикалық құзырлық, медиа-білім, ноу-хау, өзін-өзі жетілдіру, амал-тәсіл, заттық-кеңістіктік орта, ақпараттық-логикалық машина, бағдарламалық-ақпараттық кешен, интернет-оқулық, ақыл-ой тәрбиесі, тьютор-оқытушы.

3. Сөздерді тіркестіру арқылы сөз жасау тәсілі ертеден келе жатқан тәсілдердің бірі. Ш.Құрманбайұлы: «Көп сынарлы термин атауларды терминтану саласындағы еңбектерде терминологиялық сөз тіркесі деп те атайды» [1,136] дейді.

Тіркесу арқылы жасалған педагогика терминдеріне мысал келтірейік: рольдік ойын, имитациялық ойын, жанұялық педагогика, практикалық сабақ, прагматикалық педагогика, ұлттық принцип, ақпараттық технология, әдеби ұрлық, әдістемелік жасақтама, виртуалдық дәрісхана, адам мұраты.

4. Аббревиация тәсілі тіл білімінде ертеден келе жатқан тәсілдердің бірі. Мысалы, ҰБТ – ұлттық бірінғай тестілеу, ТОЖ – типтік оқу жоспары, КЕ – кешенді емтихан.

Қорыта келе, жоғарыда қолданылған тәсілдер педагогика терминдерін жасауда тиімділігін

көрсетті.

1. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. – Алматы, 2005
2. Педагогика: қазақ түсіндірме терминологиялық сөздік/ ғыл.жет Ш.К Беркімбаева, А.Қ Құсайынов. - Алматы: RONDF, 2007
3. Айтбаев Ө. Қазақ терминдерінің дамуы мен қалыптасуы. - Алматы: Ғылым, 1988. – 206 б.

ӘОЖ 802.0:800.6:800.62

Жұмағұлова М.Ш.

филология ғылымдарының кандидаты, доцент

## ҚАЗІРГІ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ЭВФЕМИСТІК СУБСТИТУТТАР ТУРАЛЫ

**Түйіндемe:** Мақалада қазіргі тіл біліміндегі эвфемизмдер мәселесі түрлі аспектіде ерекше тілдік феномен ретінде қарастырылады. Табу мен эвфемия құбылысын диалектикалық бірлікте қарастыратын теориялық тұжырымдар зерттелініп, эвфемизмдердің тіл мәдениетімен тікелей байланысты екендігі айқындалады. Мақалада, сондай-ақ қазіргі ағылшын тілінің лексикалық жүйесіндегі табу сөздердің семантикалық топтары сараланып, эвфемистік субституттардың пайда болу мотивтері анықталады.

**Кілт сөздер:** табу, эвфемизм, диалектикалық бірлік, тілдік феномен, жанама номинация, релевантты, иррелевантты белгілер, қоғамдық сана, тіл мәдениеті, этикалық нормалар, мотив, эвфемистік субститут.

**Аннотация:** В статье рассматриваются проблемы эвфемизма в разном аспекте как особый языковой феномен в современном языкознании. Исследуются теоретические принципы, рассматриваемые табу и эвфемистических явлений в диалектическом единстве и определяется связь эвфемизмов с культурой речи. В статье также анализируются семантические группы запретных слов-табу в лексической системе современного английского языка и определяются мотивы образования эвфемистических субституттов.

**Ключевые слова:** табу, эвфемизм, диалектическое единство, языковой феномен, вторичная номинация, релевантные, иррелевантные признаки, общественное сознание, культура речи, этические нормы, мотив, эвфемистический субститут.

**Köz jumdı** “Göz yummak”, **Közi taydı** “Ölmek” anlamlarındaki deyim Türkiye Türkçesindeki **gözü sönmek ~ gözleri [gözü] kapanmak** (a) Ölmek, b) Çok uykusu geldiğinden göz kapakları gevşeyip birbirine yaklaşmak) deyimleriyle aynı anlamı taşımaktadır.

**Közi tiydi** “Nazar değmek” anlamındaki deyim Türkiye Türkçesindeki “**göz [nazar] değmek ~ göze gelmek**” (Uğursuzluk, kötülük getirdiğine inanılan kıskanç ya da hayran bakışlar dolayısıyla fena bir duruma düşmek) deyimleriyle aynı anlamı taşımaktadır. “Göz değmek” uğursuzluk, kötülük getirdiğine inanılan kıskanç veya hayran bakışlar dolayısıyla kötü bir duruma düşmek olayının gözdeki kötü bir ışık enerjisi nedeniyle doğduğu bilinmektedir.

**Betinde kan-söl jok** deyimini Türkçedeki “Yüzü sapsarı kesilmek, yüzünde kan olmamak.” deyiminin aynısıdır.

Anlamları aynı organ adları içeren deyimleri şöyle sıralayabiliriz:

**Betine küye jaguv.** Bir insanın yanlışlarını yüzüne vurarak o insanın değerini düşürmek.

**Betine nur jügirüv.** Yüzü nurlanmak, yüzü parlamak.

**Jüz bermev.** Yüz vememek, ilgi göstermemek.

**Eki jüzdı.** İki yüzlü, kişinin yüzüne bir türlü, arkasından bir türlü konuşmak.

**Jüzi aşık.** Sıcak kanlı, yüzü açık.

**Jüzın avdaruv.** Yüzünü başka tarafa çevirmek.

**Jagı karısu.** Çenesi kenetlenmek, sesi çıkmamak, susmak.

**Jagı soluv.** Çenesi solmak, zayıflamak, incelmek.

**Arıstan jürekti.** Cesaretli, aslan yürekli.

**Jüregi avzına kelüv.** Yüregi ağzına gelmek.

**Jüregın sızdatuv.** Yüregi sızlamak, canı acımak.

**Kabagın tüyüv.** 1. Kızmak, hoşlanmamak, kaşlarını çatmak. 2. Korkutmak, dur işareti yapmak.

**Kolı kısa.** Eli dar, fakir, yoksul.

Bu deyimler Kazak ve Türk dilleri arasındaki ortak leksik bağların ispatını bir anlamda sağlamıştır. Örnekler çoğaltılabilir. Bir dilde kullanılan söz varlıkları o dilin kendi derinliklerinden çıkan kullanımlardır.

Sonuç olarak, deyimler bir milletin söz yaratma kudretinden doğar. Kelimelerin izdivacıyla kaynaşıp kalıplaşan her deyim, güzel ve hoş bir buluştur. Hayattaki her tecrübe, ince hayaller, güzel benzetmeler, çeşitli mecazlı söyleyişler ve nice söz ustalıkları küçücük bir deyim yapıları içinde parıldar.

Günümüz gençlerinin düşünceleri derin olmasına rağmen kelime hazinesi çok zayıftır. Bu yüzden yazılı edebiyatın sadece katlanmış sayfalarında kalmakta olan deyimlerimizi, milli şura sahip her vatandaşın güzel ifadelerinde yerleşmiş olmalarını arzu ederiz. Milli mühürümüzü taşıyan ve dil varlıklarımız olan deyimler, bizi kıvanç ve kaderde birbirimize bağlar.

1 Yakup Kavas, *Açıklamalı Örnekli Deyimler ve Atasözleri Sözlüğü*. - İstanbul, 1991.

2 Smagulova G, *Magımalas frazeologizmder sözdığı*. - Almatı, 2001.

3 Balakayev M, Tomanov, E Janpeyisov, B. Manasbayev, *Kazak Tilinin Stilistikası*. - Almatı, 2005.

4 Kenesbayev İ, *Kazak Tilinin Frazeologiyalık Sözdığı, Kazak SSR Gıluım baspası*. - Almatı, 1977.

5 Adıgüzel H, *Deyim Hazinemiz*. - İstanbul 1990.

УДК 495.1:4И

Теляпова А.Г.

маг.фил., ст.преп. PhD докторант

## ТЕРМИНЫ РОДСТВА В КАЗАХСКОМ И КИТАЙСКОМ ЯЗЫКАХ

**Түйіндеме:** Ұлттардың тарихи байланысын, тіпті тілдерінің туыстығына меңзейтін лингвистикалық фактілердің жиынтығы, соның ішінде туыстық атауларға байланысты терминдер белгілі бір дәрежеде адамзат мәдениетінің ұзақ жылдардағы дамуының нәтижесі және қоғамның әлеуметтік құрылымын айғақтайтын жүйе болып табылады. Шетел тілін үйрету – ол тек грамматикалық құрылымдармен таныстыру немесе базалық лексикалық бірліктерді жаттату ғана емес, сол халықтың мәдениетімен де жан-жақты таныстыру болмақ. Тіл – мәдениеттің айнасы, сондықтан белгілі бір тілді үйренуші студент, оқытылатын тіл елінің мәдениетімен де толықтай таныс болатыны сөзсіз. Қытай тілін үйрету барысында мәдениетаралық қарым-қатынас алдыңғы орынға шығады. Сондықтан отбасында немесе жанұяда қолданылатын туыстық атауларын меңгерту тілді үйретудегі негізгі мәселелердің бірі. Өйткені, қазақ үшін отбасы, бауыр, туыс ең алдыңғы орында тұратын өте маңызды дүние.

Мақалада қазақ және қытай тілдеріндегі туыстық атауларын салыстыра отырып, олардың көне дәуірлердегі этимологиясы жақсы сақталғандығын көруге болады. Екі елдің мәдениетінде де «қыз – жат жұрттық» ұғымы сақталып, отбасындағы билік, барлық мәселені шешуге тек ер-азаматтар араласатындығы аңғарылады. Тек қазақ, қытай тілінде ғана емес, көптеген халықта, славян, түркі халықтарында да әулеттік, отбасылық қарым-қатынасты танып, түсінуде туыстық атаулар маңызды рөл атқарады. Сондықтан да бүгінге дейін тілдердің ұзақ ғасырлық тарихын зерттеуде, тарихи-этнографиялық зерттеулер жүргізуде туыстық атауларға байланысты туған термин сөздер зерттеушілер қызығушылығын тудырып келеді. «Туыстық» концептісінің өзі тілдің әлемдік көрінісін суреттеуде айрықша орын алатындығы көптеген еңбектерде нақты талданып көрсетілген.

**Тірек сөздер:** туыстық атаулар термині, мәдениетаралық қарым-қатынас, қытай тілі, қазақ тілі.

**Тірек сөздер:** қытай тілі, қазақ тілі, мәдениетаралық қарым-қатынас, туыстық атаулар.

**Аннотация:** Система терминов родства, понимаемая как своего рода "совокупность лингвистических фактов, свидетельствующих об исторических связях народов, с одной стороны, и о возможностях языка, с другой"; результат длительного развития человеческой культуры и языка в целом и каждой национальной культуры и языка в частности, представляет собой определенную систему, отражающую социальную структуру общества. Терминология родственных отношений того или иного языка - это прежде всего выражение языковой ментальности и своего языкового образа внутреннего мира человека. Не нужно доказывать, что сам концепт "родства" в языковой картине мира, сама система обозначения родства у разных народов, в том числе и у славянских, и у тюркских, представляют собой ценнейший источник для изучения форм родовых и брачно-семейных отношений. Несмотря на более чем вековую историю исследования терминов родства, система терминов родства различных языков остается объектом многочисленных историко-этнографических работ, так как изучение терминов родства способствует более глубокому проникновению в суть социальных отношений на том или ином этапе человеческого развития. В данной статье делается попытка сопоставления и выявления сходств и различий терминов родства в двух разноструктурных языках. Современное состояние терминов родства во многих языках представляет собой картину, в которой постепенно происходит изменение тематического поля «родственные связи», и носят глобальный характер, которые отражаются во многих языках развитых стран. Но основные наименования терминов родства сохранились. Таким образом, сравнивая термины родства казахского и китайского языков, можно сказать, что этимологически во всех двух языках сохранились следы древних представлений о семейных отношениях, когда невесты «входили» в новую семью из ниоткуда. Следует отметить, что как в китайской культуре, так и в казахской культуре, более ярко проявляются представления о том, что семья, семейное имя переходят по мужской линии, что дочери уходят из семьи после замужества, становятся чужими для своих родителей, что родители жены тоже чужие, они отдали свою дочь в новую семью и связь между ними стала второстепенной по сравнению с ее новой семьей, семьей мужа.

**Ключевые слова:** термины родства, номинация, межкультурная коммуникация, китайский язык, казахский язык.

**Abstract:** The terminology system of cognates is defined on the one hand as a whole array of linguistic facts that illustrate historical ties of nations. On the other hand, it displays a wide range of possibilities that a language encompasses. Thus the terminology system of cognates is an outcome of a long-continued evolution of a general human culture and language, and of every single language and culture as well, being a certain system that reflects the social strata of a society. The terminology of relative ties of a particular language is firstly an illustration and essence of mentality and language identity of a human being. It is not needed to prove that the concept of "kinship" itself, in the language picture of the world, the system of denotation kinship itself among different nations, including Slavic and Turkic, are the most valuable source for the study of kin and marriage relationships. Despite more than a century history of research kinship terms, the system of kinship terms of different languages remains the object of different



historical and ethnographic works, because the study of kinship terms promotes deeper penetration into the essence of social relations in a particular stage of human development. This article presents an attempt to contrast the terminology of cognates of two languages with various structures and find out similarities and differences.

**Keywords:** kinship terms, nomination, intercultural communication, Chinese, Kazakh language.

Изучение иностранного языка – это не только знакомство с грамматическими конструкциями и заучивание наизусть определенного количества базовых лексических единиц, но и знакомство с иноязычной культурой. Язык – это зеркало культуры, изучая иностранный язык, студент невольно знакомится с культурой страны изучаемого языка. Кроме того, в течение всего учебного года студенты сталкиваются с различными праздниками, народными традициями. В Казахстане знакомятся с такими национальными праздниками как Наурыз, Курбан айт, и, конечно же, национальной казахской кухней. Приезжая в Китай, студенты знакомятся с Праздником Весны или как его обычно называют, Новым годом по лунному календарю, Праздником фонарей и т. д. Исследователи часто берут для анализа явления, которые присутствуют в одной культуре и полностью отсутствуют в другой, многие лексемы, понятия сразу становятся лакунами для другой культуры.

Существуют также празднования, связанные не с календарными датами, а с циклом жизни человека. В жизни каждого человека существуют критические, переломные, рубежные точки. Таких основных точек можно выделить три: рождение, свадьба и смерть. С каждой из них был связан определенный – так называемый переходный ритуал, знаменующий собой переход человека в новый бытийный (жизнь - не жизнь), возрастной (ребенок, молодой человек, женатый, соответственно – полноправный человек, старик), а соответственно – социальный, общественный статус. В учебниках по китайскому языку как иностранному, по казахскому языку и в практике межкультурной коммуникации можно встретить либо упоминание, либо небольшой урок, посвященный празднованию дня рождения человека, в то время как свадьба и похороны остаются без какого-либо упоминания. А ведь это одни из самых древних традиций в культуре каждого народа и одни из самых устойчивых. Многие еще языческие элементы свадебного или похоронного обряда сейчас уже не осознаются как таковые. Мы знаем множество примет, связанных с этими событиями, но не осознаем, что этим поверьям несколько сот лет. Свадебный обряд имеет очень долгую историю, он формировался на протяжении веков, накапливая в себя культурный опыт народа, он донес до наших дней обычаи и верования, сложившиеся еще во времена язычества, символику наших далеких предков мы используем и по сей день. Даже элементы современного свадебного одеяния имеют многовековую историю. В результате свадебной церемонии из представителей двух семей складывается новая семья, между членами новой семьи и семьями, в которых они выросли, возникают новые родственные отношения, имеющие в языке особые наименования. И не нужно доказывать, что сам концепт "родства" в языковой картине мира, сама система обозначения родства у разных народов, в том числе и у славянских, и у тюркских, представляют собой ценнейший источник для изучения форм родовых и брачно-семейных отношений. Семья как социальный институт демонстрирует триединое отношение «супружество – родительство – родство» и обеспечивает воспроизводство населения, преемственность семейных поколений, социализацию детей, поддержание существования членов семьи. Межкультурная семейная коммуникация обладает основными признаками стандартного общения в монокультурной семье, вытекающими из специфики феномена семьи как малой группы и социального института, и вместе с тем обладает рядом специфических особенностей. Комбинация межличностного и группового общения, реализуемая через такие переменные, как состав семьи, брачный возраст, пол брачующихся, количество сожительствующих супругов и т. д., специфична в разных культурах и находит свое отражение на уровне языка, в частности в сложной системе терминологии родства. Во многих культурах имеются наименования нескольких степеней родства. Если у тюркских народов принято знать семь поколений, то у некоторых народов, например, китайцам следует знать до девяти поколений своего рода. Отдельные наименования имеют *бабушка* и *дедушка* по линии отца и по линии матери, старший и младший *братья*, старшая и младшая *сестры*, *невестки* (жены старшего и младшего братьев), *зятья* (мужья старшей и младшей сестер), *внуки* по линии сына и линии дочери и т. д. Всего учеными выделено 274 китайских терминов родства, причем и эта сложнейшая система существенно различается в зависимости от того, употребляются ли они в разговорной или письменной речи, в межличностном или групповом семейном общении.

Семья для казаха понятие святое. Рождаясь и воспитываясь в семье, ребенок впитывает все, что присуще этому дому. Повзрослев человек, создает семью и передает полученное им воспитание

своим детям. Именно поэтому воспитанию детей в казахских семьях уделялось большое значение. Особые взаимоотношения внутри членов семьи были выработаны вековыми традициями народа. Эти традиции позволили казахскому народу пережить века и сохраниться как единому национальному образованию.

«Бауырым» (букв. моя печень) так казахи называют родного человека. Казахи считают, что за родственные чувства «отвечает» в организме человека именно печень. Именно оно якобы «переживает» и болит за родственников.

«Аға» - это и родной и двоюродный старший брат и дядя.

«Іні» - это и родной и двоюродный младший брат

«Апа» - это и сестра и тетя.

«Қарындас» так казах называет младшую сестру, а казашка ее назовет «Сініл». Слово «Қарындас» (букв. Единоутробная) означает, что старший брат должен осознавать свою родственную ответственность за нее. Старший брат имеет особое право участвовать в судьбе сестренки.

«Ата-Әже» (дедушка – бабушка (по линии отца)) души не чают в своих «Немере» (внуках) и «Шобере» (правнуках). А если уж посчастливилось увидеть «Немене» (праправнуки) – то это уже и вовсе счастливые старики, награжденные Всевышним долгой жизнью. Этим маленьким дедушки-бабушки ласково называют «Айналайын» (букв. Буду кружиться вокруг тебя), высказывая тем самым свою желание бесконечно ласкать и баловать своих любимцев.

Самые близкие и родные люди для любого человека это конечно – «Ата-Ана» (родители) или «Әке – Шеше». Әке (отец) всегда пользовался непререкаемым авторитетом. Его слово считается законом для всей семьи. Словом «Ата» называют как дедушку, так и отца. Это потому, что ребенка мог воспитать как родной отец, так и дедушка. Ана 1. Өз баласының туған шешесі. 2. Балалы әйел (мать своего ребенка и женщина, имеющая детей). [2]

«Балалар» (дети) в казахской семье воспитывались в атмосфере любви и уважения, им внушалась проявлять уважение к родителям и другим членам семьи. «Жаксы бала әкесінің басын төрге сүйрейді, жаман бала – босағаға сүйрейді» (хороший ребенок отца возвышает, плохой – принижает) говорит казахская пословица. И действительно, как бы не был плох родитель, ребенок должен чтить и уважать его (ее), в противном случае, плох будет сам ребенок.

«Ұл» - сын, традиционно считался продолжателем рода. Поэтому мальчиков отцы традиционно ценили больше дочерей.

«Қыз» - дочь, считалась гостьей в доме отца, которая со временем обретя семью, уйдет в другой дом.

**Құдалар** – родители одного из супругов по отношению к родителям другого супруга (т.е. сватья).

**Күйеу бала** – муж дочери (т.е. зять).

**Келін** – замужняя женщина по отношению к родным ее мужа: отцу, матери, братьям и сестрам, супругам братьев и сестер (т.е. невестка (сноха)).

**Балдыз** - младшая сестра или младший брат жены или иной младший родственник жены. Интересно то, что слово балдыз обозначает лиц как женского, так и мужского пола, и называет младших братьев и сестер жены по отношению к ее мужу (эквивалентно со свояченицей и шурином в русском языке).

**Жезде** – муж старшей сестры по отношению к ее младшей сестре.

**Женге** – жена старшего брата или близкого родственника по отношению к его сестрам и братьям (т.е. невестка).

**Бажалар** – мужья двух сестер.

**Абысын** – жена старшего брата или его близкого родственника по отношению к жене другого брата или близкого родственника (т.е. сношельницы).. существует такая поговорка: абысын тату болса ас көп, ағайын тату болса ат көп → невестки дружны – еды много, родственники дружны – коней много (для одолжения друг другу).

**Следующий термин родства свойственный как казахскому, так и многим тюркским языкам – қайын, при переводе обозначающий родня мужа по отношению к жене, а также родня жены по отношению к мужу**

**Қайын жұрт** (можно сказать полный вариант слова қайын) – **родня мужа по отношению к жене, а также родня жены по отношению к мужу**

**Қайын ата** – отец мужа или отец жены,

**Қайын ене** – мать мужа или мать жены,

**Қайын аға** - старший брат и другие старшие по возрасту мужа родственники мужского пола; старший брат жены и его старшие по возрасту родственники мужского пола,

**Қайын іні** - младший брат жены (мужа) по отношению к мужу (жене),

**Қайын сіңілі** – младшая сестра мужа по отношению к его жене

**Қайын бике** - свояченица; старшая сестра жены

Еще один интересный факт, со словом *нағашы* связаны все родные по линии матери. Например:

**Нағашы ата** – дедушка (по материнской линии), **нағашы әже** – бабушка (по материнской линии), **нағашы аға** – дядя (по материнской линии), **нағашы апа** – тетя (по материнской линии), **нағашы жұрт** – родня (по материнской линии), **нағашы қарындас** – младшая сестра (по материнской линии), **нағашы іні** – младший брат (по материнской линии)

**Жиен** – внук (внучка) от дочери, племянник (сын или дочь сестры (сестренки) по отношению к ее брату (братишке),

**Бөле** – кузен; двоюродный брат; двоюродная сестра (по материнской линии, т.е. дети родных сестер)

**Немере** – внук, также двоюродный брат (сестра) (*немере аға, немере іні и сестры: немере апа, немере қарындас*).

**Шөбере** – правнук, также троюродный брат (сестра) (шөбере аға, шөбере іні и сестры: шөбере-апа, шөбере-қарындас).

**Немене** – прапраправнук, четвероюродный брат. В наше время все чаще родственники общаются только до трёх колен. Однако запрещаются брачные отношения между родственниками до семи колен.

**Шөпшек** – праправнук, пятиюродный брат.

**Жүрежат** – прапрапраправнук, шестюродный брат.

**Туажат** – прапрапрапраправнук, семиюродный брат.

Если носителям казахского языка и людям, изучающим казахский язык как иностранный, кажется, что все вышеуказанные наименования родства и взаимоотношения в семье очень запутанные, их сложно запомнить. То носителям китайского языка и людям, изучающим как иностранный вышеприведенные номинации могут показаться наиболее сложными, и тяжелыми для запоминания. Теперь следует посмотреть лексические единицы связанные с родственными отношениями в китайском языке.

В китайском языке у каждого члена семьи есть свое наименование, так, например, представители трех поколений семьи называются следующим образом:

父亲 fùqīn - отец

母亲 mǔqīn - мать

儿子 érzi - сын

女儿 nǚér - дочь

姐姐 jiějie - старшая сестра

妹妹 mèimei - младшая сестра

哥哥 gēge - старший брат

弟弟 dìdi - младший брат

外公 wàigōng / 外祖父 wàizǔfù - дедушка по материнской линии;

外婆 wàipó / 姥姥 lǎolao / 外祖母 wàizǔmǔ - бабушка по материнской линии;

爷爷 yéye / 祖父 zǔfù - дедушка по линии отца;

奶奶 nǎinai / 祖母 zǔmǔ - бабушка по линии отца;

姨母 yímǔ / 姨 yí - сестра матери (младшая или старшая);

姨父 yífù - муж сестры матери;

舅舅 jiùjiu - брат матери (младший или старший);

舅妈 jiùmā - жена брата матери;

妈妈 māma / 母亲 mǔqīn - мама ;

爸爸 bāba / 父亲 fùqīn - папа;

叔叔 shūshu - младший брат отца, дядя;  
婶婶 shěnshen - жена младшего брата отца;  
姑姑 gūgu / 姑母 gūmǔ - сестра отца (младшая или старшая);  
姑父 gūfù - муж сестры отца;  
伯伯 bóbo / 伯父 bófù - старший брат отца (дядя);  
伯母 bómǔ - жена старшего брата отца;  
我 wǒ - я;  
老公 lǎogōng / 丈夫 zhàngfu - муж;  
老婆 lǎopo / 妻子 qīzi / 太太 tàitai / 夫人 fūren - жена;  
弟弟 dìdi - младший брат;  
弟妹 dìmèi / 弟媳 dìxī - жена младшего брата;  
妹妹 mèimei - младшая сестра;  
妹夫 mèifu - муж младшей сестры;  
姐姐 jiějie - старшая сестра;  
姐夫 jiěfu - муж старшей сестры;  
哥哥 gēge - старший брат;  
嫂子 sāoxi - жена старшего брата;  
堂哥 tánggē - старший кузен;  
堂姐 tángjiě - старшая кузина;  
表弟 biǎodì - младший кузен;  
表妹 biǎomèi - младшая кузина;  
侄子 zhízǐ - племянник (сын брата);  
侄女 zhínǚ - племянница (дочь брата);  
外甥 wàisheng - племянник (сын сестры);  
外甥女 wàishengnǚ - племянница (дочь сестры);  
女儿 nǚ'ér - дочь;  
女婿 nǚxū - зять (муж дочери);  
儿子 érzi - сын;  
儿媳 fūxī - невестка (жена сына);  
外孙女 wàisūnnǚ - внучка (по линии дочери);  
外孙 wàisūn - внук (по линии дочери);  
孙子 sūnzi - внук (по линии сына);  
孙女 sūnnǚ - внучка (по линии сына);

Проанализировав названия родственников можно выделить некоторые повторяющиеся иероглифы и закономерности их появления:

外 wài - принадлежность родственников к семье по линии матери;  
堂 tang - кузены по линии отца;  
表 biǎo - кузены по линии матери.

Таким образом, сравнивая термины родства казахского и китайского языков, можно сказать, что этимологически во всех двух языках сохранились следы древних представлений о семейных отношениях, когда невесты «входили» в новую семью из ниоткуда. Следует отметить, что как в китайской культуре, так и в казахской культуре, более ярко проявляются представления о том, что семья, семейное имя переходят по мужской линии, что дочери уходят из семьи после замужества, становятся чужими для своих родителей, что родители жены тоже чужие, они отдали свою дочь в новую семью и связь между ними стала второстепенной по сравнению с ее новой семьей, семьей мужа. И как показывает сравнение освоение и запоминание терминов родства казахскому и китайскому народу при изучение того или иного языка не несет особых трудностей. Хоть и современное состояние терминов родства во многих языках представляет собой картину, в которой

постепенно происходит изменение тематического поля «родственные связи», и носят глобальный характер, которые отражаются во многих языках развитых стран. Но основные наименования терминов родства все таки сохранились и стали устойчивыми.

- 1 *Китайско-русский словарь, Шанхайский институт иностранных языков. - Пекин, 2000. - 1250 с.*
- 2 *Альбекова А.Ш. Лексико-семантические особенности терминов родства в казахском языке. - Астана, 2001.*
- 3 *Тер-Минасова С. Г. Язык и межкультурная коммуникация. - М.: Слово, 2000. - 261 с.*
- 4 *Мейланова У. А. О терминологии свойства в языках лезгинской группы (опыт сравнительно-исторического анализа) // Вопросы языкознания. 1985. - № 2. - С. 114-122.*
- 5 *К.Б.Уразбаев, Н.М.Есенкулова, статья «Термины родства в межкультурной семейной коммуникации», «Хабаршы № 2 Университета им.А.Яссауи», 2013.*
- 6 <http://dic.academic.ru>
- 7 <http://sozdik.kz>

ӘОЖ 811.512.122'221.4.

**Ибрагимова Ж.Т.**

*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Магистратура және PhD докторантура институтының «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының II курс магистранты*

## **ФОТОБЕЙНЕ – ОЙ КӨРІНІСІ**

**Түйіндемe:** Мақалада Бұқаралық ақпарат тіліндегі фотобейнелердің қолданылу ерекшеліктері туралы айтылған. Фотографияның шығу тарихына ғылыми негізде шолу жасалған. Тіл білімінің жаңа бағыттары паралингвистика, мәтін лингвистикасы салаларының ғылыми тұрғыда бекітілген анықтамаларын бере отырып бейвербалды құралдардың қызметіне талдау жасалынған. Олардың фотобейне, сурет, фотосурет, карикатура, графика, және сол сияқты құралдар арқылы қызмет етуі туралы мәлімет берілген. Сонымен қатар креолды мәтіндердің вербалды және вербалды емес бөліктерден тұратындығы жайлы сөз қозғалады. Фотосуреттердің қиындыларын негізге ала отырып, олардың көріктеуіш, безендіргіш қызметінен бөлек, мәтіннің вербалды бөлігінен ақпарат беру; ақпараттың әсерін күшейту; мәтіндегі ойды нақтылау; мәтіндегі ақпаратқа сендіру; мәтіннің вербалды бөлігін басқару қызметтері жайында сөз қозғалады. Фотобейненің (иллюстрацияның) қандайда ақпарат беру қызметімен қатар, олардың адам санасына әсер етіп, эмоцияны сахналаушы қызметі ғылыми тұрғыда әңгімеленген. Фотобейненің айқын ақпарат беретіндігі, ал, сурет, карикатура, графикалардың жасырын әсер ететіндігі туралы сөз етіледі. Фотобейнелерді мәтінге пайдаланғанда бейнелік реттеуіштердің дұрыс қолданылуын, сонымен қатар, автордың көздеген мақсатына жету үшін мәтін тақырыбына сай жасалған бейнені (иллюстрацияны) сапа, мазмұн, мағына тұрғысынан дұрыс таңдау керектігі жайлы айтылады.

**Тірек сөздер:** фотобейне; паралингвистика; мәтін лингвистикасы; вербалды; бейвербалды; нақтылау; креолды мәтін; сурет; карикатура.

**Аннотация:** В данной статье рассматривается роль фотографий в средствах массовой информации. Сделано хронологический обзор происхождения фотографий. Ссылаясь на научные определения паралингвистики и лингвистики текста сделано анализ на использование невербальных средств. О функциях невербальных средств в виде фотографий, картинок, фоты, рисунка, карикатуры, графики, и тому подобные. А так же о креолизованных текстах которые состоят вербальными и невербальными частями текста. На основании иллюстрационных карточек описывается следующие функций ни только оформляющие но и получение информации; повышение действия информации; конкретизирование информации текста; внушение; управления вербальной частью текста. О действий невербальных средств на адресата, как смысловом так и в эмоциональном виде. Фотографий дают подлинную информацию, а рисунки, карикатуры, графики дают скрытые информации. Описывается правильное использование невербальных средств: выбирать фотографий по качеству, по смыслу и содержанию текста, и грамотные графические редакторы.

**Ключевое слова:** фотография; паралингвистика; лингвистика текста; вербальный; невербальный; конкретизирование; креолизованный текст; рисунок; карикатура.

**Abstract:** This article discusses about the use of photographs in the mass media and their peculiarities and also the chronological review of the origin of photographs made. Giving the confirmed definition of the new branches of linguistics, such as paralinguistics, text linguistics from the science view point there were made function analyses of nonverbal means. And an information described about photography, picture, caricature, graphics, and the other means which serve for nonverbal part of text. And it is spoken about creolized text which consists of verbal and nonverbal parts. Besides of this on the bases of photographs' pieces to give an information about their decorative function, to

give an information from the verbal part of the text, to increase an information influence, to concretize the text meaning, to persuade people in the authenticity of the information, management in non-verbal part of the text are discussed. The author described the functions of photo graphics (illustrations) as not only function which gives an information, also it influences to the mind of human as an indicator of emotion. Photographs give concrete information, and pictures, caricatures, graphics give hired information. It is important to choose the right graphical correctors in using photographs for the text, as well as to achieve the author's aim we should choose photographs according to their quality, meaning, content.

**Key words:** photographs; paralinguistics; text linguistics; verbal; nonverbal; concretize; creolized text; picture; caricature.

Адамзат өмірін мәнді де сәнді етуге зор септігін тигізген жаңалықтардың бірі – фотография 1839 жылдың 7 қаңтарында дүниеге келді. Сол күні Париж Ғылым академиясының ғалым хатшысы Доминик Франсуа Араго француз өнертапқышы Луи Жак Манде Дагер «Қара қобдишаның» (Камера обскура) артқы қабырғасына салынған иодталған қалайы табақшаның бетіне оның алдыңғы саңылауынан жарық түсіру арқылы заттың бет-бейнесін алуға және оны сынап буына ұстаудың көмегімен сақтауға болатындығы жөніндегі жаңалығын жария етті.

Фотография біздің елге 1841 жылдың 6 желтоқсанында аяқ басты. Сол күні «Жәңгір мектебінің» ашылу салтанатына Жәңгір хан Ресейден арнайы фотограф шақыртып, осы мектепке алғаш қабылданған оқушылардың ортасында отырып түскен фотосуреті тарихтан белгілі.

Фотография бастапқы кезде мерзімдік баспасөзді безендіру, көркемдеу құралы ретінде қолданылды. Оның баспасөз беттерінен тұрақты орын алуы 1932 жылдың 9 мамырынан басталды. Дәл сол күні Алматыда ВК(б)П Орталық Комитетінің партиялық баспасының Қазақстандағы бөлімшесі ашылды. Соған байланысты баспахана техникалық тұрғыдан жаңартылып, газет-жорнал беттерінде жарияланатын фотосуреттердің клейшелерін жасайтын цех іске қосылды. Бұл өз кезегіне орай мерзімдік баспасөздің сапасын арттырумен қатар олардың бір орталыққа шоғырландырылуына мүмкіндік туғызды. Бұл «Қазақ баспасөзінің фотошежірелері» атты жинақта бейнеленген.

Қазіргі кезде БАҚ саласындағы безендіру, көркемдеу құралынан бірте-бірте кеңейіп, паралингвистиканың бейвербалды құралдарының қатарынан орын алуда. Газеттік, жорналдық, желілік бейнелер (иллюстрациялар) екі топқа бөлінеді: **фотобейне** – бұл фотоаппарат арқылы алынатын бейненің түпнұсқасы; **фотоаппараттық емес бейнелер** – суреттер, карикатуралар, диаграммалар, карталар, графикалық таңбалар, кестелер, сызбалар.

Бейнелер оқырманның назарын аударатын құралдар рөлін атқаратындықтан фотобейне – баспасөздің көріктеуіш элементтерінің бірі болып есептеледі. Фотосуретсіз газет, жорнал, сайттар оқырманды зеріктіріп, бәсекелестікке қауқарсыз етеді. Осылайша, жәй мәтінге қарағанда фотосуреттермен қамтылған мәтін адресат көңіліне оңай жол табады.

**Паралингвистика** – (грекше *para* – маңы және *lingvistica*) – хабарланатын ойдың, пікірдің вербалды (сөзбен білдіру) тәсілдерімен қоса сөйлеу үстінде қолданылатын вербалды емес (тілден тысқары) амалдармен берілуін зерттейтін тіл білімінің саласы. Сонымен қатар, сөйлеу кезінде қолданылатын вербалды емес тәсілдердің жиынтығы. Паралингвистикалық тәсілдердің үш түрі бар: 1) **фонациялық тәсіл**, оған дыбыс әуені, оның күші, кідіріс, дауыс мәнері жатады; 2) **кинесикалық тәсіл**, оған ым, бет, қол қимылы, дене қозғалысы жатады; 3) **графикалық тәсіл**, оған әріптер мен тыныс белгілері қолтаңбасының түрлері, әріп таңбаларын айырбастайтын қосымша символдық белгілер жатады [1].

Бұқаралық ақпарат құралдары, алдына қойылған прагматикалық мақсатына жету үшін автордың үнемі жақсы, дұрыс тәсілдерді қолдана бермейтіні байқалады. Адресант аудиторияны өз пікірінің дұрыстығына сендіру үшін оқырманның когнитивтік санасында бұрыннан қалыптасып орныққан ғаламның тілдік бейнесіне белгілі бір өзгерістер енгізуге тырысады.

**Мәтін лингвистикасы** – тіл білімі ғылымының жеке саласы, зерттеу объектісі – мәтін. Мәтін лингвистикасы өзіне тән мәні мен болмысы, ерекшелігі, шындық болмыстың мәтінде бейнеленуі, мәтіннің түзілу ерекшелігі, оны қабылдаудың сипаты, мәтіндегі автор мәселесі т.б. жайттар қарастырылады. Мұнда да мәтінтүзім заңдылықтарына сәйкес паралингвистикалық құралдар кеңінен жұмсалады. Ондағы мақсат – мәтіннен ақпараттың неғұрлым көп мөлшерде алынуы. К.Гаузенблз құрылымның сипатына қарай мәтіндерді 2-ге бөледі:

- Паралингвистикалық құралдар арқылы (ым, ишара, сурет, фотосуреттер т.б.) жасалған хабарламалар;

- Ситуацияға тәуелді болмайтын, бейлингвистикалық құралдардың қатысуынсыз жасалатын мәтіндер [2].

Осындай паралингвистикалық құралдар қатысымен жасалатын хабарламалар паралингвистикалық тұрғыдан **белсенді мәтіндер** деп аталады. Белгілі бір ақпаратты жеткізе отырып, мұндағы бейвербалды құралдар адресаттың назарын аударады. Ал мәтіндегі ақпарат толығымен танылуы үшін оларда берілген код ашылып, интерпретациялануы тиіс [3.-421б].

Паралингвистикалық тұрғыдан белсенді мәтіндердің айрықша бір тобына - креолды, яғни құрылымында әртүрлі таңбалық жүйелердің кодтары қамтылатын мәтіндер құрайды. **«Креолды мәтіндер»** дегеніміз – әртекті екі бөліктен: вербалды және бейвербалды құралдардан тұратын мәтіндер» [3].

Біз әрдайым, фотосуретте қандай да бір ақпарат бар дей келе фотоақпарат ұғымын түсіндіреміз. Ол рас. Адамзатқа ақпарат ауадай қажет. Ал, егер бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, фотосурет ақпараттан да жоғары мәнді ұғым.

Айталық, 1-ші ақпанда Киевте қақтығыс орын алды, Қырым татарлары үкіметке қарсы наразылықтарын білдіргендері үшін тәртіп сақшыларынан зардап шекті. 2-ші ақпанда да осы тұрғыда жазылған бейнесіз (иллюстрациясыз) хабарламаларды оқимыз. Екі-үш күн өткенен кейін, осы тақырыпқа бағытталған фотосуреттерді байқаймыз:



Демек, мәтін түрінде жазылған ақпарат кейінгі берілген фотоақпаратты жоққа шығармайды. Өйткені, фотоақпарат мәтінге қарағанда ерекше әсер етеді. Ол мәтін деңгейінде де ұғынылып, кейде фотосурет – адам санасының басқа қырына әсер ететіндіктен, мәтінге қарағанда әсері басымырақ болуы мүмкін. Мәтін түрінде берілген ақпарат хабарлайды, суреттеп жазады, пайымдайды; ал, фотосурет бейне, кескін беру арқылы сезімімізді әрекеттендіріп, іске қосады.

Мұны нақтылау үшін, мәселен, егер біз «Киевте тәртіп сақшылары наразылық көрсеткен халықты аямай, соққыға жықты» деген жолдарды оқып отырып, бәлкім зығырданымыз қайнап, ашуға берілерміз, бірақ бұл оқиға Киевте болып жатыр, ал біз Алматыдамыз, арамызды мың шақырымдар бөліп жатқанын естен шығармаймыз, салғырт сезінеміз. Ал, фотосурет берілген болса:



жоғарыдан түсірілген наразылық алаңын; шокпарларын сыбанған полицейлердің адамды айуанша жаншып, қанға бөктіріп жатқан бейнесін;



қаннан жүзі көрінбей, жер бауырлап жатқан адамдар көрінісін көріп, жоғарыда айтылған мың шақырымдар да санамыздан сызылып, бұл оқиғаның дәл ортасында жүргендей күй кешеміз. Мұндай толқыныс санамызды игеріп, сезім әлемін дүр сілкіндіреді. Міне, бейненің (иллюстрацияның) құдіреті де осында.

Фотосуреттің ақпараттылығы мәтінмен байланысты болса, оның мәнерлілігі - өнермен ұштасады. Кез-келген сурет мәтіннің өн бойындағы идеяны берумен қатар, сол идеяның адам санасына әсерін күшейтеді. Бұл сөзге мысал ретінде келесі фотосуретті ұсынамыз:



- 1) ауыл туралы ақпарат беру;
- 2) ананың бейнесін беру арқылы эмоцияны сахналау қызметі;
- 3) ауылдың тынысын көрсету үшін: қора-қопсы, текемет, әже мен бала бейнесін беру арқылы ақпаратты нақтылау қызметі.

Фотосуреттің атқаратын негізгі қызметтерін Р.Чалфен былай деп қорытындылайды: құжаттау (белгілі бір материалға түсіру арқылы көрініс не бейнені дерекке айналдыру), есте сақтау, мәдениетті әлеуметтендіру (мәдени ақпаратты тарату, яғни қоғамдық нормалар мен құндылықтарды көрсету жолымен әлеуметтік топтараралық сабақтастыққа жету)[4].


Бейне мен фотосурет мәтін тақырыбы сияқты маңызды рөл атқарады. Егер бұл бейвербалды құралдар дұрыс қолданылмаса, онда еңбегіңіздің еш кеткені. Мұндай құралдарды қолданудың оқырманға берер әсері мол. Сапалы фото - бейнені айқын беріп, мәтіндегі ойдың шынайы екендігіне сендіреді. Діттеген мақсатқа жету үшін бейнелік реттеуіштерді (графикалық редакторлар): бояу, көлем, коллаж, т.б. тиімді қолдану қажет. Адресатқа жағымды әсер ету үшін фотоақпаратта жансыз бейнелерге қарағанда жанды бейнелерді (адамды, жануарды) пайдалану өнімдірек. Сонымен қатар, бейнеге (иллюстрацияға) қарағанда фотосуреттер ойда жақсы сақталады. Адамдар фотосуреттерді шынайы заттар мен жағдаяттардың көрінісі деп қабылдайды. Егер газетте танымал тұлғалардың (әнші, ақын, депутат, т.б.) фотоларын пайдаланатын болсақ, онда оған табынушы оқырман төменінде жазылған ақпаратты оқи бастайды. Бұл әдетте, сұхбат түріндегі мәтіндерде жиі кездеседі. Сурет міндетті түрде мәтінмен ұштасып жатуы керек. Өйткені, суретті көрген оқырман, машинальді түрде оның жанында жазылған мәтінге назар аударады және оны оқу арқылы бейнеленген тұлғалар туралы өзіндік қорытындысын жасайды. «Фототілші әңгіме барысында сұхбат берушіні бірнеше рет объективке алатыны белгілі. Сол көп кадрлардың ішінен мәтін мазмұнына барынша жақын келетін



нұсқаны таңдау – автордың түпкі мақсатымен астасып жатады. Яғни журналист аудиторияға өз кейіпкерін қай қырынан танытқысы келсе, газетке сол ойына барынша сәйкес келетін фотоны ұсынады. Бұл – автордың прагматикалық тәсілі» [3, 427б.].

Адамдар газеттен өзіне қажеттісін ғана іздейді. Сондықтан да асыра сілтемеген дұрыс. Қарапайымдылық – көпшілікке апаратын тура жол екендігін де ұмытпағанымыз жөн. Фотосуретті мәтіннің жоғарғы бөлігіне орналастыру маңызды болып саналады. Өйткені адамдар жоғарыдан төмен қарай оқиды. Мәтінді оқу арқылы фотосуретті берудің мәнін, мақсатын түсінеді, мидың логикалық және эмоционалдық қозғауыштары іске қосылады.

Фотоманипуляция – автор бастамасының шығармашылық көрінісі немесе реципиентке жасырын түрде әсер ету үшін, автордың немесе жекелеген бір топтардың теріс ниеттегі мүдделерін жүзеге асыру үшін қолданылатын тәсілдерді жатқызамыз. Фотоақпарат мерзімдік баспасөздің бір бөлігі ретінде қарастырылатын объект болғандықтан, қазіргі таңда автордан қандай нәрсе талап етіледі деген сауал туындайды. Әрине, баспасөз шұғыл әрекет пен қарқынды ұйымдастырушылықты талап етеді. Фотосуретке айқындылық, мәнерлілік қажет екені белгілі. Ал, сурет өнеріне келетін болсақ, суретші салынатын нәрсені қалай қабылдаса, солай жеткізуге тырысады. Айталық, балаларды бейнелеуде жалпы кейпі беріледі де, адресат қажетіне қарай оның кемшін тұстарын толықтырып алады. Мәселен, «Ақ босаға» газетінің «Кіндік шеше» айдарында суретшінің туындысы - сәби басын алақанына ұстаған, бір омырауы ашылған бейне көреміз:



Әрине ол бейне жартылай суреттелсе де оның ана мен бала екеніне көзіміз анық жетеді. Бұған қоса, «Сәби уілі жылауға ұласса...», «Уызына жарыса ғой, шіркін!» /қаңтар, 2013ж., 3 б./ деген мақала атауларын оқып, ұсынылған бейненің мазмұнын толықтыра түсеміз. Осылайша, берілген бейвербалды құралды көру арқылы мәтіндегі айтылмақ ойды тез ұғынамыз. Осы секілді, аталған газеттегі «Бала десек...» айдарындағы ананың төсіне жалаңаш жайғасқан бала мен жантая жатқан бейқам ана бейнесін көреміз:



Тақырыбына көз жіберсек «Қырық күн - бір меже» /қазан, 2013ж., 3 б./ босанғаннан кейінгі бала мен ананың 40 күндік күтімі жайлы айтылмақ екенін сеземіз. Сәби туылғаннан кейін 40 күн толмайынша, далаға да шығармайды, көрушілерге де көрсетпейді. Себебі қырық күн – сәби үшін де, анасы үшін де қауіпті әрі қатерлі кезең. Ал егер, аталған сурет берілмеген болса, онда алғашқы айтылған түсінігіміз қате болуы да мүмкін еді. Қырық саны – біздің өмірімізде айтарлықтай мәнге ие. Өйткені қазақ халқында қырық күнге байланысты айтылатын ұғымдар дәстүрімізде де дінімізде де көптеп кездеседі. Мәселен, қайтыс болған адамды қырық күн шығару; отыз күн ойын, қырық күн

тойын тойлау; т.б. Осылайша, мәтін тақырыбының өзі де толық ақпарат бере алмауы мүмкін деген қорытындыға келеміз.

Айтылғандарды қорыта келе, БАҚ тіліндегі қолданылатын кез-келген бейвербалды құралдар автордың белгілі мақсаттары үшін пайдаланылып қоймай, сонымен қатар мәтіндегі айтылатын ойдың мазмұнын ашып, мәнін толықтырып, оқырманның жан дүниесіне жол таба алатын бірден-бір фактор деуге болады.

1 Қазақ тілі. Энциклопедия /Алматы, ҚР-сы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998. - 509 б./

2 Гаузенблас К. О характеристике и классификации речевых произведений // Новое в зарубежной лингвистике: Лингвистика текста. –М. 1976.-Вып.8.

3 Есенова Қ. Ө. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде): - Алматы, 2007. - 450 б.

4 Барт Р. Фотографические сообщение // Барт Р. Системы моды. Статьи по семиотике культуры. М. 2003. - 392 с.

ӘОЖ 811.512.122:811.111]'373

Байкадамова С.И.

2 курс магистранты

## ТІЛДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ТІРКЕСКЕ ҰЛТТЫҚ СИПАТТЫҢ ӘСЕРІ

**Түйіндеме:** Бұл мақалада фразеологизмдерді жан-жақты қарастырып, оның тілдегі алатын орны және сөйлеушінің сөз мәнеріне әсері туралы жазылған. Фразеологизмдер – ауызекі және жазба әдебиетте ерекше орын алатын, кез-келген халықтың ойлау ерекшелігін, даналығын айғақтайтын тілдің айшықты да, мәнерлі бай саласының бірі екендігі де айтылған. Сондай-ақ, ұлттың рухани дүниетанымын, салт-санасын, ұлттық мінезін өн бойына жинап, сан ғасырлар өтсе де санадан өшпейтін ұлт тіліндегі асыл қазыналардың бірі – фразеологизмдер деп жазылған. Халық ғасырлар бойы аз сөзбен көп ойды жеткізетін нақты, көркем сөз оралымдарын пайдаланып отырған. Халықтың әдет-ғұрпы, салт-санасы, күнделікті өміріне байланысты туындаған ұлттық – мәдени ақпарат мазмұнын танытатын нышандар болып есептеліндігі жазылған.

XX ғасырдың соңғы он жылдығы тарих сахнасында ұлт мәдениетін таразылау, әсіресе бұрынғы кеңестік жүйеде өмір сүрген сан ұлттар тарихын зерделеу кезеңі болды. Соның ішінде бұған дейінгі тіл тағдырының кешегісі мен бүгінгісі, болашағы туралы айтылған талай «терең ойлар» қайта қаралып, ғасыр соңында тарихтан алған бағасы бойынша әр ұлттың өз ортасында өмір сүруі, ана тілімен тіршілік етуі, «қазақ қазақпен қазақша сөйлесу» сияқты ұлт тағдырына тікелей қатысты осындай маңызды мәселелер мемлекет саясаты тұрғысында айқындалып отыр.

Қазақ тілінің болашағы – өткенді білуімен құнды болмақ. Өткенді білу дегеніміз - қазақ ұлтының мәдени өмірінің ерекшеліктері ретінде танылатын тілдік бейнелі сөз орамдары фразеологизмдерінің ұлт мәдениетін танытудағы рөлін бағалау, түсіну.

Фразеологизмдерді зерттеген академиктердің де ойлары назарға алынып, бір – бірімен салыстыра отырып, өз бетінше зерттеу жүргізген.

**Тірек сөздер:** фразеологизм, ұлттық мінез, рухани дүниетаным, ұлттық сана.

**Аннотация:** В данной статье подробно рассматриваются фразеологизмы, их значения и место в языке, а так же влияние на манеру разговора человека. Фразеологизмы - занимают особое место в устной и письменной литературе, они раскрывают особенности размышления народа, которые свидетельствуют о мудрости языка и показывает его многогранную насыщенность. Так же - сознание, национально- духовное мировоззрение, культурное понимание, национальный характер, осознание всего национального поведения которые спустя даже века останутся одним из сокровищ национального языка, которые невозможно стереть это - фразеологизмы. Народ веками использовал точные связки выразительных слов которые передавали немногословно широкую мысль. Культура народа, обычаи, нравственные ценности, символы, которые зародились показывают связь со смыслом в повседневной жизни. Последнее десятилетие XX века на исторической арене обозначилась взвешивание культуры нации, особенно стало периодом проникновение в суть истории постсоветских народов. Особенно сказанные «умные мысли» о прошлой, сегодняшней и будущей судьбе языка толкуется заново. Окрыленный новыми взглядами и отношениями определение как: жить в своем кругу, между собой разговаривать на родном языке определяется ключевыми векторами государственной политики. Будущее казахского языка ценен знанием прошлого. Знание прошлого это знание форм особенностей в языковом проявления фразеологизмов как определение культуры и роль языка. Каждый человек как

представитель своего языка должен различаться сущностью, познавательностью и интеллектом. И должен насыщать и обогащать свой родной язык. В национальном духовном обогащении вклад каждой личности ценен. Фразеологизмы в казахском языке определяет менталитет, взглядов и мировоззрения окружающих нас предметов и явления оценивающиеся и описывающиеся со стороны этноса этой нации.

Приняв во внимание и мысли академиков исследовавших фразеологизмов, сравнивая друг с другом, самостоятельно провела исследование.

**Ключевые слова:** фразеологизм, национальный характер, духовное мировоззрение, национальное познание.

**Abstract:** This article is about phraseological units, their values and a place in language, and as influence on a manner of conversation of the person are in detail considered. Phraseological units - take a special place in oral and written literature, they open features of reflection of the people which witnesses about wisdom of language and shows its many-sided saturation. The people for eyelids used an exact linking of expressive words which transferred laconically broad thought. The culture of the people, custom, moral values, symbols which arose show communication with sense in everyday life. The last decade the XX centuries on the historical arena it was designated weighing of culture of the nation, especially there was the period a penetration into an essence of history of the Post-Soviet people. Inspired with new views and the relations determination as: to live in the circle, among themselves to talk in military language it is determined by key vectors of a state policy. The future of the Kazakh language it is valuable knowledge of the past. Knowledge of the past this knowledge of forms of features in language manifestations of phraseological units as determination of culture and a language role. In a national spiritual the contribution of each personality is valuable. Phraseological units in Kazakh language are determined by mentality, views and outlook of subjects surrounding us and the phenomenon being estimated and being described from an ethnosnost of this nation.

Having taken into account and thoughts of academicians of researching phraseological units, comparing with each other, independently she conducted research.

**Key words:** phraseological unit, national nature, spiritual outlook, national knowledge.

Кез келген халықтың ұлттық қазынасы тіл болып табылады. Тілді қай ұлттың болмасын өзіндік сипаты, келешегі, ертеңі мен бүгіні, ғасырлар тоғысындағы тарихын жеткізушісі ретінде танымыз. Ұлттың тілі болмаған жерде ұлттық мәдениет те болмайды. Кез келген халықтың дүниетаным көзқарасы ұлттық тілінде көрініс табады.

Қазақстан тәуелсіздік алып, ұлттық тіліміздің мәртебесі күннен күнге өсуде. Алайда ұлттық тілдің өрісін күні бүгін кеңейте алмай келе жатқанымыз айдай анық. Алаш азаматтарының ірі өкілі Халел Досмұхамедұлы: «Біздің тәжірибемізде қазақ тілі- бай тіл. Тек сөздері ғылым жолына салынып реттелсе, ешбір жұрттың тілінен кем болатын емес, бұған илануымыз қажет» деп айтып өтті. Міне, әлемге әйгілі жұрт өкілдерінің қазақ тілі, және оның алатын орны жайлы пікірлерін жинақтай келе, ұлттық тіліміздің мәртебесін түсінеміз [1,26].

Қазіргі таңда алдымыздағы тұрған ең басты міндет ұлттық тілімізді Қазақстан мемлекетінің бүкіл күнделікті және ресми өмірінде, қоғамдық тіршілігінің барлық саласында қолданылатын құрал ретінде өрісін кеңейту болып табылады. Қазір тіл мәселесінің осындай практикалық жағына қалың көпшіліктің назары аударылып отырған шақта тіл білімінің қайта қарастыратын, әлі де жетілдіретін жақтары аз емес. Соның бірі- іскерлік дискурста пайдаланылатын фразеологизмдер.

Фразеологизмдер- ауызекі және жазба әдебиетте ерекше орын алатын, кез келген халықтың ойлау ерекшелігін, даналығын айғақтайтын тілдің айшықты да, мәнерлі бай саласының бірі. Халқымыздың тіл қазынасының бір бөлігі бола отырып, ұлттық тіл байлығымыздың нағыз қайнар көзі ұрпақтан ұрпаққа өте келе өз маңызын жоғалтқан емес.

Ұлттың рухани дүниетанымын, салт-санасын, ұлттық мінезін өн бойына жинап, сан ғасырлар өтсе де санадан өшпейтін ұлт тіліндегі асыл қазыналардың бірі- фразеологизмдер. Халық ғасырлар бойы аз сөзбен көп ойды жеткізетін нақты, көркем сөз оралымдарын пайдаланып отырған. Халықтың әдет-ғұрпы, салт-санасы, күнделікті өміріне байланысты туындаған ұлттық-мәдени ақпарат мазмұнын танытатын нышандар болып есептеледі. Бұл жөнінде «Белгілі бір тілдің фразеологиялық тіркесінің ерекшелігі оның тек ішкі тілдік құрылысымен ғана емес, сол фразеологиялық тіркестерде бейнеленген ұлттық мәдениеттің деректерінде бірегейлігімен де сипатталады. Атап айтқанда, ұлттық фразеологиялық тіркестердің қайталанбастығы лингвистикалық негізде ғана емес, сол халыққа ғана тән ұлттық құбылыстарды экспрессивті түрде атауға қызмет ететін экстралингвистикалық себеп ұлттық мәдениет негізінде де қалыптасады» [2,89] - деген пікір білдірген болатын. Сондықтан да фразеологиялық тіркестер «тіл иесі халықтың күллі дүние ғалам жайлы ұғым түсініктерінің, өзін қоршаған шындық болмысты қабылдауының, мүшелей тануының өзіндік ерекшеліктеріне байланысты тіл- тілде өзгеше болып өрілетін ғаламның тілдік бейнесін жасауға қатысатын әсем де әсерлі сөз өрнектері, тілдік метафоралық композициялар» [2,54], - ретінде таныла келе, өзінің бейнелілігімен, экспрессивтілігімен көңілге қонымды, ерекше әсерлі дүниелер болып табылады.

XX ғасырдың соңғы он жылдығы тарих сахнасында ұлт мәдениетін таразылау, әсіресе бұрынғы кенестік жүйеде өмір сүрген сан ұлттар тарихын зерделеу кезеңі болды. Соның ішінде бұған дейінгі тіл тағдырының кешегісі мен бүгінгісі, болашағы туралы айтылған талай «терең ойлар» қайта қаралып, ғасыр соңында тарихтан алған бағасы бойынша әр ұлттың өз ортасында өмір сүруі, ана тілімен тіршілік етуі, «қазақ қазақпен қазақша сөйлесу» сияқты ұлт тағдырына тікелей қатысты осындай маңызды мәселелер мемлекет саясаты тұрғысында айқындалып отыр.

Әр ұлт өз жоғын өзі түгендеп жатқан мына заманда туған тіл тағдыры тек өз ұлтының қолында. Ұлт мәдениетінің қайсысын алсаңыз да, онда сол ұлттың бүкіл таным болмысы мен тұрмыс, тіршілігінің суреті сақталған. «Халықтың мәңгілік мәселесі болған тіл» (Ғ.Мүсірепов) - қашан да ұлт айнасы [3,121].

Адамзат тарихы шексіз өрлеу үстінде сияқты көрінгенмен, ардайым өзін-өзі қайталай беретіндігі, ең алдымен, тіл арқылы ілім-білімін, мәдениетін түгендей жүретіндігінен байқалады. Өркениет заманы қаншалықты шарықтау шыңына шыкса да, ұлт мәдениетін ұлт тілінен бөліп алып дамыту ақылға сымайтын дүние. Ұлт болашағы тіл болашағы ретінде, өткен өмір өрнектері ұлт мәдениетінде материалдық негіз ретінде қаланып, ал оның сыры мен сымбаты тілде ғана өшпей қалған.

Қазақ тілінің болашағы – өткенді білуімен құнды болмақ. Өткенді білу дегеніміз - қазақ ұлтының мәдени өмірінің ерекшеліктері ретінде танылатын тілдік бейнелі сөз орамдары фразеологизмдерінің ұлт мәдениетін танытудағы рөлін бағалау, түсіну. Ішімдегі - тілімде, тілімдегі - сөзімде дегендей, тілімізде кең қолданыста жүрген тұрақты сөз тіркестері, мысалы жағымпаз- шашбауын көтеру, құрдай жорғалау, табанын жалау, қойны - қоншына кіру, сақтау - көздің қарашығындай сақтау, тісін-тісіне қойып сақтау т.б. қазақ ұлтының өзге ұлттардан менталдық айырмашылығын көрсететін салт, дәстүр ерекшеліктерін білдіретін тұлғаларын талдау - тіл арқылы ұлт мәдениетін тану болмақ.

Әр адам ұлт тілінің өкілі ретінде өз болмысы мен танымдық, интеллект қасиеттері арқылы дараланып көрінеді, әрі сол ұлт тілін дамытуға, сөздік құрамын байытуға үлесін қосады. Яғни, ұлттың рухани мәдениетін қалыптастыруда жеке тұлғаның ықпалы ерекше. Бұл әсіресе ұлт тіршілігінен және ұлттың менталдық өрісінен хабардар ететін ұлттық мәдени компоненті бар фразеологизмдердің қатарынан анық байқалады.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдер айналадағы қоршаған заттар мен құбылыстарға этнос тұрғысынан баға беру, сипаттау арқылы сол ұлттың менталитетін, көзқарасын, дүниетанымын аңғартады. Ұлттық менталитет, оның тіл арқылы мәдениеттанудағы орны туралы ғылым салалары әлі ауыз тұшытарлық анықтама, ізденіс пікірлерді де өз деңгейінде айта алмай келеді. Әрине, мұның көптеген әлеуметтік себептері де баршылық. Ұлттық ерекшелік болмаса, ұлтқа тән көзқарас, өзіндік дүниетанымымен, басқалардан айырмашылығымен еленбесе, әрі бұл қасиеттердің барлығы ұлт тілінде сақталып жеткізілмесе, онда менталитет туралы айту қиын. Менталитет сол ұлт жасаған, ұрпағына қалдырған материалдық және рухани мәдениеттерінде ғана сақталады [4,94]. Өркениеттің жаппай дамуы ұлттар арасына ортақ мәдениеттің материалдық үлгісін әкелуі мүмкін, бірақ рухани мәдениет қашанда жалқылықты танытады. Ұлт ерекшеліктерін осы жалқылықтан көбірек іздеуге тура келеді. Белгілі бір кезең немесе белгілі бір әлеуметтік топтың беймәлім құбылыс ретінде танылатын өзіндік ойлауы мен ұлттың өзіндік ерекшеліктерін тануға оның тілі ғана жәрдем бере алады. Әсіресе сөздік қорындағы бүкіл фразеологиялық құрам – сол ұлттың тілдік әлемін бойына жинақтаған ой сандығы іспеттес. Менталитеттің лингвистикалық жағын сөз етсек, онда тіл ұлттық менталитетті жасайды, қалыптастырады. Мысалы, мұсылман халықтарында ұқсас менталитеттің болуын, олардың бір дінге бас қосуынан, яғни, дін бірліктері байланысынан деп түсіну керек. Өйткені олар ғасырлар тоғысында адамгершіліктің жарқын идеяларын «Құранға» қарап түзеп, жақсартып отырды. Содан мұсылмандардың бүкіл мінез - құлқы, ойлау ерекшеліктерінің кейбір көріністері дін арқылы ортақтастық тапты. Ойдың мазмұндық жағы тілде де бірыңғай мақал- мәтелдер мен бейнелі сөз орамдарын туғызды. Мысалы, мақал мәтелдер мен фразеологизмдер соның айғағы.

Бұрын мәдениет жеке адамның азығы ретінде өз тілінде, өз тұрмыс- тіршілігінде, тәжірибесінде әр кез көрінер болса, мына өркениет заманында, қайсыбір дүниетаным ерекшеліктерінің рухани қабаты жазба мәдениеттерде қатталып қалып жатыр. Тілдік ортада кейбір көркем сөз мысалдары толық қамтылмай, жетпей, естілмей жатады. Адамзат мәдениетінің ұлан - ғайыр тілдік қорындағы, фразеологиялық материалдарындағы үлес салмағында толығы, жаңару процестерінде бөлек үрдіс қалыптасуы мүмкін. Келер ғасырларда қазақтың ұлттық менталитеті қалай болады, образбен ойлау шегі қандай материалдық көріністермен алмасып отырады, қалыптасатын фразеологизмдерде қандай ұлттық мәдени ерекшеліктер сақталады деген сияқты сұрақтар көпшіліктің ойында. Алайда,

құрамында ұлттық - мәдени компоненті бар фразеологизмдерді зерттеп, анықтау арқылы тіркестердің контекстегі құрылысы мен семантикалық - грамматикалық тіркесімділік шарттарын бірізділікке салса, бұл ұлтымыздың менталитетін айқын ашып, қазақ тілінің қаншалықты бай екендігіне көптің көзі жетпек деген ойдамыз.

Халық, ұлт өмірінің мәдени аспектілерін тану үшін тілде қалыптасқан фразеологизмдердің маңызы ерекше. Ұлт топырағында тамырланып, нәр алған халық тіліндегі сөздер мен фразеологизмдер ғана ұлт ерекшелігі, менталитетін анықтап бере алады. Ұлттық өмірдің айнасы болып табылатын құрамында ұлттық мәдени компоненті бар фразеологизмдердің орны әлемнің тілдік бейнесін жасауда ерекше. Оны танымдық тұрғыдан талдау адамзат өркениетіндегі ұлттық мәдениеттің табиғатын ашуға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Сонымен, құрамында ұлттық мәдени компоненті бар фразеологизмдерді ата-бабаларымыздан ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырған, бүгінгі күнге дейін өз дәрежесін және маңызын жоғалтпаған тіл өнеріндегі аса баға жетпес қазынамыз деп білеміз.

Тіл – ғасырлар жемісі демекші, қарастырып отырған тіл білімінің бір саласы – фразеологизмдерді жан-жақты зерттегеннің өзінде әлі де талай ашып, зерттелетін қыр-сырлары бар деген қорытындыға келмекпіз, себебі ұлттық тіліміздің күре тамырына үңілетін болсақ, бірталай мәселеге тоқталуды қажет етеді. Қазақ тіліндегі ұлттық - мәдени компоненті бар фразеологизмдерді кең көлемде зерттеу қажеттігін жоққа шығаруға болмайды. Фразеологизмдерге байланысты тіл байлығымыздың әлі зерттелмеген қыр-сырларын толық ашпаған себептерге байланысты, алдағы болашағымызда фразеологизмдерді топтастыру мәселесі қайта қарастырылуы әбден мүмкін деген ойдамыз [4,42].

Екі немесе одан да көп сөздерден құралып, бір ғана лексикалық мағына беретін сөздерді фразеологизмдер дейміз. Фразеологизмдер ауыз және жазба әдебиеттерде көптеп кездеседі. Фразеологизмдер сөз өнерін байыту үшін ақын немесе жазушының ойын әсерлі етіп жеткізу үшін жұмсалады. Белгілі бір халық жөніндегі мәдени құндылықтарды жеткізушісі тіл десек, оның ішінде демек, фразеологизмдер адамдардың, халықтың тарихи қалыптасу, даму кезеңдеріндегі күллі тіршілік тынысын танытушы саналады. Жалпы «фразеология» термині тіл білімінде екі түрлі мағынада қолданылатынын айтып өткенді жөн көрдім. Бірінші мағынасы «белгілі бір тілдегі тұрақты тіркестердің тұтас жиынтығы», екіншісі – «тілдегі тұрақты тіркестерді зерттейтін тіл білімінің саласы» деген мағынада қолданылады. Олар басқа тілдік бірліктерден экспрессивті бейнелілігімен қоса, мағына тұтастығы, тіркес тиянақтылығы, қолданылу тиянақтылығымен басқа тілдік бірліктерден ерекшеленеді.

Фразеологизмдерді бірнеше ғалымдар зерттеген. Солардың бірі орыс лингвисті, академик В.В.Виноградов фразеологизмдерді үш топқа бөледі:

1. Фразеологиялық тұтастық – тіркестің білдіретін ұғымы құрамындағы сөздердің мағыналарымен сәйкес келмейді. Мысалы: *үріп ауызға салғандай, қой аузынан шөп алмас*.

2. Фразеологиялық бірліктердің білдіретін ұғымы тіркестің құрамындағы сөздермен мағыналық жағынан белгілі бір дәрежеде байланысты бейнелілігі, әсерлілігі жоғары болады. Мысалы: *аузына құм құйылу, екі езуі екі құлағына жету*.

3. Фразеологиялық тізбектің білдіретін ұғымы құрамындағы сөз мағыналарымен байланысты болғанмен, бейнелілігі төмен болады. Мысалы: *кеудесін көтеру, мойнына су кету* [5,31].

Алайда қазақ ғалымы Кеңесбаев фразеологизмдерді фраза және идиома деп екі топқа бөледі. Мұндағы идиома дегеніміз Виноградовтың фразеологиялық тұтастық деген пікірімен сәйкес келсе, фраза Виноградовтың фразеологиялық бірлік деген пікіріне сәйкес келеді. Сонымен қатар Кеңесбаев мынадай ой тұжырымдайды: фразеологиялық тіркестердің варианттары өте жақын, іштей өзектесіп жатады, айырмасы – тіркес жүйесіндегі бір немесе бірнеше компоненттері өзге сөздермен алма-кезек ауысып жатуында. Мысалы: *өш алу – кек алу; тыныс алу – дем алу; ашуына тию – шамына тию, намысына тию, т.б.* Ал синонимдер арасында жалпы мағына жуықтығы болғанымен, бірінде бар компонент екіншісінде ұшыраспайды. Яғни, синонимдес фразеологизмдердің компоненттері еш уақытта екі рет қайталанбайды. Мысалы: *жаны тырнағының ұшына келу, төбе шашы тік тұру, көзі алақандай болу, тұла бойы түршігу* [6,257].

Қазақ тіліндегі фразеологиялық тіркестерге мыналар жатады: фразалар және идиомалар. Аталған тіркестердің әрқайсысы жеке сөздерден құралып, күрделенген номинатив орайында жұмсалады да, сөйлемнің мағынасымен ортақтасып, экспрессивті эмоциялы бояулармен ауызекі тілінде де жазба тілінде де қолданылады.

Экспрессивті тұрақты сөз тіркестері әртүрлі көңіл-күйге байланысты қолданылады. Мысалы: «іске сәт», «неткен сұмдық» секілді экспрессивті сөз тіркестері әртүрлі жағдайларда қолданылады.

Эмоциялық-экспрессивті сөз тіркестерін екі топқа бөлуге болады. Бірінші топқа адамның түрлі көңіл-күй, мінез-құлқын сипаттайтын, жақсы көрумен, еркелетумен байланысты жағымды образдарды жатқызуға болады. Мысалы: «үріп ауызға салғандай», «көзімнің қарашығы», «жан қалқам», т.б. Ал екінші топқа жағымсыз образдарды жатқызуға болады. Мысалы: «емешесі құрыған», «сор маңдай», т.б.

Қазақ тілінде, басқа тілдердегідей бірқатар сөздер тобы тұрақталған тіркес қалпында жұмсалады. Мысалы: «Төбеден түскен түнек жаудың үрейін ұшырып, есінен тандырды». Бұл сөйлемдегі «үрейін ұшырып», «есінен тандырды» келтірінді мағынада жұмсалған. Сол себепті «үрейім қалмады», «зәрем ұшты» секілді сөз тіркестері (қатты қорықтым) деген мағынаны береді. Бұл жағынан осы тіркестерді құс ұшты, қарға ұшты, ұшақ ұшты тәріздес сөз тіркестерімен тең қоюға болмайды [7,136]. Тұрақты тіркестер екі түрге бөлінеді, мысалы: идиомалық тіркестер, фразалық тіркестер.

Идиомалық топқа жататын тұрақты тіркестер құрамындағы сөздердің байланысы берік болады, олардың тұтас тұтас болып тұрғандағы мағыналарына қатысы болмай, мүлде бөтен мағына береді. Мысалы: «қабырғаңмен кеңес» (ойлан), «қой аузынан шөп алмас» (жуас), «салы суға кетіп отыр» (көңілсіз), т.б.

Фразалық топқа жататын тіркестер – тұрақты тіркестердің бірқатар мағынасы оларға қатысып тұрған сөздердің бірі болмаса, бірінің лексикалық мағынасымен байланысы болады. Мысалы: «таяқ жеу» (соғылу), «бас көтеру» (қарсылық ету), «жаны ашу» (аяу), «есінен шығу» (ұмыту).

Смирницкий фразеологиялық тіркестерді фразеологиялық бірлік және идиома деп екі топқа бөледі. Фразеологиялық: *get up, fall in love* секілді етістіктерді жатқызады. Ал идиомаға ауыспалы, метафоралық мағынада қолданылатын сөздерді жатқызады. Мысалы: *take the bull by the horns* действовать решительно (қазақша сөзбе-сөз аударғанда өгізді мүйізінен ұстау) ал нақты мағынасы «оқиғаны оздырмай бірден қолға алу» [7,175].

1 Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – 618 б.

2 Болғанбаев Ә., Қалиев Ф. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. – 255 б.

3 Қоңыратбаева Ж. ХХ ғасыр басындағы қазақ прозасы тіліндегі фразеологизмдер: Филол. ғыл. канд. дис. автореф. – Алматы: 2002. – 213 б.

4 Смағұлова Г. Фразеологизмдердің синонимдік қатарлары // Тіл тарихы және сөз табиғаты. – Алматы: Ғылым, 1997. – 436 б.

5 Виноградов В.В. Основные понятия русской фразеологии как лингвистической дисциплины // В.В.Виноградов. Избран. труды. Лексикология и лексикография. - М.,1997. – 531 с.

6 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. –712 б.

7 Сатенова С. Қос тағанды фразеологиялық тіркестердің авторлық қолданысына қарай өзгеруі // Тіл тарихы және сөз табиғаты. – Алматы: Ғылым,1997. – 346 б.

**Жұмабаева Ж.Т.**

*Абай атындағы ҚазҰПУ-дың аға оқытушысы, ф.ғ.к.*

## **САХНА ТІЛІНДЕГІ ЕКПІННІҢ СЕГМЕНТТІ ЖӘНЕ СУПЕРСЕГМЕНТТІ ДЕҢГЕЙДЕ ЗЕРТТЕЛУІ**

**Түйіндеме:** Қазіргі қазақ тіл білімінде екпін мәселесі әлі де зерттеуді қажет етеді. Себебі екпін проблемасы қазақ тілтануында сегментті фонетика және суперсегментті фонетика тұрғысынан қарастырылып жүр. Сегментті фонетика тұрғысынан екпіннің кульминативті түрі анықталып отырса, ал суперсегментті фонетикада екпіннің делимитативті және т.б. түрлері анықталады. Осымен байланысты мақалада қазақ тіл біліміндегі екпін мәселесі сөз етіледі және оның қызметі сахналық қойлымдардағы мәтіндермен сипатталады. Сонымен қатар мақалада орыс тіл білімінде сахна тілін қарастырған ғалымдардың зерттеулеріндегі ғылыми тұжырымдарға талдау жасалады. Сондай-ақ қазақ тіл білімінде сахна тілін арнайы қарастырған зерттеушілердің еңбектеріндегі тұжырымдар келтіріле отырып, олардың ғылыми пікірлері талданатын мәтіндерге ғылыми негіз болып, нәтижесінде алынып отырған сахна қойылымдардағы мәтіннің интонологиялық ерекшелігі сипатталады. Сахнаға шыққан актер өзінің шеберлігі арқылы рөлді сомдап шығатын образ ғана емес, сонымен қатар дұрыс сөйлеуді нұсқаулайтын және сөз мәдениетін тыңдаушының зердесіне жеткізетін адам. Сондықтан сахнада рөлін сомдайтын актердың жазба тіл мен ауызша тілдің өзара айырмашылықтары мен принциптерін игеруі, осымен байланысты жазба тілді ауызша кодқа салып дұрыс сөйлей білу мәнері туралы мәселелер тілдік деректер негізінде талданады. Сегментті және суперсегментті деңгейде қарастырылып отырған сахна тіліндегі екпіннің қызметін көрсетуде белгілі бір мәтін негізге алынып отырғандықтан, олардың ерекшеліктері ғылыми тұжырымдар арқылы анықталып отыр. Сондай-ақ мәтін ішінде кездесетін апакопа, редукция, элизия сияқты фонетикалық процестер мен құбылыстар ғылыми деректер негізінде талданып беріледі.

**Тірек сөздер:** сегмент, суперсегмент, орфоэпия, дыбыс, жазба тіл.

**Аннотация:** Современное состояние казахского языкознания требует отдельного изучения проблемы ударения. Так как проблема ударения в казахском языкознании рассматривается подходами сегментарной и суперсегментарной фонетики. Подходы сегментарной фонетики определяют кульминативный вид ударения, а суперсегментарная фонетика определяет делимитативный и другие виды ударения. В связи с этим в статье обсуждается проблема ударения в языкознании и описывается ее функция посредством текстов сценических представлений. Наряду с этим в статье анализируются научные утверждения ученых, которые изучали сценический язык в русском языкознании. К тому же приводятся научные утверждения ученых, посвятившие свои исследования изучению сценического языка в казахском языкознании, а также описывается интонологическая особенность текстов сценических представлений. Задача актера заключается не только в мастерстве подачи своей роли. Актер должен пропандировать правильное произношение слов и донести культуру речи до зрителя. Поэтому проблемы освоения актером особенностей и принципов устной и письменной речи, а также манера правильно поставленной речи актера через проецирование письменной речи в устную анализируется на основе языковых данных. В данном случае берется определенный текст для выражения функции ударения на сценическом языке, которая рассматривается на сегментарном и суперсегментарном уровне и соответственно определяются их особенности посредством научных утверждений. Наряду с этим на основе научных данных дается анализ таким фонетическим процессам и явлениям как апакопа, редукция и элизия.

**Ключевое слова:** сегмент, суперсегмент, орфоэпия, звуки, письменные языки

**Abstract:** The modern state of Kazakh linguistics requires the separate study of problem of accent. Because the problem of accent in Kazakh языкознании is examined by approaches of сегментарной and суперсегментарной phonetics. Approaches of сегментарной phonetics determine the кульминативный type of accent, and суперсегментарная phonetics determines делимитативный and other types of accent. In this connection in the article the problem of accent comes into question in linguistics and her function is described by means of texts of stage presentations. Side by side with this scientific claims of scientists that studied a stage language in Russian linguistics are analysed in the article. Scientific claims of over scientific are besides brought, the devoting researches to the study of a stage language in Kazakh linguistics, and also the интонологическая feature of texts of stage presentations is described. The task of actor consists not only in mastery of serve of the role. An actor must пропандировать correct pronunciation of words and to carry the culture of speech to the spectator

**Key words:** segment, supersegment, orthoepy, sounds, written languages.

Жалпы сахна тіліндегі орфоэпия мәселесі орыс тіл білімінде де сөз болып, соның негізінде көптеген ғылыми зерттеулер жарық көріп отырды. Нақты айтқанда, 1950ж. шыққан Р.И.Аванесовтың “Русское литературное произношение” атты кітабы орфоэпия бойынша анықтамалық еңбек болып

табылды және онда сахна тілінің орфоэпиясы мәселе етіп көтерілді. Бұл кітап 1997 жылы Красноярда шыққан “Фонетика-орфоэпия-письмо”, Санкт-Петербургта 1985 жылы шыққан “Теория и практика сценической речи”, 1997 жылы Л.И.Вансовскаяның “Практикум по технике речи” атты еңбектерімен салыстырғанда алты рет өңделіп шығып отырды. 1948 жылы шыққан Г.О.Винокурдың “Русское сценическое произношение” атты зерттеуін ерекше айтуға болады. Себебі орфоэпияға ерекше назар аударған ғалым мынадай пікір білдіреді: “Наш театр не ставит перед собой сколько-нибудь сознательно проблемы языка на сцене... Если задача актера – в совершенстве владеть своим сценическим материалом – посылайте его в школу орфоэпии”.

50 жылдардың ортасында Г.О.Винокур мен Р.И.Аванесовтың шәкірттері, Мәскеу лингвистикалық мектептің өкілдері болып табылатын И.С.Ильинский мен В.Н.Сидоровтың “О сценическом произношении в Московских театрах” атты еңбектері жарық көреді. Аталған еңбекте актердың ауызша сөйлеуіндегі орфоэпиялық нормалар спонтанды жағдайда қарастырылады. Мәскеу лингвистикалық мектеппен қатар Санкт-Петербург университетінің ғалымдары да сахна тілінің проблемасын алға тартты. Нәтижесінде, 1985 жылы “Теория и практика сценической речи” атты ғылыми жинақ жарық көреді.

Жоғарыда аталған орыс ғалымдары өз еңбектерінде сахна тілінің проблемасын көтеріп, ондағы актердың шеберлігі мен олардың орфоэпиясын сөз етіп отырды. Айталық, Г.О.Винокур “Русское сценическое произношение” атты еңбегінде сахнадағы ауызша сөйлеудің екі қызметін көрсетеді: жалпы – ақпараттандыру (сообщение) функциясы және сөйлеудің әдемі, мәнерлі функциясы. Мұның екіншісі актердың дауысы, ым, киімімен байланысты. Г.О.Винокурдың “Сценическая речь тем лучше будет отвечать своей цели, чем более незаметным, нейтральным будет произношение актера” деген пікірін ұстанушылардың бірі М.В.Панов “О русской орфоэпии” атты өз еңбегінде мынадай факторларды ескеру керектігін айтады: 1) әдеби тілмен сәйкестігі, 2) тілдің даму заңдылықтарымен сәйкестігі, 3) варианттың қолданысы, 4) орфоэпиямен сәйкестігі. Орыс тіл білімінде сахна тілі әдеби тілдің ауызша формасына ықпал етуші фактор ретінде қарастырылғанын көреміз. Қазақ тіл білімінде де мұндай мәселелер көтеріліп сөз болғаны белгілі.

Қазақтың сахна өнері 1940 жылдың 30-қазанында Қазақ драма театрында қойылған «Абай» трагедиясымен басталды. Содан бері арада бірнеше жыл өткенен кейін бұл қойылым қайта сахналанып, бүгінде көркемдік ғұмыры ұзақ туынды болып келе жатыр. Осы сияқты көптеген қойылымдар халықты эстетикалық адамгершілік пен ізгілікке тәрбиелеп қана қоймайды, сонымен қатар дұрыс сөйлей білуге, айтпақ ойды анық жеткізуге бірден-бір әсер етеді. Қазақ тіл білімінде орфоэпия мәселесі 1912 жылдары ғалым А.Байтұрсынұлы еңбегінен бастап сөз етілді. Ғалым өз еңбегінде арнайы орфоэпия деген терминді қолданбаса да, оның өзіндік қызметі мен орфографиядан ерекшелігін көрсетті. А.Байтұрсынұлы осымен байланысты мынадай пікірі білдірді: “Оқу үйренгендегі бас мақсат – керек сөзді жаза білу, жазылған сөзді оқи білу. Сөз – дыбыстың мағыналы болып тізілгені. Сөз айту – дыбысты ауызбен тізу. Сөз жазу – дыбыстардың белгісін қағаз бетіне тізу” [1].

Айталық, көптеген елдерде сахна тілі дұрыс сөйлей білудің эталоны болып табылады. Сахна тілі – халықты жүзбе-жүз көріп отырып, мәдениетті, әдебиетті, өнерді, саясатты, басқа да мәселелерді уағыздайтын, халықтың санасына сіңіріліп, ұрпақты тәрбиелейтін тіл [2]. Сондықтан да сахнаға шыққан актер өзінің шеберлігі арқылы рөлді сомдап шығатын образ ғана емес, сонымен қатар дұрыс сөйлеуді нисахаттайтын және сөз мәдениетін тыңдаушының зердесіне жеткізетін адам. Олай болса, сахнаға шығатын актер жазба тіл мен ауызша тілдің өзіне тән ерекшеліктерін білуі керек. Осымен байланысты Қазақ орфоэпиялық сөздігіндегі жалпы халыққа түсінікті қағидалар мынадай түрде берілген:

әдеби тілдің орфоэпиялық нормасы жергілікті ерекшелікке қарама-қарсы қойылады;

әдеби тілдің орфоэпиялық нормасы, бейәдеби қарапайым сөйлеу тіліне тән дыбыстық элементтерге қарама-қарсы қойылады;

әдеби тілдің орфоэпиялық нормасы, ескі қазақ жазба тілінің дыбыстық элементтеріне қарсы қойылады;

әдеби тілдің орфоэпиялық нормасына жазба тілдің емлесінде көрсетілген нормаға қарама-қарсы қойылады. Әдеби тілдің орфоэпиялық нормасына байланысты қиындықтың бірі жазу тәртібімен байланысты, өйткені жазба сөздің өзіне тән жүйесі бар да, ауызша сөздің өзіне тән жүйесі бар, сондықтан ауызша мәтінді оқығанда жазба сөзге тән кодты ауызша сөзге тән кодқа көшіре білу қажет [3]. Жоғарыда беріліп отырған *әдеби тілдің орфоэпиялық нормасы бейәдеби қарапайым сөйлеу тіліне тән дыбыстық элементтерге қарама-қарсы қойылады* деген тұжырымға сәйкес академик Р.Сыздық



ауызша сөйлеудің екі түрін көрсетеді. Оның бірі – күнделікті тұрмыста қолданылатын ауызекі сөйлеу тілі болса, екіншісі – топ алдында ауызша сөйлеу. Сахна тіліндегі актердың топ алдындағы сөзі ауызша сөйлеуге жатады. Ауызша тілге қарама-қарсы қойылатын өзіне тән жүйесі бар жазба тілдің өзіне тән ерекшелігі бар [4]. Осымен байланысты Құралай Күдеринова өз еңбегінде қазақ тіл біліміндегі жазудың ұғым теминдерін төмендегідей жіктеп көрсетеді:

ойды, айтылған сөзді қағазға түсіру, таңбалау процесі;

осы процесс арқылы жазба мәтін құрау (хат жазу, арыз жазу, ойды жазба тіл арқылы сыртқа шығару);

белгілі бір тілдің жазба тіліне қызмет ететін графикалық жүйе (мысалы, араб жазуы);

жазба тіл жүйесі (қоғамдық таңба, тілді реализациялайтын жүйе);

жазылған дүниенің сыртқы формасы, қолтаңба (менің жазуым жаман деген мағынада) т.б. [5].

Жоғарыда берілген тұжырымдардан жазба тіл мен ауызша тілдің өзіне тән нормалары бар екендігін білдік. Сонымен қатар Қ.Күдеринова өз тарапынан ауызша тілге байланысты мынадай ерекшеліктерді көрсетеді:

ауызша тіл дегеніміз ішкі сөйлеуді ауыз мүшелерінің қозғалысы арқылы дыбыс толқындарымен сыртқа шығаратын, белгілі бір тілдік таңбаға кодталған, естілетін және айтылатын тілдік жүйе немесе ойдың дыбысталуы, ойдың дыбыстық кодқа айналуы;

ауызша тіл – уақыт пен кеңістік жағынан мобильді, айтылатын сөзді сол мезетте сол қалпында қайталау мүмкіндігі жоқ [5].

Осы айтылған тұжырымдардың ішінде ауызша тіл уақыт пен кеңістік жағынан мобальді. Бір мезетте ауыздан шыққан сөзді екінші рет қайталау мүмкіндігі болмайды деген пікір сахнада образын сомдаушы актер үшін аса қажет. Себебі актер жазушының шығармасын тыңдаушысына әсерлі, айқын жеткізуде мәтінмен ұзақ жұмыс жасайды. Сондықтан актер дикция, тыныс, дауыс, орфоэпия, ауызекі сөздің логикалық-интонациялық заңдылықтарын жақсы игеруде алдын-ала ұзақ жұмыс жасайтындықтан, оның қателесуіне болмайды. Осымен байланысты ғалым Н.Уәлидің пікірінше, әдеби тілдің ауызша нормасынан уәжсіз, мақсатсыз ауытқулардың салдарынан айтылған сөздің мағынасы тыңдаушы үшін бұлыңғыр тартып, тілдік қарым-қатынасқа қаяу түсіреді, бұл – бір. Екіншіден, дыбысталған сөздің өзіндік үйлесімі, үндестігі, ырғағы, әуені, әуезі болуға тиіс. Бұлар, бір жағынан, айтылған ойға, мағынаға қатысты болса, екінші жағынан естір құлаққа жағымды естіледі, естіген құлақтың айызы қанатындай болады. Сондықтан сөз аралығындағы дыбыстарды ықпалдастырып, сындырып айтудың, «қатқылдау» дыбыстарды «жұмсартып» айтудың эстетикалық мәні бар [4].

Қазақ тіл білімінде де сахна тілін мақалаларында арнайы қарастырған академик Р.Сыздық сахна өнерінің алғашқы буындары сөздің табиғатын дұрыс түсіне білгендігін, ал кейінгі жылдары актерлардың орфоэпиялық нормаларды бұзылып бара жатқандығын айтып өтеді. Ғалым қазақ тіліндегі дауысты, дауыссыз дыбыстардың үндестік заңының табиғи гармониясының сақталмауы; сөйлеу үстінде болатын логикалық паузалар, яғни ой екпіні түскен сөздерді сәл кідіріп бөліп айтуды біле бермеуі; әрбір сөйлемнің мағыналық интонациясын тап баса алмағандықтан, оның ішіндегі сөздерді дұрыс айта алмаушылық сияқты бірнеше қателерді атап көрсетеді. Шындығында, қазақ театрының майталмандары өз кезінде бір деммен, бір екпінмен үйлесіп, бір ырғақты топ құрайтын сөздерді бөліп-бөліп айтпаған, оның нақышын келтіріп, орфоэпиялық нормаға сәйкестендіріп халыққа түсінікті етіп жеткізген. Оны С.Альпатынаның «Сахна тілі интонациясының дискурстық сипаты» атты диссертациясында жасалған талдаулар арқылы білуімізге болады. Зерттеуде Ғ.Мүсіреповтың «Қозы көрпеш – Баян сұлу» пьесасынан алынған үзіндіге талдау жасалған.

М.Әуезовтың «Қарагөз» төрт актылы, жеті суретті трагедиясына талдау.

Қарагөз:

Не деймін?.. Не айтармын?.. Содан басқа істер шара қалмағаны да рас! Не бүгінгі күн бір-бірімізден айрылу, жат болысу... өлемін, үзілемін десем де, бүгін саған «ере алмаймын» деген жауабымды беру керек. Не болмаса – етегіңнен ұстау, еру!.. Мезгілдің өлім сағатындай бұйрық сағатына жеткені рас.

Айтылуы:

// Недейм?.. // Не айтармын?..// Содамбасқа // істер шара қалмағаны да//<sup>б</sup>рас!// Не бүгүнгүгүн // бір-бірімізден айрылу// жат болұсу...//өлөмүн, үзүлемін десем де, // бүгүн саған ералмайм деген// жауаб<sup>б</sup>ымды берүү керек//. Не болмаса – етегіңнен ұстау, еруу!..// Мезгілдің өлүм сағатындай // бұйрұқ сағат<sup>б</sup>на жеткені ырас//.

Берілген мәтін 15 синтагмадан тұр. Алғашқы сұраулы сөйлемдер жеке синтагманы құрайды.

*Недейм?* деген сөзде көсемше жұрнағынан кейін жіктік жалғауы түсіріліп айтылған. Осымен байланысты Р.Әмір өз еңбегінде «Тілімізде сұраулы сөйлем формасы тыңдаушыны бір іске қосу, жұмсау үшін де пайдаланылады. Мұндай сөйлемдер тұрткі сұрақты білдіретін сөйлемдер деп аталады. Іске жұмсаудың бұйрықты форма арқылы айтылмай, сұраулы сөйлем формасында айтылуы коммуникативтік мақсатқа байланысты. Ол мақсат-тілекті, іске жұмсауды ізетпен, сыпайы білдіру» деп береді. Яғни *Недейм? Не айтармын?* деген сұраулы сөйлемдерден кейіпкер Қарагөздің мақсат-тілегі көрінеді және тыңдаушысын сұрақ қою арқылы өзіне қаратып отыр. Мәтінде фонетикалық құбылыстарда кездеседі. Екпінге қатысты дыбыстық процесс нәтижесінде сөз соңындағы буын түсіп **апакопа** құбылысы болып тұр: *недейм*. Сонымен қатар *бүгүңгүгүн* деген тіркеске келетін болсақ, соңғы буынға дейін ерін үндесітігі сақталып тұр. Бүгінгі сөзі **н** дыбысына аяқталып, келесі сыңары **г** дыбысынан басталып, **н** дыбысы **ң** болып айтылып тұр. Қысаң дауыстылардың көмескіленіп келетін редукция құбылысы да мәтінде кездеседі: бірбірімізден айрылу, сағат<sup>на</sup>.

Ауызша сөйлеудің диалогтық және монологтық сияқты екі түрінің бары белгілі. Берілген мәтін Қарагөз бен Сырым екеуінің арасындағы диалогтан тұрады. Екеуінің арасындағы нәзік махаббат айтылады. Сондықтан болар Сырымға қаратылып айтылған мәтінде көбінесе сезім, болашаққа деген үміт басым. Олай болса, мәтін эмоционалды-экспрессивті бояуға толы.

Тіл білімінде коммуникация құрамы жағынан төмендегідей бөлінетіндігі белгілі:

- 1) интерперсоналды коммуникация – адамның ішкі монологы;
- 2) тұлғааралық коммуникация – екі адамның өзара пікір алмасуы;
- 3) топтық коммуникация – топ ішіндегі пікір алмасу, топтардың бір-бірімен пікір алмасуы.

4) жалпылық коммуникация – газет, радио, теледидар арқылы жүзеге асады. Олай болса, сахна тілі осы жалпы коммуникацияға жатады. Сондықтан сахнада рөлін сомдап тұрған актерға үлкен талап қойылады. Ол сөйлеу техникасымен қатар ауызша сөйлеуді жақсы меңгеруі тиіс. Осымен байланысты академик Р.Сыздық мынадай пікір білдіреді: «Қазақ әдеби тілінің барша заңдылықтарын, оның ішінде ауызша сөйлеу, әсіресе шаршы топ алдында сөз айту нормаларын бұзбай, дұрыс пайдалануда, тек пайдалану ғана емес, ол нормаларды көпшілікке үйретіп, таратуда, орнықтырып бекітуде балабақша тәрбиешілерінен бастап, мектеп мұғалімдерінің, институт, университет оқытушыларымен қатар, қазақ сахна қайраткерлерінің міндеттері мен қызметтері орасан зор екенін айту керек» [4].

Қазақ тіл білімінде орфоэпия тілдің айтылу нормасын қарайды, сондықтан екпін мен интонацияны орфоэпиядан бөліп қарауға болмайды деген пікір білдірген Ж.Аралбаевтың еңбегінде де дыбыстардың орфоэпиясы мәселе етіп көтеріліп өз деңгейінде қарастырылады. Ғалымның пікірінше, сөйлеу процесінде сөздер кей уақытта екпін мен интонацияға, сингармонизмге байланысты өзара тіркесіп, бір бүтін болып айтылуының орфоэпия үшін үлкен мәні бар. Бұл **элизия** процесінде көрініс табатындығын келтіре отырып, төмендегідей тілдік деректер келтіреді: қатар келген екі дауысты дыбыстың бірі түсіріліп айтылады. Мысалы: а – а – а, алат (ала ат). Осы сияқты бірнеше вариантын көрсетеді:

е – е – е: барсекен (барса екен), барамекен (бара ма екен?);

а – и – и: барсигеді (барса игі еді);

а – ө – е: қарөзек (қара өзек); қарөлең (қара өлең); қарөкпе (қара өкпе);

а – ү – ұ: арпұны (арпа ұны);

а – о – о: үлкен қарой (үлкен қара ой);

ы – а – а: Сарарқа (Сары арқа); Қандағаш (Қанды ағаш);

е – е – е: келсекен (келсе екен); келседі (келсе еді); келемекен (келе ме екен?); келермекен (келер ме екен?);

ы – е – е: Сарөзек (Сарыөзек);

і – е – е: барсигеді (барса игі еді).

Мұндай процес сахна тілін арнайы зерттеген ғалым Р.Сыздықтың да еңбегінде қарастырылды. Ғалымның пікірінше, бір әуенмен (ырғақпен) айтылатын екі сөздің арасындағы (алдыңғы сөздің соңғы дыбысымен келесі сөздің басқы дыбысы) дауыстылардың бірі “жұтылып» кетеді, дәлірек айтсақ, соңғысы алдығысын соңғысы жұтып қояды. Мысалы, Сары арқа деген екі сөз бір әуенмен, яғни қосылып айтылуға тиіс, сондықтан оның дұрыс дыбысталуы – сарарқа [4].

Қорыта келгенде, сахна тілі қазақ әдеби тілдің ауызша формасын қалпына келтіруге ықпал етіп, дұрыс сөйлуге, ойды анық жеткізуге әсер етеді

- 1 Байтұрсынұлы А. Тіл Тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
- 2 Тұранқұлова Д. Сахна тілі. - Алматы: Білім, 2011. - 262 б.
- 3 Орфоэпиялық сөздік. - Алматы: Арыс, 2007. -800 б.
- 4 Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. - Алматы, 2000. – 394 б.
- 5 Күдерінова Қ.Қазақ жазуының отногенезі. - Алматы, 2006. - 407 б.

ӘОЖ 801. 316. 3: 008: 7 = 811. 512. 122

Сүлеева Г.С.

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының  
доценті, филология ғылымдарының кандидаты

## МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ

**Түйіндеме:** Мақалада халықаралық терминдердің тәуелсіздік алғаннан кейін қалыптасуы, қазақша баламаларының қолданысы, ұлт тілінде термин жасау ісі қарастырылады. Егемендік алғаннан кейінгі кезеңде түрлі басылымдарда, басқа да ақпарат көздердерінде көрініс тауып жүрген халықаралық мәндегі терминдердің қолданысы мәдениет және өнер саласындағы терминдер негізінде келтіріледі. Мәдениет және өнерге қатысты терминдер негізге алына отырып, термин қалыптастыру үдерісінде жаңа қағидаттарының пайда болуы сөз болады. Тілші ғалымдардың қазақ терминологиясын қалыптастыруда ұстанған ұстанымдары, халықаралық терминдерді аудару-аудармау мәселелеріне байланысты пікірлері айтылады. Академик Ә.Қайдардың заман талабына сай ұсынған 11 қағидатына тілші-ғалымдар Ә.Айтбайұлы мен Ш.Құрманбайұлының пікірлері талданады. Олар аталған осы қағидаттардың қазіргі ұлттық терминологияны қалыптастыру ісінде басты, негізгі деген қағидаттарын атап, оларға қатысты өз дәлелдерін келтіреді. Төл терминологиямызды қалыптастыруда туыстас түркі тілдерінен және туыстығы жоқ тілдерден термин қабылдау қағидатының ұтымды екендігін көрсетеді. Дегенмен, мәдениет және өнер саласына қатысты көптеген кірме терминдерді ешбір өзгеріссіз сол қалпында қалдырудың да өзіндік ерекшеліктері бар екендігі белгілі. Бұл – бұрынғы кеңес үкіметі кезеңінде қалыптасқан қағидаттар ықпалынан шыға алмай отырғанымыздың көрінісі. Өзге елдерден дайын терминдердің өзгертпей қабылдай бергеннен, ұлт тілімізде термин қалыптастыруды қарастыру қажеттігі айтылады. Осыған мазмұнда пікірді алаш зиялылары және кейбір орыс ғалымдары айтқаны белгілі. Тіліміздегі мәдениет пен өнер саласына қатысты терминдердің дұрыс қазақша балама тауып, қолданысқа еніп кеткендері де, дәл балама таппай, қолданыстан шығып қалғандары мысал ретінде берілген. Тіл тазалығын сақтау, ұлт тілі негізінде ұлттық терминология қалыптастыру ісі - бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі екендігіне басты көңіл аударылады.

**Түйін сөздер:** Терминдер, халықаралық, мәдениет және өнер, қағидат, аударма, ұлт тілінде, ұлттық терминология.

**Аннотация.** В статье рассматриваются формирование и употребление международных терминов и употребление их казахских эквивалентов, терминообразование на национальном языке. В период приобретения нашей Независимости термины международного значения, которые находят отражения в различных публикациях и в средствах массовой информации, употребляются в основном на терминах в области культуры и искусства. На основе терминов в области культуры и искусства также речь идет о новых принципах в процессе терминообразования. Автор говорит о принципах ученых языковедов в период становления казахской терминологии и их мнения по поводу вопроса: переводить их или не переводить. Анализируются мнения ученых языковедов О. Айтбайұлы и Ш. Курманбаулы к 11 принципам, которых предложил академик А.Хайдарұлы в соответствии с требованиям настоящего времени. Они выделяют из приведенных принципов самые основные для формирования национальной терминологии. При формировании национальной терминологии они указывают на некоторые выгодные условия по поводу принятия терминов из родственных тюркоязычных и неродственных языков. Тем не менее некоторые заимствованные термины в области культуры и искусства, которые оставлены без изменения, имеют некоторые особенности. Это является одним отражением, что мы никак не можем выходить из под влияния принципов, которые формировались при советском союзе. Автор статьи считает, что нужно рассматривать терминообразование чисто на национальном языке, чем взять готовые термины без изменения из других языков. Подобные мнения в свое время выразили также представители Алашординцев и некоторые русские ученые. В статье так же дается примеры некоторых терминов в области культуры и искусства, которые могли найти правильный казахский эквивалент и успешно применяется в языке, и которые не могли найти правильный эквивалент и вышли из употребления. Автор обращает внимание, что сегодня сохранение чистоты языка и терминообразование на национальном языке является одним из актуальных проблем.

**Ключевые слова:** Термины, международные, культура и искусства, принцип, перевод, на национальном языке, национальная терминология.

**Annotation.** The article discusses the formation and using of international terminology and their Kazakh equivalents, termformation in the national language. During the purchase of our independence, the terms of international the meaning, which are reflected in various publications and in the media, are used mainly in terms of culture and art. Based on the terms in the field of culture and art also it refers to new principles of terms forming process. The author talks about the principles of academic linguists in the period of development of the Kazakh language and their opinions on the matter: translate them or not to translate. It analyses the opinions of scientists-linguists O. Ajtbajuly and S. Kurmanbauly to 11 principles, which proposed by the Academician A. Hajdaruly in accordance with the requirements of the present time. They highlight the most basic principles for the formation of a national terminology. In the formation of the national terminology they point to some favourable conditions for the acceptance of the terms from the related Turkic and unrelated languages. Nevertheless, some foreign terms in the field of culture and art, which are unchanged, have some peculiarities. This is a reflection that we can not come out of the influence of the principles, which were formed in the period of the Soviet Union. The author believes that we need to consider the termformation purely in the national language, than to take ready-made terms without changes from other languages. Also representatives of the Alashorda and some Russian scientists had similar opinions at that time. The article also provides examples of some of the terms in the field of culture and art, which find the right Kazakh equivalents and are successfully used in the language, and which could not find the right equivalents and went out of using. The author points out that the preservation of the purity of language and termformation in the national language is one of the most actual problems in our days.

**Keywords:** Terminology, international, culture and art, the principle of translation, in the national language, national terminology

1990 жылдан кейінгі кезеңде қазақ терминологиясының даму ерекшелігі басқаша сипатта қарқын алды. Әрине, бірден ұлт терминологиясындағы өзекті мәселелер қолға алынып кетті деп айтудан, негізсіз тұжырым жасаудан аулақпыз. Дегенмен, ұлт терминологиясындағы мәселелер біртіндеп қолға алынып, үлкен шешілмеген өзекті мәселелер ретін құрады. Соның негізінде көптеген мәселелер талай жылдар еншісінде жан-жақты талданып, айтылып келді. Алайда, іргелі еңбектердің жазылып, бірқатар мәселелердің теориялық, практикалық жағынан шешілуі бұл қатардағы мәселелер ретін қалыпқа түсіріп, көптеген сала мамандарының, тіпті терминологиямен шұғылданушы, терминдердің аударылуына қарсы пікірде жүрген ғалымдардың аударма мәселесімен, ұлт тілінде терминдер қалыптастыру мәселесімен келісуіне, мәселенің орындылығын, бағыттың дұрыстығын түсінуіне итермеледі. Мұндай үдеріс қазақ терминологиясын бейберекет аудармалардың жасалуына да алып келгендігі жасырын емес.

Еліміз егемендік алып, тәуелсіздікке қолы жеткен шақта тіліміздегі барлық сөздерді жаппай аудару ісі басталды. Тіл, тілдің мәртебе алуы айналасындағы мәселелер де осы сұрақтың ілгерілеуіне өз ықпалын тигізбей қойған жоқ. Мұндай оңды шара ұлттық терминологиямызды ұлт тілінде қалыптастыруымызға деген қажеттіліктен туындағаны анық. Қазақ тілінде ұғымдар мен атауларды беруге деген әрекет шынайы ұмтылыс, жай қызығушылық түрінде болсын әр түрлі деңгейде жүзеге аса бастағандығы белгілі. Сонымен бірге мемлекет ішіндегі түрлі салалар бойынша жасалған өзгерістер тілде, соның ішінде, терминологияда қамтылмай қалмады емес. Нақтылай айтқанда, елімізде болып жатқан әлеуметтік-қоғамдық құрлымымыздағы өзгерістердің ықпалы ұлттық терминологияда да өз өзгерістерін енгізуге жетеледі. Осындай өзгерістер барысында дамыған елдер тәжірибесін қолдану - ұлт тілінде жасалған терминдер қатарының басым болуы керектігіне, халықаралық терминдердің үлесін азайту қажеттігіне көз жеткізді.

Тәуелсіздік жылдарында ғылымның түрлі саласына, әсіресе қоғамдық-әлеуметтік салаға қатысты халықаралық мәндегі терминдердің тілімізге енгендігі мерзімді басылымдардан, басқа да ақпарат көздерінен көрініс табуда. Олардың бірқатары ұлт тіліндегі терминдерге мән беріп жатқан кезеңде сол қалпында қазақ тіліне аударылып, қазақ тіліндегі қолданысқа сіңіп, қалыптасып үлгерсе, бірқатарының екі сыңары да қолданылып, ал бірқатары сол шет тілінен енген нұсқасында қолданылып жүр. Бұл да бір жағы халықаралық терминдердің тілімізге кірігуі, қабылдану үдерісінің әлі де жалғасып келе жатқандығын байқатса, екінші жағынан бұрынғы кезеңдермен салыстырғанда халықаралық, шет тілі терминдерін алуға деген сыни көзқарастың, сұрыптап алу үдерісінің толық болмаса да қалыптаса бастағандығының көрінісі. Аталған екі ерекшелікке де тіліміздің қолданысындағы сөздерден нақтырақ мысалдар келтіре кетудің артықтығы жоқ. Мысалы, *композитор* сөзі *сазгер*, *мелодия* – *әуен*, *презентация* – *тұсаукесер*, *мода* – *сән*, *музей* – *мұражай*, *статуя* – *мүсін* т.б. түрінде қолданылып жүрсе, *аранжировщик* – *аранжировкасын жасаушы*, *өңдеуші*, *реставрация* – *қайта өңдеу*, *қалпына келтіру*, *шедевр* – *жауһар, үздік туынды*, т.б. терминдерінің екі сыңары қолданылып, ал *дирижер*, *партер*, *амфитеатр*, *преьера*, *балкон*, *нота*, *драма*, *пейзаж*, *натюрморт* т.б. сияқты

сөздер өзге тілдегі нұсқасын тілімізде сақтап қолданылып жүр. Бір сөзбен, халықаралық терминдердің тілімізге енуі жаңа бағытты, жаңа қағидаттарды негізге алғанымен, кейбір терминдердің аударылмай, бұрынғы қағидаттар ықпалынан шыға алмай отырғандығын байқауға болады.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, өз ана тіліміз қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болған заманда терминология саласы да тың өзгерістерді талап етті. Яғни, жаңа қоғам талабына сай жаңа бағыттағы қағидаттарды тіліміз қажет етті. Сол себепті де белгілі тілші ғалым, академик Ә. Қайдар қоғам, уақыт жүктеп отырған жауапкершілікті сезініп, қазақ терминологиясының қағидаттарын кезең талабына сәйкес ұсынды. Академик Ә. Қайдардың ұсынған қағидаттары 1993 жылы «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» деген атпен жеке кітапша болып шықты. Ғалым осы қағидаттарды ұсынуын былай деп түсіндіреді: «Егер терминология «шаруашылығымыз» тіл табиғатына, замана талабына сай жүріп жатса, іштей қобырап, қисыны кетіп, көрінгенге көз түрткі болмаған болар еді. Ол 70 жылдан кейін тығырыққа тіреліп отыр. Сондықтан көптің бірі ретінде осы мәселеге өз көзқарасымызды білдіріп, пікірімізді ортаға салуды жөн көрдік. Осыған орай, біз, терминология саласында қолданылып жүрген принциптер бола тұрса да, өз тарапымыздан оларға балама ретінде он бір принциптің жобасын ұсынып отырмыз және олар бұрынғы қалыптасқан дәстүрдің де, жүз беріп отырған жаңа үдерістің де тиімді жақтарын қамтыды ғой деп ойлаймыз» [8, 4-5].

Ғалымның біраз уақыттан бері осы салада жүргізілген жұмыстардың дұрыс жолға қойылмағандығын, уақыт талабына сай қағидаттарды дүниеге келтіретін мезгілдің келгенін айтып отырғанын байқаймыз. Академик Ә.Т. Қайдардың ұсынған он бір қағидатының халықаралық терминдерге қатысты айтылған пункттеріне қысқаша тоқталып өтейік. Халықаралық терминдер сөз болатын қағидаттар, негізінен бесінші және оныншы.

5-принцип: (бұрынғы принциптің жаңаша баяндалуы): Тіліміз үшін қажет, бірақ дәл баламасы жоқ, аударуға келе бермейтін интернационалдық терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз ерекшеліктеріне икемдеп қабылдау.

10-принцип: Тіліміздегі ұлттық және интернационалдық термин-атаулардың сандық және сапалық арасалмағын табиғи қалыпта сақтаудың жолдарын іздестіру.

Ғалымның жоғарыда аталған халықаралық терминдерге қатысты қағидаттарында «интернационалдық терминдер» деген ұғымның өзін айқындап алу қажет дейді. Ол: «Тіл-тілдердің арасында ортақ интернационализмдер болмаса, немесе аз болса, ғылым дамымайды, ғылыми қарым-қатынас үзіледі деу бекер. Жер жүзіндегі терминдік ұғымдардың бәрін шет тілі сөздері арқылы емес, өз тілінің негізінде меңгеріп ғылым мен техниканы дамытып отырған қытай, жапон т.б. халықтарды біз жақсы білеміз. Демек, ортақ интернационализмдердің қажеттігі ең алдымен елдің саяси-әлеуметтік жағдайына, даму дәрежесіне, оларға деген сұраным мен қажеттікке, әр тілдің өз мүмкіншілігіне байланысты екен» - дейді [8, 21-22].

Яғни, ғалым халықаралық терминдерді, дәл баламасы болмаған жағдайда тіліміздің ұлттық ерекшелігіне сәйкестендіріп қабылдауды ұсынады. Дегенмен, ғылым мен техникасы, экономикасы дамыған елдерді атай отырып, халықаралық терминдерсіз де өсіп-өркендеуге болатындығын айтады.

Ғылыми қағидаттар мамандар талқысына ұсынылғаннан кейін, қағидаттарға қатысты өз пікірін білдірген ғалымның бірі - профессор Ө. Айтбайұлы. Бұл жөнінде ғалым былай дейді: «Біз профессор Ә. Қайдаровтың бұл «...жаңаша көзқарасын» негізінен қуаттай отырып қайсыбір тұстардағы өзіміздік топшылауларымызды да ортаға сала кеткенді жөн көріп отырмыз. ... Біз қазақ тілінде термин жасаудың он бір емес, шынтуайтына келсек, жеті принципі бой көрсететінін байқаймыз. Тілдік материалдар осы жеті принцип шеңберіне топтай беретін тәрізді. Әңгіме бұл принциптердің санында емес, мәнінде ғой.» [45, 22].

Тілші ғалым Ө. Айтбайұлы да бұл мәселеге қатысты өз көзқарасын білдіре отырып, академик Ә.Қайдардың қағидаттарын «жеті принцип шеңберіне топтап» көрсетеді: «біз, ең біріншіден, қазақ тілінде термин жасаудың А. Байтұрсынұлынан бастау алған ұлттық тіл негізіне бет түзеген ғылыми көзқарасты байқаймыз. Екіншіден, осы үдеріске сүйенген нақты ұсыныс-тұжырымдарды қолға ұстап отырмыз. Үшіншіден, тұңғыш рет орыс тілінен енген интерминдер тағдыры не болмақ деген жалғанкөпшілдіктен арылар түріміз бар. Төртіншіден, салалық күрделі терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз негізінде алғашқы әріптері мен буындары бойынша қысқартып пайдалануды заңдастыру; Бесіншіден, көп жылғы тәжірибе негізінде қалыптаса бастаған шарттылықты мойындау; Алтыншыдан, тіліміздегі лексикалық байлығымызды сала бойынша саралап, ұлттық және интернационалдық терминдердің сандық, сапалық салмағын табиғи қалыптастыру; Жетіншіден, терминдер мен атаулардың емлесін тіл заңына, жазу дәстүріне сәйкес реттеу» [46]. Ғалым осы он бір қағидаттың жетеуін қалдырғанды дұрыс деп есептейді.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде ұсынылған он бір қағидатқа қатысты пікірін білдірген терминолог ғалымдардың бірі – профессор Ш. Құрманбайұлы. Ғалым өзінің «Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары» атты монографиясында академик Ә. Қайдардың ғылыми қағидаттарын талдай келіп, былай дейді: «Біз Әбекең ұсынған қағидаттардың ішінен 3,4,5 қағидаттарды терминология дамуының негізгі қағидаттарының қатарына қосуға болады деп санаймыз. Ал қалған (1, 2, 6, 7, 8, 9, 10, 11) пункттерде аталып көрсетілген мәселелер терминологияны дамытуда, жетілдіруде жалпы басшылыққа алынып, негізгі қағидаттарды жүзеге асыруға бағытталған терминологиялық жұмыстарды жүргізу кезінде ескерілуге тиіс. Дәлірек айтқанда, академик Ә. Қайдар жеке қағидат ретінде көрсеткен мәселелердің бірқатарын терминологиялық қызметке (терминологическая деятельность) басшылық жасаудың тиімді жолдары, терминологиялық жұмыстарды республика көлемінде үйлестіру мен ұйымдастырудың тетігі ретінде тану керек те, енді бірқатарын термин шығармашылығын дамытудың әдіс-тәсілдері деп білген орынды болар деген ойдамыз» [28, 137].

Ғалым өз еңбегінде әрбір қағидатқа жеке тоқталып, нақты тұжырымдармен талдау жүргізген. Берілген он бір қағидаттың үшеуін (3, 4, 5) қазақ тілінде терминология қалыптастырудың негізгі қағидаттары бола алады деп санайды. Ғалымның пікірінше, академик Ә. Қайдар ұсынған қағидаттар нақты ұсыныстардан тұратын, терминологияға қатысты маңызды мәселелерді дер кезінде көтеріп отырған, ұлттық терминологиямызды қалыптастыруда маңызы бар құнды еңбек болып табылатындығын айтады.

Аталмыш еңбекте ғалым қазақ терминологиясы дамуының әр түрлі кезеңдеріндегі басшылыққа алынған терминологияны дамыту қағидаттарына тоқтала келіп, өз тарапынан алдағы уақыттағы қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттарын ұсынады. Қазақ терминологиясын дамыту мен жетілдіруде негізгі екі қағидат басшылыққа алынып, терминологиялық жұмыстар негізінен осы бағытта жүргізілуі қажет деп санайды. Атап айтсақ, бірінші қағидат: Ұлттық терминқор қалыптастырудың ішкі көзі қазақ тілінің лексикалық байлығы мен сөзжасам тәсілдерін барынша ұтымды пайдалану.

Бұл қағидат - бұған дейін ұсынылған Е. Омарұлының бірінші қағидатында, А.Байтұрсынұлының баяндамасында, Ә. Қайдардың үшінші қағидатында сөз болған, төл терминологиямызды қалыптастырудағы негізгі қағидат болып табылады.

Екінші қағидат: Терминқор қалыптастырудың сыртқы көзі болып табылатын өзге тілдерден термин қабылдау.

а) туыстас түркі тілдерінен термин қабылдау;

ә) туыстық жақындығы жоқ тілдерден термин қабылдау.

Бұл қағидат та жоғарыда аты аталған ғалымдардың қағидаттарында сөз болған және осы қағидатпен мазмұндас болып келеді. Туыстық жақындығы жоқ тілдерден термин қабылдау, яғни орыс тілінен және орыс тілі арқылы басқа шет тілдерінен терминдерді тіліміздің ерекшелігін ескере отырып, қазақ тілінің заңдарына сәйкестендіріп қабылдау. Бұл мәселеге қатысты ғалымның өзі былай деген: «Өзге тілдерден сөз қабылдамай, сөз алмасу, термин алмасу процесіне мүлде тосқауыл қойып тастау мүмкін де, қажет те емес. Тілдер арасындағы сөз алмасу қашанда болған, бола да береді. Шет тілдері терминқор қалыптастырудың сыртқы көзі ретінде орнымен пайдаланылса дұрыс, ал ұлт тіліндегі термин шығармашылығын шектеп, өзге тілдерден термин қабылдауға жаппай жол беріп қарап отыру - шарасыздық» [28, 152].

Әрине, саяси-экономикалық, ғылыми-мәдени байланыстарымыз бен өркениеттің даму деңгейіне байланысты шет тілдерінің сөздері терминқорымызды толықтырудың сыртқы көзі болып қала береді.

Сөз болып отырған кезеңде мәдениет пен өнер саласына қатысты халықаралық терминдердің тілімізге енуі негізінен бұрынғы қалыптасқан қағидаттардың негізінде жасалып келе жатқанын көруге болады. Осы сала терминдерінің басым көпшілігі аударылмай, орыс тілінде қалай айтылып, жазылса қазақ тілінде де сол қалпында қолданылып жүр. Оны мынадай мысалдардан байқаймыз: *гармония, акцент, альбом, фаянс, фуэте, эпизод, трио, штатив гастроль, хореография, эстетика, тушь, марка, салон, модерн, абонемент, трагедия, партия т.б.*

Мәдениет пен өнер саласына қатысты халықаралық терминдердің ішінде дұрыс аударылып, дәл балама тапқандары да, дұрыс баламасы табылмай, тілімізде қалыптасып кете алмай отырғандары да кездеседі. Мысалы: *персонаж – кейіпкер, амбиция – кеудемсоқтық, шедевр – жауһар үздік туынды, браво – бәрекелді, торс – кеуде, мольберт – таған, ширма – қалқа т.б.*

Бүгінгі күнгі Мемтерминкомның бюллетені «Терминологиялық хабаршы»- терминология

саласына қатысты өзекті мәселелерді қамтып отыратын, тілімізде пайда болып жатқан жаңа, бекітілген, бекітуге ұсынылған терминдерді жария етуші бірден-бір басылым. Басылымға 2002 жылдың 27 мамырында ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, тіркеу куәлігі берілген. Хабаршының редакциялық алқасы елімізге белгілі тілші, әдебиетші ғалымдар мен қоғам қайраткерлері. Осы басылымда негізінен терминология мәселесіне қатысты ғылыми мақалалар мен бекітілген терминдер және түрлі ғылыми орталықтардың мамандар талқысына ұсынған терминдері, ұсыныстар, пікірлер жарияланады. Терминологиялық хабаршыда мәдениет пен өнерге қатысты мынадай бекітілген терминдер бар: *гравер – нақысшы, миниатюрный – кішігірім*. Сонымен бірге, мамандар талқысына ұсынылған мәдениет пен өнерге қатысты халықаралық терминдер де жарияланған: *тембр – әуез, мелодия – әуен, мелодичный – әуенді, мелодичность – әуенділік, барокко – барокко, изобразительное искусство – бейнелеу өнері, пародия – еліктеп келемеждеу, комедийный жанр – комедия жанры, пауза – кідіріс т.б.*

Сонымен, тәуелсіздікке қолымыз жеткеннен кейін тілімізде соның ішінде, терминология саласында едәуір өзгерістердің жүзеге асып жатқандығын аңғаруға болады. Соның ішінде халықаралық терминдерге қатысты көзқарастардың өзгеріске ұшырағанын, оған деген ғалымдардың көзқарастары да жаңа бағыттардағы зерттеулермен ұштасып отыр. Оған екінші жағынан, халықаралық терминология төңірегіндегі әлемдік тәжірибедегі ғылыми-зерттеу еңбектер мен әр түрлі пікірлер де негіз болып отыр. Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ терминологиясы, қазақ терминтану саласындағы халықаралық терминдер мәселесі осы өзгерістерге бет бұрумен, мән берумен, ұлт тілінде халықаралық терминдердің көбін болмаса да біршамасын аударып қалыптастырып алумен ерекшеленеді.

Терминология жасаудың жаңа қағидаттары ұсынылғанымен, кейбір терминдердің бұрынғы қағидаттар ықпалынан шыға алмай отырғанын байқауға болады. Дегенмен, бірқатар сала терминдері алаш зиялыларының ұстанған ұстанымдары негізінде, қазіргі қоғам талабына сай жасалып жатқандығына күмән келтіре алмаймыз. Осыған байланысты болашақта ұстанатын ғылыми негізделген бағытымызды белгілеуіміз қажет. Өзге тілдерден термин қабылдаудан гөрі өз ана тіліміздің негізінде термин қалыптастыру қажеттілігі жөнінде айтқан алаш зиялылары және қазіргі кездегі ғалымдар пікірімен кейбір орыс ғалымдарының да пікірі үндес келеді. Осы мәселеге орай ғалым И.Н. Волкова: «... чрезмерное увлечение иноязычными заимствованиями в ущерб своеязычным неизбежно ведет к обособлению специальной терминологии, делая ее практически недоступной для неспециалистов», - дейді [47,75]. Яғни, кез-келген ұлт тілін пайдаланатын сол елдің халқы екенін ескере отырып, ұлт терминологиясын әрбір тілдің ана тілі негізінде қалыптастыруға басты көңіл бөлу қажет екендігі, кірме терминдердің қарапайым адамдарға түсініксіз болатындығы сөз болып отыр.

Ғалымдар арасында ғылыми мәтіндерде кездесетін сөздер – терминдердің жалпы тілді қолданушыларға түсінікті болуы қажет деген және осы термин сөздер ғылыми мамандарға түсінікті болса жеткілікті деген екіге бөлінетін пікірлер мен ұстанымдар ағымы қазіргі ғалымдар арасында да кеңінен өріс алып отыр. Алайда, ғылымның халық, оны танып білетін, оқып-үйренетін көпшілік үшін жасалатынын ескерсек, терминдер де сол ұлт тіліне, терминологиясына түсінікті болуы қажет екендігі дау туғызбайды. Сондықтан алаш зиялылары ұстанған ұстанымдар да, жоғарыда ғалым И.Н. Волкова көрсеткен пікір негізі де орынды.

Тілімізде тек ұлттық терминология қалыптастырамыз деп шет тілдерінің сөздерінен қашқақтап, біржақтылыққа бой алдырмау жағын да, әрі тілімізге келмейді деп өз тіліміздің ішкі мүмкіндіктерін, сөз, термин жасау қабілетін терең пайдаланбай қалу жағының тіліміздің дамуына үлкен ықпалы бар екендігін де ұмытпау қажет.

1 Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы: Рауан, 1993. – 42 б.

2 Айтбайұлы Ө. Терминжасамның қайсыбір қалтарыстары // Терминология: теория және тәжірибе. – Астана: Б. б., 2001. – 131 б.

3 Айтбайұлы Ө. Қазақ тілінде термин жасау жолдары мен принциптері хақында // Астана ақшамы. – № 92. – 2002. – 11 шілде.

4 Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары. – Алматы, 2004. – 205 б.

5 Волкова И.Н. Стандартизация научно-технической терминологии. - М., 1984. – 152 с.

Ш.П. Қарсыбекова

филология ғылымдарының кандидаты, доцент

## МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ КЕСТЕ АРҚЫЛЫ ТАЛДАНУ УӘЖІ

**Түйіндеме:** Бұл мақалада мақал-мәтелдердің әуел баста тұрақты тіркес түрінде қалыптасып, тағылым, өсиет ұйытқысына айналып, мақал-мәтелдердің тұлғалық жағынан ғана емес, мағына-мазмұн жағынан да эволюциялық дамуды басынан кешіруінің қажеттігі дәлелденген. Қоршаған табиғат құбылыстары мен қоғамдық қарым-қатынастардан алған тәжірибе, ұғым-түсінікті тұжырымдап, бейнелеп айтылу мақал-мәтелдердің қалыптасуындағы уәждердің кесте арқылы сатыланып дамуы бойынша бірнеше деңгейде (1,2,3,4,5 деңгей) қарастырылған.

**Кілт сөздер:** мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, эволюциялық даму, абстракцияланған ұғым, тура мағына және ауыспалы мағына, гомоцентризм принцип.

**Аннотация:** В этой статье рассматриваются не только структура пословиц- поговорок но в основном уделяется большое внимание значениям пословиц- поговорок в их эволюции.

Значения пословиц и поговорок взятые из сфер нашей жизни, природных явлений, объясняются с помощью таблицы (1,2,3,4,5 уровней).

**Ключевые слова:** пословицы, поговорки, устойчивые словосочетания, эволюционное развитие, абстракционное понятие, прямое и переносное значение, принцип гомоцентризма.

**Abstracts:** This article deals not only with the structure of proverbs and sayings but on the whole gives big attention to the meaning of proverbs and sayings in their evolutions.

The meaning of proverbs and sayings taking from the sphere of our lives, natural phenomenon is explained by the help of the table (levels 1,2,3,4,5).

**Keywords:** proverbs, sayings, word- combinations, evolutionary development, abstract concept, direct and indirect meaning, the principle of homocentric

Мақал-мәтелдердің әуел баста тұрақты тіркес түрінде қалыптасып, тағылым, өсиет ұйытқысына айналуы бірден бола қоймайды. Мақал-мәтелдер тұлғалық жағынан ғана емес, мағына-мазмұн жағынан да эволюциялық дамуды басынан кешуі қажет. Мақал-мәтелдерге қойылатын шартты талаптарға – *“тілге жеңіл, айтуға оңтайлы, көңілге қонымды, ақылға сыйымды болу”* – сай болуға тиісті. Мақал-мәтелдерге тән бұл қасиеттер ұзақ уақыт ойшылдардың, айтқыштардың ойланып-толғану барысында, саралап, сараптау, ширату, ықшамдау, нақтылай түсу процесінде қалыптасады. Логикалық ой-толғаныс пен тіл шеберлігінің тоғысатын тұсы осы мақал-мәтелдер болып саналады. Қоршаған табиғат құбылыстары мен қоғамдық қарым-қатынастардан алған тәжірибе, ұғым-түсінікті тұжырымдап, бейнелеп айту – мақал-мәтелдердің қалыптасуындағы алғашқы қадам. Адамның сол ой-тұжырымның өзіне пайдалы мағлұмат деп тануын Мақал-мәтелдердің қалыптасуындағы екінші қадам деуге болады. Үшінші қадам – сол мағлұматты танымдық мәні бар, пайдалы ақыл-кеңес, жадында сақтауға тұратын ғибрат деп тану. ММ-дердің қалыптасуында сатыланып дамудың бірнеше деңгейін байқауға болады. Мысалы, *“Қотыр ат соқыр атқа жақын жүреді”* <>

**1-деңгей** (мақал идеясының алғаш пайда болуы): Міністен, жұмыстан, күтімсіздіктен әбден зорыққан, арқасы жауыр, үсті-басы сауыс болған қотыр аттың денесі қышып, сүйкелерге қара таппай, бір орыннан қозғалмай жайылып тұрған соқыр атты іздеп тауып, сүйкену үшін ылғи соның төңірегінен шықпай жақын жүруін байқаған жылқышының ой-пікірі.

**2-деңгей** (өзінің осы ойын малышының өз тілінде айтып, қалыптастыруы): “Неге қотыр ат соқыр атқа жақын жүреді?” деген сауалға ол бақылау арқылы жауап табады: “Е, мына қотыр ат қорада қашаға, қабырғаға, діңгекке сүйкенсе, айналадағы жайылымда басқа жылқылардай емес, бір орыннан қозғалмай оттап тұрған соқыр атты іздеп тауып, сүйкену үшін жанынан шықпайды екен-ау; ал соқыр атқа да ес болатын серік керек болғандықтан бір орында тұра береді екен-ау”, - деп ойлайды.

**3-деңгей** (бастағы ойдың тілдік дерекке айналуы): Осындай ойға келген жылқышы енді осы ойын өз тілінде: “Е, қотыр аттың соқыр атты іздейтін, оған жақын жүретін себебі өзара мүдделестігі, бір-біріне қажеттігі (біреуіне сүйкенетін қара керек те, екіншісіне жанында ес болып жүретін серік керек) екен ғой” – деп қорытып, осыны елге бір тұжырым ретінде айтады.

**4-деңгей** (осы пікірін жылқышы енді бас-аяғын жинақтап, қысқаша айтуға тырысады): Ол ойдың тілде тұрақталған түрі *“Қотыр ат соқыр атқа жақын жүреді”* болып қалыптасады. Бұл сөйлемнің еленіп-екшеленіп, басы артық сөздерден арылып, мақал тұлғасына келген түрі.



**5-деңгей** (тұрақталған сөз тіркесінің ауыспалы мағынада қолданылуы): Бұл гомоцентризм принципіне сәйкес нысаны жылқы малынан адамға ауыстырылып, адамдар арасындағы өзара мүдделестікті білдіретін мақалға айналуы.

Мақалдың жылқыдан ауысып, адамға қатысты қолданылуында балама мағыналарының қалыптасу уәждері мынандай: **“қотыр ат” пен “соқыр ат”** – *“мақсат-мүддесі бір, пейіл-ниғылы ортақ, өзара сырлас-мұңдас екі адам”, “олардың бір-біріне жақын жүруі”* – *“өзара шүйіркелесіп, ортақ ойын айтып, бірлесе әрекет қылуға бейімділігін білдіруі”*. Бұл мақал қазақ тіліндегі *“Ұры мен қары апақ-сапақта ұшырасады <> “Ит пен ит ошақ басында кездеседі <>* деген мақалдармен мағыналас [1].

Қазақ тілінде: *“Ұяда нені көрсе, ұшқанда соны іледі”* деген мақал өте жиі қолданылады. Оның абстракты ауыспалы мағынасы да жұртқа мәлім. Осы мақалдың тура мағынадан ауыспалы мағынаға өтуіндегі сәйкестікті кесте арқылы көрсетейік.

1-кесте

	Ұяда	нені көрсе	ұшқанда	соны	іледі
<b>Т</b>	<i>бүркіт</i>	<i>балапанның аң-</i>	<i>қара қанат болып,</i>	<i>ұяда көріп,</i>	<i>ұстап жейді,</i>
<b>У</b>	<i>балапанын туып,</i>	<i>құстың дәмін, иісін</i>	<i>өзі ұшып, қыран құс</i>	<i>жеген аң-</i>	<i>аңшылық</i>
<b>Р</b>	<i>баптап</i>	<i>алып жейтін</i>	<i>болғаны</i>	<i>құстарды</i>	<i>қасиетін</i>
<b>А</b>	<i>ұшыратын орын</i>	<i>үйреншікті тамағы</i>			<i>танытады</i>
<b>А</b>	<i>отбасында,</i>	<i>қалай тәрбиеленсе,</i>	<i>ержетіп есейгенде,</i>	<i>сол көрген үлгі-</i>	<i>көрсетеді,</i>
<b>У</b>	<i>шаңырақта,</i>	<i>қандай үлгі-өнеге</i>	<i>азаматтық жасқа</i>	<i>өнегені, тәлім-</i>	<i>істейді,</i>
<b>Ы</b>	<i>жанұяда,</i>	<i>алса</i>	<i>келгенде</i>	<i>тәрбиені</i>	<i>орындайды</i>
<b>С</b>	<i>әулетте</i>				

Бұл мақал халқымыздың өмір тіршілігінен алынған. Мақалдың о бастағы мағынасы саятшылық өнерге байланысты айтылған. Бүркіт ұясын биік жартасқа, не ағаш басына салса, кейде із тастап, қашырып, елеусіз жерлерге, тас, ағаш арасына, арша астына да салады. Балапаны кішкене кезінде әкелген жемді жүн-жұрқадан арылтып, өзі бөлшектеп балапанына береді. Ал, ұяға жем үшін түрлі-түрлі аң мен құс не жемдік әкелінеді. Солардың ішінде әлді бүркіттер өзі алып ұшатын тұлкі, қарсақ, суыр, борсық т.б. аңдардың күшіктері мен малдың жас төлдері де болады. Ала қашқан лақ-қозыны бірі толғанда, біріне тастап беріп, алма кезектеп жеткен бүркіттерді көрген жандар көп кезігеді. Балапан ұшарға жақындап, қара қанат болғанда аң мен құсты ұяға тірідей әкеліп баулиды деген сөздер де бар [2]. Қанаты қатайып, сол құстарды аңға салған кезде олар бұрынғы ұяда көрген жемдеріне түседі. Кішкене кезінде ұяға ата-анасы әкелген әр түрлі малдың, аңның иісі мұрнына сіңіп қалатын көрінеді. *“Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі”* деген халық мақалы осыған орай шыққан. Осы мақал жөнінде мынадай да бір аңыз бар. Бір қыран: *“Мен сені ылғи да қасқырдың күшігімен баулып едім, ұядан ұшқанда қасқыр алмасаң өз обалың өзіңе”*, -депті. Мақалдың ауыспалы мағынасы отбасындағы бала тәрбиесіне байланысты. Бұл – халықтық педагогикада қалыптасқан үлкен тұжырымдама. Өскен ортада отбасында жақсы тәрбие алған бала өсіп ержеткенде, азамат болғанда сол тәрбиенің үлгі-өнегесін көрсетеді, соны істейді. *“Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер”* мақалымен мағыналас.

2-кесте

Иттің ішіне сары май жақпайды [3].

	Иттің ішіне	сары май	жақпайды
<b>Т</b>	<i>не болса, соны жеп үйренген</i>	<i>ас-тағамның абзал да</i>	<i>жақпай, ішін өткізеді</i>
<b>У</b>	<i>иттің ішіне</i>	<i>құнарлы түрі – сары май</i>	
<b>Р</b>			
<b>А</b>			
<b>А</b>	<i>сый-құрметке бөленіп, дәмді</i>	<i>дәмді астың бірі – сары май</i>	<i>егер ол сары майдай жеңсік</i>
<b>У</b>	<i>де жеңсік тағамды жеп</i>		<i>тамақты жей қалса, ол асқазанына</i>
<b>Ы</b>	<i>көрмеген адамның ішіне</i>		<i>жақпай ішін өткізеді, бойына</i>
<b>С</b>			<i>сіңбейді</i>

Осы бір әжуалы мәтелдің шындыққа бір табан жақын екені даусыз. Мәтелдің негізгі мағынасы: иттің тікелей өзіне қатысты. Итке расында да сары май жақпайды. Себебі, ит асқазанында майдың құрамындағы химиялық элементтерді ыдырататын ферменттердің күші төмен. Егер итке сары май берер болсаңыз, біраз уақыттан соң асқазаны қорытпай, ішін өткізіп, әбігерге түсіреді. *Ауыспалы мағынасы*: итке сары май беріп, тамақтандыру қазақ әдетінде жоқ. Ал *“сары май жақпапты”* деп

мысқылдап, кекетудің мәнісі: өмірде сый-құрмет көрмеген кейбіреулерге бұрын татып көрмеген сый-сияпатын көрсетіп, керемет жағдай жасай қалсаң, ол оның бәрін керісінше, табиғатына жат құбылыс ретінде қабылдауы мүмкін.

3-кесте      ☞ Күріш арқасында күрмек су ішеді [4]

	Күріш арқасында	күрмек	су ішеді
Т У Р А	<i>жарықты, жылыны, ылғалды жерді қалайтын күріш өсімдігінің арқасында</i>	<i>сулы, дымқыл жерде өсетін арамшөп</i>	<i>күрішпен бірге суға қанығып өседі</i>
А У Ы С	<i>өз бетінше тіршілік ететін адамның арқасында</i>	<i>қажетті көмегін алып, біреудің тілек-талабына, шылауына сүйеніп, өсуді қалайтын адам</i>	<i>пайдаланады, іске асырады, көздегеніне жетеді, шылауында, жетегінде жүріп өмір кешеді</i>

Оңтүстік Қазақстан, Сыр бойындағы қазақтардың егетін дақылы – күріш. Күріш – жылыны, жарықты, суды көп талап ететін өсімдік. Күрмек – сулы жерде өсетін арамшөп. Ендеше мәтелдің негізгі мағынасы осы арамшөптің өмір сүру эволюциясынан алынған, яғни күріш арасында өсетін жабайы шөп – күрмек күрішпен бірге күтіліп, бірге тыңайтылып, бірге су ішетіні егінші қауымға белгілі жағдай. *Ауыспалы мағынасы:* өмірде, адам қауымында, зиянды шөп сияқты, саналы өмірге өзі тікелей қатысып, пайдалы іс істемейтін, өзінің барша күйкі өмірін біреудің көлеңкесінде өткізетін тіршілігі сипатталып тұр. М.Қашқари сөздігінде: “*Бидайдың арқасында бидайық су ішер*”, - деп берілген [5].

4-кесте      ☞ Балық басынан шіриді [6]

	Балық	басынан	шіриді
Т У Р А	<i>суда тіршілік ететін жәндік</i>	<i>балық денесінің бас бөлшегі</i>	<i>әр түрлі әсерден балық басының басқа дене мүшелеріне қарағанда бұрын шіритіндігі</i>
А У Ы С	<i>балыққа баланып тұрған жеке адам, ұжым, орта, қауым</i>	<i>сол қауымның, ұжымның басшы адамынан</i>	<i>бұзылу, бүліну, дұрыс жолдан таю т.б. әрекеттер сол адамнан басталады</i>

Балық аулап күн көрген балықшының тәжірибе негізінен алынған мәтел. О бастағы негізгі мағынасын: балық мүшесінің тіршілік бастауы басы екендігін білдіреді. Себебі, суда тіршілік ететін жануарлар құрлықтағы жануарлар сияқты суда еріген оттегімен тыныс алады. Сырт көзге ұқсастығы бар құбылыстың іштей өзіндік құпиялары бар. Егер құрлық жануарлары өкпесін сумен бірден толтырса, онда суда аз мөлшерде еріген оттегін жануарлар бірден қанға сіңіріп жібереді де, келесі тыныс алуына қажетті оттегі келіп үлгергенше тынысы тарылып, тұншығады [7].

Шынында да, аудан алынып, күтімсіз тасталған балық бұзыла бастайды, оның бітеу денесінің басқа жерінен емес, ауыз, көз, желбезегі, айқұлағы бар бас жағынан шіритіні байқалады; ал лас жүретін жаман адам болса, ол аяғын, шұлғауын өз уақытында жумай, аяқ киімін күтіп ұстамай, аяғын шуаш басып, сасып, шіри бастайды. *Ауыспалы мағынасы:* мақал бүлінетін нәрсенің бір қатары, соның ішінде адам да, не бас жақтан, яғни қоғамдық тәртіптің ел билеп отырған басшы, атақ-лауазымды адамдары жағынан бұзылуы, елге үлгі-өнеге болудың орнына жаман әдет, орынсыз қылық көрсетуі мүмкін, не аяқ жақтан, яғни жауапкершілігі жоқ, бетімен кеткен қарапайым адамдар тарапынан бүлдірілуі мүмкін дегенді аңғартады.

5-кесте      ☞ Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме [8]

	Сырын білмеген	аттың	сыртынан жүрме
Т У Р А	<i>тебеген, асау, мінезі шайпау, сырын білмеген</i>	<i>төрт түлік малдың бір түрі – жылқының</i>	<i>жанына жақындама, қасына жолама, барма, сырт жағынан өтпе</i>
А У Ы С	<i>мінезін, әдетін, жақсы-жаман қасиетін, сыр алмаған, сыралғы болмаған</i>	<i>танымайтын бейтаныс, бөгде адаммен</i>	<i>қарым-қатынас жасама, бар сырыңды ақтарма, сыбайлас сырлас болма</i>

Әдетте, мінезін, қасиет-әдетін әбден білмейтін жылқы малының сырт жағынан өтуге болмайтын себебі оның мінезі шайпау, өзі асау болып, теуіп жіберіп, бейтаныс адамға зақым келтіруі мүмкін. *Ауыспалы мағынасы:* мінез-құлқын, жақсы-жаман қасиеттерін ішкі сырын анық білмеген бейтаныс сыр мінез адаммен бірден араласып, бар сырынды, іс-тірлігінді айтып, ашып салуға болмайды, өйткені ол да, асау ат тәрізді, оқыс әрекет, жат қылық (қаскүнемдік, сатқындық, пайдақорлық, екіжүзділік, күншілдік, арамдық т.б.) жағымсыз мінезін көрсетуі ықтимал; сырын, ішкі жан дүниесін жақсы білмейтін адаммен бірден етене араласып кетуден сақтан деген сөз.

- 1 Тұрманжанов Ө. Қазақ мақалы мен мәтелі. - Алматы, 1935. - 152 б.
- 2 Бабалықұлы Ж., Тұрдыбаев А. Саят. - Алматы, 1989. - 66 б.
- 3 Бекпаев К. Жапон халқының мақал-мәтелдері. - Алматы, 1993. - 10 б.
- 4 Малайсарин Ж. Қазақ мақал-мәтелдері. - Алматы, 2003. - 87 б.
- 5 Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. - Алматы, 1993. - 67 б.
- 6 Қайымов Қ. Балықтар әлемінде. - Алматы, 1981. - 36 б.
- 7 Қайымов Қ. Балықтар әлемінде. - Алматы, 1983. - 79 б.
- 8 Кейкінұлы Ж.С. Қазақтың 6000 мақал-мәтелдері. - Алматы, 1995. - 31 б.

УДК 181.161.1

Маймакова А.Д.

Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
к.филол.н., доцент, доцент кафедры практических языков

## СЕМАНТИКА МОРФЕМЫ: ЗНАЧЕНИЕ, ЗНАЧИМОСТЬ ИЛИ ФУНКЦИЯ?

**Аннотация:** Данная статья посвящена проблеме употребления терминов «значение», «значимость», «функция» применительно к семантике морфемы. Представлен анализ указанных терминов в понятийном плане. Показано, что именно благодаря своему значению морфема существует как единица языка. Без значения нет и не может быть морфемы, а следовательно, и знака. Знак и значение взаимно обуславливают и предполагают друг друга. На основании содержания терминов «функция», «значение», «значимость» в языкознании и понимания морфемы как двусторонней единицы языка, как знака, при котором значение является основополагающим свойством, автор считает более оправданным использование термина «значение» в отношении семантики морфемы.

**Ключевые слова:** морфема, семантика, значение, значимость, функция.

**Түйіндеме:** Аталмыш мақала «мағына», «мағыналылық», «қызмет» терминдерінің морфема семантикасына қатысты қолданылу мәселесіне арналған. Көрсетілген терминдердің ұғымдық негіздегі талдауы берілген. Көрініс тауып отырғандай, морфема өзінің мағынасының арқасында тілдің бірлігі ретінде өмір сүреді. Мағынасыз морфеманың, белгінің болуы мүмкін емес. Белгі мен мағына бір-біріне сәйкес өмір сүрмейді және бір-бірінің болуын қажет етеді. Тіл біліміндегі «қызмет», «мағына», «мағыналылық» терминдері мазмұнының негізінде және морфеманы түсінуде тілдің екі жақты бірлігі ретінде қарастырылады. Автор «мағына» терминін морфема семантикасына қатысты қарастырғанды барынша дәйекті деп санайды.

**Негізгі сөздер:** морфема, семантика, мағына, мағыналылық, қызмет.

**Abstract:** This article is devoted to problem of using the terms “meaning”, “valeur”, “function” relating to semantics of morpheme. Analysis of given terms is presented in conceptual plane. It is shown that thanks to its meaning morpheme exists as a unit of language. Morpheme doesn't exist without meaning and as consequence without the sign. Sign and meaning mutually condition and suppose each other. On the basis of content of terms “function”, “meaning”, “valeur” in linguistics and understanding morpheme as the two-sided unit of language, as the sign, in which meaning is the basis-lying property, author presents that usage of term “meaning” with respect to morpheme semantics is the more accountable.

**Keywords:** morpheme, semantics, meaning, valeur, function.

На современном этапе развития лингвистики вопрос о том, что морфема является наименьшей знаковой единицей, не подвергается сомнению. Морфема – значимая единица более низкого уровня, чем слово. При этом имеется в виду, что морфема является минимальной значимой единицей именно по форме, а не по значению [1, с.5; 2, с.196].

Определяемая как минимальный знак, морфема представляет собой двустороннюю единицу языка, т.е. такую единицу, в которой за определенной формой (означающим; экспонентом,

материальным показателем; материальным, планом выражения) закреплено определенное содержание (означаемое; значение, структурная функция; идеальное, план содержания) и которая нечленима на более простые единицы того же свойства. Как единица языка морфема существует именно благодаря своему значению. Можно утверждать, что не признавать самостоятельного значения морфемы значит отрицать само существование такой единицы в структуре языка.

Как известно, на раннем этапе американские дескриптивисты, отказавшись от рассмотрения понятия значения, определяли морфему практически без учета последнего [3, с.13]. Опыт показывает, что лингвистические исследования без учета смысловой стороны языковых единиц практически очень мало дают. Более того, игнорирование значения в исследовательском процессе являлось скорее декларативным, чем реальным. По-иному и быть не могло. «Язык потому и есть язык, а не простые комбинации звуков, что его единицы осмысленны, включают в себя различные значения, способны выражать те или иные идеи и мысли. Семантика, или значение, – это душа языка» [4, с.4].

Следовательно, семантика – это такой же основополагающий элемент двусторонней языковой единицы, как ее звучание.

Принадлежность морфемы к двусторонним единицам языка, как было отмечено выше, предполагает наличие у нее двух планов: плана содержания и плана выражения.

Заметим, однако, что, говоря о содержании морфемы, ученые применяют различные термины: «значение», «функция», «значимость».

Так, Н.Д.Арутюнова и Т.В.Булыгина, рассматривая особенности интерпретации морфемы представителями американской школы, дескриптивистами, отмечают, что «если сначала условное обозначение морфемы в работах дескриптивистов базировалась на ее форме и изображалось в виде ее основного варианта (например, [s] – для мн. числа, [d] – для претерита в английском языке), то после принятия принципа дополнительного распределения дескриптивисты стали обозначать морфемы по их ф у н к ц и, заключая в скобки названия грамматического значения (например, морфема [мн. число], морфема [претерит])» [5, с.247]. (*Функция = грамматическое значение*). Ср. еще: «последователи Блумфилда под морфемой подразумевали уже означаемое знака, его функцию, к означающему же был отнесен термин «морфа», или «морфемный сегмент» [6, с.36]. (*Означаемое = функция*).

Говоря о трактовке морфемы представителями пражской школы, в частности В.Скаличкой, Н.Д.Арутюнова и Т.В.Булыгина пишут: «Глобальный знак» не распался в его грамматической теории на форму и функцию, означающее и означаемое, но практически дал в этом направлении явственную трещину [5, с.240]. (*Функция = означаемое*).

В концепции Пражского лингвистического кружка указание на «значение» морфемы заменяется указанием на ее «формальную функцию». См. определение морфемы в «Проекте стандартизированной фонологической терминологии» [7, с.210].

Учитывая многозначность слова «формальный», которое можно понимать как противоположное слову «вещественный», «реальный», мы полагаем, что оно не имелось в виду, так как пражцы нигде не исключают из числа морфем корень. Ю.С.Маслов, принимая во внимание указанное обстоятельство, предпочитает говорить о смысловой или структурной функции морфемы.

А.С.Герд, определяя семантику морфемы, приписывает ей (морфеме) вместо значения значимость [8, с.50].

Таким образом, исходя из сказанного выше, представляется целесообразным более четко разграничить такие аспекты стороны содержания лингвистических единиц, как значение, значимость, функция.

Значение – этот очень широкое и многоаспектное понятие, в него нередко вкладывается самый различный смысл. К понятию значения можно применить высказывание Ф.де Соссюра, относящееся к слову: значение есть нечто неотступно представляющееся нашему уму. Однако вся сложность состоит в том, что это нечто представляется нашему уму по-разному [9, с.111]. А «разность» эта, по-видимому, обусловлена тем, что значение относится к явлениям, которые не поддаются непосредственному наблюдению и измерению.

И все же многочисленные определения значения в языкознании можно свести к двум типам, которые очень точно определил Л.М.Васильев: 1) «к определению значения как психической, отражательной сущности, соотносимой с такими психическими явлениями, – как представления, эмоции, понятия и т.п.»; 2) «к определению значения как реляционной сущности, как отношения: как отношения языкового знака к предмету (денотативное значение), к понятию (сигнификативное

значение), к условиям речевого акта и его участникам (прагматическое значение), как физиологической реакции на речевой стимул (значение в понимании Л.Блумфилда), как отношение знака к сфере или ситуации его употребления («стилистическое значение»), как отношения языкового знака к другим знакам («структурное значение») и т.д.» [10, с.32].

Первый тип определения значения представлен в трудах Г.Пауля [11, с.94], А.И.Смирницкого [12, с.89; 13, с.152], Д.Н.Шмелева [14, с.56], О.С.Ахмановой [15], Л.М.Васильева [10, с.32-33], В.М.Солнцева [16, с.122] и др.

Второй тип определения значения сформулирован в работах Л.Блумфилда [17, с.142-164], В.В.Виноградова [18, с.6], А.С.Мельничука [19, с.139; 20, с.67-74], А.А.Уфимцевой [21, с.82], А.С.Герда [8, с.48-49] и др.

Мы склонны считать более приемлемым рассмотрение проблемы значения в свете теории отражения, так как: 1) при конкретизации отношения слова к предмету или к понятию возникает необходимость формулирования тех признаков предмета, которые лежат в основе этого отношения, а значит и в основе значения как образа этого предмета; 2) языковая реакция на речевой стимул возможна при условии восприятия и обязательно понимания знака-стимула, т.е. понимания значения знака

Если язык является «основной общественно значимой (опосредованной мышлением) формой отражения окружающей человека действительности и самого себя» [22, с.604], то языковое значение – это способ представления внеязыковой действительности.

Языковое значение как отражательную категорию необходимо отграничивать от значимости и функции.

Понятие значимости в языкознании ввел Ф. де Соссюр. По мнению ученого, «язык есть система чистых ценностей (значимостей), ничем не определяемая, кроме как наличным состоянием входящих в ее состав элементов» [9, с.88].

Ф. де Соссюр считает, что «значимость, взятая в своем концептуальном аспекте, есть, конечно, элемент значения, и весьма трудно выяснить, чем это последнее от нее отличается, находясь вместе с тем в зависимости от нее» [9, с.114].

Значение же языковых единиц он определяет как нечто зависящее от места данной единицы в системе языковых единиц, как результат соотношения с другими единицами языка.

Обратимся к анализу конкретного примера, который Ф. де Соссюр использует для подтверждения своих мыслей. «Французское слово *mouton* может совпадать по значению с русским словом *баран*, но оно не имеет одинаковой с ним значимости, и это, по многим основаниям, между прочим, потому, что говоря о приготовленном и поданном на стол куске мяса, русский скажет *баранина*, а не баран. Различие в значимости между *баран* и *mouton* связано с тем, что у русского слова есть наряду с ним другой термин, соответствующего которому нет во французском языке» [9, с.115].

Следует признать, что во многом Ф. де Соссюр прав в своей интерпретации. Однако ученый определяет это различие местом слова в системе значений этих слов. Согласно Ф. де Соссюру, «если бы слова служили для выражения заранее данных понятий, то каждое из них встречало бы точные смысловые соответствия в любом языке. ... Мы, следовательно, наблюдаем вместо заранее данных идей значимости, вытекающие из самой системы. Говоря, что они соответствуют понятиям, следует подразумевать, что эти последние чисто дифференциальны, т.е. определены не положительно своим содержанием, но отрицательно своими отношениями с прочими элементами системы» [9, с.116].

На наш взгляд, различие в значимости между *баран* и *mouton* связано с различием значений этих слов. Слово *баран* в русском языке имеет узкое значение по сравнению с *mouton* во французском языке и требует для передачи значения «*баранина*» еще одного слова в русском языке. Во французском языке это 2-ое значение передается также словом *mouton*. Следовательно, слова *баран* в русском языке и *mouton* во французском языке лишь отчасти совпадают по значению. И то, что слово *баран* означает именно животное, а не кушанье из этого животного зависит от понятия, которое этим словом выражается, а вовсе не от места данного слова в системе.

Таким образом, из вышеизложенного следует, что значимость зависит от значения, от соотношения данного значения с другими значениями и лишь в силу этого от системы языка.

Язык – сложная иерархическая структура. Единицы разных уровней языка отличаются не только своими функциональными свойствами, но и содержательными характеристиками. По-видимому, можно полагать, что соотношение значения и значимости различно у единиц разных уровней языка.

Так, Н.А.Слюсарева и А.С.Герд, отмечая, что в семантике морфемы значение и значимость

сосуществуют, подчеркивают доминирующий характер значимости по сравнению со значением [23, с.60-61, 64; 8, с.50, 51-52]. Обосновывают они свое утверждение следующим образом. «Корневые и словообразовательные морфемы, – пишет Н.А.Слюсарева, – представляют собой разряд, у которого значение выступает в полной мере и этим достигается приближение их к лексическому уровню, но значение корней существует не столько у каждого отдельного корня, сколько у всего гнезда слов и определяется в его пределах». У формообразующих морфем, рассуждает далее она, «лишь из противопоставления словоформ мы заключаем о наличии грамматического значения, возникающего на базе ценности».

А раз морфема не обладает значением, то это уже не знак, «поэтому, – подытоживает Н.А.Слюсарева, – целесообразно считать морфему знакоподобной единицей в системе языка» [23, с.60, 61].

А.С.Герд считает, что «суффиксы свое значение приобретают только в соединении с той или иной основой в составе слова. Сами по себе они значения не имеют».

В то же время, по мнению ученого, аффикс как член морфологической системы языка вступает в отношения с другими аффиксами в этой системе и приобретает свою ценность, значимость, на фоне которой и выступает его грамматическое значение [8, с.50, 51].

Думается, все же нельзя согласиться с утверждением Н.А.Слюсаревой и А.С.Герда о приоритете значимости в семантике морфемы. Мы придерживаемся точки зрения на морфему как двустороннюю единицу языка, как знак. При этом имеется в виду, что морфема имеет значение сама по себе, вне слова. Ср. примеры «перестановок» И.А.Бодуэна де Куртенэ: *брык-ами ног-ает, морг-ами глаз-ает, верт-ом хвост-ит*. По мнению И.А.Бодуэна де Куртенэ, доказательством «реально-психического существования и переносимости ... отдельных морфем являются обмолвки, происходящие благодаря перестановкам или «неправильным» сочетаниям по смежности» [24, с.282].

Быть может, говорить об отсутствии самостоятельного значения у морфемы и приобретении его только в составе слова не слишком корректно потому, что и слова реализуют свои значения не сами по себе, а только в предложениях, являющихся основной коммуникативной единицей.

В структуре морфемы как знака значимость выступает вместе со значением, неотделима от строения морфемы, но все же является вторичной по отношению к значению.

Итак, соотношение понятий значение и значимость показывает, что понятие значения богаче по содержанию, чем понятие значимости. Значимость, присущая языковым единицам наряду со значением, входит в состав единицы как ее реляционное свойство и составляет один из элементов значения.

Языковое значение отличается не только от значимости, но и от функции. В языкознании функция понимается как роль, употребление, назначение тех или иных единиц языка (например, морфем, слов и т.д.). Такое понимание функции принято у представителей Пражского лингвистического кружка и в отечественном языкознании. Ср. определение морфемы у пражцев и у Ю.С.Маслова [7, с.210; 25, с.142]. Функции могут быть содержательными (смысловыми, семантическими) и формальными (конструктивными, структурными). В этом плане значение представляет собой «семантическую функцию» единиц плана выражения. Следовательно, понятие функции шире, чем понятие значения.

Таким образом, краткий обзор понятий значения, значимости и функции в языкознании позволяет выразить мнение, что из названных понятий шире по объему понятие функции. Понятие функции более широкое, чем понятие значения. Значение – одна из разновидностей функций единиц плана выражения (в частности, семантическая). В свою очередь понятие значения шире, чем понятие значимости. Значимость зависит от значения, и она есть элемент значения.

Функция, значение, значимость – это три свойства, признака языковой единицы, благодаря которым она становится осмысленной для говорящего. А осмысленность, согласно Э.Бенвенисту, «это основное условие, которому должна удовлетворять любая единица любого уровня, чтобы приобрести лингвистический статус» [26, с.132].

На наш взгляд, в отношении семантики морфемы более оправданным считается использование термина «значение». Во-первых, потому, что сам термин «семантика» обозначает собственно содержание, внутреннюю сторону языковой единицы, а не ее роль, назначение. В этом случае понятие семантики эквивалент понятия значения. Во-вторых, потому, что, сосуществуя вместе со значимостью во внутренней стороне морфемы, значение выступает как основное, определяющее свойство морфемы. Именно значением определяются системообразующие свойства морфемы [16, с.124]. Именно значение обуславливает существование морфемы как единицы языка, как знака. В-

третьих, потому, что говоря о семантике морфемы, мы имеем в виду и собственно значение морфемы, и ее значимость. Понятие значения более объемное, чем понятие значимости. Значение в качестве элемента включает в себя значимость. Этот факт существен в случаях с интерфиксами, которые рассматриваются как значимые элементы структуры слова.

Таким образом, при определении морфемы лингвисты, обращая внимание на ее внутреннюю сторону, содержание, применяют различные термины: «функция», «значение», «значимость».

Принимая во внимание содержание терминов «функция», «значение», «значимость» в языкознании, исходя из понимания морфемы как двусторонней единицы языка, как знака, при котором значение является основополагающим свойством, мы склонны считать более предпочтительным употребление термина «значение» применительно к семантике морфемы.

- 1 Милославский И.Г. *Вопросы словообразовательного синтеза*. – М.: Моск. ун-т, 1980. – 296 с.
- 2 Маслов Ю.С. *О морфеме // Актуальные проблемы русского словообразования: Материалы республиканской научной конференции (12-15 сентября 1972 г.)*. – Ч.2. – Самарканд, 1972. – С.195-196.
- 3 Илия Л.И. *Очерки по грамматике современного французского языка*. – М.: Высшая школа, 1970. – 176 с.
- 4 Солнцев В.М. *К вопросу о семантике, или языковом значении // Проблемы семантики*. – М.: Наука, 1974. – С.3-5.
- 5 Арутюнова Н.Д., Булыгина Т.В. *Основная единица морфологического анализа // Общее языкознание. Внутренняя структура языка / Отв. ред. Б.А.Серебрянников*. – М.: Наука, 1972. – С. 233-256.
- 6 Арутюнова Н.Д. *О минимальной единице грамматической системы // Единицы разных уровней грамматического строя языка и их взаимодействие*. – М.: Наука, 1969. – С.27-45.
- 7 Новак Л. *Основная единица грамматической системы и типология языка // Пражский лингвистический кружок*. – М.: Прогресс, 1967. – С.210-225.
- 8 Герд А.С. *Семантика морфемы: значение или значимость (valeur)? // Структурная и прикладная лингвистика*. – Вып.2. – Л., 1983. – С.47-52.
- 9 Соссюр де Ф. *Курс общей лингвистики*. – М.: Соцэкгиз, 1933. – 272 с.
- 10 Васильев Л.М. *Значение в его отношении к системе языка*. – Уфа: Изд-во Башкирского ун-та, 1985. – 62 с.
- 11 Пауль Г. *Принципы истории языка*. – М.: Изд-во иностр. лит-ры, 1960. – 500 с.
- 12 Смирницкий А.И. *Значение слова // Вопросы языкознания*. – № 2. – 1955. – С.79-89.
- 13 Смирницкий А.И. *Лексикология английского языка*. – М.: Изд-во литературы на иностр. языке, 1956. – 260 с.
- 14 Шмелев Д.Н. *Современный русский язык. Лексика*. – М.: Просвещение, 1977. – 335 с.
- 15 Ахманова О.С. *Очерки по общей и русской лексикологии*. – М.: Учпедгиз, 1957. – 295 с.
- 16 Солнцев В.М. *Язык как системно-структурное образование*. – М.: Наука, 1977. – 341 с.
- 17 Блумфилд Л. *Язык*. – М.: Прогресс, 1968. – 607 с.
- 18 Виноградов В.В. *Основные типы лексических значений // Вопросы языкознания*. – № 5. – 1953. – С.3-29.
- 19 Мельничук А.С. *О природе лингвистического языка // Теоретические проблемы современного советского языкознания*. – М.: Наука, 1964. – С.135-140.
- 20 Мельничук А.С. *Значение и содержание лингвистических единиц различных уровней // Теоретические проблемы семантики и ее отражения в однозначных словарях*. – Кишинев: Штиинца, 1982. – С.67-74.
- 21 Уфимцева А.А. *Опыт изучения лексики как системы (на материале английского языка)*. – М.: АН СССР, 1962. – 287 с.
- 22 *Лингвистический энциклопедический словарь / Под ред. Ярцевой В.Н.* – М.: Советская энциклопедия, 1990. – 685 с.
- 23 Слюсарева Н.А. *Теория Ф.де Соссюра в свете современной лингвистики*. – М.: Наука, 1975. – 112 с.
- 24 Бодуэн де Куртенэ И.А. *Избранные труды по общему языкознанию*. – Т.2. – М.: АН СССР, 1963. – 391 с.
- 25 Маслов Ю.С. *О некоторых расхождениях в понимании термина «морфема» // Уч. записки ЛГУ. Серия филол. наук*. – № 301. – Вып.60. – Л., 1961. – С.140-152.
- 26 Бенвенист Э. *Общая лингвистика*. – М.: Прогресс, 1974. – 447 с.

Утепбергенова Л.А.  
Абай атындағы ҚазҰПУ

## АУДАРМАДАҒЫ ТІЛАРАЛЫҚ БАЛАМАЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ АНТОНИМДІК АУДАРМА МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Түйіндеме.** Мақалада аударма теориясындағы тіларалық баламалылық мәселесі қарастырылады. Тіларалық баламалылықтың бір көрінісі болып табылатын, лексико-грамматикалық трансформацияның бір тармағы – антонимдік аударманың тіларалық баламалылық қызметіне талдау жасалады. Жаһандану дәуіріндегі ғылым мен білім, әдебиет пен мәдениет, ақпарат пен жарнамалар желісі және олардың жетістіктерін ана тілімізге жеткізу аударма үдерісі арқылы жүзеге асары сөзсіз. Тіларалық баламалылық мәселесі түрлі тілде сөйлеушілердің алғашқы байланысында туындаған. Антонимия барлық тілдерге тән универсалды құбылыс. Аталмыш құбылыстың пайда болуына адамның ой-санасының объективті дүниедегі заттар мен құбылыстарды, ұғымдарды салыстыру және оларды бір-біріне қарама-қарсы қою қабілеті негіз болады. Қарама-қарсы мағыналы лексемалар – қарама-қарсы мағынасы бар тілдік бірліктер. Қарама-қарсы мағыналы лексемалар тіл табиғатында терең тамыр тартқан, қазақ және ағылшын тілінің бай сөздік қорында басқа да лексикалық бірліктер сияқты сан құбылып, алуан түрленіп, әлденеше қырынан көрініс беретін икемді де, оралымды, өріс аумағы кең, стильдік мүмкіншілігі мол тілдік құбылыс болып табылады. Тілдердің сөздік қоры мен сөздік құрамы, оның сөзжасам тәсілдері, тағы басқа мүмкіндіктері бір-біріне сәйкес келе бермейтіні заңды. Түрлі тілдердің құрылымдық, стильдік, грамматикалық жүйелері, лексикалық байлығы әр алуан тарихи негізде туып, қалыптасады. Алайда бұдан қайсыбір тілдерді аударуға болатын, ал екінші біреулерін аударуға болмайтын тіл деп саралауға болмайды. Өйткені, өз ұлтына толыққанды қызмет етіп отырған тілдің қай-қайсысында да аударма ісі жандана алады. Ендеше, тілдер табиғатындағы ерекшеліктер қатаң сақталуы қажет.

**Тірек сөздер:** аударма, антоним, баламалылық, тіларалық баламалылық, баламалы аударма.

**Аннотация:** В данной статье рассматривается проблема межъязыковой эквивалентности в теории перевода. Очевидно, что в период глобализации наука и образование, литература и культура, сеть информации и реклам передается с помощью переводческого процесса. Проблема межъязыковой эквивалентности дала о себе знать еще в момент первой коммуникации людей с разным языком обучения. Антонимия - явление присущее всем языкам. Возможность человеческого разума сравнивать и противопоставлять различные вещи и понятия поспособствовало появлению этого самого явления. Лексемы с противоположным значением являются особо важным явлением с богатой стилистической возможностью, которые подвергаются различным изменениям также как лексические единицы в словарном запасе как казахского, так и английского языков. Словарный запас языков, их способы словообразования, и другие возможности не всегда совпадают друг с другом. Стилистическая, грамматическая система различных языков, лексические возможности имеют свою историю появления и развития. Но это не дает нам никакого права дифференцировать одни языки как языки, которые переводить можно, а другие языки, как те, которые переводить нельзя. Ведь в языке любого народа есть все предпосылки переводческого дела. В таком случае всевозможные особенности языков должны строго соблюдаться.

**Ключевые слова:** перевод, антоним, эквивалентность, межъязыковая эквивалентность, эквивалентный перевод.

**Abstract:** This article deals with the problem of the interlinguistic equivalence in translation theory. It is clear that in the period of globalization, science and education, culture and literature, information and advertisements transmitted through the translation process. The problem of interlinguistic equivalence is known from the time of the first communication of people with different language learning. Antonym - a phenomenon inherent in all languages. The possibility of the human mind to compare and contrast different things and concepts facilitated the emergence of this very phenomenon. Lexemes with opposite meanings are particularly important phenomenon with rich stylistic possibility that undergo different changes as well as lexical units in the lexicon of Kazakh and English languages. Vocabulary of languages, their methods of derivation, and other features do not always coincide with each other. Stylistic, grammatical systems of different languages, lexical opportunities have their own history of the emergence and development. But it gives us no right to differentiate some languages as languages that can be translated, and other languages, such as those that can not be translated. Indeed, the language of every nation has all the prerequisites of the translation studies. In this case, all sorts of features of languages should be rigorously observed.

**Key words:** translation, antonym, equivalence, interlinguistic equivalence, equivalent translation.

Аударма – халықтың рухани қызметінің, мәдени өмірінің бір саласы, халықтар арасындағы үзілмейтін үрдістердің бірі [1, 12].

«Аударма адамзаттың өте ертеден келе жатқан қызмет түрі, сан мыңдаған халық пен сан мыңдаған



тұрғындар тілінен ірі империялардың құрылуы, діни және әлеуметтік білімдерді таратуда әлеуметтік үлкен белелге ие болған басым ұлттың мәдениетін бекіту сияқты белгілі тарихи фактілерді онсыз елестету қиын болар еді» [2, 211]. Аударма халықтарды жақындастыруда маңызды рөл атқарады, ал көркем аудармаға деген қызығушылықты арттыру әрқашанда жалпы мәдениетке деген қызығушылықты арттыруға тікелей пропорционал болды.

Кез келген мәтінді аударудағы басты мақсат – негізгі мәтіндегі ойды аударма тілінде стилистикалық жағынан мән бере, мағынасын аша отырып аудару. Аударма ғылымындағы сәйкестік және баламалылық ұғымдары тілралалық қызмет атқарады. Сондықтан да аталған ұғымдар аудармада идеологиялық мәнге ие.

Қазіргі қазақ аударма ғылымында ғылымында жиі қолданылып жүрген *балама*, *баламалы аударма*, *баламалылық* (эквивалент, эквивалентный перевод, эквивалентность) деген терминдердің ұғымдық шеңбері әлі де талас тудырып келеді. Бірқатар зерттеулерде балама ұғымы *теңбе-теңдік* (тождественность), *дәлме-дәл аударма* (адекватный перевод) терминдерімен бір тең мағына түсініледі. Сондай-ақ балама (эквивалент) дегенді түпнұсқа тілдегі сөздің басқа тіл сөздігінде көрсетілген варианттары немесе аудару үдерісі кезінде түпнұсқадағы сөзге, тіркеске, фразаға, синтаксистік тұтастыққа аудармашы аударылатын тілден таңдап, іріктеп алған мағынасы жуық нұсқалар деп түсіндіретін зерттеулер де бар.

Сөз болып отырған тілралалық баламалылық жайында алғаш пікір айтқан ғалым – Я. Рецкер. Ол *балама* және *баламалы сәйкестік* дегеннің аражігін ажыратуды ұсынады. Зерттеушінің көзқарасы бойынша «балама» (эквивалент) деген – мәнмәтінге тәуелсіз, тұрақты, теңбе-тең сәйкестік [3,10], дәлірек айтқанда екітілді сөздікте берілетін нұсқалар дейді. Сондай-ақ Я. Рецкер *балама* аударма үдерісінің катализаторы, бұның әсіресе ауызша аудару кезінде рөлі жоғары, өйткені сөздіктерде көрсетілген балама аудармашының санасына алдымен түседі де, контекстің мағынасын тез түсінуге ықпал етеді деп жазады. Бірақ ғалым екітілді сөздіктердің өзі дәл баламаны бере алмайтынына тоқтала отырып, эквивалент дегенге географиялық атауларды, жалқы есімдерді, терминдерді жатқызу керек деп есептейді; ал басқа сөздер, сөз тіркестері *баламалы сәйкестік* деп танылуы тиіс; сондықтан *толық балама*, *ішінара балама*, *абсолют балама*, *шамалас балама* типтес түрлерді ажырату қажет деген тұжырым жасайды.

Дегенмен, Я. Рецкер тілралалық балама ұғымына дәл анықтама бере қоймады. Ғалымның алғаш болып тілралалық балама ұғымы туралы ғылыми тұжырым жасағандықтан, оның еңбектеріндегі пікірлердің болжау-пайымдау бағытында екендігін де ескерген жөн.

Орыс тіл біліміндегі аударматанушы ғалым В.Н. Комиссаров тілралалық баламалылық ұғымын сәйкестіктен ажырата отырып, баламалылық деңгейлерінің теориясын (теория уровней эквивалентности) ұсынды. Аталған теория – аударматанудың лингвистикалық дербес теориясының ең басты негізі, «аударманың баламалылығы дегеніміз – түпнұсқа мен аударма мәтіннің мазмұнының барлық деңгейлерінің дәлме-дәл болуы; кез келген деңгейдегі мазмұн межесінің (план содержания) мұқият сипатталуы; олардың қалай берілгендігінің жолдарын көрсету» [2, 76-75] – деп жазады.

Сондай-ақ ғалым мазмұн жоспарынан туындаған тілралалық баламалылық деңгейлерінің бірнеше түрін атаған:

- тілдік таңбалар деңгейі;
- сөйленіс деңгейі;
- хабарлау деңгейі;
- жағдаятты сипаттау деңгейі;
- коммуникация мақсатының деңгейі.

В.Н. Комиссаров ұсынған баламалылық теориясының артықшылығы – мазмұн жоспары мен тұрпат жоспарының (план выражения), мазмұн мен құрылымның өзара байланыста екендігінде болды. Бұл ретте коммуникацияның мақсатынан бастап сөз деңгейіне дейінгі аралық ескерілуі қажет.

Аударма теориясы саласындағы аударматанушы ғалымдардың қай-қайсысы да балама, баламалылық мәселесін сөз етіп жүр. Мәселен, В. Виноградов баламалылық, яғни «эквивалентность» деген түсініктің шеңберін барынша анықтауға тырысты. Ғалымның пікірінше, «аударма теориясында баламалылық дегеннің астарында түпнұсқадағы және аудармадағы мазмұндық, мәндік, семантикалық және функционалдық-коммуникациялық ақпараттар теңдігінің сақталуын түсінген жөн... [4, 17]. Ғалым тілралалық баламалылық және лексикалық сәйкестік ұғымдарын мағыналас деп түсіндіреді.

Сонымен қатар В.Виноградов баламалылықты мынадай тармақтарға таратып көрсетеді:

а) формасы бойынша сәйкестіктер, яғни түпнұсқадағы сөзге аударылатын тілдегі сөз тіркесінің сәйкес түсуі;

ә) берілетін ақпараттың көлемі бойынша сәйкестіктер; яғни екі тілде де ақпаратты жеткізетін тілдік құралдар бірдей немесе аударылатын тілде мағыналық (семантикалық) ақпаратты беретін тілдік құралдардың әлеуеті аз; басқа мүмкіндіктерді іздестіруге тура келеді.

Демек, аударманың баламалылығы (эквивалентность перевода) - түпнұсқа мен аударма мазмұнының мағыналық жағынан жақындығы. Сондықтан аударма баламалылығының нормасы – аударманың түпнұсқаға барынша мағыналық жағынан сәйкес келуі.

Баламалылық теориясы бастапқы мәтін мен аударылатын мәтіннің семантикалық қатынасын қарастырады.

Бастапқы және аударылған мәтіндердің баламалылығы, яғни тіларалық баламалылық мынадай үш шартты ескергенде ғана жүзеге асатын бастапқы мәтін мен аударылған мәтіннің тепе-теңдігі:

1. Аударылған мәтін бастапқы мәтіндей (түпнұсқа) адресатқа әсер етуі керек;
2. Аударылған мәтін барынша бастапқы мәтіннің мәтіндік аналогі болуы тиіс;
3. Аударылған мәтін бастапқы мәтін мазмұнынан, аудармашылық трансформация шеңберінен ауытқымауы керек [5, 48].

Р. Садықова түр-түс атауларының аудармада берілуі туралы диссертациялық жұмысында тіларалық баламаны былайша тұжырымдайды: «Эквивалент (балама) – функционалды жағынан тең мағыналы болатын сөздер мен сөз тіркестері. Дегенмен ғылымда осындай айқын көзқарастар бола тұрса да, қазақ аударматануында аталған мәселелер әлі де теориялық тұрғыдан да, пратикалық тұрғыдан да өз шешімін тапқан жоқ. Бұл мәселе тілдік таңба, сөйленіс, хабарлау, жағдаятты сипаттау, коммуникацияның мақсаты деңгейлерінде талдауды қажет етеді. Өйткені сәйкестік, баламалылық, трансформация әр жанр типінде, типологиялық құрылымы әр басқа тілдерде әр түрлі болады» [6, 64].

Бұл аталғандар – қазақ аударматану ғылымында әлі өз шешімін тапқан жоқ. Осыған байланысты А. Алдашеваның «Аудармадағы баламалылықтың түрлері» атты еңбегіндегі пікірлер бірқатар бағыттарға жетелейді. Ол қазақ аударматану ғылымында балама, баламалылық деген терминдер нақты емес деп көрсетеді [7, 109].

Жоғарыда аталған тіларалық баламалылық антонимдерді аударуда да негізгі әрі орталық мәселелердің бірі болып табылады.

Көптеген лингвист-ғалымдар көркем аударманың негізгі мәселелері бойынша пікірталасқа түсіп, осы мәселелердің шешемін табуға тырысты. Бұл аударманың теориясы мен практикасында үлкен орын алды. Осындай мәселелердің бір мысалы ретінде антонимдерді аудару мәселесін атауға болады. И. Бархударов антонимдік аударманың кең таралған кешенді лексико-грамматикалық алмастыруға жатқызады, оның негізі оны түпнұсқа тіліндегі болымды мағынадағы құрылымның аударма тілінде теріс құрылымды немесе түпнұсқа тіліндегі теріс құрылымның аударма тіліндегі болымды мағынадағы құрылымды трансформациясы ретінде анықтайды. Ал Н. Комиссаровтың пікірінше, антонимдерді аудару аударма кезіндегі мағыналық дамудың ең шекті деңгейі деп түсіндіреді.

Екі ғалымның антонимдік аударма туралы пікірлері тоғысады десек қателеспейміз. Демек, антонимдік аударма дегеніміз – сөйлемдегі теріс немесе сұрақ формасының болымды мағынаға немесе керісінше формаға ауысуы. Мәселен, қазақ тіліндегі *жақсы көру*, *жек көру* сөздері ағылшын тіліндегі *to love*, *to like* және антонимдің сәйкес етістіктер *to hate*, *to dislike* дегеннің тікелей баламасы. Егер *to hate*, *to dislike* етістіктерін қазақ тіліндегі *жақсы көру* етістігіне аударсақ, бұл дөрекі бұрмалаушылық болар еді. Аудармада антонимдік баламалылықтарды пайдалану тек қандай да бір толық сөйлем мағынасын беретін теріс мағыналы сөздерде ғана кездеседі.

**Abstract:** In this article the author proves that the anthroponym system is a kind of kernel in the onomastic space. Also, the peculiarities of anthroponyms from common nouns are revealed, and the aspects of studying them are considered. It is proved that the aspect of motivation plays an important role in the study of proper names, as it is the motivational aspect that enables us to consider anthroponyms from not only etymological, structural or historical point of view, but from logical, psychological, sociological, and even cross-cultural aspects. Motivation is closely related to such concepts as meaning and content, and it is very important to identify the difference between these two. When considering proper names in motivational aspect, the comparative-historical method of investigation becomes the most useful one. Therefore, this article presents Kazakh and Turkish anthroponyms from motivational side. The comparison shows similarities in terms of motivation. The article also refers to the works of researchers in the field anthroponymy in Kazakh and Turkish languages, and general Turkic Studies.

**Key words:** onomastic space, anthroponym, motivation, motivational aspect, the comparative-historical method of investigation.

Жер жүзінде өзіндік атауы жоқ ешбір зат немесе құбылыс жоқ. Жанды-жансыз жаратылыстар, табиғат құбылыстары, қоғам өміріне қатысты заңдылықтар, тіпті адамның абстракциялы ойлау жүйесі де белгілі бір атаулармен аталады. Осыған орай, құрылымды-тілдік жасалымы мен арнайы қызметі тұрғысынан есімдер (атаулар) жалқы және жалпы есімдер болып бөлінетіні де белгілі. Нақты объектіні атамай, оның белгілі заттық түрі мен ұғымымен байланысты атаулар жалпы есімдер делінсе, тек жеке объектіге тағылатын, нақты затпен байланысы бар атаулар жалқы есімдер деп аталады.

Жалқы есімдерді жалпы атаулардан ажырату үшін ғылымға ономастикалық кеңістік ұғымы енгізілді. Ономастикалық кеңістік – халықтың шынайы, болжамды және фантастикалық объектілерді атауда қолданатын жалқы есімдерінің қосындысы. Ономастикалық кеңістік көбіне сол халық өмір сүріп жатқан кезеңдегі танымымен анықталады, алайда өткен заманның ізі барынша сақталып, көрініп отырады.

Алғаш ономастикалық кеңістіктің шеңберіне кіретін реалийлердің классификациясын Аристотель жасап кетсе, кейіннен Дж.Милл, В.Н.Топоров өз классификацияларын ұсынды.

Ономастикалық кеңістіктің өзегі болып келе жатқан категориялардың бірі ол – кісі есімдері екені даусыз. Адамға берілер төл атау - есімдердің барша төл-тұлғалары (адамның төл есімі, лақап аты, бүркеншік аты, әкесінің аты, ата тегі) ономастика ғылымының бір саласы болып табылатын антропонимикалық жүйені құрайды [1, 3 б.]. «Антропонимдер – кісі аттарынан тұратын жалқы есімдердің ірі разряды. Антропоним формуласында, атау беру уәжінде, атау құрылымында байқалатын әр халықтың өзіндік атау беру дәстүрі бар. Кез келген халықтың антропонимдік қоры (антропонимдер жиынтығы) құрамы жағынан әртүрлі» [2, 52-53 бб.].

Антропонимдер жанды жаратылыс, яғни тек кісі есімдеріне қатысты сала болғанымен, халықтың мәдени тарихымен, адамдардың психологиялық ерекшеліктерімен, салт-дәстүрімен тығыз байланысты әрі аса күрделі категория. Г.Б.Мәдиева мен С.Қ.Иманбердиеваның зерттеулері бойынша, антропонимдердің мынадай ортақ белгілері болады:

- әртүрлі халықтардың ат тағудың ресми формуласы қатаң тәртіппен емес, өзгермелі, орын тәртібі әртүрлі бірнеше компоненттерден тұратын тарихи категория болып табылады;
- ұлттық антропонимиканың негізгі қорын көп жағдайда ана тілдегі атау жүйесі құрайды;
- антропонимдік жүйені жаңа және кірме атаулар толықтырады;
- атаулар маңызды заң қызметін – қоғамдағы жеке адамды ажырату қызметін атқарады;
- отбасы мүшелерін атағанда немесе адамдардың белгілі бір тобын жинақтап көрсетуде болмаса, басқа жағдайларда антропонимдер тек жекеше түрінде қолданылады;
- әр халық антропонимдерінің дамуында бір тағанды антропонимдік жүйеден көп тағандыға ауысу заңдылықтары байқалады. Бір тағанды антропонимдік жүйе ең көне болып саналады;
- көптеген ұлттық антропонимдік жүйеде кісі аттарын ресми және бейресми деп бөлу кездеседі [2, 53-54 бб.].

Жер жүзінде кісі есімдерінің алуан түрлілігі тілдердің көптігімен ғана емес, сонымен қатар рухани және материалдық мәдениеттердің әртүрлілігімен де өлшенеді. Тіпті бір халықтың өзінде әр кезеңде антропонимдік қоры бірдей болмауы мүмкін. Мәселен, қытай халқында бізге тән жеке есім мен тегімізден басқа бір адамның басында ересек кезінде де тағылатын лақап аттары (*цзы*), бүркеншік аттары (*бимин*), әдеби лақап аттары (*хао*, *бехао*, *бемин*), бірден төртке дейін кітаби есімдері (*шумин*) болады. Сондай-ақ, кісі есімдері шынайы (*бэньмин*), ойдан шығарылған (*вэймин*), жасанды (*сюймин*), аймақтық (*цзюньмин*), қыздарға ұзатылғаннан кейін берілетін, *-(э)р*-ге аяқталатын еркелету мақсатында қойылатын, қайтыс болғаннан соң беріліп, мола тастарына жазылатын отбасылық есімдер де бар. Императорларының аттары табу есімдердің қатарына жатқандықтан олардың халық арасында таралған қаншама аттары болған.

Қазақ антропонимикасының генезисі әрқилы қоғамдық-саяси, мәдени-тарихы және әлеуметтік үдерістердің негізінде туындаған [1, 6 б.]. Кез келген тілдік бірліктің түп-негізін, шығу төркінін анық білу үшін оны тілдің өз ішінде зерттегеннен гөрі салыстырмалы-салғастырмалы тәсілмен өзге туыстас тілдермен қатар қарастыру анағұрлым көп нәтиже бермек. Сондықтан қазақ тілінің антропонимдерін туыстас түрік тілімен салыстыра отырып қарап көрейік.

Жалпы түркі ономастикасын дамытуға орыс ғалымдары В.В.Радлов, Г.А.Левшин, П.Мелиоранский, Г.Е.Грум-Гржимайло, В.В.Бартольд, Н.А.Аристов, Г.Н.Потанин, П.Паллас, А.Н.Харузин, С.М.Тянь-Шанский, В.А.Баскаков, С.Г.Кляшторный, Б.Я.Владимирцов, А.Н.Кононов, А.М.Щербак, Е.Д.Поливанов үлкен үлестерін қосты. Ал қазақ ономастикасын, соның ішінде антропонимикаға аса мән бере зерттеген Т.Жанұзақов, Г.Жәркешева, В.У.Махпиров, О.Сұлтаньяев, Е.Қойшыбаев, В.Н.Потапова, А.Әбдірахманов, Г.Қоңқашпаев, С.Аманжолов, М.Тынышбаев, Н.А.Аристов, И.Беляев, Н.Бравин, А.И.Самойлович, Н.Ф.Катанов, И.А.Износков, У.А.Мұсабекова, З.К.Ахметжанова, Г.Б.Мәдиева, С.Қондыбай, Е.Керімбаев, Д.Жүнісов, С.Қ.Иманбердиева сияқты ғалымдарымызды атауға болады. Мәселен, Т.Жанұзақовтың есімдер сырына арнаған еңбектерінің маңызы өте зор. Ж.Ағабекова қазақ тілінде қалыптасқан араб текті кісі аттарының этнолингвистикалық сипатын қарастырса, А.Байғұтова өз еңбегінде антропонимдердің лингвомәдени және гендерлік сипатын зерттеді. Ал салыстырмалы-салғастырмалы зерттеулерге қалам тартқан зерттеушілерден М.А.Диарова ежелгі түркі және қазіргі ат қою дәстүрін, З.К.Ахметжанова мен У.А.Мұсабекова қазақ және орыс антропонимдері жүйесін функционалды уәждеме тұрғысынан сипаттаса, А.Ж.Құлмағамбетова қазақ-ағылшын антропонимдерін ғаламның тілдік бейнесі қырынан зерттейді. Өз антропонимдерінің қыр-сырын зерттеген түрік ғалымдарын атайтын болсақ, Е.Юртсевер (*«Türkçe adlar derlemesi»*, 1996), А.Ялчын (*«Dünden bugüne adlarımız ve soyadlarımız»*, İstanbul: Geçit Kitabevi, 2002), У.Боз (*«Türkiye Türkçesinde kişi adı olarak meyve adları»*, 2004), Ө.Арас (*«Ad Koyma»*, Türkiye

*Diyanet vakfi islam Ansiklopedisi, I, İstanbul, 1988-2000*), А.Бозигит («*Türk Adbilimi Bibliyografyası*», *Ayyudız Yayınları, Ankara, 1995*), Т.Гюленсой («*Türk Kişi Adlarının Dil ve Tarih Açısından Önemi*», *Türk Dili, 1999*), О.Кибар («*Türk Kültüründe Ad verme*» (*Kişi adları üzerine bir tasnif denemesi*) *Akçağ Yayınları, Ankara, 2005*), т.б. еңбектерінде түрік есімдері жан-жақты қаралған.

Кез келген зерттеу жұмысының бағыты: «Қандай мақсатпен?», әдіс-тәсілдері: «Ненің көмегімен?» деген сұрақтарға жауап берсе, «Қай қырынан?» деген сауалға зерттеу аспектісі жауап іздейді. Жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, қазақ және түрік антропонимдері осы күнге дейін қай аспект тұрғысынан қарастырылғанына назар аударайық:

*Лексикологиялық аспект* – жалпы лексикологияға және сипаттамалы антропонимикаға тән. Белгілі бір тілдегі есімдерді жинақтау, талдау осы аспектінің жүгіне тиесілі.

*Лексикографиялық аспект* – басқа аспектілердің негізінде қаралған есімдерді жинақтап, әртүрлі жанрдағы лексикографиялық еңбектер түзумен айналысады.

*Семасиологиялық аспект* – белгілі бір аймақтағы лексикалық топтарды анықтайды. Семасиология номинацияның барлық түрін қамтыған ғылым саласы ретінде тілдік категорияларды ойлау категориясы мен атауға ие болып тұрған реалийлерді байланыстыра зерттейді.

*Терминологиялық аспект* – антропонимдердің метатілін, жаңа есімдердің ономастикалық кеңістіктегі орнын қарастырады.

*Типологиялық аспект* – теориялық антропонимикаға аса қажет, мәліметтерді тарихи антропонимикада тексеріп, функционалды антропонимикада жаңа есімдер тудыруға көмектеседі. Мысалы, Т.П.Егорова туыстас емес тілдерде (славян, герман, грек, иран) бірдей антропонимдік модельдердің бар екенін анықтаған. Типологиялық аспект негізінде жүргізілген зертеулер нәтижесінде б.з. I-мыңжылдығында скандинав және шығыс халықтарында бірдей антропоним үлгілері қалыптасқаны белгілі болып отыр.

*Географиялық аспект* – антропонимиканың ареалды бағытында үлкен рөл атқарады. Себебі географиялық орта міндетті түрде сол ортада өмір сүріп жатқан халықтың мәдениетінде өз ізін қалдырады. Ал мәдениет халықтың тілінде, есімдерінде көрініс табады.

*Ономастиологиялық аспект* – есім берудегі принциптер мен тәсілдерге талдау жүргізеді.

*Семиотикалық аспект* – тілдік таңба ретінде кісі есімдерінің табиғатын ашып берумен, басқа да семиотикалық жүйелермен байланысын қарастырумен және таңбалушы мен таңбаланушы тұрғысынан ерекшеліктерін анықтаумен айналысады.

*Лингводеректану аспектісі* – әр дәуірде жазылған тарихи ескерткіштерде кездесетін антропонимдерді әр қырынан зерттейді.

*Лингвомәдениеттану аспектісі* – антропонимдердің халықтың мәдениетіне тілдік тұрғыдан сәйкестілігін, олардың коммуникативтік нормада қолданылу шарттылығын қарастырады.

*Когнитивтік аспект* – антропонимдер арқылы бүкіл әлемдік болмысты тануға көңіл бөледі. «Әлемнің тілдік болмысын» жасауда антропонимдерді фрагменттер жүйесі ретінде қарайды.

*Этнолингвистикалық аспект* – антропонимдердің табиғатын ұлттық ерекшеліктерді, этномәдени, этнопсихологиялық факторларды ескере отырып анықтайды.

*Мәдениаралық коммуникация аспектісі* – антропонимдерді өзге ұлттарға таныстыру мақсатында зерттеумен айналысады.

*Тарихи аспект* – антропонимдерді олардың пайда болып, қалыптасуына сәйкес келген тарихи кезеңмен байланыстыра зерттейді.

*Логикалық аспект* – кісі есімдерін ұғыммен қатар қойып қарастырады. Бұл аспект антропонимдердің тілдік статусын анықтауда және басқа сөздердің есім тудырудағы мүмкіндіктерін зерттеуде аса қажет.

*Психологиялық аспект* – антропонимдердің қалыптасып, жасалу үрдісін есім берушінің танымымен, оның ойлау жүйесімен тоғыстыра зерттейді.

*Әлеуметтік аспект* – есімдерді сол дәуірде өмір сүрген қоғамның, әлеуметтік топтың заңдылықтары, есімге берген өзіндік бағасы тұрғысынан қарастырады.

*Функционалды аспект* – антропонимнің сөйлеудегі, қолданысқа түскендегі ерекшеліктерін анықтайды.

*Мәдени аспект* – әлеуметтік аспектімен тығыз байланысты болғанымен, мәдени аспектінің аясы кең. Әлеуметтік аспекті қоғамның, жекелеген топтардың әлеуметтік, кейде экономикалық қарым-қатынастарын түзсе, мәдени аспекті адами құндылықтар көрініс берген кез келген факторларды қарастырады. Тіл – қалыптасуы тұрғысынан әлеуметке тиесілі болғанымен, рухани-мәдени

құндылықтардың қатарына жатады. Осы орайда Р.О.Якобсонның: «Тіл тек «өз ішінде» және «өзі үшін» ғана зерттелмей, қоғам мен мәдениеттің бір бөлшегі ретінде қаралуы керек» [3, 230 б.] деген пікірі өте орынды.

Түрік антропонимикасындағы бір ерекшелік – олар соңғы тарихи, логикалық, психологиялық, әлеуметтік, функционалды және мәдени аспектілерді біріктіре отырып, антропонимдерді қарастырудың жаңа *уәжділік аспектісін* қалыптастырады.

Жаңа туған нәрестеге ат қою үшін ата-анасы белгілі бір мотивтерге сүйенетіні мәлім. Сондықтан барлық есімдердің қойылу уәжі бар. Есім тарихи-психологиялық әрі лингвомәдени категория ретінде біздің оны таңдауымызға өз әсерін тигізеді. Біз әдетте кісінің есімін сұрағанда ол қандай мағына білдіретінін сұрап жатамыз. Антропонимдер грамматикадан тыс өмір сүрмейді, ол да зат есімнің бір тобы ретінде лексикалық, грамматикалық және морфологиялық сипаттарға ие болғандықтан, бұл сұрағымыз да орынды. Алайда кісі есімдерінің лексикалық мағынасы (жалпы есім кезіндегі) уақыт өткен сайын солғындайды, есімнің дыбыстық жүйесінен алыстайды. Мәселен, *Қайырым* есімді кісіні кездестіргенде біз оны аты *қайырымдылық* аппелятивінен туындағандықтан үнемі мейірімділік көрсетеді екен деп ойламаймыз. Немесе *Ботагөз* есімді қыздың көзінің үлкен кішілігіне назар аудара бермейміз. Кейде есімдер тек сәнге айналғандықтан жиі қойылуы мүмкін. Түрік ғалымдары есімнің мағынасы, яғни о баста пайда болғандағы аппелятивті мағынасы болмайды деген пікірді ұстанады. Неліктен адамдар балаларына әйгілі кісі есімдерін қояды деген заңды сұрақ туындайды. Демек, олар ат қоя отырып, сол есімге белгілі бір психологиялық түсінік береді. Осылайша, кісі есімінде қарапайым лексикалық мағына емес, ұғым, мазмұн болады.

Антропонимнің мазмұны неден тұрады деген сұраққа жауап беру оңай емес. Жалпы лингвистикалық түсінікте заттың мазмұны туралы Ахманова өз еңбектерінде: «Предмет мысли, отражение в сознании предметов, качеств процессов реального мира как внутренняя (семантическая) сторона языковой единицы» деп тоқталады [4, 46 б.]. Бір жағынан, бұл – этимология, есім пайда болған кездегі аппелятивті мазмұны, бірақ уақыт өте келе ол мазмұн бірте-бірте жоғалып, солғындалып, кейде құрылымдық және фонетикалық тұрғыдан өзгеріске ұшырап, ассоциативті түрде жаңа мазмұнға ие болады. Мәселен, аталмыш мәселе ағылшын тілінің антропонимдерінде айқын көрінетіндіктен бір есімді келтіріп көрейік: *Jack Frost* (Аяз ата), *Jack Horner* (біздің ұғымымыздағы Тазша бала), *Jack the Ripper* (Джек Потрошитель), *Union Jack* (Біріккен Ұлыбритания Корольдігінің және Солтүстік Ирландияның мемлекеттік туының басқаша атауы). Келтірілген мысалдан көріп отырғанымыздай, барлық жерде ағылшын тілінде кең таралған есімдердің бірі – *Jack* қолданылғанымен, әрқайсысы сын есіммен тіркесе отырып, әртүрлі ұғымға, мазмұнға ие болып отыр. Осы ретте ғалым О.С.Ахманованың ұғым, мазмұн, түсінік атауларына берген анықтамасын келтірген орынды: «Значение имени – отображение предмета действительности (явления, отношения, качества, процесса) в сознании, становящееся фактом языка вследствие установления постоянной и неразрывной его связи с определенным звучанием, в котором оно реализуется; это отображение действительности входит в структуру слова в качестве его внутренней стороны (содержания), по отношению к которой звучание данной языковой единицы выступает как материальная оболочка, необходимая не только для выражения значения и сообщения его другим, но и для самого его возникновения, формирования, существования и развития» [4, 7 б.].

Белгілі бір есімнің аясына жинақталған ұлттық білім мазмұны, сыртқы әлеммен байланысты түрлі ақпараттарға толы болады, сондықтан антропонимжасамда осы ақпараттардың негізгі уәжі айқындалып, кодтары ашылуы тиіс, бұл мәселеге экстралингвистикалық тұрғыдан келу қажеттілігін тудырады [5, 265 б.]. Аттың қойылу уәжі экстралингвистикалық факторларға жататындықтан, туыстас қазақ және түрік елдерінің антропонимдерінің уәждік белгілерін ашып көрейік. Қазақ есімдерін топтастыруда А.Смағұловтың классификациясын [1, 6-8 бб.] негізге ала отырып, оларды түрік есімдерімен салыстырайық.

- сақтау, қорғау сияқты міндеттерді атқаратын, баланы тылсым күштерден және көз тиюден сақтау мақсатында қойылатын (**апоетропеикалық есімдер**) аттар. Олардың ішінде тотемдік үй және жабайы жануарлар мен құстардың атаулары да бар: *Ақсұңқар, Аюхан, Арыстанбай, Ақмарал, Елікбай, Қасқырбай, Итбай, Жолбарыс, т.б.; Arslan, Kaplan, Bars, Kurd, Buğra, Ceren, Ceylan, Burak, Meral, Kartal, Doğan, Şahin, т.б.*

- өсімдіктер мен олардың бөліктерінің атауларына құралған есімдер: *Райхан, Раушан, Қамысбай, т.б.; Çiçek, Lale, Defne, Demet, Menekşe, т.б.*

- топонимдік атаулардан негіз алған есімдер: *Алатау, Еділ, Созақ, Алтай, Қырым, т.б.; Aytetorus, Türkauşe, т.б.*

- аспан денелері мен астронимдерден туындаған есімдер: *Шолпан, Жұлдыз, Айберген, Күнсұлу, Айдай, т.б.; Аудан, Аугүн, Ауыл, Аytül, Yıldız, т.б.*

- табиғат құбылыстары мен апат атауларынан пайда болған есімдер: *Боранбек, Аяз, Жаңбырбай, Дауылбай, т.б.; Yağmur, Rüzgar, Bahar, т.б.*

- қымбат, асыл тас атауларынан туындаған есімдер: *Болат, Алмас, Темір, Алтын, Күміс, Инжу, Маржан, Гауһар, Меруерт, т.б.; Gümüş, İnci, Demir, Zümrüt, т.б.*

- лауазымдарға байланысты есімдер: *Сұлтан, Әкім, Хангелді, Төрегелді, Бибол, т.б.; Sultan, Şah, т.б.*

- Ислам дінінің қабылдануына байланысты пайда болған есімдер: *Алданазар, Құдайберді, Әубәкір, Дінмұхаммед, Нәбиолла, Сүлеймен, Әли, Омар, Осман, Фатима, Айша, Алима, Кәусар, Асима, т.б.; Adem, Adnan, Ahmet, Ali, Aysel, Bedir, Ceylin, Damre, Davut, т.б.*

- ай аттары мен күн аттарынан, яғни күнтізбелік атаулардан пайда болған есімдер: *Наурызбай, Жұмабек, Сәрсенбек, Сенбі, т.б.; Ramazan, Şaban, Receb, Muharrem, т.б.*

- аңыз-әңгіме, мифтік жырлар, әпсаналардағы кейіпкер аттарына байланысты туындаған есімдер: *Құртқа, Гүлбаршын, Жібек, Баян, Алпамыс, т.б.; Zeynep, Devletşa, Köroğlu, Auvaz, т.б.*

- ата-ананың балаға деген сезіміне байланысты есімдер: *Қуаныш, Шаттық, Мереке, Аңсаған, т.б.; Sevinç, Bayram, Mutlu, т.б.*

- бақыт, ұзақ өмір, күш-қуат, қаһармандық, рухани мінез-құлық тілеуге байланысты туындаған есімдер: *Байболсын, Мыңжасар, Аманғайша, Өмірұзақ, Қаһарман, Әсем, Гүлжайна, т.б.; Ezlemez, Kaygusuz, Onduran, Korkmaz, т.б.*

Әрине, жоғарыда келтірілген кісі есіміне қатысты уәждер толық көрсетілді деп айтуға келмейді. Сондай-ақ, бұл тек қазақ және түрік тілдеріне ортақ уәждік белгілер болып табылады. Ал қазақ және түрік антропонимдерінің өздеріне тән уәждік белгілері алдағы жұмыстарға арқау болмақ.

Қорыта келгенде, антропонимдер - зат есімнің ерекше лексика-грамматикалық тобы. Бұл топ үнемі толығып отырады, динамикалық үрдістерге бейім тұрады. Тілдік жүйеде оның басты функциясы – номинация болып табылады. Есімді өзіндік спецификалық қасиеттері бар мазмұны болғандықтан, лингвистикалық таңба ретінде қараймыз.

Кісі есімінің уәжділігінің тарихи сипаты басым, ол ауыспалы, әрбір жаңа тарихи-мәдени дәуір өзінің уәжділік белгілерін ұсынады. Олар үнемі іріктеуден өтіп тұрады. Кейбірі тіпті лексикалық морфемаларға бөлінуге келмейтіндіктен, уәжін табу қиынға соғады. Сондықтан антропонимдерді салыстырмалы-салғастырмалы тәсілмен зерттеудің маңыздылығы арта түседі.

1 Смағұлов А. Қазақ есімдері. Энциклопедиялық анықтамалық. 2-басылым, толықтырылған. – Алматы: «Атамұра», 2013. – 800 б.

2 Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ. Ономастика: зерттеу мәселелері. – Алматы: «ІС-Сервис» ЖШС, 2005. - 240.

3 Суперанская А.В., Сталтмане В.Э., Подольская Н.В., Султанов А.Х.

4 Теория и методика ономастических исследований/Отв.ред.Непокупный А.П. Изд.3-е. – М.: Книжный дом «ЛИБРИКОМ», 2009. – 256 с.

5 Гарагуля С.И. Антропонимия в лингвокультурном и историческом аспектах: на материале английских личных имен. – М.: Книжный дом «ЛИБРИКОМ», 2010. – 136 с.

6 Әбдуәлиұлы Б. Қазақ антропонимжасамы: теориялық және практикалық негіздері. – Астана: «Астана полиграфия», 2012. – 320 б.

7 Kutalmış O. Türkçe insan adları ve anlam-kökenleri. – İstanbul, 2003.



Егембердиева Г. М.

Алматинский технологический университет  
кандидат филологических наук, и.о.доцент

## ЛЕКСИКА ШВАБСКОГО ДИАЛЕКТА КАЗАХСТАНСКИХ НЕМЦЕВ

Лексика швабского диалекта состоит из бытовых слов, имеет местные различия и распространена на границах определенного диалекта. Она характеризуется конкретностью, бытовым характером, дробностью представления предмета мысли, имеет эмоциональный характер, выражает оценку говорящего по отношению к высказываемому. Носители диалекта владеют немецко-казахским и немецко-русским типами двуязычия, используют в своей речи казахские и русские слова в качестве синонимов к немецким словам. Казахские слова имеют позитивную оценку и выражают положительные ценностные оценки говорящих. Употребление и знание диалекта зависит от возраста, профессии, образования, отношения к диалекту, обстоятельств.

В процессе взаимодействия носителей немецкого языка с представителями других лингвокультурных сообществ в немецком языке появляются заимствованные слова, в первую очередь слова, обозначающие явления национального образа жизни, повседневного быта, накопление в массовом порядке в языках слов, грамматических элементов в процессе контактирования, со временем приобретает системный характер.

Лексика диалектов характеризуется большей эмоциональностью по сравнению с лексикой литературного языка. К.Л. Пфотце, рассматривая лексику диалектов пишет, что «основной причиной наличия в диалектном слове национального немецкого языка эмоциональной лексики являются: преобладание эмоциональных моментов и связанная с ним «игра» фантазии, которая основывается на непринужденности эмоционально-образных и волевых ассоциаций, приводит к развитию в диалекте (в отличие от литературного языка) богатого пласта эмоционально окрашенной лексики и запаса оценочных словообразовательных средств».

Эмоциональная окрашенность диалектных слов формируется в процессе выражения ими оценочного субъективного отношения «к предмету мысли по шкале «хорошо/плохо» или выражения пейоративного, негативного или мелиоративного отношения». В диалектах удельный вес пейоративных обозначений оказывается большим, чем в мелиоративных. Носители диалекта редко расточают похвалу чему-либо, ибо в хорошем они видят нормальное. Отклонения же от нормы подвергаются ими порицанию и критике.

**Ключевые слова:** диалектная лексика, эмоциональная лексика бытовые слова, двуязычие, смешение языков, отклонение от нормы диалекта.

Қазақстандық немістердің шваб диалектісінің лексикасы

Шваб диалектісінің лексикасы күнделікті тұрмыста қолданылатын сөздерден тұрады және нақты диалектіге ғана тән қасиеттерімен жергілікті жерге байланысты ерекшеленеді. Диалектіде сөйлейтін адамдар – неміс-қазақ және неміс-орыс тілдерін меңгерген адамдар, олар неміс тілінің кейбір сөздеріне синонимдер ретінде қазақ, орыс тілдерінің лексикасын қолданады. Неміс тілінде сөйлейтіндерге қазақ тіліндегі сөздер жатық келеді. Диалектіні білу және қолдану жасқа, мамандыққа, білімге, жағдайларға байланысты болады. Неміс тілінде сөйлейтіндердің басқа лингвомәдени қауымдастықтармен өзара әрекеттестігінің арқасында аталған тілде, ең алдымен, ұлттық өмір сүру салтын, күнделікті тұрмыс жағдайды, сөздердің, грамматикалық элементтердің жаппай пайда болуын көрсететін кірме сөздер пайда болады және келе-келе жүйелі сипат алады.

Диалектілердің лексикасы әдеби тілдің лексикасына қарағанда эмоциялы келеді. К.Л. Пфотце: «диалект лексикасының эмоциялы келетінін және эмоция жайттарының көптеп кездесетінін адам фантазиясымен байланыстырады, ондағы бейнелеп сөйлеудің өзі диалектінің дамуына үлес қосатынын» айтқан.

Диалект сөздердің эмоциялық әсіреленуі ойды жеткізудің жақсы/жаман немесе пейоративті, жағымсыз немесе мелиоративті көзқарасты білдіргенде қалыптасады. Диалектіде сөйлейтін адамдарда орынсыз мақтау өте сирек кездеседі немесе жақсы нәрсені орынды деп есептейді. Диалектіден ауытқу болса сынға ұшырайды.

**Түйін сөздер:** Диалект лексикасы, эмоциялы лексика, күнделікті тұрмыста қолданылатын сөздер, қостілділік, тілдердің араласуы, диалект ережесінне ауытқу.

Lexicon of the Swabian dialect of Kazakhstan Germans

The lexicon of the Swabian dialect consists of household words, has local distinctions and is widespread on the borders of the certain dialect. It is characterized by specificity, household characteristic, and divisibility of the concept of subject matter idea, has emotional character, expresses the speaker's assessment in relation to the stated utterance. The informants of the dialect own German-Kazakh and German-Russian types of bilingualism using the Kazakh and Russian words as synonyms to the German words in their speech. The Kazakh words have a positive assessment and express a positive valuable appraisal of speakers. The use and knowledge of the dialect depends on age, profession, education, the attitude to the dialect, and some circumstances.

During interoperability of German language informants with representatives of others lingvocultural communities in

German language there are some loan words, first of all the words designating the phenomena of the national way of life, daily life, mass accumulation of words in languages, grammatic elements of language contacts which with the lapse of time get system character.

The lexicon of dialects is characterized by greater emotionality in comparison with lexicon of a literary language. K.L.Pfotse, considering the lexicon of dialects writes, that «a principal cause of availability in the dialect word of emotional lexicon in the national German language are: the predominance of emotional instants and related «game» imaginations which is based on ease of its emotional-shaped and strong-willed associations, leads to rich layer progress of emotionally painted lexicon and to the stock of estimated word-formation means» in the dialect (unlike the literary language).

Emotionally painted dialect words are shaped according to the expression of the estimated subjective attitude «to subject matter of an idea on a scale «well/bad» or expressions peiorative, negative or meliorative attitude». Informants of the dialect seldom waste a praise of something because they see good dialect speech as normal. Deviations from norm of the dialect are exposed by them as censure and criticism.

**Keywords:** the dialect lexicon, emotional lexicon household words, bilingualism, confusion of languages, a deviation from norm of the dialect.

Диалектная лексика – это в первую очередь совокупность бытовых слов, имеющих местные различия, так как они распространены только в границах, определенного диалекта. Еще В.М.Жирмунский отмечал раздробленность бытового словаря и нераспространенность их, использование диалектной лексики только в пределах диалекта: «сюда относятся названия предметов домашнего хозяйства, пищи и питья, наконец, термины ремесленного производства. Именно в этих странах бытового слова немецкий язык до сих пор сохраняет в пережиточной форме территориальную раздробленность, характерную для докапиталистической эпохи» [1, 98].

В швабском диалекте нами также отмечено использование бытовых слов, функционирующих в пределах данного диалекта. О принадлежности их к швабскому диалекту указывает, во-первых, использование их в речи носителей швабского диалекта; во-вторых, наличие фонетических признаков; в-третьих, территориальная нераспространенность и функционирует в определенной местности.

Вызывает интерес то обстоятельство, что эта конкретная лексика варьируется. К одному и тому же слову – названию предметной лексики существует множество синонимов. И это находит объяснение в том, что в диалектах отсутствуют родовые обозначения, а преобладают видовые наименования, а если они и встречаются, то они в диалектах имеют более узкий объем значения, чем в литературном языке. Так, словом *Pflanze* называют только то, что действительно посажено, «саженец» („Setzling“), но не сорняк. Лексема *der Vögel* ассоциируется у носителей диалекта лишь с маленькими птичками, но не с крупной птицей, как, например, лебеди или фазаны [2].

Это объясняется тенденцией диалектов к специализации названий предметного мира, что ведет к углублению таксонимии, расширению гипонимии. Другая сторона, обобщение, генерализация знаний о мире обнаруживается в появлении гиперонимов, которые служат родовыми названиями. «Обобщенные наименования, необходимые для мышления цивилизованного человека, как правило, редко встречаются в языках народов, стоящих на более низкой ступени общественного развития» [3, с. 60].

О. Есперсен отмечает нехватку гиперонимических (родовых) слов в примитивных языках. Соотношение гиперонимии и гипонимии, абстрактных и конкретных наименований, отражает глубинные диалектические процессы освоения и осознания мира человеком. С углублением опыта происходит подведение его под более рациональные категории, укрупнение видовых представлений [4]. Поэтому Т.В. Строева говорит о необычайной дифференцированной и профессиональной лексике: десятки слов, обозначающих детали каких-либо агрегатов сельского хозяйства, названия скота, разного возраста, пола, назначения. В каждом диалекте это может быть по-разному, но характерно для всех диалектов [5, с. 20-21]. Так, в швабских говорах общее наименование «свиньи»: *das Schwän, der Sau, der Eber, der Barg, Wildes, Waty, Häckel, Hetsch, das Los, Mör*; «поросенок»: *der Eberle, das Ferkel,*

*die Saile, der Läufer, die Schlößling* (дифференциация по возрасту). Сравните в диалектах казахского языка: *май, байтал, дөнен, құнан, бесті* (дифференциация по возрасту); в русском языке: *теленка* в ярославской области – *молошник* (до года), *полуденник* (от года до 2-х лет), *мякинник* (от 2-х до трех лет); *жеребенок* – *сосун* (до года), *стригун* (от одного до двух лет) и т.д. Дробность представления и идеографическая конкретизация лексики связана с занятиями жителей сельских

местностей и городских окраин сельскохозяйственной и ремесленной деятельностью, поэтому эти два пласта лексики более конкретизированы в диалекте. Более дробные фрагменты лексики соответствуют важным аспектам данной культуры. Согласно точке зрения Г. Хойера, «народы, занимающиеся охотой и собирательством, как например, племена апачей на юго-западе Америки, обладают обширным словарем названий животных и растений, а также явлений окружающего мира. Народы же, основным источником существования которых является рыбная ловля (в частности, индейцы северного побережья Тихого океана), имеют в своем словаре детальный набор рыб, а также орудий и приемов рыбной ловли» [6, с. 157].

В средние века традиционный образ жизни Германии был связан с ремеслом, которое достигло небывалого расцвета. Мастера – представители одной профессии объединялись в городах в ремесленные цеха. Первые цеховые объединения встречаются уже в XI-XII вв. Цеховая организация труда, занятая одним и тем же ремеслом в течение длительного времени, усовершенствование этого вида ремесла ведут к дробному наименованию людей, занимающихся тем или иным ремеслом, поэтому появляются синонимические обозначения действий, трудовых процессов, наименований ремесленников и т.д. В швабском диалекте мы встречаем также видовые наименования, которые выступают как синонимы к основному диалектному понятию. Такие видовые синонимы показывают узкую дифференциацию профессий: *klempnər* (жестянщик), *flaschnər* (изготовитель металлических бутылок), *blechschmied* (изготовитель мелких изделий из жести), *blechschlagər* (разравниватель жести).

Лексика диалектов характеризуется большей эмоциональностью по сравнению с лексикой литературного языка. К.Л. Пфотце, рассматривая лексику диалектов пишет, что «основной причиной наличия в диалектном слове национального немецкого языка эмоциональной лексики являются: преобладание эмоциональных моментов и связанная с ним «игра» фантазии, которая основывается на непринужденности эмоционально-образных и волевых ассоциаций, приводит к развитию в диалекте (в отличие от литературного языка) богатого пласта эмоционально окрашенной лексики и запаса оценочных словообразовательных средств» [7, с. 314].

Эмоциональная окрашенность диалектных слов формируется в процессе выражения ими оценочного субъективного отношения «к предмету мысли по шкале «хорошо/плохо» или выражения пейоративного, негативного или мелиоративного отношения» [8]. В диалектах удельный вес пейоративных обозначений оказывается большим, чем в мелиоративных. Носители диалекта редко расточают похвалу чему-либо, ибо в хорошем они видят нормальное. Отклонения же от нормы подвергаются ими порицанию и критике. Носители диалекта насмешливо относятся к тому, что ненормально. Поэтому в диалектах много бранной лексики. Именно такая лексика выражает насмешку, эмоции, гнев носителей диалектов. Диалектная лексика выражает функцию выражения эмоций человека, поэтому в диалектах фиксируется множество слов, группирующая вокруг понятий «ругать, брань», сравните: *Schempforte* (на литературном немецком языке: *das Schimpfwort*), *Geschempforte* (на литературном немецком языке: *das Geschimpfworte*). Эти слова имеют множество синонимов: *auschemfen* (*ausschimpfen*), *kiäfen* (на литературном немецком языке: *keifen* – браниться), *hiəmleuchtn* (на литературном немецком языке: *heimleuchten* – отбрызнуть), *vuəd bekomn* (на литературном немецком языке: *Wut bekommen* – разбушеваться) [9], *bais sagt* (на литературном немецком языке: *böse sagen* – говорить что-либо злое), *bē'nə* (на литературном немецком языке: *belfern* – ругаться, браниться), *dū'nə* (*donnern* – разразиться бранью).

Лексика швабского диалекта в процессе функционирования в иноязычном окружении, проявляет языковой изоморфизм и адаптабельность, что проявляется, в первую очередь, в заимствовании слов из других языков.

Большинство слов из казахского языка заимствованы в немецкие диалекты еще в конце XIX и начале XX веков, когда немцы переселились в Казахстан, здесь они впервые столкнулись со многими понятиями, которые отражают быт и культуру казахского народа, а лексика, соответствующая этим понятиям, в немецких диалектах отсутствовала. Это обусловило появление семантических пустот, которые и стали заполняться соответствующей лексикой из казахского языка [10].

Появление в диалекте местных слов (казахских, русских) связано кроме того с функционированием данного языка в полиэтнической среде, в условиях разноязычных контактов и развития немецко-казахского и немецко-русского двуязычия. Именно в процессе взаимодействия носителей немецкого языка с представителями других лингвокультурных сообществ в немецком языке появляются заимствованные слова, в первую очередь слова, обозначающие явления национального

образа жизни, повседневного быта, накопление в массовом порядке в языках слов, грамматических элементов в процессе контактирования со временем приобретает системный характер. И в этом случае можно говорить о конвергенции как уподоблении конвергирующего языка и его опрощению. Г. Шухардт говорит о двух направлениях конвергенции: 1) тенденции к уподоблению конвергирующего языка второму; 2) тенденция к опрощению [11, с. 73-78]. Эти два направления конвергенции взаимосвязаны следующим образом: опрощение действует в пределах уподобления, а уподобление осуществляется в пределах опрощения [12, с. 43].

На основании изучения конвергентных изменений в истории французского языка Э. Виндиш высказал положение, получившее впоследствии название закона Виндиша: смешению (конвергенции) поддается, прежде всего, родной язык под влиянием чужого [13].

Основные направления конвергенции (уподобление и опрощение) реализуются в процессе длительного взаимодействия контактирующих языков, когда сближение языков происходит вследствие таких контактов языков, как интеграция, смешение языков. Под данным термином следует понимать взаимопроникновение элементов одного языка в другой [14], например: «плита» *plit*, «пышка» *pišge*, «блины» *pline*, «кружка» *kruške*, «банка» *pange*, «крылец» *krilits*, «кофта» *kofda*, «очередь» *odžer*, «посылка» *pa'silge*; *i sa:d a:ner n-pensio'n'er* (я пенсионер) /Информант: Фукс Э., г.Иссык /. Языковая диффузия осуществляется различными путями: 1) путем проникновения; 2) в результате заимствования; 3) вследствие переноса грамматических форм и элементов из одного языка в другой. *Проникновение* – это процесс, имеющий место в случаях территориальной смежности и пограничного двуязычия. Еще В.Г. Гейнц говорил о возможности включения фонем русского языка в немецкую речь, в частности, он отмечал эту особенность в верхненемецких говорах Омской области: «хотя в первый период заимствования в системе говора не возникает новых фонем, фонологическая структура на новом этапе не остается прежней. Из русского языка переходят в говор новые сочетания фонем, новые комбинации, которые в лексеме говора раньше не встречались: *тк, шт, чк*» [15].

В швабском диалекте жителей Павлодарской области наблюдается употребление фонем русского языка. Они включаются в фонетическую систему швабского говора жителей этой территории. В процессе полевых исследований нами были записаны слова, в которых встречаются эти сочетания звуков, например: *kabatschki* (кабачки), *petschka* (печка), *galuschka* (галушка) и др.

*Заимствования* – это процесс перенесения слов из одного языка в другой в результате культурного обмена между народами в области материально-духовной деятельности, когда в заимствующий язык входят названия религий (обозначения специфичных предметов быта другого народа, предметов материальной культуры, терминов и др.), например, в швабском диалекте употребляются следующие реалии из казахского языка: *airan, schalap, talkan, ipimuiк, курт, besbarmak, akim, kun, boran, talkan, sacksaul, orman, kumus* и др.

*Перенесение* – это перенос грамматических элементов и форм из одного языка в другой путем транспозиции грамматической формы и грамматического значения (словообразовательные форманты, способы образования слов, словосочетаний, возникновение у них общих структурных свойств) вследствие длительных и интенсивных контактов между конвергирующими языками. По нашим наблюдениям, перенос русских и казахских грамматических элементов в швабский диалект не наблюдается.

Полное смешение языков – конвергенция имеет место в случаях длительного двуязычия народов, сосуществующих в пределах одной территории. При этом не происходит смены языков. Смешение не создает нового языка, ибо после периода длительного двуязычия побеждает один язык и этот последний является «нечистым», «смешанным» и это опять-таки не какой-нибудь новый язык, а именно один из двух, участвовавших в процессе смешения [16, с. 77].

Такой смешанный язык имеет ингредиентный состав и включает в себя определенные страты (адстрат, инстрат, суперстрат, перестрат, субстрат и др., например: *аяз, сот, акимат, кала, округ, РНН, СИК, бизнесмен, ноутбук, блины* и др.). Понятие *субстрата* применительно к случаям нейтрального взаимодействия языков, при котором не происходит растворения одного языка в другом и этнического смешения. Контактующие народы сохраняют этническую и языковую самостоятельность. *Адстрат* является результатом естественно-прямых контактов народов, не опосредованных письменностью и протекающих в низших разговорно-бытовых и производственных сферах. Так, в случае бытовых контактов немецкого, русского и казахского населений, проживающих в пределах одного села, района, контактирующие языки сохраняют свою самостоятельность и используются в качестве соседних языков. Специфика адстрата заключается в том, что в зоне

контакта отмечается немецко-казахский или немецко-русский билингвизм, но вне зоны контакта языки полностью сохраняют свои функции. В результате таких контактов в немецком диалекте появляются бытовые заимствования такие, как: слова и выражения русско-немецкого языка казахстанских немцев. Эти заимствования были отобраны нами в ходе полевого наблюдения, а также при помощи метода включенного наблюдения.

В результате наших наблюдений мы записали ряд слов казахского языка, которые были использованы носителями швабского диалекта. Распределение их по тематическим группам показывает следующее: 1) названия пищи, продуктов, блюд атрибутов казахской кухни: *airan, schalap, talkan, ірімшік, қурт, besbarmak, kumus, saba, kese, sut, mai* и др. Например, когда мы спросили у информанта Функнер В.А., что ей нравится из казахских блюд, она ответила: *mr gfall irimschik* (Мне нравится иримшик) /г.Алматы/; 2) национальные игры: *kokpar, baıza, asik, kis, kun* и др. У информанта Сайбель А.А. мы спросили о национальных играх в Казахстане и получили ответ: *kokpar, ds war sele vorziglich* (Кокпар, это было превосходно) /г.Иссык/; 3) наименования одежды: *tšapan, kimeschek, ton, tulup, malahai, saptama* и др., например: *ton fende i praktisch* (Шуба практичная). /Информант Бауэр В.И., г.Павлодар/; 4) общественно-бытовая культура: *kalim, akim, kun, dombra, toi, kuda, as, barimtal* и др., например: *I hob kalym kriagt* (Я получил калым). /Информант Эмих Ю.А., Северо-Казахстанская область/; 5) флора и фауна казахской степи: *aul, dschut, asu, aksu, arhar, keklik, usen, kujan, okl, koi, teke, kaskir, tasi, bee, taigan, berkut, altša, kük, sacksaul, orman* и др., например: *E bisle voet veg hot mr kaskir* (Чуть дальше были волки) /Информант Шварц И.К., г.Караганда/; 6) наименования лиц: *kis, ata, apa, xatun, tsaban, tsabandos, barimtasch, mulla, damulla, baxci, buln, schal, kojan* и др., например: *mädle hoes kis* (девочка по-казахски *қыз*) /Информант Циберт Э.Е., г.Павлодар/; 7) наименование сословных групп: *türe, bai, malai, kara taban, ak suiek, kedei* и др., например: *türe bar in unsrm dop* (в нашей деревне много торе) /Информант Шульц Н.Т., Павлодарская область/; 8) наименования метеорологических понятий: *boran, tutek, kar, koktem, kis, daul, beskunak* и др., например: *koktemde blut al* (весной все цветет) /Информант Дильман А.А., г.Алматы/; 9) наименование орудий труда: *shalgi, balga, balta, ketpen, kurek, arken, kuruk, kamschi* и др., например: *wr hob alls in hus: balga, balta, kuruk* (У на все есть дома: молоток, топор, лопату) /Информант Безганс А.Б., Павлодарская область/.

Взаимодействия между немецким диалектом, русским и казахским языками наблюдается в устной (между носителями языков) и в письменной (делопроизводство, служебно-административная, финансово-экономическая переписка, деловые отношения) форме. Устное речевое общение, предполагающее непрерывность непосредственных контактов социалем и их представителей, имело место в сфере повседневной, бытовой, производственно-экономической, торговой деятельности, предопределяемой общности материальной культуры и природных условий страны. Устно-письменные контакты преобладают в сфере административного управления, судопроизводства, делопроизводства, школьного обучения, в сфере публицистики и др. Б. Хасанулы приводит целый ряд заимствований из немецкого языка (около 30 групп), вошедших в казахский и русский язык из немецких островных диалектов [17], например такие слова как: *бухгалтер, вексель, штемпель, ефрейтор, лагерь, штаб, галстук, штиблеты, верстак, стамеска, фуганок, шпинат, ландшафт, курорт* и др.

Нами отмечены слои инстратной лексики, которые вошли в лексику швабского диалекта из казахского и русского языков, например: а) служебно-административная: *аким, секретарь, менеджер, әкімшілік, құрылтай* и др.; б) финансово-экономическая: *бизнесмен, фирма, сауда, кәсіпкер, банк, контракт, кеңсе, корпорация* и др.; в) деловые отношения: *контакт, деловая встреча, переговоры, этикет, совещание, отырыс* и др.

Наши наблюдения над составом лексики швабского диалекта на материале среза состояния швабской лексики показали, что явления субстрата, инстрата и перстрата не характерны для швабских говоров, поскольку заимствование лексики происходит в низких (бытовых сферах), поэтому мы можем говорить только о субстратном ингридиенте заимствованной лексики в швабских говорах. Эти заимствования диахронического плана, которые имели место в процессе перманентных контактов швабского диалекта с другими языками, в частности с казахским и русским языками.

Состояние заимствования на синхроническом уровне позволяет говорить о том, что заимствования

слов из казахского и русского языка все еще имеет место, так как носители диалекта владеют немецко-казахским и немецко-русским типами двуязычия. Исследование речи двуязычных жителей (на основе метода полевого анкетирования) показало, что в основном преобладает смешанная немецко-казахская, немецко-русская речь носителей швабского диалекта в своей речи они используют многие казахские и русские слова в качестве синонимов к немецким словам, а также в оценочной функции. Такие русские и казахские слова стилистически маркированы, ср.: *шишка, жулик, коновал, баба, лодырь, лодырничать, начальник, гулять, разгуливать, зубрить, вдалбривать, той, бата, дурыс*, и др.

А.Г. Шультмейстер, рассматривая экспрессивность заимствованной лексики из русского языка, отмечает, что они представляют собой стилистически маркированные слова, причем они выражают отрицательную экспрессию [18].

Материалы нашего исследования показывают, что казахские слова, наоборот, имеют позитивную оценку и выражают положительные ценностные оценки говорящих. Так, в речи носителей швабского диалекта жителей Карагандинской, Павлодарской, Алматинской, Северо-Казахстанской областей нами отмечено использование следующих казахских слов: *дастархан, бата, курт, аул, besbarmak, kumus, akim, koi, kisjak, sut, mai, asik, ton* и др., например: *I wohn hiär. Di Nochbern öbäd kommn, sea bringet talkan, ipimuiik*. /Информант: Зайбель А.М., г. Караганда/. В следующей ситуации информант спел нам песню: *trom sag i noch einmal, schen is die Jugendjohr*, (хочу еще сказать, прекрасно время молодое) затем добавил, *хорошее было время, тойлан жүрдік* /Информант Вернер А.А., г. Алматы/. А бабушка немецкой национальности из села Павлодарское Беккер А.И. рассказывала о своих детях, которыми она гордится, при этом она говорила в основном на казахском языке, на прощание она дала свое благословение: *бата*.

Другой информант рассказывал, как сложно было дать имя дочери. Родители у него немецкой национальности, а родители супруги казахской национальности. Хотелось сделать всем приятное, не обидеть никого. Они с супругой долго думали и решили дать имя *Альминур*, которое соединило красивое немецкое имя *Alma*, созвучное казахскому слову *ал* (сила), плюс казахское слово *нур* (луч). В результате все бабушки и дедушки были довольны. Вторую дочь назвали Елдана /Информант Шнайдер В.А., г. Павлодар/.

По нашим наблюдениям, употребление и знание диалекта зависит от различных факторов: возраста, профессии, образования, отношения к диалекту, обстоятельств. Старшее поколение (свыше 65 лет) пользуется диалектом чаще, чем среднее (свыше 40 лет), так как в зрелом возрасте слышали речь родителей на диалекте, разговаривали дома на диалекте. В последнее время, по рассказам информантов, в связи с уменьшением числа носителей диалекта, «не с кем говорить на диалекте. Диалект забывается» /Информант: Эзау В.А., г. Алматы/. Молодое поколение изучает литературный немецкий язык в образовательных учреждениях, диалектом не владеют, что подтверждают наши исследования на наличие носителей швабского диалекта в образовательных учреждениях Карагандинской, Павлодарской, Северо-Казахстанской, Алматинской областей.

Носители швабского диалекта на территории Казахстана полиязычны, т.е. владеют двумя (диалект, казахский язык), тремя (диалект, казахский и русский языки) и четырьмя языками (швабский диалект, литературный немецкий язык, казахский, русский языки), что подтверждают вышеприведенные примеры.

Таким образом, анализ лексики швабского диалекта показывает, что она, как и всякая другая диалектная лексика, характеризуется конкретностью, бытовым характером, дробностью представления предмета мысли, имеет эмоциональный характер, выражает оценку говорящего по отношению к высказываемому. Состав лексики швабского диалекта неоднороден, в нем встречаются заимствования из казахского и русского языков, проникшие в язык в результате перманентных контактов немецкого населения с казахским и русским народом. В разговорах носители швабского диалекта полиязычны, т.е. в речи используют диалектные, казахские и русские слова.

- 1 Жирмунский В.М. История немецкого языка. – М., 1965. – 406 с.
- 2 Филичева Н.И. Диалектология современного немецкого языка. – М.: Высшая школа, 1983. – 192 с.
- 3 Манакин В.Н. Сопоставительная лексикология. – Киев: Знання, 2004. – 326 с.
- 4 Есперсен О. Философия грамматики. – М., 1958. – 380 с.
- 5 Строева Т.В. Немецкая диалектология. – Л., 1985. – 89 с.
- 6 Хойер Г. Антропологическая лингвистика // Новое в зарубежной лингвистике. – М.: Прогресс, 1999. – Вып. XXVIII. – С. 44-66.
- 7 Pfitze H. Die deutschen Mundarten // Kleine Enzyklopädie. Die deutsche Sprache. – Leipzig, 1969. – Bd. 1. – S. 312-316.
- 8 Langenscheidts Großwörterbuch Deutsch als Fremdsprache. – Berlin, München, Wien, Zürich, New York, 2002. – 1217 S.
- 9 Kossmann L.S. Deutsche Phraseologie. – М., 1964. – 243 с.
- 10 Штаб В.А. Социолингвистическое исследование языка немцев в Казахстане: автореф. ... канд. филол. наук. – М., 1990. – 23 с.
- 11 Шухардт Г. Избранные статьи по языкознанию. – М.: Наука, 1950. – 274 с.
- 12 Розенцвейг В.Ю. Основные вопросы теории языковых контактов // Новое в лингвистике. Языковые контакты. – М.: Прогресс, 1972. – Вып. VI. – С. 25-60.
- 13 Windish E. Zur Theorie der Mischsprachen und Lehrwörter. – Leipzig, 1887. – S. 18.
- 14 Гейнц В.Г. Фонетический строй верхненемецкого говора в Омской области: автореф. ... канд. филол. наук. – Омск, 1971. – 25 с.
- 15 Карлинский А.Е. О некоторых основных понятиях теории взаимодействия языков // Зарубежное языкознание и литература. – Алма-Ата, 1973. – Вып. 3. – С. 9-15.
- 16 Журавлев В.К. Внешние и внутренние факторы языковой эволюции. – М., 1982. – 310 с.
- 17 Хасанов Б.Х. Русский язык как язык межнационального общения в Казахстане. – Алматы: Наука, 1976. – 257 с.
- 18 Шулмейстер А.Г. Экспрессивность заимствованной лексики в нижненемецком диалекте // Вопросы диалектологии. – Омск, 1983. – С.207-219.

## ӘДЕБИЕТТАНУ

ӘОЖ 821.512.122.09

А.В. Танжарықова

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы., ф.ғ.д.

### ОРАЛХАН БӨКЕЙДІҢ «ҚАР ҚЫЗЫ» ПОВЕСІНДЕГІ АНТИУТОПИЯЛЫҚ САРЫНДАР

**Түйіндеме:** Бұл мақалада жалпы әлемдік әдебиет пен мәдениеттегі антиутопия сарындарының сипаты, шығу себептері сөз болады. Орыс әдебиетіндегі осы сарындас, тақырыптас шығармаларды қарастыра келіп, Оралхан Бөкейдің «Қар қызы» повесі автордың идеялық көзқарасы тұрғысан талданады. Антиутопиялық жанрдың классикалық шығармалары ретінде орыс жазушылары Е.Замятиннің «Мы», А.Платоновтың «Чевенгур», О.Хакслидің «Дивный новый мир», Дж. Оруэллдің «1984» романдарын атауға болады. Тақырыптарының әр алуан болғандығына қарамастан бұл шығармалар қоғамның саяси және әлеуметтік құрылымын сипаттауымен, билік табиғатын, көсемге табыну, әміршілдік-әкімшілік жүйе механизмін сипаттауымен құнды. Мақалада аталған шығармаларда жазушылардың адамзат тағдыры мен адамгершілік қағидалар құнына алаңдаушылық білдірулері жайлы сараланады.

Антиутопист-жазушылар тоталитарлық режим механизмі мен оның салдарын, адамзат санасын күштеп басқару нәтижесінде жеке адамның моральдық құлдырауы, рухани жұтандану, ұлттық тамырлардан қол үзіп қалу сияқты мәселелерді көтерген. Оралхан Бөкей шығармаларын оқи отырып осы мәселелерді автордың астарлап, символдық әдісті пайдалана отырып оқырманға бергенін көреміз. «Терісаққан», «Бура», «Қар қызы», «Атау кере», «Жетім бота» атты шығармалары бұған дәлел. Жазушының антиутопиясы – қоғамда болып жатқан, автордың өзі көзі көрген саяси-әлеуметтік келеңсіздіктер туралы жанайқайы десек, артық емес.

Жалпы «антиутопия» термині қазіргі күні шартты түрде түсіндіріліп келеді, бұл әдебиетшілер, философтар, әлеуметтанушылар, және тағы да басқа ғылым саласындағы ғалымдардың берген анықтамасынан, синонимдерінен (негативті утопия, неутопия, какатопия, дистопия және т.б.) байқауға болады. Утопияның алғаш пайда болу негізі мен шарты өмірге көңіл толмаудан шыққаны бізге философия тарихынан белгілі. Осындай көңіл толмаушылық салдарынан автор өзі өмір сүріп отырған қоғамнан өзгеше әлеуметтік- тарихи бастауларға және этикалық модельдерге негізделген басқа баламалы қоғамды армандап, оның моделін ойлауға кіріседі. Оралхан Бөкей де бұл жерде діні, ділі мықты, ұлттық тілінің мәтебесі асқақтаған тәуелсіз қазақ елінің болғандығын қалағанын, аңсағанын аталған шығармаларының кейбір тұстарынан аңғара аламыз. Жалпы, Оралхан Бөкейдің «Қар қызы» повесін әдебиет зерттеушілері жан-жақты зерделеген. Біз автордың аталған шығармасына идеялық тұрғыдан келіп отырмыз. Мәтіннің астарына үңілу, яғни, автор ойына, идеясына апарар - үлкен жол. Утопияда саяси ұғымдардың пішіні, институттар жүйесі, адамдар арасындағы қарым-қатынас идеалды түрде керемет, тамаша болуын армандау (ондай қоғамда бәрі бақытты, бәрі тең), яғни Жерұйықты іздеген Асан Қайғы атамьздың арманы ұштасып жататынына көз жеткіздік.

**Тірек сөздер:** антиутопия, антижанр, дистопия, какатопия, тоталитарлық режим, суверенитет, мәңгірт.

**Аннотация:** В данной статье речь идёт об общей мировой литературе, описываются мотивы антиутопии в культуре, а также причины их возникновения. Рассматривая схожие, написанные на подобные темы произведения русской литературы, повесть Оралхана Бөкей «Қар қызы» анализируется с точки зрения идеи произведения. В качестве классических произведений антиутопического жанра, можно назвать романы таких писателей, как Е.Замятин «Мы», А.Платонова «Чевенгур», О.Хаксли «Дивный новый мир», Дж. Оруэлл «1984». Несмотря на разнообразие и различие тем, эти произведения наряду с описанием политического и социального устройства общества, представляют большую ценность благодаря описанию природы власти, поклонения вождю, механизма системы правления-администрирования. В статье анализируются переживания писателей вышеуказанных произведений о судьбе человечества и ценности моральных принципов.

Писатели-антиутописты поднимали такие вопросы, как тоталитарный режим и его последствия, моральное падение личности, как результат насильственного управления сознанием человечества, духовное истощение, отторжение от национальных корней. Читая произведения Оралхана Бөкей, мы видим, что автор раскрывает данные проблемы читателю, используя переносный смысл, символический метод. Доказательство тому такие произведения, как «Терісаққан», «Бура», «Қар қызы», «Атау кере», «Жетім бота». Не будет лишним, если мы добавим, что антиутопия писателя - это его взгляд на политико-социальные события и перемены, происходящие в обществе, в котором автор сам существует и очевидцем которых, он является.

В целом, термин «антиутопия» в настоящее время объясняется условно, это можно заметить из определений и синонимов (негативная утопия, неутопия, какатопия, дистопия и т.д.), приводимых литераторами, философами, учеными, занимающимися познанием общества, а также другими учеными, работающими в других научных областях. Из истории философии мы знаем, что в основе и условием появления слова «утопия»



является такое понятие, как неудовлетворённость жизнью. В результате такой неудовлетворённости жизнью общества, в котором автор сам существует, он начинает задумываться над новым образом общества, основанным на социально-историческом начале и этической модели. Из некоторых произведений Оралхана Бокей мы видим, что он также мечтает о создании Казахской страны с крепкими религиозными устоями и духовным сознанием, с высоким авторитетом национального языка. Вообще, повесть Оралхана Бокей «Қар қызы» была всесторонне исследована исследователями литературы. Мы, в своем исследовании используем подход с точки зрения идеи произведения. Размышления над переносим смыслом текста повести и есть огромный путь к идеям и мыслям автора. В утопии форма политических концепций и система институтов правления, взаимоотношения между людьми в идеальном смысле, замечательные и прекрасные (в таком обществе все люди счастливы и равны), то есть мы убедились, что мечта нашего предка Асана Кайгы о Жеруыйк, рае на земле, отражается в произведениях утопического жанра.

**Ключевые слова:** антиутопия, антижанр, дистопия, какатопия, тоталитарный режим, суверенитет, мангурт.

**Abstract:** In this article we talk about general world literature and the motives of anti utopia in the culture and the causes of its origine. Considering reassembling, written on the same themes Russian literature novels, the novel of Oralkhan Bokey «Kar kyzy» has been analyzed from the point of view of the author on the novel's idea. As a anti utopia genre we can name such novels as «Mi» of E.Zamyatin, «Chevengur» A.Platonov, «Divny novi mir» O.Haksley, «1984» J.Oruell. Alt ought the variety of the themes these novels describe the political and social structure as well, they are valuable because of the description of the power's nature, worshiping the leader, the mechanism of leading-administrating system. In the article the worry of the author about the destiny of the humanity and the value of the moral principles have been synthesised.

The anti utopia authors reveal such problems as the mechanism of the total irate regim and its consequences, the humanity's moral fall because of the violent management of the conciseness of the humanity, spiritual poverty, falling apart from the national roots. By reading the novels of Oralkhan Bokey we see that the author reveals these problems to the reader by using the symbolic methods. The proves to that these following below novels «Терісакқан», «Бура», «Қар қызы», «Атау кере», «Жетім бота». We also can add that the anti utopia of the writer – this is his point of view on the political-social events and changes happening in the society in wich him, himself lives and witnessing.

In general, the term «anti utopia» in our days explains conditionally we can notice that from the definitions and synonymes (negative utopia, non utopia, cakatopia, distopia and e.t.c.), used as examples by researchers of the literature, philosophes and scientists, the scientists of the other scientific areas. We know from the philosophy that initially the base and the condition of the origine of the word «utopia» is the conception meaning insatisfaction of the life. As a result of such kind of insatisfaction of society's life, the author began to reflect on the creation of the new model of society based on social-historical beginning and ethic model, different from the existing society. From the novels named above we see that Oralkhan Bokey has been dreaming about Kazakh country with strong religion and spiritual conciseness and high authority of the national language. In general, the novel of Oralkhan Bokey «Қар қызы» has been searched and studied from different point of view by the researchers of the literature. We approach to this novel from the point of view of the idea. The meditations on the symbols of the text, it is a huge way to the ideas and toughs of the author. In the utopia the dream about ideal and wonderful forms of political conceptions, systems of the institutes of management, relationships between people reflected (in such societies all the people are happy and equal), we see again that the dream of our ancestor Asan Kaygy about Zheruik, the paradise on the earth, has its place in the novels with utopia genre.

**Key words:** anti utopia, anti genre, destopia, cakatopia, total irate regim, sovereignty, mangurt.

**Аннотация:** В данной статье речь идёт об общей мировой литературе, описываются мотивы антиутопии в культуре, а также причины их возникновение. Рассматривая схожие, написанные на подобные темы произведения русской литературы, повесть Оралхана Бокей «Қар қызы» анализируется с точки зрения идеи произведения. В качестве классических произведений антиутопического жанра, можно назвать романы таких писателей, как Е.Замятина «Мы», А.Платонова «Чевенгур», О.Хаксли «Дивный новый мир», Дж. Оруэлла «1984». Несмотря на разнообразие и различие тем, эти произведения наряду с описанием политического и социального устройства общества, представляют большую ценность благодаря описанию природы власти, поклонения вождю, механизма системы правления-администрирования. В статье анализируются переживания писателей вышеуказанных произведений о судьбе человечества и ценности моральных принципов.

Писатели-антиутописты поднимали такие вопросы, как тоталитарный режим и его последствия, моральное падение личности, как результат насильственного управления сознанием человечества, духовное истощение, отторжение от национальных корней. Читая произведения Оралхана Бокей, мы видим, что автор раскрывает данные проблемы читателю, используя переносный смысл, символический метод. Доказательство тому такие произведения, как «Терісакқан», «Бура», «Қар қызы», «Атау кере», «Жетім бота». Не будет лишним, если мы добавим, что антиутопия писателя - это его взгляд на политико-социальные события и перемены, происходящие в обществе, в котором автор сам существует и очевидцем которых, он является.

В целом, термин «антиутопия» в настоящее время объясняется условно, это можно заметить из определений и синонимов (негативная утопия, неутопия, какатопия, дистопия и т.д.), приводимых литераторами, философами, учеными, занимающимися познанием общества, а также другими учеными, работающими в других научных областях. Из истории философии мы знаем, что в основе и условием появления слова «утопия»

является такое понятие, как неудовлетворённость жизнью. В результате такой неудовлетворённости жизнью общества, в котором автор сам существует, он начинает задумываться над новым образом общества, основанным на социально-историческом начале и этической модели. Из некоторых произведений Оралхана Бокей мы видим, что он также мечтает о создании Казахской страны с крепкими религиозными устоями и духовным сознанием, с высоким авторитетом национального языка. Вообще, повесть Оралхана Бокей «Қар қызы» была всесторонне исследована исследователями литературы. Мы, в своем исследовании используем подход с точки зрения идеи произведения. Размышления над переносим смыслом текста повести и есть огромный путь к идеям и мыслям автора. В утопии форма политических концепций и система институтов правления, взаимоотношения между людьми в идеальном смысле, замечательные и прекрасные (в таком обществе все люди счастливы и равны), то есть мы убедились, что мечта нашего предка Асана Кайғы о Жерұйық, рае на земле, отражается в произведениях утопического жанра.

**Ключевые слова:** антиутопия, антижанр, дистопия, какатопия, тоталитарный режим, суверенитет, мангурт.

Әдебиеттегі антиутопия жанрын саралау үшін ең әуелі утопияның өзін бағамдау қажет. Әлемдік мәдениет пен әдебиетте утопия жанрының ұзақ тарихы бар. Жалпы бәрімізге белгілі, утопия – мінсіз қоғам жайлы адамның ой-қиялынан жасалған мемлекет. Әлеметтік ой-сана тарихында утопия көріністерін ежелгі грек ақыны Гесиодтың шығармаларында, Платонның «Мемлекет», Августиннің «Құдайлар мекені туралы», И.Флорскийдің «Апокалипсиске түсінік» шығармаларынан табуға болады. Сондай-ақ Әбу Насыр әл-Фарабидің «Қайырымды қала» атты трактатында да утопия көріністері бар.

Болашақтың классикалық утопиялық моделін жасаушылардың алғашқылары ретінде Т.Морды, Т.Кампеналланы, ал Ресейде В.Одоевскийді, Н.Чернышевскийді атауға болады.

Қазақ дүниетанымында өз халқы үшін Жерұйықты іздеп, желмаясына мініп ел кезген Асан Қайғы, өлімсіз мекен іздеп жер шарлаған Қорқыт Ата да утопиялық ілімнің бастауы бола алады.

Бертін келе идеалды мемлекеттік құрылымның болу мүмкін еместігін түсінген жазушылар (Д.Свифт, Ф.Достоевский және тағы басқалар) өз шығармаларында бұл идеяның жүзеге асатынына, яғни барлық халық үшін тамаша, бақытты мемлекеттің болатынына күмән келтіре бастады. Міне, осы кезден бастап утопияға керісінше антиутопия пайда болды. Бұл екі жанрды біріктіретін тұтастық – екеуінде де басты кейіпкер мемлекет, қоғам. «Антижанр» мәселесін зерттеген орыс ғалымдары А.Зверев, Ю.Латынина, В.Чаликова және тағы басқалар терең зерттеді.

Антиутопия робот-адамдарды, мэнгурт ұрпақты туғызған гиперрациональды қоғамдық жүйені сынайды. Осы жүйеге қарсылық білдіретін кейіпкер шынайы адамзаттық құндылықтарды іздеуге, тоталитарлық өмірден өзіне тірек табуға ұмтылады. Осылайша идеалды саналған қоғам қатал заңның тепкісін көрген жекелеген адамның ішкі жан-дүниесі мен санасы, сезімі арқылы күл-талқаны шығады.

Утопия жанрын зерттеу кезіндегі өзекті мәселелердің бірі – утопия ішіндегі сатира мен гротескіні анықтай білу. Жалпы антиутопия социализмнің әміршілдік-әкімшілік моделінің тұрақсыздығын, саяси тәртіп, тоталитарлық режимнің іріп-шіріген негіздерін әшкерелеп, тұрмыстық гротескінің моделін жасады. А.Кабаковтың «Невозвращенец», Л.Петрушевскаяның «Новые Робинзоны», В.Аксеновтың «Остров Крым», В.Войновичтің «Москва 2042», Ф.Искендердің «Кролики и удавы» шығармаларын таза күйінде антиутопия деп санауға болмаса да, оладың барлығынан да антиутопиялық ойлаудың элементтерін байқаймыз.

1960 жылдары жазылған Ю.Даниэлдің «Говорит Москва» романы антиутопиялық жанрдың айқын көрінісі болып табылады. Оның романында қоғамның рухани құлдырауы, бүкіл жаңалыққа партияның идеология тұрғысынан баға беру ашық жазылады.

Антиутопия жанры шынайы өмірді сатиралық, пародиялық тұрғыдан бейнелеудің бірден-бір құралы да бола алады. Бұған В.Войновичтің «Москва 2042» романы дәлел. В.Войновичтің кейіпкері эмигрант-жазушы Виталий Карцев 2042 жылғы Москваға сапар шегіп, ол туралы репортаж жасауға кіріседі. Кеңестік өмір романда сатиралық-фарстық тұрғыдан көрінеді. Қаланың аты – Москореппе, партияның атауы – КПГБ, түрлі министрліктердің шұбалаңқы аттарының өзі сол заманғы өмірді сынау-мінеу тұрғысынан жазылғаны байқалады.

Орыс әдебиетіндегі антиутопиялық жанрда жазылған белгілі жазушы Л.Петрушевскаяның «Новые Рабинзоны» әңгімесі туралы сыншы Л.Панның «антиутопия реальна до предела: этот жанр носится в воздухе и обозначает не столько литературные явления, сколько нынешнюю жизнь – жизнь после краха всех иллюзий, включая веру в человечество... Социальные моменты играют тут малую роль; кошмар жизни универсален, и вовсе не только быт его предопределил» [1, 73] деген тамаша пікірі бар.

Антиутопиялық ой – сарындарын ел тағдырын жете ойланған белгілі қаламгер Оралхан Бөкей шығармашылығынан көптеп ұшыратамыз.

«Қар қызы» повесіндегі Қоңқайдың жер асты шағын мемлекетін алуға болады.

«– Байлықтың көкесін Нұржан, осы жер астындағы үйден көрді. Адамның жанынан өзгенің бәрі бар сықылданды көзіне. Тіпті шындап іздесе адамның жаны да табылар ма деп қалды» [2, 88].

Оралхан Бөкейдің бұл шығармасы Маканиннің «Лаз» повесімен ұштасып жатыр. Маканиннің кейіпкері де қаладан шығып, қала шетіндегі тар жол арқылы төменге түседі. Төменде музыка, таңтамаша өмір көз қарықтырып, жарқырап тұрған шамдар, көңілді әңгімелер, керек заттар толы дүкендер. Бұл повесте де антиутопия жанрына тән вертикалды кеңістік бағдар – жоғары – төмен позициясы қылаң береді.

Жазушының «Қар қызы» повесіндегі үш жігіттің табан тіреген «Қоңқай мемлекетіне» барған сәті антиутопиялық әлем кеңістігімен біріге түскен. Кейіпкерлері белгісіз, өзгеше бір ортаға тап болады. Ол ортаның өмір сүру заңдылығы да әртүрлі. Өмірдегі адамдарға ұқсамайтын, мифтік ертегіде ғана кездесетін бейнелерді ұшыратамыз. Туындыгердің Қоңқайы жырақта өмір сүріп жатқан, ортасынан жатсынған оңаша, оқшау тірлікті қалайтын қызық адам. Бір қарағанда ойлауы да қызық, өмір сүру қағидасы да оқшау осы бір Қоңқай образының астарында авторлық танымнан туған сыр жатқан сияқты.

«– Жоқ! Ұлы Қоңқай жаққан от ешқашан да сөнбек емес! – деді жанары ұшқындап. – Ол – жалқы да болса жақсылар жаққан от. Егер шын білгілерің келсе айтайын: Қоңқай орталарыңда, Қоңқай жер шарының түкпір – түкпірінде, Қоңқай әркімнің қарақан басында, лүпілдеп соққан жүрегінде, өз шыққан тауым биік болсын деген тілегінде. Тек қана бір-бірінен жасқана жасырады...» [2, 309] деп жазушы елу жыл бойы осы Айыртауда арыстандай айбат шегіп, ошағының отын сөндірмей отырған Қоңқай бейнесіне әр қырынан талдау жасап соны ой түйіп саралайды. Қоңқай жалғыз емес дейді автор, Қоңқай дегеніміз өз қара басының амандығын тілеген әр қазақтың жүрегінде деп ой түйеді. Қоңқай жаққан от – бір кездегі найзаның ұшымен, білектің күшімен, талай қазақтың қанының құнымен келген, бабалар жағып, аманат қып кеткен – қазақтың қара шаңырағының мәңгі өшпес киелі оты.

«– Мынау қараша үй – менің кішкентай ғана, қарлығаштың ұясындай мемлекетім, қара басымның жалғыз еркіндігі. Бұл – Кіші Қоңқай мемлекеті, түсіңдіңдер ме! – Сол қарлығаштың ұясындай мекенімнің қауіпсіздігін көзімнің қарашығындай күзетіп, суверенитетін сақтау үшін алысқанмен – алыстым, атысқанмен – атыстым. Бұл – менің жанымның, рухымның, жүрегімнің, тіпті бүкіл бостандығымның Отаны». [2, 312]

Оралхан Бөкейдің Қоңқайы – Мен деген өзімнің, басқа емеспін деп, өзіңше өмір сүріп, өз мемлекетін құрғысы келеді. Қоңқай сол өзінің титімдей мемлекеті мен от жаққан Отанының шекарасын бұзып, табалдырығын аттағандарға қасық қаны қалғанша аянбай күресіп келеді және әлі де күресіп өтпекші. Суреткердің шығармасының өң-бойында желідей тартылып отыратын – МЕН; ӨЗІМ қолданыстарының өзі экзистенциализм ұғымның антиутопиялық жанр көрнісін айғақтайды. Өз қара басының амандығын тілеген Қоңқай үшін «Біріміз – бәріміз үшін, бәріміз – біріміз үшін» деген жалған ұранның мәні шамалы. Қоңқай Қоңқай болғалы өздігінен ешкімді іздемеген, қажетсінбеген өмірі – қоғамды жатсынуынан туындап отыр деп ой түйдіреді авторлық ой-елегі. Қазақ қазақ болғалы – біреулерсіз, өзге халықсыз күнін көре алады, ал олар ҚАЗАҚСЫЗ өмір сүре алады ма? – деген жауабы қиын сауалды оқырман алдына көлденең тартады. «Мені де сағынатын күн туар... Қоңқайлар ұрпағы өлмек емес, мәңгі жасайды. Өйткені Қоңқайлар адамзаттың өздері үшін керек...» – деген Қоңқай бейнесінің астарында сағынып, сарғая күтіп жүрген – Тәуелсіздігіміздің символы жатқандай. Ал «суверенитет» деген сөздің өзінде үлкен мән жатқан сияқты. Бұл шығарма 60-жылдары жазылғандығын ескере отырып, авторлық таным тұрғысынан бажайласақ, бұл шығарманың астарында елінің тәуелсіздігін көкесп өткен біртуар азамат, ұлтын сүйген ұлы жүректің арман-тілегін сезінгендейміз. Қазір, тәуелсіз ел болғаннан бері осы «суверенитет» деген сөзді өз қолданысымызға енгіздік қой. «..Өзің білмейсің қайда барарыңды, өзгелер біледі. Қалай айдаса – солай жосимыз. Қалай жетелесе солай ереміз соқыр ботадайын... адамның басы – алланың добы деуші еді бұрынғылар, енді Упрайдың добы болдық.» Өзіндік МЕНІ көкірегін жара іштей менмұндалап тұрса да кеңес үкіметінің жүктеген, партиясының міндеттеген БІЗІНІң жетегінен шыға алмай, дегендеріне үнсіз көндіккен қазақ халқының бейнесін көреміз. Сонымен қатар, шығарма кейіпкерлерінің үш тағандай болған – үш жігіттің есімдерінің атауында да біраз сыр жатқан тәрізді. Қар қызы боп мұнартқан Тәуелсіздікке Нұр мен Бақытқа оранып, Аман жетер күн де туар деген асқақ арманды сезінгендей боламыз.

Оралхан Бөкейдің кейіпкері Қоңқай бейнесі өз тәуелсіздігін қолдан жасап алып, сақтап қалуға ұмтылған жанталасқан қазақ бейнесін *символдық* тәсіл арқылы берген.

Орыс әдебиетіндегі антиутопиялық жанрға жатқызып жүрген шығармалардан кейіпкерлерінің өз ортасынан жеріп, жатсынып, одан кейін қашып құтылу әрекеттерін байқаймыз. Белгілі орыс жазушысы Петрушевскаяның «Новых робинзонов» деген шығармасындағы 18 жастағы қыздың өз әке – шешесімен нақты өмір сүріп жатқан жерінен басқа жаққа қашуы әңгімеленген. Олар қаланы тастап бірінші қиянда жатқан бір ауылға келеді. Ол жерден кейін орманға қашады. Олар ертенгі күніне сенімді болмады, өз орталарынан, адамдар тобырынан қорықты. Бұл шығарманың негізгі тақырыбы – өз орталарынан жатсынудан барып туындаған қашу мәселесі. Өздерінің өмір сүріп отырған ортасы қорқыныш ұялатқаннан соң, ол ортаны қабылдағылары келмейді. Бұл қашып – құтылу мәселесін Петрушевская бір әгіменің арқауы қылған екен. Ал біз өз қазақ қоғамымыздағы, сол бір совет өкіметі құрылған кезде, қаншама қандастарымыз өз ортасы қорқыныш ұялатқаннан кейін өз елін, туған жерін тастап басқа жаққа ауып кеткендігі тарихи шындық емес пе? Біз, Оралхан Бөкейдің бір ғана туындысын талдап өттік. Бұл мәселенің жан-жақты, көркемдік шешім табу ерекшеліктерін саралай сараптау алдағы салмақты зерттеулердің еншісі деп ойлаймыз.

1 Пани Л.О. Петрушевской // Звезда, 1994, №5.

2 Оралхан Бөкей. Таңдамалы.1-том, Алматы., 1994, - 415-

ӘОЖ: 82.0:001.12/.18

**Ысқақ Б.Ә.**

*С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің доценті,  
филология ғылымының кандидаты*

## ӘҢГІМЕ ЖАНРЫНДАҒЫ КЕЙІПТЕУ

**Түйіндемe:** Мақалада қазақ жазушысының көркемдік ізденістері аталып, қазақ әңгімесіндегі әдеби тәсіл, өзіндік ерекшелік пен бағыт туралы сөз болады. Жазушы Асқар Алтайдың бейнелеу құралдарындағы жаңашылдық, дәстүр мен жалғастылық қарастырылады. Әдеби шығармадағы, оның ішінде көркем әңгімедегі кеңістік мәселесі зерделенеді. Әңгімелеріндегі табиғат суреттеулері әуезовтік тәсіл жалғастығында байқалғаны түйінделеді. Кейіптеулерге ұштасқан адам тағдыры мен тақыр жер тағдыры, жанталасқан жан дүние жалғыздығы мен сусыған құм тебіренісі егіз жұптастырылғаны талданады. Қазақ тарихында қайта құру деп аталатын кезеңнің суреттемесі келісті нақышталған. Ауыл тағдырының қазақ халқының тағдырымен өзектес екенін айқындататын, ишаралы көріктеуіш құралдары өте ерекше. Жазушы Асқар Алтайдың қолданған монолог-диалогтары табиғатты адамша сөйлетіп, уайымдатуға, тығырыққа тіреуге дейін шарасыздыққа әкелген тартыспен айшықталған. Жазушының әдеби тәсілі қазақтың суреткер жазушысы Ғабит Мүсіреповтің қоғам мәселелерін тереңінен қозғайтын тамаша дәстүрінің лайықты жалғастығын көрсеткен. Ақыл-ой санаға бағындыратын, ар-намысқа жүгіндіретін адамдық қасиеттер нақты да, көркем баяндаулармен жан-жақты ашылған. Жайсаңбек Молдағалиевтің көтерген ауыл тақырыбын, ауыл адамдарының бейнесін беруді Асқар Алтай табиғаттан ажырамас, егіз қалыпта көркемдеген. Алтай әңгімелерінде қазақы таным, қиял, әсем теңеулер айтар астарлы оймен сабақтас келіп, орынды келісім тапқан. Мақалада жазушы суреттеулерінен әдеби түйін, оқырмандық таным қалыптастыратын тұстар айқындалады: тұлғаның қысымға ұшыраған өзіндік ерекшелігі ескерілді; дәстүрлі сюжеттік-композициялық өзгешелендірудің жазушылық қолтаңбасы анықталды. Мақалада жазушының әңгімелері рухани қажеттіліктерді өтей алатын мәдени қазынаға айналғанын, әдебиет сыншыларының пікірлерімен толықтырып, дәлелденгені аталып өткен.

**Ұйтқы сөздер:** Көріктеуіш құралдар, әлемдік әдеби үрдіс, кейіпкерлер әлемі, диалог, әңгіме жанры, қарама-қайшылық, көркемдік уақыт, психологиялық баяндау, Ғабит Мүсірепов, Оралхан Бөкей, Жайсаңбек Молдағалиев, Мархабат Байғұт, Асқар Алтай.

**Аннотация:** В статье речь идет о художественных методах, литературных стилях и направлениях в казахском рассказе, в котором анализируются новые грани художественного искания казахского писателя. Рассмотрены новизна художественного приема, традиции и новаторство в стиле писателя Асқар Алтая. В художественных произведениях, в том числе в рассказах писателя исследованы как описан мир художественного времени. В рассказах Асқара Алтая видна литературная школа продолжения ауэзовского стиля олицетворения. Особенно, по анализируемому нашему выводу, это касается когда писатель пишет в своих описаниях природу как вымирающего человека. Природа и трудности быта человека неразделимы. В настоящей статье объектом исследования является политическая метафора олицетворения писателя. Развитию

этих признаков в стиле Аскара Алтая способствовали как бурные изменения в политической жизни казахских аулов, отражавшие коренные социальные преобразования в стране, так и появление возможности открыто выражать свои взгляды. До Алтая политические взгляды в своих рассказах Габита Мусрепов давал намеками. Здесь писатель использовал опыт и традицию в новом ракурсе. Вместе с тем показательно, что до настоящего времени литературные критики стараются обосновывать использование художественного приема, в примере олицетворения как предмет духовного наставника всего общества. Рассказы Алтая обладает теми преимуществами, которые дают ей возможность сконцентрировать свою новизну именно в точках взаимопроникновения с историей казахского народа.

**Ключевые слова:** Литературные методы-приемы, мировой литературный процесс, мир характеров-персонажей, диалог, жанр рассказ, конфликт, художественное время, психологическое описание, Габит Мусрепов, Оралхан Бокей, Жайсаңбек Молдағалиев, Мархабат Байгут, Аскар Алтай.

**Abstract:** The article lyricism on the Kazakh story, in which he analyzed the new facets of artistic quest of the Kazakh writer. Considered novelty artistic reception, traditions and innovations in the style of the writer Askar Altai. In works of art, including in the stories of the writer investigated as described in the art world of the time. In the stories of Askar Altai visible literary school continuation of Auezov style impersonation. Especially, analyzed our conclusion, this applies when a writer writes in his descriptions of nature as an endangered person. Nature and difficulties of human life nerazdelimi. Stories of Altai has the advantages that enable it to concentrate its novelty precisely at the points of convergence with the history of the Kazakh people.

**Key words:** Literary techniques-techniques, world literary process, world of characters-characters, dialogue, the genre of the story, conflict, artistic time, psychological description, Gabit Musrepov, Oralkhan Bokey, Gajsanbek Moldagaliev, Markhabat Baigot, Askar Altai.

**«Көркемдік уақыт – әдеби шығармадағы уақыттың суреттелуі, зейінге алыну, қабылдануының өзгеше сипат-ерекшелігін түсіну үшін көркемдік уақыт деген ұғым қолданылады. Ол түсінік уақытқа байланысты» [1, 118 б.],– деген қисынды Асқар Алтайдың «Тасбақаның тақыры» әңгімесінде қалай көрініс беретінін зерделеп көрдік, келісті бейнеленген.**

«Тасбақаның тақыры» әңгімесі Ж. Молдағалиев көтерген ауыл тағдыры мәселесінің жалғастығын, заманның қайта құру деп аталған кезін табиғатты келісті көркемдеу арқылы сөз еткен: «Ет жүрегіңді ерітіп, сусыраған өзегіңнің өртін басып, жанарыңды жасқа тығылтар саумал сулы Салқын көл алыстағы арықтай боп ағып жатқан дарияның көктемде телегей-теңіз таситын тамырынан нәр ала алмай, жат ананың теперішіне түскен жетім сәбидің қасіретті көз жасындай тез сарқылып, ақ кебектене сортаңданып тартылғалы – тасбақа төлі тұрақ тепкен мекен – тасбақаның тақырына айналды» [2, 172 б.].

Өтпелі уақытта қазақ ауылы кешкен түрлі ауыртпалықтардың бейнеленуі жазушыда табиғатты суреттеудің көркем теңеулерінің көмегімен ашылған: «Ұлы Құмның аш қасқырша шиыршық ата ұлып, ұршықтай үйіріліп көшкен ұры құмы көл суы құрғағалы жан-жағынан әбжыландай жалмап, қос бүйіріне қыса қуырып, тақыр таңдайын тарылтып келеді» [2, 172 б.].

Жазушының бейнелеген құмы қиыншылыққа ұшыраған кейіпкердей жанталасады.

А. Алтайда кейіпкер жанын қинаған қамау ойдың бейнеленуі, сезімнің көрінісі «құм толқынына» ұқсатылған: «Құм уысына іліккен тоқымдай жер тебінгідей күйге түскен. Құлан жортпас құм ішін паналаған миллиондаған тасбақа атаулы таздың басындай тақырға жалынып, тәңіріне сыйынар!.. Қайдағы-жайдағы ойлар қамап алған. Адам ойы да бірін-бірі бастырмалата қуған қатпар-қатпар құм толқыны іспеттес» [2, 172 б.].

Осындағы тартыс – рухсыздықтан сақтандыруға арналған.

Қараңыз: «Құм жұтқан өлке қозғалыста. Дөңкиген дөңестер сынапша сырғып, беткейлер беті сұр жыландай сұмдап, құла тасқын құм көшуі күшіне енген. Ұланғайыр құмның жүзі күңгірт. Ымырт» [2, 172 б.].

А. Алтайдың «шөл қысқан» табиғатының көркемдік астарлы сөз бейнелілігінің айтары мол.

**Құмды даланың ең болмаса тіршілік етер тасбақасы бар, ал шопанға қайран қылар көмек жоқ: «Тамыз бойы тамшы тамбаған құм іші өртеніп, қиыршық біткен күйіп тұр. Жылан қабығын қақтар аптап машина терезесінен жүз қариды» [2, 167 б.].**

Жазушы бұл жерде М. Байғұттың «Өлімнен қашқан респонденті» секілді адамдардың бір-біріне қарайласуға да шамасы болмай кеткенін ишаралаған. Әңгіме тартысы – «Алтау араз болса, ауыздағы кетеді. Төртеу түгел болса, төбедегі келеді» ұлағатына құрылған.

Жазушының суреттеген: «Қараң-құраң ергенек, дүзгін, сексеуіл өскен түз қанын ішіне тарта сұлық жатыр. Бедірейген безбүйрек өлкені кезіп келе жатқан жеңіл машинаның алған беті

алыс қыстақ», – деп суреттелетін тұс әңгіменің шиеленісін байқатады және өлшеусіз таршылық қысқан ел адамдарын астарлай алған. Ал, әңгіме шешімі шөлдеген тағы жануарлардың (киіктің) адамға көмек күтіп келуін баяндаудан көрінеді: « – Кеше құдық басына олар тағы келді. Қап-қара жәудіреген көздерін көргенімде Гүлсім елестеп кетті... Су берейін десем, бензін аз. Кейінгі жылдары Гүлсім су құйып жаман үйреткен, менен де су сұрап телміріп тұрғандары. Моторды от алдыруға дәтім бармады, ертең сусыз өлеміз ғой. Совхоздағылар бізді ұмытқалы қашан? Қырылып қалсаң да бәрібір. Оттың ортасында қалдым ...» [2, 168 б.].

Аталған әңгіменің аясында қазақ халқының кезеңді тарихы ғана көрініс бермейді, сонымен қатар шыдамдылықтың, қиындықта кездесетін адами мінез-құлықтың айнасы ашылады. Балаларын анасыз қалса да жеткізем, жетілдірем деп күнкөріс жасауға ұмтылған Әке мен құлқынның құлына айналған пысықай «күнкөріс иесі» қатар беріледі. Әңгіменің көркем уыттылығы соңғы дәрменмен жанталасқан кейіпкер ой-тізгініне жинақталып өрілген.

Алдыңғы қатарлы қазақ әңгімелерінің әлемдік әдеби үрдістің жалғастығына (контексіне) енуі тек қана шығарманың тәуір айқындаулар, тенеулерімен немесе «жақсы» деп шектелумен бағаланбайтыны анық. Жақсы қаламгердің тамаша туындысы бейнелі ойлаудың тек-тамырын дұрыс анықтағаннан соң дүниеге келері хақ.

Ғабит Мүсіреповтің «Сөз жоқ, соның іздері» әңгімесінде көтерілген мәселе Асқар Алтайдың «Дода» әңгімесінде жалғасын тапқан. «Асыра сілтеу» қабатында, әсіресе жүрекке ауыр түскен қалпын бейнелеуді қарастырған: «...Көкке кеме ұшқан көктем еді. Әйтеуір, аядай Ақшиде [2, 97 б.] үлкен жиын болған. ...Ал соның артынша ауылда түйе мен жылқы жинау науқаны басталды емес пе. Науқан кезінде ғой «кәнтөжин» атанғаны» [2, 98 б.]. Ғарышты игеріп адам санасының бір саты жоғарылап жатқан кезеңінде де ауыл қашанда халықтың өмір қорегі болатынын ескермеген солақай саясаттың зардабын баяндаған. Жазушы қазақтың жаны малымен бірге мәңгілікке ұштасқанын психологиялық баяндаумен келтіреді.

Қараңыз: «...– Мал құлағы саңырау... Үндемейтін момын – мал ғана қалғаны ғой. Мен мал емеспін. Мені көкпарға салған көксеркедей талай алмайсындар»,– деу қашанда жігерді жанына серік еткен қазақ қасиетін көрсетеді ...

Желжорғаға жолата қоймаспын. Беретіндерің бере беріндер, көнетіндерің көне беріндер... Ей, келімсек сұмпайылар, қашпандар! Желжорғамды өлігімді аттап аларсындар... Ө-лі-гім-ді ...

Қазір мына көкпарға салып жүргені сол – алпыс бірде қалған Желжорғаның тұқымы»,– [2,100 б.] деп халықтың 1932 жылы, 1937 жылы бір көрген тауқыметінің ұшқыны тағы қайталанғанын келер ұрпақ «Доданың» көркем мұратынан зерделейді. Кейіпкердің монологу – оның психологиялық жан айқайын құрап тұр.

Жазушы бейнелеуіндегі: «Додадан көкпарды құтқарғандай алып шығуын шықты-ау, бірақ аттың басын қайда бұрмақ?.. Көз алдында-тұңғыық тартқан Ертіс, ту сыртында – талап жердей топ-тобымен андыздаған аттылар. Бос бүйірге бұлт етпес шығып кетпес үшін олар да қос қанатын кең жая алқымдап келеді.

«Алдың – су, артың – ну...» деген осы-ау деп ойлады ол. Мына додадан бөлініп шығу оңай болмас... Қай жағыңа қайырылсаң да қанталапай. Қандай амал бар?»– [162,105 б.] деп баяндалу көш басшының зияткерлігі мен қорғанышың берік болсын тілектен туған. Кейіпкердің көп мықты шабандоздың ішінен суырылып шығатыны, сөйте тұра не істерін білмеуі осыны байқатады. Қазақ халқының басынан өткен тарихтың психологиялық табиғатын тап басады.

Сонымен қатар, аман алып шығар амалдардың нағызы – Жазушы өнері және жоғарыда талданған әңгімелердің бәрін түйістіретін «нүкте» деп толықтыруға болады.

А. Алтайдың «Балақ бау» әңгімесінде айтылған жайттың себеп-салдарына үңілтеді: «...Бүгін де Есбол қартты өткен-кеткен өмілдіріктеп алған. Өткенге оралу – өзінді тану, өзгені тану. Өткеннің бәрі өкініш емес. Кешегің арқылы бүгінгіңді түсінетінің белгілі» [2,115 б.]. Бұдан авторлық көзқарас та байқалады.

Ғ. Мүсіреповтің «Сөз жоқ, соның іздері» әңгімесіндегі қиыншылық тағдыр тоғысында кездескен екі «достың» бірінің таңдауы қандай болғанын білеміз. Ал, «Балақ баудағы» екі достың достығының сызаты жоқ: «Кеше ғана осы бір самалмен Ербол екеуі бірге тыныстап еді-ау! Бүгін ол – «жау». Ел аман, жұрт тынышта қайдағы жау?! Диверсия... диверсия ұйымдастырғалы жүр. Кіммен? Айдалада мал баққан мұнымен бе? Қырғыздар мен қазақтар ... жо-жо... атама аузың күйгір! Қылған қылмыс, жазған жазығы жоқтығына – ақ бас Алатау, қара бас қыраны куәгер» [2,114 б.]. Кейіпкердің іштей таусыла ойланатын тұстары осыны дәлелдейді.

Небір заман өзгерсе де өзгермеген бір жайт келеңсіз құбылыс, жала жабу, өзі ұнатпаған адамына қастық қылу екеніне жазушы ерекше мән берген: «Бар пәле колхоз председателінен келген. Бәріне кінәлі сол! Председатель түлкі терісін сұраған екен. Ербол бермей [2,114 б.], екеуі ит жеменгенді жесіпті деп, көрші отырған шопан айтып еді. Жел тұрмаса, шөп басы қимылдамайды... Бәрінен де әлгі үшеуінің Ербол жайлы қайдағы-жайдағыны қиыстырып соғатынын қарашы! Жоқтан бар жасап, жауырдан жаба тоқуға шебер-ақ. Қалай да «жау» деген жаланы жабу, тіліңді тістегіп отырып таңу. Әйтпесе бұл екеуінің өмірлері өзектес, тағдырлары тамырлас». Жазушы адамды тереңнен тануға жетелейді. Кейіпкердің сана-сезімі естігендері мен көргендерін сарапқа салып тұр. Бұл да жазушы қолданған психологиялық талдау өнерінің бірі.

Жайшылықта болмашы болып көрінетін нәрселердің бәрі кейбір пиғылы нашар адамдардың қаруы боларына назар аудартады: «Саятшылыққа үйренді. Табиғат бойынан рахат тауып, ләззат алдырған саятшылықты өнер тұтып, қыстың көзі қырауда салбурынды мұрат етті. Ол кезде Ербол басына саяткерлік сақина болар деп кім ойлаған?...» [2, 115 б.].

Жазушы айтар түйін мынадай: «Балақ бауынан бір айырылған құс – бағынан айырылған құс. Тегінен айырылып, тұғырынан таяды деуші еді нарынқолдық марқұм ағайыны» [2,115 б.]. Халқын тұғырынан тайдырмайтын өнер туындылары, оның ішінде тез тарайтын әңгімелері барда Қазақ халқы бағынан тая қоймас деп жарқын үмітке жетелейтін, соған ұмтылдыратын сезім оянады.

А. Мұқышеваның «Қазақ әдебиетіндегі тұлпарлар бейнесі (Өмір шындығы. Кейіпкер тағдыры. Көркемдік мұрат)» атты диссертациялық еңбегінде Ғ. Мүсіреповтің «Бошайдың үш қарасы», «Аттың сыны», Т. Әлімқұловтың «Тұлпардың тағдыры», «Телқоңыр», «Қош бол, Абсент», А. Сүлейменовтің «Адасқақ», С.Бәкбергеновтің «Ат жалында», «Көк бие», С. Бегалиннің «Сұрапылда», «Керкик», Ж.Кәрменовтің «Теңбілкөк», Б.Соқпақбаевтың «Бурыл ат» әңгімелері қарастырылған. Осындай дәстүрді ұстанған А. Алтайдың **«Қараштың қарасы»** әңгімесі жануарлар әлемі арқылы шынайы өмір күйіне жақындататын жазушылық шеберлік мектебінің лайықты үзеңгілесі деп бағамдаймыз: «Кезінде қырғыз-қазақтың көкпар тартқан додасына да түсіп, бәйгенің басын бермеген Ұланжал қартайып, қағажу көріп қалам деді ме?...».

А. Алтайдың тұлпарының бір айрықшылығы күні өтіп, қартая бастаған тұсқа сәйкес келеді: «Дүние – жалған... Жанарының алды қараңғы тарта түсті. Өліараның түнінде терлеп келіп су ішкен сүйегі асыл Ұланжал торғай жұтқан жыландай қыл тамағының бөбежік безі бауырсақтай бұлтиып, тынысы тарылған сайын талмаусырап ұзақ тұрды. Ісінген бөбежік тыныс жолын да жапты. Тышқаншақ тиіп, жанары аунаған лақса айғыр қос тізесі бүгіле беріп, жай түскен қарағайдай омырыла құлады. Құлаған бетте төрт аяғын жанталаса сермеді».

Адамша ойлап, адамша әрекет еткен жылқы-кейіпкер еріксіз жіберілген алыс соғыс өткен жолдардан туған жеріне оралып, ең қызықтыратыны жүрген жолдарын өзі танып келу ерлігі болатын. Мына тұста Ұланжалдың өзіне ыстық жерлерге жақындағандағы соңғы күш-қайратын жұмсау әрекеті бейнеленген: «Сол бір сәт кәрі айғырдың аржағында, белгісіз бір тылсым өңірі бозғылт тұман оранды ... онда Қарқара биігінің [2,134 б.] басын ала Қара ат сұлбасы баяу ғана шауып бара жатты. Қара ат әуеде баяу қалқып барады... Ұланжал да соған қарай ышқына ұмтылды. Қолтығына қанат біткендей, денесінің құрыс-тұрысы жазылып, көкке көтеріле берді... Көк жүзінде жұлдыздар ғана төбеден төнген» [2,135 б.].

Аталған әңгімеде қазақы таным, қиял, әсем теңеулер орынды келісім тапқан. Автор мұратына жетуге жетелейді. Тағы бір ойдың ұшқыны еріксіз келіп мазалайды: «Қолда бардың қадірі жоқ» деп өкінбес үшін шығармашыл адамдардың жай-күйі Ұланжалға ұқсамауы керек ...

Әңгіме жазу шеберлігі жазушылардың жан-жақты жаңалыққа бейімделуінен байқалады. Мұны Бақытжан Майтановтың: «Тоталитарлық кезең ыдырауынан соң ТМД кеңістігі қазіргі қазақ жазушыларының көркем эпистемологиялық дискурстарына жағымды әсер етті. Олардың әңгімелері, повестері, романдары адамзат құндылығын айрықшалаған шындықтың шынайы және жылдам ағымына ілескендіктерін байқатты, сонымен қатар осындай және басқа қайта қабылдаулар елеусіз сіңе түсті; тәртіпке келе бастаған жалпылық өлшемі қабылданды, яғни тұлғаның қысымға ұшыраған өзіндік ерекшелігі ескерілді; дәстүрлі сюжеттік-композициялық сызбадан құтылу мүмкіндігі туды ...» [3, 57], – деген пікірі нақтылайды.

Жазушы А. Алтай **«Қараштың қарасы»** әңгімесінде жүйрік атты саналы адамның қабілетімен тең қасиетімен танытады: «қашаудай тұяқтарымен жазандағы салалы күреңшені кесіп, тамырлы шымды ойып» соғыс болған жерден туған ауылына қайтып келеді. Ұланжалдың үйірі мен иесін, жерін сағынған ыстық ықыласы табиғат көріністерінің айрықша көріктенген елесімен қатар алынған:

«барқыттай жұмсақ жазан жүзін жапқан көк шалғын үкідей иіліп қалып жатыр. Тамам заманнан бері өңін бермей көкпенбек болып жататын Мыңжылқы мен Қарқара өңірі үйір-үйір жылқы қыста тебіндеп, жазда жусап жатқанда құты қашып, шөбі сұйылған емес». Соғыстан қайтқан жауынгердей Ұланжал өзінің құлын-тай болып өскен ауылына жақындаған сайын тәтті елестерге көміле түседі. Тау өз ерекшелігімен, сұлулық көркімен есінде сақталғаны бауыр басқан ата-мекеніне деген сағынышын үдете түскен: «...қысы-жазы өңін бермейтін Хан Тәңірінің қыран ғана шолған мұзартты үшкіл басы айғырдың өткір көзіне оқта-текте шағыла жалт етіп, тым алыста тұлғалана түскен еді».

Көркем теңеудің өрнектеліп құбылуы, бояуын ажарлап отыру – А. Алтайға тән: «Мыңжылқының Хан Тәңіріге қарай құлаған көкпенбек төсті, жас сұлудың жанарындай жылт-жылт еткен қалың шықты, мың түрлі шөпті жайлауы», «сәбидің еңбегіндей былқылдап жататын Қараштың сазы». Мұндай суреттеулер А. Алтайды қаламдас замандастарының шығармаларынан ерекшелей түскен.

Көркем тұрпат әңгіме жанрының тіректі құрылымы. Жазушы бейнелеген жылқы – адам психологиясын берудегі, олардың іс-әрекетіндегі, мінезіндегі, «сөйлеуіндегі», өзінше дара, қайталанбаған бітім-болмысты байқатады. Яғни, көркемдік ізденіс – адам мен тұлпар қатынасының бейнеленуі қазақтың рухани жанымен кіріктіріліп, адам мен адам қарым-қатысындай етіп ұсынғанынан анық көрінеді. Адамгершілік қалпы, отаншыл жылы жүрек жылулығы тамаша ашылған.

А. Алтайдың «**Кер азу**» әңгімесі – өнер, өнерпаздық туралы сыр шерткен тағы бір көрікті ойдың кемелі. Жазушы құлай берілген ыстық ықылас сезіліп тұрады: «... Қандай күй шертіп отырғаны тек көкірегіндегі күмбірлеген бөлекше саздың ырқымен екенін аңдаған. Құдіретті күйдің сезімді шарпып, жүректі қармаған салқын сазы өткен өмір елесінен хабар беріп, қилы-қилы кезеңнің қобығынан құйын тудырып, қара дауыл соқтырғандай солықтап, аш бөрідей ішін тарта ұлып, кер заман үнін жеткізген.

... Күйге еліткен қария қу шанақтың үнін санамен емес, жүректің нәзік қылымен қабылдап отыр. Өткен дүние елесі санада жаңғырығып, қайта тіріліп, құбылып көрініс табуда...» [2, 146 б.]. Бүгінгі күннің бейнетінің қабағында халық басынан өткерген ашаршылық сөзге тиек етіле (Т.Жармағанбетов бейнелеген Ыбраш тағдырында бала көңілі шертілсе...) қарт көңілдің жан-дүниесі кілтін ашады: «...Хадиша шешесін сол отыз екінің жазында жетімдер үйінің сыртында қоштасқаннан кейін қайтіп көрген жоқ. Бейшара ана бір жерде аштан бұралып өлген шығар!.. Жетімдер үйінде де жас балалар топалаң тигендей қырылған. Үмітәлі жасы үлкендігінен ғана тірі қалды. Әйтеуір құдай қақты! Әйтпегенде, бұл да сол аштан өлген балалардай, ат шана үстіне тиеліп жалаңаш күйде Іленің ұйығына тоғытылып, балық жемі болар еді. Қаншама сәби кебіңсіз кетті десеңші!.. Есеп жоқ. Күніне екі шана өлік кететін. Әл-қуаты бар үлкен балалардың арасында өзі де талай тиеген. Немістің кірешіндей торкөздеп салып, шананың үстін жас денемен көтеруші еді. Ой, дүние-ай десеңші!.. *Соғыста да адам баласы олай қырылғанын* Үмітәлі көрген емес» [2,146 б.]. Жазушы кейіпкер көңіл толқынысының шеңберінде ақтандақтар жылына оралады, ащы шындық өнер, өнерпаз табиғатымен көмкеріліп сыр жаяды: «Бәрінен де, өзінің «Би күйімен» астындағы атын билеткен Өркен күйшінің домбыра шертісінен мүлде бөлек, тым озық Нарбураның қағысынан көзін ала алмай, перне қуалаған саусақ қимылына зердесі жетпей қиналған еді. Өркеннен де Үмітәлі көп дүние үйрене алмай қалған болатын. Оны да өкімет көп көргендей, 37- жылы ұстап әкеткен.

...– Зердең жақсы екен,- деген Нарбура. – Күйді ақылмен ғана емес, жүрекпен де шерту керек. Бірақ санада көкірегінде күмбірлеген күйдің сәулесі бір сәт үзілмесін. Ақылмен шертілген күй ғана – мәңгілік... Ал, жүректегі бұлқынған сезім қылауы күн сәулесіндей дірілдеп, санаға жетіп жату қажет. Сонда ғана бар дүние ақылмен жаңғырығып, жүрекпен сезімге қозғау салмақ...» [2, 148 б.]. Сонымен қатар шын мұраны құрмет тұтқан көкірек көзі ояу азаматтың пейіліне сендіртеді: «Дәулескер күйші болу үшін, күйдің қырындысына дейін қозғап толғау үшін де күй тарихын білу қажет. Күй – тек көңіл толқыны, сезім шарпысы емес, онда тұнып тұрған тағдыр, томырық дүние, қайғылы шер болады. Күйші құдіреті – осы тереңде жатқан ұлы сезімді шайқап, тысқа ақтара білуінде...» [2, 149 б.].

Бауыр етінен жаралған баласынан қапыда айрылған әке қайғысын бейнелеу үстінде А. Алтайдың шеберлігінің көрінетін тұсы мынадай: «Үмітәлі қарттың өз қолымен Алатаудың ақ самырсынынан қалақтай қылып қана ойып берген, көлеңкеге кептіріліп, жосаға шомылып, буына қызара қаныққан қызыл домбыра шешен-ақ болатын. Кет-Бұғаның «Ұлы сарынын» Бейбітжаны айнытпай-ақ ойнаушы еді. Қандай қиын иір-қиыр перне алмасуынан жаңылыспаушы еді... шек қағып, шанақ шертіп, саға қуалаған кенжесі Кет-Бұғаның көпке беймәлім күйін ұзақ уақыт үйренсе де, өзімен бірге бақиға ала кетті.

.... Кер... кер... заман «Кер азу» күйін қабір басында дүниеге келтірген шерлі күйші жас жуған



жүзін бұра берді» [2,152 б.]. Ата дәстүрін қастерлеу мен О. Бөкейде бейнеленген Садақбайдың қамшысының қоса көмілуіне ұқсас Бейбітжанның домбырасының бірге серік болсын деп қасына қойылуы символдық белгіні дәстүрге айналдырғандары, қоғамның кертартпалығына қарсылық үндерін тыңдатқан жазушы амалы.

Жазушының әңгімелерінде шым-шытырық оқиғаға айнала алатын тартыстар, барынша кейіпкердің сезім, ішкі дүниелік қақтығыстарына айналған. Көркемдік шешімге әуезовтік табиғатты қолдану тәсілімен келсе де өзінше сонылық психологиялық қақтығыста табылады. Кейіпкерінің бүтін тұлғасының (сөзі, қимылы, әрекеті, ойы т.б.) атқарар маңызы көріктеуіш құралдар қызметімен ашылған.

Қазақ ауылының бейнесін беретін жаңа қыр ашылған. Домбыраны қоса көмуі үлкен мәнге ие. Өнер тағдыры шешіліп, содан ғана соңғы үміті қиылып тұрған жоқ. Ауылдан шығып «тау копаратын» түрлі батылдық мен таланттық «Бейбітжандай» орта жолда тоқтамаса, ауыл жастары бұрынғыдай халқының жүрегі болса деген арман жатыр.

1 *Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Құрастырушылар: З. Ахметов, Т. Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.*

2 *Алтай А. Қыр мен қала хикаялары. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Санат, 1998. – 192 б.*

3 *Майтанов Б. К. «Я» и «Другой» в модернизме и постмодернизме // Актуальные проблемы современного литературоведения и фольклористики. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – С.57-58.*

## ӘОЖ 8(574) - 92

**Б.С.Сарбасов**

*Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессор м.а.  
филология ғылымдарының кандидаты*

### **ЖҮМЕКЕН НӘЖІМЕДЕНОВТИҢ СУРЕТКЕРЛІК ШЕБЕРЛІГІ**

**Түйіндемe:** Ж.Нәжімеденов шығармашылығының көркемдік ерекшелігін қарастыру әдебиет саласының өзекті мәселелерінің біріне жатады. Себебі, Ж.Нәжімеденов шығармашылығы бүгінге дейін зерттеліп келгенімен, акын өлеңдерінің көркемдік сипаты әлі де тереңіне үңіліп, аша түсуді қажет етеді.

Ғылыми мақалада негізінен Ж.Нәжімеденов шығармашылығының зерттелу тарихына қатысты материалдарға жан-жақты талдау жасалып, олардың қаншалықты маңызды екендері анықталады.

Ж.Нәжімеденов шығармаларының зерттелуі жайлы сөз болады. Ақынның табиғат, махаббат суреттеріне арналған өлеңдеріне талдау жасалынады. Ақын лирикаларында лирикалық кейіпкердің туған жерге деген сүйіспеншілігін, табиғатты бейнелеуінде оқырманды еріксіз елітетін әсем суреттеулер, сүйіспеншіліктегі жалған сезімге қарсы бағыттағы шынайылықты дәріптейтінін көреміз.

Сонымен қатар бұл мақалада Ж.Нәжімеденовтің суреткерлік шеберлігі, ақынның поэтикалық тілі, өлең өрнектері қарастырылады. Ең алдымен, Жүмекеннің ақын және поэзия туралы ойын өлең кестелерімен берген толғақты ой-пікірлерін талдадық. Қаламгер бұл толғаныстарында поэзияның құпия қыр-сырларын ашады. Суреткердің оқырман алдындағы парызын, міндет-мақсаттарын анықтайды, шеберлік жолындағы ізденістері, өлең жазу процесіндегі сезім-күйлері арқылы беріледі.

Ақын шығармаларының тілі туралы да ғалымдардың жеке ой-пікірлері айтылады. Тілдік құралдарды ақын қалай қолданды, олар қандай дәрежеде көрініс тапты деген мәселелерге талдау жасалынады.

Ж.Нәжімеденов – қазақ лирикасының көкжиегін кеңітіп, мазмұнын тереңдетіп, пішінін жетілдіруге айтарлықтай үлес қосты. Сондықтан да ол қазіргі қазақ өлеңінің санаулы шеберлігінің санатына еркін енді.

Ж.Нәжімеденов өзінің шығармашылық сапарында эпикалық құлашын да кең танытқан тамаша талант. Ақын поэзиясының көркемдік ерекшеліктері, тілі мен стилі мен тегі жалпы поэтикасы нұсқалы бай. Ол арғы – бергі замандағы қазақтың әрлі де нәрлі асыл сөздерін мол игерген, жете меңгерген және өз шығармаларына сіңірген.

Ж.Нәжімеденов шығармаларының көркемдік сипаты жоғары дәрежеде. Сондықтан да ақын өлеңдері күні бүгінге дейін өз құндылығын жоймай келеді.

**Тірек сөздер:** Лирикалық кейіпкер, суреткерлік шеберлік, поэтикалық тіл, көркемдік ерекшелігі.

**Аннотация:** Художественный характер произведений Жумекена Нажимеденова является одной из актуальных в современной казахской литературе. Целью данного проекта является более глубокое изучение поэтических произведений. Так как, несмотря на то, что творчество Нажимеденова неоднократно был предметом научного осмысления, художественный характер поэзии акына требует дальнейшего глубокого изучения.

В научной статье подвергнуты всестороннему анализу материалы, касающиеся истории изучения творчества Ж.Нажмеденова, в результате чего определена их теоретическая значимость.

Также, в статье посвящен рассмотрению идейно-тематического содержания произведений Ж.Нажмеденова. Подвергнуты анализу стихи о природе и любви, характер работы со словом, использование тропов, звуковые особенности стиха, разнообразие и богатство красок в описании природы.

В статье рассматривается поэтическое мастерство Ж.Нажмеденова. Данный статье посвящен изучению творчество поэта в его движении и развитии. В первую очередь, проанализированы рассуждения Ж.Нажмеденова о поэте и предназначении поэзии как чего-то возвышенного, стоящего над людьми. Художник определяет миссию поэта, его поиски, раскрывает секрет поэтического творчества.

Также, в статье речь идет и о языке произведений поэта, о том, какие языковые средства он использует.

Произведения Ж.Нажмеденова обладает высоким художественным уровнем и является значительными по содержанию. Поэтому они и сегодня потеряли своей актуальности.

**Ключевые слова:** Художественный характер, поэтическое мастерство, поэтическое язык, лирическое образы.

**Abstract:** The scientific project “Heroism in works of Zhumeken Nazhmedinov the actual problems. Consideration of art features of creativity of one of the prominent representatives of Kazakh poetry in the first half of XIX-th century Zhumeken Nazhmedinov can be carried to on of the actual problems in the field of literature. In spite of the fact the creativity of Zhumeken was subject of scientific judgement, art character of poetry of akyn demands the further deep studying.

Work the materials, concerning stories of studying of creativity of Zumeken therefore their theoretical importance is defined the all – around analysis are subjected. In the conclusion researchers are summed up.

The first section is devoted to the consideration of Zhumeken image in K.Zhumaliev’s researches. In the verses the poet called the people not to bear more of humiliation and oppression, to be stirred up and on struggle for the human advantage and freedom. Simple and concrete, impressing and conclusive, the bright metaphoricalness had deep influence on the fighters. The verses of the poet are distinguished by fearlessness, resoluteness, amazing gift of belief, unshakable confidence of the correctness.

Verses the verses are about the life of fighters for social justice, their internal, full of dramatic nature and the world. The poetry of Zhumeken was full of noble sweep, ‘a sharp sword’, not knowing rest and mercy. As it is known, poetic appeals of Zhumeken possessed enormous force. Having developed traditions of heroic singers, he has considerably deepened the personal beginning, rethought the old genres and forms of expression on poetic thought, transformed habitual images of the Kazakh poetry, strengthened social motives which have led to occurrence in the history of Kazakh poetry of civil lyrics.

The present work is one more attempt to shine, deepen and the researches devoted to consideration of a spiritual heritage of Zhumeken Nazhmedinov.

**Keywords:** by fearlessness, resoluteness, amazing gift of belief, unshakable confidence of the correctness.

Жүмекен Нәжімеденов шығармашылығының дені поэзия, сондықтан оның қаламгерлік бітімі, шеберлігі, әдебиеттегі орны ақындығы арқылы белгіленеді.

Суреткер қазақ поэзиясын өзіндік жаңа эпитеттер, тенеулермен, өлең өрнегі дыбыстық әсем айшықтармен байытқан. Айшықтаудан Жүмекен Нәжімеденов тудырған тың арнаулар, қайталаулар, эпитета мен анафора психологиялық егіздеу қазақ поэзиясының бұл саладағы поэтикалық үлгісі болып табылады.

Суреткердің лирикасын талдамас бұрын оның лирикалық қаһарманы жөнінде айта кету жөн. Ақынның лирикалық қаһарманы – үлкен интеллект. Ол ұсақ-түйек төңірегінде, отбасы, ошақ қасында қалып қоймайды. Оның басты міндет етіп көтеретіні – адамгершілік, ар алдындағы борыш, ізгі қасиеттер үшін күрес, күллі өмірдегі адам ар-ожданына кереғар ұқсастықтардың бәріне қарсы майдан ашу, халықтық проблемалар, керек десеніз, бүкіл планеталық мәселелер. Оның ойлайтыны – жеке бастың қамы емес, халық мүддесі [1,52б.]. Осындай биік парасаттылықты ту етіп көтерер қаһарман айналасындағы қиян-кескі құбылыстарға бейқам қарай алмайды.

Тыныштық өмір оған жат. Айнала етектен тартқан ескілік, мансапқорлық, көрсоқырлық, аярлық, опасыздық, қанпезерлік тынышын алып, түн ұйқысын төрт бөледі. «Өлең – сирена», - дейді Қадыр Мырзалиев. Бұл шындық екенін Жүмекен поэзиясы дәлелдейді. Әр өлеңі - ақын сезімінің сиренасы. Нәжімеденовтің лирикалық кейіпкері өзін әлем алдында, адамзат баласы алдында жауаптымын деп сезінеді.

Әр ақынның лирикалық кейіпкерінің өзіне тән мінезі, қан қызуы, яғни темпераменті болады. Қазақ ақындарының лирикасында ондай мінездің алуан түрін кездестіреміз. Ал Жүмекен кейіпкерінің мінезі басқа ешбір ақынның кейіпкеріне ұқсамайды. Демек, бұл - ақынның лирикалық кейіпкер мінезін даралауда суреткерлік шеберлікке жеткендігінің белгісі. Жүмекеннің лирикалық кейіпкері

байсалды, байыппен сөйлейтін, асықпай ой салмақтайтын, асып-таспайтын, еш нәрседен саспайтын, қандай іс-әрекет, құбылысқа болсын қарапайым да сезімтал жүрегімен қабылдап, жүрегімен дәріптейтін, жүрегімен айыптайтын парасатты тұлға. Онда жайлап айтса да, алыстан орағытып, тыңдаушысын да байсалдылыққа шақыратын, терең ойландыратын, алды-артын аспай-саспай бағдарлайтын қасиеті бар. Л.И.Тимофеев пен Н.Венгровтың «Краткий словарь литературоведческих терминов» деген сөздігінде мынадай анықтама бар: *«Гражданская поэзия – поэтические произведения, идеи, темы, образы которых непосредственно связаны с общественной жизнью и борьбой народа за свободу и счастье...»* [2,386.]. Осы айтылғанға сүйенсек, қай ақынның да шығармаларын оның азаматтық лирикасын талдаудан басталады. Сол себептен біз де Жүмекеннің азаматтық лирикасын сөз басы еттік. Азаматтық яки әлеуметтік-саяси лириканың өзі шартты түрде бөлінген басқа лирикалардай емес, алуан түрлі тақырыптарға тарамдалып кететінін есте тұтқан жөн. Сол себептен бұл қомақты поэтикалық топтаманы талдауда жүйелілік болу үшін әр тақырыпты жеке-жеке қарастырамыз [3,686.].

Ж.Нәжімеденовтің азаматтық үні *«Жүрегімде бір тамшы қан болса егер»* деп басталатын өлеңінде-ақ көрініс береді. Әп дегеннен ақын ойлары кесек айтылған бұл шығарма Жүмекеннің күнделікті ұсақ-түйекті тілге тиек ететін ақын емес, кесек ойлы, ірі де іргелі қаламгер болатындығынан хабар берген еді. Кеудеден шымырлап қайнап шыққан көңілдің ақ жамбысындай үлкен толғанысты туынды - ол. Кейіпкер өзін денені аралайтын бір тамшы қанға балап, сол қан сияқты туған жерді аралайтындығын айтады. Адам денесі қансыз өмір сүре алмайтын болса, ел де адамсыз өмір кешуі мүмкін емес. Адамға еш уақытта да тоқтау жоқ, сол әрекетінде мақсат-мұраттар мол. Адам демі - туған жердің демі. Тамшы қан тіршілік нәрі болса, кейіпкер де тіршіліктің биігін аңсайды, өзін елден бөлектей алмайды. Мәселен:

Мен кідірсем терім сүртіп бір сәтке,  
Бүкіл дүние тұрып қалар секілді.

Осы екі-ақ тармақтағы мағынаға толы жолдарда өлеңнің бүкіл идеясы бар. Шындығында да, адамсыз, адам әрекетінсіз дүние қаңырап қалар еді. Қысқа да нұсқа бұл өлеңді Жүмекеннің азаматтық поэзиясының лейтмотиві дер едік. Басқа шығармалары осы өлең төңірегіне шоғырланып, биік идеяларға нұсқайды. Лирикалық кейіпкер өзінің ұлағатты сөзін барлық жылы жүректі, парасатты, ешкімді алалау дегенді білмейтін кеңпейіл адамдардың атынан айтады. Оның мінезінен терең идеяны адам өзін өмірден, тіршіліктен бөлек санамау қажеттігін, бар болмыс әлем бір-бірімен диалектикалық бірлікте екенін, шындықтан, өмірден оқшау өмір кешу мүмкін емес екенін айтады.

Ақын - заман перзенті. Оны айқындай түссек, ақын заман дүбірімен үндес, заман ағымымен бірге болуы керек. Заманның сағат сайын қояр сауалына жауап беру үшін жауапкершілікті сезіну - әр қаламгердің ең басты азаматтық борышы. Қоғамның жазылмаған заңы қалам қайраткерлерінен үнемі сергектікті талап етеді. Ақын Жүмекен мұны терең сезінген. Оның кез келген өлеңінен өмірге деген ерекше құштарлықты көретініміз де осыдан. *"Жүрегімде бір тамшы қан болса егер..."* деген өлеңімен үндесіп жататын *"Соқ, сағат"* дейтін топтаманың да мәні терең. Лирикалық кейіпкердің пікірі әр оқырманның жүрегіне жол тапқандай, оқырманның өз сөзіндей болып естіледі. *"Өз көзіммен"* деп аталатын, ақынның өмірге өзінше қарау кредосының жүзеге асқандығын дәлелдейтін жинағына енген өлеңдер бес бөлімнен тұрады. Ақын уақыт, заман, өмір туралы ой-сезімдерін бес өлеңге тұтастырады. Бір-бірін күрделендіріп, байыта толықтырып тұрған әр бөлім нақты бір ой дінгегіне ұласып, тарамдала дамиды [4,326.].

Лирикалық кейіпкер заманның құбылмалы характерін дөп басып, дәл бағалауды мұрат тұтады. ХХ ғасыр - аласапыран төңкерістер, қарама-қарсы қаһарлы қақтығыстар ғасыры, есулер мен өшулер, жарылыстар мен жаңғырықтар, түрлі кереғарлықтар қаптаған, адам ойын талқандап, адам жүрегін тебіrentкен ғасыр. Секунд сайын елең еткізіп өмірде есепсіз проблемалық шиеленістер туындап, жаңалықтар да ашылып, самғаулар мен шарықтаулар болып жатқан ғасырда ақында жайбарақаттық болуы мүмкін емес. Құлшынысқа, ұмтылысқа, өмірдегі өзгерістерге барлық жақсылықтар мен жамандықтарға сезімтал жүрек: *«Тағы бір ғажайып түн өтті - тек қана үлгірдім құмартым»* деп зулап бара жатқан заман екпініне, уақыт жүрдектігіне ілесу қиын екендігін ескертеді. Ақын түннен кейін таң, бір таңнан кейін тағы бір таң жырын жаңа туған тәулікке үндестіре алмай дал болады.

Әдебиет зерттеушісі Төкен Ибрагимов бұл өлең жөнінде: «Жас та елгезек кейіпкер (лирикалық кейіпкер) таңмен таласа тұрыпты. Мезгіл үнімен ояныпты. Кешегі өткен түннің, бүгінгі таңның құрдасы. Ойлана, сезіне тұрып, өмірді уақытпен, ойын жырмен өлшемек. Өзіне кексенің міндетін

жүктеп, жастық құлшынысын құптатпақ, ет қызу, елегізу бар бойында. Елегізе беретіні - асығыс... Ендеше ақын тыншымайды, ғасырымыз тыншытпайды. Ақын рахаты ой үстінде» [5,175б.].

Сыншы ақынның уақыт алдындағы парызы жөнінде деп айтқан. Ақынның лирикалық кейіпкері адал азамат атынан сөйлеген. Асығу, заман, қоғам көшіне ілесу, тіпті одан оқ бойы оза жүру ақынға ғана емес, ең бастысы, планета алдындағы жауапкершілігін сезінген адамға қажет.

Лирикалық кейіпкердің асығуы - жай ғана асығу емес, адам баласының бақыты үшін еңбекке құлшыну. Ал еңбек - алда не болатынын болжамай қара терге малшынып мақсатсыз жер қаза беру емес, «қол мен кеудеде сенім бар, бағыты бар еңбек - нәтижелі мәресі алдағы еңбек. Қай заман, қай қоғамда өмір сүрсең де өмір тірегі - осы еңбек екені айдай анық шындық, әлемді алақанымен аялап тұрған да еңбек», - дегенді айтады ақын. Кейіпкер адамзат баласының игілігі үшін бәріне де әзір. Ақын үні өз замандастарымен бір арнада, бір дауыспен, бірақ бөлек, өзіндік әуенмен шығады. Ол құштарлық үнімен өмірге, тіршілікке деген қамқорлығын сездіреді.

Ал бірақ сөгілсе дүние ұлтаны,  
Өзімді шеге қып қағамын, -

деу лирикалық кейіпкердің қандай пікірдегі азамат екендігін айқындайды. Өмір өзгерісі күнмен, жылмен ғана шектелмейді. Онда сағат пен минуттан озуға талпыныс керек, себебі уақыт өзі-өзін қусырып келеді.

Секундтар қуалап бір-бірін,  
Толқын боп соғады жарына.

Секундтар бір-бірін соққылап жатқанда, адамда қаперсіздік пен тыншу болмауы жөн. Адам бүгін істеген ісінің келбеті болашақ күнде тұруы үшін қызмет етуі қажет. Ақынның:

Алдағы күндердің жүзінен  
Күлкімді көруге келем мен, -

деуі содан.

Әр азамат мезгіл маусымындағы әр ісін салмақтап саралайды. Өйткені, лирикалық кейіпкер бүгінгі кеткен қателіктің қайта қайталанбауын, сөйтіп, уақытқа кесір-көлеңкесін түсірмеуін ойлаған қаракетінде «таң ата бала боп оянып, күн бата шал боп жататынын» айтып, жар салады. Өзгелерді де осыған шақырады.

Соқ, сағат!  
Үш, қиял!  
Ой, ізден!

Міне, үзеңгі қағыстыратын сағат, қиял, ой сияқты үш тұлпарды ақын осылайша ерекше атайды. Осылардың қайсысы бәйгенің жүлдегері болмақ. Ақынның оқырманды жетектеген ой өзегі - тек қана озу. Бұл жарыс додада кейіпкер «бар күшімді пайдаланам», - дейді. Өйткені асығу – өмір заңы.

Лирикалық кейіпкер өзінің құдіреттілігін, биіктігін де жария етеді. Өршіл оптимизм өлеңдердің бәрінің өн бойында үзілмейтін өрнек тапқан. Кейіпкер ғасыр дүбірін ауаның дірілінен-ақ түсінеді. Ол аспанның көп жұлдызының ішінен бірін алып жарына сырға қып ұсынады. Осындай ғажайып істермен аяқ басса ғана «секундтар саусағы санайды жүректер дүрсілін». Өлеңнен уақытпенен бірге аттаған «ертең мен бүрсігүнді» бүгінге айналдырған құдіретті адам бейнесін көреміз.

Жүмекен шығармашылығының алғашқы кезеңінің өзінде-ақ сәтті туған өлеңдер мол. Ақынның бұл кездегі жырлары оқырман көңілінен шықты. Сонымен бірге ол әдебиет сыншыларын да бейқам қалдырған жоқ. Өйткені, балғын қадам туындылары лирикалық кейіпкерлерінің бітімі бөлек, кесек еді. Алғашқы жинақтың өзіндегі "**Отан**" атты өлеңде туған ел алдындағы борышын ұғынған, өмірдегі өз орнын анықтаған адам бар. Ол өзінің өмірдің қонағы емес, қожасы екендігін жария етті.

Бел балаң ем, өсейін де шынығып,  
Заводтарда болат илеп, шыны үгіп,  
Семіруге келгенім жоқ өмірге,  
Аулақ жүріп, ауа жұтып, тынығып, -

деген жолдар халық алдындағы үлкен міндетін сезінген адамның сөзі. Лирикалық кейіпкер өмірдегі жақсылық-жамандықты айыра отырып, оларға деген көзқарасын білдіреді. Қас шындықты жасырмай ашық айтады. Жаңа заман психологиясының адамы әрдайым осындай айқын да батыл ойлы, басқаша болуы шындыққа кереғар.

«Анау келген кім болды екен, біліп келші кім екен?» деп басталатын өлеңінде адам қасиеттері мен мінездерінің қалтарыстарын, адамға байланысты басқа да болмыстарды қарапайым да қысқа өлең жолдары арқылы саралап береді. Өзі шағын болса да, идеясы қомақты шығарманың жүгін аркалап тұр. Өлеңдегі батырлық, байлық, адалдық, жалғандық, бақыт, арман сияқты дерексіз ұғымдар жанды бейнеге айналып, нақтылана көрінеді. Ақын қиялына, бұл адамдық белгілер оқырман санасында әртүрлі іс-әрекеттер жасайды. Мәселен, бейнелер лирикалық кейіпкердің үніне келеді. Ал лирикалық кейіпкер болса, сезіміне нұсқау бере сөйлейді. Бейнелер кезектесе келген сайын «Кім болды екен, сол емес пе екен?» деген болжамды сұрақ қояды.

Анау келген кім болды екен, біліп келші кім екен,  
Батырлық па? - өз төрімде жайрандатам, түнетем.  
Байлық болса, қулау болар, тура қара көзіне,  
Кім де болса алдамасын, алданбасын өзі де.

Өлең осылай басталады, бейнелерге қойылар сауалдар жалғаса береді. Өлеңде бейнелер болмысына қарай екі түрлі көзқарас кезектесе алмасады. Оны кейіпкер басындағы драмалық ойлар туындатады. Кейіпкер табиғаты таза, адал адам, тірі пендеге жақсылық тілейтін, жақсылық жасайтын ғана қасиетке ие. Сондықтан оны жағымсыздық пен жақсылық жарыса отырып, қарама-қарсы ойларға жетелейді. «Өз төріме жайрандатам», «барым - әзір, көңіл хош», «кілем таста, дастарханым жаямын», «өмір бақи арқалайын, төзейін» деген тіркестер «қулау болар, тура қара көзіне», «тулақ таста, сүртіп шықсын аяғын» дегендерге тұп-тура қайшы пікірлер. Шығармадағы мұндай қарама-қарсы пікірлер ақынның идеясын айқындай түсу үшін ерекше қызмет атқарады [5, 266.].

Өлеңінен-өлеңіне ауысқан сайын күллі адам санасына қараңғыда жол көрсеткен шамшырақтай боп ақынның азаматтық үні алға бастап отырады. Адамгершілік парасат жылы жүректі адамдардың көкірегіне ұялай қалатын, қарапайым оқырман ойына келе қоймайтын, ол байқай алмайтын өмір қалтарыстарындағы құпиялар, ақынның өткір ойы қызықтыра береді.

Қорыта келгенде, аса талантты ақын Жүмекен Нәжімеденов өзінің қысқа өмірінде ұзақ ғұмырлы, өлмес, өшпес, әдеби мұра, саңлақ суреткерге ғана лайық өзінің әсемдік әлемін жасады. Оның ақындығының айрықша асыл, қайталанбас қастерлі құны мен қасиеті осында деп білген жөн.

1 Нәжімеденов Ж. Темірқазық. – Алматы: Жазушы, 1982. – 187 б. – 52 б.

2 Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы, 1960. – 404 б. – 38 б.

3 Юсупов Қ. Жүмекен Нәжімеденовтың ақындығы. – Алматы, 1996. – 192 б. – 68 б.

4 Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 212 б. – 17 б.

5 Негимов С. Өлең өрімі. – Алматы: Ғылым, 1980. – 253 б. – 175 б.

ӘОЖ 82:81-26; 82:81'38

**Қ.Т.Жанұзақова**

*проф. м.а. филология ғылымдарының докторы*

## **М.ӘУЕЗОВТИҢ АЛҒАШҚЫ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ КӨРКЕМДІК-СТИЛЬДІК ІЗДЕНІСТЕР**

**Түйіндеме:** Мақалада қазақ әдебиетінің классигі М.Әуезовтің алғашқы әңгімелеріндегі көркемдік-стильдік ізденістер қарастырылады. М.Әуезов алғашқы шығармаларынан-ақ үлкен сурекерлік шеберлігін танытады. 1910–1920 жылдардағы «Еңлік-Кебек», «Қарагөз», «Бәйбіше-тоқал», «Қорғансыздың күні», «Кінәмшіл бойжеткен», «Қаралы сұлу», «Көксерек», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Қилы заман» атты туындылары оның қаламгерлік қуатын, зор дарынын танытады. Оның шығармаларында қазақ ауылының тұрмысы мен өмірі, қорғансыз жандардың тағдыр-талайы сынды көп жазылған тақырып жаңа қырынан, жаңа мазмұнда, қаламгердің өзіне ғана тән қолтаңбасымен көрініс табады. Мақалада суреткердің «Қорғансыздың күні», «Қаралы сұлу» әңгімелерінің құрылымдық, уақыт пен кеңістіктік, тілдік ерекшеліктері стильдік ізденістермен сабақтастықта айқындалады. «Қорғансыздың күні» әңгімесіндегі тау хромотопы («мекеншақ»), трагедиялық әсер мен жалғыздық, жатсыну сарыны талданады. Ұлы жазушының әңгімелерінің тақырыптық-идеялық арнасы, образдық, стильдік ерекшеліктері, мифологиялық архетип мәселесі қарастырылады. Шығармадағы символикалық мәнге ие болған Арқалық тауының, катал табиғаттың ызғарлы сипат мен Күшікпай батыр туралы аңыздың көркемдік қызметі қарастырылады. Сюжеттік тұрғыда Күшікпай батыр туралы аңызға назар аудару, идеялық-эмоционалдық бояу

беріп, батыр бейнесі мен оның ірі іс-әрекеттерін дәріптеу – аңызды әңгімеде бейнеленген нақты оқиғаларға қарсы қою ұстанымынан хабар береді. «Қаралы сұлу» әңгімесіне модернистік бояу берген «қаралы тор», «қара жыландар» мотивтері мысалдар арқылы дәлелденеді. Мақалада болмысты бейнелеудің тәсілі ретінде мифопоэтикалық архетиптерді қолдану – М. Әуезов поэтикасы ерекшеліктерінің бірі екендігі тұжырымдалады. М. Әуезов шығармаларында фольклорлық бейнелеу құралдарымен қатар, өмірді суреттеудің жаңа тәсілдерін де шебер игерді. Жас жазушының прозасы айрықша тереңдігімен, ауқымды психологиялық салмағымен ерекшеленеді.

**Түйін сөздер:** әңгімелер, поэтика, мотив, көркемдік стиль, модернистік бастау.

**Аннотация:** Статя посвящена художественно-стилевым поискам в ранних рассказах М. Ауэзова. М. Ауэзов пришел в литературу сразу звездой первой величины. Его пьесы, рассказы и повести 1910-1920-х годов «Енлик-Кебек», «Карагоз», «Байбише-токал», «Судьба беззащитной», «Разборчивая невеста», «Красавица в трауре», «Серый Лютый», «Выстрел на перевале», «Лихая година» свидетельствуют о зрелости таланта молодого писателя. Уже известная и освоенная тема – жизнь и быт казахского аула, судьба беззащитного человека и его протест – освещены у М. Ауэзова новым внутренним светом. В статье пространственно-временные, языковые особенности рассказов «Судьба беззащитных», «Красавица в трауре» рассматриваются в тесной связи со стилем писателя. Исследуются теоретические понятия мифологического архетипа и мотива в творчестве великого художника, а также рассматривается тональность проявления художественного мастерства писателя в изображении традиций, народной мудрости и познавательно-эстетического воздействия национальной традиции на художественную литературу. Анализируются хронотоп горы Аркалык, мотивы одиночества и отчуждения, художественные функция легенды о батыре Кушикпай в композиции произведения «Судьба беззащитных». В рассказе «Красавица в трауре» рассматриваются мотив «черных змей». В статье заключается мысль, что использование мифологических архетипов в изображении действительности одна из особенностей поэтики М. Ауэзова. Мухтар Ауэзов, не отказываясь от фольклорных принципов изображения, принёс в родную литературу новые принципы изображения жизни. Он расширил изобразительные возможности родного языка. Прозу молодого писателя отличают необычайная глубина и психологизм.

**Ключевые слова:** рассказы, поэтика, мотив, художественный стиль, модернистское начало.

**Abstract:** The article is devoted to the artistic-style searches in the early novels of M. O. Auezov "The fate of the defenseless", "The beauty in black". M. Auezov came in the literature of the first magnitude star at once. His plays, stories and novels 1910-1920-ies "Enlik-Kebek", "Karagoz", "Baybishe-tokal", "The fate of the defenseless", "Fate Clearly bride", "The Beauty in black", "Grey Wolf", "Gray Shot on the pass," "Dashing year" shows the maturity of the talent of the young writer. Already known and mastered a theme is the life of the kazakh village, the fate of a defenceless man and his protest is covered by M. Auezov new internal light. Spatio-temporal, language features stories of composition "The fate of the defenseless", "The beauty in black" are in close connection with the style of the writer. This article analyzes the chronotope of Arkalyk, motivations of loneliness and alienation, artistic legends of warrior function Kushikpay in the composition "The fate of the defenseless." In the story "The beauty in black" motif "black snakes". The article is the idea that the use of mythological archetypes in the image is actually one of the features of the poetics of M. Auezov. Mukhtar Auezov, without abandoning the traditional principles of image, brought to his native literature the new image of life. He expanded the Visual capabilities of the native language. The young writer's prose is distinguished by the extraordinary depth and psychology.

**Key words:** stories, poetics, motif, artistic style, modernism.

М. Әуезов алғашқы шығармаларынан-ақ үлкен сурекер екенін көрсетті. 1910-1920 жылдардағы «Еңлік-Кебек», «Қарагөз», «Бәйбіше-тоқал», «Қорғансыздың күні», «Кінәмшіл бойжеткен», «Қаралы сұлу», «Көксерек», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Қилы заман» атты туындылары оның қаламгерлік қуатын, зор дарынын танытады. М. Әуезов шығармаларында қазақ ауылының тұрмысы мен өмірі, қорғансыз жандардың тағдыр-талайы сынды көп жазылған тақырып жаңа қырынан, жаңа мазмұнда, қаламгердің өзіне ғана тән қолтаңбасымен көркемдік шешімін табады. Оның алғашқы әңгімелерінде романтикалық стиль айшықтары да аңдалады. М. Әуезовтің 20-жылдарда жазылған әңгімелерінің романтикалық сипаты бар екенін ғалым Т. Кәкішұлы атап өтеді. Зерттеуші Б. Майтанов М. Әуезовті реализм мен романтикалық эстетика талаптарын қатар ұстанатын жазушы санатына қосады.

М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Жетім» т.б. шығармаларында даланың қысқы қатал аязы мен ақ боранының шеңгеліне түскен, азын-аулақ малынан да, жақынынан да айырылған қорғансыздар жандар мен жетімдердің аянышты тағдыры бейнеленеді. М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесі кеңес әдебиеттануында сыншыл реализм үлгісінде жазылған шығарма ретінде бағаланып келді. Әңгіменің көркемдік шешімін де кедейлердің ауыр тұрмысы, болыстардың елге зорлығы, таптар қайшылығы суреттелген дегенге тіреді. Шындығында, «шығарма жер басқан адамдар ырқына бағынбайтын, белгісіз күштер үстемдік алып отыратын, соларды жеңуден жеңілуі көп заманалар, мәңгілік ақиқатқа ұқсас дилемма туралы толғандырады. Ақан мен Қалтай – зұлымдық пен зорлықтың, Ғазиза құрбандықтың таңбалық белгілері. Періштелер мен мақұлықтардың арасындағы көктегі күрестің

жердегі көлеңкесі. Шындығына келгенде бұл – әлем әдебиетінің үздік үлгілерін терең меңгеру нәтижесіндегі жаңашыл қадам болып табылатын модернистік ыңғайдағы шығарма болатын» [1, 34] – деп Б. Майтанов шығармаға әділ баға береді.

«Қорғансыздың күні» Ғазиза бейнесінің жасалу ерекшелігі турасында ғалым Ә. Қоңыратбаев орынды пікір айтады: «Әңгіме шыншыл, бірақ Ғазизаның тұлғасы, қажырлы арманы романтикаланған. Ақан, Қалтай сияқты тірі өліктер зұлымдық әлемі болса, Ғазиза – әділет дүниесі. Ғазиза әлсіз де болса күшті. Ол проза емес, поэзияның қызы» [2, 21]. Зерттеуші Ғазизаның басындағы трагедияны «элегия түрінде берілген мұнды поэзияға» теңейді.

Әңгіменің басталуында суреттелетін тау хронотопы трагедиялық әсер мен жалғыздық, жатсыну сарынынан емеурін танытады. Шығармада символикалық мәнге ие болған «бауыры көбінесе бораннан босамайтын», «бауырын жайлаған ел малын өлтіріп, өзге ел аман отырғанда, шолақ жұттың құрығынан құтылмайтын» Арқалық тауының, Күшікпай зиратының қатыгез, ызғарлы сипаты өмірдің үрейлі де таусылмас қайшылығына, енді болатын сұмдық дүниеге әзірлейтіндей.

Шығарма шешімінде этносоциум заңдылықтарына қарсы дәрменсіз, қорғансыз Ғазизаның өлімімен тұстас долданған ақ түтек боранның үдей соғуы осы қасіреттің лейтмотиві секілді. Доһы, мейірімсіз боран қуатсыз қыздың трагизмін күшейтуде көркемдік қызмет атқарады. Намысын, ар адалдығын биік қоятын Ғазизаның әкесі мен бауырының моласын құшақтап жатып жан тәсілім етуі ерлікке тең ажал. 20-жылдары жазылған әңгімелерінде романтикалық пейзаждың дара мақсатта қолданылуы, романтикалық трагизм, авторлық баяндаудың алуан түрлілігі М. Әуезовтің реалистік шеберлігін романтикалық эстетика нақыштарымен әрлендіре түседі. Жазушының трагизмді адам тіршілігінің ажырамас бөлігіндей қабылдайтын дүниетанымын аңғарамыз. М. Әуезов өз шығармаларында реализм мен романтикалық эстетика талаптарын қатар ұстанып, жеке әлемнің, жеке социумның ішкі мүмкіндіктеріне терең барлау жасайды.

Шығармада сюжеттік тұрғыда Күшікпай батыр туралы аңызға назар аудару, идеялық-эмоционалдық бояу беріп, батыр бейнесі мен оның ірі іс-әрекеттерін идеалдандыру – автордың аңызды әңгімеде бейнеленген нақты оқиғаларға қарсы қою ұстанымынан хабар береді. Мұндай салыстыру шығармаға терең, ауқымды психологиялық салмақ берген. Батырдың қаһармандық қимылдары мен оның ұрпақтарының – тірі адамдардың іс-әрекеттері үнемі салыстырылып отырады. Батырдың қаһармандық, ерлік өлімі – нақты өмірлік қақтығыстың мәнін тереңірек түсіндіретін эпикалық фон. Шығармада мәңгілікке болатын идеалды, эпикалық бастау мен күнделікті, реалды нақтылық салыстырылған. А. Жақсылықовтың пікірінше, «егер батыр эпикалық дәуірлерде өліммен бетпе-бет келіп тұрып, өзінің жауларын жеңген болса, оның тәкаппар рухын мұраға алған ұрпақтары мүскін тіршілік кешуде, олар өздерін зорлықшылардан қорғай алмайды, олардың көрген күні – ауыр естеліктер, олардың жеңістері – тек моральдық тұрғыда». Автор бүгінде батырдың қаһармандық іс-әрекеттері мүмкін емес, тек олар туралы естелік қана бүгінгі күннің қақтығыстарына трагедия қосып, оны тереңдететін әлеуметтік-тарихи нақтылыққа сипаттама жасайды [3, 34].

М. Әуезовтің «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» мақаласында жазғанындай, «Қаралы сұлу» – «ішінде тіршіліктің суреті, әңгімесі аз болса да, ішкі өмірдің сыры көп, адамды өз ішіне үңілетін мұң мен шердің сарыны бар» шығарма. Мұнда басты нәрсе – сезім күйі. «Қаралы сұлу» әңгімесінің негізінде әйел драмасы жатыр. Шығарма тақырыбындағы бір-бірімен сәйкес келмейтін сөздердің тіркесуі болашақ трагедиялық ахуалдан емеурін танытады. Шығарма сюжеті жас Қарагөздің күйеуінен айырылып, жесір қалған қайғылы тағдырынан сыр шертеді. Өмірдің өзі жас әйел үшін мәнін жоғалтқандай. Алайда алты жылдан соң жүректегі жарасы біртіндеп жазыла бастағандай. Қайғының орнын біртіндеп әйелдің жар сүюге деген табиғи талабы, сезім ұмтылысы, сезім күйі басады. Қарагөз қаралы халіне іштей қарсылық білдіріп, қаһарман өміріндегі трагедия драмаға ұласады. Махаббат аңсап, өмір үніне қарсы тұра алмаған арудың ішкі қарама-қайшылықтарының азабы шеберлікпен бейнеленген. Қарагөздің өзімен өзінің күресуі, ақылы мен сезімінің, ел алдындағы парызы пен бойын билеген құштарлықтың майданы шығармадағы драмалық қақтығыстың өзегіне айналады.

Қарама-қарсылық ұстанымы шығарманың құрылымдық, уақыт пен кеңістіктік, тілдік ерекшеліктерінен де танылады. Антитеза шығарма басталғаннан-ақ көрінеді. Қарагөз «сансыз көп күндер өтіп жатса да не бір үміт әкеліп сергіткен, не болмаса жүдеу көңілді бір сағатқа болса да селт еткізіп алаңдатқан мезгіл болған емес». Ал «бүгін тау аса қонбақшы болған ауыл қалың таудың ішімен жартасты, тоғайлы шалғынды өзекпен шұбатылған шұбар топ болып... дабырлап, шулап келе жатты...» [4, 115]. Мұндай қарама-қарсылықта кейіпкердің жатсынуы сезіледі. Әңгіменің ішкі

динамикасы сұлудың осы жатсынудың – өзінің қаралы күйіне, парызына бас июі мен оның құмарлық тілекпен қарсыласқан санасындағы жатсынудың қайшылығы арқылы дамиды. Әңгімедегі баяндау кейіпкердің қарама-қайшы ыңғайдағы сезімдерінің, эмоционалдық ахуалының күресін беруге құрылған. Жаны жалғыз, көңілі жүдеу, жабырқаған Қарагөзді өмір заңдылығы өз ырқына ыңғайлай береді.

Әңгіме концепциясында «адамды қызық думанға, сағымды түспен зор тілекке қол бұлғап шақырып тұратын» көктемнің көркем бейнесі, Әзімхан мен Қарагөздің махаббатының, бақытының баламасына айналған өткен күндерді идеалдандыру және хронотоптың ерекше функциясы, қатар жатқан қос желі: алты жыл бұрынғы көктем мен бүгінгі, кейіпкер басындағы түйінді оқиға тұсындағы көктем маңызды орын алады. Уақыт өткен мен бүгінгі күннің оқиғаларына романтикалық мән үстейді.

«Қаралы сұлу» әңгімесінде модернистік бастаудың көзі ретінде Қарагөз бойындағы жарық дүниеге шыққысы келген құмарлық, құштарлық көрінеді. Шығарманың идеялық мәні – махаббаттың, құштарлықтың догманы, қасаң қалыпты женуінде жатыр. Кейіпкерлердің өзгешелігі, жағдайдан жоғары тұрған төтенше тағдырларының оқшаулығы, сүйіктісінің трагедиялық өлімі, махаббатты эстетикаландыру – романдық эпос поэтикасының белгілерінен. Уақыттың (көктем, алты жыл), кеңістіктің (Әзімханның өлімі туралы хабар тиген Қайыңдыға қайтып келуі) айналмалы қасиеті әңгімеге романтикалық мазмұн дарытқан.

Әңгімеде бас кейіпкерге қатысты «жыландар» бірнеше рет қайталаынады. «Ішінде тіршілікке ұмтылған, жарық дүниеге шыққысы келген өмір ұрығы» бар жас, қайратты арудың драмалық жағдайы ыстық «қара жыландардың» метафоралық бейнесі арқылы айшықталады. Жыландармен арпалысу мотиві – әңгімеде негізгі құрылым түзуші мотивтің біріне айналады. Зерттеушілер оны көп халықта кездесетін архаикалық эпикалық сюжеттің тұрақты типологиялық белгісі ретінде анықтайды. Денесін ысытатын «қара жыландар» кейіпкердің өз бойындағы құмарлық тілекпен күресіне драматизм дарытады.

Әңгіме поэтикасында «қара жыландар» мотиві тұтқындық мотивімен өзара байланысқа түседі. Жалпы байқасақ, «Қаралы сұлу» шығармасында «қара» сөзі ерекше экспрессивті қызмет атқарады. Ол ауыр әсерге бөлейді. Қарагөз – «қаралы тор бұлбұлындай», «қаралы тор тұтқыны». Авторлық концепция бойынша «қаралы тордың» тұтқыны», «қаралы тор бұлбұлы» метафоралары Қарагөздің табиғат заңдылығына сай емес, жат күйін бейнелейді. Дала жыршысы кішкене еркін бұлбұл да «Қарагөз жүрегінің қайғысын айтқандай болып, ұзақ мұңмен ырғалып, шұбатылып тамылжиды» [4, 125]. Мұнда пейзаж да психологиялық талдаудың бір тәсіліне айналады.

Шығармаға модернистік бояу қосқан кейіпкердің тұтқын күйіне – «тіршілікке ұмтылған, сыртқа, еркіндікке жарыққа, шыққысы келген» сезім күй мотиві қарсы қойылған. Әңгіме шешімі төтенше оқиға, күтпегендей тосын жаймен аяқталады. Арудың ақылын махаббат аңсаған ырықсыз сезім күйі жеңіп кетеді. Қарагөздің өз-өзімен болған қайшылықты күресі трагедиялық, философиялық мән алып, жалпыадамзаттық деңгейге дейін ұлғаяды. Бас кейіпкердің сезім қайшылығының адам бойында бастаулардың, ақыл мен табиғи сезімнің, табиғаттың ежелгі күресінен тамыр тартып жатқанын бағамдаймыз. Біздің ойымызша, көш салтанаты мен қайғы жұтқан оқшау жанның антитезасы, күтпеген шешім, оқыс оқиға, жазушының табиғи сезімді дәріптеуі – әңгімедегі романтикалық әуендердің құлақ күйін келтіргендей. Шығарма сюжеті кейіпкердің ерекше, құпия тағдырын, сезімнің алып асаулығын, күштілігін суреттеуге құрылған. Осы арқылы лирикалық бастаудың күшею тенденциясы М.Әуезов поэтикасында модернистік бастауды жүзеге асыру тәсіліне айналған.

Болмысты бейнелеудің тәсілі ретінде мифопоэтикалық архетиптерді қолдану – М. Әуезов поэтикасы ерекшеліктерінің бірі. М. Әуезов стилінің басты ерекшелігінің бірі мифологиялық және эстетикалық бастаулардың бірлігінде жатыр. Қазақ көркем сөз өнерінің хас шебері М. Әуезовтің алғашқы туындыларындағы эпикалық метафоризм 1960-70 жылдары Ә. Кекілбаев, Д. Исабеков, М. Мағауин, Д. Досжанов, О. Бөкеев, С. Санбаевтың прозалық туындыларында ежелгі фольклорлық-мифологиялық мәдениетпен сабақтастығын, байланысын жалғастырып, қайта жаңғырады. Қазақ прозасындағы мифологизм М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, т.б. қаламгерлер туындыларынан нәр ала көктеп, көркемдік көкжиегін кеңейтті, қазіргі қазақ әдебиетіндегі мифопоэтикалық формаларды қолдану дәстүрі күрделене түсті. 1960-70 жылдардан бастап қазақ суреткерлері фольклорлық мұраларға, сол арқылы мифопоэтикалық архетиптерге жиі назар салатын, алайда әлеуметтік-тарихи контекстің сан алуан болуына байланысты ол да түрлі сипат алып отырды.



1 Майтанов Б. М. Әуезов және болмысты сезіну мен саралау // М. О. Әуезовтің көркемдік-дүниетанымдық ізденістері (1920-30 жылдар). – Алматы: М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2006. – 3-54 бб.

2 Қоңыратбаев Ә. Шеберлік сырлары. – Алматы: Жазушы, 1979. – 150 б.

3 Жаксылыков А. Ж. Проза М. Ауэзова 20-х и 30-х годов (психологизм, конфликт, повествовательные формы): дис. ... канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1984. – 169 с.

4 Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: Ғылым, 1998. – 3 т. – 392 б.

ӘОЖ 821.512.122 -18

**Жундибаева А. К.**

*Қазақ әдебиеті және шығыс филологиясы кафедрасы PhD докторанты*

## **ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ШЕЖІРЕЛЕРІ ЖӘНЕ Ш. ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ «ТҮРІК, ҚЫРҒЫЗ, ҚАЗАҚ ҺӘМ ХАНДАР ШЕЖІРЕСІ» ЕҢБЕГІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ**

**Түйіндеме:** Шежіре – генеалогиялық тұрғыдан туыстық таралымды негіз ететін қазақ және қыпшақ халықтарында қалыптасқан ұғымы терең ұғым. Шежіренің екінші синонимдік варианты Жеті Ата ұғымына келеді.

Қазақ елінде күні бүгінге дейін өзінің құндылығы мен мәнін жоя қоймаған шежіре ұғымы түркі тілдес халықтар арасында башқұрт, өзбек, тәжік, қырғыз, қарақалпақ т.б. халықтарда бар. Аталған халықтардың қай-қайсысы да шежіре ұғымына жете мән беріп қарайды.

Мақалада Шежіре ұғымының хатқа түсіп қалыптасуындағы Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» кітабының маңыздылығы, құндылығы туралы сөз етілген.

Шәкәрім шежіресінің құндылығы: аталған еңбекте автор өз еңбегі жайлы, қандай мәліметтер пайдаланғаны, қандай еңбектерге сүйене отырып, жазғандығы туралы мәліметтер беріп өткендігімен; шежіреден бұрынғы жағдай, шежіре басының қайдан бастау алатындығы туралы анық көрсеткендігімен (бұл шежіре кезеңі барлық түрік халықтарына ортақ); қазақтың түп атасының қайдан шыққандығын зерделегендігімен бағалы болып табылады.

Аталған халықтар шежіресінің мазмұны мен тарихилығына зер салсақ, Шәкәрім шежіресінің бір ерекшелігі және артықшылығы: тарихты қазақы дүниетаныммен сабақтастыра білгенінде ғана емес, тек қазақ халқының өткенін қамтып қана қоймай, туыстас, бауырлас халықтардың да түпкі тарихына зерделі ой жіберіп, қалам тартуында.

Мақала авторы татар, башқұрт, түрік халықтарының шежіре ұғымына негіз бола алатын осы тілдердегі тарихи дерек көздерін негізге ала отырып, қазақ халқының шежіре таратуда алатын орны, түрік тілдес халықтар арасындағы қайталанбас ерекшелігін ғылыми тілде айқын көрсеткен.

**Тірек сөздер:** Шәкәрім Құдайбердіұлы, шежіре, түркі халықтары шежіресі, «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», жеті ата.

**Аннотация:** Летопись (родословная) - с генеалогической точки зрения емкое понятие, сформировавшееся у казахов и кыпчакских народов и основанное на родственных разветвлениях.

В статье говорится о важности и ценности для формирования письменной формы летописи труда Шакарима Кудайбердиева "Түрік, қырғыз, қазақ, һәм хандар шежіресі".

Ценность летописи Шакарима состоит в том, что автор труда, наряду со сведениями о своем произведении, использованных источниках, истории написания, показывает предисторию летописи, рассказывает об истории ее возникновения (этот период является общим для тюркских народов), исследует историю появления предков казахов.

Если обратить внимание на историзм и содержание летописей перечисленных народов, то можно выделить особенность и преимущество летописи Шакарима: он связывал историю не только с казахским мировоззрением, охватывая прошлое казахского народа, но и обращая взгляд на историю зарождения, развития родственных народов.

Автор статьи, приведя исторические сведения об языках татарского, башкирского, тюркских народов, последившие основой для зарождения летописи в этих странах, научным языком отчетливо определил место казахского народа в становлении и развитии летописи, показывал ее неповторимые особенности.

**Ключевое слова:** Шакарим Кудайбердиев, летопись (родословная), летопись тюркских народов, «Родословная тюрков, кыргызов, казахов и их ханов», семь предков.

**Abstract:** Chronicle – with a genealogical point of view capacious notion that formed the Kazakhs and Turk peoples and based on related branches. Second name chronicle close to the notion of seven ancestors.

The concept of the chronicle has not lost its importance and value for the Kazakhs, preserved and such related peoples, as Bashkirs, Uzbeks, Tajiks, Kyrgyz, and Karakalpaks and others, these nations attach great importance to the chronicle.

The article discusses the importance and value for the formation of the written form chronicle of labour Shakarim Kudaiberdiyev “Pedigree Turkic, Kyrgyz and Kazakh peoples and of the Khans».

The author of the article, citing historical information about the languages of Tatar, Bashkir and Turkish peoples, following the basis for the emergence chronicle in these countries, the scientific language clearly define the role of the Kazakh people in the formation and development of the chronicle, showed its unique features.

**Key words:** Shakarim Kudaiberdiyev, chronicle (pedigree), pedigree of the Turkic peoples, “Pedigree Turkic, Kyrgyz and Kazakh peoples and of the Khans», seven ancestors.

Жеті ата – қазақ халқының дәстүрлі салт-санасындағы адамның ата жағынан тегі таратылуының нақтылы жүйесі. Бала өзінен бастап әкесі, атасы, бабасы, т.б., жеті атасының нақтылы есімдерін кішкентайынан жаттап өседі. Бұлардан тараған ұрпақтар бір атаның балалары саналады. Ал екінші жағынан баладан тарайтын ұрпақ әкеден төмен қарай жалғаса береді. Ағайындықтары Жеті атаға толмай жақын-жуықтар бір-бірінен қыз алыспайды. Жеті атаға толғаннан кейінгі күннің өзінде, бір рудың жастары некелесетін жағдай туса, ру ақсақалдары бір пәтуаға келіп, боз биені сойып, баталасып барып рұқсат ететін болған. Ататек атаулары: ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене. Бұдан әрі туыстық атаулар: жүрежат туажат, жұрағат, жат жұрағат, жегжат, жамағайын болып кете береді.

Соңғы түйіндеуші буын, әдетте, ру есіміне тіреледі. Немесе, керісінше, руынан бастап сатылап өз әкесіне яки өзіне дейін таратылады. Өз ата-бабасын, жеті атасына дейін білу әрбір азамат үшін міндет болған және сол білігі арқылы ол өз халқының дәстүрін жалғастырып отырған.

Мұның өзі қазақтардың этникалық ерекшеліктерін танытады, әрі оның қиын-қыстау кезеңдерде тегінен көз жазып қалмауына және басқа халықтармен ассимиляцияға түсіп кетпеуіне себепші болған.

Шежіре – генеалогиялық тұрғыдан туыстық таралымды негіз ететін қазақ және қыпшақ халықтарында қалыптасқан ұғымы терең ұғым.

Ежелден қалыптасқан қағида бойынша шежіре ер адамның ата-бабасымен таралады.

«Beğenmediği ikinci eseri ise “Türk Handar Şeciresi (Türk Hakanları Tarihi)” adlı kitabıdır. Şair bu eserinin, gençken etkilenerек milli tarih yazma amacıyla ortaya çıktığını söyler. Ancak milli olması kaugısıyla Türk kavminden olan tüm hanları eserinde övmüştür ve bu nedenle eseri objektif olmadığı için beğenmez [1, XIX], - деп Ш.Құдайбердиевтің ақын ғана емес, түрік халықтарының ортақ мұрасы етіп санауға болатын бағалы, құнды еңбектің авторы – шежіреші болғандығына да тоқталып өтеді. Шежіренің екінші синонимдік варианты Жеті Ата ұғымына келеді. Жеті Атасын білу – түркі тілдес халықтардың арасында қазақ халқы үшін міндетті болып табылады.

Жеті ата мен ру шежіресін білу көшпелі қоғамда өмір сүрген қазақтар үшін өмірлік қажеттілік болды. Жеті атадан Үш жүзге дейінгі біртұтас туыскандық бітім бірнеше ғасырлар бойы “қазақ халқы – бір атаның баласы, бір тамырдан тараған” деген ұстанымды орнықтырған [2].

Қазақ елінде күні бүгінге дейін өзінің құндылығы мен мәнін жоя қоймаған шежіре ұғымы түркі тілдес халықтар арасында башқұрт, өзбек, тәжік, қырғыз, қарақалпақ т.б. халықтарда бар. Аталған халықтармен бірге түбі бір туысқан халықтары ішінде шежіре ұғымына татар халқы да жете мән беріп қарайды.

«Шәжәрәлер турсындағы фән – генеалогия – дөньяның мәдәни яктан алға киткән халықтарында, илләрендә безнең дәвәрдән күп мең еллар элек үк мәгълүм булған. Ислам, христиан диннәрәнен Изгә китапларында да Адәм галәйһиссәламнән башлап урта ғасыр гарәп, фарсы, төрек, татар дәүләтләрен төзегән халықлар хақимнәрәнен, шул исәптән Мөхәммәд галәйһиссәламнең дә, легендар нәсәл шәжәрәләре урын алған», - деген зерттеу жолдарынан татарлардың қазақ халқы сияқты шежірені әлімсақтан тарататындығы белгілі болды [3,4]. Бірақ, бүгінгі татар зерттеулеріне ХҮІІІ ғасырдан бері қарай жазылған деректер негіз болатындығын:

«Татар шәжәрә, ингәздә. Гарәп язуында кәгазыгә төшерелгән. Сирәк булса да, ХҮІІІ-ХІХ ғасырларда рус телендә, рус графикасында язылған татар шәжәрәләре үрнәкләре дә табылды. Аларны матбугатка әзәрләгәндә, зур текстологик эш башқарылды. Билгәлә булғанча, шәжәрә текстлары зур таблицалар рәвешендә дә, зур форматлы амбар кенәгәләрендә таблицалар һәм атадан балаға туучыларны санап бару тәртибендә дә бәян ителгәннар. Зур таблицалар рәвешендәгә шәжәрәләр язылған кәгазлар бөкләп сакланганлыктан, вақытлар узу белән тузу сәбәпле, бөкләгән жирләреннән өзелеп һәм таралып, аерым өлгеләре югалу очрақлары да бар», - деген зерттеу дерек көздерінен таба аламыз [3,8].

Башқұрт халқында да шежіренің ежелден бері адамдардың ата-тегін өз есінде сақтап келе

жатқандығын, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырғандығы белгілі. Башқұрт тарихы бойынша ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырларда шежіре жазу, шежіре тарқату ұғымы пайда болып, генеологиялық жағынан өзінің ата-тегінің түп-тамырын айқындау, білу, айта білу белсенді әрі қарқынды дамыды. Генеология «genealogia» деген грек сөзінен аударғанда, шежіре деген мағынаны білдіреді. Шежіре өткенді сабақтай білуге, рулар мен туыстар арасындағы туыстық қарым-қатынастың жақындығын білуге үйретеді. Өздерінің тектік таралуын «шежере» деп атай отырып, башқұрт халқы да қазақ халқы сияқты жеті атасын тарата отырмаса да, қазақ елі сияқты араб тілінен түсінік бергенде де «ата-тек», «генеология» деген ұғымдарды білдіретін осы бір сөзбен тарихы тамырлас болып келеді. «Шежере башкирских родов и племен все еще таят в себе множество тайн и загадок, требующих их познания. При помощи башкирских родословных мы можем заглянуть в неизведанные страницы истории, попытаться ответить на интересующие нас вопросы, как прошлого, так и настоящего, узнать кто мы и откуда наши корни. Познав историю своих предков, их великие деяния мы, возможно, сможем узнать свой дальнейший исторический путь, свое предназначение в миропорядке. Осознание башкирским народом наследия предков и на основе этого своей исторической значимости и уникальности; своего дальнейшего исторического пути, в свою очередь, приведет к его благоденствию и процветанию, а значит к благополучию всего государства», [4,12] - дейді өзінің зерттеу еңбегінде башқұрт ғалымы В.Р.Мазитов.

Өткенін білген жанды өз кезеңінде отбасы мен өз жүзінің, өзінің ата-бабасының тарихы мен дәстүрін жалғастыра алатын толыққанды ұрпақ деп санаған. Генеология изучает происхождение, историю и родственные связи родов и семей. В нашей республике, говоря о родословии, часто употребляют слово «шежере». «Всплеск интереса к истории своего рода произошел в 90-е годы прошлого века. Граждане стали активно интересоваться своими корнями. Возросло количество обращений в архивы», - [5,3] деген жолдардан бауырлас башқұрт халқының кеңестік кезеңде қазақ халқына қарағанда өзінің шежіре сырынан қол үзіп қалғанын байқай аламыз.

Ал түріктердің ата тарихы Османлы тарихынан бастау алады. Түрік шежірелеріне көз жүгіртсек, бізге жол сілтейтін Бозкір императорлығы тарихы мен Осман тарихы бойынша жазылған әдебиеттер болып табылады. Bozkir'in üç atlisi (Atila-Cengiz Han-Timur) кітабында айтылған: «Asya bozkırlarının tabii bir devamı olan Avrupa'nın Doğu bozkırlarında İskitler'in yaşadıkları yerleri, birinci yüzyıllarda ellerine geçiren Gotlar, buraları Kara Deniz'in kuzeyindeki bozkırlarla birlikte Hunlar'a bırakmak mecburiyetinde kaldılar. Asya ile Avrupa arasında irtibatı sağlayan bu geçit, 4. yy.dan başlayarak 18. yy .a kadar Türk-Tatar kavimlerinin hâkimiyeti altında kaldı. İskitleri, Doğu Asya'dan Avrupa'ya akın etmiş olan bozkır kavimleri takip etmişlerdir. Bu iki kıtayı istila edenlerin sosyal benzerlikleri, bunları birleştiriyordu: İskitler de, Türk-Tatarlar da tam manâsıyla çoban, süvari ve okçu idiler. Türk-Tatarları'nın tarihi, Avrupa'da tanınmalarından çok evvel başlar. Hâdiselerin bilinmesi ve sıralanması bakımından büyük güçlüklerle dolu olan bu tarih, Asya Kıta'sı-mn genişliği ile orantılıdır. Avrupalılarca az tanınan ve onun ruhuna yabancı olan bu hâdiselerin anlaşılması ve hele izahı çok güçtür. Bu kavimlerin dramatik dünyasındaki hâdiseler, başka kanunlar altında ve geniş sahalarda cereyan etmiştir» сынды деректерден [6,304] түрік тарихының бастау көздерін көре аламыз.

Ежелгі түрік дүниесі – Атилладан (Еділ патша – ғұндар басшысы) бастап, Шыңғыс ханға дейін, Шыңғыс ханның жаулап алу саясатындағы Моғолстан ұғымы, Ақсақ Темір жорықтарындағы түріктер тарихы толық жазылған.

Аталған халықтар шежіресінің мазмұны мен тарихилығына зер салсақ, Шәкәрім шежіресінің бір ерекшелігі және артықшылығы: тарихты қазақы дүниетаныммен сабақтастыра білгенінде ғана емес, тек қазақ халқының өткенін қамтып қана қоймай, туыстас, бауырлас халықтардың да түпкі тарихына зерделі ой жіберіп, қалам тартуында.

Қазақ шежіресі тарихы туралы, қазақ шежірелерінің зерттелу тарихына көз жіберсек, кезінде оларды жазып алуға орыс ғалымдары А.Левшин, В.Вельяминов-Зернов, Н.Аристов, Г.Потаниндер көп үлес қосқанын байқай аламыз. Қазақ ойшылдары топтаған шежірешілердің ішінде М.Дулатидің, Қ.Жалаиридін шежірелері, «Жәңгірхан шежіресі», Ш.Уәлиханов жазып алған «Ұлы жүз шежіресі», А.Ниязовтың «Үш жүздің шежіресі», М.Шорманұлының шежіресі, Бөжейұлының «қазақ жұртының шежіресі», Мәшһүр Жүсіптің «Қазақ шежіресі», М.Тынышбайұлының «Қазақ халқының тарихына қатысты материалдар» атты еңбегіндегі (ташкент, 1925жыл) қазақтардың қайдан шыққандығы, қазақ хандығының құрылуы, қазақ шежіресі туралы деректі-ғылыми зерттеу көздерін айта аламыз. Осылардың ішінде, тарихылығымен, деректерінің кең ауқымдылығымен көзге түсетін еңбектердің бірі - Шәкәрім Құдайбердіұлының біз атап өткен «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» атты

еңбегі. Кемеңгер Абайдың ұсынысымен Шәкәрім қазақ шежірелерін жинастырып түрік, қырғыз, қазақ және хандар шежірелерін қатар қойып зерттеуі, оның білгір тарихшы, білікті сөз зергері болғандығын көрсетеді.

Шәкәрім шығамашылығын зерттеуші, зерделеуші ғалымдар деректеріне сүйенсек, шежіренің нақты қай жылдары жазылғандығы туралы айқын дерек жоқ. Тек Шәкәрім Құдайбердіұлы шежіресі 1911 жылы Орынбор қаласында жарық көрді.

«Мұнан бұрын қазақ шежіресі қазақ тілінде кітап болып басылған жоқ. Шаһкәрімнің бұл кітабы – қазақ шежіресін білмек болған аға-іні іздегенді осы кітаптан табасың. Енді мұнан былай қазақ шежіресін жазбақ болған кісі, Шаһкәрім кітабын әбден білмей қадам баспа. Кітап жиған жері жоқ, көшпелі далада жүріп Шаһкәрім шежіресіндей кітап жазбақ оңай жұмыс емес. Шаһкәрім жазады: «Қазақтың түпкі атасының жайын білмек болып, көп уақыттан берлі сол туралы естіген, білгенімді жазып алып және әр түрлі жұрттың шежіре кітаптарын оқыдым; ол оқып көрген кітаптардағы сөзді түгел жаза алмасам да, керектісін теріп алып, оған тура келген қазақтың ескі сөздерін қосып, жаздым», дейді. (3-інші бет).», -деп бұл туралы өз мақаласында әділ баға берген Ә.Бөкейханов:

«Бір Алла бергеніңе сансыз шүкір,  
Қалған жоқ зая болып қылған фікір,  
Бітірдім түрік-қазақ шежіресін,  
Болса да кемшілікті, қисық, бүкір. (109-ыншы бет).

Шаһкәрім өзі бүкір дегенмен, шежіресі – бала оқытқан молланың қолында болатын кітап екендігін атап көрсеткендігі [7,28] Шәкәрім шежіресіне ғана емес, қазақ шежіресі тарихы үшін де айтылған ақиқат сөздердің бірі деп бағалағанымыз жөн.

Әр рудан, түркі тілдес әр түрлі халықтардан тараған түріктер үшін де шежіре ұғымы жат емес.

Түрік елінде шежіре қазақтардағыдай ата-бабадан емес, осман түріктері, стамбул түріктері, парсыдағы һәм Закавказдағы түрік нәсілі деп қана бөлінетіндігін Шәкәрім қажы кеңінен баяндап өткен.

Бауырлас төмам түрік халықтарына «шежіре» ұғымы ортақ болса да, жеті атадан аспай қыз алыспау ұғымынан бастау алатын берік дәстүр тек қазақтарда бар. Шежіренің түп-тамырымыздың алтын дінгегі екендігін, Елбасымыз өз Жолдауында да: «Ру мен тайпаға бөліну – ұлттық тұтастықтан айырылудың өте қауіпті түрі. Қазақ шежіресінің түпкі мәнін ұмытпау керек, алып дарактың бұтақтары сияқты күллі рулардың түбін қуа келгенде, барлығы бір ғана ұлы тамырға – қазақ деген ұлтқа барып тіреледі. Қай шежірені алып қарасаңыз да, ол қазақтың бірлігін, тұтастығын әйгілейді.

«Шежіре – қазақты бөлшектейтін емес, керісінше, біріктіретін ұғым. Барша адамзаттың Адам атадан басталатыны сияқты, бүкіл қазақтың шежіре атаулысы Атам қазақтан бастау алатынын әрбір қазақ жүрегінің төрінде ұстауға тиіс. Тек бірлесіп қана, бүкіл халықтың күш-жігерін біріктіріп қана біз алға баса аламыз. Бірлігі берекелі, тірлігі мерекелі, ынтымағы жарасқан елдің ғана ырысы мен табысы мол болмақ» [8] деп атап көрсеткен.

Шәкәрім Құдайбердіұлы өзінің шежіре жазу кезеңіне дейін, бірнеше тарихи кітаптарды оқып шыққанын өз еңбегінде баян етеді.

«Шәкәрім Құдайбердіұлының өлеңдері» зерттеу еңбегінде С.Ычык бұл туралы қазақ зерттеулеріндегі дерек көздеріне сүйене отырып: «Bu olaya Abay'ın da kızdığını ifade eden şaire büyük ustasının telkinlerinden birisi de Kazak Tarihi'ni yazması olmuştur. Bunun üzerine Sékerim on dokuz yaşından itibaren Kazak Tarihi hakkında bilgi ve evrak toplamaya başladığını söyler. Tarihi evrakları ve vesikaları toplamaya başlamasıyla şair, on dokuz yaşından itibaren Kazak Tarihi'ni yazmaya koyulmuştur. Bu eserini Abay hayatta iken tamamlar ve kitap 1911 yılında «Türk, kırğız, kazak һәм Handar Şeciresi» ismiyle basılmıştır. Şair, kitabın önsözündeki kendi ifadelerinden anlaşılacağına göre, bu eseri oluşturabilmek için uzun yıllar mesai harcamış, pek çok kaynaktan beslenmiştir. Bu konuda şair şunları söylemiştir: «Kazakların en eski kökenini bilebilmek için bütün duyduklarımı, bildiklerimi kaydettim. Bütün halkrım tarih kitaplarını okudum. Okuduğum kitapların Müslümanları (Türkçeleri); Tabariy Tarih Gümumiy (Tabir-i Tarih-i Hümayun), Tarih Gümumiy (Tarih-i Osmani), Necip Asım Bey'in Türk Tarihi, Ebulgazi Bahadır Han'ın yazdığı tarih kitabı. Bunların dışında da pek çok kaynaktan yararlandım. Ruşça kitaplardan okuduklarım: Radloff'un uygurlar hakkındaki eseri, aristonun Türk nesli hakkında yazdıkları, dünyadaki çeşitli halkların tarihi ile ilgili Ruşça'ya yapılan çeviriler. Bunların yanı sıra Kutadgu Bilig'den de faydalandım. Çinli yazar Yuwan Mişi'nin yazdıklarından, çeşitli Arap, Fars, Rum ve Avrupa yazarlarının eserlerini de okudum» [1, XYIII] дегенін өз еңбегінде атап көрсетіп өткен. Яғни, аталған еңбектің 1911 жылы жарық көргенін, еңбек жазылғанға дейін әр түрлі жұрттың шежіре кітаптарын оқығанын,

оқыған кітаптарының мұсылманшасы: «Тәбірі», «Тарих ғумуми», «Тарих» антшар аласлам», Нәжиб Ғасымбектің түрік тарихы, Әбілғазы баһадүр ханның жазған «Шежіре түрік» және әр түрлі кітаптардан алынған сөздер екендігін, орысша кітаптардан оқығаны: Радловтың ұйғыр туралы, Аристовтың түрік нәсілі туралы, әр түрлі жұрттың шежірелерінен орысшаға көшірген сөздері, оның ішінде түріктің ең есі замандағы шежіре кітаптары «Құдатқу білік»..., сондай-ақ, араб-парсы, рум-европа жазушыларының сөздерін де оқығандығын Шәкәрім сөзімен баяндап, атап көрсеткен.

Әлмисақтан бері, өз тарихын шежіре етіп ру-тайпалардың шежіресін жадында сақтап, жаттап өскен елдің бірі - қазақтар. Қазақта «жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер, өзін ғана білген ұл, құлағы мен жағын жер» деп шежірелікті атадан балаға өсиет етіп қалдырды. Сонан да болар, Рашид-ад-Дин «олар жеті атасынан жетпіс атасын тарата білетін шежіреші ел» деп бағалапты. Шәкәрім шежіресін парақтап отырғанда, 1240 жылы жазылған «Құпия шежіремен», 1313 жылы жазылған Рашид-ад-Диннің «Жамиғ-ат-Тауариғи», 1463 жылы Әбілғазының жазған «Түрік шежіресінен» хабардар болғаны таңдандырмай қоймайды. Бұл құпия сақталатын шежірелердің ол кезде ақиқаттан гөрі аңызы басым еді. Бұл шежірелер көбінде жатқа айтылып, тек хандар мен бекзада-сұлтандар оқып құпия сақтаған-ды.

Шәкәрімнің шежіре жазған ХІХ ғасырдың соңы, көшпенділер тарихының тұйыққа тірелген тұсы болатын. Моңғолдар Манж-Цин патшалығының қол астына өткелі 180 жылдан асқандықтан, олардың тарихын таразылап жазу тұр ғой, ұлт болып қалуының өзі аса ауыр жағдайға соққан-ды. Сонан да болар, олардың тарихын басқыншы елдердің тарихшылары мен шетел жиһанкездері жазып, сызатыны әдетке айналған-ды [9,90].

Қорыта алғанда, Шәкәрім шежіресін оқи отырып, түйеріміз:

1. Аталған еңбекте автор өз еңбегі жайлы, қандай мәліметтер пайдаланғаны, қандай еңбектерге сүйене отырып, жазғандығы туралы мәліметтер беріп өткендігімен;

2. Шежіреден бұрынғы жағдай, шежіре басының қайдан бастау алатындығы туралы анық көрсеткендігімен (бұл шежіре кезеңі барлық түрік халықтарына ортақ);

3. Қазақтың түп атасының қайдан шыққандығын зерделегендігімен;

4. Ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз ғана емес, осы жүздерге кіретін қаңлы, қыпшақ, қоңырат, қара қырғыз, керей, найман, уақ, төленгіт, тарақты, арғын тайпаларының арғы-тегі туралы тарихи анықтамалар бергендігімен;

5. Хан шежіресі, Шыңғыс хан шежіресі туралы дәйекті пікірлерімен;

6. Қазақтан басқа да түркі тілдес халықтар шежіресін (сарт, өзбек, ноғай, башқұрт, қалмақ һәм Төлеуіт, түрікмен, якут, оранхай, Енисейдегі түрік, Күншығыс Түркістандағы түріктер) таратуымен;

7. Қазақтың түп атасының қайдан шыққаны арабтардан емес, түп-тамыры көне түркі әлемінен екендігін ғылыми дәлелдермен, нақты тарихи деректермен түйіндей білуімен құнды.

Шәкәрім шежіресі – талай жылдарға созылған тер төккен еңбектің нәтижесі. Қазақ халқы үшін ғана емес, түбі бір түрік халықтары үшін де баға жетпес қазына болып табылады.

1 Işık S. *Sékerim Kudayberdiev'in şiirleri: (giriş-metin-dizin). Danışmani, doctor Öner M. İzmir: 2004y. - 309s.*

2 Жеті . [kk.wikipedia.org](http://kk.wikipedia.org)

3 Әхмәтжанов М.И. *Татар шәжәрәләре: 1 т. Казан: Татар, кит.Нәшр., 2012. – 407 б.*

4 Мазитов В.Р. *Башкирское шежере как историко-этнографический источник. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған автореферат. Уфа: 2012, 22 б.*

5 Калимуллина Г.Т., Бурангулова З.Ю. *Методические рекомендации по составлению шежере (родословной). Управление по делам архивов при Правительстве Республики Башкортостан. Центральный государственный исторический архив Республики Башкортостан. – Уфа, 2008. - 22 с.*

6 Manole N. *Bozkir'in üç Atlisi (Atıla-Cengiz Han-Timur). Orhan Kemal il Halk Kütüphanesi. Istanbul: 2002, 304 s.*

7 Шәкәрім журналы. – Семей, 2006. - №3. – 28 б.

8 Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстан-2050» Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. <http://www.akorda.kz> . Астана, Ақорда, 14 желтоқсан, 2012 жыл.

9 Қабышұлы И. Шәкәрім шежіресіндегі моңғол тарихының көрінісі. Шәкәрім Құдайбердіұлының 150 жылдық мерейтойына арналған «Шәкәрім шығармашылығы қазақ және әлем мәдениеті контекстінде» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. 1 том. – Семей, 2008. – 359 б.

ӘОЖ 378.016:821.512.122.

**ИБРАЕВА А.Д.**

*Абай атындағы ҚазҰПУ-дың қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, филол.г.к*

## **ҚАЛАМГЕРЛЕРДІҢ ЖАЗУ МАШЫҒЫ, ЖҰМЫС ТӘРТІБІ ЖАЙЫНДА**

**Түйіндеме:** Мақалада қаламгердің шығармашылық әлеміне қатысты мәселелер сөз етіледі. Тақырыптан бастап, материал жинау, оны өңдеу, көркем шындықпен өмір шындығының арақатынасы қарастырылған. Протип пен көркем бейне, қолжазба және шығарманың түрлі нұсқаларының арасындағы ерекшеліктердің барлығы қаламгердің әдеби шығармашылық әлеміне әкелетіні қарастырылған.

**Түйін сөздер:** шығарма, тақырып, көркемдік ерекшелік, шығармашылық зертхана

**Аннотация:** В статье рассматривается проблемы творческого лаборатории писателя. Определение темы, сбор материалов из разных источников, превращения жизненной правды в художественную правду, поиски в изучении характера персонажа – все эти уровни произведения показывают свойственный писателю художественный почерк.

**Ключевые слова:** произведения, тема, художественная особенность, творческая лаборатория.

**Abstract:** Input a word in the article the problem of the creative laboratory of the writer. Definition of the topic, the collection of materials from different sources, transformations truth of life in the artistic truth, the quest to explore the nature of the character - all these works show the typical levels writer artistic handwriting.

**Keywords:** artwork, theme, art feature art laboratory.

Ұлы Ғабит Мүсірепов ғажайып шығармаларын қарындашпен жазып, көп сөздердің орнын жиі ауыстырып отырған. Шерхан Мұртаза кәдімгі қаламмен жазған. Түні бойы қолмен жаза отырып, бір жазғанын еш өзгертусіз машинкаға жіберуге тырысқан. Асқар Сүлейменов болса, немістің атакты классиктерінің туындыларын қосып қойып, түгін толы бөлмеде шығармаға ден қойған дейді. Әкім Тарази мен Мұхтар Мағауин шығармаларын бірден машинкаға жазып келеді екен.

Хемингуэй тікесінен тұрып жазса, Набоков каталогтық карталарды қоданған, ал Воннегутке шарап арқылы қанат бітсе, Мураками спортпен шабыт шақырады-мыс. Танымал жазушылардың жұмыс тәртібі туралы, неден шабыт алғаны, неден қашып және жазу мәтінін жандандыруда қандай тәсілдерге барғандығы туралы сөз қозғап көрейік. 1977 жылы Сьюзен Зонтаг өз күнделігінде жұмыс тәртібінің бірнеше қатал ережесін келтіре кеткен: сағат сегізге дейін ұйқыдан тұрмау, кешкілік оқуды шектеу, Роджер Страуспен бірге ғана түскі ас, әр күн сайын қағаз бетіне түртіп отыру.

Алайда, араға жиырма жыл салып барып берген бір сұхбатында жазушының аталған тәртіптерге бағынбай, одан бөлек те жазушылықтан өзге ғылым салалары қызықтырғанына көз жеткіземіз. Бұл сөзімізге дәлел ретінде сұхбаттасып отырған журналистің әр алуан тақырыптағы тематикалық кітаптарды баса назарға алғанын айта кетсек болады: Шопеннің биографиясы асхана этикетімен аралас жатқаны, Цветаеваның өлендерімен бір қатарда сәулет өнері туралы оқу құралдары тұрғаны.

Осы арада Зонтагтың жазушылық өмірін жалғыздықта өткізе алмағанымен, жұмысқа кірісерде жүйрік шабытпен отырғанын байқаймыз: "Маған асықпай қолбен жазған жұмыс ұнайды. Кейін мәтінді теріп, кей жерлеріне белгі қойып отырамын. Машинкада теріп, бір жағынан сол жерде қолмен түзетулер енгіземін. Жазғанымды қалай жақсартарымды білмейінше, жазу үстінде боламын. Арада бес жыл өткенде өміріме компьютер келді. Жазғанымның екінші немесе үшінші нұсқасы компьютерге түсіп, бұрынғыдай түгелімен көшіріп жазбай-ақ, принтерден шыққан қағаздарды сол тұста қолмен түзете беремін. Мен секірмелі түрде жазамын. Міндеттеп, талап ете отырып жазамын. Өйткені, бір кереметтің басымда жатқанын және жаза алатынымды біліп, өзіме деген қысым мен сенімділік артады. Жұмысқа бел шеше кіріп кетсем болғаны, барлық нәрсені естен шығарамын. Үйден мүлдем шықпай қоямын, тіпті, тамақтануды да жиі ұмытып кетемін, аз ұйықтаймын. Бұл бір жұмыс тәртібінің жүгенсіз кеткен түрі, сондықтан да болса керек, өнімділік аса мәз емес".

Эрнест Хемингуэй өз кәсібіне поэзиямен бір деңгейде және прагматизммен қараған: "Кітаппен немесе оқиғамен жұмыс жасауды әр күн сайын таңның алғашқы шұғыласынан бастаймын. Суық әрі салқын болса да, ешнәрсе кедергі келтіре алмайды, жұмыс үстеліне отырасың да, жаза бастағанша жылынып аласың. Жазғаныңды оқып шығып, эпизодтың ары қарай немен жалғасатынын біле отырып, жаза бастайсың. Бойда күш барда және жазатыныңды ойластырып қойған жерге дейін жазып шығасың да, жалғасын табатын ертеңгі күнге дейін дамылдап, өмір сүре тұруға тырысасың. Шамамен, таңғы сағат 6-дан бастап түске дейін жұмыс жасадың немесе ерте бітіріп қойдың.

Бітіргеннен кейін, бос қалғанын соншалықты, соншалықты бос қала отырып толысқан секілдісің. Ешнәрсе де саған тиіп кета алмайды, ешбірі де опындырмайды - жұмысқа қайта отырғанша ертеңгі күнге дейін".

Харуки Мураками "дені сау денеден дені сау рух" көзқарасын ұстанады. Ол әр жыл сайын марафонға жүгіріп, ультрамарафон мен триатлонға қатысып тұрады. Жазушылық өмір мен отырып қалу өмір танымы денесі, денсаулығы туралы ойландырып, жүгіруге алып келген. Ал жүгіру өз кезегінде қаламгерлік атрибутқа (анықтауыш) саналатын шылым тартуды тастауға септескен. "Жүгіру туралы айтқанда, мен не туралы айтайын" кітабында Мураками жүгірісті әдебиеттің машақатымен салыстырады. Екеуінде де басты нәрсе - межеге жету. Және осы тұста жаттығуда, тиісінше жұмыс үстелінде концентрация мен төзімділік қажет екен. "Әңгіме жазуға бел буғанда, таңғы сағат 4-тен бастап оянып алып, 5-6 сағат жұмыс жасаймын. Күндіз 10 шақырым жүгіріп аламын немесе 1,5 шақырымға жүзуге бет аламын, сосын кішкене кітап оқып, ән тындаймын. Кешкі сағат 9-да ұйқыға жатамын.

Мен әр күн сайын осы тәртіпті бұзбастан ұстанып отырамын. Өздігінен қайталану - маңызды нәрсе; гипноздың беймәлім бір формасы іспетті. Жан-жүректің терең қалпына түсу үшін, мен өзімді гипноздап аламын".

Ғылым фантастиканың классигі саналатын Рэй Бредбери Paris Review басылымына берген бір сұхбатында өз жанрын идеясы үшін сүйетіндігін және әзірге жүзеге аса қоймаған жанрдың болашақта "мүмкін болмақ өнердің" түрінен саналатынын айта кетіпті. Ол әдебиеттің бұл түрін Персей мен Медуза туралы мифпен салыстырған: шындықтың көзіне тіке қараудың орнына, сіз оған арқа жағыңыздан және айнадан қарап көз жеткізесіз. Сол арқылы "ауытқыған қиял көрінісін (видение)" орындайсыз (фантастикаға баланғанмен және болашаққа бағытталғанмен, бірақ, актуальды дүниенің көрінісін береді). "Сезім ауаны мені әр күн сайын жазу машинкасына тартады да тұрады. Әлгі сезім ауаны 12 жастан бері мені басқарумен келеді. Сондықтан, менде күн тәртібін ойластыру турасында бас қатырулар болып көрген емес. Ішкі жан-дүниемде тың идеялар туылуда, олар мені, ...керісінше, қалыптастыруда. Құлақтың түбіне келіп сөз алғандай: тез машинканың алдына отыр да, жұмысты бітір. Мен кез келген жерде жұмыс істе аламын. Мен Лос Анджелесте кішкентай үйде ата-анам мен бауырыммен бірге тұрғанда да, жатын мен қонақ бөлмеде болсын жазатынымын. Қонақ бөлмеде ушудың ортасында отырып, ата-анаммен бауырымның салғыласуы және радионың жан айкайы болсын, жазып отыра беретінмін. Кейіндеу, «Фаренгейт бойынша 451 градус» еңбегін қолға алған уақытта Калифорния университетіне ауысып бардым, сол жерден жертөледен жазу бөлмесін тауып алдым. Егер машинкаға 10 цент тастар болсаңыз, теруге жарты сағат берілетін. Бір жыл бұрын, бес жыл, он жыл бұрынғы аяқталмай қалған оқиғалар мен идеялар түскен қағаздарды сақтап жүремін. Кейіндеу оларға қайта оралып, тақырыптарына көз жүгіртемін. Құрт үшін ұясына қайта оралған құс секілдімін. Мен осы бір аш тұмсықтарға қараймын - аяқталуын күткен оқиғалар - және өзімнен сұраймын: сіздердің қайсыларыңызды тамақтандырсам болады екен? Бүгінге қайсысын бітірсем? Биік дауысы шырқау көкке шыққан, аузын арандай ашқан оқиғаны тамақтандырамын. Қажетті қағаздардың ішінен суырып ала қоямын да, бірнеше сағаттардың ішінде жазып тастаймын".

Жазушы Джек Керуак басылымына берген сұхбатында өзінің жұмыс тәртібі туралы былай деп айтқан: "Жазу үшін ең тиімді жағдай: үстелдің төсек қасында тұруы, жақсы жарық, түннен таңға дейінгі уақыт, ішкілік (егер шаршасаң), дұрысы үйде, егер үй-жайыңыз болмаса, қонақүйдің бір бөлмесін айналдырып алыңыз. Онда сізге тыныш болуға тиісті".

Симона де Бовуар 1965 жылы бір сұхбатында қулығы жоқ күн тәртібін, және де жаман қол жазуы мен кейіпкерлердің аты-жөндерін телефон кітапшасынан қарайтындығын, ең артынан, өзінің бүкіл кейіпкерлерін айналадағы өмірден көшіріп алу сырын бөлісіпті. "Мен әруақытта жұмыс істеуге құлшынып тұрғанмен, соған қарамастан жұмыстың алғашқы сағаттарын ұната бермеймін. Алдымен шай ішіп алам да, артынша 10 сағатқа жұмыс үстеліне тапжылмай отырып, өнімділікті сағат сайын арттыруға тырысамын. Сосын, достарыммен кездесіп, сағат 5-терге жуықтап қалғанда жұмысқа қайта оралып, 9-ға дейін айналысамын. Менде әңгіменің желісіне қайта оралуда қиындықтар болып көрген емес. Үзіліс аралығында газет оқуға, дүкен аралауға кірісемін. Көбіне жұмыстан ләззат алып отырамын. Егер жазғаным дау туғызып жатса, онда 15-30 минутымды мәтінді бір қайтара оқып шығуға жіберемін. Күндіз жазғанымға азғантай өзгерістер енгіземін. Сосын тоқтаға тұстан қайта жалғастырамын. Сюжеттік желіні қайта табу үшін, маған жазғанымды бір оқып шықсам жеткілікті.

Курт Воннегуттің тәртіпке келтіру күні 1965 жылғы әйеліне жазған хатынан көрініс табады. 60-жылдардың орта тұсында Воннегутке Айова Университетінің ұстаздықтың лауазымды қызмет түрі

бұйырады. Сонда көшіп барып, отбасы Кейп-Кодеде қалып қояды. Жазушы бұл айырылушы туралы, Айовада өткен күндері жайында кейінірек көптеген хаттар жазған. Солардың бірінде жазушылық еңбегі туралы сырын әйелімен бөліскен екен:

"Үйден жырақта жүрген өмірімде ұйқы мен аштық, жұмыс барысы менімен ешбір санаспай, өздігінен түзілді. Олардың менен жалықтыратын майда-шүйделерді сұрап жатпайтыны қуантады. Ойластырғандарын қарашы: мен сағат 5:30-да тұрып, сағат 8:00-ге дейін жұмыс жасаймын, үйде тамақтанамын, 10:00-ге дейін жұмысты жалғастырамын, кішкене қалаға серуенге шығамын, берілген ұсақ-түйек тапсырмаларды орындаймын, жақын жердегі бассейндердің біріне бас сұғамын, жарты сағат жүземін де, 11:45-те үйге ораламын, корреспонденцияны оқимын, талтүсте тамақтанамын.

Күндіз сабақ беремін немесе сабақтарға дайындаламын. Үйге шамамен сағат 5:30-дарда қайтамын, ас дайындаймын, кітап оқимын және джаз тындаймын (радиодан осы уақытта көп жақсы әндер беріледі), 10:00-де ұйықтауға бет бұрамын. Мен әруақытта жаттығу жасап, пресс шығару жаттығуларын жасап тұрамын, артынша өзімнің бұлшықетті әрі азған күйімді сезінемін (мүмкін, бұл өтірік те болуы мүмкін). Өткен түні менің денем мені киноға баруға итермеледі. Мен "Шербург қолшатырларын" фильмін көрдім де, жүрегіме жақын алып қалдым. Мұның бәрі үйде алшақта жүрген орта жастағы ер адам үшін жанға батарлық жайт-ақ. Иә, мақұл-ақ болсын, жаралы жүрекпен жүру маған ұнайды".

Марк Твеннің балаларға арнап өлең мен ертегі жазғанын білмеген боларсыз. Бұл жазушы оқырмандарға өткір, нанымды жауап-пікір беретін автор ретінде қалыптасқан (хаттарға берген жауабы бір кітап болып басылды). Сонымен қатар, жазушының жұмысқа деген ықылас-пейілі атакты дәйек сөздерінен (афоризм) көрінеді: "Мейірімді болу - ұлы іс. Ал өз жақсылығын жұртшылыққа айтпай, құпия сақтаған адам одан да ұлы". "Ол ертеңгілік таңғы астан соң кабинетіне кірді де, кешкі асқа дейін сонда отырды. Яғни 5 сағатқа жуық. Ланч уақыты келіп жетсе де, отбасы оны мазалауды жөн көрмеді - олар егер жазушы қажет болса, онда есікке таяп барып сыбызғы тартатын - ол қалыптасқан әдет бойынша бірнеше сағаттар бойына үзіліссіз жұмыс жасаушы еді. Кешкі астан соң жазғандарын отбасы мүшелеріне оқып берді. Тыңдармандардың болғаны ұнайтын және осы бір кешкілік көрініс отбасының көңілінен шығып тұратын. Жексенбі күндері жұмыс жасамайтын, оның орнына әйелімен, балаларымен демалатын, кітап оқып, талтүсте үй ауласында ұйықтағанды жақсы көретін. Жұмыс жасалсын-жасалмасын, ол үнемі темекісін аузынан тастамайтын".

Көбелектерді жақсы көріп, клишені жек көретін Владимир Набоков ерекше жазушылық машығымен танылғандардың қатарында. Оның көбелектердің бір түрінің эволюциясы туралы теориясы ғалымдар тарапынан мақұлданған болатын. "Оның ұзыннан-ұзақ сөреде сақтап келген каталожды карточкамен тәртіптелген қол жинағы болған. Кейіндеу, Набоков бір сөзінде әңгімені жаза бастағаннан-ақ оны түгелімен түзіп шығатынын, артынша осы бір тәсіл арқылы өзіне қолайлы тұстарда парактардың орнын ауыстыра қойып, кітап желісін өзгертетінін айтқан. Мәселен, дәл осы бір тәсіл арқылы "Лолита" шығармасын көлігіне жалғанған артқы бөлікте жазып шыққанын, сол тұста өзіне жайлы тигенін, ешқандай артық шудың болмағанын айтқан.

Жоғарыда келтірілген жазушылар тәжірибесінен әр қаламгердің өзіндік жазу дағдысы байқалады. Бұл суреткердің дүниетанымы, қалыптасқан өзіндік ерекшеліктеріне байланысты болса керек. Әсіресе мұндай шығармашылық құпиясына апаратын қаламгерлердің жазу машығы, жұмыс тәртібі жайындағы деректер суреткердің өзінің жан-толғанысы, ішкі жан-дүниесінен хабардар ететіні белгілі. Сондай-ақ, бұл арнадағы сауалдар төңірегінде сөз қозғау жазушының жеке іс-әрекеті ғана емес, шығармаға деген сүйіспеншіліктен бастау алса керек. Ең алдымен жазушы жеке тұлға ретінде оқырманға сүйікті шығармасының авторы ретінде танымал. Жазу машығы, жұмыс тәртібі жайындағы сауалдардың қойылысы тікелей оқырманның жекелеген туындысының жазылу тарихына байланысты болса, жалпылама жазушының шығармашылық табиғаты, шеберлігі мәселелеріне алып келеді. Қалай десек те бұл сұрақтардың қойылысы жазушының табиғи таланты мен шеберлік мәселелеріне байланысты болса керек.

1. Окланский Ю. Рождение книги. (Жизнь. Писатель. Творческий процесс). – М.: Худ. лит. 1973. – 302 с.

2. Г.В.Краснов. «Мемуары как источник изучения психологии творчества»/психология процессов художественного творчества. - Л., 1980. - 120 с.



Толымбекова А. Е.

Абай атындағы ҚазҰПУ магистранты

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ РОМАНДАРЫНДАҒЫ БИ-ШЕШЕНДЕР

**Түйіндеме:** Мақала қазақ халқының ірі тұлғалары, ұрпақтың асыл мақтаныштары –қазақтың би-шешендері жайлы сыр қозғамақ. Бұрын соты, қаралаушысы мен ақтаушысы жоқ заманда ел ішіндегі жер, жесір, құн дауы, екі ел арасындағы үлкен дау - жанжалдарды да билер екі - ақ ауыз сөзбен орнықты кесімін айтып, әділ шешіп отырған. Қазақ тарихында елдің елдігін, халқының бірлігін, бүтіндігін көксеген, елді адалдыққа, адамгершілікке, жақсылыққа үндеп, халқының мұң - мұқтажын, мүддесін көздеп ғұмыр кешкен ділмарлар көптеп саналады. Қазақтың шешендік сөз тарихы Майқы би мен Аяз билерден басталып (XII - XIII ғғ.), Жиренше шешен, Асан қайғы (XIV - XV ғғ.) есімдерімен қатысты қалыптасып, өркендей түсті. Шалғез, Бұхар (XV - XVIII ғғ.), Шортанбай, Дулат, Мұрат, Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтекелерге жалғасты. Билер, шығу тегіне немесе жас мөлшеріне қарай, өмір сүру деңгейіне қарай таңдалмады. Оларды жастайынан халықтың арасынан ашылып сөздерін нақты дәлелдеп таңқалардай шебер сөйлеуіне қарай және жасаған жақсы істеріне қарай, әділ би бола алады деп халық сайлап отырды. Билер мен шешендер сөзі анық, таза, салыстырмалы, түсінікті болу керек. Ең бастысы, билер сенімді, әділ шешімдер қабылдап, елдің түрлі мәселеріне дұрыс бағыт көрсетіп отырулары керек. Шешендік өнерінің кеңінен дамып биіктеген кезеңі – XV - XVIII ғғ. Бұл кез қазақ халқының жоңғар, қалмақ, қытай басқыншыларына қарсы тұрып, өз тәуелсіздігін қорғау жолындағы күрес жылдары еді. Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке билер - заманында қоғамдық қайраткерлер дәрежесіне көтерілген ірі тарихи тұлғалар, қара қылды қақ жарған әділ шешендер жайлы. Қазақтар ықылым заманнан – ақ шешендікті өнердің ең биік сатысы деп жоғары бағалаған. Өйткені, шешендік сөздер - өнердің шыңы ғана емес, елдің әлеуметтік өмірінде, тұрмыс - тіршілігінде аса маңызды роль атқарған. Сол асыл қазынамызды қазіргі қазақ романдарының бойынан зерттеп, танымақпыз. Сол тілі қылыштың жүзіндей өткір, ойы салықалы, терең, қысылшаңда қиыннан қиыстырып жол табатын шешендердің әділ төрелігіне тоқтай да білген жазушыларымыздың романдарына тоқталмақпыз.

**Тірек сөздер:** қазақ, тарих, роман, би-шешен, жырау

**Аннотация:** Это статья о гордости казахского народа, крупных деятелях, которые являются казахскими ораторами. Казах – по природе красноречивый народ. Эти драгоценные сокровища казахского народа мы исследуем и познаем через произведения современных авторов. В произведениях этих писателей описывается речь казахских ораторов. Их язык острый как мечь, мысли глубоко пронизательные. Казахи всегда придавали большое значение слову не только в судебной практике, но и в обыденной жизни. Авторитет суда биев во многом зависел от того, что его правосудие основывалось не только на букве законов, но и на нормах морали. Гонения против биев считались гонениями против народа. Поэтому ханы всегда прислушивались к мнению биев. Если народ будет силен единством, братской солидарностью, то он станет образцом для последующих поколений. И дух батыров будет вдохновлять к победе. Со сложным историческим периодом борьбы казахского ханства против джунгарского нашествия в конце XVII начале XVIII веков связана деятельность выдающихся биев, которые сыграли огромную роль в общественной жизни казахского народа. Биями становились те, которые были предельно преданы завещаниям и наследию мудрых предков, освоили прошедшие историческую селекцию древних правил и норм обычаев и традиций, законов – ереже и прецедентные судебные решения, высказывания и суждения мудрецов, знали их наизусть и обладали даром красноречия. В истории и народной памяти сохранилось более ста имен известных биев XVII—XIX веков, а не только хрестоматийно известные имена Толе би, Казыбек би и Айтеке би. А еще были и Майқы би, Аяз би, Сырым би, Есет би, Едиге би, Бапан би, Жанибек би, Кара би и многие другие. Практически о каждом ораторе-бии осталось множество легенд и преданий.

Суды биев как хранители правовых норм кочевников сыграли прогрессивную роль в истории Казахского народа, восстанавливая справедливость и примиряя враждующие стороны, что актуально в современных условиях.

**Ключевые слова:** казах, история, роман, оратор, сказитель

**Abstract:** This article is about the pride of the Kazakh people, major figures who are Kazakh speakers. Kazakhstan – naturally eloquent people. These precious treasure of the Kazakh people, and we are investigating know through work segodnishny authors. In the works of these writers described it Kazakh speakers. Their language is as sharp as a sword, thought deeply insightful. Kazakhs have always attached great importance to the way not only in judicial practice, but also in everyday life. Biy court authority is largely dependent on the fact that his justice based not only on the letter of the law, but also on the norms of morality. Persecution biys considered persecution against the people. Therefore khans always listen to the biy . If the people will be strong unity , fraternal solidarity , it will become a model for future generations. And the spirit will inspire warriors to victory. With a complex historical period of struggle against the Kazakh Khanate Zhungar invasion in the late XVII - early XVIII centuries related activities outstanding biys who

played a huge role in the social life of the Kazakh people . Biys became those who were extremely loyal to wills and heritage wise ancestors mastered past historical selection of ancient rules and regulations of customs and traditions , laws - erezhe and precedent court decisions , statements and judgments of the wise, knew them by heart and had the gift of eloquence. In the history and folk memory preserved over a hundred names of famous biys XVII-XIX centuries, not just proverbially known names Tole bi and Kazybek , Aiteke bi. And there were and Maiky bi, Ayaz bi, Syrym bi, Eset bi, Edige bi, Bapa bi, Janibek bi, Kara and many others. Virtually every spokeswoman Biya left many legends and stories.

Biys courts as guardians of the rule of law nomads played a progressive role in the history of the Kazakh people, restoring justice and reconciling the warring sides, which is important in the modern world.

**Key words:** Kazakh , history, romance , speaker, storyteller

Халқымыздың бабамыздан мұра болып қалған қазақ әдебиетіміздің арада талай ғасырлар өтсе де ұрпақтан - ұрпаққа тарап, ел зердесінде мықтап орныққан, танымдық мәнін, тәрбиелік мазмұнын әсте жоймаған, заман ағымына қарай қайта жасарып, айрықша көпшілік ілтипатына ие болып отырған түрі шешендік сөздер, тағылымдар. Қазақ - табиғатынан ділмар, шешен халық. Бізде ежелгі Грек, Рим мемлекеттеріндегідей шешендер тәрбиелейтін арнаулы мектептер болмаған, әйтсе де сөз қадірін білген халқымыз ел ішінен шыққан тума дарын шешендерді, ақылгөй қария, күміс көмей әнші - жыршыларды айрықша көтермелеген. Тілі қылыштың жүзіндей өткір, ойы салиқалы, терең, қысылшаңда қиыннан қиыстырып жол табатын шешендердің әділ төрелігіне тоқтай да білген. Халық туғанына, қарына тартпай тура билік айтқан шешендерді ханнан бетер бағалаған.

«Жазушы – халық ділінің ғасырлар бойы қалыптасқан көркемдік-эстетикалық ойлау дүниетанымын туындыларына жинақтаушы суреткер» [1,126 б]. Сол бір ұрпағымыздың тарихынан көрініс берер жазушы Ұзақбай Доспанбетовтың «Қызыл Жолбарыс» роман-диологиясында [2;3] Қабан жыраудың шығармашылық және қоғамдық-әлеуметтік қызметі тұтастығының сипаты тарихи деректер аясында баяндалған. Жазушы романда Қабан жырауды үнемі Ескелді би мен Балпық бидің жанында жүрген қалпымен бейнелеген.

Романда жазушы Қабан жыраудың жастық шағынан деректер беріп таныстырған:

«Қабан жыраудың жасында сал-серілік құрғаны рас, Үйсіннің өз іші былай тұрсын, айлап-жылдап, Орта жүздің алты арысын, Кіші жүздің үш бұтағын аралап кеткен кездері болған. Таңдайынан бал тамған ақын қыздардың талайымен айтысып, олжа алғаны жайында әр түрлі қисынды хикаялары да бар» [2,75б.].

Жазушы Қабан жырау мен Керейдің ақын қызы арасындағы жұмбақ айтыстың астарлы мағыналары арқылы екеуінің өзара ұғысқанын, екі ғашықтың қол ұстасып қашып шыққанын, бірақ құтыла алмай қолға түскендерін, Қабан жыраудың қоштасу жырын толғағанын баяндаған.

Жазушы Қабан жыраудың жастық өмірінен үзінді келтіре келе, Қабан есімінің қойылу себебін де түсіндіре кеткен: «Әке-шешесінің азан шақыртып қойған аты – Қабылиса, тек бет жүзінің түктілігінен жеңгелері Қабан атаған» [2, 77 б.].

Тарихи тұлғаның осы романда бейнелену кезеңін жазушы оқырманға шынайы елестетеді: «Бірақ қазір Қабан жырау - жастықпен ерте қоштасқан ел ағасы іспетті жан. Жаудың бет-жүзін көріп, қазақ-қалмақтың бұрынғы бір шабысында оның талай баһадүрлерімен найза тірескені де бар. Азын-аулақ қол бастағаны, жеңіске жеткені де ел аузында. Сөйте тұра жігіт шағындағы сал-серілігі жусан иісіндей, жусаң кетпестей мұның үсті-басынан әлі күнге аңқылды. Оған бір жайдан Қабекеңнің өзі де кінәлі. Той, шілдеханда, қыз-қырқынның ортасына түсе қалса, баяғы «Қарғамауына» басқанда жұрт көшелі батырдың бүгінгі түсін танымай да қалатын. Осы мінезі ерен тұлғасына бүгін емес, ертең солып түсетін қызғалдақтай жеңілтектеу өң беріп, кейбір аталы сөзінің, мейлі оның мың жерден майы тамып тұрсын, өрге баспай орта жолда болдырып, жүні жығылып қалатыны содан еді.

«Тарихи тұлға – халықтың тағдырын өзіндік ой әлемімен біртұтас санайтын адам» [1, 152 б.]. Ақын-жыраулар, би-шешендер – әрі сал-серілігі де батырлығы тұтаса танылатын тұлғалар. Сондықтан романның эпикалық баяндау желісінде Қабанның жастық шағында пайда болған серілік мінез ерекшелігінің кейінгі ғұмырлық жолында әсерін баяндап келтіру орынды.

Романның екі кітабында да Қабан жыраудың жалпақ қазақ даласын, оның ішінде Қазақстанның оңтүстік-шығыс атырабын, Жетісу аймағын жоңғар-қалмақтарынан азат ету жорықтарын ұйымдастыру, басқару жұмыстарының басы-қасында жүргендігі баяндалған. Ел ағалары Ескелдінің, Балпықтың жандарында болып, халықтың басқыншы жоңғарларға қарсы шешуші соғыс майдандарына шығуын ұйымдастыру істеріне мұрындық болғаны қамтылған. Мысалы, Қабан жыраудың нағыз көсемдік-шешендік тұғырындағы тұлғасы қанатты, ойлы сөз тіркестерімен, мағыналары халықтың

элеуметтік, отаншылдық ойлармен өрнектелген сөздері селдей қаптағалы дайындалып жатқан басқыншыларға қарсы елдің божырауға бет алған көңіл-күйін көтеруге, намыстарын оятуға жетелейді:

«Жырау айтты:

- Қилы-қилы заман туар, карағай басын шортан шалар. Тау дегенің тау емес, үстіңе құлаған жау болып шығар. Өліктеріңді жия алмай, өкірерсіңдер, жақтарың жақтарына тимей сонда айтарсыңдар бізді әулие деп. Бірақ біз әулие атанғаннан сендердің қасіреттерің ортаймас, кемерінен төмендемес, қайта кемерінен асып төгіліп, еселеп арта түсер. Қолдан берген ағайын-туғанның сүйегін кеміретін ит-құс табылмай, сасыған өлексе жейтін шүйбөрілердің тойын тойлаттырыңдар. Өлімнің жаманы көмусіз қалғаны дейді. Одан соңғысы ата-жұрттың топырағы бұйырмаған дейді. Осындай жаман өлімге ниеттерің ауып, оң беріп тұрмасаңдар, сасыған өлекселеріңе шүйбөрілердің иегі қышып жүрмесе, қайтыңдар мына сөздеріңнен. Ана жас батыр Балпық аждаһанның аузынан келіп отыр. Бәрін көзімен көріп келіп отыр. Жаз жайлаған жайлауымыз Жоңғар Алатауының іші сыңсыған қалмақ әскері дейді. Қардың суығы кетіп болмаған күнде олар тау қуысында керней тартып, әскер ойынын ойнап жатыр. Ол ненің белгісі? Ажалдының Құдай алдымен ақылын алады, мына сендер ақылдан адасып кеп тұрсыңдар»[2, 79 б. ].

Соғысқа жанталаса дайындалып жатқан жоңғарлардан сақтану, қамдану, талабын осылайша білдірген Қабан жырау мен Ескелді, Балпық әрекеттері роман композициясында кейінгі сюжеттік даму желісінде жалғасады:

«Күлдірмамай», кара мылтық түрлерін жинату, қайқы кара қылыш, бердеңке мылтық соқтыру, «қайың иіп, қайспен өріп, адырнасын жасап садақ» істету, «Түлкінің бітеу сойылған мойын терісінен қорамса жасап, оны қайық оқты ши оқпен толтыру», т.б. сан-алуан қарулану жұмыстары қарқынды жүргізіледі.

Романдағы Қабан жырау, Ескелді би, Балпық батыр бастаған қазақ қосындары қаһармандықпен шайқасқа да, қару-жарағы (оның ішінде, зеңбіректері), әскер саны, дайындығы басым қалмақтардан әуелде ойсыра жеңіледі. Жазушы қазақ хандығының осы әлсіреген тұсындағы кезең шындығын, Қабан жырау, Төле би сынды билердің, енді өсіп келе жатқан болашақ ұлы хан Абылайдың (романда Сабалақ) біртіндеп оқиғалар желісіндегі эволюциялық қалыптасу жолын жүйелеп көрсеткен.

Жазушы романның басты қаһармандары Қабан жыраудың, Ескелді бидің, Балпық батырдың Жоңғар шапқыншылығына ұшыраған қазақ даласының барлық аймақтарын аралағандарын, қазақты, даланы басқыншылардан азат ету жолында халқымыздың талай-талай қайраткерлерінің бас қосқанын, елдік, ерлік іс-әрекеттер жасағанын эпикалық баяндаумен жеткізе білген.

Роман-диологияның екінші кітабында Қазақ хандығы мемлекетін қайтадан қалпына келтірген, еңселі елдік тұғырын қайтадан қалпына келтірген, еңселі елдік тұғырын биіктеткен, нығайтқан. Сабалақтың (Абылайдың) елін, халқын тану, түсіну жолында оған ерекше әсер еткен би-шешен Төленің, ақын-жыраулар Бұқар Қалқаманұлының, Қожаберген Толыбайұлының, Қабан Асанұлының тағылымын байқаған кейіпкер көзімен баяндаған.

Әдеби шығармадағы рухани мәдениет тұлғалары халық тарихының шындығын танытады. Роман композициясында қазақ тарихындағы аса көрнекті ақын-жыраулардың халық тағдыры толғандырған азаматтық мұрат, парасат, ортақ мүдде ықпалымен бас қосқанын бейнелеген эпизодтары – эпикалық рухының идеялық-эстетикалық әсерлілігін күшейте түскен.

1 Тебегенов Т. *Тәуелсіздік дәуіріндегі жаңа қазақ әдебиеті*. – Семей: Үш биік, 2013. – 380 б.

2 Доспанбетов Ұ. *Қызыл жолбарыс: Тарихи роман. 1-кітап*. - Алматы: Ғылым, 2000. – 432 б.

3 Доспанбетов Ұ. *Қызыл жолбарыс: Тарихи роман. 2-кітап*. - Алматы: Ғылым, 2000. – 396 б.

УДК 75.069

Мусабекова Л.  
магистрант 2 курса

## ОСОБЕННОСТИ ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ВЫСТАВКИ

**Аннотация.** Настоящая статья посвящена актуальной проблеме современного искусства – концепции художественной выставки и ее взаимосвязи с архитектурным пространством, а также о значении и роли материальных объектов насыщающих художественную выставку. В статье раскрывается назначение постоянных и временных выставок, показывается их изменение в течении XIX - XX века.

Автор отмечает наличие различной высотной масштабности в художественной выставке, при которой создается гибкое экспозиционное пространство, позволяющее осуществлять не только обширные сборные выставки с привлечением всех видов изобразительного искусства (живопись, скульптура, графика, декоративно-прикладное искусство), но и монографические выставки какого-либо локального художественного явления камерного характера. При этом замечается, что выставочный зал формирует также и собственную художественную коллекцию, добавляя к изначальной, сугубо экспозиционной функции еще и научно-комплектовательскую.

В статье делается вывод, что пространство выставки – это прежде всего художественное пространство, включающее в себя в том числе пространство архитектурное, обладающее масштабом, размерами, стилевыми особенностями. Пространство выставки можно рассматривать как частный случай, которое в своем выставочном проявлении приобретает конкретные смысловые и эмоциональные характеристики.

В условиях современной культуры отмечается неослабевающий общественный интерес к художественной выставке как к форме международного культурного обмена, приобщения к непреходящим гуманитарным ценностям, встрече с признанными шедеврами мирового искусства или творческими экспериментами начинающих мастеров. Кроме того, роль художественной выставки в наши дни значительно возрастает в связи с появлением такого гуманитарного направления как «цивилизация досуга», которому в концепциях постиндустриального общества отводится особая роль. Досуг рассматривается как пространство развития и творческой самореализации личности, а художественная выставка, являясь заметным явлением культурной жизни современного общества имея давнюю историю своего существования, представляет чрезвычайно интересный феномен искусствоведческого интереса, что и определяет актуальность настоящего исследования.

**Ключевые слова.** Концепция, художественная выставка, архитектурное пространство, экспозиция, материальный объект выставочного пространства.

**Аңдатпа.** Бұл мақала бүгінгі заман өнерінің өзекті мәселелері – көркемөнер көрмесінің тұжырымдамасы мен оның сәулеттік кеңістікпен өзара байланысы, сондай-ақ көркемөнер көрмесін толықтыратын материалдық объектілердің маңызы мен роліне арналған. Мақалада тұрақты және уақытша көрмелердің мақсаты мен міндеттері анықталады, олардың XIX – XX ғасырлар аралығындағы өзгерістері көрсетіледі.

Автор көркемөнер көрмесінде бейнелеу өнерінің барлық түрлерінің (кескіндеме, мүсін, графика, сәндік-қолданбалы өнер) қамтитын көлемді құрама көрмелерін ғана емес, сонымен қатар камералық сипаттағы қандай да бір жергілікті көркемдік құбылыстың монографиялық көрмелерді орындауға мүмкіндік беретін икемді экспозициялық кеңістікті тудыратын түрлі биіктік ауқымдылықтың барын көрсетеді. Сонымен бірге, көрме залы сонымен қатар ежелгі келе жатқан экспозициялық міндетіне тағы ғылыми-толымдау атқарымын қоса отырып, өзіндік көркем топтама қалыптастыратыны байқалады.

Бұл мақалада көрме кеңістігі – ол, ең алдымен, соның ішінде ауқымдылыққа, көлемге, стильдік ерекшеліктерге ие болатын сәулеттік кеңістікті қамтитын көркемдік кеңістік деген тұжырымдама жасалады. Көрме кеңістігіне өзінің көрмелік көрсетілімінде нақты мағыналық және эмоционалдық сипаттамаларды иеленетін кездейсоқ оқиға деп қарауға болады.

Бүгінгі мәдениет жағдайында көркемсурет көрмеге халықаралық мәдени алмасу, жойылмайтын гуманитарлық құндылықтарға қатыстыру түрі ретінде, дүниежүзілік өнердің әйгілі жауһарларымен немесе өнер жолын енді бастаған шеберлердің шығармашылық тәжірибелерімен кездесуге деген қоғамдық қызығушылықтың бәсеңдемеуі байқалады. Сондай-ақ, көркемсурет көрменің ролі постиндустриалдық қоғамның тұжырымдамаларында ерекше орын алатын «бос уақыттың мәдениеттілігі» сияқты гуманитарлық бағыттың пайда болуына байланысты, осы күні едәуір көтеріліп келеді. Бос уақыт тұлғаның шығармашылығының жүзеге асыру және дамуы кеңістігі ретінде танылады, ал көркемсурет көрме, бүгінгі қоғамның мәдени өмірінің айқын құбылысы бола, тарихи ежелден басталған, өнертанушылық қызығушылықтың ерекше феномены болып табылады. Бұл осы зерттеу жұмысының маңыздылығының дәлелі.

**Тірек сөздер.** Тұжырымдама, көркемөнер көрмесі, сәулеттік кеңістік, экспозиция, көрме кеңістігінің материалдық объектісі.

**Abstract.** This article is devoted to the actual problem of modern art and to the art exhibition concept of its relationship to architectural space, as well as the significance role of material objects saturating art exhibition. The article represents of permanent and temporary exhibitions is shown their change during the XIX - XX century.

The author notes that there is a different altitude scale in an art exhibition that creates a flexible presentation space. It allows not only extensive exhibition teams involving all kinds of arts (painting, sculpture, drawing, arts and crafts), but also a monographic exhibitions of local art character. At the same time observed that the exhibition hall forms its own art collection, adding to the original exposure function and more scientific.

The article concludes that the exhibition space is primarily the art space, which includes architectural space, which has the scale, size, style features. Exhibition space can be represented as a particular case, which acquires specific and emotional characteristics.

Today's culture is notes public interest in the art exhibitions as a form of International Cultural Exchange: introduction to the humanitarian values, meeting with the unquestioned masterpiece of world art or creative experiments of the masters. Furthermore, due to the humanities direction «leisure for civilization» the role of art exhibition in our days is increased. Leisure is considered as a range development and creative self-realization. The art exhibition is phenomenon of cultural life with a history of its existence represents interesting phenomenon of art history that determines the relevance of this study.

**Key words:** Concept, art exhibition, architectural space, presentation, material object of the exhibition space.

В настоящее время принято различать понятия «выставка» и «экспозиция». Часто оба эти понятия связывают с музееведением, но так как музейная терминология неустойчива, то это деление может быть признано условным.

Выставка может быть постоянной и временной. На протяжении долгого времени, а в XIX и начале XX вв. особенно, организаторы не определяли четко характер выставки в этом отношении. Иногда они отмечали, что выставка является постоянной. Но это постоянство было относительным. Так, Общество поощрения художников, организовывая «постоянные» выставки, все же меняло экспонаты по ходу ее проведения. Поэтому, с одной стороны, выставка как таковая функционировала иногда и не один год (в этом заключается ее постоянство), а, с другой стороны, художественные произведения постепенно менялись (в этом проявляется временный характер выставки). Это связано с тем, что первые художественные выставки в большинстве своем были выставками-продажами, по мере того, как выкупались одни произведения, происходила их замена другими.

Пространство выставки это прежде всего художественное пространство, включающее в себя в том числе пространство архитектурное, обладающее масштабом, размерами, стилевыми особенностями. Пространство выставки можно рассматривать как частный случай, которое в своем выставочном проявлении приобретает конкретные смысловые и эмоциональные характеристики.

Материальный объект становится элементом выставочного пространства в результате обретения им некоего нового смыслового значения, что как раз и создается в процессе организации экспозиции. Как отмечает современный исследователь музейной экспозиции: «в талантливо созданной экспозиции происходит <...> таинство, когда предмет полностью раскрывает содержательные и аксиологические аспекты информации о себе, и за ним видится не просто объект, а гораздо большее». Экспозиционный замысел, а также совокупность множества его составляющих смыслов образуют концепцию выставки, ее идею, которую предстоит реализовать, используя элементы пространства, как принадлежащие, свойственные ему, например, детали конкретного интерьера, так и привнесенные в него в качестве инфраструктуры, - оборудования в виде различных носителей экспонатов и, наконец, сами экспонаты.

Сугубо физические компоненты (инфраструктура, носители экспонатов и т. п.) будут таким образом влиять на смысловое наполнение выставки. Можно сказать, что концепция выставки прочитывается через ее физическое освоение, т. е. чем более продумано единство физических компонентов с их содержательным аспектом, тем выше идейно-эстетическое воздействие такой выставки.

Физические аспекты пространства выставки являются одними из факторов ее визуального восприятия. Выставка как совокупность материальных физических объектов постигается чувственно посредством физических же действий по отношению к ней.

Эта внутренняя структура в пределах внешней архитектурной оболочки будучи рукотворной, создана и срежиссирована через организацию акцентных точек специалистом особого вида художественного творчества - дизайнером, который решает задачи синтеза эстетических и функционально-технических компонентов, вытекающие из глубинных, органических свойств этих компонентов с помощью метода художественного конструирования.

Основная идея выставки, ее художественное содержание осуществляется благодаря умелому осмысленному использованию тех или иных компонентов архитектурного или конструктивного решения конкретного помещения.

Архитектурный строй с одной стороны и внесенный дизайнером порядок «мест» - с другой, в их

взаимодействии порождают некий смысловой «резонанс», что и является смысловым наполнением выставочной среды. Это наполнение способно видоизменить или зрительно совсем «убрать» такое невидимое, но присутствующее качество архитектурной среды как тяжесть масс постройки, нарушить в случае необходимости равновесие заданного архитектурного контекста, либо в значительной степени трансформировать его. Поэтому в одной и той же архитектурной среде возможно самое различное смысловое наполнение, обусловленное изменением экспозиционного замысла.

Выставочное пространство с размещенной в его пределах выставкой можно рассматривать и как семантическую структуру. Это положение вытекает из роли объекта экспонирования как ключевого звена музейной системы. Следовательно, музейный предмет должен обладать универсальным свойством, которое позволило бы реализовать его содержание в процессе передачи «музейного текста». Таким свойством музейные предметы обладают - это знаковость. В данном контексте музейные предметы-экспонаты, являющиеся знаками, образуют особый язык, который лежит в основе экспозиционных «текстов».

Пространство выставки может объединять разнообразные виды искусств, как пластических, так и исполнительских. Под исполнительскими видами искусств, понимаются произведения музыкальной культуры, вокальные и хореографические выступления, презентация которых на территории выставки усиливает их выразительность. Сюда же относятся и некоторые виды экспозиционной сценографии - инсталляция, перфоманс, показы моделей одежды и т. п. Экспозиционные формы к понятию «театрализация музея», которое как явление развивается по нескольким направлениям. В одном из них построение экспозиции происходит по драматургическим законам «в так называемом концептуальном подходе или «сценарии», а экспозиционеры не только создают научно-обоснованную презентацию экспонатов, но и стремятся к построению целостного художественного произведения. Второй путь - привнесение в практику экспонирования выразительных элементов из области театрального действия, то есть использования «знаков» других «языков». Речь идет о звуковом и шумовом сопровождении экспозиции, сенсорных эффектах и других способах интерактивности. Третье направление связано с расширением так называемой «внемuseumной» программы функционирования музея, созданием на его территории перфомансов, арт-акций, и полноценных театральных спектаклей.

Из трех основных проекций пространства его план помимо отображения основных элементов несущих конструкций помещения, его конфигурации, взаимного расположения залов и т.д. является еще и планом расположения экспонатов. В физическое пространство выставки входит присущие данному конкретному интерьеру экспозиционные поверхности - стены и носители экспонатов. Это либо плоские (щиты, стенды), либо объемные (постаменты, подиумы, витрины) носители экспонатов.

Для осуществления выставок используются самые различные помещения, как обладающие ярко выраженным архитектурным оформлением того или иного стиля, так и не имеющего его вовсе. Выставочные залы могут представлять собой специально спроектированные и построенные для экспозиционных целей помещения (1-й вид), но выставки могут существовать и в помещениях изначально не рассчитанных на такое использование (2-й вид), наконец, это могут быть и совершенно случайные пространства, в том числе и открытые (3-й вид). Во всех упомянутых видах выставочных помещений, какими бы архитектурными особенностями они не обладали, существует определенная система «мест» - акцентных точек, активизирующих выставку. Такие точки будут возникать в местах, так или иначе соотнесенных с проекциями ритмических членений пространства помещения. Для каждого помещения будет существовать модуль, обусловленный его (помещения) размеряющим метрическим шагом, подчиняющим всё заключенное в пределы отграничивающих поверхностей (пола, стен, потолка) пространство определенному порядку структурной организованности и упорядоченности. Через такой модуль будут задаваться и все ритмические членения внутри конкретного помещения, которые будут кратными друг другу. В этом случае носители экспонатов выставочного пространства - щиты, стенды, подиумы и т.д. выполняют роль средств, упорядочивающих пространство, придающих ему осмысленное, «сконструированное» звучание. Роль упорядочивающих элементов могут нести и сами экспонаты, также располагающиеся в акцентных точках. Архитектурные элементы задают оси и направления, по которым в дальнейшем будут группироваться носители экспонатов. В помещениях второго вида - изначально не рассчитанных на проведение выставок, архитектурные, а по сути функциональные узлы - окна, несущие конструкции, инженерные коммуникации в большинстве случаев имеют расположение, в значительной мере

обусловленное строительной целесообразностью. В этом случае структурные оси такого помещения могут не иметь выраженной привязки к архитектурным элементам, как в первом примере. Здесь носители экспонатов будут сами выполнять задачу ритмической организации пространства, их упорядочивающая роль становится преобладающей. В открытых пространствах носители экспонатов являются единственным организующим средством, отграничивающим собственно пространство выставки от окружающего пространства, задающим не только структурность, но и масштабность всех элементов по отношению к человеку как к основной размеряющей величине. При этом основные оси и направления, по которым группируются носители экспонатов, выстраиваются по координатам, задаваемым самими носителями экспонатов. В этом случае модульность элементов является основным фактором пространственной организации, определяющим локализацию акцентных точек. Последовательность движения по системе пространств влияет на эмоционально воспринимаемую форму пространства и кардинально отличается от его реальной формы и величины. Меняя схему движения посетителя, автор экспозиции может по своему замыслу регулировать восприятие.

Перетекающий характер пространства меняет свой масштаб в зависимости от точки локализации и создает чрезвычайно гибкую, трансформируемую в соответствии с конкретной решаемой задачей экспозиционную среду, позволяющую проводить несколько выставок одновременно. Предметное наполнение этой среды состоит преимущественно из разновеликих носителей экспонатов (щиты, постаменты). Лаконизм и простота их внешнего облика оптимальны для выполнения своей функции.

Благодаря такой горизонтальной упорядоченности внутреннего объема и наличию в нем зон различной высотной масштабности, создается гибкое экспозиционное пространство, позволяющее осуществлять не только обширные сборные выставки с привлечением всех видов изобразительного искусства (живопись, скульптура, графика, декоративно-прикладное искусство), но и монографические выставки какого-либо локального художественного явления камерного характера. При этом выставка, в зависимости от ее объема, может занимать либо все уровни и зоны, либо лишь некоторые, а также позволяет существовать нескольким выставкам одновременно. Последний фактор говорит о приобретении выставочным залом новых, более широких возможностей, делает его носителем некоторых уже характерных музейных особенностей, связанных с комплексной выставочной деятельностью.

Примечательно, что выставочный зал формирует также и собственную художественную коллекцию, добавляя к изначальной, сугубо экспозиционной функции еще и научно-комплектовательскую.

Таким образом пространство выставки - это прежде всего художественное пространство, включающее в себя в том числе пространство архитектурное, обладающее масштабом, размерами, стилевыми особенностями. Пространство выставки можно рассматривать как частный случай, которое в своем выставочном проявлении приобретает конкретные смысловые и эмоциональные характеристики.

1 1920-1930 Живопись, Государственный Русский музей. - М.: Советский художник, 1988. – 37 с.

2 Поляков Т.П. Актуальные проблемы отношения содержания и формы музейной экспозиции. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. - М., 1988.

3 Аксенова А.И. Музейные экспозиции в зданиях-памятниках архитектуры//«Музейное дело в СССР». Актуальные проблемы архитектурно-художественного проектирования экспозиций исторических и краеведческих музеев. - М., 1983.

4 Арнхейм Р. Искусство и визуальное восприятие. - М.: Прогресс, 1974.

5 Бакушинский А.В. Исследования и статьи. - М.: Советский художник, 1981.

6 Беззубова О.В. Некоторые аспекты теоретического осмысления музея как феномена культуры//Триумф музея? Сборник научных трудов. – СПб: «Осипов», 2005.

Нүрекешова Г.Р.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,  
филология ғылымдарының кандидаты

## С.ШАЙМЕРДЕНОВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ КӨРКЕМ ТАРТЫСТЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Түйіндеме:** Бұл мақалада жазушының көшпелі қазақтың революцияға дайындықсыз келіп, оны қабылдауының қиындыққа түскені бүкпесіз баян етіледі. Шығармаларының арасындағы шоқтығы биік тұрғаны «Жыл құсы» повестінде жазушы ХХ ғасырдың басындағы қазақ өміріндегі орын алған тартыстың құрылымдық сипатына мән беріледі.

**Кілт сөздер:** Жыл құсы, өндіріс ошақтары, көшпелі қазақ, психологиялық шеберлік, ішкі әлем, көркем шындық.

**Аннотация:** В статье «Структурные особенности художественной драмы в произведениях С.Шаймерденова» рассматривается и анализируется особенности писательского творчества известного казахского поэта и общественного деятеля С.Шаймерденова. Среди прозаических произведений, которого выделяется повесть «Перелетные птицы», где автору удалось художественными средствами отразить драматические события произошедшие в казахском обществе начала ХХ века.

**Ключевые слова:** Перелетные птицы, производственные очаги, казах- кочевник, психологическое мастерство, внутренний мир, художественная правда.

**Abstract:** In the article "Structural features of art drama in the works of S.Shaymerdenov" the features of creative writing of popular Kazakh poet and public figure S.Shaymerdenov are considered and analyzed. Among the prose works, which are allocated the story "Migratory birds", where the author was able to reflect the artistic facilities of dramatic events which are occurred in Kazakh society of the early twentieth century.

**Keywords:** Migratory birds, image, industrial centers, nomadic Kazakh, psychological mastery, inner world, artistic truth.

Сафуан Шаймерденов әдебиет майданына араласа бастағаннан-ақ өз шығармасының тақырыбын адамды зерттеп, тануға, оның сан қилы мінез-құлқын, толғаныс-тебіренісін, адамдық қасиетін, қоғамдық орта мен жеке адамның өзара байланысын, қарым-қатынасын көрсетуге құлаш ұрды. Өз туындыларында кейіпкерлерінің адамшылық болмыс-бітіміне ден қойып, адамгершілік парасат мәселесін шынайы шеберлікпен көтере білді.

Жалпы, жазушы повестері бүгінгі заман тақырыбын, замандастар бейнесін сөз етеді. Алыс тарих болмаса да, кешегі біз өткен кеңестік дәуір шындығын бүгінгі күннің биігінен таразылап көрсетеді. Және қай шығармасын алып қарасаң да, алдымен адамгершілік жайы алғашқы орында тұрады. Бүгінгі зымыран ғасырдың өзінде адам жаны сезімтал екендігін, оның ой-мүддесінде роботтан бөлекше көңіл-күйлер мен эмоция барын жаныңды баураған сырлы да нұрлы әдеби шығармалар оқырманға ұқтырса керек. Өйткені, жазушы, қаламгер, ақын, жалпы творчество адамы жанды шымырлатар шындықты сөз қуаты арқылы қан тамырларына дарытып отырады. Міне, Сафуан Шаймерденов шығармаларында осындай сырлы да нұрлы күш-қуат жеткілікті, әрі мәңгілік.

«Жыл құсы» повесінде даланың еркін өскен ұлы Битабардың бейнесін мейлінше шынайы өрнектеген. Өмір ауылдағы қатынастарды ыдыратып, елдің бәрін қалаға, өндіріс ошақтарына қуа бастаған тұста өндіріске жұмысқа барған Битабар өз танымынан жат ортаға көндіге алмай, ауылына қайтады. Кең далада еркін өсіп, күші мен қолына сенген ол ешкімге тәуелді болуды қаламайды. Өз ортасының олпы-солпысын, бірбеткей доғалдығын сақтап өскен адамның қыр баласы екені бірден танылады. Мұнда жазушы көшпелі қазақтың революцияға дайындықсыз келіп, оны қабылдаудың қиындыққа түскенін бүкпесіз аңғартады.

Битабардың алып күштің иесі екендігі оның Балуан Шолақпен кездесетін мезеті суреттелгенде, ашық алаңқайда сазға батқан машинаны көтеріп шығарғанда, көмір қазу жоспарын артығымен орындағанда, ешкім көтере алмаған көмір кесегін өзі арбаға салып, содан соң су толған бөшкені үйіне алып келген тұста байқалады. Демек, автор Битабар характерінің табиғатын тереңірек таныту үшін бейнелеудің реалистік тәсілдерімен қатар, кейде романтикалық әдіс элементін де орынды жерінде тиімді қолданғанын байқаймыз. Бұл мінездемелерге қоса жазушы мынадай жинақтаулар жасайды:

« – Шахта абыройлы болса, біз де абыройлы екенбіз. Абыройлы болу үшін қирата жұмыс істеуіміз керек екен. Ал, жігіттер, аянбайық. Тас-талқан етіп көмірді шаба берейік... »



Өзі-өз боп Битабардың шешен сөйлегені. Шешіліп сөйлегені. Жұрт қол соқты. Уәде осы соғылған қол болды.

...Битабар өрлеп кетті. Кәсіподағының облыстық конференциясына делегат болып қатысты. Облыстық конференция өлкелік съезге делегаттар сайлады. Сайланғанның бірі – Битабар» [1,4 б.].

Үзінді еңбек адамының динамикалық іс-әрекетін елестеткендей мазмұнға толы. Жазушы оны жеке штрих ретінде ғана пайдаланған. Екіншіден, үзіндіде Битабарға айтылған жылы сөздер белсенді шахтердің тұлғасын одан әрі биіктетеді. Ол барлық қырынан мол қамтылған, қазақ өнеркәсібінің қалыптасу, даму дәрежесін айқындайды. Сонымен бірге, мұнда еңбекке, қоғамдық өндіріске жан-тәнімен берілген адал жанға, қарапайым жұмыс адамына деген қамқор жүректің, ең жылы пейілдің үлгісі байқалады. Жазушы еңбек адамының тағдырын тақырып етіп алғанда құрғақ декларацияға ұрынбай, образ арқылы нақты да нанымды етіп көрсеткен.

Кеңес дәуірінде Қарағанды өндірісінің қайта ашылуы мен дамуы, оған қатысқан адамдар тағдыры «Жыл құсы» повесінің негізгі мазмұнын құрайды. Кеңес тақырыбына жазылған басқа да шығармалар тәрізді Сафуан Шаймерденов те бұл істердің басы-қасында болып, ұйымдастыру ісін жүргізген партия қызметкерін, басқа жақтан келіп өндірісті білгірлікпен басқара білген орыс адамының бейнесін басты кейіпкер ретінде көрсетеді. Жазушы Битабар мен Левенштерн бейнесін схемалық күйден жанды адамға, өмірінің қуанышы мен реніші араласа жүретін, өзге халықпен қарым-қатынаста қарапайым, пендешілік мінездерден құр емес, нақты адамға айналдырып көрсете алған.

Левенштерн бейнесі шығармада өзекті орын алған. Оның шахта жұмысын нығайту жолындағы атқарған әр алуан ісі де жазушы назарынан тыс қалмаған. Үйірімді, қабілетті басшы. С. Шаймерденов Левенштерн бейнесін ашуда біржақтылықтан бойын аулақ ұстаған. Оның бойындағы адами қасиеттер өзінің жақсы, жаман қырларымен бірлікте көрінеді. Мәселен, Левенштерннің өз қара басының абыройын ғана биік санайтын, даңққұмар, мақтан қуғыштығы көрінетін эпизодтардан мысал келірейік.

«...Битабар үйге бөтен біреулердің келгенін білді. Левенштерн мен осы пұшық сары.

– Бұл кісі танысамын деп келді, тамыр, – деді Левенштерн.

– Ал, таныс ендеше.

– Өз тілін білетіндермен осылай батыл сөйлеседі. Жігіт сыпайы екен. Кек тұтпады.

– Қалай, мына Левенштерн жолдас ренжітпей ме?

– Құдай сақтасын, кісі өліп жатса да, кісі үстінен шағым айту дегенді Битабар білген емес.

– Ә, жақсы онда. Атыңды көп естуші едім. Көргім келді сосын. – Левенштернге қарады. – Қазақтан шахтер шықпайды деп көкуші еді кейбіреулері. Міне, нағыз шахтерлер осылар емес пе?!

Левенштерн жымып қойды:

– Бұл – Левенштерннің еңбегі.

– Оның рас...» [1,210 б.].

Осылайша жазушы «Жыл құсы» повесінде жан-жақты, шынайы характерлер тудырған. Повесте әйелдер бейнесі де жан-жақты жасалған. Әсіресе, орыс келіншек, ақкөңіл, іскер Мария Александровна бейнесі де сәтті шыққан. Ол тағдыр тәлкегіне көп ұшыраса да, кедергілерді іскерлікпен жеңіп отырады. Жазықсыз абақтыға түскен Битабарды түрмеден шығарып алады. Шахта бастығы Левенштернге де сес көрсетіп, ықтырып жүреді. Ал айттырылған жағына қол бұлғап кете баратын Жанкүміс бейнесі көп үміт күттірсе де, солғындау шыққан. Оның Битабарға деген махаббаты да оқушыға ой салатын детальдар арқылы берілмеген. Ақылды ана Сілеусін бұрынғы қазақ әдебиетінде жасалған әйелдер образын толықтыра түсетін тың бейне.

Қарап отырсақ, жазушының «Жыл құсы» повесінде адам өмірінде, қоғам тарихында анық ізі қалған, әлеуметтік астары терең оқиғалар суреттеледі. Повесте адамдардың еңбегі мен ісін нысанаға ала отырып, жинақтау жасаудың үлгілі тәжірибесін көрсетеді. Шығарманың ажарлы шығуы ең алдымен суреткердің дарын күшіне, идеал бағытына, дүниетанымының кеңдігіне, өмірде көргені мен түйгенінің молдығына, ұдайы шеберлігін арттыруына байланысты екені анық.

Жанр мәселесінің көркемдік мәселесімен тығыз байланысты екені мәлім. Өйткені, шығарма сапасының қандай болуы – сол туынды жанр сипаттарының өзге де көркемдік компоненттерімен қандай бірлікпен сәйкестік тауып тұрғанына тікелей қатысты. Сондықтан да, шығарманың жанр табиғатынан туындайтын талаптарға сайма-сай келуі бұлжымас заң болуға тиіс.

Негізінен, жаңа өмір үшін күрестің күнгей жағын суреттеуге бейімделгенмен, шығарма авторы жаңа тұрмысқа көшу көшпелі қазаққа оңайға түспегенін, олар бастан кешкен қиыншылықты көрсетеді. Алайда, дәуір идеологиясының әсері байқалмай қалмайды. Халық көрген азаптың зардаптары, ашаршылық жайлары сөз болмай тасада қалады.

Тағы бір айта кетерлік мәселе, Битабар бейнесінің психологиялық шеберлік тұрғысынан да шынайы бейнеленуінде. Мәселен, автор Битабар мінез-құлқына ауылдан жұққан кейбір көне қылықтарды орағытып өтпей, қайта оның характерін жонылмаған күйінде, олпы-солпы түрінде бейнелейді. Оны осындай күйде көрсете отырып, қайнаған өндірістің қақ ортасында жүрсе де, кейіпкер характерінің, әсіресе, Битабар секілді ауылда туып, ауылда өскен қаһарман мінез-құлқының оңай өзгеріп, шапшаң соны сипатқа ие бола қоймайтынын дәлелді көрсетіп береді. Соның өзінде де Битабардың бойындағы аңғал, аңқау әрі адал қасиеттерін ашып суреттей алған.

Битабар бойындағы дала адамына тән аңғалдық қасиеттер езу тартқызбай қоймайды. Бұл жағдайлар көбінесе Левенштерн екеуінің арасындағы әңгімелерге қатысты өрбіп жатады. Мысал келтірейік:

«...Содан кейін орысша ұзақ сөйлеп кетті. Есім оны қазақшалап отырды. Битабардың содан түсінгені – жақсы тұрмыс та, келешек те шахтада.

Битабар ойы: «Бар жұрт шахтаға барса, сонда малды кім бағады, егінді кім салады?» – Бұл сұраққа жауап таба алмай отырды да: «Жә, қойшы!» – деп қолын бір сілтеді» [2, 163 б.].

Сондай-ақ, Левенштерннің кабинетіне алғаш келген сәті де оның адал да аңқау характерін ашып бере алады:

«Іштен Левенштерн шықты. Далада кездескеніндей емес, ұстамды, салқындау, сыпайы. «Өзі отыратын жерінде бастық осындай болады екен-ау».

Битабар бойындағы аңғалдық оның әйелі Сілеусін бойынан да көрініп қалып отырады. Барлық ауыл әйелдерінің бейнесінен құралған Сілеусін – момын да көнбіс жан. Ар жағында еш арамдығы жоқ сөздерді аңдаусыз айтып қалып немесе қимылдарымен езуіңе күлкі үйіріп отырады.

«Осы кезде өзіне жуық бір тоқтыны сүйреп Амантай үйге кірді.

– Ал, тамыр, бата қайырасың.

Қазақ арасында көп жүріп, әбден қазақуар болып алған Левенштерн қашқан да, қысылған да жоқ.

– Қазақ шахтерлері көбейе берсін! – деп кәдуілгі қазақша бетін сипады.

Қазан жақта жүрген Сілеусін аузын бір сылп еткізді де, Левенштернге тесіле қарап, бетін жыртты. Битабар дағдысынша домалай күлді» [2, 161 б.].

Өз кейіпкерлерінің психологиялық жай-күйін дөп басып танып, айнытпай суреттей білу – Шаймерденов шеберлігінің бір қыры. Автор бұл жағдайда көбінесе ішкі монолог әдісін де орнымен қолдана біледі. Әсіресе, Левенштерн бейнесін ашуда бұл тәсілдің шеберлікпен қолданылып тұрғанын байқаймыз. Айлалы да ақылды Левенштерн қазақтың арасында көп жүріп, олардың бойындағы көп қасиетін біліп, сыралғы болып алған. Кейде осы бір халықтың бойындағы даладай ашылып жатқан аңғал-саңғал қасиеттеріне әрі таңырқай қарайды, әрі кейде түсіне алмай дал болады.

Иә, Битабар – көңіл аударарлықтай соны бейне. Ол өзінің алаңсыз адалдығымен, ар-намысын табан тіре қорғайтын ерлігімен, мүшкіл тірліктен бойын асқақ ұстайтын сирек талантымен назар аударады. Сонымен қатар жазушы өз кейіпкерін дәріптеуден, шындықтан шығарып жіберуден аулақ. Сафуан Шаймерденов Битабар тұлғасын нағыз ұлттық тұлға ретінде суреттейді. Ұлттық характерді ашып көрсету автордың оған сын көзбен қарауына кедергі емес. Мысалы, Битабардың аңғырт-салғырт мінезі бір жағынан ұнамды көрінеді, ал екіншіден, қамсыздық, ұқыпсыздық ретінде сыналады. Бұл қасиет, күрделілік сипат өмірдің өзінен келіп тұр, жасанды түп-түзулік, жалаң мәліметтен әдейі қашу талабынан туып тұр. Қыр адамына тән олпы-солпылық, аңғалдық, досы мен қасын айыра алмаушылық – бәрі-бәрі Битабар психологиясы мен ой-өрісіне тән. Ол Левенштерн сияқты кісі үстінен күн көріп, арамдықпен мал жиып жүргендердің шын бет-бейнесін тани алмаған аңқау қыр қазағының табиғи түр-тұлғасын танытады.

Характері мен психологиясындағы ешкімге ұқсамайтын ерекшеліктері бар Битабар бейнесі әр түрлі әрекет үстінде ашылады. Далаға еніп келе жатқан жаңалықты қабылдай алмай, қаладағы өндіріс орынындағы жат ортаға көндіге алмай қиналады. Даланың еркіндігін бойына сіңірген оның тағдырындағы табыстар мен кедергілер, кемшіліктер мен келеңсіздіктер нанымды көрсетіледі. Сондай-ақ, оның бойындағы аңқаулық пен аңғалдыққа қоса бірбеткейлік пен қикарлық Битабар психологиясын аша түсіп, оның образының жан-жақты сомдалып шығуына септігін тигізген.

«Шетен қалпақ есікті аша берді.

– Ақсақал, сіз кім боласыз? – Байқаса, тап жаңағыдай ашулы емес, жүзінде жылылық белгісі бар. Битабар осыны байқап, қайта кесірлене қалды.

– Қазақ боламын!

– Қазақ екенінді біліп тұрмын. Аты-жөніңді айтам.

– Менің аты-жөнімде не атаңның құны бар? Бар, жүре бер жайыңа!

...Қайта өрге шығып бара жатқан машина соңынан қарап қалған Битабардың ойына шофер жігіттің: «Нәшәндіктің ашуы жаман», – деген сөзі түсті де, шошынып кетті. «Жөнсіздеу сөйледім-ау осы. Мылтығы болып атып кетсе не істейтін едім!

Осы ой Битабарды көпке дейін мазалаумен болды» [3, 135 б.].

Демек, Битабардың ішкі әлеміндегі тартысты күрделі сипаттағы диалог бейнелеп тұр. Ішкі дауыс пен сыртқы дауыс бас кейіпкердің рухани әлемінде қайшылыққа, тартысқа түскен. Мұндағы көркем тартыс бас кейіпкердің жан дүниесін танытуға арналған. Сол ішкі тартыстың құрылуына монолог, күрделі сипаттағы ішкі диалог, ишара белгі, т.б. тәсілдер әсерін тигізген. Сөйтіп, жазушы «Жыл құсы» повесінде адамгершілікке құрылған көркем тартыс арқылы қаһармандардың айқын да шынайы келбетін көрсете білген және әрқайсысының іс-әрекеттері, өмір сынына кез болған сәттегі шалыстарымен, әрі шарықтаулары арқылы олардың бет-бейнелерін өздеріне аштырып, жеке даралықтарын танытқан.

Жазушының барлық повестерінде дерлік кейіпкер психологиясын суреттеуде пейзаждың алатын орны бөлек. Әрбір туындыдағы персонаж бен сюжетке, орын мен уақыт жағдайына орай пейзаж да ерекше көрінеді. Соның ішінде повесть соңында Битабардың жат ортаға көндіге алмау, туған даласын аңсау сырына үңілгенде, жазушының пейзажды беру әдісі алдымен көзге түседі. Пейзаждың көп ретте кейіпкер табиғатын тануға жағдай жасауы сүйсіндіреді.

«...Бусанған жер иісі... гүл иісі. Туған жер – Иманақ баурайының иісі. Битабар мас болды. Иіске мас. Шалқалап жата кетті. Өртінде, мөлдір аспанның нақ тұңғық түбінде Иманақ тауын бетке алып кішкене... ноқаттар кетіп барады. – Тырналар. Сондай алыста, бірақ сондай жақын...

Битабардың көзіне жас іркілді: дүние сондай жып-жылы... Дүние сондай ып-ыстық... Өн-бойы шымырлады.

Қыс қыспағын көріп шыққан Битабар туған жерді аңсады... Еркіндікті, кеңдікті аңсады...

Күн батты. Ымырт үйірілді. Мөп-мөлдір, түп-тұнық аспанда сансыз жұлдыздар жымындайды. Солтүстіктен оңтүстікке тартылып құс жолы жатыр. Сайрап жатыр. Өткен жылғы күзде оңтүстіктен солтүстікке қарай жатқан секілді еді. Енді солтүстіктен оңтүстікке...

Бала кезгі аңыз әлі есте: жыл құсы көктемде осы жолмен келеді. Жыл құсы күзде осы жолмен қайтады. Бұл жолдың құс жолы деп аталуы да содан. Жыл құсының адаспайтыны да сол өз жолы – құс жолы болғандықтан...

...Битабар үйге келіп Сілеусінді ертті де, құс жолын бағытқа алып жүріп кетті...» [3, 218 б.].

Осы бір жолдардағы психологиялық параллелизм тайға таңба басқандай бояуы анық күйінде көрініп, кейіпкер табиғатын танытатын елеулі фактор болып тұрғаны сөзсіз. Айталық, тырналардың туған жерін бетке алып ұшып бара жатуының өзінде бір символикалық мән бар.

Шындығына келгенде, өмір шындығы өнер өзегі екені рас, бірақ ол қаймағы бұзылмаған қаз-қалпында көркемдік шындыққа айнала бермейді. Жазушы өмірдің шындығын реализмнің негізгі заңы типтендіру принциптеріне сәйкес көркем шындыққа айналдырудың көркемдік тәсілін жақсы білуі керек. Типтендірілген көркем шындық, яғни реалистік шығарма – өмірде болмаған немесе болуы мүмкін беймәлім жағдайлар мен бейтаныс характерлерді нақты өмір шындығындағы таныс оқиғалар мен белгілі адамдардан әлдеқайда әсерлі әрі нанымды көрсету деген сөз. Өйткені көркем шығарма – өмір шындығының нақты көшірме көрінісі емес, қайта көркем шындық өмір шындығының типтендірілген концептуальдық көрінісі. Көркем шығармадағы таныс-бейтаныс характерлер өмірдегі беймәлім жағдайлар мен құбылыстар туралы жазушы жауабы. Көркем туынды жазушының көрген-білгенінің, естіген-жиганының, оқыған-тоқығанының композициялық жүйеге түскен жиынтығы емес, өмір туралы философиялық ойының концепциясы болуға тиіс. Сондықтан да типтік өмір шындығын тікелей жазу бар да, беймәлім өмір шындығын типтендіріп жазу бар екендігін ұмытпаған жөн. Мұның біріншісі жалпыға мәлімді жалпылама жазу болса, екіншісі, жалқыны жалпыға айналдырып жазу, яғни жалқыдан жалпыға айналатын әлеуметтік шындықты көрсету деп білеміз.

Ойдан қосу, тарихи фактіні түрлендіре пайдалануда авторлық мұрат ақталып жатса, өнер шартына қайшы келмейді, керісінше, өмір шындығын өнер талабымен келіп жинақтау тәсілі көркемдік шешім ретінде көрінеді. Творчестволық процестің бұл құпиясы керек десеңіз, жазушының өзі түйсінгенімен түбірлеп түсіне бермеуі мүмкін, түйсінгенімен түсіндіріп беруі қиын құпия. Өмірдегі оқиғаның көркем өнерге, өмірдегі «ет пен сүйектен жаралған» қарапайым пенденің қайталанбас көркем образға айналуы – суреткер тегеуріні, дарыны, суреткер білімін қажет ететін, соның бәрінен бас құрайтын суреткерлік шеберлікті тілейтін құбылыс. Ал сол құпияны ашу, ол құбылысты жіті талдау үшін зерттеуші шығармашылық психология сырын жетік білуі шарт. Бұл жазушы лабораториясының бір

қыры ғана. Жалпы, көптеген шығармаларда кездесетін адамға адамгершілік қасиетін таныту үшін міндетті түрде «зор ерліктер» жасау шарт емес. Өз туындыларында суреткер адамгершілікке құрылған көркем тартыс арқылы замандас келбетін айқын бейнелей отырып, әрқайсысының іс-әрекеттері, өмірдің түрлі сан қилы ситуацияларына тап болған кездегі мінез даралықтары арқылы біртұтас сюжеттік желі жасайды. Сондай-ақ, жазушы повестерінде оқиғамен, характермен қатар өріліп отыратын нәзік лиризмнің шығарма шырайын әрлендіріп тұрғанын айтпасқа болмайды. Сыршыл суреткер шығармаларындағы таза да тұнық, жылы шуақ оны басқа қаламгерлерден өзгешелендіріп тұратын бір даралығы болса керек. Тұтастай алғанда адамдар арасындағы байланыстардың сыры мен бағытын бейнелеудің амалы сан алуан екенін жазушы Сафуан Шаймерденов шығармалары анық көрсетеді.

1. Шаймерденов С. Жыл құсы – Алматы: Жеті жарғы, 2012. – 373 б.
2. Шаймерденов С. Таңдамалы шығармалар жинағы. – Алматы: Таймас баспа үйі, 2012. – 2т. – 408 б.
3. Шаймерденов С. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1999. – 2т. – 298 б.

## ӘОЖ 811.512.122

**Таласпаева Ж.С.**

*М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, ф.ғ.к., доцент*

**Қадыров Ж. Т.**

*М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, ф.ғ.к., доцент*

## **ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ҚҰРАЛДАРЫ**

**Түйіндеме:** Қазіргі таңда тіл білімінде көркем шығарманы танымдық тұрғыда талдаудың маңыздылығы артып отыр. Ұлттық болмысымыз бен тілімізді сақтап қалудың айрықша мәнін түсінуге көмектесетін рухан-мәдени құндылықтарымызды бағалаудың, ұлттық мәдениетіміздің қайнар көздерін анықтаудың мәні ерекше болып отыр. Бұл тұрғыдан алғанда ұлттық болмысты қалыптастыруда үлкен рөл атқаратын Ғабит Мүсірепов шығармаларының тілін зерделеудің маңызы зор.

Мақалада жазушы Ғабит Мүсірепов шығармаларының поэтикалық ерекшелігі мен табиғи мән-мағынасы қарастырылады. Жазушының шығармашылық тұлғасының өзіндік сипатын, қоршаған дүниені бейнелі қабылдауындағы тереңдігі мен сезім ұшқырлығы айқындалады. Авторлар Ғабит Мүсірепов туындыларын оның жалпы танымдық жүйесінде талдай отыра, қаламгердің жаңашылдығын, ұлттық көркемдік-эстетикалық дәстүрді танытудағы шеберлігін көрсетеді. Сөз зергерінің дарындылығын, өзіндік сөз саптау мәнерін, ой-толғау әдістерін анықтау үшін оның шығармаларында жұмсалған көркемдік құралдардың стилистикалық ерекшеліктеріне айрықша көңіл аудару арқылы мүмкіндік алады. Ғабит Мүсіреповтің тілдік ерекшелігін ұлттық ойлау, ұлттық таныммен тығыз байланыста қарастырып, қолданған көркемдік құралдарының мәнерлілігін анықтайды. Сонымен қатар дүниенің көркем суретін танытуда жұмсалған халық тілінің сөз байлығының семантика-стилистикалық қызметі мен көркемдік дәрежесі зерттеледі. Жазушыны өзгеден ажыратар, өзіндік қолтаңбасын, өзіндік бет-бедерін айқындайтын қасиетін, яғни оның өзіндік стилін нақты мысалдар арқылы айқындап береді. Жазушының өзіндік қолтаңбасы мен шығармаларында кейіпкерлердің образын сомдауда, пейзажды суреттеуде пайдаланған тілдік қолданыстарының ерекшелігі айрықша бағаланады. Шығармаларда ұтымды мазмұн, ұлттық қалорит құрайтын көріктеуіш-бейнелеуіш құралдардың стильдік реңктері айқындалып, олардың көркем мәтіндегі айрықша мәнге ие болатындығы дәлелденеді.

**Кілт сөздер:** көркемдік жаңалық; шығармашылық тұлға; тіл мәнерлігі; ұлттық ерекшеліктер; авторлық қолданыс; шығарма идеясы.

**Аннотация:** В современном казахском языкознании возникла необходимость в концептуальном анализе художественных произведений с точки зрения национально-культурных познаний. Поэтому имеет огромное значение языковое познание прозы писателя Габита Мусрепова, которая сыграла огромную роль в формировании национального характера. В представленной статье рассматриваются поэтические особенности произведения Габита Мусрепова и его художественное мастерство. Раскрыты своеобразие творческой личности писателя, оригинальность и глубина художественного видения им действительности. Анализируя произведения писателя в когнитивной системе его творчества, авторы показали тесную связь поэта с художественно-эстетическими традициями народа, его новаторство. Пристальное внимание уделено на стилистические особенности художественных средств, использованных в произведениях, которая дает возможность учитывать неповторимое своеобразие, самобытность художника слова, грани его таланта. Выявляется значение национально-познавательных лингвокультурных образцов, образность художественных средств и приемов,

употребляемых автором. Также исследуются семантико-стилистические функции лексических пластов, отличительное своеобразие тропов при создании художественной картины мира. Проанализирована языковая картина мира в творчестве писателя как способ кумуляции национальной культуры. Авторами доказаны индивидуальность писателя и особенность использования лингвостилистических приемов в передаче образов-персонажей, в описании пейзажа. В заключении авторы приходят к выводу широкое применение выразительных средств языка свидетельствует как о мастерстве писателя, так и отражает его языковую личность.

**Ключевые слова:** художественная новизна; творческая личность; выразительность языка; национальные особенности; авторское использование; идея произведения.

**Abstract:** In modern Kazakh linguistics there is a need for the conceptual analysis of fiction based on the national and cultural knowledge. Therefore the linguistic knowledge of the prose by the writer Gabit Musrepov, that played a big role in the formation of national character is of great importance. In the given article the features of poetic works by Gabit Musrepov and his writing skills are considered, and the peculiarities of creative writer's personality and originality, the depth of his artistic vision of reality are revealed. The author showed the close connection of the poet with art and esthetic traditions of the people, its innovation, analyzing the works of the writer in the cognitive system of his creativity. Careful attention is paid to the stylistic features of the expressive means used in his works, which allows to consider the unique identity and originality of the master's words, facets of his talent. The meaning of national and cognitive linguistic culture and rheme, imagery expressive means and devices used by the author are revealed and also the semantic and stylistic features of lexical formations, the special peculiarity of tropes in creating the linguistic picture of the world are investigated. The linguistic picture of the world in the writer's work as a way of accumulation of national culture is analyzed in the article.

The individuality and peculiarity of the writer in the use of linguistic and stylistic devices to transfer images of characters, the description of the landscape are proved by the author. The author comes to a conclusion that the widespread use of expressive means of the language reflects both the writing skills of the writer and shows his language personality.

**Keywords:** literary novelty; creative personality; language expressiveness; national features; author's neologisms; the idea of literary work.

Қазақ әдебиетінің биік белеске шығуына үлкен үлес қосып, ерен еңбек еткен Ғ. Мүсірепов – ана тіліміздің ел таныған шебері. Оның зері мен өрнегі, мүдірсіз жазу мәнері тіліміздің сұлулығы мен икемділігін, бай мүмкіндігін паш етеді. Ақиқат ғұмыр кешкен, қиын-қыстау кезеңде азаматтық ер тұлғасынан айнымай, адалдықтан ауытқымай өткен абзал жазушының артына қалдырған асыл мұраларының құпия сырларына үңілу, өрнекті сөздерін саралау, тіл тарихы үшін, жаңа сапада жаңғырып жатқан ұлттық сана үшін аса маңызды. «Ғабитті мақтаудың қажеті жоқ, Ғабитпен мақтануымыз қажет» деген академик З.Қабдоловтың сөзі өмір шындығына айналып отырғаны анық. Жазушы ұлттық тіл байлығының сан-салалы қырларын асқан шеберлікпен өз қажетіне жаратумен бірге, өзіне ғана тән, қайталанбас сөз қолдану үлгілерін де жасады.

Ғабит Мүсірепов – шеберлігі шығарма сайын шырығып, шыңдала түскен, бірден-бірге өрлеп, ең шырқау биіктерге көтерілген жазушы. Оның әрбір шығармасы – көркемдік жаңалық, тың сөз, биік талғам, сонымен қатар, өзіне қояр, көркем шығармаға қояр талабы да өзгеше. Бұл ойымыздың дәлелін суреткердің «сөз сөзге не сәулесін түсіріп тұрады, не көлеңкесін түсіріп тұрады. Бізге бір – біріне сәуле шашып, құлпырып тұрған сөздер керек» деген пікірінен байқауға болады.

Әдетте әдеби шығарманың тілі туралы мәселе қозғалғанда жазушының шеберлігі қаламгердің сөз табиғатын қаншалықты түсінетіні тұрғысынан ғана емес, сол сөзді өз мақсатына сай қалай құбылта қолдануы жөнінде де болары анық. Т.Әбдірахманова: "...көңілдегі көрікті ойын сол көркем қалпында, өмір шындығын өнер айнасына жан толқытарлықтай әсерлі етіп түсіндіруде ең қажет сөзін танып, тауып қолдану шын дарын, табиғи талант иесінің, шебер суреткердің ғана қолынан келеді" - дей келіп, "шығарманың көркемдігі, ең алдымен, оның осы бірінші элементі - тіл көркемдігімен өлшенсе,...ал тіл көркемдігі дәлдік, ықшамдылық, бейнелілік, нақтылықпен белгіленеді [1, 826.]. Басқаша айтқанда, ой айқындылығы, дәлдігі, сезім сұлулығы, нәзіктік, оқиға жүйесінің суреттілігі, жинақты, ықшамдылығы – көркемдіктің негізгі шарттары" екендігін нақ басып айтқан [1, 1236].

Бұдан туатын ой – қаламгер әр сөздің жанын түсіне білу керектігі, бойындағы қасиетті тап басып пайдалану қажеттігі. Осы орайда Ғ. Мүсірепов сөз табиғатын танудан ерекше өнер көрсетеді. Х. Әдібаевтың: "Ғабит тілі сән түзеп жайқалған жасыл желекті бейнебір қалың орман. Әр түп ағаш өз қатарына тізілген, бабымен мәпелеп өсірген – қайыңы да, қарағайы да, терегі мен емені де бар сұлу, сымбатты орман, тіл орманы", - деген пікірі Ғабиттің тілінің көркемдігіне, тіл байлығына берген әділ бағасы. Қаламгердің прозалық мұралары – қазақ әдебиетіндегі өзінше бір көркемдік әлемді қалыптастырған үлкен бір белес. Бұлайша бағалауымызға Ғ. Мүсіреповтің тілі, ондағы көріктеу құралдарының қолданылу ерекшеліктері негіз болады. Мысалы: *Ел көйсе, жайлау жетімсіреп*

қалады, құс кетсе көл жетімсірейді («Ұлпан» романынан). Сөйлемдегі *жетімсіреу* сөзі «*ата-анасынан ажырау*» деген тура мағынасынан алшақ кетпеген. Мұнда қатысымдық мағына теңеу түрінде келіп, ақпараттылық құбылыс сөйлемде анық байқалады. Сол сияқты, *Күзгі көк ақырын-ақырын тебендеп, келер жылдың қамын ойланғандай ақырын жатыр* («Ұлпан» романынан). Сөйлемнің негізгі беретін ақпараты – күз мезгілі. Жылдың осы кезеңі қарапайым хабарлау түрінде емес, кейіптеу түрінде ұтымды бейнеленген. Сөйлем құрамындағы бірліктерді жеке-жеке алғанда, толық ақпарат анықталмайды, тұтас сөйлем ғана жазушының когнитивті танымынан жан-жақты ақпарат бере алады. С.Аманжоловтың: «Адам баласының ой-өрісі қаншама кеңейсе, соншама ойын беру жолы көбейіп, әр түрлі құрал іздейді, көркем әдебиет, өнер осындай жолдарының көптігімен өз алдына өнер, өз алды білім саналады» деген пікірі осы ойымыздың айғағы [2,126.]. Мысалы: *Түні бойы үстін басқан қараңғылық әрең ауып бара жатқандай. Ұйлеп азнаған жел де тына бастады. Аспан ала қанишықтанып, бірлі-жарымды таң жұлдыздары көріне бастады. Түні бойы торыған өліммен осы арада қоштасып, Біржан мен Шәйза ауылға келгенде алтын күн қызарып, көкжиектен кеудесін шығарып келе жатыр еді* («Тулаған толқында» романынан). Сөйлемдердегі тың бейнелеулер арқылы таңның атуы, күннің шығуы ерекше бөлек сипатқа ие болған. Қолданыстағы *үстін басқан қараңғылық, ала қанишықтанып, алтын күн, көкжиектен кеудесін шығарып* деген суретті сөздер табиғат құбылыстарына қатысты қасиеттерді сатылай суреттеп, ғалам бейнесіне сай етіп шебер суреттейді. *Күннің көкжиектен кеудесін шығарып келе жатуы* кез-келген адамның ойына келе бермейтін ғажайып сурет.

Ғ.Мүсірепов кейіпкерлері ұлттық ерекшеліктерімен көрініп, іс-әрекетімен, мінез-құлқымен, өмірге деген өзіндік көзқарасымен дараланып беріледі. Ол жасаған образдар ерекше типтік дәрежеге көтеріліп, оқушының жадында ұзақ сақталып қалады.

Суреткер әр сөзді орын-орнына қолдана білетін, жеке сөйлемдерге, синтаксистік сөз тіркестеріне аса зор жауапкершілікпен қарайтын тұлға, нәзік сезімді сөз зергері, нағыз стилист жазушы. Жазушыны өзгеден ажыратар, өзіндік қолтаңбасын, өзіндік бет-бедерін айқындайтын осындай қасиеті оның өзіндік стилі болып саналады.

Халықтық дәстүрлі қолданыстар жазушы шығармаларының көркемдік негізін құрады десе де болады. Ғ. Мүсірепов өзінің туындыларында қазақ халқының көркемдік сөз өрнектерін ретіне қарай пайдаланып отырған. Авторлық шығармашылық ізденістер мен қолданыстар жымдаса өріліп, жазушы шығармаларының көркемдік бейнесін жасайды. Тарихи ел шежіресінің мазмұнында құрылған «Ұлпан» романында құбылысты, адамды бейнелеуде, оның болмыс-бітімі мен мінез ерекшелігін беруде жұмсалатын сөз өрнегі теңеуді ұтқыр пайдаланған. Жазушының теңеуді қолданудағы ерекшелігі – бұрыннан танымал, дәстүрлі теңеулермен шектелмей, өзінше жаңа теңеулер жасауға жиі баруы. Шығарманың өн бойынан мұндай теңеулерді молынан кездестіруге болады. Мысалы: *Ұлпаным жібектей созымды; үкідей ұлта жүнді ақ бота, аяқтары сабаудай жіңішке, көздері тостағандай сұлу-ақ; аққу жұмыртқасындай аппақ бет; күректей ақ сақалы күмістей жарқыраған қарт адам; Еснейдің өз аулы айнадай жарқыраған («Ұлпан» романынан). Еламанның моласындай таудай қара обаны қай Сибанның басына орнатып едік; жұмысқа дегенде ерттеулі аттай әзір; қорғасындай қара бұлттар; жалғыз өскен емендей; арзанды қымбаттай ажарлай біліпті; отыз екіден өрілетін қамшыдай жымдастырып, ізін білдірмей, бір алақандай бұлақ; көкжал бөрідей («Оянған өлке» романынан). Қарбыздай домалап жатқан көп бастың суретін салады; екі миығы тышқан көрген мысықтың мұртындай дірілдеп қояды; Шеген орғып шығып, сонадай барып тұр. Шеген кейде киіктей орғып, кейде балықтай бұлт етіп қалып, жалт беріп, оқыс бұрылып, еркін жүрген сияқты оқтаудай жуан қаламды қазандай үлкен қара сауыттағы сияға малғысы келіп...; үрлеген қозықуықтай; қозыдай жамырысын шулап отырады; күмістей жарқырайды; балалардың арасында ұршықтай шіріліп жүреді; қаракер ат қайыстай созылып барып...; құмырсқадай тізбектеліп көзінің жасы моншақтап кеткен; қанишықтай шапылдасқан қатындар; темірдей тиетін қос жұдырық, алақаның да ақ мамықтай; сары сақалына ақ кіргендіктен, бет-аузын балдыр басып кеткендей қарт адам екен («Қазақ солдатты» романынан).*

Кейіпкер образын бейнелегенде автор адамның сырт келбетін ғана бермей, оның жан-дүниесін, мінез-құлқын суреттейді, көріктеуіш құралдарды аса бір ұқыптылықпен қолдана білген шебер қаламгер екені дәлелдене түседі. Мысалы «Оянған өлке» романында Игілік бидің бейнесін шебер суреттеген: *Шойын кеуделі, аю жоталы, бұруге біткендей жүндес сом саусақты, қастары қыйғаш-қыйғаш біткен қара кісі – Игілік би, паң да, тәкаппар да емес. Даусын көтере сөйлегенін, бір адамға суық жүз көрсетіп, қабақ шытқанын ешкім көрген де, естіген де емес, ала көзін бір төңкеріп, қалың*

қабағын бір түйіп қалса, бұл маңайдағы елдер басына қара жамылғандай болар еді. Күреңкөз қожаның тышқанның құмалағынан жасағандай ұсақ қара тастардан тізген тәспизымен бірге барлық буын-буыны сыртылдап кетер еді.

Көркем шығармалардағы кейіпкер бейнесінен тілдік тұлғаның рухани келбеті аңғарылады. Автордың ішкі толғанысы, сезім әлемі, идеалдары, ұмтылыстары - барлығы кейіпкер мінез-құлқымен немесе іс-әрекетімен қабысып жатады. Мысалы, *Қазақ әйелінің тіршілігінде түсіне де қоймайтын, сене де қоймайтын бірнеше жайлар бар. Көшпелі елдің барлық еңбек тырбанысында әйел-еркегі бірге жүреді. Қазақ әйелі еркектен жүзін жасырып, паранжі киген емес. Келіншек болып түскенде әуелі шымылдық ішінде отыратыны рас. Бірақ «беташар» деп өлеңмен айтылатын ырымнан кейін келіншек беті ашылады, бұдан кейін жасырынбайды.*

*Ру-ру болып отыратын қазақ елінде қыз балаға ешкімнің тілі тиген емес, бірін-саран ондай сотқарлық істеген еркектер алапес болған адамдай ауыл-үйі араласа алмай «ит-кірмеде» жүреді. Ел ішінен қуылмағанымен, ол бәрібір қуғындағы адамға тең («Ұлпан» романынан).* Мәтінде автор қазақ әйелінің бейнесін кейіпкер Тұрлыбек арқылы оқырман талқысына салады. Қыз баланы жат жұрттық, үйде жүрген қонақ ретінде үкілеп өсіретінін, жалпы әйел адамға деген қазақ халқының көзқарасын, тәлім-тәрбиесін, ұлттық танымын осы сөйлемдер арқылы шебер жеткізген. Жазушы әйел жанына тән көркемдік, даналық әлемін Ұлпанның өн бойына жинақтаған. Демек, қазақ әйелінің дүниетанымы, табиғи ұстанымдары, өмір сүру болмысы басты образ арқылы танылып отырады. Автор шығармаларының өн бойында бүкіл қазақ елінің табиғатын, адамдардың түрлі қарым-қатынасын, әлеуметтік ортаның қатысымдық сипатын білдіреді. Бір елге бас бола білген Ұлпанның қайсарлылығын, іскерлігін, қара сөзге дес бермейтін шешендігін түгелдей ұлғайған теңеуді келістіре қолдана отырып айқын аңғартқан. Мысалы, *Билер тұз тағысын тосқауылдап қуатын ұялы қасқырша бірінің сөзі әлсірей бергенде, екінші біреуі іліп әкетіп Ұланды ұзақ қудаласа да бір тұйыққа әкеліп қамай алмай қойды.* Адам мен хайуанның психологиясын өзара шебер жымдастырып, естен кетпейтін бейнелі теңеу тудырған. Шығармаларының тіліне үңілген сайын жазушының білімпаздығы мен ұшқырлығына тәнті бола түсеміз. Көркем мәтінде кейіпкер тұлғасының шебер бейнеленіп, ашылуы оларды табиғи әрі сенімді етіп көрсетеді, яғни, жазушы өзінің туындысындағы кейіпкерлердің шынайылығына сендіреді.

Көркем сөз зергері Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» романындағы теңеулер қолданысы өте күрделі. Романдағы әрбір теңеу жазушының өзіндік өрнегі, өмірлік тәжірибесінің айнасы. Осыған дәлел ретінде бірқатар мысалдар келтірілік. *Жігіттер төрде отырған дәу қара шұбардың Есеней би екенін енді біліп, майлы қасықпен төбеге ұрған мысықтай жым болды.* Ғабеннің қолынан ғана келетін жеңіл әжуаға құрылған езу тартқызар жолдар. Яғни жігіттердің дәл сол жағдайдағы күйлерін көзге елестеткендейтіп көрсеткен. Жазушы шығармаларының тілдік ерекшелігі – аз сөзге көп мағына сыйғыза білуінде, ащы сарказм, юморды жиі қолдануында болып келеді.

Ғабит Мүсірепов – табиғаттың тілін терең түсініп, сөзден сурет салып, образды сөз өрнектерін тудыра білген жазушы. Көбіне пейзажды шығарманың идеясы мен характерлерді ашуда пайдаланған. Қаламгер шығармалары - үнемі табиғатпен, өзі өмір сүріп отырған қоғаммен, өмірдегі болып жатқан сан қилы оқиғалармен тонның ішкі бауындай қабысып жатқан дүниелер. Оқырманын ойлантуға, сендіруге мәжбүр ететін, сезімге жетелейтін айрықша байланысты көреміз.

Автор табиғаттың тылсым құпия сырларын суреттеуде тілдік элементтерді ұтқыр қолданып, сөз оралымдарын еркін ойнатып жұмсайды. Табиғат суреткер шығармаларында адаммен байланыстырылып жанды бейне, динамика ретінде алынады, оларды бір-бірімен байланыстырып тұтастай гармония жасайды. Жазушы өзіндік түйсігімен, түсінуімен, қабылдауымен, талғампаздығымен тереңдетіп береді және сөз-образдарды шебер қолдана біледі. Оның табиғат туралы қай өлеңін оқысақ та, жанды бейне көз алдымызда сөз кестелер арқылы өріліп, сурет-образ болып саұталып қалады. Мысалы: *Жалпақ жатқан Ақ Жайық есінегендей гана леп береді. Жоғары жағы көк қорғасындай ауыр толқиды да, теңізге құлар саға жағы күнге шағылысып, жалпақ күміс айнадай жарқырайды. Орал тауының алтындай жарқырайтын мысы мен күмісі аралас тарам-тарам тамырлары бар шағала тас ..., кей жері сұрғылт, кей жері көгілдір тартқан тас айнадай жалтылдайды; бет-аузы табақтай жалпақ, қатпар-қатпар, қара шұбар...*

Қаламгер табиғатты бейнелегенде, образдарды сомдағанда теңеулерді қайталамай, өзгертіп, ажарлау, айшықтау тәсілдермен орайластыра береді. Ол табиғатты суреттеуде құрғақ, сылдыр сөйлем құрамайды, алдымен өзі тебірене толқып алады да, сол тілсіз сезім тілімен сөйлейді. Мысалы, *«Күн күлімдеп тұрғандай ашық. Көгілдір аспан күндегісінен гөрі көбірек көтеріліп кеткендей биік сезіледі.*

Түнде жауған ұлпа қар барлық дүниені ақ жібекпен орап алыпты. Жас қайыңдар ақ зелен жамылған әдепті келіншекке ұсап тәжім етердей иіліп тұр. Аққа оранған шілік түбінен дыр етіп ақ құр ұшқанда бұтаққа қонған ұлпа қар оңай ұшқындап кетеді де, ақ құр қанатынан шілік бұтақтарына кір жұғып қалғандай сезіледі» («Ұлпан» романынан). Табиғатты алдымен күлімсіретіп алып, содан соң оның көркемдігін, сұлулығын оқырманға жеткізу мақсатында лингвомәдениеттік нышандардықиыстыра жұмсайды. Әсіресе, *Жас қайыңдар ақ желең жамылған әдепті келіншекке ұқсап тәжім етердей иіліп тұр* деген сөйлемде автордың жас қайыңды иіліп тұрған жас келінге теңеуі ерекше бір рең әдемілігін, қимыл әсемдігін айшықтап ұлттық бояу берген. Қазақ келіншегінің әдепті қылығы, үлендерге сәлем берудегі ибалығы табиғат суретімен әдемі үйлестірілген. Қаламгердің қай теңеуін алсақ та жалаң алынбай, күрделі, ұлғайған түрінде жұмсалады.

Қай кезде де жазушы пейзажды суреттей отырып, табиғаттың әсем көріністерін адамдардың іс-қимылымен бірлікте, үнемдеп, дәлдеп беруге талпынған. Көбіне табиғатты шығармаларының идеясы мен характерлерді ашуда пайдаланған. Пейзажды суреттеуде жазушы алдына жан салмайды, кез-келген образды жолдарға үнілген адам көзбен көріп, қолмен ұстағандай керемет бір әсер алады. Мысалы, *Сұрғылт аспан астары жыртылып, кір мақталары салбырап кеткен көрпеге де ұқсап кетеді. Жалба-жұлба сұрша бұлттар төмен жүр. Жазғы, айқын көк түсінен айрылған аспан кейде үсті-басын қар басып қалған тауға да ұқсап кетеді. Теңіз бетін буылдыр бір тұман басып, теңіз суы қара-қошқыл тартып, қорғасындай ауыр сезіледі.* («Қазақ солдатты» романынан). Келтірілген сөйлемде күздің бір көңілсіз шағының өзін ажарлап берген, әсіресе, елімідің солтүстіктік өңірінің әдетте бұлт басып тұратын сұрғылт аспанын суреттеу тәсілі қайран қалдырады, сөз зергерінің байқампаздығы мен талғампаздығынантерең әсер аламыз.

Табиғатты бейнелеуде қаламгер поэтикалық сөздерді шебер қолданған. Әсіресе рең әдемілігін беруде, қырдағы ауыл көрінісін беруде оқырманын ертіп, еліктіріп әкетеді. Мысалы, *көнді жердің бидайығы бас жарып, үлгідегі шашақтана бастапты; мың түрлі асыл шөптер гүл атып, қызылды-жасылды шұбартып жатыр; әр жерге топталып өскен тікендер алтындай жарқыраған сары гүлдерін төгіп тұр; балғын көктем бар ажары мен мырзалығын төге салған қалпында тұр.* Келесі мысалда табиғат тіпті ажарлана түскен: *Күн жаңа ғана көтеріліп келеді. Жазғытұры кең бейіл дүние шыққа малынып, маужырап тұр. Бармақ басындай қара ала аралар үлбіреген гүлдердің төсіне қонып, солқылдата сорып бал жинап жүр. Ат тұяғының жапырып кеткен балғын көк шөптеріне жаның ашынғандай. Жал-жал болып біткен қалың орманды, қатра топырақты құйқалы жер. Көлдер де көп. Көл бетінде шомылып болып айнаға қаранып, сыланып отырған аққу-қаз су бетіне түскен сәулелерімен сұлулық салыстырып, сырласып отырғандай. Жайылымынан қайтқан мыңдаған үйректер суылдап келіп көлге қонады. Қыбыр-қыбыр, жыбыр-жыбыр сырласады да қайта ұшады. Оттады – тойды, су ішті – қанды, енді қамысты, томарлы көлдерді сүзе ұшып жүретін албасты қаралар бар ғой, солардың өзі нағыз арамы доңыздар. Сақалды бастармен боз торғайдың жұмыртқасын да шағып жейді...» («Оянған өлке» романынан). *Шаңқан шілденің аяқ кезі болар деймін... Пісіп қалған ақ селеулер баяу теңселіп, үкідей бұлғаңдап, кейде жұмсақ қана тізеден сипайды да, кейде инесін қадап алады. Сипағанда талғамай сипаса, инесін қадарда екі сирақтағы жарға мен жарықты тауып алып қадайды. Адыр төбелер арықтаған түйедей, жалаңаш, құбақай тартып, жансыз сұлап жатқандай көрінеді* («Қазақ солдатты» романынан). Берілген сөйлемдерде әсем көрініс, жеңіл әжуа, дарынды қолданыс байқалады. Ғ.Мүсірепов стилінің ұйымдастырушы орталығы өзі, суреттеліп отырған табиғатты өзінің қатысуымен баяндайды. Ғабиттің орманы мен даласы болсын, желі болсын, теңізі болсын - бәрінің де мағыналық бояулары көңілді оята біледі. Үзіндідегі қарапайым сөздері, теңеу, эпитет, кейіптеу сияқты көркемдік құралдарыайналасына жан бітіріп, әрбір сөйлемі табиғат образын жасауға қатысып тұрады.*

Қаламгердің образды жолдарына қайта оралайық: *Кәрі Каспийдің ауыр теңселіп, жардан биік толқындары теңіз жағасын арсылдай ұрып, долданып жатқан бір кезі болу керек. Ауыр-ауыр ыңырану естіледі. Алыстан жымың қағып, шағыра беретін қала оттарына да жақындап келем. Теңіз біресе ауыр күрсінгендей, біресе жалқау есінегендей болады. Мана теңіз үстінде көтерілген ауыр қара тұман енді көрінбей кетті.* («Қазақ солдатты» романынан). Теңіздің құдіреттілігін, тұңғыық тылсымын осы бір суретті жолдарымен күшейте түскендей. Бір қызығы, суреткердің бірде-бір сөзін жеке алып талдауға болмайды, ол контекспен астасып, жанды құбылысқа айналып кеткен.

Тағы да Ғабене зер салайық: *Жайықтың таңертеңгі түюлі қабағы түгел жадырап, төсін күнге тұтас тосып, күлімдеп жатқандай сезіледі. Таңертеңгі қатты толқындар өзен түбінің лайын қопарып жатқандай еді, енді толқын баяулап, жағаның қызғылт құмын меруерттей жуып жатыр.*



Өзеннің екі беті де балықтай шолпылдаған бала. Әріректе ақ шағаладай шуласып әйелдер де суға түсіп жатыр. Ыстықтаған иттер де өзенге келіп түсе бастады. Таңертеңгі тұнжырап көрінген қоңырқай қаланың ажары кіріп, еңбек үндері біріне-бірі қосылып, үлкен бір гүрсіл-дүрсілге айналыпты. Кеше менің теңіз демалысы дегенім, бүгін қала демалысы сияқтанады. («Қазақ солдатты» романынан). Кейіптеу арқылы автор жансызға жан беріп, тілсізге тіл бітіреді, шығармадағы оқиғаға табиғатты үнемі қатыстырып отырады. Оқырманын өзімен ертіп, еліктіре түседі. Ауыл көрінісі құдды бір көз алдында өтіп жатқандай әсерге бөленесің.

«Көркем әдебиетте сөз тұлғалы болумен бірге теңемелі, бейнелеулі болсын. Әр сөз әрі тұлғалы, әрі бейнелі болса, көркемдік содан туады», - деп жазушының өзі айтқандай, Ғабит Мүсірепов қазақтың құнарлы сөзін, танымды өмірін шығармаларында барынша жарқырата айшықтайды.

1 Әбдірахманова Т. Қасым Аманжоловтың поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 1976. – 295 б.

2 Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. – Алматы: Ғылым, 2002. – 368 б.

3 Мүсірепов Ғ. Күнделік. – Алматы: Ана тілі, 1997. – 288 б.

4 Мүсірепов Ғ. Таңдамалы. Үш томдық. – Алматы: Жазушы, 1980. – 592б.

ӘӨЖ: 821 512 122. 0

### С.Сыздықов

Қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, Абай атындағы ҚазҰПУ

## А. СЕЙДИМБЕКОВТИҢ «БҮРКІТ» АТТЫ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ӘНГІМЕСІ

(ұлттық мінез мәселесі)

**Түйіндеме:** Жалпы жазушы А.Сейдімбек өзінің осы әңгімесінің жанрына этнографиялық деген анықтама береген. Сонымен қатар осы әңгімеде бой көрсеткен құсбегілікке қатысты қаншама ұғымдарды көргенде әңгіменің танымдық-энциклопедиялық мәніне бойлайсыз. «Бүркіт» әңгімесінің терең мазмұнынан байқағанымыз, автор сыр көз бақылаушы ғана емес, өзі де құс ұстаған сыңайлы. Әңгіме құс баптаудың инструкциясы немесе энциклопедиясы сияқты. Шығармаға жанрлық анықтаманы жазушы өзі береді.

Аңшылық қазақ халқының ертеден бойына сіңген ата кәсібінің бірі екен. Қазақ үшін аңшылық тек қана кәсіп емес, үлкен өнер болатын. Сондықтан қазақ аңшылыққа құрметпен қараған, бірақ жапай бәрі аңшылықпен айналыспаған. Қазақ арасында аңшылықтың кең тараған түрі – аңды бүркітпен аулау, бүркіт ұстап саятшы болу. Жазушы бүркітке қатысты нәрсенің барлығын тереңдете зерттегені этнографиялық әңгіменің әр жолынан байқалып тұрады. Біріншіден, әңгіме жанрына «этнографиялық» деген анықтама қосылып тұр. Екіншіден, табиғат аясындағы нақты бір құстың «өмірбаяны» баяндалғандықтан онда натуралистік элементтердің болуы заңды құбылыс. Жазушы бүркіттің ұя салу өнерін терең таныммен талдаған. Оның бірнеше ұя салуын қандай да бір ғылыми еңбектен таппайсыз. Бүркіт ұстау, құсбегі болу қазақ мінезінің өрлігінен хабар береді.

**Кілт сөздер:** құс, баптау, ата кәсіп, этнография, бүркіт, құсбегі.

**Аннотация:** Писатель А.Сейдимбек определяет жанр своего рассказа как этнографический. Это закономерно, так как в рассказе дается много понятий, связанные с обучением ловчих птиц охоте, раскрывающие познавательную-энциклопедическую суть произведения. Знакомясь содержанием рассказа «Бүркіт» можно с уверенностью предположить, что писатель не только наблюдает со стороны, но он сам является приручителем птиц к охоте. Охотничество – древнее исконное занятие казахского народа. Для казахов охотничество являлся не только промыслом, а большим искусством, и поэтому не все занимались этим. Одним из видов охоты, распространенный среди казахов-охота с беркутом. Из каждой строки этнографического рассказа чувствуется насколько глубоко изучены и исследованы писателем все, что связано с беркутом. И поэтому часто встречающиеся натуралистические элементы в описаниях полной «биографии» конкретной птицы, является закономерным. Писатель с глубоким знанием анализирует искусство обустройства гнёзд у беркутов. Ни в одном научном труде не дана ценная информация об обустройств беркутом сразу несколько гнёзд. Традиция охоты с беркутом, быть охотником-беркутчи характеризует самобытность национального достоинства и благородный нрав казахов.

**Ключевые Слова:** охота, беркут, этнография, национальный самобытность, искусство, гнездо.

**Abstract:** A. Seydimbek writer defines the genre of the story as an ethnographic. This is natural, since the story is given a lot of concepts related to teaching falconry hunting, revealing the essence of cognitive-encyclopedic works. Know the contents of the story «Byrkit» you can safely assume that the writer is not just watching from the side, but he is domesticator of birds to hunt. Game hunting-the ancient aboriginal occupation of the Kazakh people. For Kazakhs Game hunting was not only fishing and lots of art, and therefore not all have done so. One of the types of hunting, common among Kazakhs - hunting with eagles.

Of each line ethnographic story felt how deeply studied and researched writer all that is involved with eagles. And so often met naturalistic elements in the descriptions complete «biography» of a particular bird is natural. Writer with a deep knowledge of the art of analyzing everything from eagles nests.

The tradition of hunting with eagles, to be a hunter berkutchi characterizes the identity of national dignity and noble character of the Kazakhs.

**Key words:** hunting, eagle, ethnography, national identity, art, jack.

Жазушы Акселеу Сейдімбектің «Бүркіт» этнографиялық әңгімесі оның басқа әңгімелерінен ғана емес, жалпы қазақ әңгімелерінің ішінде өзінің даралық стилімен айрықша дара тұрған шығарма. Шығармаға жанрлық анықтаманы жазушы өзі береді. Этнографиялық әңгіме деп атайды. Және, атақты қазақ жазушысы Мұхтар Әуезовтің өлең жолдары мен халық жұмбағын эпиграф іспеттес қылып алған. Сол арқылы халқымыздың мінезіндегі ерекше бір қасиет аңшылыққа назар аудартады: «Көл-көсір сары даланы сахна еткен ата-бабамыз тек қана малдың ізіне ерумен ғұмыр кешкен жоқ. Көңіл құмарын қандыарлық талай-талай қызықты да таба білген. Сол қызықтың бір ұшығы аңшылыққа да байланысты. Жүйрік ат, қыран бүркіт, алғыр қаршыға құмай тазы, айлалы сұңқар, болат қақпан, түзу мылтық сияқтылардың қай-қайсысы да өзіндік сырға толы тамашасымен әркімді-ақ еліктіре білген. Жай еліктіру емес, жаны сергек ер жігіттің сенімді серігі, қиындыққа толы өмірлерінің бір мезгілдік арашасындай да болды. Сондықтан да қазақтың тіршілік салтында қысқа күнде қырық алып, қоржын толтырып, «үйірімен үш тоғыз» олжа байландырар ең сүйікті кәсібі осы аңшылық.(1,82).

Аңшылық қазақ халқының ертеден бойына сіңген ата кәсібінің бірі екен. Солай бола тұра жазушы аңшылыққа «қиындыққа толы өмірлерінің бір мезгілдік арашасындай да болды» дейді. Бұнда үлкен мағына жатыр. Қазақ үшін аңшылық тек қана кәсіп емес, үлкен өнер болатын. Сондықтан қазақ аңшылыққа құрметпен қараған, бірақ жапай бәрі аңшылықпен айналыспаған. Бұл бір таңсық дүниедей, көңіл шіркінді көтеретін «пай-пайы» бар дүние болатын. Алдымен жазушы неге әңгімеге «этнографиялық» деген айдар таққан, соған назар аударайық. «Қазақстан» Ұлттық Энциклопедиясының 10 томында ғалым Д.Байқонақов этнос ұғымының мәнін былай түсіндіреді: «Этнос – этникалық қауымдастық. Этнос термин ретінде б.з.б. 6-7 ғасырларда Грекияда қалыптасып, алғашқы «тайпа, шығу тегі грек емес» деген мағына берді және 18 ғасырларға дейін ғылыми айналымға енген жоқ. Қазіргі таңда этносқа өзіндік жалпы белгілері мен ерекше мәдениеті, психологиясы, тілі, сонымен қатар өз қауымы мен атауын белгілі бір аумақта тарихи тұрғыдан қалыптасқан био-элеуметтік қауымдастық ретінде баға берілген.»(2,104). Бұдан шығатын қорытынды этнос ұғымының мүлдем өзгерген мәні бүгінде адамзат санасында қалып отыр. Басқаша айтқанда белгілі бір жерде «қалыптасқан био-элеуметтік қауымдастық» этнос болып табылады. Ендеше қазақ жеріндегі қалыптасқан био-элеуметтік қауымдастық ол қазақтар. Жазушының әңгімесінде осындай терең астар бар. Сол ертеден осы жерде тұратын этностың тағы бір қыры туралы әңгіме дегенді білдіреді. Бұдан шығатын қорытынды қазақтар ертеден осы жерде тұрып, аңшылықпен айналысқан. Жазушының аңшылыққа берген анықтамасына назар аударайық:

«Сонымен бірге аңшылық саятшылықтың өзгеше жақсылығы бар. Ол—кімді болса да салқын сабырға, жан семіртер көңілділікке баулып, ерік күші мен дене күшінің үндестік табуына ықпал етеді. Аң аулауға, аңшылық құруға, оның ішінде құспен аң аулауға қатысатындардың әрқайсысының өз аты бар. Қазақ аңшылыққа өнер деп қарауында үлкен мән бар. Біріншіден түздің аңдарын қырын тастау экологиялық тұрғыдан бүкіл гармонияға зиянын тигізуі мүмкін. Сондықтан да аң аулағанда ретімен, қазіргі тілмен айтқанда экожүйеге зардабын тигізбейтіндей етіп аулаған. Оның өзінде уақытын білген. Жөн-жосықсыз қыра бермеген. Мәселен, ұстағаннан кейін тамаққа пайдаланатын аңды ұстаудың өз тәсілі бар. Егер ретімен дұрыстап ұстамаса, оның еті тамақ болмайды. Қуалап ұстаған жануардың еті қызынып, қан-жыны араласса берекесі кетеді. Ал, мезгілсіз ұстаған аңның еті көк тартып, татымсыз жеуге келмейді. Аңды құспен ұстағанда да оның тырнағынан алудың көптеген әдістері бар. Мәселен, құсбегі деген атқа ие адам, оны терең танитын маман дегенге келеді. Ол құстың жасы нешеде, оны қалай баптау керек тағысын тағылар жүздеген сауалдардың жауабын құсбегі айтқан. Мысалы бүркітші деп бүркіт баптай алатын адамды айтады екен. Ол адам сол бүркіттің қыр-сырын түгел білуі қажет. Ол туралы жазушы Акселеу Сейдімбек осы этнографиялық әңгімесінде былай суреттейді: «Қазақ арасында жыртқыш құстардың әр түрін қолға үйрету дәстүрі болған. Солардың ішінде ең бір қасиет тұтатын қыраны - бүркіт. Бүркіт деп қазақ аңшылары жыртқыш құстардың ішіндегі аса тектісін, адам қолына, тез үйренгіш естісін атаған. Сонымен бірге қайратына сай беттілігі, жүректілігі, қиырдағыны тез сезетін көргіштігі де өзге құстарға қарағанда

бүркіттің ерекшелігін көрсетеді. Көп ретте қыран бүркіт деп аталуының өзі сол қырағы көрегендігінен, шалымды алғырлығынан болса керек. Қазақстанда бүркіт ұясы көбінесе Алтай, Тарбағатай, Алатау, Көкшетау, Шыңғыс сияқты сілемді тауларда, сонымен бірге орманды алқаптарда әсіресе, биік қарағайлы, үйеңкілі жерлерде кездеседі. Қазақ құсбегілерінің қолға түскен бүркітті «ой құсы» немесе «қыр құсы», «таулы жердің құсы» деуі де осыдан»(1,85). Сол бүркіттің мекендейтін жеріне қаратып та ажыратады екен. Алып қазақ даласы ұлы құстардың мекені. Қазақ арманын қашан да қыран құсқа балаған. Қазақстан Республикасының жалауында қыранның бейнеленуі тектен тек емес. Қазақ халқы асқақтықты, кеңістікті жақсы көреді. Құстың тұрқы, оның қандай құс екенін де жазбай таныған. Соған қарап оны баптауға бола ма, болмай ма деген шешімге келіп отырған. Қандай бүркітті қазақ аңшылары баптаған дегенде аса тектісін, адам қолына, тез үйренгіш естісін, сонымен бірге қайратына сай беттілігі, жүректілігі, қиырдағыны тез сезетін көргіштігі де аса маңызды роль атқарған. Қыран құстың түр сипатын жазушы былай бейнелейді: «Таулы жерді мекендейтін бүркіттердің тұлғасы кесек, көлденеңі ауқымды-иықты, аңғары (екі аяғының арасы) алшақ, жауырыны сыртқа теуіп, мойын жүні мен балақ жүні салалы болып келеді. Тек бітім тұлғасы ғана емес, сыртқы түр түсінде де өзіндік ерекшеліктері бар. Мәселен, қыр құсының жүні қара барқын тартып, бойындағы ақ теңбілдері ерекшелене, айқын көрінеді. Әсіресе, екі иығы мен құйрығының ағы мол болатындықтан көзге ұрып тұрады. Ал ой құсы өзінің ықшам, жинақтылығымен көз тартады. Жапырақтары сүйірлене жымдасып, жалпы түр-түсі сар бұйра мәрмәрдай мінсіз көрінеді. Егер оның таранып сыланғаннан кейінгі тұғырдағы сабырлы кейпіне зер салсаңыз шебер мүсіншінің қолынан шыққандай ғаламат бір мінсіз тұлғаны көрер едіңіз. Тек қана ақаусыз сұлулық емес, сонысына үндес ұлы сабыр мен жалтақсыз жігерді, тек өзіне ғана жарасатын пандықты көрер едіңіз. Ой құсы денесінің ықшам, жеңіл бітуі далалы, орманды жерлерге бейімделген болса керек.

Қазақ құсбегілері ұстаған бүркіттердің «Алтайдың ақиығы», Қарағайдың қызылбалақ сарысы» немесе «Қанішер қара», «Түменнің сары құсы» деп аталуы да жаңағыдай мекен-жайына қарай қалыптасқан бітім ерекшеліктерінен туған»(1,85).

Жазушы бүркітке қатысты нәрсенің барлығын тереңдете зерттегені этнографиялық әңгіменің әр жолынан байқалып тұрады. Мәселен, өскен жеріне қатысты берілген поэтикалық атаулардың өзінде биіктік, асқақтық бар. Мәселен, «Алтайдың ақиығы» деген атау бүркіттің Алтайдан екенін білдірсе, екіншіден асқақ атау, биік пафос. Жазушының тілі көркем, сол аңшылық өнерді терең игергенін байқатады. Мысалы, қыр құсын түстегенде «жүні қара барқын тартып, бойындағы ақ теңбілдері ерекшелене, айқын көрініп тұрады» деуі қаншалықты құсты терең білетінін көрсетіп тұр. Жалпы ұлттық характер дегенде ерекше бір детальды атап кетуге болады. Ғылымда «бейсаналық» деген ұғым бар, яғни, адам мақсаттамайды, дегенмен сана оған айтқызады. Сондай бір ерекше көркемдік фактор осы шығармада да көрініс тапқан. Ол характер мәселесі. Оның өзі құсқа қатысты айтылған: «ұлы сабыр мен жалтақсыз жігерді, тек өзіне ғана жарасатын пандықты көрер едіңіз». Бұл құстың түр сұлулығы емес, «мінез» сұлулығы. Шығармада суреткер характер мәселесіне ерекше мән беретіні осындай көркемдік детальдардан байқалып тұрады. Алған тақырыбын жазушы алдымен соншалықты терең зерттеп алады. Қыран бүркіттің ұя салып, балапан басатын сәттерін қандай дәлдікпен бере білген. Соған назар аударайық: «Тау бүркіттері ұясын биік құзға, қанаттыдан басқаның өресі жетпейтін жалтыр беттегі кемерге салады.

Ой бүркіттері биік қарағай, үйеңкі, кейде сексеуілдің де басын ұялай береді. Ал үңгір, ін өзеннің жар қабағы сияқты арзан орындарды сірә да мекен етпейді. Мекен ету былай тұрсын, қанат бүгіп аялдамайды да.

Бүркіт ұясы ірі шөмшектерден салынғандықтан ұя ортасына ши, өлең шөп төсесе де жайсыздау болады. Ұя көлемі бір жарым, екі метр болып келеді.

Бүркіт ұя басарында таулы жер болсын, орманды жер болсын араларын бір, бір жарым шақырымнан бірнеше ұя салады. Кейін жұмыртқалар шағында солардың бірін ғана мекен етеді де, артық қалған ұялар аталық, шәулі бүркіттің еншісіне, иелігіне тиеді. Балапаны қара қанат болып, ұшуға баулынған шақта әлгі ұяларды бірінен соң бірін жаңа өріс, жайлы қоныс етеді. Бүркіт жұмыртқасының түсі ақшыл болады. Ұзыны – 59-71 миллиметр, салмағы 95-100 грамм тартады.

Бүркіт балапаны бір жарым ай жұмыртқада, екі ай бес күн, екі ай он күн ұяда болып, август айының ортасына қарай ұядан ұша бастайды. Осыдан сентябрь, октябрь бойы енелерінің баулуымен жүреді де, онан әрі өз бетімен аң ұстап жеуге жарайды. Қазақ құсбегілерінің дәстүрінде сары ауыз балапан кезінен қолға түсіп, дұрыс бап көрген бүркіттер (оны «қол бала» деп атайды) январь, февраль айларында түлкі алуға шамасы келеді»(1,86).

Жазушы бүркіттің ұя салу өнерін терең таныммен талдаған. Оның бірнеше ұя салуын қандай да

бір ғылыми еңбектен таппайсыз. Ал, Аханның әңгімесінде қатарынан бірнеше жерге ұя салуы қолмен қойғандай етіп талданған. Балап басу салты, ұя жасау реті, тіпті неден жасалатыны бәрі терең түсіндірілген. Тіпті көркем әңгімесінде ғылыми стильді қолданатын сәттері де жоқ емес. Мәселен, түр түсі ғана емес, оның салмағы, оның ішінде балапан қанша шайқалады, ұяда қанша болады, басқа ұяларға қай уақытта өрістейді барлығы ыждаһаттылықпен суреттеледі. Бұл ғылыми стильге жақын тіл қолданыс, әрине бұндай көркемдік шешім нақты осы шығарма аясында ретті деп ойлаймыз. Біріншіден, әңгіме жанрына «этнографиялық» деген анықтама қосылып тұр. Екіншіден, табиғат аясындағы нақты бір құстың «өмірбаяны» баяндалғандықтан онда натуралистік элементтердің болуы заңды құбылыс. Келесі кезекте сол аңшы құсты қалай аулау керек, яғни, ұстау керек соны тарата түсіндіреді:

«Түз қыраның қолға түсірудің қазақ құсбегілері арасында әр түрлі әдісі белгілі. Олар: аумен ұстау, тор жаю, тояттатып алып тұтқиылдан басып қалу, шеңгелдестіру, ұядан алу.

Аумен ұстау үшін көзі кең, биязы жіпті торды елсіз далаға құрады. Ол үшін қабықталған бес-алты талды жерге әлсіздеу қазап, тормен қоршайды да, ау ортасына мықтап қазық қағады. Қазыққа тірі түлкі немесе қоян, кейде бір-екі тауық байлайды. Қиядан көріп, құдия түскен бүркіт төбесі ашық тордан еш уақытта тік көтеріліп ұшпайды. Жүгіре көтеріліп ұшамын дегенде торға оралады.

Тор жаю әдісі көбіне қыс айларында қар түскен соң қолданылады. Ол үшін қар түстес ақ шаққан торды қар үстінен бір метрге жуық биіктікте кере құрады да, астына тірі түлкі немесе қоян байлайды. Бұған сорғалап түскен қыран аяғын торға шалып алады. Солқылдақ тор бүркіттің аяқ тіреп, серпіле ұшуына кедергі жасайды.

Тояттатып ұстау үшін түз тағысының аңға түскен немесе жас жемтікке қонған сәтін аңду керек. Ол үшін ілкімді, ұшқыр атқа мініп, әбден мелдектеп тойған бүркітке ең ұрымтал деген иек артпадан тұтқиылда қосылып береді. Күн желтең болса жел жағынан шықса, тойған құс ыққа қарай жүгіргенде бөтегесімен жер соғып, көтеріліп кете алмайды. Ұшқыр атпен төніп келген бетте құс үстіне шапан сияқты киімді жаба салу керек.

Ал шеңгелдестіру үшін қол құсын, қолға үйренген бүркітті түз қыранына салады. Ол үшін қол құсының балақ бауына түлкінің жон терісін, немесе бір санын қызарта байлап қоя береді. Әрине, түз құсының бойын көріп барып жіберу керек. Сонда үй құсы өз тектесімен парлап ұшуды аңсап көтерілсе, түз құсы оның аяғындағы жемге құдияды. Мұндай жағдайда қос бүркіт сөз жоқ шеңгелдесіп жерге түседі. Бүркітті ұядан ұстау үшін аңшының көп еңбегі, әдісқойлығы, ептілігі қажет. Ол үшін құстың мекен жайын, қонатын мезгілін әбден бақылап алып, тор, тұзақ, шаппасына кигіз салған қақпан тағы да басқа әдістер арқылы қолға түсіреді»(1,87).

Міне, құсты қолға түсірудің қаншама әдіс-айласы бар. Мәселен, тояттатып ұстау аңшыдан қандай шеберлікті талап етеді десеңізші. Бұл құстың сырын білетін, оған ұшқыр атты даындай білетін көшпенділік мәдениет қажет сияқты. Басқаша айтсақ, аттың құлағында ойнарлық шеберлік керек. Сондай-ақ, құсты шеңгелдестіріп ұстау үшін қандай өнердің қажет екені көрініп тұр. Алдымен сенде қолға үйретілген құсың болуы қажет. Дәл уақытын тауып қол құсты қызыл байлап ұшыру, түз құсымен қол құсының шеңгелдесуіне ыңғай келтіру оңай шаруа болмаса керек. Бұл нағыз өнер. Сондықтан қазақтар құсбегілікті кәсіп дегеннен гөрі, өнер деуге ыңғай танытады. Өйткені, бұл салада шаруақор болу аз, сонымен бірге оның нәзік қырларын терең түсіну қажет. Ал, ол құсты ұстау үшін қаншама күш-жігер қажет болса, ұстаған құсты баптауға ыңғайлау да оңай шаруа емес. Енді соны суреткер этнографиялық әңгімесінде қалай баяндайды, соған назар аударсақ:

«Ұясынан ұстамай, тор, тұзақ құрып немесе басқаша айла тәсілмен ұстаған ересек бүркітті кез келген адам үйрете алмайды. Түзден ұстаған құсты үйретіп адам құстың сырына қаның, ерекше шыдамды, ерінбейтін ерік күштің иесі болу керек. Түз құсын қолға түсісімен томаға кигізбей үйретуге болмайды. Томаға кигізген соң да екі-үш күн ұйықтамай қарсылық көрсететін қиқарлығы болады. Ондайда ырғаққа (тербелмелі әткеншек етіп байланған жұмыр ағаш) отырғызып, ұйықтатпай жеңіп үйретеді. Яғни екі күн болсын, үш күн болсын құс қарсылығын қойғанша қажымай бірге болған абзал. Соның бәрінде үнемі сылап-сипап, жанасып, ерекше ықылас көрсете, дыбыс шығарып отырған жөн. Мәселен, еркелеткенде «Бопым-бопым» десе, шақырғанда «па-па» немесе «кеу-кеу», деп үйретеді қазақ құсбегілері.

Құс әрі ұйқыдан, әрі аштықтан шаршап, қажыған шақта қарсылығы азайып тыныштала бастайды. Сипаса да жақтыртпай, қозғалақтап, ысылдап, сақылдауын қояды. Осы шақта жемді қолдан беріп үйретудің де пайдасы көп. Құстың алғашқыда өздігінен етке ұмтылмайтын әдеті болады. Ондайда бір жапырақ етке қант бүркіп, асатып жіберсе үйреніп кетуі оңай.

Бапкер, аңсақ, саятшы құсбегілер қолға түскен құсты түн ортасында тұрып айналып-толғанып

ықылас көрсетіп, сылап-сипап қайтады. Бүркіттің иесіне әбден бауыр басуы үшін мұндай ықылас қажет-ақ. Қалың тобыр ішінен иесінің дауысын танып томағалы бүркіттің шаңқылдап қоя беруі осындай еңбектің нәтижесі болса керек. Бүркіт иесінің қолынан жем жеуге үйренген соң алыста тұрып жем көрсетіп, шақырып, қолына қонуға баулиды. Мұның бәрі құстың атқа да, адамға да үйірсек болуына әрі шынығуына бірден-бір себеп»(1,88).

Жазушы ұлттық мінез элементтерін құс мінезімен астастыра суреттейді. Құс кикарлығын бейнелегенде сол арқылы оның өр мінезінен хабар беріп тұр. Өр мінезді басынбау, оған құрмет көрсету аса көркемдікпен дәл түсіндірілген. Мәселен, бапкердің, саятшы құсбегілердің «қолға түскен құсты түн ортасында тұрып айналып-толғанып ықылас көрсетіп, сылап-сипап қайтуы» көп нәрсені аңғартса керек. Кейіннен, қолға үйренгеннен кейін құстың көпшілік арасынан иесін танып шаңқылдауы қандай ғаниебет. Осында қанша өнердің ізі жатыр десеңізші. Түз құсына ең алдымен томаға кигізуде қаншама аңшылық дәстүрдің ерекшеліктері жатыр. Ол қолға түскен құсты «көзін бақырайтып» қинамауға, керісінше сабасына түсіріп, шошытып алмай «еті үйренгеннен» соң ғана сұхбатқа шақырудың абзал болатыны көрсетілген. Қолға үйренгеннен кейін баулу үрдісі қандай болатыны да терең таныммен түсіндірілген:

«Баулу кездерінде аяғына байланған ұзын жеңіл шыжым жіптің болғаны абзал. Қазақ құсбегілері бұлай баулуды шырғаға тарту деп атайды. Ерінбей-жалықпай шырғаға көп тартқан бүркіттің қанат құйрығы берік талмай ұшатын болып жетіледі.

Жалпы, жазушы Ақселеу Сейдімбек өзінің осы әңгімесінің жанрына этнографиялық деген анықтама берген. Көркем әдебиеттің жанрлық табиғаты жағынан бұл анықтама жақын келеді. Сонымен қатар осы әңгімеде бой көрсеткен құсбегілікке қатысты қаншама ұғымдарды көргенде әңгіменің танымдық-энциклопедиялық мәніне бойлайсыз. Осы әңгімедегі бүркітті аңға салмас бұрын келетін «шырға тарту» әдісінің құсбегіліктегі орны қандай салмақты екенін байқайсыз. Шырға тарту, басқа айтқанда құстың қуатын табиғи дамуынан да артық етіп тәрбиелеу. Шырғаға тартылған құстың «қанат құйрығы берік талмай ұшатын болып жетіледі». Бұл кәдімгі олимпиядалық ойынға спортсменді даярлау сияқты нәрсе екеніне көзіңіз жетеді. Басқаша айтсақ құс тәрбиелеуде елеусіз деген дүние болмайды. Бәрі рет ретімен жүріп отырғаны жөн. Қазақта «Сабыр иманың жартысы» деген ұғым бар. Жаратушы жаратқан құс ұшуға жаралған. Сондықтан талапкер қиялына қанат байлап барып құсбегілікке ұмтылғаны жөн. Шырға тартып, қант пен құйрығы шыныққан құсты енді «далбайға түсіріп» үйрету қажет. Құс далбайға түсуге талаптанғанын байқаған құсбегі енді құсының қалай түсіп үйренгеніне мұқият болғаны жөн екен. Жазушы құстың аңға түсуінің үш түрі болатынын айтады. Соның ең қауыптысы «сыпыра түсу» екен. Құс сыпыра түскен жағдайда «жембасарын» алдырып алуы мүмкін. Сондықтан құс не шаншыла түсуі керек, не іліп түсуі керек. Бұл екеуі алдыңғыға қарағанда қауыпсіз. Дегенмен, шаншыла түсу барысында айлакер аң алдап соқса, жерге соғылып мерт болуы ықтимал екен. Ең дәстүрлісі, қауыпсізі, нағыз өнерлісі «іліп түсу» екен. Осыншама дәстүрді үйренген құсты дамыта тәрбиелеудің мәні ерекше. Соның келесі түріне назар аударайық: «Бүркітті шын аңға салмас бұрын өре салынып, ауызы тұмылдырықталған тірі түлкіге түсіріп көрудің де пайдасы мол. Мұны құсбегілер тілінде «тірілету» деп атайды. Тірі түлкіге қаймықпай түскен бүркіттің аң алуға үйренгені. Бұл сияқты бүркітті баулу әдістерінің қай-қайсысына кіріскенде, тіпті аңға салғанда да қолдағы құсты аш ұстаған жөн. Қазақ құсбегілерінің «ит иесісі үшін, бүркіт тамағы үшін» алады деуі көп жылғы тәжірибесінің қорытындысынан түйген әділ сөз.

Құсбегілер қолындағы бүркітін аңға салу үшін май, июнь айларынан бастап баптайды. Алдымен қансоқта, қызыл сияқты маңызды тамақ беріп, түлету үшін семіртеді. Бұл кезді қызылға отырғызу немесе түлету деп атайды. Құс түлегі бапты болса, аз күнде-ақ бой жүні сүзіліп, сылаланып сала береді. Ал түлек бапсыз, тамағы қуатсыз немесе мазасы болмаса құстың бой жүні жымдаспай қобырап, қауырсындары бунақталып дұрыс жетілмейді. Бүркіттің түлегі біткенде бой жүні таралып, қанат құйрығы бекем жинақы болып жетіледі. Осы кезде қайтадан арықтатып (күрт арықтатпау керек) шырғаға тартады. Ұшырып жемдейді. Бұл жаңа шыққан қауырсындарының жетілуіне топшысының берік болып шынығуына себепші. Мұнан әрі бүркітті сарытап етіп, орташа етінде ұстаған жөн»(1,90).

Жазушының осы әңгімесінде бүркітті баптаудың бір кезені де түсіп қалмаған, барлығы рет-ретімен, жүйе-жүйесімен баяндалған. Жалпы, әңгіменің терең мазмұнынан байқағанымыз, автор сырт көз бақылаушы ғана болмаған, өзі де құс ұстаған сыңайлы. Немесе, құс ұстаған адаммен бірге тұрған. Оны тереңдеп зерттеген. Осы үзіндіде келтірілген «тірілту» әдісі қандай дәлдікпен бейнеленген. Сол сияқты құсты аңға түсірер алдында қалай жемдеу керек ол да байыптылықпен баяндалған. Дұрыс

жемделмеген құс дұрыс жетілмейді екен. Ал дұрыс жемделген, бапталған құс сүзіліп, сыланып сала береді екен. Оны ұшырып жемдеудің өзі қандай нақтылық. Жазушы жалпы айтпайды, нақты айтады. Этнографиялық әңгіме құс баптаудың инструкциясы, немесе, энциклопедиясы сияқты. Бәрі рет-ретімен баяндалған. Олай дейтініміз кейіннен бүркітті түлетуді баяндауы да терең танымымен ерекшеленеді: «Бүркіттің екі жылда бір дене жүнін, үшінші жыл дегенде жал-құйрығын (қанат құйрығын) түлетеді. Бой жүнін түлету үшін қатты семіртсе жетіп жатыр. Дүр-дүр сілкінгенде жапырақтары төгіліп, түсіп қалады, Кейбір құсбегілер бой жүнін түлету үшін жылқының тамақ безін қымызға ашытып жегізеді. Бұл құстың денсаулығына жақсы емес.

Қанат-құйрығын түлету үшін өткір бәкімен ірі қауырсындарын тым түбіне жуықтатпай қырқып тастайды. Мұнан соң қауырсындардың қуыс өзегіне бөрттірген бидай немесе күкірт тығып бергі жағын мақтамен бекіте салады. Сонда бір жұмадан қалмай құстың ірі қауырсындары түсіп қалады да, оның орнына мұқалмаған көк болат семсердей жаңа қауырсын бітеді.

Қазақ құсбегілерінің қолындағы құсты тиісті бап, күйіне қарай ашықтыруы, қоялатуы (құстыру), шаятыны (ішін жүргізу) болады. Қоялату үшін бармақтай аң киізді әбден жуып тазартып майға орап асатып жіберсе аздан соң ішіндегі бар нәжісті құстырып, бірге түседі. Ал ішін шайып, ашықтыру үшін тырна жілігі нен жасалған түтіктен бір-екі рет қызыл шай жұтқызса жетіп жатыр»(1,90).

Міне, осы жолдардың өзінде түлетудің маңыздылығы ғана айтылып қоймайды. Қалай түлеткен дұрыс екені көрсетіледі. Қайсыбір түлету жолдарының құстың денсаулығына зиян әкелетінін айтады. Мәселен, құстың «бой жүнін түлету үшін жылқының тамақ безін қымызға ашытып жегізу» зиян екенін айтады. Түлетуге дайындаудың өзі өнер екен. Өйткені, барлық қырын білмесең, жаратушы аспанға ұшатын етіп жаратқан құсқа обал жасайсың. Ал, осыншама өнерді білу үшін мың жылдық тәжірибені сүзіп барып жетесің. Жазушының еркін айтып отырғанына қарағанда осы тақырпты мықтап тұрып зерттеген. Ал, сол күйі келген құсты баптау барысында ашықтыру, қоялату (құстыру), іш шайу (ішін жүргізу) сияқты ретті жұмыстарды жүргізу қажет екен. Осы тұрғыдан алғанда май асату, немесе, «түтіктен бір-екі рет қызыл шай жұтқызса» дегендер бұрын еш жерден естіп, білмеген нәрселер. Бұл әңгіме шын мағынасында халықтың қазынасы ретінде сақталары анық. Ал енді осы құсты бабына келтіру үшін, оны тамақтандыру да маңызды роль атқарады. Тамақтандыру да әйтуір жем беру емес екен. Оның да реті бар екен. Енді соған назар аударайық: «Құсбегілерден «қайыру» деген сөзді жиі естиміз. Бұл сөз құсты әр кезде әр түрлі бапта ұстау үшін оған берілетін тамағына байланысты айтылады. Мәселен, құсбегі қолындағы бүркітін қайырып, қалаған бір бабына келтіру үшін мына сияқты жемнің түрлері беріледі:

Қансоқты өлген аңның немесе малдың туралмаған, қаны сорғалаған кесек еті.

Қызыл – құстың қылғып қақшуына оңтайланып туралған қызыл ет. Мұның да қан-сөлі өзінде болады.

Тартпа – малдың немесе, аңның желкесі, толарсағы, шандыры сияқты құнары аз сіңірлі жерлері.

Сарбөртпе – туралған соң суға екі-үш рет шайып, сығып, біршама қан-сөлінен арылтқан ет.

Ақжем – майдалап турап әбден аппақ шүберектей болғанша суға шайып, сығымдап бар маңызынан айырған ет.

Тоят – құс өзі алған аңның таңын реп, тілін суырып немесе ыстық өкпесі мен жылы майын ойып жесе соны құс тояттады дейді.

Үрген өкпе немесе боз өкпе – сойылған малдың яки аңның өкпесіне пышақ тигізбей кеңірегімен қоса алып үріп қояды. Сонда өкпе маңызынан айырылып, құсты белгілі күйге түсіретін жем болып шығады.

Құсбегілер қолындағы құстың жай күйін тамыршыдай бағып, отырады да қажет болса бүркітке «ақжем» мен «бозөкпені» жүдету үшін, «тартпаны» шынықтыру үшін, «қансоқта» мен «қызылды» семірту үшін береді. Ал «сарбөртпені» құсты бір қалыпта ұстау үшін береді. Мұны қазақ «ойтамақ» деп те атайды» (1,91).

Бүркітші бүркітін дұрыс баптап қана қоймай, оны қай уақытта болмасын күтіп ұстағаны абзал. Ол үшін сол бүркітке арналған мүліктердің бәрі ойдағыдай дұрыс болуы қажет. Жазушы осы мүліктерді атап, олардың қандай болуы керектігіне аса ыждахаттылықпен назар аударған:

«Бүркітті шошымалды етпей дұрыс баптап қолға тез көндіктірудің бір шарты оған қажетті мүліктердің дұрыс жасалуынан да. Олардың атаулары мынадай:

Тұғыр – бүркіттің құйрығы жерге тимейтіндей етіп жасалған ағаш сәкі. Қазақта бүркіт тұғырын алтынмен аптап, күміспен күптеп өнер туындысындай етіп әшекейлеу дәстүрі де болған. Тұғырды шеберліктеріне қарай әр түрлі етіп жасай береді.

Томаға – құстың көзін жауып тұру үшін былғарыдан қос сай, үш сай, немесе төрт сай етіп тігетін

бас киім. Бүркіт аяғымен қағып түсірмес үшін томағаға шырт етпемен бекітілген тамақ бау тағылады. Шытыра қадап, үкілеген томаға құсқа ерекше бір көрік береді. Томағасыз құс мазасыз болады.

Балақ бау – қолға түскен құстың аяғын қатты қыспайтындай етіп кигізден сақина тігеді де, оның сыртын былғарымен қаптайды. Сол былғарыға ұзындығы екі сүйемдей ғана қайыс таспа немесе шынжым жіп тағып ұшына жеңіл шығыршық өткізеді. Балақ бау, біріншіден, қолдағы құсты тұқырта ұстап, орнықты отырғызу үшін керек. Екіншіден, тұғырда мазасыз болмау үшін, үшіншіден, желі бауды өткізу үшін қажет.

Желі бау – балақ баудың қос шығыршығынан өткізетін, басында түйін тығырығы бар шынжым жіп. Желі бау құсты шырғаға тартқанда немесе қолға жаңадан түскен бүркітті баулығанда қажет.

Бүркіт қолғап немесе биялай – жұмсақ етіп уаланған қасқыр терісінен үш саусақ етіп астар салып тіккен қолғап.

Бүркіт құндақ немесе бөлеу – талды бауырлап шабады да, дөңгелете иіп отырып екі басын біріктіреді. Сонан соң шеңбердің ішіне жиі етіп күлдіреуіш салады. Бұл кішкентай, ойыншық шаңыраққа ұқсайды. Мұнан әрі пішіп отырып дөп-дөңгелек көрпеше тігеді де, шеңбердің екі жеріне бала бесігінің тартпасына ұқсас тартпа тағады. Әдетте күнімен аңға салынған құстың қуаты азайып, кешкі салқынға шыдамай құрылдайтын кездері болады. Сондай шақта бүркіттің аяғын бауырына алғызып, бөлеуге байлап жүріп кетсе дәнеңе де етпейді.

Бүркіт балдақ немесе қолдық – құсбегінің құсы қонып отырған қолы талмас үшін сүйеп отыратын аша ауыз ағаш. Бүркіт балдақтың бір жағына бүлдірге тағылады да, ер-тоқымның алдыңғы қапталынан өткен шеттікпен байластырады.

Сапты аяқ – қысқа ғана сабы бар, жайпақ келген ағаш ыдыс.

Түтік немесе шүмек – құстың ішін шаю үшін, су беру үшін тырна жілігінен немесе ағаштан бір басын жайпақ ауызды етіп жасаған түтік.

Мінеки, құсқа қажетті мүліктердің негізгілері осылар»(1,92).

Бұл мүліктер құстың барлық жағдайына ерекше қажетті дүниелер. Егер құстың мүліктері дұрыс болмаған жағдайда ең қауыптысы құс «шошымалы» болуы ықтимал. Сол мүліктерді атасақ: «тұғыр, томаға, балақ бау, желі бау, бүркіт қолғап немесе биялай, бүркіт құндақ немесе бөлеу, бүркіт балдақ немесе қолдық, сапты аяқ, түтік немесе шүмек». Байқап отырғанымыздай бүркіттің мүліктері он екен. Соның барлығы құсқа жағымды болып дайындалуы қажет. Онсыз жоғарыда айтылғандай құстың тамағы тоқ, күйі жақсы болғанымен, ол «шошымалы» болуы әбден ықтимал. Ал енді осы құстардың жасына қарай ажыратып, оған ат қою да үлкен өнер. Жазушы назарынан бұл сәттер де сырт қалмаған: «Қазақ құсбегілері қолындағы құстың мекен-жайына, мінезіне, әлсіздік-күштілігіне, ұшқарлық-алғырлығына, сырт бітіміне қарай ат қояды. Мәселен, «Ақшегір», «Күйшіл», «Күң табан», «Шүңірек», «Кекшіл», «Садақ сан», «Ақиық», «Қанды балақ», «Сабалақ», «Шәулі», «Сарсүмбі» тағы басқаша. Бұларды құстың тегіне қарай қойылған аты дейді.

Кейде құстың атына тәрбие-бап көріп, бауыр басқан иесінің есімі де қоса аталады. Мәселен, «Тулақтың шолағы» (бұл құсты Абай ақын бес құлынды бие беріп алған екен), «Тінейдің сары құсы», «Жаяу Мұсаның көк дойыны», «Мәтімұсаның он үш құйрығы», «Шайманның сұршолағы», «Жабайдың қара шегірі» тағы басқалары.

Қазақ құсбегілері бүркіт атын жасымен де атайды. Жасына қарай бүркіт былай аталады: бір жас – балапан құс, екі жас – қан түбіт, үш жас – тірнек, төрт жас – тас түлек, бес жас – мұзбалақ, алты жас – көк түбіт, жеті жас – қана, сегіз жас – жана, тоғыз жас – май түбіт, он жас – барқын, он бір жас – баршын, он екі жас шөгел, осылайша он бес, жиырма жасқа дейін атала береді»(1,93).

Құс салуды қазақ кәсіп деп қарамаған, оған өнер деп ат қойған. Соны растайтынын осы этнографиялық әңгімеден байқадық. Құспен аңға шығуды да жай ғана құс салу деп айта салмаған, оған да қазақ ат қойған. Қансонарды қоя тұрғанда, салбурынды айтсаңшы. Сол салбурынға қатысатындардың өзін бөліп тастаған. Әрқайсысының өзінің атқарар қызметі болған. Мәне, осы туралы жазушы былай таратып айтады: «Қазақ аңшылары жүйрік ат, қыран бүркітін, алғыр тазы, болат қақпанын, қыл тұзақ, жібек торын сақадай сай етіп, айлап-апталап аңшылық құруды «салбурын» деп атайды. Салбурынға қатысқандар жасына, атағына, ақылына байлығына, біліміне қарамай міндетті түрде бүркіт иесі құсбегіне бағынады.

Құсбегі салбурынға қатысушыларды алдын-ала беске бөліп топтайды.

Бірінші, тұрғышылар бүркіт ұстап биікте тұрушылар.

Екінші, қағушылар—аң жүретін жерді тінте сүзіп қуып шығушылар.

Үшінші, тосқауылшылар – қашқан аңды ін қорымнан, таулы-тастақты жерлерден қайтарып,

жасқап тұру үшін жолын тосушылар.

Төртінші, ізшілер – аңды ізіне түсіп жүріп, бойын көрушілер.

Бесінші, қызылшы немесе бақыршылар – қоста қалып ас әзірлеушілер немесе союшылар» (1,94). Бүркіт ұстау, құсбегілік қазақ арасында өнер қабылдануының өзіндік құпиясы да бар. Құс ұстау өнер болғанда, ең бастысы баптау. Дұрыс баптауды білмесең құстың обалына қаласың, өзін күлкі боласың. Сондықтан тыныш малыңды бағып жүр, құс ұстаған өнерліге құрметпен қара. Бүркіт те бабына қарай аңға түседі. Бабы жеткен құс түлкі, қарсақ, қоян алады. Ал кейбір өжет қырандар қасқыр, киік, арқарға да түседі. Бүркіт ұстау, құсбегі болу қазақ мінезінің өрлігінен хабар береді.

1 Сейдімбеков А. Тауға біткен жалбыз. – Алматы: «Жалын», 1979. - 208 б.

2 Д.Байғонақов. Этнос. -104 бет. // Кітапта: «Қазақстан» Ұлттық Энциклопедиясы.10 том. / Бас редакторы Б.Аязан. – Алматы: «Қазақстан энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2007. - 704 б.

3 М.О.Әуезов. Абай Құнанбаев. – Алматы: Ғылым, 1967. - 390 б.

4 С.Махмұтов. Аңшылық. -388 бет. // Кітапта: «Қазақстан» Ұлттық Энциклопедиясы. 1 том. / Бас редакторы Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақстан энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2002. - 704 б.

ӘОЖ 80181 ББК 81.2.

Ордаханова С.А.

Абай атындағы ҚазҰПУ, 2 курс магистранты

## Д. ИСАБЕКОВТИҢ «ҚОШТАСУ ВАЛЬСИ» ПЬЕСАСЫ ТІЛІНІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

**Түйіндеме:** Бұл мақалада Дулат Исабековтің «Ертегі елінде немесе қоштасу вальсі» пьесасының көркемдік ерекшелігі талданып, талқыланды. Сонымен қатар мақалада драмаға қысқаша тоқталып, аталған пьесаға түсініктеме беріліп кеткен. Дулат Исабековтің пьесаларының тілі бір-біріне ұқсас, иірімді, өзінше бір өрнекпен жазылған. Соның бір дәлелі ретінде аталған пьесаны алуға болады. Осындай дәлелдеулерге сәйкес келетін Дулат Исабековтің драмаларын білмейтін оқырмандар кемде-кем. Шығармаларында драматург халықтың жай-күйі мен әділетсіз адамдардың қатігез тірліктерін шебер суреттей білген. Ұлттық характерді ашу дегеніміз – сол ұлттың қасіретін, қарекет, тіршілігін, тағдырын бүркелемей сыртқа шығару. Автор осынау аса қиын, аса маңызды күрделі мәселеге өзінің көркем туындылары арқылы жауап іздеуді мұрат тұтқан.

Дулат Исабековтің «Ертегі елінде немесе қоштасу вальсі» пьесасы антиутопиялық ойлау көріністері барлығымен құнды. Қаламгер шығармалары ішінен эстетикалық-философиялық, көркемдік ерекшелігі жағынан, сюжеттік құрылымы тұрғысынан оқшау тұратын бұл пьесаны қазақ әдебиетіндегі антиутопияның бір үлгісі ретінде зерделеуге болады. Сол сияқты, «Қоштасу вальсі» пьесасының да философиясы – ізгілікті, адамгершілікті, инабаттылықты паш етеді. Ертегі айту формасын пайдалана отырып, автор үлкендердің өздеріне өсиет боларлықтай әлеуметтік-тәрбиелік мәселелер қозғаған.

Пьесада лексикалық тілдік бірліктер: тұрақты сөз тіркестері, синоним, антоним, омоним, мақал-мәтіл, нақыл сөздер көп кездеседі. Мақалада драматургтің енді бір тапқырлығы пьеса арасына «Алдардың шайтанда алдауы» туралы аңыз әңгімені енгізуі суреттелген. Автор осынау аса қиын, аса маңызды күрделі мәселеге өзінің көркем туындылары арқылы жауап іздеуді мұрат тұтқан.

Оны автор шайтанның өз аузымен айтқызады.

**Тірек сөздер:** «Қоштасу вальсі» пьесасы тілінің көркемдік ерекшелігі талқыланып, талданған.

**Аннотация:** Дулат обсуждаясь в Этой статье "в стране Сказки Исабекова или прощаться особенность красочности пьесы вальс", обсуждался. А также в статье драматический крутенько остановившись, что давался пьесе, которая именованная, комментарий. Дулат был язык пьес Исабекова похожим, с водоворотами, по-своему один узор написанным друг на друга. Пьесу, которая именованная на разе одного довода, Того можно брать. Такой обосновывать драматический Дулат, который соответствует, Исабекова читатели, которые не знают, редко. Труды в Сочинениях драматург знал состояние и справедливость народа людей умело описывая. Открывать национальный характер сказал, - то большое горе нации, жизнь, судьбу внешней стороне выпускать. Автор очень трудно, крайне важному сложному вопросу держала то, что ищет ответ через произведения моей будочки самого, мечта. Дулат "в стране Сказки Исабекова или прощаться пьеса вальс" антиутопиялық думать ценен наличием зрелищ писатель сочинение внутренность эстетикалық-философиялық, красочность особенность сторона, сюжетный структура подход обособленно стою этот пьеса казах литература антиутопияның один образец раз позумент есть.

Как то, "Прощаться философия и пьесы вальс" - доброжелательный, гуманный, делает почтительность. Используя форму разговора сказки, автор двигал вопросы большой самим завет. В пьесе лексические языковые



единства: постоянные сочетания слова, синоним, антоним, омоним, изречение много встречают слова. В статье изображался драматург тогда внедряет одна находчивость между пьесой "То, что обманет, обманывать" о легенда разговор. Автор очень трудно, крайне важному сложному вопросу держала то, что ищет ответ через произведения моей будочки самого, мечта.

Автор заставляет сказать его устьем чертов сам.

**Ключевое слова:** Пьеса язык, драматург, стиль, сцена язык красочности.

**Abstract:** Dulat coming into question in It the article "in country of Fairy-tale Isabekov or to say goodbye feature of colourfulness play of ", came into question. And also in the article dramatic short stopping, that given to the play, that was named, comment. Dulat was language plays of Isabekov alike, with whirlpools, in its own way one the pattern written to on each other. Play, that was named on time one the reason, That it is possible to take. Such to ground dramatic Dulat, that corresponds, Isabekov readers, that know not, rarely. In this article the author takes into consideration the function of language the problem of using lingual means in the text, constructive idea of the text is closely connected to the formation peculiarities by using every word in the context. According to the author it is possible to understand the next in detail while it has concrete answer and its function to reproduce thought. Labours of katirez in Compositions a dramatist knew the state and justice people people skilfully describing. To Open national said, - that large grief of nation, , life, fate external to the side produces. Author осынау very difficult, extremely important difficult to the question a dream held what searches answer through works my of booth. Dulat "in country of Fairy-tale Isabekov or to say goodbye play of " to think is valuable by the presence of spectacles. writer composition interior, colourfulness feature side, with a plot structure approach stands isolated this the play Kazakh literature ri one standard one time braid leyre is. As that, to "Say goodbye philosophy and play of вальси" - benevolent, humane, паш does deference. Using form conversation of fairy-tale, an author moved questions large precept .

Author compels to say him a mouth devil.

**Key words:** language play, playwright, style, language colorful scene.

«Драма – шындықты шиеленіскен тартыстар үстінде айрықша тәсілдермен жинақтап көрсететін, оқиғаға қатысқан адамның сөзі мен ісі арқылы көрерменнің көз алдында қолма-қол жүзеге асырылатын күрделі жанр. Яғни, пьесаның күші де, әлсіздігі де тілінде. Драма тілі тұжырымды, қысқа, түйінді болуы шарт. Олай болса, драма тілі өзіндік ерекшелігімен маңызды, оның құрылымын, функционалды, эстетикалық қырларын құрылымдық-семантикалық когнитивтік, прагматикалық аспектіде қарастыру антропо өзекті зерттеулердің өлшемдеріне сай келеді» - деген болатын А.Тымболова өз еңбегінде [1].

Осындай дәлелдеулерге сәйкес келетін Д.Исабековтің драмаларын білмейтін оқырмандар кемдекем. Шығармаларында драматург халықтың жай-күйі мен әділетсіз адамдардың қатыгез тірліктерін шебер суреттей білген. Ұлттық характерді ашу дегеніміз – сол ұлттың қасіретін, қарекет, тіршілігін, тағдырын бүркелемей сыртқа шығару. Автор осынау аса қиын, аса маңызды күрделі мәселеге өзінің көркем туындылары арқылы жауап іздеуді мұрат тұтқан.

Д.Исабековтің «Ертегі елінде немесе қоштасу вальсі» пьесасы антиутопиялық ойлау көріністері барлығымен құнды. Қаламгер шығармалары ішінен эстетикалық-философиялық, көркемдік ерекшелігі жағынан, сюжеттік құрылымы тұрғысынан оқшау тұратын бұл пьесаны қазақ әдебиетіндегі антиутопияның бір үлгісі ретінде зерделеуге болады.

Дулат Исабековтің «Ертегі елінде немесе қоштасу вальсі» шығармасындағы Ермектің «Ертегі еліне» барған сәті антиутопиялық әлем кеңістігімен біріге түскен. Екі жазушының да кейіпкерлері өзгеше бір ортаға тап болады. Ол ортаның өмір сүру заңдылығы да әр түрлі. Кейіпкерлері де бір бөлек. Өмірдегі адамдарға ұқсамайтын, мифтік ертегіде ғана кездесетін бейнелерді ұшыратамыз.

Сол сияқты, «Қоштасу вальсі» пьесасының да философиясы – ізгілікті, адамгершілікті, инабаттылықты паш етеді. Ертегі айту формасын пайдалана отырып, автор үлкендердің өздеріне өсиет боларлықтай әлеуметтік-тәрбиелік мәселелер қозғаған. Пьесаның құрылымы жатық, ұғынуға жеңіл. Диалогтары шымыр да жұмыр, әзіл-қалжыңға жомарт. Көруге ыңғайлы, оқысаңыз ойға оралымды. Ересектер үшін де тартымды дүние. Ермек бейнесі жаңашылдығымен көңілге жақын. Жастық қиялға деп келерлік көріністер автордың көруінде табиғи хәм шынайы [2].

«Қоштасу вальсі» пьесасы туралы Мырзан Кенжебай: «Бұл шығарма сонау 1988 жылы, яғни, еліміз Ресейден азаттық алмастан үш жыл бұрын жазылған. Сөйте тұра, оны оқып отырып, мұндағы бүкіл ірілі-уақты кейіпкер дәл қазір, дәл бүгін өзіңнің қасыңда, өзіңмен бірге аралас-құралас жүргендей сезінесің. Пьесада бүгін өзіміз ғұмыр кешіп жатқан қоғамның бүкіл жақсысы мен жаманы, ауруы мен сауы көзбен көріп, қолмен ұстап аларлықтай әрі шынайы, әрі көркемдік шеберлікпен айнаға түсіргендей көрсетіледі. Мұнда адамды ата-анасынан, айрандай ұйыған отбасынан, ұлды-

атадан, қызды-анадан бездірер небір алаяқтық, мыстандық, алтындай ардақтыңды қапелімде күл-қоқысқа айналдырып жіберетін көзбояушылық пен жәдігөйлік, адамның басын алуды картоп турағаннан оңайлау көретін жендеттік дейсізбе, елін, байлығын сатқан сатқын атаққұмар патша, оны сіз ұлысыз, ең данышпансыз, сіз болмасаңыз еліміз құрылды деп әбден әумесер, мақтаншақ, атаққұмар қып қойған жандайшаптар дейсіз бе, бәрі-бәрі бар десек, соның бәрі мына біздің және біздің еліміздің кешегі кеңес заманындағы да, азаттық алдық деп әлі күндіз-түні той-тойлап жатқан бүгінгі өмірімен тіп-тікелей байланысты. Пьесадағы «құмырадағы халықты» кешегі кеңес заманында ортақ бір қазанда қайнап, пісіп жатқан өзіміз едік дейікші. Ал енді сол құмырадан шыққандағы түріміз не болды? Мұндағы басты кейіпкердің көпшілігі сол халықты жатқызып-тұрғызып, билеп-төстеп жүрген албастылар, жын-шайтандар, мыстандар, жендеттер, сиқыршы алаяқтар. Олардың көсемі атаққұмар, мейірімсіз, өзіне қарсы келген адамның басын жендеттеріне айтып қақтырып тастап отыратын сұм патша. Халық бейнесі бейкүнә, әрі ақылды, әрі қайырымды ақжүрек Ермек деген жалғыз ғана жасөпірімнің іс-әрекетімен беріледі. Осылардың әрқайсысының қылуасынан, сөйлеген сөзі мен іс-қимылынан қазіргі ел басқарғансымақ болып жүрген кейбір атқамінерлерді, байшыкештерді, ұлттық санадан жұрдай болған, басқа бір салт-дәстүрдің, әлдебір жат діннің құлына айналған мәңгүрттерді көресің. Көресің де әлгінде айтқанымыздай, Аллатағалаға қаламгер қауымының ең бір талантты, ең бір дарын иелеріне қосып беретін киелілік, сәуегейлік, көрегендік қасиеттерді Дулат Исабекұлына мольнан дарытқанына куә боласың»-деген болатын [3].

Шындығында шығарма Ермек деген ешқандай да арам ойы жоқ, тек айтқанға сенетін бейкүнә жасөпірімнің ата-анасына ренжіп үйінен кетіп қалып, мыстан кемпірмен кездесуінен басталады. Мыстандардың әлеміне, басқа ортаға тап болады. Ермек мыстанның сөзіне басында сенбейді. Мыстандар жер бетінен жоғалып кеткен, сен мыстан емессің, деген сөзіне мыстан кемпір біз ешқашан жоғалмаймыз –деп куәлігін көрсетеді. Аты-жөні Карасача. Аға мыстан «Сиқыр» бірлестігі, «Тылсым» бөлімшесі. Әрі қарай мыстан өзінен екі мың жыл кейін туған бір мыстан қыздың жақында Мыстан кемпірлікке тағайындалғанын және оның жаңа бастықтың туысы екендігін айтады. Сүйеушің болмаса көрген күнің құрысын! Мың жерден адал бол, таза бол, жүргенің сол салпақтап, -дейді Мыстан. Мыстанның осы сөздері арқылы жазушының айтпақ ойын аңғару қиын емес. Қай заман болмасын осындай әрекеттердің барлығын, Сүйеушің болса шығар асуың биік боларын Мыстанның сөздері арқылы жеткізген. Мыстандардың өмірде барлығын, қатыгездік, алдау-арбау, жағымпаздық, екіжүзділік, сатқындық осының барлығын қай кезең болса орын алып жатқан жайт екендігін драматург баса көрсеткен.

Енді пьесадағы автордың қолдаған көркемдік стиліне тоқталар болсақ. Пьесада бірыңғай мүшелер көптеп кездеседі. Оны мына мысалдардан көруге болады. *Толып жатқан тауық, түйе тауық және үйрек-қаздарға жем, су беру, олардың астын тазалау, жұмыртқаларын жинап орталыққа апарып жеткізу, ауырған құстарға қарау, тағы сондай толып жатқан қыруар жұмыстан олар үйлеріне түн ішінде ғана қалжырап оралатын; Бірде шайта боп келем, бірде жай адам боп келем, бірде кез-келген жануарға айналып, түйе, ат, сиыр, есек боп та келем. Айталық, суға жүзу, спидвей, биатлон. Сен ұлылардың ұлылығы, данышпандардың данышпаны, патшалардың патшасысың, ұлы мәртебелім. Алдыңызда Алдар елінің өкілі, аса ақылды, аса ержүрек, аса айлакер Ермек деген жас батыр тұр, ұлы мәртебелім. Лагнет атсын сені, Тсара! Сен ең барып тұрған қара жүрексің. Сені найзағай атсын! Құдайдың қаһары атсын. Жер бетінде бұдан кейін екі аяқты адамдарға аяушылық деген болмас үшін, бұл дүниеде тек перілер мен мыстандар, сайтандар мен диюлар, албастылар мен жындар үстемдік етуі үшін осы тұрған барлық харам ниет жын-шайтандар құмыраларға тығылсын!*

Сонымен бірге Д.Исабеков «*Ұлым бір сөзді қайталай берген соң адамның қадірі кетеді, сені жұрт сыйлаудан қалады*»; «*Мен қартайдым, балаңды адалдыққа тәрбиеле*»-деген өсиет сөздер мен «*Бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ*»; «*Екі көзі төрт болу*» - деген мақал-мәтелдер мен тұрақты сөз тіркестерін сөз арасында қолданып отырған.

Драматургтің енді бір тапқырлығын пьеса арасына «Алдардың шайтанда алдауы» туралы аңыз әңгімені енгізуінен көруімізге болады. Оны автор шайтанның өз аузымен айтқызады.

*«Алдар екеуіміздің ұзақ сапарға шыққанымыз рас еді. Жаяу жүріп әбден шаршаған соң мен тұрып: «Алдар! Бүйтіп жаяу жүріп екеуіміз де бірдей шаршағанша кезек-кезек шаршайық» дедім. «Қалай?» - деді ол. «Екеуіміз бір-бірімізге мінейік те ән айтайық. Кімнің әні ұзақ болса сол ұзақ мінеді» дедім. Ол келісті. Бірақ, бірінші кім кімге мінеді деп ұзақ ойландық та, кімнің жасы үлкен*

болса мінсін деп шештік. Сөйтіп, жас сұраса бастадық. Мен туған кезімді айттым. «Мен туғанда аспан алақандай, жер тоқымдай еді. Менің туған күнімде үлкен той бопты» дедім. Сөйтіп ем, Алдар-көсе ал кеп жыласын, ал кеп жыласын. «Бауырым-ай, бауырым-ай» деп екі бүйірін таянып алып қояр емес. «Не болды? – деп сұрап ем: «Ойбай, сол тойда менің кенже балам көкпар шауып жүріп аттан құлап қайтыс болып еді, сен сол баламды есіме салдың» деп тағы жылағаны. Әрең қойдырдым. Сөйтіп, ол бірінші мінді. Мінді де өлең бастады. «Әлеулай-лай» деген өлең: «Әлеуләй-ләй» деп айтып келеді, айтып келеді, айтып келеді. Бітер емес. Әбден шаршадым. Сонан соң: «Ей, Алдар, сенің «әлеуләй-ләйің» біте ме өзі?»-дедім. «Ойбай, бұл өте ұзақ өлең. Егер «әлеуләй-ләйім» бітсе «әриайдайым» тағы бар деп, «Әриайдай, әриайдай» деп әндеге жөнелгені. Сөйтіп ол мені бір ай мінді».

Әрине Д.Исабековтің пьесалары тілінің көркемдік ерекшелігін барлық шығармаларынан көруімізге болады.

«Дулат драматургиясына тән жақсы қасиет – оның халықтық колоритке, ұлттық мінез тегершіктеріне молынан назар аударатындығы. Диалогтарының оралымдығымен, юморға жомарт тапқыр тілімен дараланып жатады. Үлкен әлеуметтік сыр-сипатқа ұласар соқпалы да ойлы, тұлғалы, тұрлаулы қаһармандардың күрделі жан дүниесін жарқырата жайып салуға лайық шоқтықты драмалар тудыруға құмбыл. Қай пьесасын алып қарамаңыз – өзегі бүгінгі замандастарымыздың моральдық-этикалық кескін-келбеті»-деген болатын замандасы Ә.Сығай.

Осы сөздердің дәлелі ретінде берілген мысалдарды алуымызға болады.

Шығармада мағыналары бір-біріне қарама-қарсы антоним сөздер ұтымды қолданылған. «*Менің ойымша, не болса до соғысу керек. Не- өлім, не-өмір! (286 б)*».

Тіліміздегі синоним сөздер стийдік мәні неше алуан функционалдық сипатта қолданылуымен тығыз байланысты. Мысалы, «*Әже деме ана де*»; «*Ренжу, ашулану деген ойында жоқ*»; «*Өзі ақкөңіл, адал, есігінің алдында жалғыз есігінен басқа адалы жоқ тақыр кедей екен*»; «*Сен ұлылардың ұлылығы, данышпандардың данышпаны, патшалардың патшасысың, ұлы мәртебелім*»; «*Алдарыңызда Алдар елінің өкілі, аса ақылды, аса ержүрек, аса айлакер Ермек деген жас батыр тұр, ұлы мәртебелім!*»; «*Түрпі, жағымсыз*»;

Қорыта келе айтарымыз, сахна тілі – көпшілікке түсініктілігімен, маңыздылығымен, салмақтылығымен ерекшеленеді. Осындай шығармаларын халқына көркем тілмен жеткізе білген Дулат Исабековтың пьесалары тек қазақ жерінде ғана емес, әлемдік сахнада қойылып, жоғарғы нәтижеге қол жеткізері анық.

1 А.Тымболова Драмалық шығармалардың лингвистикалық поэтикасы «Елтаным баспасы». - Алматы 2013.

2 Интернеттен

3 М. Кенжебай «Көрегендік пен Көркемдік душарласқанда», «Мәдениет» №12 (75) желтоқсан 2012 жыл.

4 Д.Исабеков «Бес томдық шығармалар жинағы» 5-том. - Алматы, 2003.

Суимбаева С.С.

«М012100- қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі  
қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 1 курс магистранты

## АБАЙТАНУШЫ – ҚАЙЫМ

**Түйіндеме:** Ғалым Қайым Мұхамедхановтың есімі абайтанушы, ұстаз, профессор, жазушы, драматург, ақын ретінде тек Қазақстан мемлекетіне ғана емес, бүкіл әлемге танымал.

**Резюме:** Имя Каюма Мухамедханова – ученого, абаевода, педагога, профессора, писателя, драматурга, поэта – известно всему Казахстану и далеко за его пределами.

**Abstract:** Name of Kayum Mukhamedkhanov popular not only for Kazakhstan and also to other countries as a scientist, searcher of Abay, teacher, professor, writer, playwright, poet.

**Кілт сөздер:** Абайтанушы, алашшыл, ұстаз.

**Ключевые слова:** абаевед, деятель Алаша, педагог.

**Key words:** searcher of Abay, membership of alash, teacher.

Абай – қазақ өлең-жырының Күні. Ал аспан әлемінде Күннің еншілесі бар. Ол – Ай. Күн шуағы тыныстаған түнгі тылсым дүниенің ой-қырдағы жолын айқындап тұрады. Бізге Абай нұрын түбегейлі аңғартқан Ай деп Қайым ағаны айтсақ керек [1.25].

Халқымыздың аяулы перзенті, абайтанушы ғалым, аудармашы, жазушы Қайым Мұхамедхановтың есімін есте сақтау аз. Қайым Мұхамедхановтың өмір жолы да қазақ халқы үшін атқарған еңбегі де тәуелсіз Қазақстанның елжанды ұландарын арлы, намысты етіп тәрбиелеуге көмектесетін бірден бір үлгі, бірден бір жол. Қазақ халқы үшін қасапханаға айналған совет өкіметінің тұсында қуғын көріп, азап лагерлерінде өмірін өткізген Алашшыл, елшіл, ұлтшыл зиялы қазақ баласы жоқтың қасы. Қызыл өкіметтің құқайын көрген жанның бірі – абайтанудың асқан білгірі әрі негізін қалаушы ғалым Қайым Мұхамедханов. Абай әлемін қазақ ғылымына әкелген және Абай мектебін түп-тұқиянына дейін зерттеп, орасан зор ғылыми мұра қалдырған – Қайым Мұхамедханов.

Абайды аса ірі тұлға ретінде көрген. Абайды толық зерттеп көптеген еңбектер шығарған. Мысалға, алатын болсақ Қайым Мұхамедхановтың «Абайдың әдеби мектебі» деген еңбегі аса бағалы ғылыми еңбек. Абай мен байланысты қазақ әдебиеті тарихының жаңа тың бір мәселесін кеңінен зерттеп, белгілі бір ғылыми жүйеге келтірген. Бұрын аттары ғана аталып жүрген Абай төңірегіндегі ақындардың шығармаларына, өмірбаянына, өзі жинап зерттеген мағлұматтарға сүйене отырып, жаңа талдау анықтамалар береді.

Абай мектебінің әлеуметтік тарихи негіздерін, мәдениеттерін, салтын анықтап, ол мектептегі ақын жазушылардың шығармашылық салтын, стильдерін айқындау жөнінде де Қайым көп еңбек істеген.

«Көңілді түгел айтып болмайды екен, менің кеудем сендерге сандықпен тең» деген Абай сөзіне илансақ, ақынның көкірек көзін ашатын аса сәтті, дәмді өлеңдерін талдап, тереңдеген сайын арғы-бергі әлем әдебиетінен мол сусындаған сырына қаныға түсеміз.

Өлеңнің, өнердің өлермендерін осыншама алдап жүрген, сахараның мың құбылған ғажайып сағымы - Абай өлеңі осы.

Азаттық аңсары басқа сезімнің барлығынан биік, барлығынан терең Мұхтар Әуезов пен қайыспаған қайсар Қайым Мұхамедхановты сөз сиқырына сұғынтып жүріп орға құлатқан да, өзгелерден бөлекше биік шыңға шығарған да – осы Абай өлеңінің сағымы. Санаға сәуле, зердене ақыл болып құйылатын Абай өлеңдері осылайша жыртылып айырылатын ғалымдар мен ақындардың сағымына айналды.

Қазақ әдебиетінің көсегесін көгертуге атсалысқан ақынның айнымас жырларын жаңа белеске көтерген аз ғалымдардың жуан ортасында жүріп, сөз сиқырының қиян шыңына көтерілу айтуға ғана оңай: Әйтпесе Қайым Мұхаметханов үшін үлкен уақыт сыны - қияметтің қылкөпірі болғандығы белгілі.

Қазақ тарихымен, Абайдың ақындық айналасымен ұстазы Мұхтар Әуезов арқылы көмбеде жатқан көп сырды алдымен ашқан Қайым тарихшылар айтпаған ақиқатты алдымен айтты. Ақын жырларының құдірет күшін түсіну, түйсіну үшін сен де ақынның сырын, жұмбақ жанын ұғатын ұлағат иесі болуың керек. Ақындықтың дарын деңгейіне көтеріліп, сезімтал назымен, сөз сиқырының кілтін аша білген Қайым Абай өлеңдерінің жанашыр жақыны болды. Әдеби шығармалардың мәтінін (текстің) автордың қолжазбасы негізінде, сондай-ақ бұрынғы басылымдармен саластырып, тексеретін

сенімді деректер бойынша анықтайтын филология ғылымдарының саласы - текстология. Шығарма текстінің жаңылыс оқылған, қате басылған жерлері табылса, тиісті түзету енгізу қажеттігі.

Ерекше көркемдік түр мен терең идеялық мазмұны қабысып жатқан Абай өлеңдерінің «бөтен сөзбен былғанып» тұрған жері болса зер салып үңіле қарап, айнытпай тапты. Аңғармаған адамды адастырып әкететін жазба деректерге аса сақтықпен қараған Қайым қара өлеңге қайыспай қарымды еңбек етті. Ақынның «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңі 1954 жылғы жинақта:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,  
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.  
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,  
Және хақ жолы осы деп әділетті –

дейді.

Өлеңнің соңғы жолына үңіле қараған Қайым мағана - мазмұн жағынан өлеңдік қисын жағынан да ойсырап, Абай сөзіне «бөтен сөз» араласып тұрғанын көрді. Осы өлеңнің келесі шумағындағы,

Осы үш сүю болады иманға гүл,  
Иманның асылы үш деп сен тахиқ біл –

деген жолдарымен салыстырады Абайдың өзіне сүйенген көреген ғалым.

Махаббатпен жаратқан адамзатты,  
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.  
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,  
Және сүй хақ жолы деп әділетті –

деп түзету енгізеді. [2]. Тек осы емес басқа да көптеген еңбектерге түзетулер енгізген көрегенді ақын болып есептеледі.

Сонымен қоса, «Абай сөзі деген сөз - бірақ сөз болса да Абайша шықса жарасар. Абайдың Абайлығы да сонда шығар. Осы Абай өлеңдерінің санын көбейтейік деп өзеурегенше бар сөзінің кенеуін кетірмейік. Абай сөзін көбейтеміз деп көбік етіп алмайық» деген.

Осыншама Абайды ардақтай білген ақын ағамыз.

«Сал демеймін сөзіме ықыласыңды. Қайғылы өлең еттім өз басымды, - деп Абай айтқан бейнетқордың өзі Қайым Мұхаметханов болатын.

Ғалым Қайым ғылымда қорғануды емес, тек шабуылдап қамал алуды ғана мақсат тұтты. Әйтпесе, бергі "жылымық" кезеңінен бастап ғылым докторы атануға шындап ұмтылса, бұл аса қиын шаруа емес-ті. Сондай-ақ ардақты ағамыз ұзаққа созылған қызық та қилы өмір жолында мансап та қумаған. Рас, қанжардың жүзіндей қылшылдап тұрған шағында Семейде жаңадан құрылып жатқан Абайдың республикалық әдеби-мемориалдық мұражайының тізгінін қолына алып, оны білгірлікпен қалыптастыруға бір кісідей үлес қосқаны бар. Ол аталған мұражайды өркендету жұмысынан бұдан кейін де сырт қалмаған. Сан қырлы талант иесінің өзінің және аударма пьесалары осындағы Абай атындағы сазды-драма театрында үзбей қойылып жататын.[3]

Міне, осындай өмірі өнегелі жанның бақилық болғанына да он жыл болып қалыпты-ау! Содан беріде оның артында қалған мол мұрасын жинастырып жарыққа шығару, аяулы есімін ел есінде қалдыру мақсатында атқарылған жұмыстар да жеткілікті, сонымен бірге әлі күнге дейін аяқсыз қалып келе жатқан шаруалар да баршылық.

Тынымсыз ізденістегі Қ. Мұхамедханұлы 1940 жылдардың орта шенінде Абай шығармаларының оған дейін беймәлім тізімін, ондағы өлеңдерді тауып, олардың Абай туындылары екенін ғылыми текстология жасап дәлелдеп, Шығармалар жинағына енгізді. Соның нәтижесінде 1945-жылы ақынның туғаны 100 жыл толуына орай шыққан кітабына жаңа тоғыз өлеңі қосылды. Содан көп кейін Қ. Мұхамедханов қуғынға ұшырады. Мұражай жұмысында кеңес өкіметінің саясатына қайшылық, ұлтшылдық бар делінді. Қайым директорлықтан босатылды. Ол туралы Қайым аға былай деді: «Маған байлар мен хандардың өмірбаянын паш еткен бөлім ашты деген кінә тағылды. Шіркін-ау, Құнанбай болмаса, Абай қайдан келер еді? Шыңғыс пен Уәли болмаса, Шоқанды кім берер еді? Осыны ойлағылары келмегенге не дауа?!» [4]

Айтты-айтпады, Қайым Мұхамедханұлы сол шақта жасы сексенге тақап қалғанмен хакім Абайдың артындағы өлмес, өшпес мұрасын кейінгі ұрпаққа мұрты қисаймаған қалпында жеткізу мақсатында бір кісідей-ақ еңбек сіңірді. Сол қажырлы еңбегі мемлекеттік деңгейде аталып та өтілді.

Қ. Мұхамедханұлының Абай мұражайын негіздеу, нығайту, толықтыру ісіне аса мол үлес қосқаны

мәлім. Ол туралы тарихи-әдеби мұражайдың қазіргі директоры жазушы, сыншы Төкен Ибрагимов: «Мұражайдағы әрбір мүлік Қайым аға жайында сыр шерте алады. Қақең мұражайдың әкесі болды» дейді.

Абайды қаралаған күндері мәлімдеме жасап ақтап шығуына үлес қосқан да осы Қайым аға болатын. 1951 жылдың маусымында Қайым ғылыми жұмысы жайында арнаулы баяндама жасап, онда былай деді: «...Абайдың қанатты сөздерінің бірі: «Шәкіртсіз ұстаз – тұл». Халыққа аса қадірлі Абайдың өзіне қол көтере алмаған жаулары оны шәкіртсіз қалдыруға жанталаса тырысуда. Қорқыту, үркіту, сатып алу, мүгедек ету, өлтіру сияқты қарулары бар «қасқырлар тобы» Абайды шәкірттерінен, жақтаушыларынан айырмақшы. Абайдың әдеби мектебі барын жоққа шығарғысы келетін жолдастар ол әрекеттерімен ұстазды шәкірсіз, ақынды тыңдаушысыз қалдыратындарын, Абайды қасіретті жалғыз, тұл ететіндерін ойлай ма екен? Абайды жоққа шығару оның біздің әдебиет, мәдениет тарихымыздағы асқақ орын-дәрежесін жоққа шығару екенін ұға ма екен? Бұл – Абай кездейсоқ құбылыс, өлді, бітті деген сөз!» [5]

Ендеше Абайдай кемеңгердің алдында-жүрген жүрісімен, азды-көпті ісімен жұртқа жақсылық жасап, жан шуағын тарата білген Қайымдай ғалымдардың ісі қазақ қауымына ілгері бастап бара жатқан ойлы, сауатты адамзаттардың ниеті адал, ісі ғақыл, бағыты дұрыс деп санаймын.

Аңыз адам – ақиқат тұлға екі ақынымыз. Абай ақындарымыздың жолбасшысы болса, абайтануымыздың айтулы жаршысы - Қайым.

Абай бастаушы болғаны үшін өзін түсінбеушіліктің, жалғыздықтың қияметін көрсе, Қайым Абайдың кім болғанын айтқаны үшін еркіндіктен айрылып, түрме тауқыметін тартты.

Ол – абайтануды ғылыми негіздеуші. Қайым Мұхамедханұлының тағдырындағы сүйініш пен күйініш бір адамның өмір оқиғаларынан әлдеқайда көп шығар. Оның ат-атағы көзі тірісінде-ақ аңызға айналған. Әншейін айтыла беретін емес, нақты ақиқатқа негізделген аңыз.

Қайым Мұхамедхановтай – ардақты тұлғаның бір ғана қыры, ал тұтас алғанда, өз өмірін ақиқат үшін, тарихи шындық жолында құрбан етсе де, ешкімге мұң-зарын айтып шағынбауы – Қайымның қайыспас қара нарлығының нағыз дәлелі.

Қайымның еңбектердің екі ерекшелігін айтуға болады. Біріншіден, ол – Абайтанушы, Алаш зиялылары мұрасын зерттеуші. Екіншіден, ол дүрмекке ат қосып, социалистік реализм теориясына ерген жоқ. Сонда да айта кететін жайт ғылым, өнер білім әдебиет пен тарих арасындағы қайшы алысқан пікір алмасулар Мұхаң көз жұмып кеткенше жүріп отырған. Бұл екі адамның ұлы достық қасиетін шындай түскен, екеуін бір-біріне ағалы-інідей жақындастырып, «телқоңырдай» табыстырып жіберген – ол данышпан Абай атамның өмір жолы мен мәңгі-бақи қайталанбас асыл шығармалары, ұлы адам өмір сүрген дәуірдің қыры-сыры, ақынның замандастары мен шәкірттері, ата мұраны бізге жеткізуші көнекөз қариялар осылардың бәрі қосыла келіп, ұлы Мұхаң мен Қайым ағаның ғұмыр бойы берік ұстанған айнымас зерттеу объектісіне, биік армандарына айналған.

1 Өміржан Әбдіхалықұлы. *Лирика мен физиканың жарасымы немесе ойдың қайнар көзі, «Абай-ақпарат», 2009.*

2 Алмахан Мұхаметқалиқызы, *Астана қаласы. «Абай-ақпарат». 2009ж.*

3 Дәулет Сейсенұлы, *Семей. «Егемен Қазақстан» №368 . 02009 ж.*

5 *Абай мұрасы және «Қасқырлар тобы». Сұлушап Төретаева, "Жібек жолы", №3 (4), 1991 ж.*

6 Алла Белякина, *Орысша нұсқасынан еркін аударған - Ғаббас Қабышұлы, «Абай-ақпарат» 2014.*

Узакбаева Н.

Магистрант 2 курса, КазНПУ им. Абая

## АВТОРСКАЯ ПОЗИЦИЯ И ОБРАЗ АВТОРА В ПРОЗЕ УМИТ ТАЖИКЕНОВОЙ

**Түйіндеме:** Мақалада қазіргі қазақстандық әйелдер прозасының көрнекті де белді өкілдерінің бірі Умит Тәжікенова шығармашылығындағы авторлық позиция мен автор образының берілуі жайында кеңінен сөз болады. Жалпы көркем шығармадағы авторлық позицияның көрінісі әртүрлі болатыны белгілі, бір туындыгер түрлі фактілерді іріктеу арқылы, екіншісі кейіпкер болмысын тартыс үстінде танытуға шебер болса, келесі бір автор сюжет арқылы беруді дұрыс көреді. Бір сөзбен айтанда, авторлық позиция көркем туындының барлық негізгі қабаттарында көрініс табады. Ал прозаик Умит Тәжікенова туындыларында бұл аталған мәселелер әйел тағдыры жайындағы туындылары арқылы жүзеге асқан. Әйелдер прозасындағы авторлық позиция туралы бүгінгі әдебиеттану ғылымында Н.Н.Немова, Т.Мелешко, Л.И.Абдуллина, Ф.Е.Исмаилова, Ю.Кристева, А.Ю.Большакова, Е.В.Улыбина, Т.Ровенская сынды ғалымдар еңбектерінде көптеген концепциялар берілген. Умит Тәжікенова – шағын әңгіме жанрының шебері. Жазушының проза жанрындағы стилі де ерекше. Орыс тілді жазушы өз туындыларында қазақ халқына ғана тән сөз тіркестері мен фразаларды еркін енгізіп отырған. Бұл әдіс белгілі бір дәрежеде жазушы шығармаларына ұлттық колорит дарытқан деуге болады. Осы арқылы автор өз халқымен, оның тыныс-тіршілігі, тағдырымен, қуаныш, қайғысымен ортақ, бірге екенін анық көрсете білген. Бұл орайда автор символ сөздерді жиі пайдаланып отырғандығы бірнеше әңгімелерін талдау арқылы сөз болады. Жазушының шағын әңгімелерінде (миниатюралары) әртүрлі жастағы және өмірлік ұстанымы әртүрлі әйелдердің архетипі жарқын көрініс тапқан. Тәжікенова сомдаған образдар ішкі рухани дүниесінің күштілігімен, жан дүниесінің тазалығы, тереңдігімен ерекшеленеді.

**Тірек сөздер:** авторлық позиция, автор образы, шағын әңгіме, проза жанры, концепция, стиль, кейіпкер.

**Аннотация:** Умит Тажикенова одна из ярчайших писательниц Казахстана. Авторская позиция сильно выделена в отборе фактов, автор раскрывает и показывает персонажей, какие проблемы выражены в произведении. Умит Тажикенова является представителем женской прозы и в данный момент в современной литературе проблемы выявления позиции автора является актуальными и занимают большое место в литературе Казахстана. Умит Тажикен-писатель с ярко выраженной национальностью для которого мир культуры не имеет государственных границ и ее рассказы являются лиричными, загадочными и оригинальными, кровно связано с древней и современной казахской культурой, так как она пишет свои произведения на русском языке, но в то же время включает в русскую речь множество казахских слов и выражений, придающих произведениям национальный колорит. Авторская позиция и женские образы представлены в научных концепциях Н.Н.Немова, Т.Мелешко, Л.И.Абдуллина, Ф.Е.Исмаилова, Ю.Кристева, А.Ю.Большакова, Е.В.Улыбина, Т.Ровенская. В произведениях У.Тажикен есть глубокое осмысление природы как высшей духовной и эстетической ценности позволяет автору выявить истинное лицо персонажа. Рассказы-миниатюра позволяет обращаться к различным сторонам жизни и ставить в центр бытовые, социальные, философские вопросы. При выявлении гендерных аспектов в прозе У.Тажикен важную роль отводится изучению женских образов с точки зрения женского архетипа, то есть четко выделены разные стороны женского архетипа, а именно описание женщин разного возраста и разной жизненной энергетики. У. Умит Тажикен есть жанры как короткий рассказ, притча, миниатюра, роман, путевые заметки. Творчество Умит Тажикен отличается ее умение выбрать точные и многозначные детали и представить цельную картину из разрозненных фрагментов.

**Ключевые слова:** авторская позиция, образ автора, короткий рассказ, проза, концепция, стиль, герой.

**Abstract:** Umit Tazhikenova one of the brightest writers of Kazakhstan. The author's position is strongly highlighted in the selection of facts, the author reveals the characters and shows what the problems expressed in the work. Umit Tazhikenova is representative of women's prose and is currently a problem in the current literature to identify the author's position is relevant and occupy an important place in the literature Kazakhstan. Umit Tazhiken writer with a distinct personality submitted to National for the world of culture which has no national boundaries, and her stories are lyrical, mysterious and original vitally connected with the ancient and modern Kazakh culture, as she writes his works in Russian, but at the same time it includes many Russian Kazakh words and expressions, giving the works a national color. The author's position and female characters are represented in scientific concepts N.N.Nemova, T.Meleshko, L.I.Abdullina, F.E.Ismailova, Yu.Kristeva, A.Yu.Bolshakova, E.V.Ulybina, T.Rovenskaya. In the works U.Tazhiken have deep understanding of nature as the highest spiritual and aesthetic value allows the author to reveal the true face of the character. Stories -miniature allows you to access various aspects of life and put at the center of domestic, social, philosophical voprosy. Pri identifying gender perspective in prose U.Tazhiken an important role for the study of women's images in terms of the female archetype, that is clearly marked as different sides of the female archetype namely the description of women of different ages and life energy. W.Umit Tazhiken there are genres as a short story, a parable, a miniature novel, travel notes. Creativity Umit different Tazhiken her ability to select the

exact details and valued and to provide a coherent picture of scattered fragments.

**Keywords:** author's position, the image of the author, short story, prose, the concept, hero.

Если следовать толкованию словосочетания «авторская позиция», то мы видим, что это – понимание и оценка писателем характеров людей, событий, идейных, философских и нравственных проблем, поставленных в литературном произведении. Многие исследователи утверждают, что не следует отождествлять авторскую позицию с логическими, ясно и однозначно сформулированными суждениями. Даже если в произведении есть рассуждения писателя о каких-либо проблемах или прямые идейно-эмоциональные оценки персонажей и событий, позиция автора всегда шире подобных суждений и оценок. Особо они обращают внимание на оценки, которые писатель дает различным фактам жизни, людям, философским и моральным принципам, даже общественным системам, – это, прежде всего, оценки в образной форме. Авторская позиция проявляется, например, в отборе фактов, в том, в каких ситуациях автор показывает персонажей, как построен сюжет, какие точки зрения на людей и события выражены в произведении. Иногда сами писатели настаивают, что для них важен даже «ритм» произведения – его нарушение разрушает авторский замысел. Словом, авторская позиция проявляется во всех основных сторонах литературного произведения. По работам исследователей мы знаем, что авторская позиция может быть выражена либо прямо, открыто, недвусмысленно, в прямой оценочной форме, либо косвенно, когда автор старается избегать прямых суждений и оценок. Некоторые писатели используют для выражения своего отношения к людям и событиям героев-резонеров, то есть таких героев, которые близки авторам, выражают их мысли или их представления о человеке, даже если облик таких людей протворечит их же собственным высказываниям.

Особенно сложно анализировать авторскую позицию в произведениях тех писателей, которые избегают прямых авторских оценок. Они как бы «растворяются» в повествовании, стремясь к максимальной объективности.

Нередко отношение автора к героям, событиям, каким-то сторонам жизни остается непроясненным, завуалированным. Избегая прямых оценок (положительных или отрицательных), писатель стремится показать сложность, неоднозначность изображаемого. Он может обращаться к жизненному опыту читателя, не предпринимая читательского отношения к героям и событиям. Чаше всего в одном и том же произведении мы находим и утверждение, и отрицание, и непроясненность или даже подчеркнутое безразличие писателя к каким-то сторонам жизни.

В современной литературе Казахстана проблемы выявления и позиции автора и образа автора занимают большое место, и в этом плане очень интересно творчество казахстанского прозаика У.Тажикеновой.

Умит Тажикенова является представителем, как сейчас принято разделять, женской прозы – своеобразного социокультурного феномена. В современном литературном творчестве появились произведения, которые описывают и показывают жизненное пространство с его коллизиями, социальный опыт, практическую деятельность и другие процессы, происходящие в жизни женского общества через призму женского взгляда. У.Тажикенова является одним из ярких авторов этого литературного эшелона. Авторская позиция женщины-писательницы проявляется в откровенно личностном тоне своих произведений – историй о женских судьбах. Об авторской позиции в женской прозе существует множество концепций: Н.Н.Немовой, Т.Мелешко, Л.И.Абдуллиной, Ф.Е.Исмаиловой, Ю.Кристовой, А.Ю.Большаковой, Е.В. Улыбиной, Т.Ровенской и др.

Жанр короткого рассказа – визитная карточка У. Тажикеновой. Эти рассказы вошли как в ее первый сборник «Сакрализация памяти» (Алматы, 2001), так и в другие два «Восхождение памяти» (Алматы, 2003) и «Лоза тамариска» (Алматы, 2009). Об особой поэтике этого малого прозаического жанра писали многие литературоведы и ученые, такие, как В.Бадиков, В.Буренков, Д.Накипов, Б.Джилкибаев и другие. По словам известного ученого – литературоведа В.В.Савельевой: «...Творчество У.Тажикеновой кровью связано с древней и современной казахской культурой, но она естественно обращается как и традициям Востока, так и традициям Запада...» [1].

По интересному мнению Д.Накипова: «...рассказы У.Тажикеновой представляют «мозаику современности...» так как в них авторская позиция выражена емко, прямо и непосредственно» [2]. Это мы можем заметить по названиям таких рассказов как: «Народ умирает, если не знает своего прошлого», «Прощание... прощение... завет...» и др. Так в рассказе «Народ умирает, если не знает своего прошлого», хорошо раскрыта одна из тенденций авторской позиции «интертекстуальности», которую хорошо описала Н.Н.Немова в своей статье «Феномен женской литературы» [3]. В этом



рассказе через образные рассуждения младшего брата, оценивая обстановку аула, автор показывает и подбор фактов, соотношение персонажей, риторические вопросы, риторические восклицания, и, в то же время, через вот эти слова автора: «...О подвигах прошлого невозможно наигрывать спокойно, духи предков взывают...» мы чувствуем мнение автора, соответствующее названию рассказа и его фабуле.

В рассказах У.Тажикеновой очень много лиричности, загадочности, тишины. Это мы видим в ее рассказе «Спасск», где через короткие, четкие предложения и словосочетания, проглядывает человеческая боль автора о всех тех, кто ушел из этого мира, и тех, кто должен был бы и после своего ухода быть достойно погребенным, чтобы о них помнили еще долго, долго....

Стиль прозы У. Тажикеновой оригинален, так как она включает в русскую речь своих рассказов множество казахских слов и выражений, придающих произведениям большую реалистическую достоверность и национальный колорит. Использование специфических выражений обусловлено тем, что автор подчеркивает свою связь и родство с людьми, жизнью и историей своего народа. Особой особенностью ее рассказов-миниатюр является глубокое символическое содержание определенных явлений и художественных образов. Так, символ в рассказах У.Тажикеновой служит для раскрытия авторской сути. Одним из таких рассказов является рассказ «Ситуация распутия». Писателю удается точными деталями-символами передать свежесть восприятия мира, соединенную с мудрым взглядом художника. Кажущее однообразие дорожного пейзажа скрывает целый мир красок и звуков. Дорога в ее рассказах является не только олицетворением Родины, также дорога является символом судьбы, которая связывает бытие многих народов. По мнению Б.Т.Абуталиповой одним из таких самых ярких поэтических образов у У.Тажикеновой является то, что У.Тажикенова очень любит природу: «В прозе У.Тажикеновой много признаний и высказываний в адрес деревьев, растений, светил, ветра, песка, погоды, цветовой палитры природы. Все это ради того, чтобы сказать читателю, как много человеку дает общение с миром дочеловеческим, с миром доцивилизованным. Карагач, сирень, джида, шиповник, саксаул, кактус («Чудо»), гиацинт («Маленький букет»), ива и клен («Каждому – свое»), хризантемы – немногословные откровения об общении с ними не оставляют читателя равнодушным» [4]. Писателю удается точными деталями – символами передать свежесть восприятия мира, соединенную с мудрым взглядом художника.

Я – автора, выражается У. Тажикеновой в ее рассказах, где повествование идет от первого лица и носит философский характер размышления. Так, миниатюра «Одиночество во вселенной» выражает тоску автора, даже разочарование в людях, которые потеряли свой человеческий вид из-за жадности. Она сравнивает людей с животными. И говорит о том, что женственность как таковая теряется в этой борьбе за обеспеченную жизнь: «Очень одиноко. Несмотря на то, что кругом люди-родственники, друзья. Одиночество главаря стаи, всегда готового ко всему: грызться, драться, лаяться. Кто-то из стаи должен быть таким-готовым на все. Надо быть готовым и к тому, что собственные сородичи из стаи вгрызутся когда-нибудь в горло. Чтобы сохранить единство, приходится быть жестким ко всем. К своим – тоже. Это не прощается и не забывается. Все как в стае. Например, в волчьей. Невозможно сохранить что-то нежное, женственное. Не сказать, что жить стали богаче. Многого лишаешь себя в надежде, что завтра начнется новая жизнь, более обеспеченная. Давно не носят красивые легкие платья, их роста некуда носить. Из лавки не выходишь. Грубеет лицо, отвисают щеки, мутнеют глаза... в этот мир каждый приходит сам, один. В муках вырывается из чрева матери, в муках уходит в лучший из миров. Сам. Один. По жизни идут рядом попутчики, близкие по крови, чужие не только по духу. Но человек всегда один, даже не заодно с самим собой. Потому что природа награждает целостностью не всех. Больше метущихся, борющихся с самим собой. Так что, ничего удивительного в том, что Одиночество подступает со всех сторон...» [5].

Естественно, что у женщины-писателя, каждый рассказ или повесть обладают определенными особенностями, и поэтому их жанр можно определить, как бытовое произведение с частыми философскими отступлениями. Философское отношение у автора проявляется в поведении людей в необычных или новых условиях, когда дочь видит умершую мать в рассказе «Лучезарная» или в обычной жизни, когда человек решает не врать даже в мелочах и никого не бояться.

И мы согласны с Л.Шашковой, что в контексте противоречивой картины новой женской прозы невозможно говорить о последовательности авторов. Подавляющее большинство произведений «женской прозы» демонстрирует красочную палитру, на которой в самых неожиданных сочетаниях и

пропорциях смешиваются верность вековым, отшлифованным классикой, стереотипам, бунт против непреложных «истин» и одномерных слов, постижение мира через себя ради обновления обоих, рождение в этой связи нового смысла, новой мифологии [6].

В рассказах-миниатюрах У.Тажикеновой представлены разные стороны проявления женского архетипа, что, прежде всего, воплощается в женщинах разного возраста и разной жизненной энергетике. Чаще всего в произведениях У.Тажикеновой мы встречаем двойственность женской природы: «...одна живет в мире яви; проникнуть в мир другой женщины не так легко. Внешняя женщина живет на белом свете, она всем видна. Она часто бывает прагматична, воспитана в духе общества и очень человечна. Креатура же выходит на поверхность, лишь проделав длинный путь; часто бывает так, что она внезапно появится - и так же быстро исчезнет, но всегда оставляет у нас ощущение, что мы были свидетелями чего-то удивительного, первозданного и мудрого»[7]. Так и тажикеновские образы необычайно сильны духом внешне, очень ранимы в глубине душе, что говорит о том, что авторская интерпретация многообразна и многолика.

1 Савельева В.В. *Жанровое своеобразие прозы У.Тажикеновой. Художественный мир литературы Казахстана.* – Алматы: Компендиум, 2009. – 388 с.

2 Накипов Д. *Достоинство суетного* // Книголюб, 2002. - №16.

3 Немова Н.Н. *Феномен женщины говорящей. Проблема идентификации женской прозы 80-90-х годов* // «Российские женщины в XX в. Опыт эпохи» (компакт диск, 2000).

4 Абуталиева Б.Т. *Автор и герой в поэтике женской прозы Казахстана. Диссертация на соискание академической степени магистра педагогических наук.* - Алматы, 2011. – 160 с.

5 Тажикенова У. *Восхождение к Абсолюту.* - Алматы, 2003. - 256 с.

6 Шашкова Л. *Литература эпохи перемен* // <http://proctor.ucoz.ru/publ>

7 Эстес К.П. *Бегущая с волками. Женский архетип в мифах и сказаниях.* – М.: Раритет, 2008. - 491 с.

## ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ӘОЖ 378.016:811.512.122'28

**Н.А. Оразахынова**

*Абай атындағы ҚазҰПУ-дың профессоры, п.ғ.д.,*

**Г.М. Кенжебаева**

*Абай атындағы ҚазҰПУ-дың аға оқытушысы, п.ғ.к.*

### ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК ОҚИТУДЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕСІ

**Түйіндеме:** Бұл мақалада оқитудың негізгі танымдық белсенділікті дамыту екендігін айта отырып, модульдік технологияның студенттің танымдық белсенділігін қалыптастырудағы рөліне тоқталады. Модульдік технология тек қана білімді белгілі бір көлемде беріп, қажетті шеберлік пен дағдыны қалыптастырумен ғана шектелмейтін, сонымен қатар, студенттің жалпы тұлғалық дамуына, ойлау, есте сақтау, қиялдау, елестету сияқты басқа да танымдық қасиеттерінің жан-жақты дамуына бағытталатын оқитудың түрі. Студент – білім алуға негізгі психологиялық үрдістерді басынан кешуші субъект. Қазіргі кезеңде педагогика-психологияның өзекті мәселелері қатарында оқу-танымдық қызмет жүйесінің маңызды екі компоненті – оқытушы мен студенттің “субъект – субъектілік” қарым-қатынасы мәселесі қойылып отыр. Оқу үрдісінде студенттің жеке тұлғасын қалыптастыру мен дамытуға ерекше орын беріледі.

Студенттің психологиялық бейнесі оның әлеуметтік қоғамның толыққанды мүшесі бола алу қабілетін танытады. Ол үшін білім алушының ақыл-ойы адамгершілік бағытында тәрбиеленуі керек. Әлеуметтік орта – заттың және табиғи әлемнің түйіскен жүйелері, ал білім алушы болса сол жүйелерді құрайтын адамдық қатынастарды жүзеге асырушы. Осындай күрделі әлеуметтік орны бар білім алушы психологиясының дұрыс дамуына мүмкіндік беру және негіз болу – тіл тарихына баруға жол сілтейтін лингвистика саласындағы қазақ диалектологиясы пәніне де жүктелген негізгі міндет.

**Кілт сөздер:** сатылай кешенді оқыту, ұлттық төл технология.

**Аннотация:** В данной статье говорится о развитии основной познавательной активности обучения, подробно рассматривается роль модульной технологии в формировании познавательной активности студентов. Модульная технология – это вид обучения, который не ограничивается тем, что дает определенный объем знаний, формирует необходимые навыки, но вместе с тем направлен на всестороннее развитие таких познавательных способностей у студентов, как личностное развитие, мышление, память, фантазия, воображение. Студент – это субъект, через которого проходят все основные психологические процессы образования. В настоящее время к числу актуальных психолого-педагогических проблем относят вопрос взаимоотношений «субъект – субъективность» преподавателя и студента, являющихся важными двумя компонентами системы учебно-познавательной деятельности. В учебном процессе особое место отводится формированию и развитию личности студента.

Психологический образ студента определяет его способность являться полноправным членом социального общества. Для этого обучающихся необходимо воспитывать на основании общечеловеческих ценностей. Социальная среда – это системы, в которых пересекаются предметы и природный мир, а обучающийся осуществляет человеческие взаимоотношения, которые составляют эти системы. Способствовать и быть основой правильного развития психологии обучающихся, занимающих особое место в социальном обществе, является также основной задачей и для казахской диалектологии отрасли лингвистики, которая указывает путь истории развития языка.

**Ключевые слова:** поуровневого комплексного обучения, национальная технология.

**Abstract:** This article refers to the development of basic cognitive learning activity, discussed in detail the role of modular technology in shaping students' cognitive activity. Modular technology - this is the kind of learning that is not limited in that it gives a certain amount of knowledge, generates the necessary skills, but at the same time directed to the full development of the cognitive abilities of students as personal development, thinking, memory, imagination, imagination. Student - a subject, through which all the basic psychological processes of education. Currently a number of current psychological and pedagogical issues include the question of relations "subject - subjectivity" teacher and student, are two important components of the educational-cognitive activity. The training process special emphasis on the formation and development of the individual student. Mental image of a student determines his ability to be a full member of the social community. For this purpose it is necessary to educate students on the basis of universal values. Social environment - a system in which objects intersect and the natural world, and the student performs human relationships that make up these systems. Contribute and be the basis of the proper development of psychology students, occupying a special place in the social society, is also a major challenge for the Kazakh branch of linguistics dialects, which tells us the history of the language.

**Keywords:** effectiveness of teaching, national technology

Қазіргі оқыту технологияларының ерекшелігі – тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық процестерді: яғни, жадының алуан түрлерін (есту, көру, қимыл және т.б.) ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілетін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға, өзін-өзі бекіту, іздену, қарым-қатынас, танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

Білім алушының ой-өрісін дамыту оқу әрекетімен тығыз байланыста өтеді. Оқу әрекетінің негізгі білім алушы десек, мақсаты-ой-сананы дамыту.

Модульдік оқыту технологиясының бір ерекшелігі – оның тікелей білімді меңгертуге емес, тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық үдерістерді: яғни, жадының алуан түрлерін (есту, көру, қимыл және т.б.) ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілеттерін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға сондай-ақ тұлғаның қауіпсіздігін, өзін-өзі өзектілендіру, өзін-өзі бекіту, қарым-қатынас, ойын, танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға, белсенді сөздік қорын (ауызша және жазбаша тілінде) дамытуға бағытталуы. Осылар арқылы білімді меңгеруге жету жолдарын көздеуі.

Модульдік технология тек қана білімді белгілі бір көлемде беріп, қажетті шеберлік пен дағдыны қалыптастырумен ғана шектелмейтін, сонымен қатар, студенттің жалпы тұлғалық дамуына, ойлау, есте сақтау, қиялдау, елестету сияқты басқа да танымдық қасиеттерінің жан-жақты дамуына бағытталатын оқытудың түрі. Студент – білім алуда негізгі психологиялық үрдістерді басынан кешуші субъект. Қазіргі кезеңде педагогика-психологияның өзекті мәселелері қатарында оқу-танымдық қызмет жүйесінің маңызды екі компоненті – оқытушы мен студенттің “субъект – субъектілік” қарым-қатынасы мәселесі қойылып отыр. Оқу үрдісінде студенттің жеке тұлғасын қалыптастыру мен дамытуға ерекше орын беріледі.

Студенттің психологиялық бейнесі оның әлеуметтік қоғамның толыққанды мүшесі бола алу қабілетін танытады. Ол үшін білім алушының ақыл-ойы адамгершілік бағытында тәрбиеленуі керек. Әлеуметтік орта – заттың және табиғи әлемнің түйіскен жүйелері, ал білім алушы болса сол жүйелерді құрайтын адамдық қатынастарды жүзеге асырушы. Осындай күрделі әлеуметтік орны бар білім алушы психологиясының дұрыс дамуына мүмкіндік беру және негіз болу – тіл тарихына баруға жол сілтейтін лингвистика саласындағы қазақ диалектологиясы пәніне де жүктелген негізгі міндет. Тілдің, тарихыңды білу адам психологиясына сенімділік, қанағаттанушылық, ізденушілік қасиеттерін ұялататын сенімді жолдың бірі.

Жалпы, ұяндық – біздің қазақ ұлтына тән мінездердің бірі. Ондай мінез білім қоры нашар немесе орташа студентте ғана емес, үлгерімі жақсы, ізденімпаз студенттің бойында да кездеседі. Осы ұлттық ерекшелікті ескере келе, модульдік оқыту технологиясында бірінші кезекте жеке білім алушының танымдық қызметін ұйымдастыру көзделеді. Ал базалық білім бұл технологияның алдына қойған мақсаттарына жетудегі басты құралдардың бірі болып қана табылады.

Дамуға ұлттық ерекшеліктермен қоса, білім алушының тәрбиеленген ортасы да әсер етеді.

Білім алушының жеке психологиясының ерекшелігі оқу үдерісінде айқындалып, дами түседі. В.В.Давыдовтың айтуынша, оқытудың негізгі міндеті әрбір жас ерекшелігін ескере отырып, психологиялық дамуды жетілдіру емес, оны байыту, жас ерекшелігінің мүмкіндіктерін тани отырып, болашағына қызмет ететіндей күйде дамыту керектігіне назар аудартады.

Соңғы кездері білім беру жүйесінің барлық деңгейлеріне жаңа технологиялар енгізіліп, оқыту мазмұны тұлғаны дамытуға, студенттің дербес психологиялық ерекшеліктерін, өзіндік қажеттері мен мүмкіндіктерін жетілдіруге бағытталып отыр.

Студенттердің танымдық көзқарасын байыту, өмірлік ұстанымын қалыптастыру оқытушының шеберлігіне, шығармашылық қызметіне байланысты.

Студент бойында кездесетін таным қабілеттері дегеніміз – білімді өз санасында белсенді және нәтижелі түрде бейнелеуі. Ол студенттердің сыртқы дүние туралы білімді меңгеру ептілігі және дағды мен әдеттерін қалыптастыру нәтижесінде жүзеге асады.

Студенттің танымдық белсенділігін арттыру, таным қабілеттілігінің оянуына түрткі болу – оқытудың негізгі мәселесі.

Білім беру және оқыту теориясының әдіснамалық негізі – таным теориясы, білім алушы тұлғасын жан-жақты және үйлесімді қалыптастыру болып табылады. Бұл теорияның (таным) студент алдына қоятын талаптарының бірі – танымдық белсенділік пен саналылық. Бұл талаптың орындалуы студенттің оқу материалын түсінуге, өткенді жаңамен байланыстыруға, негізгісі мен қосымшасын анықтауға, алған білімдерін тәжірибеде пайдалануға, өз пікірлерінде оларға сүйенуге ұмтылысынан көрінеді. Білімді саналы меңгеруге өз бетімен жаңа білім алуға мүмкіндік беретін ақыл-ой еңбегінің

өзіндік тәсілдерін игермейінше, іске аспайды. Студенттің белсенділік, танымдық іс-әрекетінің көздейтін мүддесі – білімнің қоғамдық мәнін ұғыну, қоғамға қызмет ету қарқынын үдету қажеттігі негізінде дамиды. Белсенділіктің ең жоғарғы көрінісі студенттердің алған білімдерін өмірде, тәжірибеде нәтижелі пайдалана білуі болып табылады. Студент ақпаратты, іс-әрекет тәсілдері мен бағалау өлшемдерін қамтитын қоғамдық және жеке адам игерген ұжымдық тәжірибенің фрагменті жөнінде оқытушының беретін білімімен шектеліп қана қоймай, оны әрі қарай өз бетінше белсенді, нысаналы танымдық іс-әрекеті нәтижесінде игеруі тиіс. Осыдан келіп, оқыту барысына студенттің іс-әрекетінде танымдық белсенділікті қалыптастыру талабы туындайды.

Танымдық іс-әрекет ұғымы мен танымдық белсенділікті қалыптастыру мәселесіне педагогтар, психологтар, әдіскерлердің көптеген еңбектері арналған. Көне замандағы Антик дәуірінің өзінде-ақ ойшылдар мен педагогтар оқушылардың өзіндік ой-тұжырымын жасау және оны дамыту үшін, репродуктивті және эвристикалық әдістер жайлы мәселелерге көңіл бөлген. Білім беру технологиясы – студенттің өздік танымдық әрекетінің құрылымы мен мазмұнын анықтайтын оқу-тәрбие жұмысы.

Танымдық белсенділікті дамытудағы оқыту әдістемесінің негізін алғашқылардың бірі болып қалаған ұлы педагог Я.А.Коменскийдің XII ғасырда жазған “Ұлы дидактика” атты еңбегінде заттың немесе құбылыстың түп тамырына жету, оны анықтай алу қабілетін дамыту және шынайы түсіну мен қолдана білудің адам баласына ерекше қажет екендігіне баса мән берген [1]. Я.А.Коменский дидактикалық ұстанымдарды ұсына келіп, танымдық белсенділікті дамытуда мұғалімнің рөліне жан-жақты тоқталады. Қазақ диалектологиясын модуль арқылы оқытудағы басты мақсаттарының бірі – студенттерге жергілікті тілдік ерекшеліктерді оқыта отырып, мұндай сөздердің қазақ халқының тарихын, тілдің тарихын танып білуде өте құнды дереккөз екендігіне көз жеткізу арқылы пәнге деген қызығушылықтарын туғызу. Тәжірибе көрсеткеніндей модуль арқылы оқытудағы мұндай талдаулар студенттердің танымдық дүниесін байытуға, өзіндік ой-пікір айтуға, өзіне-өзі сын көзбен қарауға, жауапкершілікке, білімін жетілдіруге зор ықпал ететіндігі анықталды. Мысалы: қазақ-ағылшын бөлімі студенттері қазақ тілі мен ағылшын тілін салыстыра отырып, мынадай қызықты материалдарға кездесті. Батыс Қазақстан тұрғындарының тілінде жергілікті ерекшелік бойынша *сиыр* малын *кәу-кәу* деп шақырады, ал ағылшын тілінде *сиыр* деген сөзді *cow* (коау) деп айтады. Осы сияқты мысалдар студенттің қызығушылығын оятып, пәнге деген ғылыми көзқарасын қалыптастырады.

Модуль арқылы оқытуда студентті білім алу үдерісіндегі негізгі психикалық үдерістерді басынан кешуші субъект деп тану алдыңғы орында тұрады.

Студент – биологиялық және әлеуметтік тұрғыдан қарағанда тұтас тұлға. Студенттің әлеуметтік тұлғасы міндетті түрде, бірінші орында тұрады. Оқу-тәрбие үрдісінің басты мақсаты да студенттің әлеуметтік ортада өзінің орнын таба білуіне жол ашуды көздейді. Яғни бұл жерде оқытушы – студент емес, студент – оқытушы қатынасы да жүреді. Сонда студенттің өмірлік перспективалары оқу-танымдық қызметтің белсенділігін, мәнділігін анықтайды. Ол мәнділіктің мазмұнын құраушылар – студенттің ақыл-ойының дамуы, ойлауының дамуы, эмоционалдық дамуы, мінез-құлық дамуы мен қалыптасуы сияқты маңызды қасиеттер.

Оқытушы – студент, студент – оқытушы қарым-қатынасының оқу-танымдық қызметтегі белсенді рөлі ең алдымен оның жалпы дамуына байланысты болады. Бұл ретте студенттің жеке тұлғасына ерекше орын беріледі.

Студенттің жеке даму барысы қоғамның даму ерекшеліктеріне тәуелді болатыны, сонымен астарласып жататыны белгілі. Ал оқу-танымдық үрдістің қоғам талабына бейімделуі тым баяу жүрсе немесе қоғам талабы ескерілмесе, студенттің білім алуындағы теориялық деңгей өз мәнінде бола алмайды. Студенттің білім алу әдіс-тәсілдері заман қажеттіліктерімен үндесіп, өмірлік талаптарының жүзеге асуына тірек болуы керек. Сол әдіс-тәсілдердің қалыптасуының психикалық үдеріс ретіндегі ерекшеліктерін талдау қажеттігі осындай міндеттерден туындайды.

Модульдік оқыту технологиясы – даралап оқыту принципіне негізделген. Оның себебі жоғары оқу орнындағы кредиттік жүйемен оқитын студенттің жеке бағдарлама бойынша өз бетімен жұмыс істеуге мүмкіндік ала алатындығы.

Студенттің білім алуда ілгері қарай басуына себепкер болатын негізгі күш – түрлі қайшылықтар. Оқу әрекетіндегі ең негізгі қайшылықтар: ол – педагогикалық міндет – талаптар мен білім алушы мүмкіндіктерінің (білімі мен дағдысының және дамуының қазіргі дәрежесі) арасындағы қайшылық. Бұған тағы да студенттің теориялық білімі мен практикалық бейімділігінің арасындағы, шығармашылық ойлауы мен репродуктивтік ойлауы арасындағы т.б. қайшылықтар жатады. Осындай қайшылықтарды шешу білім алушының саналы түрде көп күш-жігер жұмсауын керек етеді және оның дамуына үлкен әсері болады. Оқу әрекетін шешу барысында бақылау, ойлау қабілеті қалыптасады.

Ойлау мен тіл бір-бірімен тығыз байланысты. Олар бірге пайда болып, бірге дамиды. Білім беруде сұрақ үлкен рөл атқарады. Сұрақ қою арқылы өтілген тақырыптың қаншалықты қамтылғанын және студенттің білімін білуге болады. Логикалық құрылымы дұрыс сұрақтар студенттің ой-өрісін дамытады және өз сөзімен жауап беруге жол ашады. Әр студент тілдің қызметін дұрыс пайдалана білуі керек. Тілдің негізгі қызметі – қоғамда қатысым құралы болу. Ол туралы Ф.Ш.Оразбаева: “Тілдік қатынас – ойлау мен сөйлеудің қатысы арқылы тілдік тұлғалардың таңбалық жүйесі мен дыбысталу қасиеті нәтижесінде жүзеге асатын: адамдардың өзара түсінісуін қамтамасыз ететін тек адамзатқа ғана тән күрделі тілдік қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынас” – деген пікір білдіреді [2]. Қарым-қатынас жасау қажеттілігі – адамды тіл дамытуға, байланыстырып сөйлеуге итермелейтін негізгі қозғаушы күш екендігі белгілі. Қарым-қатынасқа түспеген сөйлеу әрекеті тоқырауға ұшырап, мәнін жоғалтады, қарым-қатынас барысында студент әлеуметтік өмірдің тәжірибесін жинақтайды.

Студенттерді оқыту арқылы оның жеке басының дамуына, оның бойында мақсаттылық, қабілеттілік, саналылық, жауапкершілік, тәртіптілік сияқты қасиеттердің қалыптасуына жағдай жасалады. Л.С.Выготский өз зерттеулерінде даму мен білім берудің арасында диалектикалық байланыс бар екендігін анықтайды, дұрыс ұйымдастырылған білім беру ісі дамудың негізі дейді. Осыған орай Ю.К.Бабанский: “Оқыту үрдісінің міндеті – тұлғаны тәрбиелеу, оқыту және қалыптастыру” [3], – деп атап көрсетеді. Оқыту – студентке білім, білік, дағды сияқты қасиеттер қалыптастыру мақсатында оның психикасына әсер ету, яғни оқыту арқылы студенттің жан дүниесін дамыту. Білім беру негізінде студенттің білімге деген қызығушылығы артады, интеллектуалды дамуы жетіледі. Бұл құбылыстың барлығы студенттің ақыл-ой әрекеті: түйсінуді, қабылдауды, зерделеуді, есіне сақтауды т.б. психикалық үрдістер арқылы іске асады. Студенттің ойлау әрекеті арқылы оның қабылдаған білімі талданады, жүйеленеді, жинақталады. Оқыту үрдісі берілген білім мазмұнын логикалық тұрғыдан жүйелі жеткізу, студенттің ойлау қабілетін дамыту болып табылады. Логика ойлаудың заңдылықтарын ғана ашады, ал оны дұрыс пайдалануды, қолдануды қалай қамтамасыз ету жөнін талдап жатпайды. Өйткені, ойлаудың деңгейі барлық студентте бірдей болмайды. Бір студент жай, ал енді біреуі жылдам ойлап, қорытындылар жасайды. Қазақ диалектологиясын модуль арқылы оқытуда дайындалған пән пакетіндегі материалдарды кейбір студенттер жылдам меңгеріп, жылдам талдауға дағдыланса, енді бір студенттер жай талдап, баяу меңгереді. Бірақ олардың барлығы да берілген материалдарды сауатты меңгеріп, дұрыс талдауға машықтанады. Ол студенттің қызығушылығына, түсінігіне байланысты болады. Осыдан келіп, өнімді ойлау адамның тек қабілетімен байланысты емес, сонымен қатар оның көңіл-күйіне, өз күшіне сенімділігіне де қатысты болады деген пікір туады. Демек, адамның логикалық ойлау деңгейі, мүмкіншілігі психологиялық факторларға да қатысты.

Студенттердің логикалық ойлауын қалыптастыру – студенттердің шығармашылық ойлауын дамытуға бағытталған жұмыс. Шығармашылық – адамның өнімді ақыл-ой әрекетінің негізінде барлық білімі мен тәжірибесін алдындағы міндетін шешуге жұмылдырғанда ғана іске асатын күрделі психологиялық үдеріс. Оның мақсаты – адамның еркіндігі және жан-жақты дамуы. Студенттің еркіндігі үшін оған жағдай жасалуы қажет. Өйткені кез келген адамның өзіне тән шығармашылық әрекеті болады. Қазақ диалектологиясын модуль арқылы оқытуда мынадай шығармашылықтар: ертегі шығару, өлең, әңгіме, инсценировкалар жазу, телебағдарламалар, сөзжұмбақ, ребус, суретті жаттығулар құрастыру жүргізіледі. Бұл жұмыстар кезінде оқушы өзінің игерген білімі мен іскерлігін байыптауды, өзінің және жолдастарының әрекетіне баға беруді үйренеді сондай-ақ оны өзінен де, өзгеден де талап етеді. Талдау кезінде өз білімін жеткізудің тиімді жолдарын іздестіреді, білімін толықтырады, өзіндік шығармашылық ойлауы қалыптасады.

Білім беруде студенттің оқу әрекеті негізгі фактор болуы үшін оқытушы оның мәні мен құрылымын, оның негізінде жатқан психологиялық механизмін терең түсінуі, оны ұйымдастырудың, қалыптастырудың жолдарын білуі тиіс. Оқу әрекетінің психологиялық негіздері Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов, А.К.Маркова, П.Я.Гальперин, К.К.Платонов т.б. ғалымдардың еңбектерінде талданады [4,5,6,7,8]. Студенттердің оқу әрекетін қалыптастыру – психология-педагогикалық теорияның маңызды мәселесі. Оқытудың психологиялық заңдылығын айқындау білім алушының жасына қарай психологиялық ерекшелігін білумен байланысты. Ол белгілі бір жастағы адам және жеке тұлға ретінде: психологиялық, әлеуметтік және биологиялық жақтан сипатталады. Студенттің өмірдегі негізгі бағыты, мақсаты – білім алу, білімін толықтыру, интеллектісін дамыту, рухани жағынан өсу, белгілі бір мамандықтың иесі болу.

Адамның жеке басының психологиялық қасиеттерінің қалыптасуы мен дамуына әсер ететін

құбылыс оның танымдық қызығушылығына негізделген – білім. Білімнің қалыптасуында бір-бірімен байланысты компоненттер болады. Оның біріншісі – оқу материалын қабылдау. Қабылдау тиімді болу үшін мақсаттылық, саналылық, игерілетін білім тірек білімге негізделуі, жаңғыртылуы, мұғалім оқушының көзбен көріп, құлақпен естіп, көңіліне тоқуына жағдай жасауы қажет. Екінші компонент – оқу материалын ойша өңдеу, жүйелеу. Игерілетін білімнің сапасы студенттің белсенді ойлауымен (талдау, салыстыру, тұжырымдар жасау) тығыз байланысты. Үшінші компонент – игерілген білімді іс жүзінде қолдана білу. Ол үшін студент теориялық білім практикалық әрекетінің негізі екендігін білуі тиіс. Төртінші компонент – білімді бекіту. Бекітудің тиімді жолы практикада десек, бұл модуль арқылы оқытуда ең жоғары деңгейде дамыған үрдіс.

1 Коменский Я.А. *Ұлы дидактика. Аударған Ә.Қоңыратбаев.* – Алматы, 1991. - 100 б.

2 Оразбаева Ф.Ш. *Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі.* – Алматы: РБК, 2000. - 207 б. - 17-б.

3 Бабанский Ю.К. *Избранные педагогические труды.* – М.: Педагогика, 1989. - 558 с.

4 Эльконин Б.Д. *Психология развития: Учебные пособия для студентов высших учебных заведений.* – М.: Издательский центр «Академия», 2001. – 144 с.

5 Давыдов В.В. *Проблемы развивающего обучения.* – М.: Педагогика, 1989. - 185 с.

6 Маркова А.К. *Психология профессионализма.* – М.: Знание, 1996. - 108 с.

7 Гальперин П.Я. *К исследованию интеллектуального развития ребенка.* – М.: // «Вопросы психологии», 1969. - №1.

8 Платонов К.К., Голубев Р.Г. *Психология.* – М.: Высшая школа, 1977. - 256 с.

ӘОЖ: 373.091.113

**МУСАЕВА К.С.**

*Арнайы мақсаттағы ағылшын тілі  
кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., Абай ҚазҰПУ профессоры*

## **КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

**Түйіндеме:** Әлемдік ірі мемлекеттердің білім беру стратегияларында көптілді білім беру оқу үлгісі өткен ғасырдың 70 жылдарынан бастап қалыптаса бастады. Бұл ұғымның тікелей мағынасы – «көпмәдениетті білім беру жүйесі» еді. Көпмәдениетті білім беру жүйесінің мәні – көпмәдениетті тұлға қалыптастыру болып табылады. Қазіргі таңда шеттілдерін оқыту үрдісі әлемдік білім беру стандарты болып табылады. Көптілді білім беру – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашу болып табылады. Егемен еліміздің болашақ бағдарының үштұғырлы тілдер саясатын негізге алып отырғаны – бүгінгі ақпараттық қоғамның және қашанда өз өктемдігін жүргізетін уақыт пен заманның талабы болып отырғандықтан, көптілді білім беру үдерісінде қолданылатын инновациялық технологиялардың да рөлі өте маңызды. Модульдік оқыту технологиясы – білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігі, оқудың әдістері мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді. Ал, «модуль» дегеніміз – іс-әрекеттің мақсатты бағдарламасы белгілеген деңгейіне (жоспарланған алдағы нәтиже) жету үшін сұрыпталған, дидактикалық өңделген білім, білік, дағдының белгілі мазмұнының бірлігі және оның әдістемелік нұсқауы немесе аяқталған оқу ақпараты болып табылатын модульдік бағдарламаның негізгі құралы. Жалпы «модуль» сөзі «оқытудың мазмұны мен технологиясын» білдіреді. Мақалада қарастырылатын негізгі мәселе модульдік технологияның тиімділігі мен қолданысы болып табылады.

**Аннотация:** Полиязычная система образования была образована в образовательных стратегиях государств с 70-х годов прошлого века. Процесс глобализации повлияло на парадигмы всемирного образования, в результате «глобальная система образования» было сформировано. Прямой смысл этого понятия является полиязычная система образования. Значимость многоязычной системы образования является формирование поликультурного человека. В настоящее время, процесс преподавания иностранных языков во всем мире имеет образовательный стандарт. Полиязычное образование открывает путь молодому поколению. Триединство языков было принято на основе образовательной системы нашей страны, потому что, это требование времени, века и общества, поэтому роль инновационных технологий является наиболее важным в процессе полиязычия. Модульное обучение технологии – понятие самого образования, скорость получить знания, возможность работать, также оно обеспечивает индивидуальность обучения в соответствии с методами. Модуль является основным средством программы модуля, методического направления или содержания знания и деятельности для того, чтобы было проанализировано до уровня действия, определенной программой. В общем, «модуль»

означает «содержание и технологию». Основная проблема, которая была рассмотрена в статье эффективность и использование модульной технологии в процессе образования.

**Annotation:** Multilingual educational system has been formed in worldwide educational strategies of states from the 70-years of last century. The process of globalization had influenced on global educational paradigm, as a result «global educational system» had been formed. The direct meaning of this concept is the multilingual system of education. The significance of the multilingual system of education is to form polilingual individual. At present, the process of teaching foreign languages in the world is worldwide educational standard. Multilingual education opens the way to young generation widely. Trinity of languages has been taken on the basis of our country's educational system, because it is the requirement of time, century and society, that is why the role of innovational technologies are the most important in the process of multilingualism. The module technology of teaching –the content of education, the speed of earning knowledge, possibility of working himself, also provides the individuality of teaching according to the methods. Module is the main means of module program, methodical direction or the unit of the content of knowledge, habit, activity in order to be analyzed till the level of action defined by the program. In common, «the module» means «the content and technology». The main problem which has been considered in the article is the effectiveness and usage of module technology.

**Тірек сөздер:** көптілді білім беру, оқыту технологиясы, модульдік оқыту технологиясы, диалогтық бөлім.

**Ключевые слова:** полиязычное образование, технология обучения, обучения модульной технологии, диалогическая часть.

**Key words:** multilingual education, teaching technology, module technology of teaching, dialogue part.

Қазіргі таңда өзгерістер мен жаңашыл идеялармен толығып отыратын білім беру жүйесінің алдына қойған міндетінің бірі де бірегейі - білікті де білімді мамандар даярлау болып табылады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына 17 қаңтар 2014 жылы жариялаған жаңа Жолдауында «Біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты. ХХІ ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар. Бұл үшін біз не істеуіміз керек? Біріншіден, барлық дамыған елдердің сапалы бірегей білім беру жүйесі бар. Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр. Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. 2020 жылға қарай Қазақстандағы 3-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі біліммен 100 пайыз қамту жоспарлануда. Сондықтан оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс» деп көрсетілген [1]. Бүгінде кәсіби біліктіліктің басты шарты – маманның шетелдердегі әріптестерімен байланыс орнатып, күн сайын ашылып жатқан сандаған жаңалықтардан хабардар болып, озық тәжірибе алмасуды қызметінің тұрақты бір бөлігіне айналдыру қажеттілігі болып отыр. Мұндай талаптың үдесінен шығу үшін маманның тілдік біліктілігі жоғары болуы, яғни, оның шет тілдерін, халықаралық тілдерді еркін меңгеруі шарт. Осыған орай, әлемге есігін айқара ашқан Қазақстан халқының алдына жаңа міндеттер қойылды. Солардың ішінде аса маңыздыларының бірі «Үштұғырлы тіл» мемлекеттік бағдарламасы болып табылады. Жалпы, «Үштұғырлы тіл» туралы жобаны Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы ассамблеясының ХІІ құрылтайында жария еткен болатын. Ал, 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» деп аталған халыққа Жолдауында Елбасы «Тілдердің үштұғырлылығы» – «Триединство языков» мәдени жобасының жүзеге асырылу кезеңдерін айқындады. Елбасымыз 2008 жылдың ақпанындағы Жолдауында: «Үкімет «Тілдердің үштұғырлылығы» мәдени жобасын іске асыруды жеделдетуі тиіс. Бүкіл қоғамымызды топтастырып отырған мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқыту сапасын арттыру қажеттігіне ерекше назар аударғым келеді», – деп атап көрсетті. Тілдердің үш тұғырлылығы идеясын Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «қазақ тілі мемлекеттік дәрежесінде мемлекет өмірінің бар саласында «бүкіл қоғамымызды біріктіруші» қызметін атқарса, орыс тілі ұлттар арасындағы қарым-қатынастарға қызмет етеді, ал ағылшын тілі әлемдік экономикаға, әлемдік қауымдастыққа кірігуімізге қызмет етеді»,–деп атап көрсетті. Осыған орай, 2013-2014 оқу жылынан бастап еліміздің барлық орта мектептерінде ағылшын тілі І сыныптан бастап жүргізілуде. Ал, 5 жылдан кейін орта білім беру саласында гуманитарлық және жаратылыстану пәндері ағылшын тілінде жүргізіле бастайды. Оған дейін осындай ірі де ауқымды жұмысты атқаратын білікті мамандар даярлауымыз қажет. Көптілділік дегеніміз не? *Көптілділік* термині (татар тілінде – күнтеллелек, ағылшын тілінде – multilingualism, mehrsprachigkeit) орыс тілінен шыққан, қоғамда әртүрлі тілдердің таралуы, жеке тұлғалардың бірнеше тілдік құралдар арқылы сөйлесу мүмкіндігі ретінде түсіндіріледі. Сондықтан да, жоғары оқу орындарында көптілді мамандар



даярлауда нақты да тиімді шаралар қолданылуы қажет. Көптілді білім беру стратегиясына сәйкес университетімізде атқарылып жатқан игі істердің бірі 2012-2013 оқу жылынан бастап, гуманитарлық және жаратылыстану мамандықтарында ағылшын және орыс тілдері қосымша жүргізілуде. Себебі, көптілді білім беру – көптілді және көпмәдениетті тұлға дамуының негізі болып табылады. Ал, жоғары оқу орындарының міндеттерінің бірі – бәсекеге қабілетті, технологияларды меңгерген, білімді де білікті маман даярлау болып отыр. Ал, білікті де білімді маман дайындау – білім берудің моделі мен құқықтық базасына тікелей байланысты. Осыған орай, «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанды» құру біздің алдымызға үлкен мақсаттар қойып отыр. Ол – жеке тұлғаның және қоғамның, «парасатты экономиканың» қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін бәсекелестікке қабілетті білім беру жүйесін қалыптастыру. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «*Жаңа онжылдық-жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері*» атты Қазақстан халқына 29 қаңтар 2010 жылғы жариялаған жаңа Жолдауында білім беру туралы «Жоғары білім сапасы ең жоғары халықаралық талаптарға жауап беруі тиіс. Елдегі ЖОО-лар әлемнің жетекші университеттерінің рейтингіне еруге ұмтылулары керек. 2015 жылға қарай Ұлттық инновациялық жүйе толыққанды жұмыс істеп, 2020 жылға қарай елде енгізілетін талдаулар, патенттер мен дайын технологиялар түрінде өз нәтижелерін беруге тиіс»-деп арнайы атап көрсетілген [2]. Маманның біліктілігі мен кәсіби деңгейінің жоғары болуы оқыту үрдісін дұрыс ұйымдастыра білумен байланысты. Еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалып жатқан талпыныстар жағдайында әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекетінде шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын жеке тұлғаны қалыптастыру маңызды міндет болып отыр. Сонымен, қазіргі Қазақстан – дүниежүзі халықтарына есігін айқара ашқан, әлемдегі елу озық елдің қатарына енуді мақсат еткен, стратегиясы айқын, зайырлы мемлекет болғандықтан, тіл саясатына айрықша мән беріліп отыр. Әсіресе, көп ұлтты, көп конфессиялы мемлекеттің бүкіл халқының басын біріктіру, олардың тілдік мүддесін бір арнаға тоғыстыру міндетінің жүктелуі – уақыт талабы. Себебі, жүз отыздан астам ұлт өкілдерінің бейбіт қатар өмір сүруі ұлтаралық келісімнің берік орнығуы, түптеп келгенде, елішілік тұрақтылықтың кепілі болу рөлін мемлекеттік тіл ғана өз деңгейінде атқармақ. Сондықтан мемлекеттің негізін құраушы аса маңызды үш фактордың бірі – тіл қолданысын кеңейтіп, позициясын нығайтуға үлес қосу – әрбір азаматтың борышы болып табылады.

Еліміздегі білім беру саласында оқытудың жаңа түрлері, әдістері, жаңа бағыттағы технологиялар пайда болып, олар білім мазмұнының жаңаруына себепші болуда. Осындай оқыту әдістемесіндегі заман талабына сай бағдар деп инновациялық, технологиялық білім беру жүйесін айтуымызға болады. ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап «технология» ұғымы қоғамдық санада орнығып, ғылыми және практикалық іс-әрекеттің ерекше бағдарына айналды. «Инновация», «Технология» терминдеріне жеке-жеке тоқталатын болсақ, инновация дегеніміз – жаңа мазмұнды ұйымдастыру, жаңалық енгізу, яғни инновациялық үрдістерді мазмұнды ұйымдастыруды анықтайды. Қазіргі әдістемелік әдебиеттерде «технология» (technology) деген ұғым «оқыту» деген ұғыммен қатар қолданылады. «Технология» термині тәсілдер жүйесі деген мағынаны білдіреді. Тым кең мағынада технология «өнер, шеберлік, біліктілік» ретінде қарастырылады [3, 469].


Оқыту технологиясы дегеніміз – оқыту техникасы туралы ғылым, сондықтан, оқыту ғылыми түрінде жүзеге асуы керек, яғни мұғалім қалай оқыту керек деген білім біліктілігін білуі тиіс. Оқыту технологиясы қалай оқыту керек деген ғылыми тұжырымдамамен тығыз байланысты, атап айтқанда, қандай әдістер мен оқыту құралдары қолданылуы керек, оқытуды қалай ұйымдастыру керек, қандай факторларды ескеру қажет және ағылшын тілін үйретуде қалай ескеру керек деген сұрақтарға жауап іздейді. Модульдік оқыту – білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігі, оқудың әдістері мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді. Ал, «модуль» дегеніміз – іс-әрекеттің мақсатты бағдарламасы белгілеген деңгейіне (жоспарланған алдағы нәтиже) жету үшін сұрыпталған, дидактикалық өңделген білім, білік, дағдының белгілі мазмұнының бірлігі және оның әдістемелік нұсқауы немесе аяқталған оқу ақпараты болып табылатын модульдік бағдарламаның негізгі құралы. Басқаша айтқанда, адамның өзіндік дамуының шамасы. Жалпы «модуль» сөзі «оқытудың мазмұны мен технологиясын» білдіреді. «Модуль мазмұны» өзіндік мағына беретін оқу материалының көлемі ретінде ұсынылады. Модуль – оқу мазмұны мен технологияны біріктіріп тұрған мақсатты функционалды байланыстырушы болып табылады [4]. Педагогикалық технология негізінде оқу циклін қайта жаңғырту идеясы алынған. Оның мазмұны:

- оқытудың жалпы мақсатын қою;
- жалпы құрылған мақсатты нақтыландыруға көшу;

- білім деңгейін алдын-ала бағалау;
- оқу әрекетінің жиынтығы (бұл кезеңде жедел кері байланыс негізінде түзету жүргізілуі тиіс)- нәтижені бағалау.

Осыған орай, оқу үдерісі «модульдік» сипат алып, құрылымы ортақ, бірақ, мазмұны әр түрлі жеке блоктардан жасалады. Оқу модулінің үш құрылымдық бөліктен тұратын құрылымы болады: кіріспе, диалогтық бөлім (сөйлесу) және қорытынды. Оқу модулінің құрылымы кесте түрінде төменде көрсетілген. Әрбір оқу модулі әртүрлі сағаттар санынан тұрады. Бұл оқу бағдарламасындағы тақырыпқа, тақырыптар блогы мен бөлімдеріне арналған сағат санына байланысты болады. 7-12 сағаттан тұратын оқу модулі тиімді болып табылады. Алайда, пәнге байланысты 4 сағаттан 22 сағатқа дейін рұқсат етіледі. Оқу модулінің ерекшелігі сағаттың қандай мөлшері болса да, кіріспе бөлімге 1-2 сабақ арналады. Қорытынды бөлімге 2-3 сабақ арналады. Барлық қалған уақыт (3 -17 сағатқа дейін) диалогтық бөлімге арналады.

Кесте 1. Оқу модулінің құрылымы



#### **Диалогтық бөлім**

(диалогтық қарым-қатынас арқылы студенттердің танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру)

Қарапайымнан күрделіге, репродуктивті тапсырмалардан шығармашылық сипаттағы ізденіске өту (кейбір жағдайларда - шығармашылық іс-әрекетінің элементтеріне) әрбір білім алушыға бастапқы білім деңгейінен «білімді бағалау» деңгейіне дейінгі аралықтағы оқу материалын меңгеруге мүмкіндік береді.

Диалогтық бөлімде танымдық үдеріс ойын технологияларын енгізе отырып, білім алушыларды шағын топтарға (4-7 адам) бөлу арқылы өзара іс әрекетке құрылады. Мұғалім танымдық үдерістің реттеушісі, кеңес берушісі және ұйымдастырушысы ретінде қызмет атқарады. Модульдердің нәтижелі болуын көздеп, диалогтық (сөйлесу) бөлімнің түрін өзгерте отырып, әртүрлі белсенді формаларды пайдалану арқылы іске асыруға болады. Олар: топтық; жұптық; жеке топтық және ұжымдық. Оқытудың басты ерекшелігі – студенттердің қарым-қатынасы арқылы тілді дамыту, тұлғаның дамуына жағдай жасау. Мақсаты: студент + студентпен + топпен + ұжыммен + мұғаліммен өзара қарым – қатынаста болуына жағдай тудыру болып табылады. Диалогтық (сөйлесу) бөлімінде тапсырманың жеңілінен күрделісіне қарай бірнеше іс-әрекет формалары ауысып отырады. Ағылшын тілін практикалық тұрғыдан меңгертуде модульдік технология элементтерін, оның ішінде, танымдық ойындар мен шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыру маңызы зор. Сонымен, модульдік оқыту технологиясының элементтері болып табылатын ойын мен шығармашылық жұмыстарды оқыту үдерісінде қолдану арқылы келесі нәтижелерге қол жеткізуге болады:

- студенттердің білім деңгейлері жетіледі;
- тұлғалық, субъектілік қасиеттері дамиды;
- студенттер психологиялық, субъектілік мәдениетті игеру дәрежесін іс жүзінде танытып, өзекті етеді;
- түрлі пікірлер, танымдық қабілетті жетілдіреді;

- әр студенттің қарым – қатынас субъектісі ретінде танылуға мүмкіндігі болады;
- түрлі пікірлер, көзқарастар, идеялар тоқайласы негізінде пікірталас шығып, студенттердің оқу үдерісінде қарым – қатынас жасау құзіреті жетіледі;
- студенттердің оқу танымдық қызығушылығы артады.

Оқытуды ойын түрінде ұйымдастыру дегеніміз - білімдік мақсатқа жетудің көңілді және белсенді формалары болып табылады. Модульдік оқыту технологиясының элементтері танымдық ойындар мен шығармашылық жұмыстарды ағылшын тілін практикалық тұрғыдан меңгерткенде студенттердің білім-білік дағдысын ғана дамытып қоймайды, сондай-ақ, жан-жақты дамыған жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал ететін технологияның бірі болып табылады. Ойындар мен шығармашылық жұмыстарды білім алушылардың жас ерекшелігіне қарай, өтетін тақырыптың мазмұнын есте сақтап, оны өз бетімен қажетті жағдаяттарда, өмірде қолдануды ұйымдастырып өткізуде модульдік оқыту технологиясының элементтері болып табылатын ойын мен шығармашылық жұмыстардың маңызы зор. Бұл элементтен білім алушылардың оқу материалдарын қайта жаңғыртуын, қарапайым білік пен дағдыларды және білімін іс жүзінде қолдана білуге үйретеді, «өсу» бағытымен қарапайымнан күрделіге, репродуктивті тапсырмалардан шығармашылық сипаттағы тапсырмаларға, зерттеушілік қызмет элементтеріне қарай қайта оралып отыру әр білім алушымен оқу материалымен жұмыс істей отырып, өз қабілеттерін, жадын, ынтасын, ойлауын, ауызша және жазбаша тілін дамытуға мүмкіндік береді.

1 «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 17 қаңтар 2014 жыл.

2 «Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу-Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 29 қаңтар 2010 жыл.

3 Большой энциклопедический словарь: В. 2т. – М.: Советская энциклопедия, 1991. – Т.2. - 469 с.

4 М.М.Жанпейісова Модульдік оқыту технологиясы - оқушыны дамыту құралы ретінде. - Алматы, 2002.

ӘОЖ 419.99271

Талдыбаева М.Д.

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша PhD докторанты

## ҚАЗАҚ ТІЛІ ДЫБЫСТАРЫНЫҢ ТІЗБЕК АЙЫРЫМ БЕЛГІЛЕРІН МОДЕЛЬДЕУ ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

**Аннотация:** Бүгінгі таңда қолданба лингвистиканың дамуы, ақпарат сараптау, әдістеме саласындағы көрнекілікті қамтамасыз ету, компьютер технологиясының жетілуі тілдік модельдерге мұқтаждық туғызып отыр. Тілдік модельдер жасау бүгінгі күннің сұранысынан туып отырғаны анық. Модельдеу әдісі жаңа әдістердің бірі болмаса да, жемісті әдіс болып саналады. Себебі кез келген затты мақсатты, жылдам, неғұрлым тиімді тәсілмен зерттеуге мүмкіндік береді. Тіл білімінің фонетика саласындағы өзекті мәселелерінің бірі – айырым белгілер теориясы. Тілдің дыбыс құрамын анықтап, оның дыбыс жүйесін сипаттап шығу тек айырым белгілер теориясы арқылы ғана орындалатынын ескерсек, оның қазақ тілі үшін маңызы зор. Қазақ тіл білімінде айырым белгілер теориясын қалыптастырып, соның негізінде қазақ тілі дыбыстарының айырым белгілер құрамын анықтап шығу – өзекті зерттеулердің бірі болып табылады. Қазақ тіліндегі дыбыстардың айырым белгілерінің жасалым сипатының ерекшеліктері сингармонизмнен бастау алатыны белгілі. Осы мәселені негізге ала отырып мақалада қазақ тілі дыбыстарының тізбек айырым белгілерін модельдеу әдісі арқылы оқыту қарастырылған.

**Кілт сөздер:** фонетика, тізбек айырым белгі, айырым белгілер теориясы, модель, модельдеу әдісі, дыбыстардың тізбек белгісінің моделі, естілім, айтылым, жасалым.

**Аннотация:** В нынешнее время потребность моделирования в лингвистике возрастает с каждым днем в связи с развитием прикладной лингвистики, анализа информации, с высоким ростом компьютерной технологии. Хотя метод моделирования не является одним из современных методов, он вполне считается продуктивным. Основной проблемой фонетики является теория дифференциальных признаков. Так как уточнение состава звуков и описание звуковой структуры реализуется на теории дифференциальных признаков, то она является одной из актуальных задач современного языкознания. Особенности артикуляционного описания дифференциальных признаков в казахском языке оттакаиваются от сингармонизма. Именно он остается фундаментальным исходом теории дифференциальных признаков и их артикуляционного описания. Учитывая это в статье рассматривается обучение последовательных дифференциальных признаков в казахском языке способом моделирования.

**Ключевые слова:** фонетика, последовательный дифференциальный признак, теория дифференциальных признаков, модель, способ моделирования, перцепция, акустика, артикуляция.

**Abstract:** At present the need for modeling in Linguistics is increasing with each passing day in connection with the development of applied linguistics, analysis of information, with high growth in computer technology. Although the method of modeling is not one of the modern methods, it is considered productive. The main problem of the theory of phonetics is the distinctive features. Since the refinement of sound and audio descriptions of the structure implemented in the theory of distinctive features, it is one of the urgent tasks of modern linguistics. Features of articulatory descriptions of differential traits in Kazakh language repelled from the singarmonizma. It remains a fundamental outcome of the theory of differential signs and their articulatory descriptions. With this in mind the article is training serial differential traits in Kazakh way of modeling.

**Keywords:** phonetics, serial differential sign, theory of differential characteristics, model, modeling method, manner of articulation, acoustics, perception.

Модельдеу әдісін сөз етпестен бұрын біз «модель» сөзіне тоқталайық. Модель дегеніміз (французша *modele*, латынша *modulus* – мера, образец) схема какаогого-либо явления или процесса в природе и в обществе [1,325].

Сонымен модель дегеніміз – белгілі бір заттың немесе құбылыстың ықшамдалған, қарапайым көрнекі үлгісі. Модельдің құрамында түпнұсқаға тән белгілердің бәрі сақтала бермейді. Модельде ең маңызды деген белгілер ғана сақталады[2, 5].

Қазақ тілтанымында фонетикалық құбылыстар мен заңдылықтарды моделдеу дәстүрге айналмаған. Модель жасау зерттеу әдісі ретінде қолданылмаған. Оған себеп – практикалық мұқтаждықтың болмауы. Бүгінгі таңда қолданба лингвистиканың дамуы, ақпарат сараптау, әдістеме саласындағы көрнекілікті қамтамасыз ету, компьютер технологиясының жетілуі тілдік моделдерге мұқтаж болып отыр. Тілдік моделдер жасау бүгінгі күннің сұранысынан туып отырғаны айдан анық.

Тілтаным тарихына жүгінетін болсақ, түркі тілтанымында моделдеу әдісінің болғанына көз жеткіземіз. Оған Түркі дауыстыларының текше моделі дәлел[3,14]. Сингармонизм заңына қатысты модель түрлерін алғаш пайдаланған профессор Ә.Жүнісбек [4]. Біз мұны үнемі басшылыққа алып отырамыз.

Модельдеу әдісі – ғылыми танымның зерттеу объектілерін, олардың модельдерін жасап, зерделеу арқылы танып-білу әдісі. Бұл әдіс кез келген затты жылдам, неғұрлым тиімді тәсілмен зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, модель зерттеліп жатқан объектінің субъект баса көңіл қойып отырған қасиеттерін жоғары дәлдікпен бейнелей алады.

Дәстүрлі қазақ фонетикасында дыбыс жіктелімінің әртүрлі үлгісі берілгенімен, олардың айырым белгілерінің өзара байланысы талданбайды. Сол себепті дыбыстың артикуляциялық белгісі аталады да, оның басқа артикуляциялық белгілерге қандай қатысы бар екендігі қарастырылмайды. Сондықтан да дыбыстың артикуляциялық белгісі дара тұрған фонетикалық бірлік ретінде қалып отырады. Ал тілдің белгілі бір жүйе екендігін ескеретін болсақ, онда дыбыс белгілері жеке-жеке талданбауы керек. Егер бір дыбыс белгісін алатын болсақ, онда сол тілдегі өзге де дыбыс белгілерін ескеріп, барлық дыбыс белгілерін бір-бірімен байланыстырып және топтап талдап отыру керек болады.

Тілдің дыбыс жүйесі дегеніміз - айырым белгілердің өзара сабақтастығы мен байланысы болып табылады. Бұл жалпы фонетикада (общая фонетика) қалыптасқан ортақ пікір болып табылады [5,2].

Қазақ тілі дыбыстарының айырым белгілерінің бір тобын *тізбек [айырым] белгілер* деп атаймыз. Тізбек айырым белгілер, аты айтып тұрғандай, тізбектеліп тұрады және олардың фонетикалық (жасалым, айтылым, естілім) көрсеткіштерінің арасында бір ғана айырым белгі өзгеріп отырады:

- жасалым (артикуляциялық) тұрғысынан бір сөйлеу мүшесінің қатысы (жасалу орны, жасалу тәсілі немесе дауыс желбезегінің қатысы) өзгеріп отырады;
- айтылым (акустикалық) тұрғысынан физикалық (бедер таңбаның, қарқын таңбаның, әуен таңбаның және толқын таңбаның) көрінісінің біл бөлігі ғана өзгеріске ұшырайды;
- естілім (перцепциялық) тұрғысынан үн түйсінімі әсерінде бір ерекшелік байқалып отырады.


Тізбек айырым белгілер дыбыстардың тобына қатысты болады. Басқаша айтқанда, дыбыс тобы кем дегенде үш дыбыс болу керек. Мысалы, оның формулалық тізбегі төмендегідей болады:

$$\begin{aligned} A_1 - A_2 - A_3 \dots\dots\dots A_n \\ B_1 - B_2 - B_3 \dots\dots\dots B_n \\ C_1 - C_2 - C_3 \dots\dots\dots C_n \end{aligned}$$

Көрініп тұрғандай, дыбыс құрамы өзгеріп отыруы мүмкін, ал дыбыс саны кем дегенде үшеу болады, ал әрі қарай қанша болса да бола береді.

Қазақ тілі дыбыстарының ішінде жасалу орнына қатысты тізбек белгілер көбінесе дауыссыз дыбыстардан болады.


Артикуляциялық белгілер құрамындағы жасалу орнының моделі арнайы қою сызықпен берілді (1-сурет).



1-сурет. Қазақ тілі дыбыстарының айырым белгілер құрамындағы жасалу орнына қатысты белгілердің орны

Сонда қазақ тілінің тізбек айырым белгілеріне қатысты дауыссыз дыбыстар саны жасалу орнына қарай төртпен шектеледі. Ал, жалпы алғанда, тізбек құрамы алтыға дейін жетуі мүмкін. Бірақ қазақ тілінде *тіл алды* және *тіл арты* дауыссыз дыбыстар жоқ болғандықтан, төртпен шектеліп отыр. Теориялық тұрғыдан, әлемде тізбек құрамы жетіге жететін тіл (немесе тілдер) болуы мүмкін. Ондай жағдайда жасалу орны ретінде *ерін*, *тіл ұшы*, *тіл алды*, *тіл ортасы*, *тіл арты*, *тілшік*, *көмей* түгел қамтылу керек. Алайда, жалпы фонетика деректеріне сүйенетін болсақ, жоғарыдағы жасалу орнын түгел қамтитын тіл жоқ тәрізді.

Қазақ тілі дыбыстарының тізбек белгісінің көрнекі моделі олардың өзара байланысын нақты көрсетеді (2-сурет). Сонымен ерін, тіл ұшы, тіл ортасы және тілшік белгілері арқылы дауыссыз дыбыстар тізбегі жасалатын болып шықты. Дауыссыз дыбыстардың өзге белгілері өзгермеуі мүмкін, яғни ортақ қалпында қалады. Басқаша айтқанда, дауыссыз дыбыстардың басын бір ғана белгінің өзгерісі ұйыстырып тұрады.



2-сурет. Қазақ тілі дауыссыз дыбыстарының тізбек белгісінің моделі.

Тізбек белгілердің өзара жүйелі байланысын біржақты жебе сызықпен → жалғастырып отырамыз:

**ерін → тіл ұшы →...→ (тіл ортасы → ... → тілшік)**

Тіл арты жасалым белгісін бұл жерде ескермейміз, өйткені ол дауысты дыбыстарға қатысты, сондықтан қалыс қалып отыр. Оның үстіне қазақ тілінде тіл арты дауыссыз дыбыс жоқ болып шықты. Ал, қазақ тілінің оқулық, оқу-құралдары мен ғылыми фонетикалық еңбектерінде [6] қазақ тілінде тіл арты дауыссыз дыбыс бар деген пікірді жиі кездестіреміз.

Қазақ тілі дыбыстарының жасалым (артикуляциялық) белгілер жүйесін талдау арқылы «қазақ тілінде тіл арты дауыссыз дыбыс жоқ» деген қорытындыға келіп отырмыз[4]. Ендеше жасалым белгілер теориясының (теория дифференциальных признаков) тіл дыбыстарын талдау үшін маңызы зор екенін көреміз.

Сонымен, тізбек белгілердің басында дауыссыз дыбыстарға қатысты ерін жасалу орны тұр. Осы топқа кіретін дауыссыз дыбыстардың толық артикуляциясын талдап аламыз. Қазақ тілінің ерін жасалым орнына қатысты дауыссыз дыбыстары  $n[p]$ ,  $b[b]$ ,  $m[m]$ ,  $y[w]$ . Соңғы дауыссыз дыбыстың жақшаға алынған анықтама дыбысы жайлы толық мәліметті академиялық «Қазақ грамматикасынан» [7] табуға болады. Сондықтан оған арнайы тоқталып жатпаймыз.

Артикуляциялық талдау үстінде өзекті, яғни тізбек белгіні қою түспен бөлектеп отырамыз. Төрт дыбысты да қарастырмай, бір ғана  $n[p]$  дауыссыз дыбысының артикуляциялық моделін көрсетеміз[4].

Қазақ тіліндегі  $n[p]$  дауыссызы (3-сурет):

- ерін арқылы жасалады, жасалу орнына қарай ерін (еріндік-огубленный емес, өйткені ол үндесім талданымның атауы, жасалым талданымда ерін-губной атауын пайдаланып отырамыз) дауыссыз болып табылады;

- ерін мен еріннің тоғысымы арқылы жасалады, жасалу тәсіліне қарай тоғысыңқы дауыссыз болып табылады;

- дауыс желбезегі бейтарап қалады, дауыс желбезегінің қатысына қарай тербеліссіз (қатан) дауыссыз болып табылады.



3-сурет. Қазақ тілінің  $n[p]$  дауыссызының тізбек белгісінің артикуляциялық моделі.

Артикуляциялық модельде  $n[p]$  дауыссызына қатысты жасалым белгілері түгел берілген. Алайда біз үшін сол белгілердің ішінде өзектісі ерін белгісі болып отыр.



Дауыссыз  $n[p]$  дыбысының өзге тоғысыңқы және тербеліссіз (қатан) белгілері бейтарап қалып отыр. Осындай ретпен қалған дауыссыз дыбыстардың ( $b[b]$ ,  $m[m]$ ,  $y[w]$ ) тізбек белгілерінің артикуляциялық моделін жасап шығамыз.

Сонымен ерін тізбек белгісіне қатысты төрт дауыссыз дыбысты таптық.


$n[p] \rightarrow b[b] \rightarrow m[m] \rightarrow y[w] \rightarrow$

Дауыссыз  $n[p]$ ,  $b[b]$ ,  $m[m]$  және  $y[w]$  дыбыстарын байланыстырып тұрған тізбек белгі ерін жасалу орны болып табылады, енді тізбек белгіні жалғастыратын тағы дыбыс іздейміз. Тізбек соңындағы жебе сызық соны меңзеп тұр. Алайда қазақ тілінің дауыссыз дыбыстар құрамынан ерін белгісінің тізбегін жалғастыратын дыбыс таппаймыз. Ендеше ерін жасалу орнына қатысты жасалым белгілер тізбегі осымен аяқталады. Тізбек соңындағы сілтеме жебені алып тастаймыз.

$n[p] \rightarrow b[b] \rightarrow m[m] \rightarrow y[w]$

Сонымен тізбек тұйықталып шығады. Ендеше қазақ тілінде ерін жасалым белгісіне қатысты төрт дыбыс бар деген қорытынды жасаймыз.

Сонда ерін жасалым орнына қатысты төрт құрамды тізбек пайда болады. Жасалым белгілердің тізбегін құрау үшін жасалым белгілер біркелкі болу керек, бұл - басты шарт екенін ескертіп отырамыз:



Тізбек құрамындағы дауыссыз дыбыстардың тоғысыңқы, жуысыңқы, қатан, ұяң және үнді белгілері бейтарап қалады.

Бірыңғай жасалым белгілер ғана тізбек құрай алады. Тізбек белгілер тілдің өзіндік белгісінің (типологический признак) бірі болып табылады. Өзге тілдерде тізбек құрамының бірліктері мен саны басқаша болуы мүмкін, төрттен артық/кем немесе тең болуы мүмкін. Тіл мен тілдің айырмашылығы осындай заңдылықтардан көрінеді. Ендеше қазақ тілінің типологиялық белгілерінің бірі ретінде төрт

құрамды тізбек белгісін алуға болады. Егер тізбек белгінің құрамы тең болса (яғни төрт-төрттен болса), онда ол типологиялық белгі бола алмайды, егер артық/кем болса, онда типологиялық белгі ретінде қарастыруға болады.

- 1 *Словарь иностранных слов.* – М., 1988. – 620 с.
- 2 *Жүнісбек А. Қазақ тілі дыбыстарының артикуляциялық моделі.* – Алматы: Арыс, 2005. – 112 б.
- 3 *Черкасский М.А. Тюркский вокализм и сингармонизм.* – М., 1965. 1965. – 142 б.
- 4 *Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы.* – Алматы: Арыс, 2009. – 109 с.
- 5 *Трубецкой Н.С. Основы фонологии.* – М.: Аспект пресс, 2000. – 353 с.
- 6 *Мырзабеков С. Қазақ тілі фонетикасы.* – Алматы: Арыс, 2004. – 198 б.
- 7 *Қазақ грамматикасы.* – Астана: Елорда, 2002. – 783 б.

УДК 378.016.02:81'246.3 (574)

**М.Р. Кондубаева, Б.С. Балгазина**

*д.пед.н., профессор кафедры филологических специальностей ИМиДPhD  
к.пед.н., профессор кафедры русской филологии для иностранцев  
Казахский национальный педагогический университет им. Абая*

## **К ПРОБЛЕМЕ МЕТОДИКИ И ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ ЯЗЫКАМ В УСЛОВИЯХ ПОЛИЯЗЫЧИЯ**

**Аннотация:** Статья посвящена одной из сторон полиязычного образования. Теория, методика и технология обучения языковым дисциплинам в средних и высших учебных заведениях - сложнейшая отрасль среди гуманитарных наук, которая основана на общей методологии и таких фундаментальных науках как философия образования, возрастная психология, общая педагогика.

В центре методологии – система подготовки специалистов, которая, во-первых, обеспечивает последовательную реализацию принципа взаимосвязи с трехязычным обучением: казахский, русский, английский - лексические, тематические и грамматические минимумы по уровням обучения; во-вторых, обеспечивает реализацию когнитивного, коммуникативного, лингвистического и культурного обучения; обеспечивает освоение каждого из трех языков оригинальностью и своеобразием использования, которые отражают историю, культуру и менталитет народов.

В статье особое внимание уделяется философии образования, философскому осмыслению западной и восточной систем образования.

В этой работе рассматривается также так называемая проблема полуязычия, когда человек не может выразить собственные мысли на изучаемом языке. Авторы считают, что единства этноса (казахов), народа (всех этносов Казахстана) можно добиться, если в стране будет единая школа, не разделяющаяся по языкам. Базовым языком в такой школе должен стать государственный язык, язык большинства.

В статье сделан вывод: развивая речь обучающихся в условиях контактирования языков, необходимо опираться на базовый язык, родной или первый, на котором ребенок обучается, чтобы предупредить полуязычие. Необходимо давать практические знания для осознания реальной речевой ситуации в стране.

**Түйіндемe:** Мақала көп тілді білім берудің бір қырына арналған. Орта және жоғары оқу орындарында тілдік пәндердің теориясы, әдістемесі және оқыту технологиясы гуманитарлық ғылымның күрделі салаларының бірі, ол білім беру философиясы, психология, жалпы педагогика сияқты іргелі ғылымдардың жалпы методологиясына негізделген.

Методология өзегі – мамандарды дайындау жүйесі, ол, біріншіден, үштілдік (қазақ, орыс, ағылшын тілдері) оқытумен өзара байланыс қағидатының дәйекті түрде жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді; екіншіден, когнитивтік, коммуникативтік, тілдік және мәдени оқытуды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді; халықтардың тарихын, мәдениетін және ділін білдіретін үш тілдің әрбірінің қайталанбайтын қолдану ерекшелігін игеруді қамтамасыз етеді.

Мақалада білім беру философиясына, батыстық және шығыстық білім беру жүйесін философиялық ой елегінен өткізуге ерекше көңіл бөлінеді.

Мақалада келесі қорытынды жасалған: тілдердің байланысқа түсу жағдайында білім алушылардың сөйлей алуын дамытуда жартылай тілдің алдын алу үшін негізгі тілге, ана тіліне немесе бала білім алатын бірінші тілге, сүйену қажет. Елдегі шынайы тілдік жағдайды түсіну үшін практикалық білім беру қажет.

**Abstract:** Article is devoted to one of the areas of multilingual education. Specialists training system, firstly, providing consecutive realization of the principle interconnected with three – language teaching: Kazakh, Russian, English in the course of lexical, thematical and grammatical minimums on educated level coordination, secondly,

providing realization of cognitive, communicative, linguistic and cultural study, principles, providing the mastering of every three languages originality and peculiarity acquiring, that reflect the history, culture and mentality of the peoples is presented on the base of learner – centered methodology.

In this paper, we consider also the so-called problem when people can not express their own thoughts in the learning language. The authors believe that the unity of the ethnic group ( Kazakhs ), people (of all ethnic groups of Kazakhstan ) can be achieved if the country will have a single school, not divided by languages. Base language in the school should be the official language, the language of the majority.

The article concluded: developing speech of students in terms of contact languages, it is necessary to rely on the base language, native or first language. Necessary to give practical knowledge for understanding the real speech situation in the country.

**Ключевые слова:** лингвистика, речь, социокультурная компетенция, интегральная технология.

**Тірек сөздер:** лингвистика, сөйлеу, әлеуметтік-мәдени біліктілік, интегралды технология.

**Key words:** Linguistic, speech, sociocultural competence, integral technology.

Известно, что теория, методика и технология обучения языковым дисциплинам в общеобразовательной школе, средних и высших учебных заведениях - сложнейшая отрасль среди гуманитарных наук, которая основана на общей методологии, обусловленной тенденциями развития науки в целом, в том числе и таких фундаментальных наук как философия образования, возрастная психология, общая педагогика.

Для частнометодических исследований, в отличие от общепедагогических, главной научной основой, определяющей цель и содержание обучения языку, является лингвистика. Но сначала мы остановимся на философии образования, которая определяет стратегическую цель, сформулированную в социальном заказе, как формирование полиязычной, поликультурной, конкурентоспособной личности обучающегося. Философское осмысление западной и восточной систем образования и стремление к гармонизации их находим в ряде исследований. Так, в работе М.С. Ашиловой отмечается, что «во второй половине XX века мировая система образования смогла обеспечить подготовку большего числа людей, чем за всю предыдущую историю человечества. Однако бурное расширение сферы образования и изменение её статуса в XX веке сопровождалось обострением проблем в этой области, что позволило некоторым исследователям сделать вывод о мировом кризисе образования. Проблемы образования оказались в центре внимания научного сообщества [1, 2].

С переходом к информационному сообществу, в котором приоритетными являются информация и знания, проблемы выхода из кризиса, экономического, политического, военного и, главное, духовного обострились. Выход из кризиса следует искать не только в политической или экономической сферах, но и в системе образования, наряду с широкими возможностями мировой дипломатии. Приоритетом поиска должно стать сближение систем образования, науки, воспитания Востока и Запада. Следует отметить, что «общим для восточной и западной систем образования является их рыночный характер. Но эта общая глобальная тенденция в западных и восточных странах проявляется специфично». Как отмечает исследователь, для Востока – это «бережное отношение к природе и человеку (как части природы), нацеленность на нравственное самосовершенствование человека, в условиях тотальной вестернизации. Эти особенные черты позволяют восточной системе образования сохранять свою идентичность...

Евразийский характер казахстанского развития означает, что Казахстан вбирает в себя достижения, лучшие моменты западной цивилизации, а именно: уровень её техники, технологии, социально-политического, демократического развития. И в то же время, сохраняются особенности, связанные с восточным типом мышления, восточной мудростью и восточным способом отношения к миру. Тем не менее, остается малоизученной специфика и соотношение этого сочетания, а также их отражение в казахстанской образовательной системе» [1: 19].

В поисках предупреждения кризисных явлений, сохранения единства социума в стране мы опираемся на взвешенную языковую политику в нашей стране. В речи Президента Н.А. Назарбаева на юбилейной XX сессии Ассамблеи народа Казахстана «Стратегия 2050: один народ - одна страна - одна судьба» прозвучала архиважная для языковедов мысль: «В нашей стране ни один этнос не утратил своего языка. Мы бережно храним и создаём все возможности для развития культуры даже самых маленьких этнических групп: ассирийцев, рутулов, лакцев и многих др. Казахская земля объединила более 100 этносов. Конечно, чтобы все это этническое многообразие стало единой нацией, нужен хороший цемент. И сегодня главным фактором, “цементирующим” нацию, является казахский язык - язык государства» [2]. Как видим, президент даёт направление для решения проблемы развития государственного языка, который в казахстанском сообществе стоит достаточно остро.



Мы считаем, что казахский язык как государственный может и должен стать приоритетом в духовном возрождении общества. Известный в Казахстане философ Нуртас Иманкул пишет: «Язык - важнейший и непрменный атрибут, отличительный знак, совокупность культурно-исторического опыта конкретной нации, сложный идентификационный символ и источник её цивилизационного самоопределения» [3]. Он ссылается на Сократа, который говорил: «Каковы у человека склонности духа, таков и сам человек; каков человек, такова его речь; какова речь, таковы дела; каковы дела, такова и жизнь». Настроение основной части казахской интеллигенции ещё шесть лет назад изложил А. Тойганбаев, на которого также ссылается Нуртас Иманкул: «Казахам необходима казахская культура XXI века. Она креативна только на родном языке. Казахи станут своими на собственной земле, только доказав способность интегрировать все народы вокруг оси казахской государственности» [3].

Вышеизложенные проблемы - это вызовы времени, социальный заказ, который должен найти соответствующую рефлексию в системе языкового образования. Так как речь идёт о трёхязычном образовании, то теория и методика обучения языкам, связана с такими актуальными в современных условиях направлениями, как функциональная, прикладная лингвистика и сопоставительная типология. Специфику усвоения языка вообще, тем более специфику каждого из трёх языков, рассматривает общая дидактика, практика, имитация, но они не могут определить частнометодические принципы, методы и систему заданий - в целом технологию обучения конкретному языку, поэтому системность в обучении и самообразовании должна стать ведущим научным и практическим принципом работы. В схеме представлена модель обучения трём языкам [5].

#### Модель обучения трём языкам



Как видно из схемы, первые два пункта отражают теорию методики обучения языкам, в третьем пункте представлен методический уровень, а четвёртый пункт отражает технологию обучения.

Принцип системности предполагает строгое следование логике познания и наличие в учебном процессе таких компонентов, как концептуальный (целеполагание), теоретический (проектирование отбора содержания по курсам с учётом структурных особенностей контактирующих языков и закономерностей как транспозиционных, так и интерференционных). Например, цель обучения практическому курсу русского языка студентов, обучающихся по специальности «Международное право» или «Финансы и кредит» в университете, обуславливает необходимость отбора лексико-тематического минимума, соответствующего будущей профессии. В первом случае осуществляется отбор терминов и профессиональных слов по международному праву, а во втором случае в лексико-терминологическом минимуме будет банковская терминология.

Как мы уже отмечали, в теории и методике обучения языкам лингвистика определяется в качестве научной основы в разработке методического уровня, который включает ещё и опыт построения системы языкового и двуязычного образования. Одной из таких исследований мы считаем работу М. Сигуана и У. Макки «Двуязычие и образование» [4], выполненную по заданию ЮНЕСКО. В этой работе проанализированы результаты двуязычного образования в двух странах. В Шотландии, где обучение велось на валлийском языке местного населения и на английском, государственном. В

Канаде, в провинции Квебек с французским населением, были организованы школы, где обучение осуществлялось на двух языках: французском и английском. Результаты обучения оказались прямо противоположными: в Квебеке дети из двуязычных школ оказались по интеллекту выше, чем дети того же Квебека, обучавшиеся в английских школах. А в Шотландии дети из двуязычных школ показали уровень интеллекта ниже, чем дети тех же валлийских школ, обучавшиеся в одноязычной английской школе. Причиной такого, казалось бы, парадокса кроются в семейном воспитании и материальном положении родителей, у которых не было средств и времени, чтобы уделить должное внимание учебным занятиям детей. Отсюда можно сделать вывод о том, что повсеместное внедрение с 1 класса третьего языка в школах Казахстана не даст желаемого результата. В начальной школе иностранный язык необходимо вводить на добровольной основе.

Другая проблема, требующая серьёзного анализа, - это так называемая **проблема полуязычия**, когда человек не может выразить собственные мысли на изучаемом языке. Например, магистрант N в школе обучался на казахском языке, а в университете обучался по специальности «Русский язык» и в магистратуру поступил по этой же специальности, но глубоко анализировать языковые единицы русского языка он не может, так как продолжает мыслить на казахском языке. Но беда в том, что он отошёл от казахского языка, подзабыл, да и глубоко не изучил научный стиль на казахском языке, точнее не изучал, поэтому он остаётся полуязычным. Таких примеров в нашей жизни достаточно для того, чтобы бить тревогу.

Человек должен глубоко овладеть родным языком для креативного мышления, о котором писали Н.Иманкул, А.Тойганбаев, А.Сарым и др. интеллектуалы. Мы считаем, что единства этноса (казахов), народа (всех этносов Казахстана) можно добиться, если в нашей стране будет единая школа, не разделяющаяся по языкам. Базовым языком в такой школе должен стать государственный язык, язык большинства. Система образования должна планировать работу, направленную на единение этносов. «Казахи из национального меньшинства стали национальным большинством. И эта тенденция никак не изменится. Если вспомнить, что средний возраст казахов 27 лет, а славян 47 лет, если вспомнить, что каждые десять лет численность казахов растёт на 11-12% и на столько же сокращается численность славянских этносов, то уже спустя 15-20 лет Казахстан станет страной тюрко-мусульман, где русские по численности будут занимать 3-4 место. Это в корне меняет все расклады... Казалось бы, ни одно казахское объединение не имеет инфраструктуры, организации, но в целом пользуется поддержкой большинства» [6]. В такой ситуации языковая политика изменится, и нам, педагогам, необходимо разрабатывать методологию с учётом языковой ситуации на ближайшие 10-20 лет. Значит, полиязычное образование необходимо формировать на базе государственного языка. Актуальность методологии обучения казахскому профессиональному языку, построенному на знании повседневного и базового уровня обученности, несомненна.

Развивая речь обучающихся в условиях контактирования языков, необходимо опираться на базовый язык, родной или первый, на котором ребёнок обучается, чтобы предупредить полуязычие. Необходимо давать практические знания для осознания реальной речевой ситуации в стране.

Таким образом, теория, методика и технология обучения языкам - это самостоятельная [7] частная (прикладная) дидактическая наука, исследующая методологию, цели содержание, закономерности, принципы, отбор методов и технологий в зависимости от природы и специфики изучаемого языка и специфики их контактов в процессе взаимосвязанного обучения двум-трём языкам в системе полиязычного образования. Анализируя перспективы науки, мы опирались на результаты тех исследований, в которых содержательным компонентом личностно-ориентированного обучения языкам стало чёткое структурирование лексико-тематического материала по уровням на основе общих понятий.

Образование – «это непрерывное движение к фундаментальным образовательным объектам: общим понятиям, образам, символам» [7: 185]. Координация тематики текстов и охват в тематике различных сфер общения способствует постоянному пополнению словаря и формированию коммуникативной компетенции с соблюдением правил речевого этикета, межкультурной коммуникации не только в повседневных ситуациях, но и в сфере профессиональной деятельности. Всё это приводит к реализации стратегической задачи формирования полиязычной, поликультурной, конкурентоспособной личности, формированию культуры межнационального общения и предупреждению даже на бытовом уровне неэтичности в межнациональных контактах.

1. Ашилова М.С. *Философия образования Востока и Запада. Автореф. дисс.... канд. философ. наук. Новосибирск, 2012.*
2. Назарбаев Н.А. *Речь на XX юбилейной сессии Ассамблеи народа Казахстана «Стратегия 2050: один народ - одна страна - одна судьба» //Казахстанская правда, №145-146 от 25.04.2013. - 2 с.*
3. Иманкул Н. *Ницшеанский казус казаха //«Дат», №12 [188], 04.04.2013. - 8 с.*
4. Сигуана М., Макки У. *Двуязычие и образование. - М.: Педагогика, 1990. - 181 с.*
5. Кондубаева М.Р. *Интегральная технология обучения филологическим курсам. - Алматы, 2012. – 26 с.*
6. Сарым А. *Через 15 лет в РК все станет казахским// «Адам», № 5, 2013.*
7. Краевский В.В., Хуторской А.В. *Основы обучения. Дидактика и методика. - М.: Академия, 2007. – 352 с.*

ӘОЖ 373.016:811.111(075.3)

**Ргаева Ж.М**

*Абай атындағы ҚазҰПУ магистратура және PhD докторантура  
институты I курс магистранты  
ғылыми жетекшісі - ф.ғ.к., доцент Аскарова С.А*

## **ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ БАСТАПҚЫ ДЕҢГЕЙІНДЕ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ**

**Түйіндеме:** Бастапқы деңгейде оқытуда шетел тілі сабағында жеке тұлғаны қалыптастыру оқушының өз ой - пікірін ана тілімен қатар шетел тілінде де еркін, дұрыс, түсінікті жеткізе білуінен басталады. Біріншіден, оқушы айтайын деген ойын, жасқанбай еркін жеткізе алады; екіншіден, сөйлемдерді құрылымдақ жағынан дұрыс құрастыра білуді; үшіншіден, сөйлеу мәдениетінің алғашқы қарапайым элементтерін үйреніп меңгеруді, төртіншіден, өзін қоршаған ортаға қарай тілдік қарым-қатынасты сауатты жасай білуді міндеттейді. Шетел тілін оқытудың бастапқы деңгейінде мектеп оқушыларының сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда өзге адамдармен, топпен қарым- қатынас орнату, жақсы нәтижеге қол жеткізуден өзіндік ой - пікірін білдіру үшін қарым-қатынас диалогына түсудің маңызы зор. Орыс ғалымы Л.С.Выготский білім беру моделі оқушының диалог нәтижесінде дамитындығын айтқан болатын. Сонымен қатар ол кіші жастағы балаларды танымдық даму әрекеттері әлеуметтік қарым-қатынас үдірісінде, яғни, анағұрлым қабілетті оқушылармен араласу және мәдениет, қоршаған ортамен өзара қарым-қатынас жасау арқылы оқушыларды ересектерше ойлау әдісіне үйрету кезінде қалыптасатын субъекті ретінде суреттейді [МАН, 39-б.] Ал бразилиялық педагог Фриери «әр адам оқу үрдісіне сыни тұрғыда қатысып, басқа адамдармен диалогтық әңгімелесуге қатысуға қабілетті» екендігіне негізделген білім теориясын әзірледі. Мерсер өз зерттеулерінде сыныпта сұрақ қоюдың үлгісі «бастама – жауап - кейінгі әрекет» (БЖӘ) нысаны бойынша қойылған сұрақ екендігін анықтап, оқушының білім алуын қолдау үшін сұрақ қоюдың түрткі болу, сынақтан өткізу және қайта бағыттау секілді әртүрлі техникаларын пайдалануға болатынын айтқан [МАН, 41-б.]. Осы теориялар негізінде ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастыруда диалогтің рөлі зор.

**Аннотация:** Формирование личности на уроках иностранного языка в обучении начального уровня начинается со способности свободно, правильно, понятно излагать мысль как на родном, так и на иностранном языке. Во-первых, это обязывает ученика свободно и без стеснений излагать мысль; во-вторых, правильно составлять предложения; в-третьих, освоить начальные простые элементы культуры речи; в-четвертых, грамотно строить языковые отношения в зависимости от окружающей среды. На начальном уровне обучения иностранному языку имеет огромную важность умение строить отношение с посторонними людьми, группой, умение вступать в диалог для выражения собственной мысли в ходе формирования навыков общения у учеников. Русский ученый Л.С.Выготский говорил о развитии модели образования в результате составления диалога. Так же он описывает детей младшего возраста как субъектов, у которых действия познавательного развития формируются в процессе социальных отношений, то есть в ходе обучения учеников методам взрослого мышления через взаимоотношение с окружающей средой, культурой и более способными учениками. А бразильский педагог Фриери разработал образовательную теорию основанную на том, что «каждый человек способен участвовать в учебном процессе, и диалоговом общении с другими людьми». В своих исследованиях Мерсер определил что образец вопроса заданного в классе является вопросом поставленным по форме «инициатива – ответ – дальнейшие действие», и говорил о возможности использования различных техник как влияние, тестирование и перенаправление для поддержки получения знания учеником. На основе данных теорий важна роль диалога в формировании навыков устной речи.

**Abstract:** Personality formation at elementary level of foreign language teaching lessons starts with the ability freely, correctly, clearly to express the idea as in a native and a foreign language. First, it requires the student freely and without constraint to express his thought; secondly, correctly to form sentences; thirdly, to master the simple elements

of speech culture; fourthly, competently to build language relations depending on the environment. The ability to build a relationship with strangers, a group and the skill to engage in dialogue to express their thoughts during the communication skills formation in students is the great importance at the elementary level of foreign language learning. Russian scientist L.S.Vygotsky said about the development model of education as a result of making dialogue. He also describes the young children as subjects whose actions of the cognitive development are formed in the social relations process i.e. during the students training by adult thinking methods through the relationship with environment, culture and more capable students. A Brazilian educator Friere developed the educational theory based on the fact that "every person is able to participate in the educational process, and dialogue communication with other people." In his research Mercerie determined the sample of a question given in the class where question posed in the form "an initiative - a answer – a further action," and he talked about the possibility of using different techniques as an influence, testing and support for redirection of obtaining knowledge by students. On the basis of these theories the role of a dialogue is important in the speaking skills formations.

**Тірек сөздер:** тіл жетілдіру, тіл дамыту, байланыстырып сөйлеу дағдысы, сөз байлығын арттыру, тілдік қатынас, диалогтік сөйлеу, монологтік сөйлеу.

**Ключевые слова:** совершенствовать язык, развивать язык, улучшать способы, взаимосвязь речи, расширять лексический запас, языковые отношения, диалогическая речь, монологическая речь.

**Key words:** to improve language, to develop language, to improve the ways of word connections, to enlarge vocabulary, language relation, dialogue speech, monologue speech.

Төменгі сыныптарда шетел тілі сабағында жеке тұлғаны қалыптастыру оқушының өз ой - пікірін ана тілімен қатар шетел тілінде де еркін, дұрыс, түсінікті жеткізе білуінен басталады. Біріншіден, оқушы айтайын деген ойын жасқанбай еркін жеткізе алуды; екіншіден, сөйлемдерді құрылымдық жағынан дұрыс құрастыра білуді; үшіншіден, сөйлеу мәдениетінің алғашқы қарапайым элементтерін үйреніп меңгеруді, төртіншіден, өзін қоршаған ортаға қарай тілдік қарым-қатынасты сауатты жасай білуді міндеттейді.

XXI ғасыр технология ғасыры болғандықтан білім беру салаларында да жаһандану үрдісі ауқымды көлемде жүріп жатыр. Осы үрдіс арқылы төменгі сыныпта шетел тілін оқыту әдістемесіне жаңа инновациялық технологиялар кеңінен енгізілуде. Әлемдік және отандық педагогиканың озық тәжірибелерін ұлттық педагогикада сапалы қолдану - бүгінгі күннің аса маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. Олай болса, төменгі сынып оқушыларының ауызша сөйлеу дағдыларын интерактивті әдістер, диалогті оқыту т.б. технологиялар арқылы қалыптастыру мәселесі оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін тәрбиелеумен, олардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырумен және білімге ынта-жігерлерін күшейтумен сабақтасуда.

Төменгі сынып мектептегі оқушыларға арналған еңбектерде «тіл ширату», «тіл жетілдіру», «тіл ұстату», «тіл дамыту», «байланыстырып сөйлеу дағдысы» секілді терминдер ұшырасады. Осы терминдердің мағынасын алғаш рет айқындап, олардың өзіндік ерекшеліктерін белгілеген ғалым профессор С. Рахметова. С.Рахметова терминдердің әрқайсысына мынадай түсінік берген: «...еңбегімізде, тіл дамыту» терминін қолданып отырмыз, өйткені «тіл ширату» балалардың білетін пассив сөздерін активтендіру мақсатын көздесе, «тіл жетілдіру» көбіне баланың тілін түзету мағынасында қолданылады. Ал «сөз байлығын арттыру» - сөздікке ғана қатысты. Біздің ойымызша, «тіл дамыту» термині осылардың барлығын қамтиды [1.236.]. Демек, оқушыларының тілін ширатуға, олардың тілін жетілдіруге, шәкірттерді байланыстырып сөйлеуге үйретуге арналған жұмыстардың барлығы балалардың тілін дамыту мақсатын көздейді. Сондықтан «байланыстырып сөйлеу» мен «сөйлеу дағдысын қалыптастыру» терминдерінің өзіндік өзгешеліктері бар екеніне назар аударған жөн. Оқушыларды байланыстырып сөйлеуге үйрету жұмыстары көбінесе шығарма және мазмұндама, яғни оқушылардың мәтін түзу дағдысын қалыптастыру жұмыстарына «сөйлеудегі, жазудағы тіл жұмсаудың өнегелі үлгілері, сауаттылық, айқын ойлылық, ізеттілік» [1.46.]. үйрететін жұмыстар жатқызылды. Оқушылардың ауызша сөйлеу дағдылары қалыптасты жұмыстарының негізінде тіл дамытудың негізгі заңдылықтары мен ұстанымдары тұрады.

Сондықтан оқушылардың ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастыру дегеніміз шәкірттердің бір-бірімен күнделікті пікірлесуі емес, олардың тілдік қатысым барысында өз ойын анық, дұрыс және түсінікті жеткізуге, сөйлер сөзінің тілдік нормаларын сақтап, мәдениеті сөйлеуге үйрету.

Жоғарыдағы еңбектерге көрсетілген терминдер мен тұжырымдардың шетел тілін оқытудың бастапқы деңгейінде мектеп оқушыларының сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда алатын орны зор.

Педагог-ғалым А.Байтұрсынұлы бірқатар өз еңбектерінде төменгі сынып оқушыларының ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға назар аударған. А.Байтұрсынұлының «Тіл жұмсар» кітабында оқушылардың ауызша сөйлеу дағдыларын жүйелі жүргізу үлгілерін ұсынады. Оқушыларға мақсатты

түрде сұраулар беріп, сол сұрауларға жауап алған. Аталған еңбектегі «Сұрау», «Жауап жазу», «Сөз туғызу», «Құрастыру» сияқты жұмыс түрлерін кезегімен бере отырып, А.Байтұрсынұлы оқушылардың ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптатыруға назар аударған. А.Байтұрсынұлының «Тіл жұмсар» кітабында оқушылардың ауызша сөйлеу дағдыларын жүйелі жүргізу үлгілерін ұсынады. Оқушыларға мақсатты түрде сұраулар беріп, сол сұрауларға жауап алған. Аталған еңбектегі «Сұрау», «Жауап жазу», «Сөз туғызу», «Құрастыру» сияқты жұмыс түрлерін кезегімен бере отырып А.Байтұрсынұлы оқушылардың ауызша сөйлеу дағдыларын, сөздік қорларын жетілдіруді мақсат тұтқан.

А.Байтұрсынұлының бастауыш мектеп жайында, оқыту туралы айтқан пікірлері бүгінгі күнде айрықша мәнге ие. Себебі, ғалым, керексіз нәрселерді үйретіп, балалардың өмірін босқа өткізбес үшін, үйретерге тиісті білімді кем үйретпес үшін, балалардың күші жетпейтінді өте алысқа сүйреп кетпес үшін, бастауыш мектепке үйрететін білімін алдын-ала жоспарлап, оқушылардың тұлғалық қабілеттеріне сай жасалуы қажеттігін атап көрсеткен [2.438-6.].

Адамдардың тілдік қатынасындағы сөйлеудің орны ерекше. Сөйлеу - адамзаттың ғасырлар бойы даму эволюциясында қол жеткізген басты жетістіктерінің бірі. Сөйлеу үдерісінде адамдар бір-бірінің ойын ұғынып, бір-бірімен қарым-қатынас жасайды. Тілдік қатынас арқылы адамзат топтасып ұжымға халықтың, ұлттың негізін қалайды. Оқушылардың ауызшы сөйлеу дағдылары дұрыс қалыптасқан жағдайда, олар сыныптастармен, мұғалімдермен, ата-аналарымен тілдік қатынасқа түседі. Бұл оқушылардың өз ойын түсінікті жеткізуге дағдыландырып, жеке тұлғалық қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Ауызша немесе жазбаша сөйлесу арқылы әрдайым сөйлеуші мен тыңдаушы арасында ойлар алмасып отырады. Мұнда біріншіден, өз ой-пікірін басқа біреуге жеткізеді, екіншіден, басқа адамнан ақпарат алады. Адам баласының ауызша сөйлеу тілі дүниеге келгеннен дамиды. Мектепке дейін бала тілі жанұясында және өзін қоршаған ортадағы адамдармен сөйлеу барысында дамыса, мектепте мақсатты түрде жүйелі жетілдіру керек. Сөйлеу сыртқы және ішкі болып екіге бөлінеді. Сыртқы сөйлеу ауызша және жазбаша, сондай-ақ, диалогтік және монологтік болып бөлінеді. Диалогтік сөйлеу екі немесе бірнеше адамның арасындағы тілдік қарым-қатынаста болғандықтан түрлі жағдайларға, алуан түрлі көңіл-күйлеріне қарай толымсыз сұраулы, лепті сөйлемдер, одағай, шылаулар, мақал-мәтелдер көп кездеседі. Сонымен қатар бет әлпет көрінісі, ымдау, ишарат қолданылады. Әдіскер – ғалымдардың көзқарас-пікірлері негізінде диалогтік оқыту амал-тәсілдердің өзіндік ерекшеліктері айқындалған. Диалогтік оқыту амал-тәсілдерінен негізгі және кіші бөлшегі-оқыту диалогы. Диалог бойынша оқушылар жұп болып та, топ болып та, ұжым болып та бір-бірімен тілдік қарым-қатынасқа түседі. Бұл - диалогтік сөйлеудің өзіндік белгілері. Диалогтік оқыту амал-тәсілі оқушыларды сөйлеуге, белсенді әрекетіне, тілдесім әрекетіне дағдыландырады. Әрбір диалогтік оқыту технологиясы сөйлеу жағдайтарын туғызып, оқушылардың ауызекі сөйлеуіне, пікірлесуіне тигізер әсері мол. Диалогтік сөйлеуге екі не одан да көп адамның тілдік қарым-қатынас кезінде кезектесе туындайтын ауызша ақпарат беруі, жауап қайтаруы, пікір алмасуы жатады. Диалог барысында пікірлесіп тұрған тұлғалар «әрі хабар жеткізуші, әрі хабарды қабылдаушы қызметін» атқарады. Диалогтік сөйлеуде хабар жеткізуші кең көлемде оқуға, өзінің жағдайы жөнінде айтса, онда диалогтік сөйлеу монологтық сөйлеуге ұштасады. Тілдесім әрекеті кезінде диалогтік сөйлеу мен монологтік сөйлеу бірін-бірі толықтырып, өзара байланыста жұмсалады. Дегенмен бұлардың өзара айырмашылығы бар. Бұл жөнінде К.И.Соломатов былай тұжырымдайды: «Диалогическая речь является одной из наиболее распространенных форм устной разговорной речи. Монологическая форма речи занимает меньше места в разговорной речи, обычно монологу предшествует диалог. Диалог представляет собой обмен высказываниями, порожденными одно другим несколькими собеседниками» [3.с.15]. Мұнда оқушының сөйлеу тілі екі формада жүзеге асады. Біріншісі, диалогтік сөйлеу, яғни тілдік қарым-қатынас барысында екі адамның тікелей қатынас жасап, бір-бірімен көзқарас, ой-пікір алмасуы. Диалогтік сөйлеудің негізгі ерекшеліктерін, оның жүзеге асу жолдарын әдіскер-ғалымдар айқындап, диалогтік сөйлеудің мынадай басты белгілерін көрсетті [3],[4]. Олар: біріншіден, диалогтің екі немесе одан да көп адамның арасында өрбуі; екіншіден, диалогқа қатысушы адамдардың бірде тыңдаушы, бірде сөйлеуші болып кезекпе-кезек олардың арасындағы рөлдердің алмасып отыруы; үшіншіден, диалог барысындағы ақпараттардың жеткізілу жағдайы және оларды қабылдау ерекшеліктері; төртіншіден, пікір алмасушылардың алынған ақпаратқа, хабарға деген көзқарастары, реакциясы және оны жеткізудегі бет-әлпеті, қимыл қозғалысы. Сонымен қатар жеткізілетін ақпараттық хабардың аяқ асты туындап тілдік қатынасқа түсуі де диалогтік сөйлеудің негізгі белгілерінің біріне жатады.

Демек, диалогтік сөйлеу – екі не одан көп адамдардың бір- біріне тілдік қарым-қатынасқа түсу әрекеті.

Диалогтік сөйлеу репликалардан тұрады. С.Әбдіғалиев диалогтағы репликаны екіге бөліп қарастырады:

а) әріптесті әңгімеге тартатын, оның сөйлеуіне түрткі (қозғаушы) болатын реплика. Репликаның бұл түрін негізгі реплика немесе қозғаушы (түрткі) реплика деп атаймыз.

ә) түрткі (қозғаушы) репликаға жауап болатын, яғни жауап – реплика (реплика - реакция). Репликалардың бұл екі түрінің бір-бірімен тығыз байланыстылығы сонша, олардың бірі екіншісінің тууына себепкер болып отырады. Қозғаушы реплика әрқашан жауап репликаны тудырады, қозғаушы реплика болған жерде оған жауап реплика тууы керек. Ал жауап реплика қозғаушы, репликасыз жеке тұрса, түсініксіз реплика болып шығады. Олай болса, репликаның бұл екі түрі бір-бірімен тығыз байланысты, екеуі бір диалогтік бірлестік болып бірігеді» [4.85.6.] .

С.Нұрғали С.Әбдіғалиевтің пікірін дамыта отырып, диалогтік бірлестікте екі репликаны ғана қарастырмай, үшінші және төртінші репликаларды да диалогтік бірлестікте қарастырған ұтымды деп тұжырымдайды [5.] .

Ғалымдардың пікірлері негізінде, репликаға – диалогтік сөйлесім әрекеті барысында баяндаушының не қабылдаушының өзіндік пікірін, сұрағын, жауабын жатқызамыз. Диалогтік бірлесті барысында репликалар өзара сабақтаса, тығыз қарым-қатынаста жұмсалды .

Мысалы:

- Сен Астанаға қашан барасың ?
- Ертең
- Оған жол билетін алу қиын. Сен алдың ба?
- Мен тапсырыс беріп қойдым.
- Байқа, билетті ала алмай қалма.
- Қорықпа, ол өзімнің тәтем.

Бұл диалогтік бірлестікте бірнеше реплика бар. Диалогтік оқытуда оқушы, мұғалім-оқушы, оқушы-мұғалім түрінде диалогар құрылады. Диалогтік оқытудың ең басты ерекшелігі - мұғалім мен оқушы тең қарым-қатынаста болуы. Дегенмен шетел тілін оқытудың бастапқы деңгейінде мектеп оқушыларының сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың маңызы қолайлы әдістердің бірі болып саналады.

Ал монологтік сөйлеу бір адамның өз ойын, көзқарасын білдіруі. Монологтік сөйлеу жүйелілікті талап етеді. Мұнда сөйлемдер толық ойды білдіріп, құрылысы жағынан күрделі болады. Монологты сөйлеуге оқушылардың белгілі бір тапсырманы не тақырыпты түсіндіруі, мұғалімнің жаңа тақырыпта түсіндіріп баяндауы, толықтыруы, хабарлама, баяндама жасауы жатады. Монологті сөйлеуді дамыту үшін алдын-ала белгілі тақырыпқа жоспар құрып, сол жоспар бойынша сөйлеу үлгісі жасалады.

Монологтік сөйлеу мен диалогтік сөйлеу өзара тығыз байланысты болады. Сөйлеуші мен тыңдаушы бір біріне сұрақтар қойып, хабар айтып тұрса, ол диалогтік сөйлеу түрі болады, ал сөйлеуші өз сөзін ұзақ түрлі фактілермен дәлелдей сөйлесе, онда монологтік сөйлеу болады.

Қорыта келгенде, төменгі сынып оқушыларына шетел тілін оқыту барысында ауызша сөйлеуді қалыптастырудың зор маңызын белгілі ғалымдардың тұжырымдамалары негізінде байқауға болады.

Ауызша сөздің ерекшелігі жөнінде атақты ғалым, профессор Қ.Жұбанов былай деген болатын: «Дыбыстап сөйлеген сөздің олқысы, көбінесе ыммен толады. Тіпті бірінің тілін бірі білмеген, иә болмаса, бірінің тілі мүлде жоқ болған уақытта да, лаждап түсінуге болады. Оның үстіне сөздің жігін дыбыс сазымен бірде айырып, бірде қосып айтқасын, сөздің орны жылжып кеткені де онша байқалмайды. Сөздің әні де басқа жағынан ұқсас сөздерді айырып тұрады. Дұрыс айтылмағанын сезсе, сөйлеушінің өзі де сөзін қайта түзеп айтып, қайта сұрап алуына болады» [6.36.] деп тұжырымдаса тіл мен сөйлеуді алғаш рет тіл мен сөйлеу тұрғысынан қарастырған Ф.де Сюссер: «Разделя язык и речь мы тем самым отделяем:

1) социальное от индивидуального; 2) существительное от побочного и более или менее случайного», - деп нақты көрсеткен [7.8.6]. Ғалымның тіл мен сөйлеуді жіктеген концепциясы өзінен кейінгі ғалымдарға бағыт-бағдар көрсетті. Бұл жөнінде В.А.Звегинцев: «Такое разграничение истолковывается учеными по-разному, но несмотря на это, она должна носить абсолютный характер», - деп, Ф.де Соссюрдің көзқарасының дұрыстығын сөз етеді [8].

Төменгі сыныптағы оқушылардың ауызша сөйлеу дағдысының қалыптастырылуы олардың жеке тұлға ретінде жетілуіне, оқу-танымдық әрекеттерінің артуына, білімді жан-жақты үйреніп меңгеруіне, тілдік қатынаста өз ойын сауатты әрі толық жеткізуіне әсерін тигізеді.

- 1 Шонанов Т.Тіл дамыту. - Қызылорда, 1935. - 23 б -4 б.
- 2 Рахметова С.Қазақ тілін оқыту әдістемесі. - Алматы: Өлке, 2003. - 2.438 б.
- 3 Рахметова С.Бастауыш мектеп оқушыларының тілін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (ауызша және жазбаша тіл дамыту): педагогика ғылымдарының докторы ғылыми атағын алу үшін дайындалған диссертация.13.00.02. – Алматы, 1994. - 3с15.
- 4 Әбдіғалиев С.Неміс тілін оқыту методикасы. - Алматы: Рауан, 1985. - 85 б.
- 5 Нұрғали С.Жоғары оқу орындарында қазақ тілі үстеулерін ғылыми әрекеті арқылы оқыту әдістемесі (заң факультеті орыс бөлімінің жалғастырушы топтары үшін ):пед.ғыл.канд.автореф.13.00.02. - Алматы: Абай ат.АлМУ, 2003.
- 6 Жұбанов Қ.Қазақ тілінің грамматикасы. - Алматы: «Қазақстан», 1936. – 3 б.
- 7 Фердинанд де Соссюр.Труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 1997. - 8 б.
- 8 Звегинцев В.А.Язык и лингвистика. – М.: МГУ, 1973. – 248 с.

ӘОЖ: 378.026.064.2

УБНИЯЗОВА Ш.А.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың аға оқытушысы

## ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕРДІҢ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЫҚПАЛЫ

**Түйіндеме:** Қазіргі кезде білімнің интеграциялануын қамтамасыз ету, оның ғылыми деңгейін арттыру, тұтастай алғанда студенттердің танымдық әрекетіне тән дағдыларды қалыптастыру міндеті күн тәртібіне қойылып отыр. Осы орайда жоғары мектептің оқу-тәрбие үдерісінің интеграция негізінде ұйымдастырылуы, ғылымдар жүйесінің бір арнаға тоғысуы, адамның интеллектуалдық өрісін байытумен бірге, бүкіл-адамзаттық құндылықтар көзінің де бірлігін, жалпы ақиқат дүниенің біртұтас жүйе екендігі туралы ғылыми көзқарастың қалыптасуына мүмкіндік береді. Білім беру - тәрбие және оқыту, оның мақсаты қоғамдағы тұлғалардың кәсіби негізі барысында интеллектуалды, мәдениетті және тәрбиелі дамуының жоғарғы деңгейіне жету болып табылатын үздіксіз үдеріс. Бұл мақалада қазіргі кезде білімнің интеграциялануын қамтамасыз ету, оның ғылыми деңгейін арттыру, тұтастай алғанда студенттердің танымдық әрекетіне тән дағдыларды қалыптастыру міндеті қарастырылады. Қазіргі өндірілген және білім беру тәжірибесінде білімді трансформациялау, іскерліктер мен дағдылар, бағдарламаланған әртүрлі деңгейлік, бейімдік, модульдік оқыту, мәселелік оқыту және т.б. технологиялары қолданылады. Аталған әрекеттердің қайсысы болмасын білім беру жүйесін тұтастай реформаға ұшыратуға бағытталады. Жоғары мектептің оқу-тәрбие үдерісінің интеграция негізінде ұйымдастырылуы, ғылымдар жүйесінің бір арнаға тоғысуы, адамның интеллектуалдық өрісін байытумен бірге, бүкіл-адамзаттық құндылықтар көзінің де бірлігін, жалпы ақиқат дүниенің біртұтас жүйе екендігі туралы ғылыми көзқарастың қалыптасуы жайлы сөз болады. Автор мақалада әлемдік ғылымда табиғатқа, қоғамға және адам ойының дамуына ғылыми көзқарас бірнеше ондаған ғылымдардың өзара байланысы шеңберіндегі білімдер жиынтығы негізінде қалыптасуы жайында сөз етеді. Және де әлемдік білім беру жүйесіндегі тәжірибелер инновациялық технологиялардың бірі – пәндердің білім мазмұнын кіріктіру (интеграция) екенін қарастырады.

**Тірек сөздер:** интеграция, интеграциялық үдеріс, білім беру, интеграциялық үдерістердің ықпалы.

**Аннотация:** В статье рассматривается проблема интеграционных процессов в обучении. Автор также подчеркнул что интеграция является инновационной технологией в мировом обучении. Преимущество интеграции в обучении – это создание предпосылок для формирования не узко информированного специалиста, а творческой личности, которая целостно воспринимает мир и способна активно действовать в социальной и профессиональной сфере. Система образования реализует и предъявляет все большие требования к человеку, а в соответствии с этим, и к качеству образования, и задачей учителя является стремление все к большему повышению качества преподавания урока, качества предоставляемых знаний и связи с другими предметами за счет интегрированного обучения. В статье также автор рассматривает различные подходы к определению понятия интеграции в отечественной и зарубежной педагогической литературе. Подчеркивается, что с момента первого упоминания до сегодняшнего дня понятие интеграции в педагогическом процессе динамично развивалось, принимая различные формы и содержание. Отмечается, что интеграция является выражением единства целей, принципов и содержания организации процесса обучения и воспитания, результат функционирования которых – формирование у обучаемых качественно новой целостной системы знаний и умений.

**Ключевые слова:** интеграция, интеграционный процесс, образование, влияние интеграционного процесса.

**Abstract:** This article deals with the problem of integration in learning. The author also emphasizes that integration is an innovative technology in global education. The problem of integrating technology into teaching and learning process has become a perennial one. Common excuses for the limited use of technology to support instruction include shortage of computers, lack of computer skill and computer intimidation. While these could affect the success of

technology integration, it should be acknowledged that the degree of success teachers have in using technology for instruction could depend in part on their ability to explore the relationship between pedagogy and technology. The article shows that integration is narrowly perceived and that such a perception might hinder teachers' understanding in education. Integration process should be considered along with issues involved in teaching and learning. Technology used for teaching and learning should be considered an integral part of instruction and not as an object exclusive to itself.

**Keywords:** integration, integration process, education, the impact of the integration process.

Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамыту саласында жоғары білім берудің жаңа сапасына қол жеткізуде оқытудың мақсатын және білім берудің жоспарланған нәтижелерін қайта қарауды талап етеді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамына қарай жиырма қадам» атты бағдарламалық мақаласында еліміз бен қоғамды дамытуға жаңа серпін берді. Білім беру үрдісінің негізі - оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту болып табылады. Қазақстанда тұңғыш рет функционалды сауаттылықты дамытудың 2012-2016 жылдарға арналған Ұлттық жұмыстары жүргізілген [1].

Бұл білім берудің мазмұнына, оқыту технологиясына өзгеріс енгізу қажеттілігінің бір көрінісі. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін педагогикаға көптеген оқытудың түрлері енгізілуде. Білімді дамыту үшін білім берудің үйреншікті әдісінен оқыту үдерісінде білім алушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыратын білім берудің жаңа белсенді әдісіне көшу керек. Мұны тек жаңа білім беру технологияларын қолдану арқылы жүзеге асыруға болады.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының білім туралы тұжырымдамасы ойлы, интеллектуалды білімді тұлғаны қалыптастыруға бағытталған және қазіргі білім жүйесі білім алушылардың танымдық белсенділігін дамытатын оқытудың дәстүрлі емес, белсенді түрлері және әдістерін оқу үдерісіне енгізу бағытында құрылуы тиіс.

Жоғарыда аталған мәселелердің барлығы ЖОО-да қоғам сұранысына жауап беретін білікті де білімді, жан-жақты дамыған, құзыреттілігі қалыптасқан тұлғаны дайындаудың ұтымды жолы ретінде оқыту үдерісінде интеграция негізінде студенттердің толеранттылығын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау болып табылады.

Қазіргі өндірілген және білім беру тәжірибесінде білімді трансформациялау, іскерліктер мен дағдылар, бағдарламаланған әртүрлі деңгейлік, бейімдік, модульдік оқыту, мәселелік оқыту және т.б. технологиялары қолданылады. Аталған әрекеттердің қайсысы болмасын білім беру жүйесін тұтастай реформаға ұшыратуға бағытталады.

Білім беру реформасы - Қазақстанның нақты бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін маңызды құралдарының бірі. Бұл әлемдік білім кеңістігінде интеграциялануға бағыттылық Қазақстан Республикасы жалпы білім жүйесінің модернизациясын талап етеді. Демек, әлемдік білім деңгейіне шығу ғылымдар жүйесін жаңа сапалық деңгейге көтерумен, әлемдік ғылыми жаңалықтармен қамтамасыз етумен байланысты шешілмек.

Сондықтан оған бір ғана ғылым шеңберінде білім беру ішкі бар мүмкіндіктерінің жан-жақты ашылуына, креативті, құзыретті, бәсекеге барынша қабілетті, интегративті тұлға болып қалыптасуына толық жағдай жасай алмайды. Әлемдік ғылымда табиғатқа, қоғамға және адам ойының дамуына ғылыми көзқарас бірнеше ондаған ғылымдардың өзара байланысы шеңберіндегі білімдер жиынтығы негізінде қалыптасады. Әлемдік білім беру жүйесіндегі тәжірибелер инновациялық технологиялардың бірі – пәндердің білім мазмұнын кіріктіру (интеграция) екенін көрсетіп отыр. Сондықтан интеграциялық оқыту және білім беруді ізгілендіру бүгінгі таңда өзекті мәселе болып тұр.

Қазіргі білімді ізгілендіру жағдайында интеграциялық үдерістер күшейтіліп, интеграция жетекші, доминантты тенденция болып табылады әрі бүгінгі күндегі тарихи-педагогикалық зерттеу жұмыстарында интеграция жаңа бір қырынан зерттеліп келеді.

Бүгінгі қоғамдық даму кезінде әлемдік білім берудегі интеграцияның алдымен кешенді сипатын қарастыру керек. Білім беру интеграциясының негізгі мақсаттарының бірі - адамды тәрбиелеудегі әлемдік одақтағы күштің бірігуі. Білім берудегі интеграция экономикалық, саяси және басқа да орталардағы интеграциялық үдерістерді дамыту элементтерін тұрақтандыруға қабілетті. Әлемдік білім беру кеңістігін құрудағы негізгі мақсаттың бірі - әлемдегі білім беру сапасын көтеру.

Осы тұрғыда білім берудегі халықаралық интеграция интернационализация үдерісінің дамуының және оның ұлттық білім беру жүйесіндегі интеграцияның деңгейіне жету нәтижесі болып табылады.



Интеграция үшін ұлттаралық білім беру сапасын өзара кіріктіру арқылы дамыту және өзара толықтыру, ұлттық білім беру жүйесінен өзара тәуелділік сипат алады. Біздің пайымдауымызша, қазіргі таңда әлемдік білім беруде интеграциялық бірігудің біршене түрін анықтауға болады. Олар:

- әртүрлі ел тобындағы білім беру жүйесіндегі интеграциялық бірігу;
- басқа елдердегі тарихи-мәдени қарым-қатынас негізінде белгілі бір даму деңгейіндегі білім беру саясатының міндеттері мен мақсаттарына ұқсас интеграциялық бірігу;
- ұлттық білім беру жүйесінде жаңашыл технологияларды қолдану, шет елмен тәжірибе алмасу;
- интеграциялық бірігудің ең жоғары түрі, бұл - оқытудың барлық деңгейіндегі бірыңғай білім беру саясатын қалыптастыру.

Осы айтылған ой-тұжырымдар интергацияның мақсатын шартты түрде екіге бөліп көрсетуге мүмкіндік береді: әлемдік (жаһандық) және ұлттық (жүйеішілік, яғни күрделі қалыптасқан жүйе ретінде мемлекет ішілік). Білім интеграциясының әлемдік мақсаты – әлемдік қауымдастықтың прогресі, жаһандану жағдайлары алдындағы саяси экономикалық жүйенің тұрақтылығы, өзара түсіністікке қол жеткізу, халықтар арасындағы толеранттылық. Интеграцияның ұлттық (жүйеішілік) мақсаты - бір мемлекеттің білімдік әлеуетінің мүмкіндігін екінші мемлекетке біріктіру, дамыту, бекіту. Мұндай міндеттерге мысалы: халықтың сауатсыздығын жою, барлық адамға қол жетімді білім беру, әлемдік қауымдастыққа үлес қосуға талпынатын өзінің ұлттық тиістілігін меңгерген толерантты тұлғаны тәрбиелеу, т.б.

Демек білім беру жүйесінің жалпы әлемдік интеграция және жаһандану тенденциялары, бір жағынан, білім беру үрдісін жекелендірудің максималды мүмкіндіктерін ұсынса, екінші жағынан, біртұтас дүниетанымдық көзқарас, ойлаудың интегративті тәсілін, өз бетімен шығармашылық ізденіске қабілеттілігін, құзыреттілігі мен кәсібилігін қалыптастыруды қамтамасыз ететін педагогикалық технологияны құруды талап етеді.

Осы тұрғыдан алғанда біздің қарастырып отырған мәселеміздің қалыптасқан терең тарихы бар. Қоғамның алдыңғы қатардағы зиялылары ең алдымен адамның қалыптасуы мен дамуына мүмкіндік беретін, оның өміріне қажетті дағдылар мен біліктерінің негізін құрайтын, адамның білім алуы кезінде пайда болатын интеграцияға ерекше назар аударды.

Зерттеуші-ғалым (В.В. Давыдов [2] және т.б.) интеграцияны белгісіз жолмен бізге танымал бір нәрсемен өлшеп салыстыру деп сипаттай отырып, оқыту үдерісінде сол немесе басқа пән бойынша алынған білімдер арасындағы байланыстар нақты қадағаланатын болса, оны түсіндіру, түрлендіру анық және түсінікті болады деп тұжырымдайды.

Сондықтан адам тәрбиелеудің нақты мақсатын назарға ала отырып, қоғам ең алдымен өз бетімен тек өзінің тіршілік әрекетін ғана қамтамасыз етпей, сонымен бірге өзінің кең қажеттіліктерін қанағаттандыруға қабілетті игеретін өмірге, іс-әрекетке дайындайтын оны ғылыми-жүйелі біліммен қаруландырады. Бұл жоспарда интеграциялық амалдың мәні, оның белсендіру, интенсификация құралдарымен жүзеге асуы өзекті бола түседі.

Демек жоғары білім беру жүйесіндегі ғылым интеграциясын қарастыра отырып, интеграцияның ғылыми білім жүйесіне әсері, ғылыми танымдағы әдістері мен әрекет түрлеріне талдау жасауға сүйену керек. Сол сияқты, тұлғаның қалыптасуына танымдық әрекет әсерін, дүниені кешенді бейнелеудің маңызын есепке алу қажет. Себебі, бұл оның кешенді, ұжымдық қасиетінен, ғылымаралық интеграция әдісі ретіндегі бағытынан көрінеді.

Ғылыми интеграцияның ерекшеліктерін талдау жалпы білім беруде айқын көрініс табуға тиіс қазіргі ғылымның жалпы үдерістерін анықтауды талап етеді. Бұған қазіргі ғылымның қоғам, өндіріс, адам дамуындағы, оның әлеуметтік қызметінің күшеюі, оның гуманистік бағдары; ғылыми жаңалықтарды әдістемелік тұрғыдан өткізу; теорияның танымдағы эвристикалық қызметін күшейту; құбылыстар мәнін математикалық модельдеудің рөлінің дамуы; ғылым жүйесінің иерархиялануы; жаңа және ескі жүйелік компоненттер арасындағы байланыстың күрделенуі кіреді.

Дүниенің қазіргі ғылыми бейнесі туралы көзқарас философиялық және нақты-ғылыми ұғымдарды синтездеу арқылы қалыптасады. Білімнің «көлденен» (нақты ғылымаралық) және «тігінен» (нақты ғылымдар мен философияаралық) интеграциялық тенденцияға енуінен олардың арасында күрделі қатынас пайда болды.

Интеграциялық үдерістердің тарихи-гносологиялық негізі ғылым мен білім беру таным ерекшеліктеріне алғышарт ретінде алынып, оның мәні дүние мен адамның өзі жөніндегі білімдердің интеграциясы мен дифференциациясының кезектесуі адамзаттың өмір сүру ортасын сақтаудың жаһандық мәселесінің шешімін іздестіру болып табылады.

Қазіргі зерттеулерде білімді интеграциялау мәселесі негізінен дидактикалық жүйені құрылымдау қағидасы ретінде қарастырылады. Сонымен қатар ақпарат әлемінде өз мүмкіндігін кәсіби тұрғыдан жүзеге асыруға қабілетті тұлғаны жан-жақты қалыптастыру тәсілі ретінде де зерттелуде. Білімді интеграциялау теориясын талдау интеграцияның жүйелік, модульдік, фрагментті-ұғымдық деңгейлерін бөліп қарастыруға мүмкіндік береді. Интеграцияның жүйелік деңгейіне жету дегеніміз дүниенің біртұтас ақпараттық бейнесін түсінуге бейім теориялық ойлауды дамыту болып есептеледі. Білім интеграциясының модульдік деңгейінде қандайда бір өлшем (уақыт, кеңістік, моралдық-адамгершілік, т.б.) бойынша жекелеген пәндік аймақтағы дағдыларды қорыту жүзеге асырылады.

Ал, педагогикалық көзқарас тұрғысынан, интеграция – педагогикалық теория мен практика шеңберінде жүзеге асырылатын ғылыми интеграцияның алуан түрлілігі деп сипатталады. Интеграция тұтастықты қалыптастырып, білімді жүйелеу мен жинақтауда әр түрлі ғылымдарды біріктіріп, пәндердің өзара байланысын жоғары деңгейде нақты түрде іске асырады.

Интеграция ұғымы қазіргі кезде педагогикада кең және жиі қолданылады және де әртүрлі пәндерден алынатын білім деп түсіндіріледі. Мысалы, интегративті сабақтар немесе арнайы сабақтар, яғни бір тақырып әртүрлі ғылымдардың көмегімен іске асады.

Жоғарыда аталған ғылыми педагогикалық әдебиеттерді талдау барысында интеграцияны педагогикада ғылыми категория ретінде қарастыру қажет деп тұжырымдауға және мұнда интеграцияның екі бағытын ерекше бөліп көрсетуге болады:

- біріншіден, педагогикалық интеграция, яғни педагогикалық теория мен тәжірибені дамыту үдерісі ретінде;

- екіншіден, педагогикалық интеграция, жаңа тұтастық жүйе мен объект аралық байланысты құру үдерісі ретінде.

Біздің көзқарасымыз бойынша, интеграция оқу үдерісін концептуалды негізде құрастыратын технология болып табылады. Мұндай технология пәнаралық идеяларды бөліп сипаттайды. Демек интеграция көптеген пәндердің бірлігінен пайда болуы мүмкін:

1) белгілі бір білім беретін салаға кіретін;

2) белгілі бір білім беретін салаға кіретін, бірақ бір пән негізінде;

3) білім беру саласына жақын пәндер мазмұнынан.

Біздің ойымызша, интегративті пәндерді: пәнішілік (внутрипредметные), пәнаралық және модульді деп те қарастыруға болады. Сондықтан интегративті пәндерге жеке-жеке сипаттама беруді жөн көрдік.

Пәнішілік – бұл интегративті курс, білім беретін белгілі бір пәндер мазмұнынан қалыптасады; екі ғылыми пәндер бір деңгейде көрінеді; белгілі бір білім беру саласына кіретін пәндер мазмұнынан, бірақ басқа пән аймағы негізінде құрылады.

Пәнаралық – бұл интегративті курс әртүрлі, бірақ білім беру саласына жақын пәндер (физика, химия) мазмұнынан тұрады; білім беру саласына жақын, бірақ бір пән өзінің ерекшелігін сақтап қалады да, басқалары көмекші негіз ретінде құралады;

Модульдік – бұл интегративті курс білім беру саласынан аластатылған, белгілі бір пәндер жинағынан құралған және әртүрлі бейінді даярлау мамандары арқылы оқытылады; үйлесімділік негізде құралады және бір бейінді даярлау маманы арқылы оқытылады.

Осы интегративті пәндерді бірінші топтағы және екінші топтағы пәндер деп бөлеміз: бірінші топтағы интегративті пәндер қатарына: белгілі бір білім беру саласына негізделген пәндер кіреді; екінші топтағы интегративті пәндер қатарына нақты пәнаралық пәндер негізіндегі, бірақ жаңа теориялық аспектілерді және әдіснамалық зерттеулерді қажет ететін пәндер кіреді [3].

Интегративті курстардың ең негізгі қайнар көздері әлеуметтік тапсырысы (қоғам өзінің қажеттілігіне байланысты білім берудің мақсатын айқындайды), ғылым заңдылығының дамуы (интегративті үдерістер), педагогикалық мәселелер және қазіргі кезеңдегі психологиялық ғылымдар болып табылады.

Интегративті курстардың жүзеге асыру үшін дидактиканың төмендегі:

- интегративті курстың жалпы дидактикалық жағдайын анықтайтын;

- жалпыдидактикалық пәндердің бәріне ортақ болатын;

- функционалды, яғни қазіргі білім беру жүйедегі интегративті курстардың қызметін қарастыратын;

- мазмұнды, интегративті курстардың белгілерін және құрылымы мен мазмұнын анықтайтын;

- оқытудың маңызды әдістері мен формалар жүйесін анықтайтын;

- дамытушы, яғни студенттерді дамытудың мақсатын, мазмұнын сипаттайтын формаларын, әдісін, құралын айқындайтын компоненттері қолданылады. Олардың аралығында интегральдық теориялар, ғылымдар, бағыттар (жүйенің жалпы теориясы мен жүйелік бағдар, ақпарат пен кибернетика теориясы, семантика т.б.) дүниеге келді. АҚШ, Канада және Батыс Еуропаның кейбір елдерінде жаңа педагогикалық бағыт - ғаламдық (ауқымдық) білім пайда болды. Ол адамға, дүниеге біртұтас көзқарас, дүниені қабылдаудың қалыптасқан дағдыларын жеңге, дүниені кеңірек қабылдауға мүмкіншілік берді. Ғаламдық білімнің мақсаты - ұлттық әр түрлілік, мәдени әртектілік, өсіп бара жатқан өзара тәуелділікке тән шектеулі ресурсты, біртұтас әлемде өмір сүруге лайық білім, көзқарас жүйесін беру.

Білімнің көкейтесті мәселелерін түсінуде шетелдік зерттеушілерге әр түрлі көзқарас тән екендігі байқалады. Мысалы: халықаралық қатынастардың қажеттігі мен мүмкіндігіне назар аударып, әлемдік үдерістерді жалпы адамзаттық құндылықтар тұрғысынан түсінуге тырысу көпшілік қолдауға ие болып отырған тұжырымдама. Бұл бағыт өкілдерінің көзқарасы бойынша ғаламдық білімді төмендегі өлшемдердің жиынтығы деп санайды. Оған Р.Хенви көзқарасы жақын келеді, атап айтқанда, дүниеге еркін көзқарас, яғни әлемнің сан қилылығын түсіну, планетаның жағдайын, басқа мәдениеттерді түсіну, адамның өз еркімен таңдау жасауы, т.б.

Р.Хенви моделі бойынша, білім адамға мәдени, әлеуметтік, экологиялық деңгейде байланыс жасауға көмектесуі тиіс. Бұл моделге дүниеге бейсаналық бейімделуден саналы түсіну мен алдын алуға негізделген Боткиннің моделі де жақын келеді. Бұл екі модель бірін-бірі толықтырады, жалпы адамдық және жеке аспектілерді, философиялық толғаныс пен нақты істі байланыстырады. Олар дүниені әрбір адамның өмірімен, басқалармен тығыз байланыста, өзара тәуелді, тұтас әлемдік қауым ретінде қарайды [4].

Осы мәселені талқылаған басқа да көптеген жұмыстарда бұл мақсаттар қабілет, білім, этикалық мәселелер т.б. байланыстырумен шектеледі, кейбір еңбектерде адамның интеллектуалдық сапасына назар аударады.

Қорыта келгенде, педагогикалық әдебиеттерде білім беру мазмұнының интеграциясы мәселесіне аз мән берілмегеніне көзіміз жетті. Сондықтан ендігі міндет ең алдымен, білім беру мазмұны қалай түсіндірілетінін анықтау болып табылады.

1 Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай жиырма қадам» атты бағдарламалық мақаласы // Егемен қазақстан газеті. - Алматы, 10 шілде.

2 Давыдов В.В. Теория развивающего обучения. - М., 1996. - 544 с.

3 Бейсенбаева А.А., Мұханбетжанова Ә. Білімнің интеграциясы мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері: оқу құралы. - Алматы, 2000. - 79 б.

4 Абсатова М.А. Поликультурная компетентность старшеклассников: методология, теория, практика формирования. - Алматы, 2008 - 388 с.

**Картабаева А.А.**

*Казахский Национальный педагогически университет имени Абая*

## **КОНТЕКСТНОЕ ОБУЧЕНИЕ КАК ОДИН ИЗ СПОСОБОВ ПРОФЕССИОНАЛИЗАЦИИ ИНОЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

**Аннотация:** В статье рассматривается контекстно-базируемое обучение как профессиональные пути в иноязычное образование.

**Ключевые слова:** Контекстное обучение, межкультурно-коммуникативная компетенция, профессиональная компетенция, личностный подход, личностно-ориентированный подход, профессионально-предметные знания и умения, иноязычно-коммуникативные знания и умения, социокультурные и лингвокультурные знания и умения.

**Түйіндеме:** Мақалада мәнмәтіндік білім беру шеттілдік білімді кәсіптендірудің бір жолы ретінде қарастырылады.

**Тірек сөздер:** Контекстік оқыту, мәдениетаралық-коммуникативтік құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік, тұлғалық тұғыр, тұлғалық-бағдарлы тұғыр, кәсіби-пәндік білім мен білік, шеттілдік-коммуникативтік білім мен білік, мәдениәлеуметтік және лингвомәдени білім мен білік, т.б.

**Abstract:**

This article views the context learning as a way of professionalization of foreign language education.

**Key words:** Context learning, intercultural communicative competence, professional competence, personal approach, student-centered approach, professional subject knowledge and skills, foreign language and communicative skills, sociocultural and cultural linguistic skills.

В современной методике контекстным называют «такое обучение, в котором на языке наук и с помощью всей системы дидактических форм, методов и средств обучения – традиционных и новых – последовательно моделируется предметное и социальное содержание будущей профессиональной деятельности специалиста, а усвоение им абстрактных знаний как знаковых систем наложено на канву этой деятельности», т.е. вполне очевидно, что учение выступает такой «формой личностной активности», которая обеспечивает воспитание необходимых предметно-профессиональных и социальных качеств личности специалиста [А.А.Вербицкий [1]].

Изначально теория и технология контекстного обучения: разрабатывалась А.А.Вербицким и его школой отмечает, что применительно к проблемам профессионального образования на основе 3-х источников:

- 1) деятельностной теории усвоения социального опыта;
- 2) теоретического обобщения практического опыта «активного обучения»;
- 3) смыслообразующей категории «контекст», отражающей влияние предметного и социального контекстов будущей профессиональной деятельности студента на процесс и результаты его учебной деятельности.

Контекстное обучение – это обучение, которое создает благоприятные условия для формирования качеств личности студента, адекватных его будущей профессиональной деятельности, условия, способствующие целенаправленному формированию у обучающихся необходимой системы научных понятий, формирует соответствующие обобщенные и специальные навыки и умения компетенции [2,3,4,5,6,].

Профессиональное становление педагога есть интегральное свойство деятельности педагога, отражающее уникальную для каждого педагога взаимосвязь и содержательное наполнение входящих в состав рассматриваемого свойства компонентов профессиональной компетентности: нравственности, самореализации, самоактуализации в педагогической деятельности, что и обеспечивает, в конечном счете, мастерство.

Концепция контекстного обучения лежит в русле деятельностной теории передачи и усвоения социального опыта, которая в наибольшей мере способна объяснять и прогнозировать процессы перестройки в сфере иноязычного образования. Таким образом, в условиях контекстно-ориентированного обучения обеспечивается формирование межкультурно-коммуникативной профессионально-базируемой компетенции будущего учителя ИЯ в ситуациях профессионального-базируемого общения. Преподаватели предлагают обучаемым конкретные, взятые из реальной практики факты и события (кейс-стади, метод инцидента, кейс-технология).

Формирование межкультурно-коммуникативной профессионально-базируемой компетенции будущего учителя ИЯ в русле контекстного обучения отражает тенденцию соединения обучения с будущей профессиональной деятельностью учителя иностранного языка. А.А.Вербицкий справедливо утверждает, что основной единицей работы преподавателей и студентов становится не дескриптивная порция информации, а ситуация проблемно-коммуникативной профессиональной направленности в ее предметной и социальной определенности; в деятельности обучающихся на всех этапах проявляются особенности учебной и будущей профессиональной деятельности учителя ИЯ, способного и готового решать профессионально-значимые задачи, предоставляющие широкие возможности для включения студентов в модельных условиях в канву их будущей профессиональной деятельности. Н.Д.Хмель[7] справедливо замечает о том, что в готовности учителя к решению профессионально-значимых задач как бы сфокусирована профессиональная компетентность учителя, выражающаяся в знаниях и умениях использовать закономерности и особенности целостного педагогического процесса.

Здесь следует отметить роль установки как механизма, инициирующего профессионально-базируемое общение.

Под установкой мы понимаем целостно-личностную модификацию, в соответствии с которой происходит вероятностная организация и вероятностное регулирование индивидом его конкретной деятельности в том или ином направлении, в том числе и в ситуациях учебной профессиональной деятельности.

Проблемно-коммуникативные задачи (ситуации) несут большую функциональную нагрузку в профессионально-базируемом обучении и обеспечивают организацию, готовность и стимуляцию к

предстоящей деятельности, а также создают условия для активизации (запуска) механизма целевых и операциональных установок. При этом под целевой установкой понимается готовность субъекта совершать прежде всего то, что сообразно стоящей перед ним цели (часто заданной через инструкцию), которая возникает после принятия определенной задачи и выполняет функцию стабилизации действия. Под операциональной (часто фиксированной) установкой понимается готовность к осуществлению определенного способа действия, которая возникает в ситуации разрешения задачи на основе учета условий наличной ситуации и предвосхищения этих условий, опирающихся на прошлый опыт поведения в подобных ситуациях.

А.А. Вербицкий и О.Г. Ларионова [8] добавляют, что «благодаря контексту прошлого и будущего, человек осмысливает настоящее, и прежде чем действовать, выбирает на основе контекстной информации линию поведения». Контекст задается понятием «ситуация», определяемым как система условий, побуждающих субъекта к действию и опосредующих его активность. Контекст и ситуация связаны таким образом, что в ситуацию включаются не только внешние условия, но и сам действующий субъект, а также те, с кем он находится в отношениях общения межличностного взаимодействия.

Модель контекстного обучения можно представить как структуру, состоящую из трех взаимосвязанных и взаимозависимых звеньев: внутреннего контекста, внешнего контекста и выполняемый студентами учебной деятельности, которая последовательно трансформируется в профессиональную.

Теория контекстного обучения, интегрируя в себе личностно-центрированный и компетентностный подходы, предлагает «профессиональный контекст», практическое решение проблемы противопоставления гуманистических прагматических идей, не только в высшем, но и в общем среднем образовании».

Многие ученые справедливо отмечают, что система перехода от профессиональной деятельности к обучению и от обучения к профессиональной деятельности может быть реализована именно через профессиональный контекст и подчеркивают, что «контекстное обучение следует относить к активным образовательным технологиям, чья главная задача состоит в оптимизации преподавания и учения с опорой не на процессы восприятия или памяти, а прежде всего на творческое, продуктивное мышление, поведение, общение, профессиональную подготовку студентов, и реализуемую посредством системного использования профессионального контекста, постепенного насыщения учебного процесса элементами профессиональной деятельности.

В данном случае под «профессиональным контекстом» понимается совокупность предметных задач, организационных, технологических форм и методов деятельности, ситуаций социально-психологического взаимодействия, характерных для определенной сферы профессионального труда.

Иными словами, профессиональный контекст состоит из социального контекста, отражающего нормы отношений и социальных действий, а также их ценностную ориентацию, и предметного, отражающего технологию собственно трудовых процессов. Личностный компонент характеризует морально-этические правила и нормы поведения и взаимоотношений специалистов как представителей данной социальной системы, их социально-психологические качества и характеристики.

Таким образом, контекстно-базируемое обучение представляет собой сложную систему, обеспечивающую содержательную интеграцию модулируемой профессиональной и учебной межкультурно-коммуникативной деятельности студентов. В результате такой интеграции происходит «связывание» профессионально-предметных, иноязычно-коммуникативных, социокультурных и лингвокультурных знаний и умений по отражению ситуаций иноязычного общения, профессиональных мотивов и показателей эмоционально-волевой сферы в общую профессиональную компетенцию студента как его важное качество, обеспечивающее готовность к его будущей профессиональной деятельности.

1 Вербицкий А.А. *Активное обучение в высшей школе: контекстный подход.* – М., 1991. – 52 с.

2 Гальперин П.Я. *Развитие исследований по формированию умственных действий.* – М., 1969. – 89 с.

3 Дубовицкая Т.Д. *Самоактуализация личности в контекстном обучении.* – М., 2004. – 34 с.

4 Вербицкий А.А., Креславская Е.А. *Диагностика понимания в контекстном обучении // Высшее образование в России.* - 2007. - № 10. - С. 26-31.

5 Вербицкий А.А. *Контекстное обучение: теория и технология, новые методы и средства обучения.* – М., 1994. – 75 с.

6 Гальскова Н.Д. *Современная методика обучения иностранным языкам.* – М.: АРКТИ-ГЛОССА, 2000. – 165 с.

7 Хмель Н.Д. *Теоретические основы профессиональной подготовки учителя.* - Алматы: Фильм, 1998. - 320 с.

8 Вербицкий А.А., Ларионова О.Г. *Контекстное обучение в системе подготовки учителя математики // Высшее образование сегодня.* – 2007. - № 6. – С. 79-83.

ӘОЖ . 378.01:811.111(57А).

Оразбаева А.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің аға оқытушысы

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕТІЛУ ДЕҢГЕЙІ

**Түйіндеме.** Қазіргі кезде Қазақстан Республикасындағы көпмәдениетті білім беру арнайы және жоғары білім беру үрдісінде негізі бағыттардың бірі болып отыр. Әсіресе, білім беру үрдісін жаңа бағытта қалыптастыру мен көпмәдениетті тұлғаны қалыптастыру, білім алушының өмірлік ұстанымдары мен бағалаушылық қасиетіне байланысты жағдай жасалуы шарт. Осы тұрғыда, студенттің оқыту үрдісінде жақсы қарым-қатынас ортасында болуы оның тұлғалық гуманистік дамуына, өзінің жек қабілеттіліктерін ұлттық-мәдени, этникалық құндылықтар тұрғысынан көрсете алуына жағдай жасай алады. Сондықтанда қазіргі оқытушылардың алдына қойылып отырған басты әрі негізгі міндет – халықтар мен этностардың құндылықтары мен қажеттіліктерін өзінің білімі мен тәжірибесінде, білім беру ісі мен тәрбие жұмыстарында әлеуметтік-белсенді тұлғаны қалыптастыруда қолдануы қажет. Қазақстан Республикасының әлемдік кеңістікке араласуы, сонымен қатар саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени қарым-қатынаста ғаламдандудағы ерекше рөлі-ағылшын тілінің бөтен елдермен араласуы әр түрлі салаларда кешенді мәселелер мен оның қызметін күшейтіп отыр. Сонымен қатар, Қазақстанда болып жатқан жаңа бағыттағы интеграциялық үрдістер, ағылшын тілінің динамикалық тұрғыда дамуы да барлық салалардағы жұмыстар мен әрекеттерге өз әсерін тигізіп отыр. Бұл мақалада негізінен қазіргі кездегі Қазақстан Республикасындағы ағылшын тілін оқытудың рөлі мен ерекшеліктері сөз болды. Қазақстандағы орта мектердегі ағылшын тілін оқытудың өзіндік ерекшеліктері, әсіресе лингвистикалық ерекшеліктеріне мән беріле отырып, талданды.

**Аннотация.** Поликультурное образование в Республике Казахстан на сегодняшний момент является одним из главных направлений в системе средне – специального и высшего образования. Именно образование является важнейшим этапом в процессе формирования и развития поликультурной личности, этапом, когда осознанно формируются основные ценности и жизненные принципы. Именно, полиязычие и полиязычное образование способно предоставить студенту благоприятную среду, обеспечивающую гармоничное сочетание развития гуманистических общечеловеческих качеств личности с возможностью полной реализации его национально-культурных, этнических потребностей. Поэтому, настоящее время, перед преподавателем стоит важнейшая задача – использовать весь свой уникальный опыт и знания культурных традиций народов и этносов, общечеловеческих ценностей и мировой культуры в создании благоприятной образовательной и воспитательной среды, способствующей формированию социально-активной личности. Вхождение Республики Казахстан в мировое сообщество, а также влияние политической, экономической, социальной и культурной глобализации на коммуникацию требует определения роли и места английского языка в социально-коммуникативном пространстве страны и комплексной разработки проблемы его функционирования в различных сферах. Так, интеграционные процессы, происходящие в Казахстане, привели к динамичному развитию английского языка, которые затронули все сферы деятельности.

В данной статье рассматриваются роль и особенности обучение английского языка в Республики Казахстан. Значение придается на лингвистические особенности обучении английского языка в средних школах Казахстана.

**Abstract.** Now, multicultural education in the Republic of Kazakhstan is one of the main directions in the education system area – special and higher education. That education is the most important stage in the process of formation and development of multicultural personality, in the stage when he forms his the core values and principles of life consciously. It is able to provide the polylingual student enabling environment that ensures the development of a harmonious combination of universal humanistic qualities of the person with the ability that fully realize his national, cultural, ethnic needs. Therefore, before the teacher there is the most important task - to use all their unique experience and knowledge of the cultural traditions of nations and ethnic groups, human values and global culture in creating a favorable educational and cultural environment which supports the formation of a socially active person. Occurrence of the Republic of Kazakhstan in the international community, as well as the impact of political, economic, social and cultural globalization on communication requires the definition of the role and place of English in social and communicative space of the country and the development of complex problems of its operation in various fields. Thus, the integration processes in Kazakhstan led to the dynamic development of the English language, which affected to all sectors of human activity. The article considers the role and peculiarities of teaching English in the Republic of Kazakhstan. Linguistic peculiarities of teaching English at secondary schools in Kazakhstan is the main issue of the article.

**Key words:** education, pre-school education, primary education, secondary education, higher education, post graduate education.

**Ключевые слова:** образование, дошкольное образование, начальное образование, среднее образование, высшее образование.

**Тірек сөздер:** білім беру, мектепке дейінгі білім беру, бастауыш білім беру, орта білім беру, жоғары білім беру.

XXI ғасыр елімізге тәуелсіздікпен бірге саяси-экономикалық өзгерістер алып келді. Еліміздің тәуелсіздік алуы басқа мемлекеттермен тікелей қарым-қатынас жасауды талап етті. Сондықтан да ағылшын тілін оқуға, үйренуге құштарлық жоғарылап, тілді әр түрлі мамандықтар үшін де кәсіби деңгейде меңгеру қажеттілігі туындағаны белгілі. Қазіргі кезде ағылшын тілін оқып-үйренуге барлық жағынан жағдай жасалған. Тіпті, мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың бәрінде курстар ашылып, ғылыми-әдістемелік материалдар таратылады. Содан да шығар, көптеген қазақстандықтар ағылшын тілін білуді – болашақ жұмыстарына міндетті деп санайды. Оған қоса, ағылшын тілін үздік меңгеру жеке бәсекеге қабілеттіліктің, кез-келген қызмет саласындағы мансаптық өсудің факторына айналды. Осы себепті күннен-күнге ағылшын тіліне деген сұраныс кең етек алып, оқытудың бірыңғай стандарттарын әзірлеуді және бекітуді, содан соң оларды білім беру жүйесінің барлық деңгейіне – мектепке дейінгі мекемелерге, мектептерге, жоғары және одан кейінгі оқу жүйесіне енгізуді көздеуде. Қазір ағылшын тілі мектеп бітірушілер үшін бірыңғай ұлттық тестілеу, магистратура, докторантураға түсу кезінде тапсырылатын міндетті пән. Яғни, ағылшын тілін білмей, жоғары білімді маман болу, кәсіби біліктілікті арттыру мүмкін емес.

Осы орайда, елімізде ағылшын тілін оқып-үйренемін деушілердің саны күннен-күнге көбеюде. Осы орайда, шет тілінің еліміздің оқу жүйесінде айрықша мәртебеге ие болатыны айқындалғандай. Бұл сайып келгенде, шет тілін, соның ішінде ағылшын тілін мектеп қабырғасынан бастап жоғары оқу орындарында оқыту әдістемесінің жаңашыл бетбұрыстарды қажет екендігін тудырады. Қазіргі уақытта ағылшын тілін игерудің талабы жоғары болғандықтан, ағылшын тілін тереңдетіп үйренуге арналған арнайы мектептер, гимназиялар, колледждер көптеп ашылууда.

Ағылшын тілін білу – ол тек қана сөздікпен оқу емес, сондай-ақ ағылшын тілінде сөйлеуді тыңдау арқылы қабылдау, өз ойыңызды ағылшынша еркін білдіру және дұрыс акцентпен сөйлеу. Ағылшын тілін оқытуда алты деңгей бойынша топтар білім алады. Олар: "beginner", "elementary", "pre-intermediate", "intermediate", "upper- intermediate", "advanced". Бұлардың әрқайсысының өз рөлі бар. «Тіліміздің үштұғыры» мәдени жобасын жүзеге асыру аясында академик С.Құнанбаева шет тілін оқытудың инновациялық теориялық-методологиялық негіздерін енгізді [15]. Шетел тілі бойынша ойлаудың жаңа түрін игерген, дүниетанымдық мәдениеті бар, көпмәдениетті сана-сезімі дамыған, сонымен қатар қазақ, орыс және шетел тілдерін жете меңгерген маманның кәсіби білікті үлгісін: а) заманауи интерактивтік және инновациялық технологияларды қолдану арқылы аудармаға оқыту бойынша ғылыми педагогикалық мамандарды; б) мемлекеттік тілдің басты рөліне сүйене отырып, жобада көрсетілген барлық тілдерінде жұмыс істей алатын аудармашы мамандарды (қазақша-ағылшынша-қазақша, қазақша-орысша және т.б.) арнайы мақсатта даярлау арқылы жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің концептуалдық әмбебаптандырылуын қамтамасыз ету деп анықтайды. Демек, халықаралық саяси-экономикалық қатынастарды әлемдік стандарттарға сәйкес жүргізуде білікті мамандарды дайындау қажеттілігі оқу мен білім саласына да белгілі міндеттерді жүктейді. Шетел тілін оқыту барысында инновациялық технологияларды қолдану студенттердің басқа тілде қарым-қатынас жасаудың барлық қырларын жан-жақты көруді қалыптастырудың бірегей мүмкіндігін білдіреді. Сондықтан барлық жоғары оқу орындарында тілді терең оқытудың жолдары қарастырылып келеді.

Көптеген жоғары оқу орындары Британ кеңесімен, Гете институтымен, АҚШ Ақпарат орталығымен, Иран Ислам Республикасының Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшілігінің жанынан құрылған Мәдениет орталығымен және Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдер университетімен тығыз байланыс жасап, тәжірибе алмасып отырады, өйткені осы оқу орны жарты ғасырдай уақыт шетел тілі мамандарын дайындап келеді. Осыдан да болар, білім сапасы жылдан-жылға жақсаруда. Болашақ маман, ағылшын тілін оқып жатқан студенттердің ғылыми-теориялық, оқу-әдістемелік жұмыстармен шұғылдануы үшін барлық жағдай жасалған. Тіпті 2009-2010 оқу жылдан бері «6N0119- Шет тілі: екі шетел тіл» мамандығы бойынша көптеген магистратура бөлімі ашыла бастаған.

Алайда, Қазақстанда ағылшын тілінен бұрын қазақ тілі баршаның тілі болу үшін көп жұмыс атқарылуы тиіс. Қазақ тілін бақшадан бастау керек. Бақшада, мектепте, жоғары оқу орындарында және қоғамдық ортада сөйлеу үшін тілді үйрететін, әлде болса орталықтар ашып, өзге ұлт өкілдеріне түсінікті тілмен жеткізе білу мақсатымен «Тіл үйрететін курстар» ашу қажет болуда. Қысқасы, Қазақстанда жаңа үрдіс басталды. Өркениетке ұмтылған халқымыз өзге елдерден қалыспауы және жақсы қарым-қатынас орнатуы үшін ең алдымен Елбасы атап көрсеткен үш тілге де жүйрік болғаннан ұлтымыз ұтылмайды деген ұран қайта-қайта айтылууда. Бұл үшін білім ордаларының қай-

Презентационная газета по теме «Частотные греческие и латинские приставки» выполняется также на ватмане. При защите СРС в столбик выписываются все часто используемые приставки (не менее 40). Они могут быть сгруппированные с учетом совпадения или противопоставления их значений, с выделением прямых и вторичных значений, если таковые имеются. Например, **intra-Intro- (внутри)** (лат.) – **endo- ento-(внутри)** (греч.): **intra-abdominalis** (внутрибрюшной), **endo-scopia** (метод визуального исследования полостей и каналов тела). Как правило, эту тему студенты выбирают при изучении клинической терминологии и составлении терминов при помощи ТЭ (терминоэлементов).

При защите доклада-презентации «Деонтология. Крылатые выражения и афоризмы о врачебной этике» самая высокая разбалловка в чек-листах «глубина раскрытия понятия этической теории» и «вопросы деонтологии» такие как эвтаназия и т.д. Понимание совокупности этических норм и принципов поведения медицинского работника при выполнении своих профессиональных обязанностей студенты подтверждают выученными наизусть 30 крылатыми выражениями на латыни.

В первом семестре на первом курсе самая трудная задача преподавателя - активизировать самостоятельную работу студента. Это возможно только при наличии серьезной и устойчивой мотивации. А самый сильный мотивирующий фактор – подготовка к будущей эффективной профессиональной деятельности. В первую очередь, ЛИЧНОСТЬ ПРЕПОДАВАТЕЛЯ должна быть примером для студента как творческая личность и ПРОФЕССИОНАЛ. Именно преподаватель ОБЯЗАН раскрыть у своего подопечного творческий потенциал, определить перспективы его внутреннего роста. Мотивацию СРС можно усилить «методом погружения». Этот позволяет интенсифицировать изучение материала, так как «сокращение интервала между занятиями по той или иной дисциплине требует постоянного внимания к содержанию курса и уменьшает степень забываемости». Нельзя забывать и о поощрении учащихся. Если студент сдал раньше срока работу, то балл можно повысить, и наоборот, снизить, если студент сдает СРС после 14 недели. Но самый главный фактор - показать студенту полезность выполняемой им работы. Данные рекомендации не претендуют на универсальность. Их цель - помочь преподавателю сформировать свою творческую систему организации СРС.

1. Чернявский М.Н. Латинский язык и основы медицинской терминологии. – М.: Медицина. – 2002.
2. Рахитов А.Р. Атлас анатомии человека. - Алматы, 2006. (1-4 тома)
3. Латинско-русский словарь. Сост. Тананушко К.А. – Минск, Харвест – 2005.
4. Латинско-русский и русско-латинский словарь. Сост. Асланова Л.А. – М.: «Дом Славянской книги», 2010.
5. Машковский М.Д. Лекарственные средства. – М.: «Новая волна», 16-е издание – 2010.
6. Медициналық терминдер сөздігі. Нұрмұхамбетов А.Н. – Алматы: Дайк-Пресс – 2009.
7. Арнаудов Г.Д. Медицинская терминология на пяти языках. – София, 1997.
8. Латинско-русский словарь медицинской терминологии. Сост. Алексеев А.П. – М.: Центрполиграф – 2006.
9. Международная анатомическая терминология. – М., 1980.

Жангелова Э.К.

Abai Kazakh National Pedagogical University

## AN EFFECTIVE ROLE OF MOTHER TONGUE IN LEARNING FOREIGN LANGUAGE

**Abstract:** An increasing interest to using a mother tongue in the foreign language studying class is stipulated by necessity to improve language accuracy, fluency and clarity. This paper aims at examining students' perceptions of the use of mother tongue and translation in various linguistic situations. For example, in the history of English the word *barbecue* means a dish from the meat, *Beefeaters* were guardians of London Tower, but now the pupils know them as a guide, and the Scottish word *kilt* means skirt, etc. Translation in both languages is necessary in order to clarify the nuances, to check whether you have correctly understood the passage, to decode incomprehensible parts. The key point is to choose the length of the fragment, which the student will read, without looking at the translation. The more simple text, the passage will be longer. This does not mean that such fragments would be the same in all texts. When reading a text of such a fragment may be equal to a complex sentence, when reading another as a page. All depends on the availability and familiarity of text style and the percentage of unfamiliar words. Perception of the original must be active in other words; learners should think over what they read.

**Key words:** didactics, methodology, multi-language competence, foreign language.

**Түйіндеме:** Оқытушылар шет тілін оқытуда ана тілін қолданатын жағдайлар болады. Мысалы, елтану немесе әр елдің тарихи, мәдени және басқа да жақтарын сипаттағанда оқушыға өз елінің тарихымен, мәдениетімен салыстыру арқылы ана тілінде де, шетел тілінде де сабақтың материалын пысықтау мұғалімнің әдістемені шебер қолдана білуіне байланысты. Қазіргі кезде ағылшын тілінен енген көптеген сөздер: *barbecue* – төте аудармасы еттен жасалған тағам екенін, ал *beefeaters* – Лондон Тауэріндегі (мұнарасындағы) ет жегіш күзетшілер мағынасын беретінін оқушылар орта ғасырдың тарихын оқи отырып біледі. Қазір олардың сол мұнараны күзетпейтіндігі, келген қонақтарды қарсы алатын, оларға жергілікті жерді таныстырушы қызметін атқаратындығы жайлы мәліметті де, ал шотландтықтардың *kilt* қандай мағына беретінін, оған күлу немесе келеке қылу сол елді, мәдениетті, тарихты сыйламау екендігін де біз шетел тілін оқытуда ана тілінің көмегі арқылы түсіндіреміз. Тек осылай болған жағдайда шетел тілін үйренушілердің ойлау және сөйлеу қабілеттерін дамыта аламыз. Бірақ шетел тілін оқытуда ана тілі шамамен, мақсатты түрде қолданылуы керек, осылай болғанда ғана ол шетел тілін меңгеруге кедергі болмайды, керісінше оқу үрдісін жақсартуға көп әсерін тигізеді.

**Тірек сөздер:** дидактика, әдістеме, көптілділік құзыреттілік, шетел тілі.

**Аннотация:** Родной язык используется учителями при объяснении материала лингвострановедческого характера, при сравнении культурных реалий разных стран, изучение которых на уроках иностранного языка позволяет снять трудности в понимании особенностей мышления и мировосприятия представителей другой культуры. Например, *barbecue* – блюдо из мяса, которое готовится на металлической решетке над углями; *Beefeaters* – (буквально, мясоеды) – стражники Лондонского Тауэра, которые носят средневековую форму. В настоящее время они уже не охраняют здание Тауэра, а выполняют представительские функции: встречают посетителей, помогают им сориентироваться на территории музея, дают пояснения в качестве экскурсоводов, фотографируются с туристами; *kilt* – часть национального костюма шотландского горца, скроенная по типу юбки в складку из шерстяной клетчатой ткани. При этом учителю важно делать акцент на воспитание у школьников положительного оценочно-эмоционального отношения к языку и культуре народов, говорящих на этом языке, на воспитание их потребности и готовности включиться в диалог культур, т. е. осознание национально-культурных особенностей представителей другого социума в ситуации межкультурного общения является одной из важных потребностей на современном этапе развития общества.

**Ключевые слова:** дидактика, методика, полиязычная компетенция, иностранный язык.

Didactics and methodology have the same aim in the research as they investigate one object which is an educational process. There is a difference between them which comprises the following aspect. Didactics generally investigates an educational process whereas methodology considers it from the point of a definite discipline, i.e. foreign language. There are some peculiarities of the each discipline (even of the foreign language). Therefore each of them is closely connected with didactics, where different didactic principles are put into practice. Therefore we should reveal individual features of the discipline “Foreign Language” in order to determine the peculiarities of using didactic principles during a teaching the foreign language (FL).

The following disciplines such as “Kazakh”, “Russian” and “English” are considered as an exclusive group among other disciplines which are taught at the secondary school. The main task of these disciplines is to acquire skills of the speech act through the development of a communication system. The difference of the linguistic disciplines from the above mentioned two groups is that knowledge only about a language is not important. Primarily, skills and abilities provided through having knowledge from new information, content, different sphere are very important. That is a difference of linguistic disciplines from the third group. Acquired skills and abilities characterize not the feature of a manual work but precisely a mental work.

Although there are many similarities of “Foreign Language” discipline and “Kazakh” and “Russian” disciplines, we should also point out their individual peculiarities. Its difference from the mother tongue is characterized by the following feature. A new communicative system is developed while teaching the foreign language. General educational tasks must be implemented during the fulfilling this basic practical purpose.

The difference of “Foreign Language” discipline from the “Russian” is characterized by the following feature.

A new communicative system is also developed during teaching Russian. However it requires special extracurricular activities in order to develop speech skills and abilities in Russian. In addition, pupils` desire to learn Russian is higher than learning a foreign language because they deeply understand the importance of the Russian language in their daily life. Thus we pointed out the peculiarities of the discipline “Foreign Language”.

And now let us consider didactic principles implemented during its teaching process. Principles of teaching foreign language can be divided into two groups.

- 1) General didactic principles;
- 2) Principles only specific to methodology;

*General didactic principles*

General didactic principles are considered as general theories used in all teaching stages of all disciplines. They include the following principles:

1. *Principle of teaching through educating;*
2. *Principle of teaching linking with a life;*
3. *Principle of the pupils` awareness at school;*
4. *Principle of creative development;*
5. *Principle of teaching with visual aids;*
6. *Principle of scientific teaching;*
7. *Principle of systematization and coherence*
8. *Principle of deep knowledge acquisition;*
9. *Principle of teaching comprehension and correspondence;*
10. *Principle of taking into account pupils` individual peculiarities;*

These didactic principles are considered as universal principles which are used in teaching all disciplines. They are also related to a teaching process of the foreign language. Therefore some methodists assumed above-mentioned didactic principles as basic principles of the methodology not taking into account peculiarities of the discipline “Foreign Language”.

However teaching a foreign language is a process with certain peculiarities.

Therefore we should pay more attention to the use of didactic principles in teaching foreign language. In addition, we should also develop new theories and rules which will be appropriate to a teaching process. For instance, a principle of awareness was before explained as an acquisition through comparison of phenomena of mother tongue with the same in foreign language system. That is why mostly theoretical rules, comparisons with a mother tongue were prevailed at the lesson. Unfortunately, there was not any accent on mastering a mother tongue in a practice. Nowadays, this principle is used in different way in teaching foreign language. Further, pupils must not master a system of foreign language; they must understand a structure and content of the speech act. In addition, a principle of creative development requires development of speech organs and thinking rather than pupils` simple activity at the lesson.

Thus these above mentioned principles are united into the hierarchy as they are primarily used in organizing the educational process in methodology of teaching a foreign language. This hierarchy consists of three levels.

1. The system of didactic principles;
2. Main principles in the methodology of teaching a foreign language;
3. a) General principles;
- b) Specific principles;

Nowadays we should point out a relevance of a philological education taking into account constantly ongoing changes. It comprises the following points.

1. Educating of a human culture that is characterized by universal values, with rich cultural heritage of his/her people and the peoples of other countries, ready to carry out interpersonal and intercultural communication, to get familiar with the world culture.

2. A multilingual competence increases the professional chances on the labour market.

3. Multi-language competence gives a great opportunity to create life, based on a mutual tolerance, despite religion, ethnicity, culture and language.

Great Abai stated the following important idea in his book “Words of wisdom”. “Studying the language and culture of other nations, a person will discover the key to the treasures of the world. A person who has this key will get everything without much effort” [1].

Indeed, everyone will agree with his words as nowadays it is impossible to imagine the state where the nation only speaks one language. To learn the language means to study also the culture of the nation. We should admit that the language and culture are inseparable. Language is the most powerful instrument of discovering the world, a treasury of a national culture.

Language system is a set of linguistic units and the relationships between them. Speech is a process of using this system for the expression of ideas in the learning process. Accuracy and speech culture are formed as a result of a language study and a speech development. According to the definition of I. Kenesbayev “speech is materialized in the text, which is not a unit of the language system, but a unit of speech, communicative system”. It has its own regularity of structure and functioning, although it consists of linguistic units.

It is difficult to overestimate the role of the native language in teaching a foreign language because most of the “conscious” teaching methods are based on it in the teaching process, especially at the initial stage. We give a brief description of the most common techniques where a translation from a foreign language into the native language and vice versa is widely used while teaching. Here are a few examples:

- *Grammar - translation or synthetic method*

The basis of this method is a study of the grammar. The primary means of learning the language was a literal translation.

- *Lexical - translation or analytical method*

The focus of this method was on lexicon. Lexical vocabulary was developed by the memorization of original works.

- *Consciously - comparative method*

- *Consciously - practical method*

- *Method by G.A. Kitaygorodskaya*

All books by this author include parallel text in their native language in order to accelerate storage and expanding lexical vocabulary.

- *Method by Ilya Frank*

This method is based on the use of mother tongue as a support to facilitate student mastering a foreign language. The author examines the language as a tool, not as a goal. Text of the textbook should not be made so that the language in it is purpose and content is means. Sentences of all the texts are divided into semantic areas. Literal translation, necessary comment on individual words and selective transcription are given in it. Reading parallel texts is used by many methods and it is very useful, especially at the level of language acquisition which comes immediately after the starter/beginner i.e. when the learners already know the rules of reading, have a good idea of the pronunciation and even the most basic idea of the grammar [2].

Application of this method has repeatedly proved its worth. At primary and average levels the learners have to cope with a large number of difficulties that are always present when learning a foreign language. Solving the problem of understanding the lexis helps students focus on the structures and features of the language without interruption for finding each new word in the dictionary.

Parallel reading performs two tasks. First, it helps you quickly expand your vocabulary, and secondly, you can quickly get used to the structure of language, grammar. Both of them are realized through of multiple repetitions of words and grammatical forms in the text. Memorization and adaptation are occurred without cramming, implicitly; it is due to the frequency and “immersion” into the material. It should be noted that the main task is to read and to understand the text in English which is important for a successful reading.

It is believed that even passive (mechanically) reading the original language is “subconsciously” acquires, and that such a reading of parallel texts is perfect. The absence of attempts to actively perceive the original often turns to the creation an illusion of “bilingual” reading and a complete disregard of the English text, its mechanical reading. This method is considered as an effective one as learning a foreign language relying into native language and the use of bilateral cards, parallel texts have long been widely used by many polyglots.

There are some similarities in pronunciation of Kazakh and English languages. The air on its way meets various barriers formed by active speech organs: tongue, lips, teeth and alveoli when pronouncing consonants in the Kazakh as well as in English language.

<b>Kazakh version</b>	<b>English version</b>
<b>Кілт</b>	<b>Kilt</b>
<b>Бала</b>	<b>Ball</b>
<b>Түз</b>	<b>Tall</b>
<b>Таң</b>	<b>Tongue</b>
<b>Самал</b>	<b>Small</b>
<b>Той</b>	<b>Toy</b>

Graphics of some letters of the Kazakh language and sounds of English are similar in writing: Ө - [Ө]. For example, Kazakh “Өнер” and English [ Өi :f] or sound : Ө - [ Ө ], e.g. Kazakh “Әдемі” and English [ Ә'beit ].

The plural form is formed by adding the endings -dar/-der , -tar/-ter , -lar/-ler in the Kazakh language. In English, the plural form is formed by adding the same endings -s/-es. Examples include: Kazakh: гүл+дер=гүлдер, жас+тар=жастар, and English: dog+s=dogs, box+es=boxes, match+es=matches.

Kazakh and English languages are not related either structurally - genetically, by its areal, and do not have long-term cultural - historical contacts. But there are a number of adequate phraseological units with very close lexical composition and general phraseology idea in such different structural languages [3, 4]. For example:

Table № 2.

<b>Kazakh</b>	<b>English</b>
ит пен мысықтай	cat-and-dog existence
ит үреді, керуен көшеді	the dogs bark, but the caravan goes on
өлі арыстаннан тірі тышқан артық	a living dog is better than a dead lion

In conclusion, the comparison of coincidences and differences in semantics and etymology of words denoting two languages are the same or similar objects and phenomena, comparison of grammatical categories in both languages make students take a new look at the long familiar and habitual in their native language. Comparison with foreign language skills and knowledge will lead unconsciously learned in early childhood, of automatism, cause to think about the phenomena of the native language, to treat them consciously and perhaps be sown interest in further self-study.

1 G.A. Kitaygorodskaya. *Methodological bases of intensive learning foreign language*. - M.: 1986. - 175 p.

2 I.Kenesbaev. *Phonetics// The contemporary Kazakh language*. – Almaty, 1962.

3 I.Kenesbaev. *phraseological dictionary of the Kazakh language*. - Alma-Ata, 1977.

3 A.V.Kunin. *English – Russian phraseological dictionary*. - Moscow, 1984.



УДК 811.161.1

Тнымбаева С.Т.  
КазНПУ имени Абая

## СОСТАВЛЕНИЕ ФРЕЙМ-СХЕМ НА ЗАНЯТИЯХ РУССКОГО ЯЗЫКА

**Аннотация:** В этой статье раскрывается о необходимости применения на занятиях русского языка фреймового подхода. О привитии у студентов умений и навыков составления фрейм-схем на теоретическую тему, на тексты по специальности. Умения структурировать тексты на основные части, пересказывать тексты на основе фрейм-схемы. При составлении обучающиеся наглядно видят в фрейм-схеме грамматическую правильность письменной речи, учатся вспоминать информацию, прогнозировать смысл лексических единиц, определять значение ключевых синтаксических структур, учатся различать грамматические формы слова, будет изучать структурные компоненты словосочетания и предложения, учатся упрощать структуры предложения. Делать копрессию, поняв логическое развитие мысли связей научного текста, выделив основную информацию сообщения.

Составление фрейм-схем учебно-научной информации у студентов развивают навыки понимания основного содержания текста, учить распознавать логическую структуру, тему, микротемы, ключевые лексические единицы.

Поэтому ставим задачу на занятиях о необходимости прививать умения у студентов составлять фрейм-схемы:

- 1) фрейм-схемы на основе письменного учебно-научного текста по специальности;
- 2) фрейм-схемы на основе звучащего текста.

Тексты для чтения студентам нужно представить сложнее, а для аудирования легкие.

При аудировании или чтении текста, при составлении фрейм-схем развиваются у студентов виды памяти: зрительная, слуховая, графическая и наглядная, которые стимулируют запоминание материала, расчлененные ими наглядно на основные разделы и темы. Пересказ текста на основе фрейм-схем у студентов развивает устную речь. На занятиях можно представить фреймы учащимся в виде раздаточного материала, таблицы на доске, презентации. С данным фреймом студентам нужно проводить игры, дискуссии, составляя вопросы и ответы.

**Ключевые слова:** фрейм-схема на основе письменного учебно-научного текста по специальности, фрейм-схемы на основе звучащего текста.

**Түйіндеме:** Бұл мақалада орыс тілі сабағында фреймдік тәсілді қолдану қажеттілігі айқын ашылады. Студенттердің теориялық тақырып бойынша, мамандыққа қатысты мәтіндер бойынша фрейм-сызбаны құрастыру іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Мәтінді негізгі бөліктерге бөліп құрастыру іскерлігі, мәтінді негізгі фрейм-сызбаға бөліп баяндау дағдысы туралы айтылады. Студенттер фрейм-сызба арқылы жазба тілдің грамматикалық дұрыс жазылу нормасын көзбен көре отырып, ережелерді еске түсіреді, лексикалық бірліктердің мәні туралы ақпараттарды болжайды, тірек синтаксистік құрылымдардың мағынасын анықтайды, сөздің грамматикалық формасын ажырата алады, сөз тіркестері мен сөйлемдердің құрылымдық компоненттерін анықтайды, сөйлемнің құрылымын жеңіл талдай алады. Ғылыми мәтіндегі пайымдаулардың логикалық даму байланысын түсініп, копрессия жасауға, хабарламаның негізгі ақпаратын ажыратып көрсетуге дағдыланады.

Студенттердің санасындағы оқу-ғылыми ақпаратқа фрейм-сызба құру мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну іскерлігі дамиды. Сондай-ақ тірек лексикалық бірліктерді, микротақырыптарды, тақырыпты, логикалық құрылымды тануға мүмкіндік алады.

Сондықтан студенттерге сабақ беруде фрейм-сызба құру іскерлігін қалыптастыру қажеттілігі туралы мынадай міндетті алға қоямыз:

- 1) мамандық бойынша оқу-ғылыми жазбаша мәтіннің негізінде фрейм-сызба құру;
- 2) дыбысталатын мәтіннің негізінде фрейм-сызба құру;

Студенттердің оқуына арналған мәтінді құру күрделі, ал дыбысталу (аудирование) мәтіні әлдеқайда жеңіл.

Мәтінді оқу барысында дыбыстау, соған орай фрейм-сызба құру студенттердің сақтау жадыларын дамытады: көру, есту, графикалық және көрнекілік. Бұл дағдылар материалды санада терең сақтауға мүмкіндік береді және негізгі мәтіннің бөліктерін көрнекі түрде сақтауға септігін тигізеді. Фрейм-сызба арқылы мәтінді баяндау студенттердің ауызша сөйленісін арттырады. Сабақты үстіндегі фреймнің қолданылуын үлестірмелі материал ретінде, тақтаға ілінген кесте ретінде, презентация ретінде пайдалануға болады. Осы фреймдер арқылы студенттер арасында ойын, пікірталас әдістерін сұрақ-жауап түрінде жүргізуге болады.

**Тірек сөздер:** Мамандық бойынша оқу-ғылыми жазбаша мәтіннің негізінде фрейм-сызба құру; дыбысталатын мәтіннің негізінде фрейм-сызба құру;

**Abstract:** In this paper reveals the need for the Russian language in the classroom framing approach of instilling in students skills compilation frame-circuits on theoretical subject the ability to structure texts in the main parts, the ability to retell the text frames on the basis of schema. Accounting students can clearly see in the frame diagram,

grammatically correct writing, learn to remember the information to predict the meaning of lexical units, determine the value of the key syntactic structures, to distinguish the grammatical form of the word, to study the structural components of phrases and proposals to simplify the structure of the proposal. Concizing of the text, understanding the logical development of thought ties scientific text, highlighting key information messages.

Drafting frame schemes educational and scientific information from students develop the skills of understanding the main content of the text, learning to recognize the logical structure, theme, microtheme, key lexical units.

Therefore put on the need to challenge students in the classroom to impart ability to make frames schema:

- 1) frame-based regimens written educational and scientific text by specialty;
- 2) frame-based regimens sounding text.

Texts for reading students need to submit more difficult, and listening to the lungs.

The listening or reading the text, in the preparation of frame-circuits develops students' types of memory: visual, auditory, and visual graphics that encourage memorizing material, dissected them graphically on the main themes and topics. Retelling of the text based on the frame schemes students develop spoken language. The classes can be presented to students in the form of frames handouts, tables on a blackboard presentation. With this frame students need to play games, discussions, accounting questions.

**Key words:** frame-based regimens written educational and scientific text by specialty; frame-based regimens sounding text.

В арсенале современных интенсивных методов обучения языку специальности в системе высшего профессионального образования особое место занимает построение фрейм-схем учебно-научной информации.

Т.Н. Колодочка определяет фрейм как рамочную, каркасную структуру ключевых идей учебного материала, выраженную в графической форме, которую можно создать на базе большинства тем и разделов [1].

«Фрейм (сценарий, схема, модель) – это фрагмент знания о мире, организуемый, каждый из которых связан с конкретным концептуальным объектом вокруг некоего понятия или типовой для данного социума ситуации и содержащий связанную с ним основную типическую или потенциальную информацию, включающую сведения об обычном порядке протекания ситуации. «Фреймовая модель позволяет объяснить процесс понимания текстов, благодаря тому, что человек при восприятии по отдельным элементам (терминалам) строит гипотезы (ожидания), то есть прогнозирует вершину фрейма» [9, с.116].

Структурировать можно учебно-научную информацию с помощью наглядностей фрейм-схем.

Фрейм-схема может содержать в качестве элементов ключевые слова и словосочетания, пустые слоты, которые многократно перезаполняются новой информацией (лексическими единицами, синтаксическими конструкциями, формулами и т.д.) [3]. Фрейм-схема динамична, используется многократно по мере изучения нового учебно-научного материала и служит учащемуся некоторой моделью на протяжении всего процесса получения новой информации, переносится в неизменном виде от темы к теме, заполняясь при этом однотипными новыми сведениями [4; 5; 6; 7].

При составлении обучающийся наглядно видит в фрейм-схеме, грамматическую правильность письменной речи, вспоминает информацию, прогнозирует смысл лексических единиц, определяет значение ключевых синтаксических структур, грамматические формы слова, изучает структурные компоненты словосочетания и предложения, упрощает структуры предложения. Делают компрессию, понимая логическое развитие мысли связей научного текста, выделяя основную информацию сообщения.

Составление фрейм-схем учебно-научной информации у студентов развивают навыки понимания основного содержания текста, распознается логическая структура, тема, микротемы, ключевые лексические единицы.

Необходимо студентам составлять фреймы-схемы:

- 1) фреймы-схемы на основе письменного учебно-научного текста по специальности;
- 2) фреймы-схемы на основе звучащего текста.

Тексты для чтения студентам нужно представить сложнее, чем для аудирования.


При аудировании или чтении текста, при составлении фрейм-схем развивается у студентов виды памяти: зрительная, слуховая, графическая и наглядная, которые стимулируют запоминание материала, расчлененный наглядно на основные разделы и темы. Пересказ текста на основе фрейм-схем у студентов развивает устную речь. Можно представить фреймы учащимся в виде раздаточного материала, таблицы на доске, презентации. С данным фреймом студентам можно проводить в виде игры, дискуссии на понимание (вопрос-ответ). Например: можно сформулировать такие задания.

**Задание:**


Найти и сделать фреймы-схемы, выбирая: 1) причастные и деепричастные обороты; 2) сложноподчиненные предложения, 3) терминологическую лексику; 4) смысловые блоки текстов; 5) аргументы и выводы в тексте.

**Задание:** Прочитав части текста, выделите и запишите ключевые слова.

**Задание:** Выберите некоторые слова. Составьте с ними простые распространенные предложения. Разберите некоторые слова по составу.



**Задание :** Составьте предложения на три типа наклонения с глаголом *слышать*.




*Работа с научным текстом по юриспруденции.*

**Самовольная постройка** - каким способом образовано терминосочетание ?

Например: *по схеме П+С*


Слово *самовольная* – прилагательное, образованное путем сложения двух слов сама + вольно, постройка образована от глагола строить + *по* - приставка, *к*-суффикс, *а*- окончание.

**Задание:** Выделите суффиксы в данных словах и словосочетаниях, данных в фрейм-схеме "Самовольная постройка".



**Задание:** Добавить слова или словосочетания к этой схеме, прочитав текст с административного кодекса.

*Данное лицо лишается прав:*



**Текст:** Публичное выступление мать Терезы.

Составьте фрейм-схему, прочитав данный текст. *Перескажите текст, ссылаясь на эту фрейм-схему.*

**Злом, величайшем разрушителем в мире является аборт**

мы, были желанными детьми,  
наши дети тоже желанны, мы  
любим их

нас не было бы, если бы наши  
родители поступили подобным  
образом

**вопрос: что происходит с  
миллионами детей?**

**мать способная убить ребенка, что тогда мешает мне убить вас, а вам  
меня?**

Давайте вспомним о детях! Дети умирают от плохого питания, голода и  
других лишений.

Все мы 24 часа находимся  
в присутствии Христа

Все мы должны  
привнести Бога в семьи

Любовь рождается дома,  
нести мир, улыбнуться  
друг другу.

**Создание домов-приютов в каждой стране.**

Таким образом, фреймирование – высокоэффективный способ сжатия информации за счёт укрупнения дидактических единиц знания в результате содержательного обобщения. Использование фреймовых схем значительно интенсифицирует обучение [8].

1 Колодочка Т.Н. Фреймовая технология как средство интенсификации обучения в эпоху глобальных перемен // Соц. образование, его традиции, проблемы, перспективы: мат-лы науч.-практ. конф. - Армавир, 2001. - С. 271-273.

2 Гурина Р.В. Фреймовые опоры. - М., 2007. - 96 с.

3 Колодочка Т.Н. Указ. соч.

4 Там же.

5 Гурина Р.В. Указ. соч.

6 Гурина Р.В., Соколова Е.Е. Фреймовое представление знаний при обучении. - М., 2005. - 176 с.

7 Ермаков А.В. Многомерное структурирование учебного материала как прим

8 Гурина Р.В. Фреймовые опоры. - М., 2007. - 96 с.

## Қаламгер құпиясынан сыр



### Қабдеш Жұмаділұлының шығармашылық зертханасынан

#### 1. Жазушылық жолына түсуіңізге не себеп болды?

Мен жазушылық жолға келген көлденең көк атты емеспін. Бала жастан өмірімді әдебиетке арнаған адаммын. 8 сынып оқып жүрген кезімде өлкелік, аймақтық газеттерде өлеңдерім жарық көрді. 10 сынып оқып жүргенде «Жамал» дейтін алғашқы әңгімем Үрімжіде шығатын «Шұғыла» газетінде басылды. Демек, мен әдебиетке біршама ерте келген адаммын. Бұл жолға түсуіме әдебиетке, кітапқа құмарлығым әсерін тигізді. Шәуешекте «Достық» дейтін кітапхана болды, сол кітапханаға Қазақстаннан шығатын кітап, газет-журналдар түгел барып тұрды. Біздерге арнап романдарды араб әріпімен басып жіберетін. Сол жерге келген кітапты мен комбайынша оқитынмын. Ол жерде алтын медаль беретін тәртіп болса, бірінші маған берілетін еді. Партаның тартпасын ашып қойып романдарды оқып отыратынмын, өйткені мұғалімнің не айтып отырғанын білем. Кейде мұғалім мені тұрғызады «Жаңа мен не айттым?»,- деп. Сіз жаңа былай дедіңіз деп бәрін айтып беремін. Ол кезде зердем мықты болатын. Құлағыммен мұғалімді тыңдап, көзіммен кітап оқып отыратынмын. Сонымен, арманым әдебиетті қуу болатын. Құдай менің тілегімді берді. 1956 жылы гимназияны бітірген жылы Қытайдың бағдарламасымен Советке Шыңжаңнан оқуға 50 студент жіберілетін болды. Ұйғырдан 40 бала Ташкентте, 10 бала Алматыда оқитын болдық. Сол ондықтың ішіне менде іліктім. Мені Каз ГУ-дің филология факультетіне бөлді, өйткені мен ол кезде танылып қалған ақын едім. Бірақ, екі елдің арасы нашар боп, бізді 1958 жылы кері шақырып алды.

#### 2. «Атамекен» романының тақырыбын қалай таптыңыз?

Мен ешқашан әлеуметтік тапсырыспен шығарма жазған кісі емеспін. Құдай ойыма не салса, нені қажет деп тапсам, соны ғана жаздым. Алдымен адам тағдырымен астасқан өлмес идея, сонан соң орын мен оқиға. Осы үшеуі тоғысқан жерден қалайда бірдеңе туады... Сол принцип бойынша, тағы бір кесек шығармаға орын таңдау қажет болғанда, көптен мойнымда жүрген бір қарыз түсті есіме. Әлеуметтік тапсырыс емес, ел аманаты... 1976 жылы Шығыс Қазақстан облысын аралаған кезімде, Тарбағатай ауданының басшысы Зәріпхан Дәукеев маған ауданның «Құрметті азаматы» деген дипломды тапсырып тұрып:

– «Ер мойнында қыл арқан шірімес» деген. Мына атақ – сіздің мойынға тағып жіберген жібек арқанымыз. Орайы келгенде, біздің жаққа да ат басын бұрарсыз! – деп еді.

Ел ағасының сол аманаты оқта-текте ойыма түсіп, арқама аяздай батып жүруші еді. Былай байыптап қарасам, сол қарызды өтеудің сәті түсіп тұрған секілді. Қайткен күнде де сол өлкеден бір шығарма жазуға бел байладым да, күн жылынып, көк қаулаған маусым айында Тарбағатай жаққа тартып тұрдым. Бұл елдің арғы-бергі тарихы, бастарынан кешкен тағдыр тауқыметі маған жақсы таныс. Халқының тең жарымы – күні кеше арғы беттен ауып келгендер. Солардың тұрмысымен танысу, бір кезде күнгейінен көбелек қуған Тарбағатай тауының енді теріскей жағын аралап көру – өзім үшін де қызық еді.

Біреп күн демалған соң, ауданның идеология жөніндегі хатшысы Баяхметті қасыма ертіп алдым да, өлкенің өзен-суын, ой мен қырын түгел дерлік араладым. Әр ауылдағы сөз біледі, әңгіме айтады деген кәрі құлақ, көне көздерді де назардан тыс қалдырғанымыз жоқ. Тек, бір өкініштісі, сұңғыла, шежіре қарттардың көбі дүниеден өтіп кетіпті. Ендігі қалғандары – ұзаса соғысқа қатысқан, бесжылдықтар кезінде колхозда еңбек еткен, жүз грам ішпесе шешілмейтін, «заманақырдың шалдары». Айтатындары соғыс пен колхоз төңірегінен көп ұзамайды.

Талай әңгімені қағазға түртіп алған болдық. Алайда менің өз есебім өзімде еді. Соғыс пен колхоз тақырыбы қазақ әдебиетінде жеткілікті жазылған. Ол және менің стихияма жатпайды. Маған керегі – осындағы халықтың аумалы-төкпелі тағдыры. Баяғы ашаршылық жылдары бұл өлкенің тұрғындары түп қопарыла Қытайға ауды. Арада отыз жыл өткенде, солардың көбі атамекенге қайта оралды.

Мен Тарбағатай сапарынан қайтар кезде, болашақ шығарманың сұлбасы айқындалып та қалып еді. Араға отыз жыл салып, қайта табысқан екі ұрпақтың тағдырынан бір үлкен кітап жазуға бел байладым.

– Қабеке, қолыңызға бірдеңе ілікті ме? Не жазасыз? – деді Сайлаухан мен аттанар мезгілде.

– Роман жазам! – дедім ойланбастан. – Басынан халық көшін көп асырған, бір ұлттың екі түрлі тағдырын қос бүйіріне теңдеп жатқан Тарбағатай секілді алып тау кішігірім шығармаға сыя ма? Ондай жүкті роман ғана көтере алады...

### **3. Шығарманызды жазарда алдын-ала жоспар құрасыз ба?**

Үлкен романға жоспар керек. Ол бірден туа қалмайды. Болашақ романға қанша кейіпкерлер қатысады, мөлшері қалай болатынын алдын-ала жоспарлау қажет. «Соңғы көш», «Тағдыр» романының жоспары бар. Кімдер қатысады, қандай кейіпкер, жас мөлшері қанша, ұлты барлығын жазып қойғанмын.

### **4. Жазумен белгілі бір тәртіп бойынша жүйелі түрде шұғылданасыз ба, әлде зауқыңыз соққан сәтте ғана айналысасыз ба?**

Күндізгі уақыт кеңсе қызметіне кетеді. Қолға қалам алатын кезіміз – жұмыстан кейінгі кешкі уақыт пен сенбі-жексенбі күндері. Сағындырып жылына бір келетін демалыс та түгелімен жазуға тие бермейді. Амал жоқ, кітапты ұйқының, денсаулықтың есебінен жазуға тура келді. Күнде жұмыстан келген соң, бірер сағат тынығып алып, бала-шаға тыным алған кезде жазуға отыратынмын. Жазу түннің бір уағына, кейде таң ағарғанға дейін созылады. Содан бірер сағат көз іліндіріп алып, кеңсеге қарай жүгіресің. Бойдағы жастық қуат осының бәріне төтеп беруші еді. Ал, кейін балалар ер жетті, жүк жеңілденді, кең үйге шықтық. Жазушылар одағында Әнуар Әлімжанов деген кісі «шығармашылық үй» салды. Мұнда жазушыларға арналған қырық бөлме бар. Қажетті нәрсенің бәрі ішінде. Сол үйдің дабыр-дұбыры аз төртінші қабатынан орын алдым да, айлап жататын болдым. «Тағдыр», «Дарабоз», «Атамекен» т.б. шығармаларым сонда жазылды.

Кейін баппен жазатын болдым. 1980 жылдан бері жұмысты қойдым. Үйдемін, қазір ерік өзімде. Ұйқымды қандырамын. Таңертең тоғыздарда тұрып шайға қанып, жұмыс столымда ақ қағаз бен қаламдарымды сайлап қойып, жазуға отырамын. Барлық еуропаның, қазақтың классиктері сияқты мағанда **1) онашалық, 2) тыныштық, 3) бап** керек.

Шығарманы әбден басыма пісіріп, сұлбасы орныққан кезде бірақ бастаймын. Бірнеше ай немесе жарты жыл жазбай жүріп қалуым да мүмкін. Сосын отырған соң, үзбеуге тырысамын. Прозашылар мен ақындардың жазу стилі бір-біріне мүлдем ұқсамайды. Ақындар күнде бір өлең жазу керек қой. Олар шабытын шақырып күтіп отырады, ол бізге келмейді. Сен шабытты шақырып отырсаң, шығарманы қай уақытта жазасың? Шабыт дегеніміз – жазуға ықылас, құштарлық. Бастап кеткеннен кейін норма күніне 4-5 бет. Жазып жатыр екенмін деп жаза бермеу керек, өйткені ертең күн бар. Ми біреу, ертеңге сақтау керек. Мысалы, ұзақ жолда арбакештер ертең жүріп кетуге оңай болсын деп дөңестеу жерге арбаларын қояды екен. Менде оқиғаларды қиын жеріне емес, оңайлау жеріне келіп тоқтаймын. Ертең әрі қарай жазып кетуге ыңғайлы болу үшін. Міне, мен осылай жазамын.


### **5. Кейіпкерлеріңіздің прототиптері бар ма? Егер бар болса, кейіпкерлеріңіз бен оның прототипі арасында қандай жақындықтар бар, қандай алшақтықтар бар?**

Алматыға оралған соң болашақ шығарманың желісі құрылды. Бас кейіпкерлер сұрыпталды. Роман оқиғасы отызыншы жылдары заманның қыспағымен екі айрық жолға түсіп, алпысыншы жылдарда қайта табысқан екі достың өмірімен өрілуге тиіс еді. Бұл елде тұра алмай Қытай асып кеткен Қайдар мен осы бетте қалған Ақжан Атаханов тағдыры... Арғы бет асып қайтқан Қайдар соқпағын суыртпақтау мен үшін онша қиынға түскен жоқ. Одан гөрі Ақжан образын сомдау әлдеқайда күрделі болды. Өйткені, әйгілі ғалым Ақжан Атахановта шытырман тағдырдың адамы ретінде көрінуге тиіс еді.

Нақты сондай адам болған жоқ. Бірақ, соған ұқсайтын көп адамдар тағдыры болды. Сол кезде ажырасып кеткен бауырлар, көптеген қос ғашықтар болды. Мен солардың барлығын жинап типтік тұлғаны жасап шығардым. Домбыраның қос ішегіндей қатар желі тартқан осы екі тағдыр романның орта тұсында қайта түйісіп, одан ары бір арнада өрбуі керек еді.

**Сұхбат жүргізген:** С. Сәдуақасова Абай ат. ҚазҰПУ 3-курс студенті

**Жоба жетекшісі:** А. Ибраева Абай ат. ҚазҰПУ аға оқытушысы, филол. ғыл. кандидаты



## Бексұлтан Нұржекеұлының шығармашылық зертханасынан

### Бексұлтан аға, өмір құбылыстары яғни материалды жинау жолдарыңыз қандай?

Бірінші дереккөзі ол адамның өзінің өмірі. Өзінің басынан кешкені, ата-анасынан, ата-әжесінен естігені, білгені, көргені, өскен ортасы оқиға желісіне қосылады. Бұл даяр дереккөздер. «Кінәлі махаббат» анамның өмірі. Мұнда анамның өзінің аузынан естігенім, ата-әжемнің айтқандары, ауыл-аймақтың анама деген көзқарасы бәрін қамтып осы шығармаға дерек ретінде алғанмын. Ешқандай қосымша материал жинаған жоқпын.

Екіншіден «Күтумен кешкен ғұмыр» романында 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс суреттелген. 60-70 пайызы атамның айтқан әңгімесі. Ал, қалғанын замандастары Заманбек пен Қожахмет сынды үлкен кісілер толықтырып отырды. Атам қонақжай кісі болған үйден қонақ үзілмейтін. Атамның замандастары да көптеген әңгімелер, оқиғаларды баяндап айтып отыратын. Сондағы кейіпкерлер сол достары айтқан бейнелер және сол кісілерге ұқсайтын жандар.

«Жау жағадан алғанда» әңгімесінде 50-60 пайызы мұрағаттан алынған. Жаркент архиві мен мемлекеттік архивтен алынған құжаттар негізінде жазылған. «Совет үкіметі қалай келді?» деген сынды сұрақтар негізінде жазылды. Кейіпкерлердің аттары да өз атымен берілген. Себебі тарихи көркем бейнелердің байланысы болғандықтан.

Үшіншіден тек архивтен алатын шығармаларда болады. Қазір бір шығарма жазып жатырмын сол шығармама материалдарды тек архивтен аламын. Архивке жүгінбесем арты даулы болатын мәселе. Сондықтан тек архивте бар мәселені жазып жатырмын. Бұл факті рас, бірақ сол шындықты айтатын адамды мен өзім таңдаймын. Бұл 1916 жылғы оқиға, қазақтарды орыстандыру, қазақты қалай қырғандығы жөніндегі факті.

### Жұмыс тәртібіңіз жайында сөз қозғасаңыз?

Жазушының жұмыс тәртібі жайында айту қиын. Себебі жазушы тек қана тапжылмай жазып отыра алмайды, күнделікті күйбең тірлік бұған мойын бұрғызбайды. Басқа жазушыларды айтпай-ақ өзіме тоқталатын болсам менде бұлжытпай орындайтын тәртіп болған емес. Қызметке көп араласып жүрген болғандықтан отырып жазғанға уақыт болыңқырамайды. Оқу бітіріп алғаш қызметке араласқан жылдардан жазуға аса көп көңіл бөлмедім. Себебі уақыт тапшы болды.

Мен шығармаларымды көбіне қыс және күз мезгілдерінде жазамын. Жазатын туындыларым ойымда қорытып, ойша жоспарлаймын. Жоспарланған нәрсе қағаз бетіне түспейінше болмайды. Жазам деген оқиға сол шыққысы келіп, қағазға түскісі келіп тұрады. Кейде ұйықтап жатқанда келіп тұрады ертең ұмытып қалам деп, тұрып барып түртіп қоясын.

### Тірек бейне, прототип және көркем бейне жайында айта отырсаңыз?

Прототипсіз шығарма жазылмайды. Барлық шығармаларым өз өмірімде көрген, естіген, білген бейнелерді шығармама негіз етіп аламын.

«Күтумен кешкен ғұмыр» романындағы басты кейіпкер Әтіке прототипі: біздің ауылда Нұржеке, Әтіке деген батырлар болған. Екеуіде орысқа қарсы шығып, содан қаза тапқан. Бұл романда Әтіке батырдың бір-екі оқиғасы кіреді. Бірақ бұл Әтіке деп отырғанымыз негізінен жоғалып кеткен, өзінің қазақ халқының маңдайына бұйырмаған Әсет Найманбаев. Ол өзі қазақ болғанымен қытай жеріне өтіп кеткен соны тұспалдап жазған шығармама болатын. Әсеттің бір-ақ өлеңін білетінбіз «Инжу-маржан» еді, ал кейін басқада өлеңдерін білдік. «Күтумен кешкен өмір» деп отырғанымыз сол замандағы шетел асып кеткендермен халықтың өнері, мәдениеті, тарихы, болашағы, қаншама таланттары бірге кеткені айтады. Осы романдағы Жайту, Байту өз руының адамдары. Негізгі аты Жанту, кейіпкерлеріме есім бергенде кезде тек қана бір ғана әріпін өзгертіп отырдым.



«Бір ғана махаббат» повесіндегі кейіпкерлер Шолпан, Ұлдан, Нүргілдер класстастарым болып келеді. Повестегі Күлайхан образы өз жұбайым болады.

«Бір өкініш, бір үміт» повестіндегі кейіпкерлерді айтар болсам, Шеген-өзім болсам, Шәзиәні теріс оқысаң Әзиәш шығады ол менің жұбайым. Достарым бейнесінде Асқар Сүлейменов пен Мұқағали Мақатаев.

**Жазылып біткен шығармаға автордың қайта оралуы себептері, оны жетілдіру, кемелдендіру жолдары қандай болады?**

Көңілдегі көркем ойдың ауызда құты қашады. Көңіліндегі әдемі нәрсені сол қалпында жаза отырып, оны оқыған адамда көңіліндегі әдемілікті түсінетін жағдайға жету бұл жазушының басты мақсаты. Ал, оған жету үшін талант, ақыл керек, сөздің мәнін, астарын, әсерін білу керек - талант деген өзі осылардан тұрады. Кейде шығарманы жазған кезде бір сәттер болады құйылып отыратын оны сол кезде төгіп-төгіп тастамасаң ол кетіп қалады. Кей кезде жазған нәрсенді оқысаң оқиға бар сезім жоқ сондықтан оны қайта жазасың енді оқиғаға жан беріп тірілтуің керек ол - ең қиын нәрсе. Бұл бір болса, екінші кітабыңды баспаға бергеннен кейін да кемшілігін байқасаң, шыққан соң елдің сөзін естігеннен кейін тағы бір кемшілігінді білесің, қайта-қайта өңдеп ақыры оданда басқа шығарма жазбаймын ба дейсің. Мысалы «Жау жағадан алғанда», «Күтумен өткен ғұмыр», «Күнәлі махаббаты» қатшама рет өзгерттім. Шығармаларымды түгелдей соншалық өзгертпеймін көбіне алып тастаймын немесе қысқартамын. Бір жағынан оқырманның уақытын алғым келмейді. Шығармаларымды өзгерткеніме өкінбеймін қайта туындымды шыңдап түсемін. Соңғы шығармаларымды 7-8 жылдан бері жазу үстіндемін.

«Күтумен кешкен ғұмыр» романында бастапқы аты «Күтумен өткен ғұмыр» болып жарияланды. Бұл романда рушылдық қытайдағы оралмандармен бірге келді деген жолдарын алып тастадым.

**Сұхбат жүргізген:** Алиасақар А., Аманжолова А., Қуанышова А., Мамбетраева С., Муслимова Ғ. Абай ат.ҚазҰПУ 3-курс студенттері

**Жоба жетекшісі:** А.Ибраева Абай ат.ҚазҰПУ аға оқытушысы, филол. ғыл. кандидаты

## М.ШАХАНОВТЫҢ “ЖЕЛТОҚСАН ЭПОПЕЯСЫ” ШЫҒАРМАСЫНЫҢ ЖАЗЫЛУ ТАРИХЫНАН

Шығарма тақырыбы: “Желтоқсан эпопеясы”

Тақырып табу ерекшелігі: “Желтоқсан эпопеясын” жазуыма желтоқсанның ащы шындығы себепкер болды. әлі де айтылмаған шындық жетерлік.

Ұлттың бағы жанар ма екен хас тұлпары, нары жоқ,  
Ал, біреулер намысы жоқ, жігер, қауқар, қоры жоқ.  
Кемсітпекші «желтоқсанның жалаң аяқтары» деп  
Жоқ!!! Кешегі сын сағатта көкірегінде жанып от,  
Тұрған олар аяз сорған қызыл беттің ары боп,  
Дәуірінің тауығына шашылмаған тары боп.

Материал жинау мәнері: Мен бұл шығарманы жазуда желтоқсан оқиғасындағы барлық көріністі оқиғаны қалдырмай баяндадым.

Жазу тәжірибесі: Тыныштықты қалаймын. Түнде жазам, күндіз қоғамдық жұмыспен айналысам.

Шығарманы жоспарлау: Жоспар жазып құрамаймын бырақ ойша құрастыратыным бар.

Өмір дерегі және көркем шындық: Ащы шындық еш бүкпесіз айтылды. Бұл шығармада көркем шындық жоқ.

Прототип – әдебиет шығармасындағы кейіпкердің бейнесін жасауға тірек негіз болатын, өмірде болған адам, яғни өмірде бар бастапқы, түпкі тұлға.

«Желтоқсан оқиғасы» романның басты кейіпкерлері Горбачев, Лукьянов, Қонаев, Колбин, Назарбаев, Ельцин, Сахаров шығармадағы көркем бейне иелері.

Шығарманың редакциялануы: “Желтоқсан эпопеясының” жарыққа шығуына әлі де кедергі көп. 2013 жылы үш кітап біріктіріліп шығарылды бірақ таратылуына қарсылық болу себепті таратылмай отыр.

**Сұхбат жүргізген:** Г.Әскерова, Г.Оразбекқызы, А.Жаңбыршиева Абай ат.ҚазҰПУ 3-курс студенттері

**Жоба жетекшісі:** А.Ибраева Абай ат.ҚазҰПУ аға оқытушысы, филол. ғыл. кандидаты